

X629.2
H86

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Нұрмашев Ү., Нұрмашева Ф.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҚ
ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ



АЛМАТЫ ЖЕТИЖАРҒЫ



ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Нұрмашев Ү., Нұрмашева Ф.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҚ
ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

АЛМАТЫ
«ЖЕЛІ ЖАРЫҚ»
2009

УДК 347.1
ББК 67.410 я 7
Н 86

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
017 «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару» бағдарламасы*

Пікір жазғандар:

Ашитов З.О. — заң ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасына еңбегі сінген зангер
Жетпісбаев Б.А. — заң ғылымдарының докторы, профессор

Нұрмашев Ү., Нұрмашева Ф.

Н 86 Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы: Оқу құралы. — Алматы: Жеті жарғы, 2009. — 400 бет.
ISBN 9965-11-305-X

Осы оқу құралы Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес дайындалды, сондай-ақ Жоғарғы Сот сатысындағы азаматтық сот істерінің негізгі ережелері мен тәртібінен тұрады. Мұнда соттылық мәселелері, талап қою істері мен сот ісінің өзге де түрлерін сотта қарауға дайындау мен талқылау сатылары жеткілікті түрде толықтай қарастырылған, орындау ісі, шетелдік тұлғалар қатысатын сот ісі туралы білімдердің негізі баяндалған.

Бұл еңбектің ауқымы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің кейбір ережелері, «Отбасы және неке туралы» ҚР Заңы, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, сонымен бірге азаматтық істер бойынша сот істерін реттейтін өзге де нормативті-құқықтық актілер тізімі енетін барлық азаматтық іс жүргізу заңдылықтарын қамтиды.

Ұсынылып отырған оқу құралы студенттерге, магистранттарға және заң оқу орындарының мұғалімдері мен Азаматтық іс жүргізу ісін өз бетінше игеретіндерге арналған.

Н 1203020400–021 10 – 2009
40(05)–09

УДК 347.1
ББК 67.410 я 7

ISBN 9965-11-305-X

© Нұрмашев Ү.Ө., Нұрмашева Ф.Ү., 2009
© «Жеті жарғы», ЖШС, 2009

АЛҒЫ СӨЗ

Азаматтық іс жүргізу құқығы немесе оның қысқаша атауы, азаматтық сот ісі – заң факультеттеріндегі өзіндік оқу курсы. Қолданыстағы мемлекеттік стандартқа сай заңгерлерді дайындау бойынша азаматтық іс жүргізу құқығы мамандықтарына қарамастан заң оқу орындарындағы білімнің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының «Азаматтық іс жүргізу құқығы» оқу құралы тиісті оқу курсының қысқаша мазмұнынан тұрады, оны игеру философия, логика, психология сияқты бірқатар өзге ғылымдардың білімдеріне негізделеді және құқықтық оқу пәндерімен (азаматтық құқық, төрелік құқық, әкімшілік, отбасылық, халықаралық жеке құқық, криминалистика және т.б.) өзара тығыз байланыста жүзеге асады.

Оқу құралы азаматтық іс жүргізу құқығын өзге пәндермен бірге жалпы игеру кәсіби қызметте алған білімді тәжірибеде қолдана білетін азаматтық сот ісінің мәселелерін игерумен байланысты оларды дайындаудың негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасында азаматтық істер бойынша құқықтарды қорғауды бүгінде жалпы соттардан басқа азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтық қарым-қатынастарынан туындаған құқықтарын қорғау міндеті заңмен жүктелген экономикалық, әскери, әкімшілік, төрелік және аралық соттар жүзеге асырады. Сонғылары қазіргі кезде елдігіміз адам, азамат құқықтарының артықшылықтарын танудан, азаматтық қоғамның дамуынан, өкімет билігінің бөлінуі принципін жүзеге асуынан, өзіндік сот жүйесінің түзілуінен көрінетіндіктен маңызды болып саналады. Осындай жағдайларда әрбір тәжірибе жинақтаушы заңгер жеке қызмет ете ме немесе мемлекеттік қызметте ме, оған қарамастан азаматтық іс жүргізу заңдылықтары саласындағы негізгі білімі болуы керек

Сонымен бірге, осы құқықпен реттелетін жағдайларға, талап етуші, талап етушінің немесе жауап берушінің өкілі, жауап беруші, куәгер ретінде сотқа шақырылуы, қорғаушыны қажет ететін және де т.б. жағдайлар кездесуі мүмкін болатындықтан, азаматтық іс жүргізу

құқығын тек қана заңгер ғана емес, кез келген азамат жақсы білу керек, яғни өзіннің азаматтық және іс жүргізу құқықтарын мен міндеттерің туралы нақты ұғымың болуы керек.

Оқулықтың материалдарында осы пән бойынша колданыстағы бағдарламаның мазмұнына сай келетін барлық тақырыптар бар және ол кәсіптің түріне қарамастан қолдануға мүмкіндік беретіндей баяндалған. Ол пәнмен жалпы танысуға арналған, сондай-ақ студенттерге семинарлық сабақтарда, осы оқу пәні бойынша сынақтар мен емтихандарға дайындық кезінде пайдалану үшін арналған.

Оқулықта студенттердің мұқият ізденуі және алған білімдерін тәжірибеде қолдану үшін қажетті Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңының барлық негізгі мәселелері қарапайым, қысқаша түрде баяндалған.

Пәнді білу нормативті материалды – Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін сот жүзінде қорғау күштерінің мәселелерін түсінуге ықпал ететін идеяларды, көзқарастарды меңгеруді ұсынады.

Ұсынылып отырған оқулықта азаматтық істер бойынша іс жүргізушілік құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін нормативті актілер заңдылықтардағы соңғы 2006 жылғы 1 тамыздағы өзгерістерді есепке ала отырып қолданылған, ал оқулықтың соңында студенттерге курстық және диплом жұмыстарын жазуда пайдалануға болатын нормативті құқықтық актілер мен оқу әдебиеттерінің тізімі көрсетілген.

Шартты қысқартулар және терминологиялық семантика

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР АҚ – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлімі 1994 жылдың 22-желтоқсанында қолданысқа енген.

ҚР АҚ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Негізгі бөлімі 1999 жылдың 1 шілдесінде қолданысқа енгізілген.

ҚР АІЖК – Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі. 1999.

ҚР ҚК – Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. 1997.

ҚР ҚІЖК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 1997.

ҚР ӘҚБтК – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2001.

ҚР ЖСК – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулысы.

ҚР ЖСНК – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативті қаулысы

ҚР Салық кодексі – Қазақстан Республикасының «Салықтар және өзге де бюджет кірісіне кіретін міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 2001. 12 маусым.

Коммерциялық төрелік – «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2004 жыл – бап (баптар)

Аксиома – дәлелдемесіз қабылданатын бастапқы жағдай (Ожегов С.И. сөздігі).

Акт – (лат. actus) іс-әрекет.

Апелляция – сот шешіміне жоғарғы сатыдағы сотқа шағымдану (Ожегова С.И. сөздігі).

Дефиниция – анықтау, түсінік.

Кассация – (лат. –cassatio – жоққа шығару, жою).

Құзырет (компетенция) – әлдекімнің құқықтық өкілеттіктері (Ожегов С.И. сөздігі).

Легализация – әлдекімнің қызметін заңдастыру.

Презумция – (лат. *presumptio*) – болжам.

Реабилитация – (лат. *rehabilitatio*).

Фикция – ойлаудын жемісі (Даль В.И. Толковый словарь).

Дерек (факт) – (лат. *factum* – слеланное), нақтылық, шындық.

Функция – қызмет аясының міндеті (Толковый словарь русского языка).

Элемент – бірдененін құрамдас бөлігі (Толковый словарь русского языка).

Юриспруденция – заң ғылымдарының жиынтығы (Толковый словарь русского языка).

Юрисдикция (лат. – *jurisdictio*) – сот ісі. (Большой юрид. словарь. Под ред Сухарева А.Я. и др.).

ТАЛАП ҚОЮ ІСІ

1-т а р а у. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ МЕН ЖҮЙЕСІ

§ 1. Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының ұғымы, тақырыбы мен әдісі

Теорияда құқықтың барлық салалары материалды (рет-телуші) және іс жүргізушілік болып екіге бөлінеді. Құқықтың іс жүргізу салаларына азаматтық іс жүргізу құқығы, қылмыстық іс жүргізу құқығы, өкімшілік іс жүргізу құқығы жатады.

Азаматтық іс жүргізу құқығы — бұл азаматтық істер бойынша сот төрелігіне жіберу кезіндегі сот пен іске қатысушылар арасындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін іс жүргізу нормаларының белгілі бір жүйеде орналасқан жиынтығынан тұратын құқық саласы.

Азаматтық істер бойынша процеске қатысушылардың әрқайсына азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен іс жүргізу құқықтары мен міндеттері бекітілген. Мысалы, сот өзінің жүргізетін істерін қарауға және шешуге құқылы. Ол мемлекет алдында сотты әділ жүргізуге міндетті. Сот процестің өзге қатысушыларына бұйрықпен өкілеттік етеді. Сонымен бірге іске қатысушылардың және процестің өзге де қатысушыларының құқықтарын қатаң сақтауға міндетті.

Азаматтар мен ұйымдар процеске қатысуға, өтінім беруге, өз талаптарының негіздерін дәлелдеуге, соттың шешкен шешіміне шағымдануға, шешімнің орындалуына қатысуға құқылы. Оларға іс жүргізу кешендерімен қатар мынадай іс жүргізу міндеттері де жүктелген: өздерінің іс жүргізу құқықтарын адал пайдалану, сот шығындарын төлеу, соттың шақыруларына келу, дәлелдемелерді ұсыну. Процестің қандай да бір қатушысының әрбір іс жүргізу әрекеті олардың іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыру мен заңда қарастырылған міндеттерін атқару нәтижесі болып табылады. Азаматтық іс жүргізу курсы оқу пәні ретінде игермес бұрын «азаматтық іс жүргізу құқығының тақырыбы мен әдісі», «азаматтық іс жүргізу

құқығы», «азаматтық іс», «азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымы және оның объектісі», «азаматтық іс жүйесі», «іс кезендері» және т.б. сияқты негізгі бастапқы ұғымдар туралы түсінігін болуы керек.

Азаматтық іс жүргізу құқығының нормалары сот процесінің бүкіл барысын анықтайды, әрбір субъект үшін тиісті және мүмкін шекте азаматтық іс жүргізу қарым-қатынастарын бекітеді.

Азаматтық іс жүргізу құқық нормаларын құқықтық реттеу объектісіне азаматтық істер бойынша сот ісі саласындағы қоғамдық қарым-қатынастар жатады.

Азаматтық іс тақырыбы мен азаматтық іс жүргізу құқығының тақырыбын ажырата білу керек. Белгілі бір іс жүргізу нысанында әділ сотты жүзеге асыратын сот қызметі ретіндегі азаматтық іс тақырыбына нақты азаматтық істер жатады. Құқықтық сала ретіндегі азаматтық іс жүргізу құқығының тақырыбына азаматтық істің өзі жатады, яғни соттың және басқа қатысушылардың іс-әрекеті, сондай-ақ сот қаулыларын орындайтын органдардың белгілі бір деңгейдегі қызметі.

Азаматтық іс жүргізу құқық теориясында азаматтық іс тақырыбы мен азаматтық іс жүргізу құқығы тақырыбына қатысты өзге көзқарас айтылған. Азаматтық құқықты қорғауды тек сот қана емес, өзге де органдар жүзеге асыратыны ескертілген. Осыған байланысты кейбір ғалымдар мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың құқық және құқықты қорғау туралы дауламайларды шешу бойынша қызметін азаматтық іс деп санау қажет деген тұжырымға келді. Мемлекеттің барлық органдары мен аталған тұжырымдама бойынша құқық қорғайтын қоғамдық ұйымдардың қызмет тәртіптерін реттейтін құқық нормаларының жиынтығын азаматтық іс жүргізу құқықтарының бір саласы деп қарау керек. Басқа ғалымдар бұл тұжырымдармен келіспейді. Олар азаматтық істі әділ сотты жүзеге асыратын жалпы әділетті соттардың қызмет нысаны деп есептейді. Бұл нысан тек соттарға ғана айрықша тән. Сот қорғауын құқық қорғаудың өзге де нысандарымен теңестіруге болмайды деген пікірмен келісу керек.

Азаматтық іс жүргізу құқығының әдісі. Азаматтық іс жүргізу құқығы қоғамдық қарым-қатынастарды диспозициялы-рұхсатты әдіспен реттеп отырады. Бұл азаматтық істерді тудыру соттың емес, мүдделі адамдардың бастамасы екендігін білдіреді. Сот

өз бастамасы бойынша азаматтық іс қозғамайды. Сот актілеріне шағымдану және олардың орындалуы әдетте мүдделі іс жүргізуге құқылы субъектілердің ерік білдірулеріне байланысты. Азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларының көпшілігі тыйым салынатын емес, рұқсат етілетін сипатқа ие. Процеске қатысушылар іс жүргізу нормаларында қарастырылып, рұқсат етілген өздеріне қатысты бір іс жүргізушілік әрекетпен айналыса алады.

Қоғамның қазіргі заманғы даму кезеңінде азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларының мүлтіксіздігі мен даму деңгейі оларды дәл сақтаған жағдайда қолдану кезінде соттардың әділсоттылық міндеттерін орындауын анықтайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымы құқықтық білімдердің терен салаларының қатарына жатады. Оның мәні азаматтық істер бойынша әділсоттылықты жүзеге асыру барысындағы азаматтық іс жүргізу құқығының жауапты рөлімен анықталады.

Жалпы сот істерін жүргізуге құқықты соттарда сот өкімі азаматтық және қылмыстық сот ісі арқылы жүзеге асырылады. Қазақстанда азаматтық сот ісі тәртібімен азаматтық істердің көпшілігі қарастырылады және оған рұқсат етіледі. Олардың қатарында Қазақстан Республикасының Конституциясында және азаматтар мен ұйымдардың саяси, еңбек, азаматтық, отбасылық, тұрғын үй, жер және өзге құқықтары мен бостандықтарының өзге заңдарында бекітілген қорғау мен күзет туралы істер бар.

Азаматтық іс жүргізу құқығы – азаматтық істер бойынша әділсоттылықты жүзеге асыру барысында процеске қатысушылар мен жалпы сот істерін жүргізуге құқылы соттың арасында туындайтын қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығынан тұратын құқық саласы.

Азаматтық іс жүргізу құқығы (процесс) ғылымы азаматтық істерді қарастыру мен әділсот органы ретінде сотқа жүктелген міндеттерді орындау кезіндегі соттардың іс-әрекеттеріндегі қоғамдық қарым-қатынастарды зерттейді. Ол іс жүргізу нормаларын тәжірибеде қолданумен байланыстыра зерттейді және азаматтық-құқықтық даулардың туу себептерін талдайды және соттардағы істердің сот тәжірибелерін жинақтап қорытындылайды.

Сондықтан да азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының объектісіне құқық саласы мен жалпы сот істерін жүргізуге

күкылы соттарда әділсоттылықты жіберу кезінде туындаған қоғамдық қарым-қатынастар ретіндегі азаматтық іс жүргізу күкығының өзі жатады.

Сонымен бірге азаматтық іс жүргізу күкығы ғылымының тақырыбына азаматтық іс жүргізу күкығы теориясының мәселелері мен тарихы жатады.

Сот теориясы мен тәжірибесін зерттеу кезінде колданыстағы заңның сол не өзге кемшіліктері немесе актандақтары табылады. Осыған байланысты азаматтық іс жүргізу күкығы ғылымының алдында колданыстағы заңды жетілдіру мен азаматтық-күкықтық даулардың алдын алу бойынша негізделген болжамдарды жасау міндеттері тұрады.

Азаматтық іс жүргізу күкығының дереккөздері. Азаматтық іс жүргізу күкығының дерек көздеріне заңдылық актілері мен азаматтық сот ісін реттейтін қандай да бір дәрежедегі азаматтық іс жүргізу нормалары бар Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық келісімшарттар жатады.

Азаматтық іс жүргізу күкығының дерек көздерінің ортасы, яғни іс жүргізу нормаларынан тұратын нормативті актілер барынша кең және алуан түрлі. Танымдылық мақсатта азаматтық іс жүргізу күкығының дерек көздері нормативті актінің іс жүргізу күкығы нормаларынан тұратын, заңды мағынасына қарай нақтылы «пирамида» құра отырып, дереккөздерін белгілі бір топтарға біріктіреді.

Азаматтық іс жүргізу күкығы — бұл жіктелуші күкық. Кез келген күкық саласының негізі, соның ішінде Қазақстан Республикасының жіктелуші азаматтық іс жүргізу күкығының негізі болып Қазақстан Республикасының Конституциясы табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы жоғарғы заңды күшке ие және Республиканың барлық аумағына тікелей әсер етеді (*4-бап*), сот өкімі туралы негізгі ережелерден, оның қызмет қағидаттарынан тұрады және сот тәжірибесінде колдандудың тікелей дерек көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барынша жалпы сипатқа ие мынадай бекітілген нормалардан тұрады:

— сот жүйесін ұйымдастыру, әділсоттылықтың ұйымдастырушылық және кейбір қызмет принциптері (VII бөлім. Соттар мен әділсоттылық); азаматтардың күкықтары мен бостандықтарын сотта қорғау күкықтары, мамандандырылған заңды көмек алу күкығы (13-бап); заң мен сот алдында барлық адамның теңдігі (14-бап) және басқалары.

Қазақстан Республикасының Конституциясынан кейін заңды мағынасы мен маңыздылығына қарай «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», «Прокуратура туралы» және соттардың құрылымы, олардың жүйелері, соттардың мәртебесі, процесс бағытының тәртібі мен негізгі қағидаттарына қатысты конституциялық ережелердің бөлімдерін жеке-жеке қарастыратын нормаларды бекітетін өзге де заңдар тұрады.

Азаматтық істер бойынша процесті жіберудің нақты регламентациясы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде жазылған. Азаматтық іс жүргізу кодексі азаматтық іс жүргізу құқығының дерек көздерінің ішіндегі ең негізгі заң актісі болып табылады және оқу курсының барлық тақырыптары бойынша зерттеу нысаны болып табылады. Онда көп жағдайда азаматтық процестің негіздері жеке-жеке регламенттеледі, ведомстволық бағыныштылық пен сотқа қатысты ережелер, азаматтық істер бойынша қатысушылар құрамы, дәлелдемелер, сот талқылауының тәртібі, сот актілерінің шешімдері мен шағымдарын шығару анықталады.

1999 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілген Азаматтық іс жүргізу кодексі бес бөлімнен, 45 тараудан және 426 баптардан тұрады. I бөлім Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізудің жалпы ережелерін бекітеді. II бөлім бірінші сатыдағы сотта іс жүргізудің негізгі болып табылады, сонымен бірге мынадай бөлімшелерден тұрады: 1) бұйрық арқылы іс жүргізу, 2) талап қою бойынша іс жүргізу 3) ерекше талап қоюмен іс жүргізу.

III бөлім заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарайтын екінші сатыдағы сот ісін жүргізудің және қадағалау тәртібіндегі іс жүргізу тәртібін бекітеді.

IV бөлім жойылған сот ісінің немесе атқару ісінің мәселелерін реттейді.

V бөлім халықаралық процесс, шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша іс жүргізу, мұнда төрелік шешімдеріне шағым жасау туралы істер бойынша іс жүргізу жайында тарау бар.

ҚР АІЖК азаматтық процестің міндеттері мен қағидаттарын анықтайтын нормалардан, жалпы бөлімнің ережелерінен, сондай-ақ сот пен сот ісінің өзге қатысушыларының іс-әрекеттерінің қозғалысын білдіретін толық та нақты іс жүргізушілік регламенттерінен тұратындықтан азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларының дерек көзі болып табылады;

Азаматтық істердің ерекше, жеке санаттарын реттейтін іс жүргізу нормаларының дерек көздері материалды (регулятивті) құқық актілерінде, көп жағдайда төмендегі заң салаларында болады:

– Азаматтық кодексте, «Салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне, көп жағдайда «Мемлекеттік баж салығы туралы», «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы», «Неке мен отбасы туралы» Заңда, «Қазақстан Республикасының дауларды шешетін соттар туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте және өзге де бөлімдерде.

Құқықтың дерек көздеріне оның құқықтық құрамдас бөлігі болып табылатын азаматтық процесс мәселелері бойынша халықаралық келісімдер мен келісімшарттар жатады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімшарттар оның заңдарының алдында артықшылықтарға ие және халықаралық келісімшартты қолдану үшін оған заң шығару қажет болған жағдайдан өзгелерінде тікелей қолданылады.

Қазақстан Республикасының құқық жүйесінің түзілуіне құқықтың дерек көзі ретінде «Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы» Келісім, «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қарым-қатынастар туралы» Келісім және өзге де ережелер үлкен әсер етті.

ҚР АІЖК-нің 2-бабына сәйкес талап қою және талап қоюға жатпайтын істерді қарау мен шешу кезіндегі азаматтық іс жүргізу заңдылығының дереккөзі азаматтық іс жүргізу туралы заң, яғни ҚР АІЖК болып табылатындықтан азаматтық іс жүргізу құқығының дереккөздері ретіндегі мемлекет органдар шығарған заң актілерінің рөлі шамалы.

Мемлекеттік органдар шығарған актілер оларды қабылдау ҚР АІЖК-нің тікелей нұсқауымен байланысты болған жеке жағдайларда қабылдануы мүмкін.

Қазіргі уақытта құқықтың дерек көздеріне Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының сот тәжірибесін, соттардың нақты істерді қарау туралы қабылдаған қаулыларын жатқызуға болады.

Сондықтан да азаматтық іс жүргізу құқығының дерек көздеріне Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен судьяларының

мәртебесі туралы» және өзге де заңдар, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі жатады, қалған мемлекеттік органдар шығарған заңды актілер азаматтық іс жүргізуде маңызды емес.

Азаматтық іс жүргізу заңының уақыт жағынан қолдануы (ҚР АІЖК, 4-бап). Егер де заңның өзінде бұл туралы арнайы айтылмаса, жалпы ереже бойынша қайта шығарылған заңның кері күші болмайды. Азаматтық-құқықтық қарым-қатынастар саласында бұл соттың материалды-құқықтық қарым-қатынасты қарауы кезінде, тіпті істі сот қарап жатқан кезде заңның күші жойылған немесе өзгертілген болса да күшіне енген заң қолданылады дегенді білдіреді.

Процестің туындаған кезінде қандай заң қолданыста болғанына қарамастан сот іс жүргізу әрекетін жүргізу барысындағы күшіне енген іс жүргізу заңын қолдануы тиіс. Сонымен бірінші сатыдағы сотта қаралып жатқан іс қайта қарау немесе қадағалау сатысында егер де ол күшіне енген болса, жаңа іс жүргізу заңының тәртібі бойынша шешіледі.

Азаматтық істер бойынша сот ісі іс қаралып жатқан уақытта, жеке іс жүргізу әрекеттері жүріп жатқан кезде немесе сот шешімінің орындалуы кезінде күшінде болған азаматтық іс жүргізу заңы бойынша жүргізіледі.

Бұл ескі іс жүргізу нормасы күшінде болған кездегі дауларды шешудегі жаңа іс жүргізу нормасын тарату туралы маңызды ереже ескіге қарағанда жаңа іс жүргізу нормасының дауды дұрыс шешетініне негізделеді.

Іс жүргізу заңының кеңістікте қолдануы. Азаматтық істер бойынша Қазақстан Республикасы соттарында сот ісін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Сот құрылымы туралы» ҚР Заңы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі және өзге де қабылданған заңдар анықтайды. Барлық соттар Қазақстан Республикасының аумағында күшіне енген біртұтас іс жүргізу заңдылықтарын қолданады.

§ 2. Азаматтық іс жүргізу құқығының жүйесі

Азаматтық іс жүргізу құқығы екі бөлімнен тұрады: Жалпы және Ерекше. Қазақстан Республикасының Азаматтық істі жүргізу құқығының Жалпы бөлімі процестің барлық сатысындағы сот ісінің барынша жалпы жай-жапсарын реттейтін нормалар мен құқықтық институттарды біріктіреді.

Мазмұны бойынша жалпы бөлім төмендегі институттардан тұрады:

- 1) жалпы ережелер, азаматтық іс жүргізу заңдылығы;
- 2) азаматтық сот ісін жүргізу міндеттері мен қағидаттары;
- 3) ведомстволық бағыныштылық пен соттылық;
- 4) азаматтық іс жүргізу құқығына қабілетті және іс-әрекетке қабілетті іске қатысушы тұлғалар құрамы;
- 5) сотта өкілдік ету;
- 6) дәлелдемелер мен дәлелдеу;
- 7) сот шығындары;
- 8) мәжбүрлеу шаралары;
- 9) іс жүргізу мерзімдері;
- 10) сот хабарламалары мен шақырулары.

Азаматтық іс жүргізу құқығының Ерекше бөлімі арнайы институттарды біріктіретін нормалардан тұрады. Арнайы институттар іс жүргізушілік қарым-қатынастарының белгілі бір түрлерін анықтайды. Мұндай арнайы институттардың саны бесеу — санына қарай азаматтық процестің сатысы да бесеу:

- 1) бірінші сатыдағы сот ісі;
- 2) шағымдану сатысындағы сот ісі;
- 3) қадағалау сатысындағы сот ісі;
- 4) қайта ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта карау;
- 5) орындалу ісі.

Азаматтық іс жүргізу құқығының өзге құқық салаларымен байланысы. Азаматтық іс жүргізу құқығы мынадай көптеген құқық салаларымен тығыз байланысты:

— мемлекеттік құқық (конституциялық құқық, сот құрылымы және басқалары);

— материалды құқық (қылмыстық, азаматтық әкімшілік, еңбек, отбасылық, салықтық, қаржылық, халықаралық құқық);

— іс жүргізу құқығы (азаматтық, қылмыстық және әкімшілік процестер).

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген сот өкіметі органдарының қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары азаматтық іс жүргізу мен конституциялық құқықтан алынады. Конституциялық құқық нормаларының негізінде азаматтық сот ісінің іс жүргізушілік-құқықтығы реттеліп отыратындықтан, ол азаматтық іс жүргізу құқығының негізін қалаушы болып табылады. Мысалы, Қазақстан Респуб-

ликасының Конституциясында бекітілген сот өкімінің болуы сот шешіміне заңды күш беретін шарттардың бірі болып табылады. Сондықтан да, конституциялық құқық пен азаматтардың бостандығы бұзылған жағдайда ол азаматтық іс жүргізу құралдарымен сотта қорғалудың нақты көрінісі болып табылады.

Азаматтық іс жүргізу құқығы қылмыстық іс жүргізу құқығымен тығыз байланысты. Бұл байланыс әділсотты жүзеге асырудың жалпы қағидаттарынан, ведомстволық бағыныштылық институттарынан және істерді қараудың соттылығынан, дәлелдеу тақырыбы мен процестің ерекшеліктерінен, мәжбүрлеудің жалпы шараларынан және басқаларынан көрінеді.

Іс жүргізу құқықтарымен ұқсас құқық салалары жалпыға ортақ белгі – әділсоттылықты жүзеге асырумен сипатталады. Осыдан барып материалды құқықтың (азаматтық, отбасылық, еңбек және де құқықтың өзге салаларының) материалды және іс жүргізу құқығымен тығыз байланысты азаматтық іс жүргізу құқығымен тығыз байланысты екендігі шығады. Азаматтық іс жүргізу құқығы мен қылмыстық құқық та өзара тығыз байланысты. Бұл ретте олардың ең басты айырмашылығы – сот қызметінің тақырыбында (азаматтық-құқықтық дау немесе қылмыстық қылмыс). Азаматтық процестің кейбір нормалары жалған жауап бергені үшін жауапқа тартылатындығы туралы кісіге ескерту мәселелері және қылмысты-құқықтық санкцияларды қолдану жағынан қылмыстық құқық нормаларымен ұқсас.

Бір-бірімен негізгі қағидаттары мен институттарының тым ұқсас және теңдіктері жағынан тығыз байланысты сипат әсіресе азаматтық іс жүргізу мен қылмыстық іс жүргізу құқықтары арасында байқалады. Мысалы, заңдылық, заң мен сот алдында азаматтардың теңдігі, тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтығы, сот ісінің тілі және басқалары аталған құқық салаларына тән.

Қылмыстық процестің азаматтық процеспен байланысы іс бойынша үкім шығарар кездегі материалдық шығынды, сот шығындарын ж.т.б. өндіру туралы мәселелер бір мезгілде шешілуі мүмкін сол мән-жайды айтады.

Азаматтық процесс те, материалды-құқықтық сипаттағы өзге өркениетті сала да бір-бірімен тығыз байланыссыз болуы мүмкін емес екендігін айта кеткен жөн. Азаматтық, еңбек, отбасылық

және өзге қарым-қатынастарды реттейтін нормалар оларды бұзған жағдайда азаматтық іс жүргізу құқығын қолданбай өздігінен жүзеге асуы мүлде мүмкін емес.

Сонымен қатар, төрелік, қуәландыру және орындау ісі көптеген жалпы қағидаттар мен белгілер бойынша бір-бірімен тығыз байланысты және азаматтық іс жүргізу құқығына ұқсастықтары бар.

§ 3. Азаматтық істердің міндеттері мен түрлері

Азаматтық іс (азаматтық сот ісі) – бұл азаматтық істерді қарауға рұқсат етілген, қабылданған шешімдерді орындау жүктелген соттардың қызметін азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларымен реттеу.

Азаматтық істер – бұл конституциялық, әкімшілік, қаржылық, жер, азаматтық, еңбек, тұрғын үй, отбасылық құқық қарым-қатынастар салаларынан туындаған істер.

Азаматтық сот ісін жүргізу міндеттеріне азаматтардың, мемлекет мен ұйымдардың бұзылған және жоққа шығарылған құқықтарын, заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу жатады.

(ҚР АІЖК, 5-бап). Азаматтық сот ісі құқық мәселелерімен айналысатын жалпы соттарда заңмен бекітілген құқық қорғау нысанын білдіреді. Сонымен бірге, азаматтық іс ақырғы мақсаттарға – құқықты орнату немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғауға бағытталған азаматтық істің іс жүргізу құқықтарының тәртіп нормаларымен бір сатыдан екінші сатыға жылжуы.

Сотта азаматтық іс туындауы үшін мүдделі адам сотқа өз талаптарының негізін жаза отырып, (талап қоюмен, шағымданумен, аса ерекше іс бойынша арыз жазумен) арызданады. Сот туындаған құқықтық қарым-қатынасты сотта қарауға, шешуге жататын жатпайтындығын тексереді. Егер де арызда аталған талап сот жолымен қорғауға жататын болса, сот өз ісіне арыздың қабылданғаны туралы шешім шығарады және сол сәттен бастап азаматтық іс туындап, осы іс бойынша сот ісі қозғалады. Соттың, іске қатысушы тұлғалардың, процестің өзге де қатысушыларының істі қараумен, шешім қабылдаумен, қабылданған шешімге шағымданумен, оның орындалуымен байланысты барлық іс-әрекеттері тек қолданыстағы іс жүргізу заңының нор-

малары аясында ғана іске аса алады және сондықтан да олардың жиынтықтары шын мәнінде азаматтық процесті (азаматтық сот ісін) құрап, іс жүргізу әрекеттері болып табылады.

Азаматтық сот ісі соттың, тараптардың, процестің өзге қатысушыларының іс жүргізу әрекеттерін, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін қамтиды. Сотқа, өзге де барлық қатысушыларға процесте максаттарына жету үшін заңды түрде белгіленген іс жүргізу құқықтары оларға сәйкес іс жүргізу міндеттерін жүктей отырып беріледі. Іс жүргізу құқықтары мен міндеттері процесс барысында жүзеге асады. Мысалы, сотқа арыздану талап қою арызын беру арқылы, ал талап қою арызына қарсы құқықты қорғау оған қарсылық білдірумен немесе қарсы талап қою арызын беру арқылы іске асырылады. Талап қоюшы мен жауап берушінің сотқа қатысу құқығына соттың тиісті түрде тараптарға сот отырысының уақыты мен өтетін орнын хабарлау міндеті сәйкес келеді. Процеске қатысушылар сотты өкімді орган ретінде санай отырып, азаматтық іс жүргізу нормаларымен реттелетін қоғамдық қарым-қатынасқа түседі, сондықтан да бұл азаматтық іс жүргізушілік қарым-қатынастары болып табылады.

Сот өндірісіне іс барысына мүдделі өзге де тұлғалардың қызметтері кіреді: талап қоюшылар – соттан өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды өтінетін азаматтар мен ұйымдар; жауап берушілер – талап қою арызы бойынша жауапқа тартылатын азаматтар мен ұйымдар; үшінші тұлғалар; аса ерекше сот істері бойынша арызданушылар.

Іс барысына мүддесі бар азаматтар мен ұйымдарды, олардың өкілдерін іс жүргізу заңы процестің барлық сатысына белсенді қатысуға болатын мүмкіндікпен қамтамасыз етеді. Сот істің басты қатысушысы ретінде тек іс жүргізу нормалары мен құқықтарын сақтап қана қоймай, сонымен бірге барлық қатысушылардың оны орындауына қол жеткізуі тиіс.

Сот процесінде туындаған қарым-қатынастардың ерекшелігі олардың азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен бекітілген тәртіп пен нысанда ғана жүзеге асуы мүмкіндігінен тұрады, ал процеске қатысушылардың барлығының іс жүргізу құқықтары мен міндеттері заңда бекітілген.

Аталған қызмет процесінде тек адал іс жүргізу нормаларында қарастырылған іс-әрекеттер қамтамасыз етіледі, сондықтан да азаматтық іс жүргізу қарым-қатынастарының

жүргізушілік құқық қатынастары түрінде болады, ал азаматтық процестің өзі (азаматтық сот ісі) іс-әрекеттер мен құқықтық қатынастардың бір-бірінен ажырамас байланысынан (жүйесінен) тұрады.

Сондықтан да азаматтық сот ісі азаматтық істерді оларға шағымдануды не наразылық білдіруді қарайтын, шешетін бірінші сатыдағы сот қызметін, сондай-ақ жоғарғы соттардың шағымдар мен наразылықтарды қолдау, қадағалау тәртібімен қарауды, сонымен бірге шешімдерді орындауды АІЖК нормаларымен реттеу болып табылады.

Азаматтық сот ісінің түрлері. Даулы материалды-құқықтық қарым-қатынастардың сипатына қарай сот талқылауы тақырыбының азаматтық процестегі сот ісінің үш түрі болады:

1. *Талап қою бойынша іс жүргізу.* Талап қою бойынша іс жүргізу тәртібімен азаматтық істердегі ведомствалық соттардың негізгі саны қаралады: азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, жер, экологиялық және өзге де құқықтық қарым-қатынастардан, негізінен азаматтық сипатта туындаған істер қаралады. Талап қою бойынша сот ісі құқық туралы дауларын шешіп беру үшін талап етушінің жауап берушінің үстінен сотқа жазған арызы бойынша қозғалады. Бұл некені бұзу, жеке меншік құқығын қорғау, әртүрлі міндетті қарым-қатынастар ж.т.б. туралы істер.

Талап қою бойынша іс жүргізу бірте-бірте саралана бастағанын айта кету керек. Сырттай сот ісін жүргізу (ҚР АІЖК 24-бөлімі) жауап беруші сот отырысына келмеген жағдайда талап қою бойынша іс жүргізу аясында істі барынша тез шешуге рұқсат етіледі;

2. *Ерекше талап қоюмен іс жүргізу.* Осы сот ісінің тәртібімен бұқаралық құқықты жүзеге асыру саласында туындаған даулар қаралады.

Бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған сот істері туралы ҚР АІЖК-нің 25–29-тарауларының 3-бөлімшесінде берілген және ол «Ерекше талап қоюмен іс жүргізу» деп аталады. Бұл азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, төмендегідей арыздары бойынша қозғалған істері:

– заңсыз шешім, мемлекеттік органның, жергілікті басқару органының, сайлау комиссиясының, лауазымды тұлғалардың сайлау құқықтарының мәселелері бойынша әрекеті немесе әрекетсіздігі;

– өкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) заңды күшіне

енбеген қаулыларын жоққа шығару туралы. Мамандандырылған әкімшілік соттардың қарауға құқылары бар істердің тізімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 539-бабында көрсетілген;

– мемлекеттік билік, жергілікті басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, лауазымды тұлғалардың және мемлекет қызметкерлерінің шешімдерін жоққа шығару мен әрекеттері (немесе әрекетсіздіктері) туралы. Мысалы, Мәлімдеуші мемлекеттік құпия туралы мәлеметтерден хабардар деген негізде Қазақстан Республикасынан шетелге кетуге берілетін рұқсаттан бас тарту;

– азаматтың немесе заңды тұлғаның арызы бойынша нормативті құқық актілерінің заңдылығын жоққа шығару, азаматтардың немесе заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылуы туралы;

– органдар мен лауазымды тұлғалардың заңға сай келмейтін актілері мен әрекеттерін тану туралы прокурордың үндеуі.

Бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған сот ісін жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар (іс талап қоюмен емес, арыз бойынша қозғалады, субъектілермен, соттардың өкімдіктерімен, дәлелдеу бойынша міндеттерді бөлумен және т.б. ерекшеленеді);

3. *Ерекше талап қоюмен іс жүргізу.* Ерекше талап қоюмен іс жүргізу тәртібімен құқық туралы дау емес, заңды деректі орнату, жеке тұлғалардың не мүліктің құқықтық жағдайын анықтау туралы мәселеден туындаған істер қаралады. Ерекше талап қоюмен жүргізілетін істердің тізімі ҚР АІЖК 289-бабында берілген. Бұл мынадай істер:

– Заңды мәні бар деректерді анықтау;

– азаматты хабарсыз жоғалған деп тану және азаматты өлді деп хабарлау;

– азаматтың іс-әрекетке қабілеті шектеулі немесе іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы;

– азаматты психиатриялық ауруханаға мәжбүрлі түрде жатқызу туралы;

Заңды тұлға мен жеке кәсіпкерлердің банкрот болғандығы туралы;

– жылжымалы мүліктің қожайыны жоқ деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығы бар деп тану туралы;

– азаматтық хал актілері жазбаларын дұрыс емес деп тану туралы;

– нотариалдық іс-әрекетке шағымдану немесе оның жүзеге асуына қарсы болу туралы;

– мәлімдеушінің жоғалған құнды қағаздары және ордері бар құнды қағаздар бойынша құқықты қайта қалпына келтіру туралы (шақыру бойынша сот ісі);

– баланы асырап алу туралы;

– Қазақстан Республикасының, және (немесе) өзге мемлекеттің аумағында экстремизм не лаңкестік әрекеттерді іске асырып жүрген шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік не лаңкестік деп тану туралы.

4. *Бұйрық арқылы іс жүргізу* (ҚР АІЖК 13-тарау) – сот бұйрығының негізінде (ҚР АІЖК 139-бап) қарызды өтеуден тұратын сот ісінің дербес және жеңілдетілген түрі. Сот бұйрығы өндіріп алушының арызы бойынша ақшалай соманы төлету немесе қарыз адамнан мүлікті даусыз талаптармен қарыз адам мен өндіріп алушының түсініктерін тындауға шақырмастан және сот талқылауынсыз шығарылған сот төрешісінің кесімі. Соттың міндеті сот бұйрығының негізінде қарызды өндіру арқылы бұзылған құқықты қанағаттандырудан тұрады. Бұл үшін ақшалай соманы немесе мүлікті мәжбүрлеп төлеттіру үшін орындау парағы беріледі.

Сот бұйрығы шығарылатын талаптар. ҚР АІЖК 140-бабында көрсетілген. Сот бұйрығы мынадай жағдайларда шығарылады:

1) егер талап нотариатта куәландырылған мәмілеге негізделсе;

2) егер талап жазбаша мәмілеге негізделсе және оны жауапкер таныса;

3) егер талап төленбеген вексельге, акцептің болмауына және нотариус жасаған акцептің күні белгіленбеуіне білдірілген наразылыққа негізделсе;

4) егер әкеліктің белгіленуіне немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне қатысы жоқ, кәмелетке толмаған балалар үшін алименттерді өндіріп алу туралы талап мәлімделген болса;

5) егер азаматтардан және заңды тұлғалардан салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша бересіні өндіріп алу туралы талап мәлімделген болса;

6) егер қызметкерге аударылған, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы талап мәлімделген болса;

7) егер жауапкерді немесе борышкерді іздестіру жөніндегі шығындарды өндіріп алу туралы талаптарды ішкі істер органдары немесе қаржы полициясы мәлімдеген болса;

7-1) егер Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес лизинг нысанасын даусыз талап ету туралы талап мәлімделген болса;

8)-9) 140-баптың 8)-9) тармақшалары Қазақстан Республикасының 2001 жылдың шілдедегі № 238-ІІ Заңымен алып тасалды.

10) егер кепіл беруші борышкерге кепілге салынған затынан өндіріп алу туралы ломбардтың талабы мәлімдеген болса, шығарылады.

Сот ісінің аталған түрлерінен басқа ҚР АІЖК шетелдік азаматтар қатысатын істерді шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдеріне қатысты соттардың көмек беруі мен қадағалауы аясында сот ісін жүргізуді реттейді. Әңгіме төмендегі сот істері жайлы:

– шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін тану және орындау (ҚР АІЖК 45-тарау, 425-бап).

– төреліктің шешімдерін мәжбүрлі түрде орындау және орындау парактарын беру бойынша сот ісін жүргізу (ҚР АІЖК 425-бап –1, 425-бап–2.)

– төреліктің шешімдеріне шағымдану туралы сот істерін жүргізу (ҚР АІЖК 45-1 тарау).

§ 4. Азаматтық құқықты сотта қорғаудың әдістері мен түрлері

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары өзге тараптар жағынан бұзылған жағдайда, сондай-ақ келешекте құқықтың бұзылуына қоқан-лоққы жасалған жағдайда және де бұзылған құқықты өз еркімен қалпына келтірмесе онда белгілі бір қорғау шараларын қолдануға тура келеді – міндетті тарапқа қатысты құқықты қорғау әдістері.

Құқықты қорғау әдісі – материалды (реттелуші) құқық санаты. Құқықты қорғау әдістері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (9-бап) берілген. Азаматтық құқықты қорғауды сот, төрелік сот немесе аралық сот мынадай жолдармен жүзеге асырады:

- құқықты мойындау;
- құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру және оны бұзудың немесе бұзуға қоқан-лоқы жасау әрекеттерінің алдын алу;
- шын мәнінде міндеттерді орындауға үкім шығару;
- шығындарды, тұрақсыздықты өндіру, келісімді жарамсыз деп тану;
- моральдық шығынды өтеу;

– құқықтық қарым-қатынастарды, түкке тұрмайтын келісімнің жарамсыздық салдарын қолдануды тоқтату немесе өзгерту;

– мемлекеттік органның немесе жергілікті басқару органының актісін жарамсыз немесе қолдануға жатпайды деп тану.

Құқықты қорғау түрлері. «Құқықты қорғау әдісі» түсінігінен «құқықты қорғау түрінің» айырмашылығы бар. Құқықты қорғау түрі – бұл іс жүргізу сипатының санаты. Құқықты қорғау түрі құзырлы органдардың заңмен анықталған құқықты қорғаудағы іс-әрекеттері, яғни нақты мән-жайларды анықтау, құқық нормаларын қолдану, құқықты қорғау түрін анықтау және шешім шығару болып табылады. Құқық қорғаудың заңда көрсетілген түрлерін қолдану, яғни құқық бұзушыға белгілі бір мәжбүрлеу шаралары құқық қорғаудың бір түрімен емес, бірнеше түрімен жүзеге асырылады.

Құқық қорғау түрлерінің алуан түрлілігі бірқатар мынадай факторлармен – тиісті құқықты қорғау немесе сақтаудың ерекшелігімен, құқықтық қарым-қатынасты мойындаудың күрделілігімен немесе керісінше қарапайымдылығымен, қоғамдағы демократиялық процестердің даму деңгейімен, құқықтық дәстүрлермен түсіндіріледі.

Бұзылған немесе жоққа шығарылған азаматтық құқықты қорғауды іс жүргізу заңдылықтарында бекітілген ведомствалық бағыныштылыққа сәйкес жалпы сот, экономикалық сот, аралық сот жүзеге асырады.

Даусыз құқықты және заңмен сақталатын мүдделерді қорғау мен сақтау қызметтерін нотариустер мен нотариалдық іс-әрекеттерді атқаруға құқықтары бар өзге де лауазымды тұлғалар атқарады. Сонымен нотариустер келісімдерді куәлөндірәды, мұрагерлік мүлікті сақтауға шаралар қолданады, мұрагерлікке құқық, жұбайлардың мүлкіндегі үлес құқығы туралы куәліктерін береді.

Еңбек дауларының бірқатары құқықтық дау-жанжал туындаған жерде тікелей еңбек даулары бойынша құрылған комиссия (ЕҚК) қарайды, ал коллективті дауларды бітімгер комиссия қарайды.

Құқықты қорғау түрлерінің ішінде азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларымен бүге-шігесіне дейін реттелген, жан-жақты тарихи қалыптасқан сотта қорғау түрі жетекші рөл атқарады. Ол заңды дұрыс қолдануға, нақты құқықтар мен тараптардың міндеттерін анықтауға сенімді кепілмен қамтамасыз етеді.

Адамның бұзылған құқығын сот арқылы қорғау барынша тиімді, әрі өркениетті.

Соттардың қызметі ең алдымен азаматтардың, сонымен бірге белгілі бір шектегі ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған құқықты қорғаудың демократиялық түрі болып табылады.

Сот жүзінде қорғалу құқығы — бұл конституциялық құқық. Әркімге құқығы мен бостандығын сот жүзінде қорғауға кепіл берілген, — деп үнделген Қазақстан Республикасының Конституциясында (2-тарау, 13-бап). Ешкім де өз мүлкінен айрылуға тиісті емес, болмаса сот шешімі бойынша (ҚР Конституциясы 2-тарау, 26-бап).

Азаматтық құқықты қорғау кезінде сот өкімін азаматтық сот ісін жүргізу арқылы сот жүзеге асырады.

§ 5. Азаматтық сот ісінің сатылары

Әрбір іс бойынша азаматтық сот ісі басталады және процестің сатылары деп аталатын оның белгілі бір жүйеде бірнеше кезеңдері болады. Азаматтық процестің сатылары деп нақты іс бойынша сот ісінің мақсаттарын біріктіретін іс жүргізу әрекеттерінің жиынтығын айтады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің мынадай сатылары болады:

1) *бірінші сатыдағы сот ісі*. Бұл сатыда соттар талап етушінің жауап берушіге жазған талап қою арызы бойынша іс қозғалады, нәтижесінде сот шешім шығаратын сот талқылауына, істі қарауға дайындық жүргізіледі. Бұл істі шын мәнінде талқылайтын азаматтық процестің міндетті сатысы болып табылады.

2) *кассациялық және шағым беру сатысындағы сот ісі*. Шағым беру бойынша наразылықты сот бірінші сатыдағы соттың күшіне енбеген шешімінің негіздігін тексереді;

3) *қадағалау сатысындағы сот ісі*. Заңды күшіне енген шешім және бірінші сатыдағы соттың анықтауы, шағым бойынша істі қарайтын және қадағалау соттарының қаулылары, сот бұйрықтары қадағалау тәртібімен қаралады. Қадағалау сот ісін жүргізу тәртібі өзінің күрделілігімен ерекшеленеді;

4) *заңды күшіне енген шешімнің, анықтау мен қаулылардың жаңадан ашылған мән-жайлары бойынша істі қайта қарау*. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қараудың негіздеріне мәлімдеуші мен сот төрешісіне бұрын белгілі болмаған және болуы мүмкін емес маңызды мән-жайлар жатады;

Жанадан ашылған мән-жайлары бойынша шешімді, анықтау мен қаулыларды қайта қарау негіздеріне мыналар жатады (ҚР АІЖК, 404-бап):

– мәлімдеуші мен сот төрешісіне бұрын белгілі болмаған және болуы мүмкін емес манызды мән-жайлар;

– заңды күшіне енген сот үкімімен анықталған, заңсыз не негізсіз шешімнен қаулы шығаруға әкеліп соқтырған куәгердің қасақана жалған жауабы, сарапшының қасақана жалған қортындысы, қасақана жасалған аударма, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;

– заңды күшіне енген сот үкімімен анықталған тараптардың, іске қатысушы өзге тұлғалардың не олардың өкілдерінің немесе соттардың нақты істі қарау кезіндегі қылмыстық әрекеттері;

– нақты шешімді, анықтауды не қаулыны шығаруға негіз болған соттың шешімін, үкімін, анықтауын немесе қаулысын не болмаса өзге органның қаулысын жоққа шығару;

– Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің сот кесімін шығарғандағы сот төрешісінің қолданған заңын немесе өзге де құқықтық актісін конституциялық емес деп тануы.

5) сонымен бірге заң сот ісіндегі немесе орындау ісіндегі шығынды қайта қалпына келтіруді қарастырады. Орындау ісін азаматтық процесс сатысына жатқызу мәселесіне заңгерлердің көзқарасы әртүрлі. Олардың көпшілігі орындау ісін азаматтық процеске жатқызады. Бұл саты сот ісіндегі немесе орындау ісіндегі шығынды қайта қалпына келтіруді қарастырады. 1998 жылдың 30 маусымындағы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заң қабылданғаннан кейін, орындау ісі сот жүйесінен сот өкімшілігі деп аталатын үкімді орындау органдарына берілді. Бірақ та мәжбүрлеу процесі аясында сот шешім шығарумен не тоқтатумен аяқталған азаматтық іс бойынша сот ісі немесе орындау ісіндегі шығынды толықтай не жартылай қалпына келтіру мәселесі қалады.

Іс бойынша сот ісін қозғау, істі сот талқылауына дайындау, сот талқылауы сатыларының бірінші сатыдағы, қассациялық және шағымдану, қадағалау соттарында, қайта ашылған мән-жайлар бойынша істі қарайтын сотта алатын орны барын айта кеткен жөн. Аталған сатылар бір-бірінен азаматтық істі қозғаудың мазмұны мен ерекшеліктері жағынан ерекшеленеді.

Бірінші сатыдағы сот ісі мұнда соттың шешімі не қаулысы шығатындықтан және негізінен талап етушінің талаптары мен

тараптардың қарсылықтары қанағаттандырылуы мүмкін болатындықтан азаматтық процестің міндетті сатысы болып табылады, ал қалғандарын факультативті сатыларға жатқызуға болады.

2-т а р а у. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

§ 1. Азаматтық іс жүргізу құқығы принциптерінің ұғымы

Принциптер – орталық ұғым, азаматтық іс жүргізу құқығының мәнін, сипатын және негізгі ерекшеліктерін көрсететін іс жүргізу заңдарының барлық жүйесінің бастауы.

Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптерінде жалпы құқықтық принципке (конституциялық, азаматтық, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу-өкімшілік және т.б.) тән белгілер бар, оның құқықтық идеялардың негізін қалаушы фундаментальды ережелерін көрсетеді.

Құқықтың кез келген саласының, оның ішінде азаматтық іс жүргізу принциптері бір-бірімен тығыз байланысты және бір логикалы-құқықтық жүйені құрайды. Тек сапа ретінде алынған жүйелер құқықтың іргелі (фундаментальды) саласы ретінде азаматтық іс жүргізу құқығын сипаттайды және ең бастысы азаматтық сот ісін жүргізудің заңдылыққа, тартысқа және диспозитивтікке құрылған бұқаралық сипатын анықтайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері барынша жалпы мазмұндағы жеке норма түрі ретінде де және тұтастай жалпы құқықтық нұсқамаларды практикада қолдану кепілдігі бар іс жүргізу нормалары қатарында да көрінеді. Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері іс жүргізу қызме-тінде жүзеге асатындықтан, олар тек құқықтың принциптері ғана емес, азаматтық процестің де принциптері болып табылады.

Бір принципті бұзу, мысалы дәлелдемелерді тікелей зерттемеу өзге принципті – заңдылықты немесе принциптердің барлық тізгінін бұзуға әкеліп соқтыратынын айта кеткен жөн. Бұл жүйедегі бір принциптерді өзге принциптердің бұзылмауының кепілі ретінде қарау керек.

Сондықтан да принциптер жетекші ережелердің түпкі негізі болып табылады. «Принцип» термині латын тілінен аударғанда

«негіз», «бастапқы» деген мағыналарды білдіреді. Сондықтан да осы терминнің бұдан бұрынғы кез келген талдауларында рационалды дәні бар. Дегенмен де олардың әрқайсысы өз алдына осы берілген құқықтық құбылыстың мәнін дәл нақты немесе толық жеткілікті көрсете алмайды.

Тарихи принциптер қазіргі қоғамдағы сот, әділсот қандай болуы керек деген ұғым, идея ретіндегі құқықтың тиісті саласына қарағанда ерте пайда болады. Одан әрі қарай олар құқық нормаларында бекиді.

Нормативті бекітілгеннен кейін принциптер нақтылықтың шоғырланған көрінісі болып кетеді де, құқық нормаларын біртұтас органикалыққа біріктіреді. Құқықтық реттеудің бірлігі мақсатында олар сот ісінің сипатын анықтайды және қоғамдық құқықтық санадан көрінеді, құқықтың нақты нормасына қарағанда барынша тұрақты, құқықтың барлық сласына қарағанда кішкентай құбылыс, өзгеріске бейім болғандықтан азаматтық іс жүргізу құқығының даму деңгейін анықтайды.

Осы айтылғандардан азаматтық іс жүргізу нормаларында бекітілетін сот пен әділсот туралы негізгі идеялар, ұғымдар азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері болып табылатындығы туралы тұжырым жасауға болады және осыдан барып ол оның негізгі ережелеріне, іс жүргізу құқықтарының сипатын анықтайтын сапалы ерекшеліктеріне, оны жүзеге асу тәртібіне және келешектегі даму перспективаларына айналады.

Азаматтық іс жүргізу құқығы принциптерінің мәні ең алдымен олардың нормативтік қызметке әсер етуімен анықталады. Заңға түрлі өзгерістер енгізер кезде нормативті органдар жана нормалардың құқықтың қолданыстағы принциптеріне қайшы келетіндей етпеу керек.

Құқық қолдану қызметі үшін де азаматтық іс жүргізу құқығы принциптерінің зор маңызы бар; олар азаматтық істер бойынша әділсот қызметінің негізгі түрлері мен әдістерін, азаматтық сот ісінің іс жүргізушілік нысанының мәнін анықтайды. Сонымен бірге азаматтық сот ісінің мәні осы принциптерді бұзу сипаты мен мәніне қарай шығарылған сот актілерін жоққа шығаруға әкеліп соқтыратындығынан тұрады. (ҚР АІЖК, 23-бап.)

Принциптерді жіктеу дегеніміз олардың құрамын азаматтық процестің принциптерін жіктеу негізі деп аталатын қандай да бір белгілері бойынша жеке топтарға бөлу. Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері мазмұны мен таратылу саласына қарай

(жалпы құқықтық, салааралық, салалық принциптер және жеке құқықтық институттардың принциптері) бөлінеді.

Жалпы құқықтық принциптер → бұл құқықтың барлық салаларына, соның ішінде азаматтық іс жүргізу құқығына тән принциптер. Оларға демократизм, парасаттылық және заңдылық жатады.

Салааралық принциптер — бұл азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу және құқықтың өзге де салаларының принциптері. Оларға әділсотты тек соттың жүзеге асыруы, заң мен сот алдында барлық азаматтардың теңдігі, соттардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға бағыныштылығы, істерді қараудағы алкалық (коллегиялық), іс жүргізудегі ұлттық тіл, жариялылық, нақты шындық, жұршылықтың қатысу принциптері жатады.

Салалық принциптері — бұл тек азаматтық іс жүргізу құқығына диспозитивтік, тартыстық, тараптардың іс жүргізудегі теңдігі. Азаматтық іс жүргізу құқығының салалық принциптері азаматтық істерді қарау мен шешу, сот шешімдерін қайта қараудағы, сондай-ақ сот немесе орындау процесі кезіндегі өзге де қаулыларды орындау кезіндегі қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін құқық нормаларында бекітілген.

Жеке құқық институттарының принциптері — бұл мысалы, тек азаматтық істерді сотта талқылау институттарына ғана тән іс жүргізу принциптері (өзінділік, ауызшалық).

Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері екі үлкен топқа бөлінеді: ұйымдастырушы-функционалдық, яғни соттардың құрылымы мен процесі бір мезгілде анықтайтын принцип және тек сот пен азаматтық процесінің өзге де қатысушыларының іс жүргізу әрекеттерін анықтайтын функционалды принцип. Мұндай принциптерге заңдылық принципі, диспозитивтік, тартыстық, тараптардың теңдік принципі жатады.

Принциптердің осы екі тобы бір-бірімен өзара тығыз байланысты және көбінесе бір принцип ұйымдастырушы-функционалдық та, функционалды ретінде де бола алады. Принциптердің екі топқа бөлінуі кейбір деңгейде шартты болып келеді.

Азаматтық процесс принциптерінің қатарына заң (ҚР АІЖК 2-тарау) мыналарды жатқызады:

- заңдылық;
- әділсотты тек сот жүзеге асырады;
- тұлғаның құқығын, бостандығы мен заңды мүдделерін сот жүзінде қорғау;

- тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- жеке өмірге қол сұқпаушылық. Хат жазу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарламалар құпиясы;
- жеке меншікке қол сұқпаушылық;
- соттардың тәуелсіздігі;
- барлығының сот пен заң алдында теңдігі;
- тараптардың тартыстығы мен тең құқықтылығы;
- ішкі сенім бойынша дәлелдемелерге баға беру;
- куәгерлік жауап беру міндетінен босату;
- мамандандырылған заңды көмек алу құқығымен қамтамасыз ету;
- сот талқылауының жариялылығы;
- сот талқылауы барысында қауіпсіздікпен қамтамасыз ету;
- сот актілерінің міндеттілігі;
- іс жүргізу әрекеттері мен шешімдерге шағымдану бостандығы.

Әдебиетте принциптерді *ұйымдастырушы-функционалдық* және *функционалдық* деп екіге бөлу қабылданған.

§ 2. Ұйымдастырушылық-функционалдық принциптер

Әділсотты тек сот жүзеге асыратын принцип. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Азаматтық істер бойынша әділсотты азаматтық іс жүргізу заңдылықтарында бекітілген ережелер бойынша (ҚР АІЖК-нің 7-бабы) тек сот жүзеге асырады. Мемлекеттік және қоғамдық өзге органдар сот өкілеттерін немесе сот өкімі қызметтерін иемденуге, заң арқылы тек соттың жүргізуіне жатқызылған істерді шешуге құқылары жоқ. Сот жүзінде қарауға тиісті жүгінулерді, арыздар мен шағымдарды бірде-бір өзге органдар, лауазымды не өзге тұлғалар қарай алмайды. Төтенше, сондай-ақ өзге де заңсыз мекемелердің қабылдаған шешімдерінің заңды күші болмайды және орындалуы тиісті емес. Осыған байланысты соттың өкімді өкілеттігін иемденген кім болса да заңда қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

Тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау принципі. Бұл принцип Қазақстан Республикасы Консти-

туциясының 13-бап, ҚР АІЖК-нің 8-бабы және азаматтық іс жүргізу заңдылықтарының өзге де нормаларында көрсетілген.

Аты аталған принциптің мазмұнына төмендегілер жатады:

1) әрбір тұлғаның бұзылған құқығын немесе жоққа шығарылған конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін АІЖК бекітілген тәртіппен қорғау үшін сотқа шағымдану мүмкіндігі. Мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар тиісті сотқа заңда қарастырылған құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін өзге тұлғалардан немесе белгісіз топтардан қорғау жөнінде арыз жазып шағымдануға құқылы.

2) прокурордың өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында және азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін сотқа талап қою арызын бере алу мүмкіндігі.

3) азаматтық процеске қатысушы тараптардың және өзге тұлғалардың іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыруда қолдау көрсету үшін сотқа міндеттер жүктеуге мүмкіндік беретін іс жүргізу құқықтарының кең мүмкіндігі. Бұл ретте сотқа жүгіну құқығының барынша жалпы туындау шарттарына іс жүргізуге құқық қабілеттілігі мен ведомстволық бағыныштылық жатады. Егер де ол заңға қайшы келетін болса немесе әлдекімнің құқығын және заңмен қорғалатын мүддесін бұзатын болса, сотқа жүгіну құқығынан бас тартуға болмайды;

4) талап қою арызын қайтып беруге негіздің жеткілікті тізімінің болуы, оны әрекетсіз қалдыру, іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтату немесе доғару не болмаса арызды қараусыз қалдыру. Сот қорғауына қол жеткізу, сот шешімін қайта қарату немесе шағымданудың кең мүмкіндігі орындалу сатысындағы сот шешімінің нақты орындалуына тараптардың қатысуымен байланысты;

5) заңда қарастырылған істердің соттылығы тараптардың келісімінсіз өзгертілуі мүмкін емес.

Жоғары тұрған сот тараптардың келісімінсіз төменгі соттардың іс жүргізуіндегі істі алып, өзінің жүргізуіне құқысы жоқ екендігін айта кеткен жөн.

Сондай-ақ қазіргі заманда әділсоттылыққа қол жеткізудің халықаралық стандарттары Еуропа Кеңесінің қарарлары мен кепілдемелерінде және бірқатар халықаралық-құқықтық құжаттарда айтылғанын да айта кету керек.

Сот төрешілерінің тәуелсіздік принципі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бөлімінің 77-бабы және ҚР АІЖК-нің 12-бабына сәйкес сот төрешісі әділсотты іске асыру кезінде тәуелсіз және ол тек Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңына ғана бағынады.

Сот төрешілері мен соттар азаматтық істерді бөтендердің ықпал етуінсіз қарап шешулері тиіс. Әділсотты шешу кезінде сот төрешілерінің қызметіне қандай да бір мемлекеттік органдардың, жергілікті басқару органдарының, қоғамдық ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың қандай да бір араласуына жол берілмейді және оған заң бойынша жауап береді. Нақты істер бойынша сот төрешілері ешкімге тәуелді емес. Соттардың тәуелсіздігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабы, «Қазақстан Республикасы сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25, 26-бабы, ҚР АІЖК-нің 12-баптарындағы кепілмен қамтамасыз етілген.

Бәрінің заң мен сот алдында тең принципі. Азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы және мен ҚР АІЖК-нің 13-баптарымен кепілдендірілген. Азаматтық істер бойынша әділсот шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, наным-сеніміне, тұрғылықты жеріне және өзге де мән-жайларға қарамастан бәрінің заң мен сот алдындағы теңдіктерімен жүзеге асырылады. Сонымен бірге азаматтардың ешқайсына ерекше қарауға болмайды және ешкім де жоғарыда аты аталған себептер бойынша бұрмалануы мүмкін емес.

ҚР АІЖК 2-бөлімінің 13-бабына сәйкес азаматтардың заң алдындағы теңдігі, сондай-ақ азаматтық сот ісі кезінде ешбір заңды тұлғаларға ерекше қарауға болмайды және олардың ешқайсысы олардың тұрған жерлеріне, ұйымдастырушылық-құқықтық түріне, бағыныштылығына, меншік түріне және өзге де мән-жайлар бойынша бұрмалануы мүмкін емес дегенді білдіреді.

Дегенмен де бәрінің заң алдындағы теңдік принципін Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР АІЖК, Қазақстан Республикасында бекітілген заңдар мен халықаралық келісімдер бекіткен азаматтық-құқықтық жауапкершілік төзімділігіне ие азаматтық сот ісін жүргізудің белгілі бір шарттарын қарастырады.

Сотта істі қараудың жариялылық принципі. Азаматтық сот ісінде істерді талқылау барлық соттарда және барлық сот сатыларында ашық түрде жүзеге асырылады (ҚР АІЖК, 19-бап). Бұл соттың заңға негізделген сот шешімдерін шығарудың, сондай-ақ қоғамның сот төрешілерінің жұмысын бағалау мүмкіндіктерінің алғы шарттары болып табылады.

Азамат сот отырысы болып жатқан залға еркін кіруге құқылы. Сонымен қатар іске қатысушы тұлғаларға, ашық сот отырысына қатысушы азаматтарға сот талқылауының барысын жазып алуға немесе үнтаспаға жазып алуға заңды түрде рұқсат етілген. Дегенмен де, сотта істі қарау барысын киноға, суретке түсіруге, бейнетаспаға жазуға, радиодан немесе теледидардан тікелей көрсетуге іске қатысушы тұлғалардың көзқарастарын есепке ала отырып, сот төрешілері ғана рұқсат береді. Бұл іс-әрекеттер дұрыс сот талқылауын жүзеге асыру мақсатында қарастырылған және оның уақытын сот төрешісі шектеуі мүмкін.

ҚР АІЖК-нің 19-бабы мемлекеттік құпия, бала асырап алу құпиясы, жеке, отбасылық, коммерциялық не заңмен қорғалатын өзге де құпия мәліметтер, азаматтардың өміріндегі төсек қатынасына қатысты мәліметтер, ашық талқылауға болмайтын өзге де мән-жайлар бойынша жабық сот талқылауын өткізу тәртіптерін қарастырады. Сонымен қатар, сотқа қатысушылар сот отырысында жаппай тәртіп бұзған жағдайда сот іске қатыспайтын азаматтарды сот залынан шығарып жіберіп, істі жабық түрде өткізуге құқылы. (ҚР АІЖК 179-баптың 6-бөлігі).

Ашық сот отырысында азаматтардың жеке хаттары мен телеграф хабарламаларын жариялауды шектеуге заң рұқсат етеді. Олар тек осы хат-хабарлар мен телеграф хабарламаларын алысқан адамдардың келісімдерімен ғана жариялануы мүмкін. Келіспеген жағдайда бұл адамдардың жеке хаттары мен телеграф хабарламалары жарияланбайды және тек жабық сотта ғана талданады. Аты аталған ережелер сурет-кино құжаттарын, дыбыс және бейне жазбаларды, сондай-ақ өзге де техникалық құралдар арқылы алынған, жеке сипатқа тән мәліметтері бар хабарларды зерттеуге де қолданылады.

Істі жабық сот талқылауында қараған кезде іске қатысушы тұлғалар, олардың өкілдері, ал қажет болған жағдайларда куәгерлер, сарапшылар, мамандар, аудармашылар да қатысулары мүмкін.

Істі жабық сот талқылауында қараған кезде сот себебі бар анықтау шығарады.

Заң жасы он алтыға толмаған тұлғалардың, егер де олар істе талап қоюшы, жауап беруші немесе куәгер болмаса сот отырысына қатысуына тыйым салады.

Сот ісінің тіл принципі. ҚР АІЖК-нің 14-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот ісі мемлекеттік тілде, ал қажет болған жағдайларда орыс немесе Республика аумағында тұратын өзге ұлттар тілінде жүргізіледі.

Істі қарар алдында, сотқа берілген талап қою арызының жазылған тіліне қарай сот өзінің анықтауы бойынша сот ісін жүргізудің тілін анықтайды. Бір және сол азаматтық іс бойынша сот ісі ең басында бекітілген сот ісі тілімен жүргізіледі. Сот ісі жүргізіліп жатқан тілді білмейтін немесе жеткіліксіз білетін іске қатысушыларға сот түсіндіреді және оларға аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығымен, мәлімдеу, түсінік пен жауап беру, өтінім беру, шағымдану, істің материалдарымен танысу, сотта ана тілінде не өзге тілде сөйлеу құқығымен қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге сот өзге тілде жазылған іс бойынша қажетті материалдарды, өзге тілде сөйлеген тараптардың сөзін сот процесіне қатысушыларға сот ісі жүріп жатқан тілге тегін аударып берумен қамтамасыз етуі тиіс. Қажет болған жағдайда азаматтық процеске қатысушыларға сот құжаттары олардың ана тіліне не олар білетін өзге тілге аударылып берілуі тиіс.

§ 3. Функционалдық принциптер

Заңдылық принципі. (ҚР АІЖК, 6-бап). Сот мәселелерді қарау мен шешу кезінде материалды және іс жүргізу құқықтарының нормаларын басшылыққа алады. Азаматтық сот ісінде прокурор, істі қарауға қатысушы мемлекеттік өкімет органдары мен жергілікті басқару органдары, сондай-ақ талап етуші, жауап беруші және олардың өкілдері, үшінші тұлғалар, сарапшылар, куәгерлер, аудармашылар мен мамандар іс жүргізу әрекеттері кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің және өзге де құқықтық акт нормаларының талаптарын сақтауға міндетті.

Заңдылық принципін дәл және қол сұқпай сақтау мен дұрыс қолдану азаматтық процестің сот төрешілерінің тәуелсіздігі,

олардын Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңына бағыныштылығы, тараптардың тартыстылығы мен теңдігі, сот талқылауының және ҚР АІЖК-нің өзге де ережелерінің жариялылығы принциптерімен өзара тығыз байланысты.

Егер де сот істі қарап жатқан кезде қолдануға тиісті заңның немесе өзге де құқықтық акті азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығына шек келтіреді деп таныса, онда соттың Конституциялық Кеңеске ұсыныс жасау құқығы Занда қарастыылған. Мұндай жағдайда сот іс бойынша сот ісін тоқтатуы қажет. Конституциялық Кеңестің шешімін алғаннан кейін сот ісі қайта жүргізіледі.

Істі талқылап жатқанда сот мемлекеттік немесе өзге органның нормативті құқықтық актісінің заңға сәйкес келмейтінін немесе олардың заңда қарастырылған өкілеттіктерінен асып кеткенін анықтайтын жағдайлар да болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда сот аса жоғары заңды күші бар құқықтық актіні қолданады.

Құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін құқық нормалары жоқ болған жағдайда сот ұқсас қарым-қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолдануға тиіс, ал мұндай нормалар да жоқ болған кезде сот дауды заңдылық мағынасының жалпы бастамаларын ескере отырып шешуі тиіс.

Егер де заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көрсетілген даулы істі шешу сот тәртібінде қарастырылған болса, мұндай жағдайларда сот бұл мәселелерді объективті, ақылмен, әрі әділ шешуге міндетті.

Диспозитивтік принцип. Диспозитивтік принцип (латын тілінен аударғанда *dispono* – билік етемін дегенді білдіреді) азаматтық іс жүргізу құқығының негізгі принципі болып табылады. Ол ісін туындау, даму және аяқталу механизмін анықтайды. Сондықтан да оны әдетте азаматтық сот ісінің қозғаушы бастамасы деп атайды. Азаматтардың қорғалу жөніндегі сотқа жүгінуі және сот жүзінде қорғау Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында бекітілген, сондықтан да диспозитивтік принцип конституциялық негізге сүйенеді.

Диспозитивтік принцип іске қатысушы, мүдделі тұлғаларға мүмкіндіктер беруден тұрады:

- өз құқықтарын (материалды және іс жүргізу) еркін жүзеге асыру;
- сотта істі қозғауға, дамытуға, тоқтатуға бағытталған іс жүргізу әрекеттерін орындай отырып, өз құқықтарын пайдалану;

– субъективті мүліктік және мүлікке жатпайтын жеке құқықтарын, сондай-ақ заңмен қорғалатын мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау мақсатында өзге де іс жүргізу құралдарын пайдалану.

Диспозитивтік принцип азаматтық сот ісінің барлық сатысында болады және ол нормативті түрде бекітілген.

ҚР АІЖК-нің 8-бабына сәйкес жеке не заңды тұлға өз құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда сот сатыларына жүгінуге құқылары бар. Іс жүргізу заңының бұл ережесі сотта іс қозғауға мүдделі тұлғаларға іс жүргізуді бастау құқығын береді. Осы принципке сәйкес бұл іс жүргізу бастамасының іс жүргізу нәтижесі (бұл жағдайда – азаматтық іс қозғау) тек соттың өкімдік әрекеті – азаматтық іс қозғау туралы қаулы шығарған кезде ғана болады. Сот төрешісі осы іс жүргізу жағдайында іс жүргізу бастамасына құқықтың (талап қою мен арыз беру құқығы) бар-жоғын, сондай-ақ оны жүзеге асырудың тәртіптерін сақтауды тексереді және мүдделі тұлғаға көмектеседі.

Диспозитивтік сондай-ақ іске қатысушы өзге де тұлғалардың құқықтарын да анықтайды. Дауға жеке дара қоятын талаптары бар үшінші бір тұлғалар барлық құқықтарды пайдаланады және талап қоюшының барлық міндеттерін орындайды. (ҚР АІЖК, 52-бап.) Прокурор олар берген арыздан бас тарта немесе оны өзгерте алады (ҚР АІЖК, 55-бап). Диспозитивтік принциптің мазмұны іске қатысушы тұлғалардың өзге құқықтарында бекітілген. Іске қатысушы тұлғалар өздеріне тиісті іс жүргізу құқықтарын өзге тұлғаларға, мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерге зиян келтірмей адал пайдаланулары тиіс.

Диспозитивтік принцип істі сот талқылауына дайындау кезеңінде іске қатысушы тұлғалардың құқықтық ережелеріне аса зор ықпал етеді. Диспозитивтік принципке сәйкес құқықтық дауға қатысушылар сотқа жүгінген жағдайда субъективті материалды құқықты даудың тақырыбы ретінде пайдалануды, сондай-ақ субъективті құқықтарды қорғау бойынша іс-әрекеттің туындауына, дамуына және оны тоқтатуға бағытталған құқықтарды кенінен пайдалану мүмкіндіктерімен қамтамасыз етеді. Өз құқықтарын пайдалану мүмкіндіктерін ескере отырып, іске қатысушы тұлғалар дайындық кезеңінде талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шара қолдану туралы өтініш, арыз бере алады.

Диспозитивтік принципке сәйкес тараптар сот ісінің кез-келген түрінде және процестің кез келген сатысында заңда бекітілген іс жүргізу құқықтарын пайдалана алады:

– іс материалдарымен танысу, олардан үзінді жасау, шешімдердің, анықтаулардың, қаулылардың және істе бар өзге де құжаттардың көшірмелерін алу;

– сот отырыстарына қатысу, өтінімдер мен наразылықтар білдіру және т.б.

Тараптардың құқықтарының ішінде істің алға жылжуына әсер ететін субъективті құқықтар ерекше орын алады. Олар талап қоюдың негізін немесе оның көздегенін өзгертудегі талап етушінің құқығы, талап қою арызының талап мөлшерін ұлғайту немесе азайту не талап қою арызынан бас тарту құқығы. Жауап беруші талап қою арызын толықтай немесе оның бір бөлшегін ғана мойындауға құқылы. Тараптар процестің кез келген сатысында істі бейбіт түрде аяқтай алады, шешімнің, анықтаудың, қаулының орындалуын талап ете алады.

Кассациялық сот ісінде тараптар диспозитивтік принципке сәйкес құқықтардың кең ауқымын пайдалана алады, олардың ішінде ең бастысы істің дамуына ықпал ететін құқықтар болып табылады. ҚР АІЖК 342-бапқа сәйкес кассациялық шағым беруші одан бас тартуға құқылы. Бірақ, бұл бас тартуды егер де ол заңға қайшы келмейтін болса немесе әлдекімнің заңмен қорғалатын құқықтарын не мүдделерін бұзбайтын болса тек кассациялық сот қана қабылдай алады. Сонымен бірге талап етуші талап қою арызынан бас тартуға құқылы, ал екі жақты тараптар кассациялық сот ісінде, яғни кассациялық шағым бергеннен не ұсынғаннан кейін істі бейбіт түрде аяқтауға құқылы (ҚР АІЖК 193-бап).

Тараптардың өкімдік ету әрекеттері еркіндіктерінің шегі бар, яғни ол заңдылық принципінің мүддесі үшін анықталған шектер.

Соттық қадағалау ісінде диспозитивтік принциптің туындауы мен әрекет етуіне де қойылатын бірқатар шектер бар. Бұл істі қайта қараудың аса ерекше түрі болғандықтан заңды күшіне енген шешімдерді қайта қарауға шек қойылады. Берілген іске қатысушы тараптар мен үшінші тұлғалардың қадағалау сот ісін қорғауға құқықтары жоқ. Бірінші сатыдағы сот ісіндегі диспозитивтік принциптің іс-әрекеті бірқатар өкілдіктерде тарап ретінде де, іске қатысушы өзге тұлғалар ретінде де көрінеді.

ҚР АІЖК-нің 158-бабына сәйкес тараптар мен іске қатысушы тұлғалардың арыздары бойынша, сондай-ақ соттын бастамасы бойынша талап етуді қамтамасыз етуге шаралар қолдануы мүмкін, егер де бұл шаралар қолданылмаса сот шешімінің орындалуы қиындауы немесе мүмкін болмауы мүмкін.

Диспозитивтік принциптің негізінде ҚР АІЖК-де процесстен шығушы тарапты оның құқық мұрагерімен ауыстыру тәртібі анықталады.

Болып жатқан процесте өзінің құқығы бұзылды деп есептеген тұлға үшінші тұлға ретінде дауға өзінің жеке талаптарын қоя алады. Ол тараптардың барлық құқықтарын пайдаланады және талап етушінің міндеттеріндей жауап береді. Диспозитивтік принципке сәйкес тараптар мен іске қатысушы тұлғалар іс бойынша сот ісін тоқтатуды, сондай-ақ мән-жайларға байланысты істі қайта бастауды өтіне алады. Мұндай мүмкіндіктер сотта да бар.

Сондықтан да азаматтық сот ісінде диспозитивтік принцип болады және мынадай негізгі бағыттарда ең басты болып табылады:

1) мүдделі тұлғалардың процессті қозғауы мен дамытуымен байланысты құқықтарын жүзеге асыруында (арыз, кассациялық шағым беру және т.б.);

2) процестің өзгеруі бойынша құқықтарды жүзеге асыруда (талап қоюшының келісімі бойынша тиісті емес тараптарды ауыстыру, талап қою негізі мен оның көздегенін өзгерту, талап қою талаптарының мөлшерін ұлғайту немесе азайту және т.б.)

3) процес аяқталғаннан кейін құқықтардың жүзеге асуында (талап қою арызынан бас тарту, мәжбүрлеп орындаудан, бейбіт келісімнен бас тарту).

Тараптардың тартыстық және теңдік принципі. ҚР АІЖК-нің 15-бабы екі іс жүргізушілік принципіне түсінік беріп, олардың мазмұнын ашады: азаматтық процестегі тартыстық пен теңдік принципі.

Тартыстық принципі мүдделі тараптардың іс нәтижесінде дәлелдемелерді ұсыну арқылы материалдарды өз пайдаларына құру, өзге тұлғалар ұсынған дәлелдемелерді зерттеуге белсене қатысу, бұзылған не жоққа шығарылған құқықтардың мәніне нұқсан келтірген өзге барлық сұрақтар бойынша өз пікірлерін айту, сот отырысында дауға деген өз көзқарасын негіздеу және қорғаудың тәртіптерін бекітеді.

Тартыстық принципінің мәні азаматтық процестің істі қозғау сатысынан баскасының барлығын қамтиды және әртүрлі дәлелдемелер арқылы өз ісінің растығына сотты сендіруінен, өз мүдделерін қорғай отырып, тараптардың сот алдында тартысуынан тұрады.

Азаматтық сот ісінің барысында тараптар өз ұстанымдарын, оны қорғаудың тәсілдері мен құралдарын өз беттерінше және соттан, өзге органдар мен тұлғалардан тәуелсіз тандайды, яғни тартыстық кезінде дәлелдеу уақыты тараптарға жүктеледі және жалпы ережелер бойынша соттан дәлелдемелер жинау міндеті алынады.

Тараптардың дәлелденген өтінімдерімен бірге сот оларға дәлелдемелер жинауға және өз құқықтарын жүзеге асыруда істің мән-жайларын толықтай және дұрыс шешілуіне қажетті жағдайларды туғызуға көмектесе алады. Сот іске қатысушы тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндірумен бірге оларға іс жүргізу әрекеттерін жасау не жасамаудың салдарлары туралы ескертеді. Сот іске және тараптарға маңызы бар дәлелдеуі тиіс мән-жайлардың тізімін анықтауға, егер де істі сараптамасыз шешу мүмкін болмаса, өз бастамасы бойынша оларды сараптамаға жіберуге құқылы. Бұл ретте процестің тараптарына көмектесе отырып, сот барлық тараптарға бірдей әділ, тура, тең және құрметпен қарауы тиіс. Сот өзінің іс жүргізу шешімдерін тек зерттеулерінде тараптардың әрқайсының қатысуы қамтамасыз етілген дәлелдемелерді ғана негізге алады.

Тараптардың теңдік принципі (ҚР АІЖК, 15-бап). Бұл принциптің мәні процеске қатысушыларға іс жүргізу заңымен бірдей тең заңды мүмкіндіктерді бекітуден, өздерінің субъективті құқықтарын сақтап, қорғаудан тұрады. Тараптардың іс жүргізудегі теңдік принципі — бұл экономикалық және құқықтық мүмкіндіктеріне қарамастан азаматтық құқықтық қарым-қатынастар субъектілерінің тепе-теңдігіне сәйкес тәртіп. Сот ісінде тараптардың іс жүргізушілік құқықтары бірдей және бірдей тең іс жүргізушілік міндеттерді орындайды.

Бұл принциптің мазмұны төмендегідей:

Үсотқа жүгінуде талап етуші мен жауап берушінің тепе-теңдігі. Мысалы, егер де талап етуші арыз беретін болса, онда жауап беруші оған қарсы талап қоя алады. Талап беруші іс қозғаған кезде, талап қою арызының көшірмесі міндетті түрде жауап беруші беріледі.

2) сотта өз құқықтарын қорғаудағы тараптардың мүмкіндіктері тепе-тең. Мысалы, талап етуші арызынан бас тартуға, ал жауап беруші талаптарды мойындамауға құқылы.

3) Егер де жауап беруші талаптарды мойындап, ал талап етуші арызынан бас тарта алатын жағдайда тараптардың бейбіт келісім жасауға тең құқықтары бар. Сот шешімдеріне апелляциялық не кассациялық шағым беруде, сот алдында өтінім жазауда талап етуші мен жауап берушінің құқықтары тең.

Тәуелсіздік принципі (ҚР АІЖК-нің 177-бабының 1-бөлігі). Тәуелсіздік принципі — бұл соттың жеке өзі, делдалсыз тікелей іс бойынша дәлелдемелерді қабылдау және тек сотта тексерілген және зерттелген, алғашқы дерек көздерінен алынған дәлелдемелерге ғана сот шешімдерін шығару міндеттерінен тұратын істі сот жүзінде талқылау. Сонымен бірге дәлелдемелерді зерттеуде құжаттардың куәландырылған көшірмелерін, немесе олардың үзінділерін пайдалануға заң жүзінде рұқсат етіледі. Көшірмелер күмән тудырған жағдайда сот құжаттардың түпнұсқаларын сұрауға, сарапшылардың қортындыларын алуға құқылы.

Сот дәлелдемелерді істегі тура, жан-жақты және толықтай зерттелген дәлелдемелерге негізделген тікелей өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайтындықтан, ҚР АІЖК-нің 177-бабына сәйкес сотқа істі қарау кезінде мынадай міндеттер жеке жүктеледі:

- іс бойынша дәлелдемелерді зерттеу;
 - тараптардың, істің өзге қатысушыларының түсініктемелерін тыңдау;
 - куәгерлердің жауаптарын, сарапшылардың, мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару органдарының қортындыларын тыңдау;
 - іске қатысы бар барлық құжаттармен танысу;
 - ұсынылған заттай дәлелдемелерді қарау;
 - ұнтаспаларды тыңдау, бейнематериалдарды, кино-сурет материалдарын көру;
 - ақпараттарды туғызатын өзге құралдардың материалдарымен танысу. Қажет болған жағдайда іс бойынша дәлелдемелерді зерттеу кезінде сот маманның кеңесін және түсінігін тыңдайды.
- Істі қарау процесінде сот төрешісін ауыстырған жағдайда, сот төрешісінің дәлелдемелерді процестің басынан бастап жеке қабылдауының және шешім қабылдағанға дейінгі дәлелдемелермен жұмыс істеуінің тәуелсіздік принципі бұзылатындықтан, талқылауды қайтадан басынан бастау керек.

Сот талқылауының ауызшалық принципі. ҚР АІЖК-нің 177-бабы 2-бөлігіне сәйкес соттағы істі талқылау ауызша өтеді. Сот төрешісі, тараптар, процестің өзге қатысушылары әдетте іс жүргізу әрекеттерін ауызша жүргізеді. Сот отырысы ауызша жүргізіледі. Бұл жалпы тәртіп сот талқылауын өткізу тәртібін реттейтін заңда (ҚР АІЖК) нақтыланған:

– сотқа төрелік етушінің отырысты ауызша ашуы және қарауға тиісті істі хабарлауы (ҚР АІЖК-нің 180-бабы);

– сот процесіне қатысушылардың келу туралы сот хатшысының баяндамасы (ҚР АІЖК-нің 181-бабы);

– аудармашыға оның міндеттерін түсіндіру (ҚР АІЖК-нің 182-бабы);

– сот құрамын хабарлау (ҚР АІЖК-нің 184-бабы);

– іске қатысушы тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру (ҚР АІЖК-нің 185-бабы);

– өтінімдер бойынша тұлғалардың пікірлерін тыңдау (ҚР АІЖК-нің 186-бабы);

– іске қатысушы тұлғалардың істі куәгердің, сарапшының немесе маманның қатысуынсыз қарау мүмкіндіктері туралы пікірлерін тыңдау (ҚР АІЖК-нің 188-бабы);

– істі талқылауды кейінге қалдыру туралы келген қатысушыларға сенімхатпен хабарлау (ҚР АІЖК-нің 189-бабы);

Бірінші сотта, апелляциялық және қадағалау сатыларында іс жүргізу әрекеттерін жүргізудің ауызша түрі туралы 190–200, 205–216, 232, 351, 354, 356, 398-баптарда және ҚР АІЖК-нің өзге де баптарында айтылған.

Соттардың іске қатысушылармен ауызша сөйлесу түрі, олардың өзара жеке сөйлесуі, сот отырысындағы барлық сұрақтар мен жауаптарды естіп қабылдауы тартыстық принципінің тиімділігін арттырады, сот үшін және істің барысына мүдделі адамдарға тараптардың пікірталастарын сенімді етеді, соттың анықтауларын, қаулылары мен шешімдерін жариялауды қатысушыларға түсінікті етеді, процестің ауызша өтуі азаматтық сот ісінде адамдарға құқықтары мен бостандықтарын сот жүзінде қорғауға қол жеткілікті етеді, негізделген сот шешімін шығаруды жеңілдетеді.

Соттағы сот ісі жазбаша түрде жазылған іс жүргізу құжаттарының өзге де өтуі мүмкін емес. Жазбаша түрде жазылатын құжаттарға мыналар жатады: шакырулар, соттағы келу туралы хабарлама, талап қою арызы, тараптардың түсініктемелері мен өтінімдері, сарапшының қорытындысы, жазбаша дәлелдемелер

(келісімдер, колхаттар, ведомстар және т.б.), соттардың анықтаулары, қаулылары мен шешімдері, сот іс-әрекеттерінің хаттамалары мен сот отырысының хаттамасы, прокурордың наразылығы мен ұсыныстары, апелляциялық, кассациялық және қадағалау шағымдары, сондай-ақ бейбіт келісімдер жазбаша түрде жүргізіледі.

Кейбір іс жүргізу әрекеттері сот ісінде ауызша және жазбаша түрлердің араласуымен өткізіледі. Мысалы, талап етушінің талап қою арызы, жауап берушінің қарсылығы немесе қарсы талап қою арызы, тараптардың өтінімдері жазбаша түрде беріледі, бірақ та сотта оны сот төрешілері айтады. Жазбаша дәлелдемелер (қарыз келісімі, қарыз қолхаты, сарапшылық қортындысы және т.б.) сот отырысында есепке алынады. Сотта істі талқылау ауызша өткізіледі, бірақ та процеске қатысушылардың сөздері, сұрақтары мен жауаптары сот отырысының хаттамасына жазылады. Сот шешімдері жазбаша түрде жазылады да, ауызша жарияланады. Тұтастай алғанда азаматтық іс тігінделіп, нөмірленіп, тіркеліп, мұражайда сақталатын жазбаша түрде жазылған іс жүргізу құжаттарынан (жазылған парақтардан) тұратындығын айта кету керек.

3-т а р а у. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

§ 1. Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастар ұғымы және олардың белгілері

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастар азаматтық істер бойынша әділ сотты жүзеге асыру барысында сот пен процеске қатысушы тұлғалардың арасында талап қою арызын қабылдаған сәттен бастап, істі талқылау, оған соттың шешім шығаруы және оның орындалу процесінде туындайды. Азаматтар мен ұйымдардың сотпен түрлі қарым-қатынасқа түсуі теорияда азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қарым-қатынастар деп аталатын құқықтық қарым-қатынастарды туғызатын азаматтық іс жүргізу құқықтарының нормаларымен реттеледі.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастардың мынадай белгілері болады:

— құқықтық сипатқа ие, азаматтық іс жүргізу құқығының нормалары негізінде туындайды және нақты іс бойынша аза-

маттық іс жүргізушілік қарым-қатынастарының туындауының алғы шарты болып табылады;

– қарым-қатынастар нақты субъектілердің (талап етуші, прокурор, куәгер және т.б.) еркі мен бастамасы бойынша жеке және саналы түрде туындайтын еркіндік сипатқа ие;

– сот азаматтық істің басты және міндетті қатысушысы болып табылады. Сот болмаған кезде (соттың қатысуынсыз) сот ісіне қатысушылардың арасында іс жүргізушілік құқықтық қарым-қатынастар болмайды;

– өктем (императивтік) сипатқа ие. Іс жүргізушілік қарым-қатынас субъектілері тең құқылы емес, сот мемлекеттік орган ретінде құқықтық қарым-қатынастың өзге қатысушыларына (талап қоюшыға, жауап берушіге, куәгерге және т.б) өктем түрде өкілдік етеді;

– азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастардың субъектілері (азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет және оның органдары) мен олардың құқықтары мен міндеттерінің өзара байланысы кең;

– материалды және материалды емес игіліктер (заттар, құндылықтар, жұмыс, қызметтер, ақпарат, ақыл-ой қызметі, материалды емес игілік) бойынша дауларды талқылау мен шешумен байланысты туындаған азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қарым-қатынас объектілерінің көптігімен даулар құқық қолданушы сипатқа ие.

– азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастар азаматтық іс жүргізу, азаматтық, әкімшілік, еңбек, салық және т.б құқық нормаларын қолдану мен іске асырудың құралы болып табылады.

– азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастар жүйелі түрде саты-сатымен іске асырылады және жүйелі сипатқа ие.

§ 2. Азаматтық істі жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастардың туындауының алғы шарттары

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастардың тууының алғы шарттарына мыналар жатады:

– азаматтық іс жүргізу құқық нормалары;

– заңды деректер;

– азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынасқа қатысушылардың құқық субъектілігі (құқық қабілеттілігі мен өрекетке қабілеттілігі).

Азаматтық іс жүргізудегі құқық нормалары азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қарым-қатынастардың туындауының ең басты, маңызды алғы шарттары болып табылады. Құқық нормалары — бұл мемлекеттің мәжбүрлеу күшін бұздан қорғайтын индивидтің жалпыға бірдей міндетті формальды түрде анықталған тәртіп ережелері екендігі белгілі. Азаматтық іс жүргізудегі құқық нормалары процеске қатысушылардың істі сот жүзінде талқылау барысында туындаған қарым-қатынастарын, олардың құқықтары мен міндеттерін реттейді. Бұл ретте іс жүргізу нормалары процеске қатысушылардың (сот пен тараптар, талап етуші мен жауап беруші, прокурор мен сот, сот пен өзге қатысушылар және т.б. арасындағы) аса ерекше қарым-қатынастарын реттейді.

Құқықтың өзге салаларының нормаларына тән азаматтық іс жүргізу нормаларының да жалпы белгілері бар. Бұл — нормаларды тек мемлекеттің қабылдауы; олардың жалпы міндеттері, жалпы сипат тек азаматтық істерді қарау кезінде қолданылады; сот процесін дер кезінде өткізу мен сот шешімдерін дұрыс шығаруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік мәжбүрлеуді қолданудың ерекшелігі. Сонымен бірге іс жүргізу нормалары сот ісіне қатысушылардың тиісті тәртіптерінің ережелерін реттейді.

Азаматтық іс жүргізудегі құқық нормаларын тиімді пайдалану мақсатында олар сот ісі дамуының жүйелілігін қатаң сақтай отырып, іс жүргізу институттарына (бөлімдер, бөлімшелер, тарауларға) біріккен.

Занды дерек — бұл тұрмыстың мән-жайлары негізі болып табылатын азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен реттелген азаматтық құқықтық қарым-қатынастардың туындауы, оны өзгерту мен тоқтату. Егер де, туындаған заңды деректер өзге тұлғалардың мүдделерін, қандай да бір материалды немесе материалды емес құқықтық қарым-қатынастарды қозғамайтын болса, онда мұндай жағдайларда азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастар болмайды. Заңды мәні бар деректердің бар-жоғын анықтау құқығы тек сот қана берілгендіктен олар тікелей сот пен процеске қатысушылар арасында туындайды. Мысалы, азаматты белгісіз жоғалған деп тану үшін, осы деректі анықтау үшін және келешекте өзін белгісіз жоғалған адамның мүлкіне құқық мұрагері деп тануы сотқа жүгінуі қажет. Заңды деректі анықтаудағы соттың іс-әрекеті жазбаша түрде көрсетіледі.

Сондықтан да азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастар – бұл процеске қатысушылар мен сот арасындағы азаматтық дауларды қарау мен ол бойыша шешім қабылдауға байланысты азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен реттелген қатынастар.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастарға қатысушылардың құқық субъектілігі. Заң әдебиеттерінде құқық субъектілігі құқық қабілеттілігі мен іс-әрекетке қабілеттіліктің біріккен жалпы түсінігі дегенді білдіреді. Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастардың туындауының ең маңызды қажетті шартына азаматтық іс жүргізушілікке құқық қабілеттілігі жатады. Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін сот жүзінде қорғауға құқықтары бар барлық азаматтар мен ұйымдар азаматтық іс жүргізу құқығына қабілетті деп тең түрде танылады (ҚР АІЖК-нің 45-бабы).

Азаматтық іс жүргізуге құқық қабілеттілігі – бұл азаматтық сот ісі субъектісінің іс жүргізу құқығы мен міндеттеріне заңды түрде ие болу мүмкіндігі. (ҚР АІЖК-нің 45-бабы). Ол азаматтарды дүниеге келген сәтінен бастап туындайды да, өлген кезінде жойылады, ал заңды тұлғаларда оны құрған және тіркелген сәтінен басталып, тараған кезінде тоқтатылады.

Азаматтық іс жүргізуге құқық қабілеттілігіне азаматтар мен заңды тұлғалар ие. Азаматтық сот ісінен қатысушылардың құқық қабілеттіліктерін ҚР АІЖК және олардың максаттары мен міндеттерін анықтайтын сәйкес заң актілері (прокуратура, адвокатура туралы заң және т.б.) анықтайды.

Азаматтық іс жүргізуге құқық қабілеттілігі тұлғаның материалдық құқықтағы құқық қабілеттілігімен байланысты. Ол тек тұлға құқықтарын іс жүргізумен қорғау мүмкіндіктері ғана болып табылады. Жеке іс-әрекеттермен іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыру мен іс жүргізу міндеттерін орындау үшін тұлға іс жүргізу әрекетіне қабілетті болуы тиіс.

Азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеттік – тұлғаның өз әрекеттері арқылы іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыра алуы, іс жүргізу міндеттерін орындауы және өз өкіліне соттағы істі жүргізуді тапсыруы (ҚР АІЖК-нің 16-бабының 1-бөлігі). Заңды тұлғалардың азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеттіктері толықтай қажетті құжаттарды әділет органдарында тіркеген сәттен бастап, кей жағдайларда белгілі бір қызметті жүзеге асыруға лицензия алған сәттен бастап туындайды.

Азаматтардың азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеттіктері толықтай жалпы тәртіп бойынша жасы 18-ге толғандарға тиесілі. Занды тұлғалардың азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеттіліктерінің туындауы азаматтық іс жүргізу құқығының туындауына сәйкес келеді. Занда азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеттіктің мынадай түрлері белгіленген:

1. *Толық түрдегі іс-әрекетке қабілеттілік.* Жалпы тәртіп бойынша ол кәмелетке толған сәттен басталады.

Дегенмен де кей жағдайларда іс-әрекетке толық қабілеттілік бұдан бұрынырақ та басталуы мүмкін, 18 жасқа дейін некеге отыру заң актілерімен рұқсат етілген кей жағдайларда.

2. *Іс-әрекетке жартылай қабілеттік.* Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамның іс-әрекетке жартылай қабілеттігі. АҚ-тің 22-бабына сәйкес 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелеттік жасқа толмағандар ата-аналарының, асырап алушыларының немесе қамқорлыққа алушыларының келісімдерімен келісімшарттар жасайды. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұл жаста ата-аналары немесе олардың соттағы өзге өкілдері қорғайды. Кәмелетке толмағандардың мүдделерін сотта ата-аналары немесе олардың заңды өкілдері қорғайтындарына қарамастан сот кәмелетке толмағандардың немесе іс-әрекеттерге қабілеттері шектеулі азаматтардың өздерін іске қатысуға тартуға міндетті. (ҚР АІЖК, 46-бап, 2-бөлік).

3. *Іс-әрекетке шектеулі қабілеттік.* Сот шешімі бойынша азаматтың (кәмелетке толған) іс-әрекетке қабілеттігі шектеулі болуы мүмкін. Тұлғаның іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп тану негізіне отбасын ауыр материалдық жағдайға қалдырған ішімдікке немесе есірткіге салыну жатады. Іс-әрекетке қабілеттігі шектеулі тұлғалар соттағы өз істерін, Қазақстан Республиканың АҚ-нің 27-бапта қарастырылған жағдайлардан (табысын, зейнетақысын және өзге де кірістерін пайдалану) басқасын өздері жүргізе алулары мүмкін.

Азаматтық, отбасылық, еңбек, кооперативтік, әкімшілік және өзге құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер бойынша 14-жастан 18-жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар сотта өз құқықтары мен заңды мүдделерін өздері қорғауға құқылы жағдайлар заңмен қарастырылған. Дегенмен де мұндай істерге кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін қатыстыруға тарту (ҚР АІЖК, 46-бап, 4-бөлік) сотқа байланысты болуы жиі емес.

4. *Іс-әрекетке қабілетсіз тұлғалар*. Психикалық аурулардың немесе ақыл-естің әлсіздік салдарынан өз іс-әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе оны басқара алмайтын және соның салдарынан оған қамқоршы бекітілген азаматтар іс-әрекетке қабілетсіз деп саналады. Іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта олардың заңды өкілдері қорғайды (ҚР АІЖК, 46-бап, 3-бөлік).

§ 3. Азаматтық істі жүргізудегі құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастардың субъектілеріне нақты азаматтық істерді қарау мен шешу бойынша сот процесіне қатысушы тұлғалар жатады. Азаматтық іс жүргізудегі қатынастардың қатысушылары ретіндегі субъектілердің құқықтары мен міндеттері заңмен реттелген. ҚР АІЖК-нің 44-бабында іске қатысушы тұлғаларға мынадай тараптар жатады делінген: дауға жеке талаптар қоюшы үшінші тұлғалар; дауға жеке талаптар қоймайтын үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары; процеске ҚР АІЖК-нің 56 және 57-баптарында қарастырылған негіздер бойынша қатысқан ұйымдар немесе жеке азаматтар; соттың аса ерекше сот ісі тәртібінде қарастырып отырған істері бойынша арыз берушілер мен өзге де мүдделі адамдар (ҚР АІЖК, 289-бап).

Заң әдебиеттерінде кейбір авторлар азаматтық іс жүргізудегі қатынас субъектілерін мынадай үш негізгі топтарға бөледі: 1) сот; 2) іске қатысушы тұлғалар; 3) әділ соттың жүзеге асуына ықпал ететін тұлғалар.

Азаматтық іс жүргізудегі қатынас субъектілерінің бірінші тобына аудандық соттар, сондай-ақ облыстық соттар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, олардың апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларының соттары. Сот (сот төрешісі) – бұл мемлекеттік өкіметтің органы, негізгі, міндетті субъект. Әділсот пен сот ісінің органы ретінде сот болмаған кезде және оның қатысуынсыз азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастардың болуы мүмкін емес, онсыз істі талқылау да мүмкін емес.

Дегенмен де сот тек төмендегі шарттарды сақтаған жағдайларда іс жүргізушілік құқықтық қатынастардың субъектісі бола алуы мүмкін:

– егер де сот талкылауында заңды түрде тағайындалған сот төрешілері қатысатын болса.

– талап етушінің немесе жауап берушінің қарсылығына негіз болып табылатын істің нәтижесіне жеке және өзге мүддесі болмаған кезде;

1. Сот сот ісінің негізгі, басты қатысушысы бола отырып, іс жүргізу қатынастарын мынадай принциптер бойынша құрады: сот – талап етуші, сот – жауап беруші, сот – прокурор, сот – куәгер, сот – талап етушінің немесе жауап берушінің өкілі, сот – сарапшы және т.б.

2. Іске қатысушы тұлғалардың іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастары заңмен анықталған (ҚР АІЖК, 5-бөлім). Бұл топқа мынадай субъектілер жатады:

– жоққа шығарылған, бұзылған материалдық құқықтармен байланысты және заңды (материалды-құқықтық немесе құқықтық не іс жүргізушілік) мүдделері бар тұлғалар. Оларға мыналар жатады: тараптар (талап етуші және жауап беруші), үшінші тұлғалар (дауға өз алдарына жеке талаптар қоюшы немесе талап қоймайтын), прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар (ҚР АІЖК-нің 44, 56, 57-баптары) және соттың аса ерекше сот ісі тәртібімен қарап жатқан істеріне мүдделі өзге тұлғалар (ҚР АІЖК, 289-бап).

– заңды іс жүргізуге көмектесетін тұлғалар. Бұлар – қорғаушылар, іске қатысушы тұлғалардың заңды өкілдері.

3. Азаматтық іс жүргізу қатынастары субъектілерінің үшінші тобын процеске қатысушы және әділ сот орнатуға көмек көрсетуші тұлғалар (куәгерлер, аудармашылар, сарапшылар, мамандар) құрайды.

Кейбір авторлар сот отырысы залында отыратын тұлғаларды да (туыскандар, жақындар, таныстар, іс барысында талап етушіге немесе жауап берушіге ниет білдірушілер, журналистер және өзге де азаматтар) азаматтық іс жүргізушілік қатынастар субъектілеріне жатқызады.

Азаматтық іс жүргізу құқығы теориясында іс жүргізушілік қатынастардың жалпы және арнайы объектісі болады.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастардың жалпы объектісіне барлық азаматтық істер үшін істің сипаты мен түріне қарамастан даудың материалдық көрінісі, істегі тараптардың мүддесі, яғни соттың қорғауға, талкылауға және шешуге тиісті

сол дауы жатады. Бірақ процесте «сот – талап етуші», «сот – куәгер» және басқа да көптеген қарапайым құқықтық қатынастар туындайтындықтан, әрбір нақты құқықтық қарым-қатынастың объектісіне қол жеткізген нәтиже жатады. «Сот-сарапшы» қарым-қатынасының объектісіне сараптама жүргізудің нәтижесінде алынған нәтижелер жатады.

Іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастардың арнайы объектісі – бұл белгілі бір іс жүргізушілік құқықтық қарым-қатынасты жүзеге асыру барысында алынған нәтиже. Мысалы, куәгерден маңызды айғақтық мәні бар мәліметтер алумен байланысты сот пен куәгердің арасында туындаған құқықтық қарым-қатынастар. Өзге жағдайда арыздағы қойылатын талап пен оның негіздігі туралы іс бойынша түсініктеме алумен байланысты сот пен талап етушінің арасында туындаған іс жүргізушілік құқықтық қарым-қатынастар. Сот пен сарапшы арасындағы іс жүргізушілік құқықтық қарым-қатынастардың объектісіне арнайы білімге негізделген іс үшін маңызды жана деректер туралы қорытынды да жатады.

4-т а р а у. ІСКЕ ҚАТЫСУШЫ ТҮЛҒАЛАР

§ 1. Іске қатысушы тұлғалардың құрамы

ҚР АІЖК-нің 44-бабына сәйкес іске қатысушы тұлғалар деп мына тараптар танылады: дауға өзіндік талап қоятын үшінші тұлғалар; дауға өзіндік талап қоймайтын үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ҚР АІЖК-нің 56 және 56-баптарындағы негіздер бойынша процеске қатысатын ұйымдар мен жеке азаматтар; соттың аса ерекше сот ісі тәртібімен қарап жатқан істері бойынша мәлімдеушілер мен өзге де мүдделі тұлғалар (ҚР АІЖК, 289-бап).

Сонымен бірге азаматтық сот ісіне куәгерлер, сарапшылар, мамандар, аудармашылар, сот өкілдері қатысады. Іске қатысушы тұлғаға сонымен бірге сот төрешісі (сот) жатады. Процесс субъектілерінің қайсыбірін іске қатысушы тұлғаларға жатқызудың негізгі, ерекше белгісіне істің барысына заңды мүдденің бары жатады. Заңды мүдделілік – бұл іске қатысушы тұлғаның заңға негізделген сотта істі талқылау мен шешумен байланысты құқықтық нәтижесі.

ҚР АІЖК-нің 8-бабы әрбір мүдделі адамға бұзылған немесе жокқа шығарылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін азаматтық заңмен бекітілген тәртіпте сотқа жүгінуге кепілдік береді.

ҚР АІЖК-нің осы 8-бабында құқықтарды және өзге тұлғалардың немесе белгісіз тұлғалар тобының мүдделерін қорғау жөнінде сотқа арыз жазуға құқылы мемлекеттік органдар, прокурор және азаматтар туралы айтылған.

Осыған байланысты тұлғаның азаматтық процеске қатысу мақсатына қарай, тұлғалардың мүдделерінің түрлі сипаттарын ескере отырып, соттын талқылауға және шешуге құқы бар арыз бойынша жеке мүдде, субъективті мүдде және мемлекеттік, қоғамдық мүдделерге бөледі.

Жеке мүдде дегеніміз (өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғаушы тұлғалар үшін) іске қатысушы тұлға үшін сот шығарған шешімнің нәтижесі.

Істегі мемлекеттік және қоғамдық мүдде мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, өзге тұлғалардың (азаматтар мен ұйымдар) құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін іске қатысушы ұйымдар мен азаматтардың іске қатысуға негізі болып табылады. Процеске қатысушылар (тараптар мен үшінші тұлғалардың) істі шешу нәтижесінде тараптардың бірі қандай да бір мүліктік (материалды) немесе мүліктік емес (материалды емес) игіліктерге ие болатыны немесе одан айрылатыны белгілі болатын істегі сот шешіміне нақты мүдделі болады.

Мысалы, талап етуші үшін іс жүргізу процесі талапты қанағаттандыру туралы сот шешімін, жауап беруші үшін – талап ету арызынан бас тарту туралы шешімін, ал прокурор үшін заңды, негізделген сот шешімін күтуден тұрады.

Сот шешімдері тұлғалардың тікелей жеке мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттеріне әсер ететіндіктен істе тікелей мүддесі бар топтарға талап қоюшы, жауап беруші, дауға өзіндік талап қоятын үшінші тұлғалар жатады.

Сот шешімі мұндай тұлғаның құқығы мен міндетіне әсер етпейтіндіктен, бірақ дегенмен де ол негізгі талап арызы бойынша шешімнің қарама-қарсы болмауына мүдделі болғандықтан, дауға өзіндік талаптар қоймайтын үшінші тұлғалардың мүдделері жанама сипатқа ие.

Сонымен бірге сотта істі қарау кезінде тараптардың не прокурордың, не мемлекеттік органдардың істе қандай да бір мате-

риалды мүддесі болмайды. Аты аталған органдардың мүдделері заңды сипатқа ие, олардың сотта жақтайтын жалпы мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделері болып табылады.

Азаматтық процестің қалған субъектілерінен іске тікелей қатысушы тұлғаларды бөлектеуге мүмкіндік беретін тараптардың негізгі міндетті белгісіне жеке мүдде, мемлекеттік немесе қоғамдық мүдде жатады.

Сондықтан да талап етуші, жауап беруші, үшінші тұлғалар мен аса ерекше сот ісі және бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын істер бойынша арыз берушілер істің барысында өзінің жеке, нақты және заңды мүдделері бар тұлғаларға жатады.

§ 2. Іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

Іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері ҚР АІЖК 47-бабында регламенттелген. Тараптардың барлық іс жүргізушілік құқықтары мен міндеттерін шартты түрде істе заңды мүдделері бар, азаматтық іс жүргізушілік қарым-қатынастардың барлық қатысушыларына (іске қатысушы тұлғаларға) тән жалпы және азаматтық сот ісінің тараптары ғана ие болуға қабілетті арнайы деп бөлуге болады. Тараптардың жалпы іс жүргізушілік құқықтарына мыналар жатады:

- іс материалдарымен танысу және олардан үзінділер жасау, сондай-ақ көшірмелерін алу құқығы;
- істі өкіл арқылы жүргізу, сот төрешілеріне, прокурорға, сот отырысының хатшысына, сарапшыға, маманға, аудармашыға, сот жасауылы-орындаушысына қарсылықтарын мәлімдеу;
- дәлелдемелерді ұсыну және оларды зерттеуге қатысу;
- іске қатысушы тұлғаларға, сондай-ақ куәгерлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қою;
- іс бойынша ауызша және жазбаша түсініктемелер беру;
- сотқа сот ісінің жеке сауалдары ретінде де, істің тұтастай мәні ретінде де өз тұжырымдары мен ой-пікірлерін айтуға;
- іске қатысушы өзге тұлғалардың өтінімдеріне, тұжырымдары мен ой-пікірлеріне қарсылық білдіру;
- сот актілерін бекітілген заң тәртібімен жокқа шығару. Іске қатысушы тұлғалардың құқықтық мәртебесі бойынша, істің барысына олардың мүдделерін есепке ала отырып, азаматтық іс жүргізу заңдылығында олардың құқықтары кеңінен бекітілген.

ҚР АІЖК-нің 47-бабына сәйкес іске қатысушы тұлғалардың мынадай құқықтары бар:

– іс материалдарымен танысу және олардан үзінділер жасау, сондай-ақ көшірмелерін алу, қарсылықтарын мәлімдеу, дәлелдемелерді ұсыну және оларды зерттеуге қатысу, іске қатысушы тұлғаларға, сондай-ақ куәгерлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қою, өтінімдер беруге, сонымен бірге дәлелдемелерді талап етуге;

– сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беру;

– сот талқылауы барысында туындаған барлық мәселелер бойынша өз тұжырымдарын жасау, іске қатысушы өзге тұлғалардың өтінімдері мен тұжырымдарына қатысты қарсылық білдіру;

– сот қаулыларына шағымдану және азаматтық сот ісі туралы заңдылықтардағы өзге іс жүргізу құқықтарын пайдалану.

Ең алдымен ҚР АІЖК 47-бабының 1-бөлімінде берілген іске қатысушы тұлғалардың құқықтарының тізімі тартыстық принципті көрсететіндігін еске сала кетеміз.

ҚР АІЖК-нің 47-бабында іске қатысушы тұлғаларға заңды түрде шешімге, ал қарастырылған жағдайларда сот анықтауларына да шағымдануға болатындығын білдіретін диспозитивтік принцип те көрініс табады. Бұл процестің екінші сатыға өтуі іске қатысушы тұлғалардың еріктеріне байланысты екендігін білдіреді.

Жоғарыда айтып кеткендей іске қатысушы тұлғалардың жалпы іс жүргізу құқықтары мен міндеттерінен басқа тек өздеріне ғана тән арнайы іс жүргізу құқықтары мен міндеттері болады.

Тараптардың арнайы сипаттағы іс жүргізу құқықтарына мыналар жатады:

– талап қою, шағымдану немесе арыз жазумен сотқа жүгіну, қарсы талап қою құқығы;

– бір талап қою арызында бір-бірімен байланысты бірнеше талаптарды біріктіру, істі қарайтын сотты тандау құқығы;

– мемлекеттің кірісіне, сот шығындарына кететін төлемдерді төлеуден босату, төлеу мерзімін кейінге қалдыру, бөліп төлеу немесе оның мөлшерін азайту құқығы;

– талап қою арыздарының көшірмелерін, сонымен бірге қарсы талап қою арыздарының, шағымдар мен арыздардың көшірмелерін алу, сондай-ақ талапты қамтамасыз ету, қойылған талаптан бас тарту құқығы;

– талапты өзгерту, бейбіт келісімге келу құқығы;

- талапты мойындау құқығы;
- орындау процесін қозғау, сот актісінің орындалу мерзімін кейінге қалдыру немесе бөліп өтеу, сондай-ақ оны орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту құқығы;
- өндіріп алушыға беру туралы орындау құжатын орындау кезінде төлеуден бас тарту, сондай-ақ қарыз адамнан алынған заттарды алудан бас тарту құқығы;
- өндіріп алу жүргізілмеген немесе жартылай жүргізілген орындалу құжатын қайтарып алу құқығы.

Тараптардың кейбір арнайы құқықтарын қарастырып көрелік. Тараптардың істі қарайтын сотты таңдау құқығын азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен қарастырылған жағдайларда нақты заңды істің әділсоттылығын анықтауға олардың құқысы бар деп түсіну керек. Қолданыстағы азаматтық іс жүргізу заңдылықтары бойынша мұндай құқықтарға мыналар ие бола алады:

- балама әділсоттылық жағдайларында (ҚР АІЖК, 32-бап) немесе іс байланыстары бойынша әділсоттылық (ҚР АІЖК, 35-бап, 1-бөлік) тек талап етуші ғана;

- тұрғылықты жері бұрын белгісіз болған жағдайда жауап беруші (ҚР АІЖК 32-бап, 2-бөлік, 1-тармақ);

- талап етуші мен жауап беруші өзара келісе отырып, нақты істің аумақтық әділсоттылығын өзгерте алады. Өңгіме келісілген әділсоттылық туралы болып отыр. (ҚР АІЖК, 34-бап).

Талап етушінің талап ету арызынан бас тартуы бұзылған немесе жокқа шығарылған құқықты не заңмен қорғалатын мүддені сот жүзінде қорғау түрінен бас тартуын білдіреді. Бұл құқық басқарушы сипатқа ие, өйткені бас тартушы талап етуші болған жағдайда іс бойынша бұл бас тарту заңға қайшы келмейді және өзге тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайды деген шартпен ғана сот ісін тоқтатуға тура келеді. (ҚР АІЖК, 49-бап, 1-бөлік, 193-бап, 3-бөлік, 24-бап, 342-бап).

Талап етуші арызынан бас тарту процесінде заң шығарушы бұл бас тартудың себептері мен салдарына аса көңіл бөледі. Талап етуші арызынан бас тарта отырып, дәл осындай талаппен қайта сотқа жүгіну құқығынан айырылатын болғандықтан, сот немесе сот төрешісі іс бойынша сот ісін тоқтатпастан бұрын талап етушінің арызынан бас тарту себебі бойынша оған мұндай бас тартудың немен тынатынын түсіндіруге міндетті.

Тараптардың келесі арнайы құқығына жауап берушінің талапты мойындауы жатады. Жауап берушінің талапты мойын-

дауы өз міндеті мен жауапкершілігін мойындауымен түсіндіріледі. Заңды құқығын немесе мүддесін қорғау туралы талап етушінің талабы, яғни қойылған талап жалпы ереже бойынша талап етушінің дәлелдеуі тиіс заңды деректерге сүйенетіндіктен, жауап берушінің талапты мойындауында тағы бір нәрсе – қарсы тараптың өз талаптарын негіздейтін деректерді мойындауы тұр деген сөз. Талапты мойындау құқығының басқарушылық сипаты жауап берушінің сенімді және еркін ерік білдіруіне соттың күмәні жоқ болғандықтан, істі қарау бойынша оны сот жүзінде талқыламай-ақ сот шешімін шығарумен аяқталатынынан көрінеді. (ҚР АІЖК, 139-бап).

Бейбіт келісім даулы құқықтық қарым-қатынастарда тараптардың бір-біріне кеңшілік жасау негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын келісімшарттан тұрады. Бұдан осы құқыққа материалды-құқықтық мағынада тек тараптар ғана ие екенін байқауға болады. Прокурорға, сондай-ақ іс жүргізу мағынасында тараптардың мәртебесіне ие өзге тұлғаларға келетін болсақ, мұндай субъектілердің бейбіт келісім жасауға құқылары жоқ. Өйткені олар даулы материалды-құқықтық қарым-қатынастардың қатысушылары емес және болуы да мүмкін емес.

Бейбіт келісім жасау құқығы басқаруға жатады, себебі оны сот бекіткен жағдайда іс бойынша сот тоқтатылуы тиіс (ҚР АІЖК, 247-бап, 4-бөлік).

Тараптардың бейбіт келісім жасауы егер де ол заңға қайшы келетін болса немесе өзге тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, онда тараптардың бейбіт келісімін бекітуден бас тартуға құқы бар тек сотпен ғана шектеліп қоймай, ол заңмен де шектеледі. Әңгіме заңның тікелей нұсқауымен бейбіт келісімдер жасауға тыйым салынатын нақты іс-сәтаттары туралы болып отыр. Мысалы, ата-ана құқығынан айыру және көмелетке жасы толмаған балаларға алимент өндіру туралы істер бойынша тараптардың бейбіт келісім жасауларына құқылары жоқ.

Тараптардың жалпы және арнайы сипаттағы іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыруы азаматтық сот ісінің бір және бірнеше сатысындағы мазмұнына байланысты. Мысалы, жалпы іс жүргізу құқығының іс материалдарымен танысуы процестің кез келген сатысында жүзеге асырылады.

Талап қоюға байланысты сот істері бойынша талап қою арызын беру, сондай-ақ бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер және аса ерекше сот ісі бойынша арыз беру құқығын талап етуші немесе арыз беруші тек азаматтық сот ісінің бірінші сатысындағы сотта ғана жүзеге асыра алады.

Талап етуші бірінші және екінші сатыдағы сотта ғана арызын қайтып ала алады. Өз құқығын талап ету арызын қайтып алу құқығына өзгертуден тұратын қарызын өндіріп алуды талап етушінің арызын қайтып алуы азаматтық сот ісінің соңғы – сот актілерін орындау сатысында жүзеге асады.

Тараптардың бейбіт келісім жасауына заң азаматтық сот ісінің тек бірінші сатысында ғана емес, екінші сатысында, сондай-ақ соңғы сатысында да рұқсат етеді.

ҚР АІЖК-нің 47-бабында талап етуші мен жауап берушіге жүктелетін міндеттердің тізімі жоқ, олар, ҚР АІЖК-нің басқа баптарында.

Азаматтық іс жүргізу заңы іске қатысушы тұлғаларға жалпы іс жүргізу міндеттерін өздеріне тиесілі барлық іс жүргізу құқықтарымен адал орындауды жүктейді (ҚР АІЖК, 47-бап).

ҚР АІЖК 47-баптың 2-бөлігіне сәйкес іске қатысушы тұлғалар азаматтық іс жүргізу заңында бекітілген өздерінің іс жүргізу құқықтарын орындаулары тиіс. Жалпы іс жүргізу міндеттеріне мыналар жатады:

– тараптардың өз арыздары мен өтінімдерінің себептерін дәлелдеу міндеті (мысалы, сотқа қарсылық туралы арызы ҚР АІЖК, 42-баптың 2-бөлігі);

– қосымша куәгер шақыру немесе жазбаша не заттай айғақты беруін талап ету туралы өтінім;

– сот талқылауы кезінде өзгерген тұрғылықты жерін сотқа хабарлау (ҚР АІЖК, 134-бап);

– сотқа келе алмайтын себебін көрсете отырып, хабарлау міндеті;

– тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін деректерді дәлелдеу міндеті (ҚР АІЖК 65-бап);

– сот отырысының тәртібін сақтау тәртібі (ҚР АІЖК, 178-бап, 3-бөлік);

Тараптардың арнайы іс жүргізушілік міндеттеріне нысаны мен мазмұнына ұсынылған талаптарды сақтау міндеттері жатады:

– сот бұйрығын шығару туралы арыз (ҚР АІЖК, 141–144-баптар);

- талап ету арызын (ҚР АІЖК, 150–155-баптар);
- арызды қараусыз қалдыру (ҚР АІЖК, 249– 250-баптар);
- аралық соттардың шешімінен шағымдану туралы арыз (ҚР АІЖК, 331–1, 332–2);
- апелляциялық шағым (ҚР АІЖК, 336–337-бап), қадағалау шағымы (ҚР АІЖК, 391–392-баптар);
- мемлекеттік баж салығын төлеу міндеті, сондай-ақ өзге де сот шығындарын өндіру (ҚР АІЖК, 143-баптың 2-бөлігі, 151-бап);
- талаптары бойынша сотқа талап қою арызымен бірге құжаттардың көшірмесін беру (бұл міндеті сақтамау арызды аяқсыз қалдыруға әкеліп соқтырады (ҚР АІЖК, 151-бап).

Талап қою арызын қамтамасыз еткен жағдайда жауап берушіге белгілі бір іс-әрекеттерді тоқтата тұру міндеті жүктеледі. Аталған міндетті бұзса кінәлі жауап берушіге соттың анықтауы бойынша өтемақы салынуы мүмкін. Сонымен бірге талап етушінің арызы бойынша жауап берушіден шығындар өндірілуі мүмкін (ҚР АІЖК, 159-бап).

ҚР АІЖК, 47-баптың 2-бөлігіне сәйкес іс жүргізу міндеттерін орындамаған жағдайда азаматтық сот ісі туралы заңдылықта қарастырылған салдарларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Мұндай салдарлардың бірі — бұл ҚР АІЖК 47-бабының 1-бөлімінде қарастырылған іс жүргізу құқықтарын адал пайдалану туралы жалпы іс жүргізу міндеттерін бұзу болып табылады.

Қиянатпен негізсіз талап қою арызын беруші немесе талап қою арызына қарсы дау айтушы не болмаса істі дұрыс және уақытында қарап, шешуге жүйелі түрде қарсы әрекет етуші тарапқа сот екінші тараптың пайдасына нақты жоғалтқан уақыт үшін өтемақы өндіруі мүмкін. Өтемақының мөлшерін сот нақты мән-жайларды ескере отырып, дұрыс шекте анықтайды.

5-т а р а у. АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІНДЕГІ ТАРАПТАР

§ 1. Тараптар ұғымы

Азаматтық іс жүргізу процесіндегі тараптар деп олардың атынан сот талап қою арызын қабылдайтын, даулы материалдық-құқықтық қарым-қатынастардың субъектілерін атайды. Талап қою арызы бойынша әрбір сот ісінде екі тарап болады. ҚР АІЖК-нің 44-бабы іске қатысушы тұлғалар құрамын анық-

тай отырып, тараптарды дауға жеке өздерінің талаптарын қоятын тұлғалар деп көрсетеді. ҚР АІЖК-нің 48-бабында азаматтық процестегі тараптар негізінен талап етуші және жауап беруші болып табылады деп атап көрсетілген. Сонымен бірге азаматтық процестегі тараптарға (талап етуші мен жауап беруші) азаматтар мен заңды тұлғалар да (кәсіпкерлер, жеке және мемлекеттік кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар, шетелдік азаматтар мен фирмалар, азаматтағы жоқ тұлғалар), сондай-ақ заңды тұлғаға жатпайтын ұйымдар да жатуы мүмкін. Азаматтық сот процесінің тарабы мемлекет те болуы мүмкін. (ҚР АІЖК 48-бап, 4-бөлік).

Азаматтық процесте екі тарап болады: *талап етуші* және *жауап беруші*.

Талап етуші (арызданушы) – құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін азаматтық іс қозғайтын тұлға.

Бұрын айтып кеткендей бұзылған құқықтары туралы сотқа жүгінуші мүдделі адамның өзі не болмаса біреудің мүддесі үшін талап қою арызын беруші прокурор болуы мүмкін, ал заңда қарастырылған жағдайларда талап қою арызын мемлекеттік өкімет органдары, жергілікті басқару органдары, ұйымдар, сондай-ақ шетелдік азаматтар беруі мүмкін. Азаматтық процесте талап етуші жәк өз әрекеттерімен (арызымен, шағымымен) құқықтары мен мүдделерін қорғауы үшін процестің туындауына бастама көтеретіндіктен белсенді тарап деп саналады. Істі прокурор, бұған құқығы бар ұйымдар мен азаматтар қозғаған жағдайда істі қозғауға мүдделі тұлғаға сот процестің туындағаны және оған талап етуші ретінде қатысатынын хабарлайды. (ҚР АІЖК, 48-бап, 3-бөлігі).

Жауап беруші (селкос жәк) – талап етушінің арызы бойынша сотқа түсініктеме беру үшін және құқық бұзушы ретінде жауапқа тартылуы мүмкін тұлға. Сондай-ақ жауап беруші субъективті құқықтар мен заңды мүдделердің бұзылғаны туралы үстінен сотқа талап қою арызы жазылған тұлға. Көп жағдайларда талап қою арызын берудің себебі жауап берушінің әрекеті немесе әрекетсіздігі (қарызды, салықты төлемеу, жал төлемін бекітілген мерзімде төлемеу, мүліктік немесе өзге де зиян келтіру) болып табылады.

Сондықтан да жоғарыда айтып кеткендерден мынадай тұжырым жасауға болады: тараптардың арасындағы дау-жанжал тек сот жүзінде ғана шешілуі тиіс азаматтық-іс жүргізу құқықтық қарым-қатынастардың туындауына себеп болады.

§ 2. Бірлесе іс жүргізу

ҚР АІЖК-нің 50-бабына сәйкес талап қою арызын бірнеше талап етуші бірлесе немесе бірнеше жауап берушінің үстінен беруі мүмкін. Азаматтық процесте көптеген тұлғалардың қатысуы талап етуші мен жауап беруші тараптарда бірлесе іс жүргізу институтын құрады. Олардың мақсаты бір істе бірнеше талапты бірге қарау болып табылады. Бұл істі қарау кезінде соттың, сондай-ақ іске қатысушы тұлғалардың уақытын, күш-әрекетін үнемдейді және жеңілдетеді.

Бірлесе іс жүргізуді екі негіз бойынша жіктеу қабылданған: іс жүргізушілік және материалды негіздер. Іс жүргізушілік — құқықтық бірлесу, оның талап етушінің немесе жауап берушінің жағында өзге талап етушілер немесе жауап берушілердің барына қарай мынадай түрлері болады:

— белсенді бірлесу, талап етушінің жағында бір мезгілде талап қою арыздарымен бірнеше тұлғалардың болуы;

— селкос бірлесу, бір талап етушінің жауап берушінің үстінен жазған талап қою арызын берген кезде, сырттан бірнеше тұлғалардың қатысуы;

— аралас бірлесу, талап етуші мен жауап беруші жағында бір мезгілде бірнеше тұлғаның болуы.

Заң мағынасы бойынша іс жүргізудегі бірлесу мынадай жағдайлардан туындауы мүмкін:

— талап қою арызының көздегені жалпы құқық (мысалы, жалпы мүліктік құқықтан шыққан) болса;

— талап қою арызы сол бір негізге сүйенсе (мысалы бірнеше тұлғаның бірлесе зиян келтіруінен);

— талап қою арызы даудың негізі мен көздегені бойынша бірлесу (мысалы, жалдаушының үстінен жазылған жалақы туралы бірнеше тұлғаның талап қою арызы немесе электр жарығына, газға, жылуға және т.б. төлемегендері туралы бірнеше абоненттің үстінен жазған энергиямен қамтамасыз ететін ұйымның талап ету арызы) Бірлесе іс жүргізу екіге бөлінеді:

— міндетті түрде бірлесу;

— факультативті бірлесу.

Міндетті бірлесу дауды сотқа өз талаптарын мәлімдеген барлық талап етушілер мен жауап берушілердің қатысуынсыз шешу мүмкін емес жағдайда болады. *Факультативті* (міндетті емес) бірлесу тек қойылған талапты дұрыс, өз уақытында қарап, шешуге ықпал ететін жағдайда болуы мүмкін.

Бірнеше тұлғалардың қатысуымен талаптарды өз уақытында және дұрыс қарап, шешу мақсатында сот оларды бір немесе бірнеше талаптармен жеке сот ісіне бөлуге құқылы.

Бірлесе іс жүргізу ісін қарау кезінде сот барлық қатысушылар үшін олар мәлімдеген әрбір талап бойынша әрқайсысының құқықтары мен міндеттерін анықтаумен бірнеше талап қоюшының немесе бірнеше жауап берушінің пайдасына жалпы бір шешім шығарады (ҚР АІЖК, 228-бап).

Тиісті емес жауап берушіні ауыстыру. Талап қою арызын беруші барлық уақытта өзіне тиесілі құқықты нақты білмеуі, барлық мән-жайлар оған беймәлім болуы мүмкін болатындықтан, істі қарау барысында тиісті жауап берушіні ауыстыру қажеттігі туындауы мүмкін.

Сонымен бірге арызданушы дауласып отырғанына, сондай-ақ жауап берушіні тандауда қателесуі мүмкін. Сондықтан да арыз бере отырып, талап етуші сотқа тек өзінің ғана тиісті талап етуші екендігі, ал жауапқа тартылушы тиісті жауап беруші екендігі туралы нақты мәліметтерді беруі тиіс. Сотқа тиісті құжаттарды ұсына отырып, талап етуші өзін және жауап берушіні зандастыруы керек. Тиісті емес талап етуші тиісті емес жауап берушінің үстінен талап қою арызын жазған жағдайда сот арызды қараусыз қалдыруы мүмкін. ҚР АІЖК-нің 51-бабында бірінші сатыдағы сотта істі дайындау немесе қарау кезінде сот талап қою арызы бойынша жауап берушінің бұл арызға қатысынын жоқтығын анықтаса, істі тоқтатпай, талап етушінің өтініші бойынша тиісті емес жауап берушіні тиісті жауап берушімен ауыстыра алатын тәртіп қарастырылған. Тиісті емес жауап берушіні ауыстырғаннан кейін істі дайындау мен талқылау қайта басталады. Егер де талап етуші тиісті емес жауап берушіні ауыстыруға қарсы болатын болса, онда сот ұсынылған арыз бойынша істі талқылайды. Сондықтан да процесте сот тиісті емес жауап берушіні ауыстыра отырып, сот материалды құқықтық қарым-қатынастар дауының субъектісі болып табылмайтын адамды сот процесінің аясынан шығарады.

Тиісті тарап кей жағдайларда заңның тікелей нұсқауымен анықталуы мүмкін. Мысалы, аса үлкен қауіп келтіргені үшін (кейбір мән-жайларды қоспағанда) шығынды өтейтін тиісті жауап беруші аса үлкен қауіп келтірген заттың иесі болып табылады (ҚР АІЖК 931-бап, 1-бөлік). Тиісті емес жауап берушіні ауыстырған жағдайда сот дәлелді анықтау шығарады.

§ 3. Іс жүргізуге құқық мирасқорлығы

Нақты істі талқылау барысында даулы істің немесе сот анықтаған материалды құқықтық қарым-қатынастың бір субъектісінің процесстен шығып кетуіне байланысты тарап немесе үшінші жак (құқыққа жол сілтеуші) болып табылатын адам ауыстырылуы мүмкін. Азаматтық іс жүргізуге құқық мирасқорлығының мәні тараптардың субъективті іс жүргізу құқықтарының азаматтық процесте осы тараптың құқық мұрагері болатын тұлғаға өтуінен тұрады. Құқық мирасқорлығы тұлғалардың тек құқықтық қарым-қатынаста ауысқан жағдайда кез келген істе болуы мүмкін (ҚР АІЖК, 54-бап):

- істе тарап болып табылатын, өз мүлкін мұрагерлеріне (заң немесе өсиетхаты бойынша) қалдырып кеткен азаматтың өлімі;
- заңды тұлғаның қайта құрылулары, таратылулары;

Жалпы (жан-жақты) құқық мирасқорлығынан баска сингулярлы (латын тілінен аударғанда жеке дегенді білдіреді) құқық мирасқорлығы мынадай жағдайларда болады:

- кепілдік туралы келісім бойынша құқыққа кеншілік беру (ҚР АҚ, 325-бап);

- несие берушінің талаптарына кеншілік (ҚР АҚ, 339-бап);

- құқықтың өтуі (несие берушіден өзге тұлғаға ҚР АҚ, 344-бап);

- сыйға тартуға уәде еткен кездегі құқық мирасқорлығы (ҚР АҚ, 515-бап);

- патенттік құқықтарды алуға кеншілік жасау туралы келісімшарт (ҚР АҚ, 1000-бап);

- борышты аудару және өзге жағдайлар.

Несие берушінің жеке басымен тығыз байланысты, көп жағдайларда алимент туралы және өмірге немесе денсаулыққа және т.б. келтірген шығынды өндіру туралы талаптармен байланысты құқықтардың өзге тұлғаға өтуі жағдайларында процесте құқық мирасқорлығына рұқсат етілмейтіндігін айта кеткен жөн (ҚР АҚ, 340-бап).

Сондай-ақ құқықты берушінің барлық құқықтары мен міндеттері құқық мирасқорына өтетіндіктен, барлық жағдайларда құқық мирасқорлығы жалпы болып табылатындығын да айта кету қажет.

Құқық мирасқорының процеске енгенге дейінгі құқығын мирас еткен тұлғаның барлық іс-әрекеттері оған сот тиісті шамада міндетті. (ҚР АІЖК, 54-бап, 2-бөлік). Құқық мирасқор-

лығы процесінің кез келген сатысында болуы мүмкін. Процесте істі тоқтата тұрмастан немесе тоқтатпастан құқық мирас етіледі. Құқық мирасқоры процеске енген жағдайда сот дәлелді анықтау шығарады.

§ 4. Азаматтық сот ісіндегі үшінші тұлғалар

Азаматтық сот ісіндегі үшінші тұлғалар – бұл даудың көздегеніне қатысты жеке талаптарымен сот шешім қабылдағанға дейін процеске енген тұлғалар, яғни істің барысына тараптармен бірге мүдделі болатын тұлғалар. Азаматтық іс жүргізу заңдылықтарында үшінші топтардың екі түрі бар:

– даудың көздегені бойынша жеке талаптарын мәлімдеген үшінші бір тұлғалар;

– даудың көздегені бойынша жеке талаптарын мәлімдемейтін үшінші бір тұлғалар;

Даудың көздегені бойынша жеке талаптарын мәлімдейтін үшінші бір тұлғалардың құқықтары мен міндеттері (АІЖК 52-бап):

– барлық құқықтарды пайдалану және талап қоюшының барлық міндеттерін орындау;

– бірінші сатыдағы соттың шешімі шыққанға дейін бір немесе екі тарапқа талап қоя отырып, процеске енуі мүмкін;

– үшінші тұлғалар іске енгеннен кейін, процесінің қайта басталу жайында құқық туындайды;

– процеске өз құқықтарын қорғау мақсатында енеді;

– талап екі тарапқа немесе бір тарапқа қойылуы мүмкін;

Даудың көздегені бойынша жеке талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалардың құқықтары мен міндеттері ҚР АІЖК-нің 53-бабында қарастырылған. Даудың көздегені бойынша жеке талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғаларға мыналар жатуы мүмкін:

– бірінші сатыдағы соттың іс бойынша шешім қабылдағанға дейін, егер де ол тараптардың біріне қатысты олардың құқықтары мен міндеттеріне ықпал ететін болса, процеске талап қоюшы жағынан немесе жауап беруші жағынан ену;

– тараптардың және іске қатысушы өзге тұлғалардың өтінімдері немесе соттың бастамасы бойынша іске қатыстырылуы мүмкін;

– іс жүргізу құқықтарын пайдалану және тараптардың іс жүргізу міндеттерін орындау.

Даудың көздегені бойынша жеке талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалардың мыналарға құқылары жоқ екендігін атап кеткен жөн:

- талап қою арызының негізі мен көздегенін өзгертуге;
- процеске енген жағдайда сот талқылауын қайтадан бастауды талап етуіне;
- талап қою арыздарының мөлшерін азайтып не көбейтуге;
- талап қою арызынан бас тартуға;
- талап қою арызын мойындауына немесе бейбіт келісім жасауына;
- сот шешімін мәжбүрлі түрде орындатуды талап етуіне.

Үшінші тұлғалардың үстінен қарама-қарсы талап қою арызы жазылмайды. Аталған шектелімдер жарлықты құқықтарда даудың көздегеніне жеке талаптардың болмайтындығымен шартталған. Үшінші тұлғалардың процеске енгенін сот анықтау арқылы ресімдейді.

Үшінші тұлғаны тануға қарсылығы туралы соттың анықтауына жоғарғы соттарға шағымдануға болады.

§ 5. Азаматтық сот ісіне прокурордың қатысуы

1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заң күшіне ие Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының 4-бабына сәйкес прокуратураға Қазақстан Республикасы Конституциясының сақталуын конституциялық қадағалау мен Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын заңдардың орындалуын қадағалау қызметі жүктелген.

Азаматтық сот ісінде заңдардың дәлі және біркелкі қолданылуын жоғарыдан қадағалауды мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей де, өзіне бағынатын прокурорлар арқылы да жүзеге асырады.

Азаматтық іс жүргізу заңымен прокурор іске қатысушы тұлғаларға жатады. Азаматтық сот ісіне прокурордың қатысуы заңмен қарастырылған жағдайларда немесе сот нақты іске прокурор қатысу қажет деп таныған жағдайларда міндетті болып табылады.

Қолданыстағы іс жүргізу заңдылықтары (ҚР АІЖК, 55-бап) бірінші сатыдағы сотқа прокурордың қатысуының екі түрін бекіткен:

1) азаматтардың, белгісіз тұлғалар тобының немесе Қазақстан Республикасы мүддесінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауда азаматтық сот ісінің кез келген түрін (талап қою, әкімшілік, ерекше талап қоюмен) қозғау туралы жүгіну;

2) мүдделі тұлғалардың бастаған процесіне кез келген сатыда құқықтық тұжырым беру үшін ену.

Талап қою арызында прокурор қолдануға тиісті заңға сүйенуі тиіс. Өзге тұлғалардың мүддесі үшін іс қозғауға прокурордан арнайы өкілеттіктер қажет емес. Прокурор өздері ұсынған талап қою арызы немесе талап қою арыздарына жатпайтын істер бойынша арыздар бойынша процеске міндетті түрде қатысады. Іс жүргізу заңы прокурордың арызы бойынша іс қозғалған мүдделі тұлғаға оның мүддесі бойынша процестің басталғаны туралы және оған талап қоюшы ретінде қатысуын хабарлауды талап етеді.

Прокурор процесте талап қою кезінде өз тұрғысы жағынан да, құқықтары мен бостандықтары бұзылған тұлғалардың мүддесімен де байланысты емес. Тек заңды басшылыққа ала отырып және олардың ұсынған талаптары заңсыз немесе негізсіз деген қорытындыға келе отырып, ол заңды сақтаушы ретінде талап қою арызын толықтай немесе негізсіз бөлігін қараусыз қалдыруға тек құқықты ғана емес, міндетті де. Дегенмен де мұндай бас тарту мүдделі тұлғаның істі мәні бойынша талқылау құқығынан айырмайды, іс тек оның келісімімен ғана тоқтатылуы мүмкін (ҚР АІЖК, 55-бап, 5-бөлік).

Прокурордың заңды мүддесі оның өз бастамасы немесе өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында және азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, мекемелердің, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделерін, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін іс бойынша тұжырым жасау үшін соттың бастамасы бойынша процеске енуге құқылы екендігінен тұрады.

Талап қойылмайтын істер бойынша тараптар мен үшінші тұлғаларға, арызданушылар мен шағымданушыларға қарағанда прокурордың мүддесі мүлде басқа. Процестегі мүддесі оның құзыреттілігімен шартталғандықтан, азаматтық процесте прокурор дербес тұлға және ол өзге қатысушы тұлғаларға бағынышты емес. Талап қою арызын берген прокурор барлық іс жүргізу құқықтарын пайдаланады, бейбіт келісім жасау мен сот

шығындарын төлеу туралы міндеттерінен басқа талап қоюшының барлық іс жүргізу міндеттерін де орындайды. (ҚР АІЖК 55-бап, 2-бөлік). Прокурорға қарама-қарсы талап қою арызы берілуі мүмкін емес. Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, мекемелердің құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы талап қою арызын прокурор тек мүдделі тұлғаның өтініші бойынша, егер де ол белгілі бір себептермен сотқа арыздана алмайтын болса ғана бере алады. Іс-әрекетке қабілетсіз тұлғаның заңды мүдделерін қорғау туралы талап қою арызын прокурор мүдделі тұлғаның өтінішіне қарамастан бере алады.

Егер де талап етуші прокурордың қойған талаптарын қолдайтын болса, онда сот егер де үшінші тұлғалардың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірмейтін болса, арызды қараусыз қалдырады. Мұндай жағдайларда прокурордың оның мүдделерін табанды түрде талап етуге құқысы жоқ, егер де бұл заңға қайшы келмейтін болса және өзге тұлғалардың құқықтарын бұзбайтын болса, сот істі тоқтатуы тиіс.

Өзге тұлғаның мүддесін қорғау үшін берілген прокурордың талап ету арызын қараусыз қалдыру бұл тұлғаны істі мәні бойынша талқылауды талап ету құқығынан айырмайды.

Өзге тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қою арызымен жүгінген прокурор бірінші болып түсініктеме береді (ҚР АІЖК, 194-бап), ал сот жарыссөздерінде ең соңынан сөйлейді (ҚР АІЖК, 211-бап). Іс бойынша тарап болып табылмайтын және процеске қатысушы прокурор бұл заңда қарастырылған және оның қатысуы қажет деп сот таныған жағдайларда прокурор сот жарыссөзінен кейін істің мәні бойынша толықтай тұжырым жасайды.

Прокурордың өзге тұлғалардың бастамасы бойынша басталған азаматтық процеске қатысуы тұжырым беру мақсатында заңда қарастырылған жағдайда мынадай істер бойынша міндетті болып табылады: (ҚР АІЖК, 55-бап):

– прокурордың органдар мен лауазымды тұлғалардың шығарған актілері мен іс-әрекеттерін заңға сәйкес емес деп тану туралы сотқа жүгінуі (ҚР АІЖК, 286-бап);

– азаматты хабар-ошарсыз кетті деп немесе өлді деп тану туралы (ҚР АІЖК, 296-бап, 2-бөлік);

– азаматты іс-әрекетке кабілетсіз деп тану туралы (ҚР АІЖК 302-бап);

– азаматты психиатриялық ауруханаға мәжбүрлеп жатқызу (ҚР АІЖК, 309-бап);

– ұл баланы немесе қыз баланы асырап алу (ҚР АІЖК, 317-4-бап);

– Қазақстан Республикасының аумағында экстремизмді жүзеге асырған шетелдік немесе халықаралық мекемені тану туралы істер бойынша (ҚР АІЖК, 317-бап).

Прокурор осы істерге қатысушы бола отырып, апелляциялық және қадағалау ұсыныстарын енгізу арқылы сот қаулыларына шағым жасауға құқылы. (ҚР АІЖК, 332, 384, 385-баптар).

Прокурордың сот шешімдеріне, қаулыларына, анықтамаларына апелляциялық наразылық білдіру құқығы оның істі қарауға қатысуына байланысты емес, ол ҚР АІЖК, 332-бабында қарастырылған.

Заңды күшіне енген сот шешімдеріне ұсыныстар әкелуге құқылы:

– Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры – облыстық қадағалау алқасына және оған тең соттарға, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасына;

– Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының орынбасарлары – облыстық қадағалау алқасына және оған тең соттарға;

– облыс прокурорлары мен оған тең прокурорлар – облыстық қадағалау алқасына және оған тең соттарға.

Наразылықты Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары, облыс прокурорлары мен оған тең прокурорлар өз бастамаларымен де, тараптардың, сондай-ақ апелляциялық шағым жасауға құқылы іске қатысушы өзге тұлғалардың өтініштерімен де бере алады.

Наразылық немесе шағым сотқа тікелей алып келінеді, өкілетті істі қадағалау тәртібімен қарайды (ҚР АІЖК, 385-бап). Іске қатысушы тараптардың өтінімдері (шағымдар, арыздар) наразылыққа қоса тіркеледі.

Шағым, наразылық істі қадағалау сатысында қарағанға дейін оны берген адамның істі қадағалау сатысында қарайтын сотқа тиісті арыз беру арқылы қайта шақырылуы мүмкін. Наразылық жоғарғы прокурормен қайта шақырылуы мүмкін. Наразылыққа қайта шақыру туралы сот іске қатысушыларға хабарлайды. Қада-

ғалау шағымына, наразылыққа қайта шақыру істі қадағалау са-
тысында тоқтатуға әкеліп соқтырады.

Сондықтан да өзге тұлғалардың мүдделері үшін қадағалау
тәртібімен адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандық-
тарын сақтауға талап қою арызын беру прокурордың атқара-
тын қызметі болып табылады.

**§ 5. Өзге тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін
қорғау үшін мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі
басқару органдарының, мекемелер мен азаматтардың
азаматтық сот ісіне қатысуы**

ҚР АІЖК-нің 56 және 57-баптары жоғарыда аты аталған
органдардың өзге тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін
қорғау үшін азаматтық іске қатысуының екі түрін мынадай жол-
дармен қарастырады:

1) өзге тұлғалардың бұзылған немесе жокка шығарылған
құқықтары мен бостандықтарын және заңмен қорғалатын
мүдделерін қорғау үшін сотқа арыз беру;

2) іс бойынша қорытынды жасау.

АІЖК 56-бабына сәйкес заңда қарастырылған жағдайларда
мемлекеттік өкімет органдары, жергілікті өзін-өзі басқару
органдары, мекемелер мен азаматтар өзге тұлғалардың құқықта-
ры мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін
сотқа талап қою арыздарын бере алады.

Бұл органдардың азаматтық сот ісіне өзгелердің мүдделерін
қорғау үшін іске қатысуға төмендегілер негіз болады:

– аты аталған органдар мен тұлғалардың азаматтық сот ісіне
қатысу мүмкіндігі туралы олардың өкілеттіктеріне байланысты
істердің жеке санаттары бойынша заң нұсқауы;

– ҚР АІЖК-нің 56-бабында аталған органдар мен тұлғалар-
дың жеке материалды-құқықтық мүдделері болмаған жағдай-
да және іс бойынша даулы мәселеде тараптарға жатпаған жағ-
дайда;

– құқықтары мен бостандықтары қорғалып отырған тұлға-
лардың өтініштері, бұған тең қоғамдық немесе мемлекеттік
мүдделерге нұқсан келетін болса.

ҚР АІЖК-нің 56-бабына сәйкес заңда қарастырылған жағ-
дайларда мемлекеттік өкімет органдары, жергілікті өзін-өзі ба-
сқару органдары, мекемелер мен азаматтар өзге тұлғалардың
құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау

үшін олардың өтініштері бойынша немесе белгісіз тұлғалар құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қою арыздарын бере алады. Дегенмен де заң іс-әрекетке қабілетсіз немесе көмелетке жасы толмаған азаматтың құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа арыз мүдделі адамның немесе оның заңды өкілінің өтінішінсіз берілуі мүмкіндігін анықтайды.

Өзге тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін бірінші сатыдағы сотқа жүгіну құқығы ҚР АІЖК-нің 56-бабында аталған органдар мен тұлғалардың бәріне берілген. Азаматтық сот ісінде өзге тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылары бар органдарға дербес құзыреттері бар органдарды жатқызуға болады.

Өзге тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін арыз берген тұлғалар барлық іс жүргізу құқықтарын пайдалана алады, талап қоюшының барлық іс жүргізу міндеттерін орындайды. Бұған тек бейбіт келісім жасау мен сот шығындарын төлеу міндеттері жатпайды. Органдардың, мекемелер мен азаматтардың талап қою арызынан бас тартқан жағдайларында мүддесі қорғалғалы отырған тұлға істің мәні бойынша талқылауды талап ету құқығынан айырылмайды. Мүддесі үшін іс қозғалған адам арыздағы талаптарды қолдамаған жағдайда, егер де үшінші тұлғаның құқығына нұқсан келмейтін болса (АІЖК 56-бап 2-бөл.) сот талап қою арызын қараусыз қалдырады. Өзге тұлғаның мүддесін қорғауға іс қозғау үшін мемлекеттік органда өзге тұлғаның мүддесін қорғау үшін заңмен бекітілген сотқа жүгіну құқығы болуы тиіс.

өзге тұлғалардың бұзылған құқықтарын қорғау үшін азаматтық істерді талқылауда мынадай мемлекеттік органдар жиі кездеседі:

– зейнетақы тағайындаумен байланысты (асырап алу деректерін анықтау, нақтылы неке қарым-қатынастарының, азаматты өлді деп хабарлау туралы істер бойынша) ерекше сот істері бойынша әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдері;

– мүлікті қамаудан шығару, мүліктің иесі жоқ деп тану туралы істер бойынша қаржы органдары;

– тұрғын-үй-коммуналдық органдар – жеке мүліктік құқықта тұрғын үйге және өзге де үй-жайларға ие болумен байланысты істер бойынша (пәтерден шығару, тұрғын үй ауданын бөлу немесе айырбастау, тұрғын үйді қайта жобалау, тұрғын үйге

байланысты келісімшарттар, пәтердің керек-жарактары туралы, жеке мүлік құқығымен құрылыс жүргізу және т.б.).

Мемлекеттік басқару органдары (олардың өкілдері) процеске қатысушы тұлғалардың барлық құқықтарын пайдаланады (ҚР АІЖК, 56-бап).

Мұндай органдарға қамқорлық органдарын жатқызуға. «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының заңы бойынша көптеген отбасылық даулар кәмелетке жасы толмағандардың құқығын қорғау жүктелген қамқорлық органдарының қатысуымен қаралуы тиіс. Осыған байланысты:

— қамқорлық органдары, кәмелетке жасы толмағандардың істері бойынша комиссиялар, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар мекемелері ата-ана құқығынан айыру туралы сотқа талап қою арызын бере алады («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 68-бап, 1-бөлігі).

— егер де тұлға некеке отыру жасына жетпей некеге отырған болса, осы тұлғаның бұған рұхсаты болмаса қамқорлық органдары некені жарамсыз деп тану туралы сотқа талап қою арызын бере алады («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 25-бап, 1-бөлім).

— ата-ана құқығын шектеу туралы талап қою арызын жақын туыстары, қамқорлық органдары, кәмелетке жасы толмағандардың істері бойынша комиссиялар, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар мекемелері, балабақша мекемелері, орта білім беретін мектептер бере алады. Мұндай арыздар бойынша істер прокурор мен қамқорлық органдарының қатысуымен талқыланады («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 715-бап, 3—4-бөліктері).

— ата-аналары арасында алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда және осындай мазмұнда сотқа талап ету арызы берілмеген жағдайда прокурор мен қамқорлық органдары кәмелетке жасы толмаған балаларды күту үшін алимент өндіру туралы сотқа талап қою арызын бере алады («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 124-бап, 3-бөлігі).

— алимент алушының мүдделерін бұзатын болса қамқорлық органдары мен прокурорға сотқа алимент төлеу туралы келісімді жарамсыз деп тану туралы сотқа талап қою арызын бере алу құқығы берілген («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 146-бап.)

— қамқорлық органдары баланың мүддесін қорғау үшін сотқа жүгіне алады және ұл не қыз баланы асырап алуды жоққа шығаруды талап ете алады («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 97-бап).

– азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы істер оның отбасы мүшелерінің, прокурордың және қамқорлық органдарының арыздары бойынша қозғалады. (ҚР АІЖК, 302-бап).

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сайлау комиссияларының, лауазымды тұлғалардың сайлау немесе сайлаушы болу, сайлауға қатысу құқықтарын бұзды деп есептейтін азаматтар, қоғамдық бірлестіктер, сайлау комиссиясының мүшелері әділсоттылық бойынша сотқа арыздануға құқылы (ҚР АІЖК, 272-бап).

Өзге тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа арыздану кезінде мынадай тәртіптер сақталуы тиіс:

– мүддесі үшін іс қозғалғалы отырған тұлғаның сотқа арыздануға құқығы болуы тиіс;

– сотқа арыздану кезінде орган немесе ұйымның құзыреті мен тиісті өкілеттіктері болуы тиіс;

– өзге тұлғалардың құқығы мен мүддесін қорғау үшін сотқа арызданатын орган немесе ұйымның істе материалдық мүддесі болмауы тиіс;

– органның сотқа арызданатын негізіне тұлғаның өтініші болуы тиіс.

Бірақ заңда іс-әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін мүдделі тұлғаның өтінішіне қарамастан сотқа талап қою арызын беруге рұқсат етілген. (ҚР АІЖК, 56-бап).

Өзге тұлғалардың мүддесін қорғау үшін талап қою арызын беру кезінде осы мәселе бойынша ҚР АІЖК-де қарастырылған жалпы тәртіптер сақталуы тиіс.

Заңда қарастырылған жағдайда мемлекеттік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары бірінші сатыдағы соттың шешіміне дейін өздеріне жүктелген міндеттер мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін және қоғамдық, мемлекеттік мүдделерді қорғауды жүзеге асыру мақсатында іс бойынша тұжырым беру үшін процеске ене алады (ҚР АІЖК, 57-бап):

а) өз бастамасы бойынша;

б) іске қатысушы тұлғалардың бастамасы бойынша;

в) соттың бастамасы бойынша.

Нақты істер бойынша іске қатысу үшін мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерін жібереді. Заңға сәйкес өзге тұлғалардың істері бойынша тұжырым беру мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жүктелген.

Мемлекеттік органның тұжырымы сотқа жазбаша түрде беріледі. Ол іс материалдарын алдын ала зерттеп, мемлекеттік басқару органының жүргізген тексеру негізінде жасалады. Мемлекеттік органның тұжырымын сот отырысында өкілетті адам іске қатысушы барлық тұлғаларға барлық дәлелдемелердің зерттелгені туралы түсіндіргеннен кейін жариялайды. Сот, іске қатысушы тұлғалар тұжырымды түсіндіруі және толықтыруы үшін осы органдардың өкілетті адамына сұрақтар қоя алады.

Сот шешім шығармас бұрын тиісті органдардың ұсынған тұжырымын заң бойынша оның міндетті күші болмайтындықтан оны толықтай немесе бір бөлігін қабылдамауы мүмкіндігін айта кеткен жөн. Сонымен қатар сот оны неге қабылдамағанын және дәлелдеме ретінде не себепті пайдаланылмағанын негіздеуі тиіс.

6-т а р а у. СОТТАҒЫ ӨКІЛДІК

§ 1. Сот өкілдігі ұғымы

Азаматтық істер бойынша дауларда азаматтар сот талқылауына қатыса алмайды не қатысқылары келмейді. Мұндай себептерге мыналарды жатқызуға болады: тұлғаның іс-әрекетке толықтай қабілетсіздігі, іс-әрекетке қабілетті адамның сот процесіне қатысуы кедергі болатын өзге мән-жайлар (өзге істермен қолының бос болмауы, іс сапар, наукасы және т.б.), құқықтық сауаты мен сот істерінде тәжірибесінің болмауы. Осыған байланысты азаматта сотқа өзінің қатысуын ауыстыратын, сотта белгілі бір іс жүргізу әрекеттерін орындауды өзге тұлғаларға тапсыру қажеттігі туындайды. Аталған мән-жайларды ескере отырып, заң шығарушы ҚР АІЖК-нің 58-бабында азаматтарға соттағы істерді өздері немесе өкілдер арқылы жүргізулерін қарастырды.

Сот өкілі – сенімхат негізінде, соттын тапсыруы бойынша немесе іске қатысушының, азаматтың немесе мекеменің ұсынған мүддесі атынан өз мәртебесінің күшімен іс жүргізу әрекеттерін жүргізетін тұлға. Осыдан барып өкілде іс жүргізу құқықтары мен міндеттері туындайды.

Азаматтар сотта өз істерін өздері жеке немесе өкілдері арқылы жүргізе алады. Занды тұлғалар соттағы істерін тек өз

органдарынын не сот өкілдерінің көмегімен жүргізе алады (АІЖК 58-бап).

Өкілдер мен өкілдікті ұсынушылар арасындағы қарым-қатынастар материалды (азаматтық, отбасылық, енбек) нормалармен реттеледі. Өкіл мен сот арасындағы қарым-қатынас азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларынын ықпалында болады (АІЖК 58–63, 187, 275, 281-баптар және басқалары).

Соттағы өкілдік азаматтың сотта қорғалуын және заңды мандандырылған көмек алуын камтамасыз етуге арналған. Соттағы өкілдіктің мақсаты – қажет ететіндердің бәріне құқықтық көмек көрсету, сондай-ақ іске қатысты барлық маңызды мән-жайларды түсіндіруге және соттың негізді, кәсіби шешім қабылдауына жағдайлар тудыру. Кәмелетке жасы толмағандар мен іс-әрекетке қабілетсіздердің және заңды тұлғалардың, жалпы құқықтық білімі мен сот істерінде тәжірибесі жоқтардың мүдделерін қорғау үшін оның маңызы зор.

Азаматтың өзінің сотқа қатысуы оны іс бойынша өкілі болу құқығынан айырмайды. Өкілдің мүддесін қорғағалы отырған азаматпен бірге сотқа қатысуы әдебиетте құқылы деп атап көрсетілген.

Соттағы өкілдік азаматтық істердің кез келген санаттары бойынша және процестің кез келген сатысында рұқсат етіледі. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ сотта өзгелердің құқықтарын қорғаушы өзге тұлғаларға қарағанда сот өкілі әрқашанда өкілдік ұсынған тұлғаның атынан сөйлейді. Оның іс-әрекеттері біріншіден сол тұлғаның өкілеттігімен әрдайым шектелген, ал екіншіден, осы іс-әрекеттердің заңды нәтижесі өкіл үшін емес, өкілдік ұсынған тұлғаға туындайды. Сот өкілдігінің азаматтық құқыққа белгілі өкілдік институтынан айырмасы бар (ҚР АҚ 163–171-баптары). Оларды бір-бірінен тек қолдану аясы ғана емес, сонымен бірге мақсаты, құқықтар мен міндеттерінің мазмұны, субъективті құрамы, құқықтық себеп-салдардың туындау негізі ажыратады.

Өкіл арқылы істі жүргізу құқығына тараптар мен дауға өзіндік талаптар қоюшы үшінші тұлғалар, мемлекеттік органдар және ҚР АІЖК-нің 58-бабында қарастырылған негіздер бойынша процеске қатысушы өзге тұлғалар, ерекше сот істері мен бұқаралық-құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер бойынша арызданушылар мен мүдделі азаматтар ие. Аты аталған органдар өздерінің өкілдері арқылы іске қатысушы

тұлғалардың ҚР АІЖК-нің 47-бабында карастырылған барлық құқықтарын пайдаланады.

Құқықтық және іс-әрекетке қабілеті бар кәмелетке жасы толған азаматтар сотта өкіл бола алады. ҚР АІЖК-нің 59-бабында соттын тапсыруы сотта өкіл ретінде қатыса алатын тұлғалардың тізімі берілген:

- қорғаушылар (адвокаттар);
- заңды тұлғалардың жұмысшылары – осы заңды тұлғалардың істері бойынша;

- кәсіби одақтардың өкілеттіктері – жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы одақтар жүзеге асыратын өзге тұлғалардың істері бойынша;

- осы мекемелердің құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы заңмен, жарғымен немесе ережелермен берілген өкілетті органдар;

- өзге тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы заңмен, жарғымен немесе ережелермен берілген өкілетті органдар;

- өзге бірге қатысушының тапсыруы бойынша бірлесе қатысушылардың бірі;

- іске қатысушы тұлғалардың өтініші бойынша сот рұқсат еткен өзге тұлғалар.

Іске қатысуға сот рұқсат еткен тұлғалардың ішінде заңсыз жұмыстан шығарылған (ауыстырылған) жұмысшыларды жұмысқа қайта алу туралы (бұрынғы қызметіне) істер бойынша үшінші тұлға ретінде соттын рұқсат еткен лауазымды тұлғаны өкіл ретінде еске салу ерекше орын алады. Заң мұндай өкілдікке қарсы болмайтындықтан, іске қатысуға тартылған лауазымды тұлға ҚР АІЖК-нің 59-бабына сәйкес бір мезгілде жауап берушінің мүдделерін де қорғай алады. Бұл ретте сот осы тұлғаның іс жүргізу құқықтарының сақталуын жауап берушінің өкілі ретінде де, жауап беруші жағында үшінші тұлға ретінде де қамтамасыз етуі қажет.

Сонымен қатар іс бойынша өкілдер болуы мүмкін тұлғалар тобын дұрыс (позитивті) анықтауда заң сотта өзгелердің мүдделерін қорғауға тыйым салынатын дұрыс емес (негативті) әдістерді де қолдануы мүмкін. Сондықтан да сотта мыналар өкіл бола алмайды:

- іс-әрекетке қабілетсіз тұлғалар;

– көмелетке жасы толмаған тұлғалар немесе қамқорлыққа алынған тұлғалар;

– адвокатура туралы бекітілген заңдылықтардағы ережелерді бұза отырып, заңды көмек көрсету тапсырмасын қабылдаған қорғаушылар (адвокаттар), адвокаттар алкасынан шығарылып тасталған қорғаушылар (адвокаттар).

Адвокаттар алкасынан шығарылып тасталған қорғаушыларды (адвокаттарды) ҚР АІЖК 60-бабына сәйкес (келісілген өкілдік) сотта өкіл болуға сот рұқсат етпеуі мүмкін. Бірақ та бұл олардың сотта өздері еңбек ететін заңды тұлғалардың өкілдері болуларына, сотта өз жұбайының мүддесін қорғауына, сондай-ақ заңды өкілі ретінде сотқа қатысуына кедергі келтірмейді.

Соттар, тергеушілер мен прокурорлар үшін заңмен бекітілген шектеулері соттардың тәуелсіздік принципімен және олардың тек заңға бағыныштылығымен байланысты. Оларға өздерінің негізгі қызметтерімен бірге ғылым, мұғалімдік, өдебиет және өзге шығармашылық қызметтен басқа өзге төленетін қызметпен қоса айналысуына тыйым салынады. Көмелетке жасы толмаған азаматтар сотта өз мүдделерін өздері қорғай алмайды. Мұндай жағдайларда заңда олардың заңды өкілдері қарастырылған. Бұған эмансипация туралы соттың шешімі бар тұлғалар, сондай-ақ некеге отыру кезінде бекітілген тәртіппен неке жасы төмендетілген тұлғалар жатпайды. Бірақ дегенмен де 18 жасқа дейін де пайда болуы мүмкін азаматтық іс жүргізуге қабілеттілік ең басты өлшем болып табылады.

Психикалық ауытқулардың салдарынан іс-әрекетке қабілетсіз деп сот таныған жеке тұлғалар (ҚР АҚ, 26-бап), сондай-ақ спирттік ішімдіктер мен есірткі заттарды көп қолданған адамдардың іс-әрекетке қабілеттіктері шектеусіз деп сот таныған жеке тұлғалар (ҚР АҚ, 27-бап) сотта өкіл бола алмайды.

§ 2. Сот өкілділігінің түрлері

Сот өкілділігі әртүрлі негіздер бойынша жіктеледі. Өкілділік ұсынып отырған тұлғаның ерік-жігерінің заңды мағынасына қарай сот өкілділігі ерікті өкілділік және міндетті өкілділік болып бөлінеді. Шектелу өлшемі – өкілдік беретін адамның келісімінің болуы.

Ерікті өкілділік қоғамдық ұйымдарда мүшелікке негізделген келісімді және қоғамдық болуы мүмкін.

Келісімді өкілдіктің негізіне не тапсырманың азаматтық келісімшарты не сотта істі жүргізу үшін өкілдің өкілеттігі тундайтын еңбек шарты болуы мүмкін. Соттағы келісімді өкілдеріне: адвокаттар, заң кеңесшілері және кәсіпорынның, ұйымдар мен мекемелердің өзге де жұмысшылары осы заңды тұлғалардың істері бойынша; өзге бірлесе қатысушылардың тапсыруы бойынша бірлесе қатысушылардың бірі; нақты іс бойынша өкіл болуға соттың рұқсат еткен тұлғалары жатады. Келісімді өкілдердің арасында көбірек тарағаны адвокаттардың, заң кеңесшілерінің, заңды нысандардың қызметкерлерінің қатысуы. Дегенмен де азаматтық сот ісінде өзгелердің істерін сотта жүргізетін адвокаттық монополия дегенді анықтайтын бап жоқ. Бұған тікелей заңда тыйым салынғандардан басқа кез келген тұлға тараптардан немесе үшінші тұлғадан тапсырма алуға құқылы, ал кез келген сатының соты өкілеттікті тексергеннен кейін оған іске қатысуға рұқсат етуге міндетті.

Қоғамдық өкілдік дегеніміз өз ұйымдарының, сондай-ақ құқықтары мен мүдделерін осы ұйымдар қорғайтын өзге азаматтардың істері бойынша қоғамдық ұйымдардың өкілеттеген өкілі. Өкілдіктің негізіне заңға және өз жарғысына сәйкес өз мүшелеріне (кәсіподақтар, шығармашылық кәсіптегі тұлғалар одағы) заңды көмек көрсетуге міндетті қоғамдық ұйымға кіру фактісі жатады.

Міндетті өкілдік мыналарға бөлінеді:

- өкілеттік ортасы заңмен анықталатын заңды өкілдік;
- бұл өкілдіктер ұсынып отырған заңды тұлғаның мәртебесін анықтайтын жарғылармен және ережелермен анықталатын жарғылық өкілдік.

Заңды өкілдер (ҚР АІЖК, 63-бап). Заңды өкілдер өкілдік ұсынып отырғандардың атынан соған тиеселі заңмен қарастырылған шектеулері бар барлық іс-жүргізу әрекеттерін жүргізеді. Өздерінің қамқорына алынған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін жақсы қорғауы үшін заңды өкілдерге сотта істі жүргізуді өзге өкілге тапсыруына тыйым салынбайды.

Заңды өкілдік толықтай іс-әрекетке қабілетсіз азаматтар мен жартылай және шектеулі түрде іс-әрекетке қабілеттер үшін қарастырылған.

Іс-әрекетке қабілетсіз азаматтардың, толықтай іс-әрекетке қабілеттілігі жоқ тұлғалардың немесе іс-әрекетке қабілеттітері шектеулі тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды

мүдделерін сотта өздерінің өкілеттіктерін растайтын құжаттары бар олардың ата-аналары, асырап алушылары немесе қамқорлыққа алушылары қорғайды.

Белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен деп танылған азамат қатысуға тиісті сот ісіне оның өкілі ретінде хабар-ошарсыз кеткен адамның мүлкін қамқорлыққа алған тұлға қатысады.

Қайтыс болған адамның немесе белгіленген тәртіппен өлді деп хабарланған адамның мұрагері қатысуға тиісті іс бойынша егер де мұрагерлікті әлі ешкім қабылдамаған болса, мұрагерлік мүлікті күзету мен басқару үшін тағайындалған сақтаушы немесе қамқоршы сотта мұрагердің өкілі ретінде қатыса алады. Заңды өкілдіктің негізіне: мысалы, баланың белгіленген тәртіппен анықталған және тіркелген шығу тегінің дерегі («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы, 46-бап); белгіленген тәртіппен анықталған және тіркелген асырап алу дерегі («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 76–77-бап); қамқорлыққа алуды тағайындау туралы өкімшілік актісі («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 100–118-баптар) жатады.

Іс бойынша заңды өкілдерге ата-аналар, асырап алушылар және қамқорына алушылар жатады. Мемлекеттік немесе қоғамдық мекемелердегі қамқорлыққа алынған тұлғалардың заңды өкілдері қызметі осы мекемелердің өкімшіліктеріне жүктелген. («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 108-бап). Мұндай жағдайларда сотта заңды өкіл ретінде тиісті мекеменің басшысы немесе тағайындалған жұмысшысы бола алады.

§ 3. Өкілдің соттағы өкілдігі және оларды рәсімдеу тәртібі

Құқықтық әдебиетте өкілдің өкілдіктері жалпы және арнайы болып бөлінеді. Жалпы өкілдіктер жарлықты іс-әрекеттерді жасайтын құқығы жоқ құқық өкілінің жиынтығынан тұрады. Жалпы өкілеттікті жүзеге асыру арнайы құжаттауды қажет етпейді.

Өкілдің жалпы өкілеттіктеріне мынадай құқықтар жатады:

- өкілдер іс материалдарымен танысады;
- іс материалдарының үзінділерін алу;
- көшірмелерін түсіру;
- процеске қатысушыларға қарсылық білдіру;
- дәлелдер ұсыну;

- дәлелдерді зерттеуге қатысу;
- іске қатысушы тұлғаларға, куәгерлерге, сарапшыларға сұрақтар қою;
- өтінімдер беру;
- сот талқылау барысында барлық туындаған сауалдар бойынша тұжырымдар мен ой-пікірлерін айту;
- іске қатысушы тұлғалардың өтінімдеріне, тұжырымдары мен ой-пікірлеріне қарсылық білдіру және басқалары.

Сотта істі жүргізуге жалпы өкілеттіктер өкілге барлық іс жүргізу әрекеттерін жасау құқығыны береді.

Арнайы өкілеттіктер өкілдің жарлықты іс-әрекеттер жасау құқығының жиынтықтарынан тұрады. Сотта іс жүргізуге өкілетті өкілге өкілдікті берушінің атынан талап қою арызына қол коюдан басқа барлық іс жүргізу әрекеттерін жасау құқығын береді. Өкілдің арнайы өкілеттігі ҚР АІЖК-нің 61-бабында қарастырылған:

- істі аралық соттарға беру;
- талап қою арызының талаптарынан толықтай немесе жартылай бас тарту;
- талап қою арызындағы талаптарды мойындау;
- талап қою арызының тақырыбын немесе негізін өзгерту;
- бейбіт келісім жасау;
- өкілеттікті өзге тұлғаға беру (сенімді беру);
- сот қаулысына шағымдану;
- сот қаулысының мәжбүрлі түрде орындалуын талап ету;
- тиісті мүлікті немесе ақшаны алу.

ҚР АІЖК-нің 61-бабында аталған іс-әрекеттерді орындауға өкілдің өкілеттігі өкілдікті беру адамның сенімхатында арнайы қарастырылуы тиіс, өйтпеген жағдайда өкілдің оларды жасауға құқысы жоқ екендігін ескеру қажет. Істі өзге органдарға, аралық соттарға қарауға беру, сот шешіміне шағымдану немесе істі өзге тұлғаға жүргізуге сеніп тапсырумен байланысты іс-әрекеттерді жасау құқығы осылай құжатталуы тиіс. Бұл іс-әрекеттер де арнайы өкілеттіктер бойынша жасалуы мүмкін.

Өкілдің өкілеттігін құжаттау (ҚР АІЖК 62-бап). Тараптар өкілінің өкілеттігі тиісті түрде құжатталуы тиіс. Азаматтардың берген сенімхаттарын сенім берушінің жұмыс істейтін немесе оқитын кәсіпорындары, мекемелер мен ұйымдар, сенім берушінің тұрғылықты жері бойынша тұрғын-үй пайдалану мекемесі, емделіп жатқан емхана әкімшілігі, егер де сеніп тапсырушы әскери адам болатын болса тиісті әскери бөлімше және

түрмеде жатқан азаматтың түрме әкімшілігінің де растаулары да мүмкін.

Өкілдің өкілеттігі өкілдікті ұсынып отырған адамның ерекше сенімхатымен құжатталады. ҚР АІЖК-нің 62-бабында қарастырылған құқықтық жарлықты іс-әрекеттерді жасау үшін ерекше сенімхат немесе сенімхатта ерекше келісім болуымен құжатталуы қажет.

Кей жағдайларда өкілдің өкілеттігі сот отырысының хаттамасына енгізілген өкілдік берушінің ауызша мәлімдеуімен құжатталуы да мүмкін.

Қорғаушының (адвокаттың) істі жүргізуге өкілеттігі заң кеңесінің немесе адвокаттық кеңсенің ордерімен расталады, ал олардың өз қызметтерін жүргізуі қорғаушы мен клиент арасындағы жеке келісімшартпен расталады. Қоғамдық өкілдердің өкілеттіктері де осылай нақты іс бойынша тиісті кәсіподақ немесе өзге қоғамдық мекемеге өкілдік ету тапсырылған құжаттармен расталады.

Заң кеңесшісінің өкілеттігі жалпы және бір реттік сенімхатпен расталады. Құқықты жарлықтық іс-әрекеттерді жасауға өкілеттік арнайы келісімді талап етеді. Мекеме қызметкерлері әдетте істі жүргізуге бір реттік сенімхат береді.

Іс-әрекетке қабілетсіздердің (ата-аналар, асырап алушылар, камқорға алушылар) заңды өкілдерінің өкілеттіктері арнайы құжаттауды қажет етпейді. Оларға заңды өкіл екендіктерін растайтын құжаттарын (төлқұжат, туу туралы немесе асырап алғандығы туралы куәлік, камқорлыққа алғандығы туралы куәлік) көрсету жеткілікті. Егер де заңды өкіл істі жүргізуді өзге адамға сеніп тапсыратын болса, онда ол оған өз атынан сенімхат береді.

Құқықтық әдебиетте сенімхаттың үш түрі бар: бір реттік, арнайы және жалпы.

Бір реттік сенімхатты сеніп тапсырушы бір сотта бір азаматтық іс бойынша өкіл ретінде қатысу үшін береді.

Арнайы сенімхатты сеніп тапсырушы соттың барлық сатысында өкіл болып қатысу үшін береді.

Жалпы сенімхатты сеніп тапсырушы барлық сот мекемелерінде барлық азаматтық сот істерінде өкіл болып қатысу үшін береді.

Сенімхаттың жарамды мерзімі үш жылдан аспауы тиіс. Егер де сенімхаттың мерзімі көрсетілмесе, берілген күннен бастап бір жылға жарамды болып табылады. Күні белгіленбей берілген сенімхат жарамсыз (ҚР АҚ 168-бап, 2-бөлік).

7-т а р а у. АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫШТЫЛЫҒЫ

§ 1. Ведомстволық бағыныштылық ұғымы мен түрлері

Азаматтық процесте ведомстволық бағыныштылық пен әділсоттылық ұғымы бар. Азаматтық процестегі ведомстволық бағыныштылық деген қандай да бір заңды дауды талқылау кезіндегі мемлекеттік органдар құзыретінің тәртібі мен шектері, яғни осындай даудың шешілуін қажет ететінді оларды шешуге өкілетті белгілі бір органның жүргізуі мен талқылауына жатқызуы.

Дауларды, яғни заңды істерді және өзге құқықтық мәселелерді (сол не өзге заңды деректің, тұлғаның немесе мүліктің және т.б. құқықтық жағдайының анықталуы туралы) шешуде Қазақстан Республикасының заңдылықтары бойынша әртүрлі органдардың құқықтық күштері бар. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

– сот өкіметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар (Жоғарғы сот, облыстық және оған тең қалалық соттар, аудандық соттар, арбитражды және аралық соттар;

– заңда қарастырылған кейбір жағдайларда – атқару өкіметі жүйесіне кіретін органдар (мысалы, нотариат, еңбек дауларын шешетін органдар, Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары бойынша өкілетті әкімшілік комиссиялары, әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерді аттестациядан өткізетін аттестациялық комиссия және тағы басқалары);

– даудың тараптарының өздері құрған, тағайындаған немесе сайлаған органдар, оларға мысалы аралық соттарды, арбитражды соттарды, келісетін немесе ымыраға келтіретін комиссияларды жатқызуға болады;

– егер де, мемлекет ішіндегі барлық құқықтық қорғау құралдары ескірген болса, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі мемлекет аралық органдар (мысалы, адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот).

Аттары аталған әрбір орган, оның ішінде жалпы сот тек заңда көрсетілген өздеріне қатысты, яғни ведомстволық бағынышты істерді жүргізуге ғана құқылы.

Ведомстволық бағыныштылықтың тек заңмен ғана анықталған тәртібі болып табылатын өзінің ерекше белгісі болады.

Мысалы, өртүрлі істердің ведомстволық бағыныштылығы төмендегі нормативті-құқықтық және заң актілерінде карастырылған:

- азаматтық істер ҚР АІЖК 24, 25, 26-баптар;
- әкімшілік істер ҚР ӘҚ БкК 541–57-баптар;
- азаматтық құқықтар, кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтары (ҚР АҚ 9 және 10-баптар);
- Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңындағы 7, 13, 15, 17, 36, 41–43-баптарындағы және өзге де баптардағы неке-отбасылық істер.

Кейбір даулардың өзге мемлекеттік органдарда каралып, шешілетініне карамастан көптеген даулар бірінші сатыдағы соттарда шешіледі. Біркатар жағдайларда дауды сотка берудің алдында оны әкімшілік тәртіппен мемлекеттік және өзге органдарда талқылайды.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте (бұдан әрі—ҚР ӘҚБтК) әкімшілік құқық бұзушылық істер, істерді қарау жөніндегі лауазымды тұлғалардың құзыреті мен әкімшілік айыппұлдарды салуға ведомстволық бағынышты мемлекеттік органдардың (ӘҚБтК 541–576-бап) тізімдері берілген. Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-тін 26-бабының 2-бөлігіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарауға өкілетті органның, лауазымды тұлғаның іс-әрекетіне одан жоғары органға немесе тікелей сотка шағымдануға болады. Мысалы, егер де шешімді жоғары орган немесе лауазымды тұлға қабылдаған болса, көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыру түріндегі әкімшілік айыппұл салу туралы жол полициясы органының қаулысына шағым сотта каралуы тиіс. (ҚР ӘҚБтК 467-бап).

Кеден кодексіне сәйкес кеден органының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жоғары кеден органына не болмаса осы органның жоғары лауазымды тұлғасына беріледі, ал тұлға кеден органының шешімімен келіспеген жағдайда сотка шағымданады. (Кеден кодексі, 493-бап).

Азаматтық сот ісі тәртібімен бұзылған немесе жокка шығарылған құқықтар, бостандықтар мен заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау туралы істерді, егер де оларды ҚР АІЖК-не және өзге заңдарға сәйкес қорғау жүзеге асырылмаса, оны соттар қарайды. (ҚР АІЖК, 24-бап).

Әдебиетте соттың ведомстволық бағыныштылығын ерекше, шартты, аралас және балама деп бөлу қабылданған.

Ерекше ведомстволық бағыныштылық оны сотқа жіберу ісі бойынша арнайы міндетті рәсімдерді өткізу қажеттілігінің жоқтығымен сипатталады, яғни мұндай істер тек сотта қаралады.

Шартты ведомстволық бағыныштылық – бұл тараптардың өзара алауыздықтарын сотқа дейін реттеуге әрекет етуі. Мысалы, ҚР АҚ-нің 706-бабының 1-тармағына сәйкес жүкті тасымалдаудан шыққан тасымалдаушыға талап қойғанға дейін оған талапты заң актілерінде карастырылған тәртіппен қою. (Көлік туралы заңмен немесе оның жарғысымен не кодекспен).

«Қазақтан Республикасындағы еңбек туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 98-бабына сәйкес еңбек дауларын тараптардың келісімдері бойынша алдын ала келісімді комиссия қарайды. Осыған байланысты келісімді комиссияның еңбек дауы бойынша қабылдаған шешімімен келіспегендер оны мәні бойынша шешуі тиіс сотқа арыз беруге құқылы.

Заң істердің белгілі бір санаттарын шешуді қандай да бір органның немесе бірнеше әртүрлі органдардың ерекше жүргізуіне жатқызуына қарай ведомстволық бағыныштылық ерекше және балама болуы мүмкін. Мысалы, баланы асырап алу істерін, ата-ана құқығынан айыру туралы дауларды тек жалпы соттар шешеді (ҚР АІЖК 317-5, «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 68-бап). Демек осындай істерге ерекше ведомстволық бағыныштылық бекітілген.

Бұған қарсы, азаматтар мен ұйымдар арасындағы мүліктік дауларды әртүрлі мемлекеттік соттар да (жалпы соттар, арнайы ауданаралық экономикалық немесе әкімшілік соттар), аралық соттар да шешетіндіктен, олар балама ведомстволық бағыныштылыққа ие. Мысалы, шығынға ұшырағаны туралы істерді жалпы және арнаулы ауданаралық экономикалық соттар шешуі мүмкін.

Балама ведомстволық бағыныштылық өз құқықтарын қорғауды іздеген тұлғаға мүлікті даулар бойынша жалпы және арнайы ауданаралық экономикалық немесе аралық соттарды таңдау мүмкіндігінде беріледі.

Аралас ведомстволық бағыныштылық – бұл дауды қарауға өкілетті қандай да бір органның сотқа дейін талқылауы. Аралас ведомстволық бағыныштылық бірнеше ведомстволық бағыныштылықтың бірнеше өзге түріне тән белгілерді біріктіреді, көп жағдайларда ерекше және балама бағыныштылықты. Мысалы, ҚР АІЖК 275-бабының 1-бөлігіне сәйкес азамат немесе ұйым

мемлекеттік өкіметтің, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, лауазымды тұлғаның, мемлекет қызметкерінің шешімін жоққа шығару туралы тікелей сотқа немесе бағыныштылық тәртібімен жоғарғы мемлекеттік органға шағымдануға құқылы.

Істердің жеке санаттарын (категориялар) белгілі органдардың жүргізуіне жатқызудың негізгі санаттарына мыналар жатады:

- даулы құқықтық қарым-қатынастың сипаты, яғни даудың мазмұны;
- құқықтық қарым-қатынастың субъективті құрамы (дауға қатысушылар құрамы);
- қаралып отырған істің даулылығы немесе даусыздығы;
- дауды алдын ала сотқа дейінгі тәртіппен реттеуге тараптардың өзара келісімінің болуы;
- жоққа шығарылған актінің сипаты (нормативті немесе нормативті емес).

§ 2. Азаматтық сот істерінің соттарға ведомстволық бағыныштылығы

ҚР АІЖК-нің 24-бабына сәйкес жалпы соттарға төмендегі азаматтық істерді талқылау мен шешу ведомстволық бағынышты:

- талап қою арыздары бойынша істер;
- бұйрықты істердің;
- ерекше талап қою істерінің;
- ерекше сот істерінің;
- аралық соттардың шешіміне шағымдану істері;
- соттардың шетелдік азаматтардың, шетелдік заңды тұлғалардың, ұйымдардың қатысумен болатын істерді қарауы.

Талап қою арызы бойынша қаралатын істерге (ҚР АІЖК 24-бап) заң мыналарды жатқызады:

- егер де ҚР АІЖК-не және өзге де заңдарға сәйкес сот тәртібімен қорғалмайтын болса, бұзылған немесе жоққа шығарылған құқықтар, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы істер;
- азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй құқықтық қарым-қатынастарынан туындаған даулар бойынша талаптар;
- әкімшілік, қаржылық, шаруашылық, жерге қатысты құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын даулар бойынша талаптар;

– табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудан және өзге құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын істер;

– бір тараптың екіншіге өкімдік бағыныштылығына негізделген қарым-қатынастардан туындайтын талаптар.

Мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның қабылдаған актісі сотта жоққа шығарылуы мүмкіндігін ескеру қажет.

Бұйрықты сот істері (ҚР АІЖК, 139-бап) – бұл сот бұйрығының негізінде қарызды өтеу бойынша жеңілдетілген тәртіппен қаралатын талап қою істері. Сот бұйрығы өндіріп алушының арызы бойынша ақшалай соманы өндіру немесе қарыз адамнан мүлкті даусыз талаптармен қарызгердің түсініктемелерін тыңдамай-ақ, сот талқылауынсыз талап етудегі сот актісінен тұрады. Сот бұйрығында орындау құжатының күші бар. Ол бойынша қарызды өтеу бұйрық берілгеннен кейін және сот шешімдерін орындау үшін бекітілген тәртіппен жүргізіледі.

ҚР АІЖК-нің 140-бабында сот бұйрығы шығарылатын талаптардың тізімі берілген, егер де:

– егер де талап нотариалды куәландырылған келісімге негізделсе;

– талап жазбаша келісімге негізделіп, оны жауап беруші мойындаса;

– талап төлемегені, акцепт емес және нотариустың акцептін күнін белгіленбегені жөніндегі вексельдің наразылығына негізделсе;

– көмелетке жасы толмағандарға алимент төлеу туралы талап әкесін анықтаумен немесе үшінші тұлғаларды тартумен байланысты болмаса;

– азаматтар мен заңды тұлғалардың төлемеген салықтарын және өзге де төлемдерді төлеттіру туралы талап қойылған;

– жұмысшыға есептелген, бірақ төленбеген жалақысын және өзге де төлемдерді төлеттіру туралы талап қойылған;

– ішкі істер бөлімі немесе қаржы полициясының жауап берушіні немесе қарыз адамды іздестіруге кеткен шығындарды төлеттіруі туралы талабы қойылған;

– егер де Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес лизинг затын даусыз талап ету туралы талап қойылған болса;

– егер де ломбард қарызгерге-кепілдікке затын қойғанға кепілге қойған затын төлеттіру туралы талап қойса.

Ерекше сот істері бойынша істер (бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер) ҚР АІЖК-нің 25–29-

баптарында регламенттелінген сайлаулар мен референдумдарға қатысушы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарының істері бойынша құқықтық қарым-қатынастардан туындайды. Оларға мынадай істер жатады:

– азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, сайлау комиссиялары мүшелерінің мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, сайлау комиссиясының, сайлау немесе сайлаушы болу, сайлауларға, референдумдарға қатысу бойынша лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) жазған арыздары бойынша (ҚР АІЖК, 272-бап);

– істерді қарауға өкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) әкімшілік құқық бұзушылық туралы күшіне енген қаулыларын жоққа шығару туралы істер бойынша;

– мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, лауазымды тұлғаның және мемлекет қызметкерінің шешімдері мен іс-әрекеттерін (немесе әрекетсіздіктерін) жоққа шығару туралы істер бойынша.

Жоғарыда аталған органдардың сотта жоққа шығарылған шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (немесе әрекетсіздіктеріне) сондай-ақ олардың алқалық және жалғыз жеке шешімдері мен іс-әрекеттері (немесе әрекетсіздіктері) жатады. Нәтижесінде (ҚР АІЖК, 279-бап):

– азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңмен қорғалатын мүдделері бұзылған;

– азаматтардың өз құқықтарын, бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруларына кедергі келтірілген;

– азаматқа немесе заңды тұлғаға қандай да бір міндет заңсыз жүктелген немесе ол заңсыз жауапқа тартылған.

ҚР АІЖК-нің 27-тарауына сәйкес мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен лауазымды тұлғалардың төмендегі шешімдері мен іс-әрекеттері сотта жоққа шығарылуы мүмкін еместігін еске сала кеткен жөн:

– Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің ерекше құзыретімен тексерілетін нормативті құқықтық актілер;

– заңда сотқа шағымданудың өзге тәртібі қарастырылған жеке және нормативті құқықтық актілер.

– азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдар мен Президент жарлықтарында кепілдік берілген құқықтары мен заңмен қорғалатын

мүдделерін бұзатын мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның нормативті құқықтық актілердің заңдылығын жоққа шығару туралы істер бойынша (ҚР АІЖК, 283-бап).

– органдар мен лауазымды тұлғалардың заңға толықтай немесе жартылай сәйкес келмейтін актілері мен іс-әрекеттерін тану туралы прокурордың үндеуі туралы істер бойынша (ҚР АІЖК, 286-бап).

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі тексеретін нормативті құқықтық актілердің заңдылықтарын жоққа шығару туралы арыздар сотта қаралмайтынын есте сақтаған жөн.

Ерекше сот ісі тәртібімен қаралатын істер. Оларға ҚР АІЖК-нің 289-бабында аталған істер жатады:

- заңды мәні бар деректерді анықтау туралы;
- азаматты хабар-ошарсыз жоғалып кетті деп тану немесе азаматты өлді деп хабарлау;
- азаматтың іс-әрекетке қабілеті шектеулі немесе іс-әрекетке қабілет тұлға деп тану туралы;
- азаматты мәжбүрлі түрде психиатриялық ауруханаға жатқызу;
- заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің шығынға ұшырауы;
- жылжымалы мүліктің қожайыны жоқ деп тану және коммуналды жеке меншік құқығын жылжымайтын мүлікке тану туралы;
- азаматтық хал актілері жазбаларының дұрыс еместігін анықтау туралы;
- нотариалдық іс-әрекетке шағымдар немесе оларды жасаудан бас тарту;
- ұсынған адамның жоғалған құнды қағаздарға және ордері бар құнды қағаздарға құқығын қайта қалпына келтіру туралы (шакырумен баратын сот ісі);
- ұл (қыз) баланы асырап алу;
- Қазақстан Республикасы аумағында және (немесе) өзге мемлекет аумағында экстремизмді немесе ланкестік іс-әрекеттерді жүзеге асырушы шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремист немесе ланкес деп тану туралы.

Сотқа ведомстволық бағынышты мүліктік дау тараптардың келісімі бойынша егер де оған заң актілерінде тыйым салынбаған болса, ҚР АІЖК-нің 170-баптың 4) тармақшасына және 192-бапқа сәйкес аралық соттардың талқылауына берілуі мүмкін. Бірақ тараптардың келіспеген жағдайында аралық соттың

шешімі бойынша жалпы сотқа шағымдануға болады. (ҚР АІЖК 25-бап).

Аралық соттардың шағымданулары бойынша істер (ҚР АІЖК, 331-1). Аралық соттың шешіміне аралық сот талқылауының тараптары, бұзылған құқықтар мен міндеттер бойынша сот қабылдаған шешіммен іске қатысуға тартылған үшінші тұлғалар шағымдана алады.

Сотқа арыздауды қараған аралық соттардың тұрғылықты жері бойынша тараптардың шағымдануға негіз туған сәттен бастап отыз күн ішінде АІЖК-нің 39-бабының 1-бөліміне сәйкес беріледі.

Аралық соттардың шешіміне шағымдану туралы арызды қарау нәтижесі бойынша сот аралық соттың шешімін жоққа шығару туралы анықтау шығаруы мүмкін. Сондай-ақ егер де халықаралық келісіммен, Қазақстан Республикасының заңдылықтарында немесе тараптардың келісімімен өзгедей қарастырылмаған болса, соттар шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар, шетелдік ұйымдар, шетелдік заңды тұлғалар, сонымен бірге халықаралық ұйымдар қатысатын істерді қарайды. Заңмен олардың құзыретіне жататын өзге де істер сотқа ведомстволық бағынышты. ҚР АІЖК 26-бап біреулері сотқа бағынышты, ал өзгелері сотқа жатпайтын органдарға ведомстволық бағынышты өзара байланысты бірнеше талаптар біріккен жағдайларда сотқа ведомстволық бағыныштылықтық артықшылықтарын қарастырады, барлық талаптар жалпы соттарда қаралуы тиіс.

Сонымен қатар қолданыстағы нақты даудың ведомстволық бағыныштылығына қатысты заң актілеріне күмән немесе қайшылық болған жағдайда ол сотқа ведомстволық бағыныштылықтың артықшылықтарымен әрекет етеді, яғни дауды сот қарауы тиіс.

8-т а р а у. АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ

§ 1. Соттылық ұғымы мен оның түрлері

2000 жылдың 25 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және жергілікті соттар құрайды.

Жергілікті соттарға мыналар жатады:

1) облыстық және оған теңестірілген соттар;

2) аудандық және оған теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, арнайы соттар. Арнайы соттарға Қазақстан Республикасы іс-әрекет ететін экономикалық, өкімшілік және гарнизонның әскери соты жатады. Барлық соттардың жалпы қасиеттеріне азаматтық сот істерін бірінші сатыдағы сот ретінде шешудегі олардың құқықтары жатады. Сонымен бірге аттары аталған соттардың әрқайсысы заңмен өздерінің құзыретіне жақтзыылған істерді шешуге құқылы.

Осыған байланысты бірінші сатыдағы сот ретінде қарауға өкілетті азаматтық істердің тізіміне қатысты белгілі бір соттың құзырет көлемін нақты анықтау аса маңызды, яғни өңгіме соттардың мәртебесіне қарай олардың өкілеттіктерін шектеуде болып отыр. Осы мәселені шешу ҚР АІЖК-нің соттылық нормаларында қарастырылған. Соттылық тәртібі «ешкімнің заңда белгіленген соттылығы оның келісімінсіз өзгертілуі мүмкін емес» деген Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-бөлімінің 3-тармағын, яғни тұлғаның ісін соттылығы заңмен тиісті сол сотқа және сол сот төрешілерінің қарау құқығын жүзеге асыруға кепілдік береді.

Әдебиетте соттылықтың әртүрлі анықтамалары бар, олардың бірінде әділсоттылық сот жүйесінің ішіндегі нақты соттардың арасындағы құзыреттердің шектеулерін реттейтін нормалары бар іс жүргізу институтынан тұрады делінген. Әртүрлі мемлекеттік органдар мен соттар арасындағы заңды істерді шешуге өкілеттіктерді шектеуге көмектесетін ведомстволық бағыныштылыққа қарағанда соттылық Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі тек түрлі соттар арасындағы шектеуді болжайды. *Соттылық түрлері.* Сотқа талап қою арызын ұсынған кезде сот төрешісі істің жалпы сотқа ведомстволығын анықтай отырып, оның сот жүйесіндегі қай сотқа жататындығын шешуі тиіс. ҚР АІЖК-нің 27–36-бабына сәйкес соттылықтың мынадай түрлері бар:

- тектік немесе тақырыптық;
- аумақтық немесе кеңістіктік (жергілікті);
- балама;
- ерекше;
- келісімді;
- істердің байланысы бойынша әділсоттылық.

Істердің тектік (тақырыптық) соттылығы. Азаматтық іс жүргізу заңдылықтарында жалпы ведомстволық бағынышты

соттарға азаматтық істер сот жүйесінің бөлімдеріне бөлінеді. Соттылық көмегімен аудандық, облыстық соттардың, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, сондай-ақ мамандандырылған соттар ретінде экономикалық, әкімшілік соттардың және әскери соттардың құзыреттері бөлінген. Сондықтан да соттылық даудың тақырыбы бойынша қатаң анықталған істерді сот жүйесінің әрбір бөлімшесінің жүргізуіне жатқызу нәтижесімен анықталады.

ҚР АІЖК-нің 27-бабына сәйкес жалпы соттарға соттылықты азаматтық істерді бірінші саты бойынша, облыстық және оған тең соттардың соттылығына, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының соттылығына, арнайы соттардың соттылығына жатқызылғандарынан басқа аудандық соттарда қарайды.

ҚР АІЖК-нің 29-бабында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты бірінші саты бойынша азаматтық істерді жокқа шығаруды қарастырады:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін;

2) Қазақстан Республикасы (республикалық маңызы бар қалалар мен астаналар) Орталық сайлау комиссиясының шешімдері мен іс-әрекеттерін (әрекетсіздігін), сондай-ақ референдумның Орталық комиссиясының шешімдері мен іс-әрекеттерін (әрекетсіздігін).

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының соттылығына Қазақстан Республикасының халықаралық келісімшартына сәйкес басқа да істер жатқызылуы мүмкін.

ҚР АІЖК-нің 29-бабының 1-бөлімінде аталған даулар туралы істер Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңға сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құзыретіне кірмейтін бөлімімен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жатады.

Азаматтық істердің аудандық (қалалық) және оған теңестірілген соттарға соттылығы. (ҚР АІЖК 27-бап). Аудандық (қалалық) және оған теңестірілген соттар облыстық және оларға теңестірілген соттарға, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына және ҚР АІЖК-нің 28, 29, 30-баптарында қарастырылған мамандандырылған соттарға жататын істерден басқа азаматтық істердің көпшілігін қарайды. (ҚР АІЖК, 24–2, 139, 289-баптар).

Облыстық және оларға теңестірілген соттар бірінші сатыдағы соттар ретінде азаматтық істерді қарайды (ҚР АІЖК, 28-бап):

– министрліктердің, республикалық өзге де атқару органдарының және Қазақстан Республикасы Президентіне бағынышты, тікелей есеп беретін органдардың нормативті құқықтық актілерін жокқа шығару туралы;

– облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астаналар) сайлау комиссияларының, сондай-ақ референдумның облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астаналар) комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) жокқа шығару туралы.

– Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының дипломатиялық өкілеттіктердің немесе Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінің лауазымды тұлғаларының құқықтық емес әрекеттеріне талап қою арыздары бойынша;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктердің және республикалық өзге атқару органдарының және Қазақстан Республикасы Президентіне бағынышты, тікелей есеп беретін органдардың нормативті емес актілерін жокқа шығару туралы істер;

– Қазақстан Республикасының және (немесе) өзге мемлекеттің аумағында экстремизм немесе лаңкестік қызметтерді жүзеге асырушы шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік немесе лаңкес деп тану туралы істі Астана қаласының соты қарайды.

Алматы қаласының аймақтық қаржылық орталығының қатысушыларының Алматы қаласы аймақтық қаржылық орталығының органдары мен лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану туралы істер және егер де тараптардың екіншісі Алматы қаласы аймақтық қаржылық орталығының қатысушысы болып табылатын өзге де азаматтық істерді арнайы қаржылық сот қарайды.

Азаматтық істердің арнайы соттарға соттылығы (ҚР АІЖК, 30-бап). Арнайы ауданаралық экономикалық соттар тараптары заңды тұлғаның білімі жоқ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтар, ҚР АІЖК 28-бабының 1-бөлігінің 3, 4) тармақшаларында, 2 және 3-бөліктерінде және 29-бапта қарастырылғаннан өзге заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес даулар бойынша азаматтық істерді қарастырады.

Арнайы аудандық және оған тең әкімшілік соттарға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілет-

телінген органдардың (лауазымды тұлғалардың) қаулыларын жоққа шығару туралы істер жатады.

Әскери соттарға өздерінің бұзылған және (немесе) жоққа шығарылған құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін әскери басқарманың лауазымды тұлғалары мен органдарының іс-әрекеттерінен (әрекетсіздіктерінен) қорғау туралы Қарулы Күштердің, өзге әскерлердің және әскери құрылымдардың әскери қызметкерлерінің, әскери жиындардан өтіп жатқан азаматтардың шағымдары жөніндегі істер жатады. Әскери соттар егер де тараптардың бірі әскери адам, әскери басқарма органдары, әскери бөлім болып табылатын өзге азаматтық істерді де қарауға құқылы.

Аумақтық соттылық. Жауап берушінің тұрғылықты жері бойынша талап қою арызын беру (ҚР АІЖК, 31-бап). Азаматтық іс жүргізу заңдылықтарымен мынадай аумақтық соттылықтың түрлері қарастырылған: жалпы аумақтық соттылық; балама (тұлғаны тандау бойынша соттылық), ерекше, келісімді, бірнеше істердің байланыстылығы бойынша соттылық.

ҚР АІЖК-де бекітілген аумақтық соттылық тәртібі сот органдарына азаматтық істерді сот жүйесінің бір және сот бөлімінің соттары арасында бөлуге көмектеседі. Аумақтық соттылықтың мәні сотқа талап қою арызын жауап берушінің тұрғылықты жері бойынша беруден, ал заңды тұлғаның (ұйымның) үстінен талап қою арызын осы органның тұрғылықты жеріне байланысты беруден тұрады.

Жауап берушінің тұрғылықты жеріне тұлғаның тұрақты тұратын және тіркелген жері жатады. Тұрғылықты жері анықталмаған жағдайда, талап қою арызы тіркелген жері бойынша беріледі. Талап қою арызын берерде талап қоюшы жауап берушінің тұрғылықты жерін көрсетуі тиіс. Заңды тұлғаға талап қою арызын жазарда, оның тұрғылықты жері белгілі бір аумақтағы оның нақты тұрған жерімен (қала, аудан) анықталады, ал құрылтайшылық құжатта мекенжайы жоқ болған жағдайда оның мемлекеттік тіркелген жері бойынша беріледі.

Балама соттылық немесе талап қоюшының тандауы бойынша соттылық. Бұл түрдің соттылығы жауап берушінің мүлкінің қайда тұратындығына немесе тұрғылықты жеріне, ұйымның тұрғылықты жеріне, келісімнің орындалу жеріне байланысты талап қоюшының сотқа арыз жазуы үшін тандау құқығынан тұрады. ҚР АІЖК-нің 32-бабында төмендегілерге сәйкес жағдайлардың тізімі көрсетілген:

1) тұрғылықты жері белгісіз не болмаса Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері жоқ жауап берушіге талап қою арызы оның мүлкінің тұрғылықты жері немесе соңғы тұрғылықты жері бойынша беріледі;

2) заңды тұлғаға талап қою арызы оның мүлкінің тұрғылықты жері бойынша беріледі;

3) заңды тұлғаның бөлімшесінің немесе өкілеттігінің қызметінен туындаған талап қою арызы да бөлімшенің немесе өкілеттіктің тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін;

4) алиментті өндіру және әкесін анықтау туралы арызды талап қоюшы оның тұрғылықты жері бойынша береді;

5) зақым келтірумен денсаулыққа өзге зиян келтірумен, сондай-ақ асыраушысының өлгенінен болған шығынды өндіру туралы талап қою арыздарын талап қоюшы оның тұрғылықты жері немесе шығын келтірген жері бойынша береді;

6) орындалу орны көрсетілген шарттардан туындайтын талаптар шарттың орындалатын жері бойынша қойылуы мүмкін.

7) некені бұзу туралы талап қою арыздары талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша, сондай-ақ онда кәмелетке жасы толмаған балалары болатын болса немесе денсаулық жағдайына байланысты талап қоюшы жауап берушінің тұрғылықты жеріне бару қиындық тудыратын жағдайда талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша беріледі;

8) жалақаны, зейнетақы мен жәрдемақыны төлеттіру, сондай-ақ азаматты заңсыз соттаумен, заңсыз қылмыстық жауапқа тартумен, заңсыз алдын алу шараларын қолданумен не әкімшілік қамау түріндегі заңсыз әкімшілік айыппұл салумен келтірілген шығындарды өтеумен байланысты енбек, зейнетақы және тұрғын үй құқықтарын қайта калпына келтіру туралы талап қою арыздары талап етушінің тұрғылықты жері бойынша беріледі. Әкімшілік айыппұлдар салу туралы қаулыларды жоққа шығару туралы арыздар талап етушінің тұрғылықты жері бойынша беріледі;

9) тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы арыздар талап етушінің тұрғылықты жері не болмаса келісімшартқа отырған немесе оны оның орындалған жері бойынша беріледі;

10) кемелердің соқтығысу кесірінен болған шығындарды өндіру туралы, сондай-ақ теңіздегі көрсеткен көмегі мен құтқарғаны үшін сыйақыны өндіру туралы арыздар жауап берушінің тұрғылықты жері бойынша немесе кеме портының тұрған жерінің жазылғаны бойынша беріледі;

11) ҚР АІЖК-нің 33-бабындағы (ерекше соттылық) соттылықтан басқа осы бапқа сәйкес бірнеше соттардың бірін таңдаудың сотты ісі талап қоюшыға тиісті.

Балама соттылықты анықтаудың мақсаты бұзылған немесе жокка шығарылған құқықтарын сот жүзінде қорғауды қажет ететін тараптар үшін талап қоюшының уақытын үнемдеу мен талап қою арызын қарау кезінде жайлы құқықтық жағдайларды туғызудан тұрады.

Ерекше соттылық (ҚР АІЖК, 33-бап). Ерекше соттылықтың мәні істердің кейбір санаттары (категориялары) үшін заңның жалпы ережеден ерекше тәртіппен құзырлы сотқа істі қарауды тікелей көрсетуінен тұрады. ҚР АІЖК-нің 33-бабына сәйкес:

– жер телімдеріне, ғимаратқа, үй-жайға, құрылысқа, жермен тығыз байланысты өзге нысандарға (жылжымайтын мүлік) құқықтар туралы, мүлікті қамаудан босату туралы талап қою арызы осы нысандардың немесе қамауға алынған мүліктің тұрғылықты жері бойынша беріледі;

– несие берушілердің, мұрагердің мұраны қабылдағанға дейінгі ұсынған мұраға қалдырушының талап қою арыздары мұрагерлік мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің тұрған жеріндегі сотқа беріледі;

– жүктерді, жолаушыларды тасымалдау келісімдерінен шыққан тасымалдаушыға талап қою арызы жұмыс істеп жатқан көліктік ұйымның тұрақты жері бойынша беріледі.

Келісімді соттылық (ҚР АІЖК, 34-бап). Соттылықтың осы түрінің мәні берілген іс үшін аумақтық соттылықты тараптардың өзара келісім бойынша өзгерте алуынан тұрады. Соттылық туралы тараптардың өзара жасаған келісімінің екі жаққа да міндетті күші болады. Сондықтан да келісімді біржақты өзгертуге болмайды. Тараптардың келісімі бойынша ерекше соттылықты өзгертуге болмайтынын айта кеткен жөн. (ҚР АІЖК 33-бап).

Бір-бірімен өзара байланысты істердің соттылығы (істердің байланыстылығы бойынша соттылық). ҚР АІЖК 35-бабында қарастырылған. Сот тәжірибесінде істерді бір талап қою сот ісінде бірге қарап, шешуде бірнеше жеке талаптардың бірігу жағдайлары кездесуі мүмкін. Әр жерде тұратын бірнеше жауап берушіге қойылатын талап талап етушінің таңдауы бойынша жауап берушінің бірінің мекенжайы немесе тұрғылықты жері бойынша беріледі. Егер де ҚР АІЖК 171-бапқа сәйкес (бірнеше

талап қою арыздарын біріктіру және ажырату) жоғарғы соттар бұл талаптарды ажырату туралы анықтау шығармаса, өртүрлі сотқа сотты бір арызға біріктірілген талаптар осы арыздардың бірінің талаптары Жоғарғы Сотта қаралады.

Жеке талап қоюшы үшінші тұлғаның талабы, сондай-ақ оның соттылығына карамастан сотқа карама-карсы талап қою арызы берілетін болса, онда ол алғашқы арызды караған сотқа береді.

Егер де қылмыстық істен туындаған азаматтық талап қою арызы дер кезінде берілмеген немесе қылмыстық сот ісінде шешілмеген болса, онда ол жеке беріледі де, соттылық ережесі бойынша азаматтық сот ісі тәртібімен қаралады.

Істі бір сот ісінен екінші сотқа беру (ҚР АІЖК, 36-бап). Сот талап қою арызын алғаннан кейін істің соттылығы мәселесін шешуі тиіс. Егер де іс сол соттың карауына жатпайтын болса, сот өзінің себепті анықтауымен арызды талап етушіге қайтарып береді. Анықтауда талап етушінің арызы қандай сотта қаралуы тиіс екендігі көрсетілуі тиіс.

Заңға сәйкес соттылық туралы ережені сақтай отырып, соттың қабылдаған талап қою арызы келешекте оның өзге сотқа сотты болғанына карамастан, ол мәні бойынша қаралып, шешілуі тиіс (ҚР АІЖК, 36-баптың 1-бөлігі).

Соттылықты өзгерту және істі бір соттан екінші сотқа беруі үшін азаматтық іс жүргізу заңында төмендегі негіздер қарастырылған: (ҚР АІЖК, 36-баптың 2-бөлігі):

– егер де бұрын мекен-жайы белгісіз болған жауап беруші істі өзінің тұрғылықты жеріндегі сотқа беру туралы мәлімдесе;

– бір немесе бірнеше соттардың қарсылығынан кейін, сондай-ақ өзге де көңіл бөлетін мән-жайларға байланысты соттарды ауыстыру немесе істі берілген сотта қарау мүмкін емес;

– егер де сотта істі қарау кезінде сот ісіне оның соттылық ережелерін бұзған күйінде қабылданғаны анықталса;

– егер де сотқа талап қою арызы берілсе.

Істің берілген соттың карауына жатпайтындығы туралы тараптардың арызын осы сот шешеді. Істі өзге сотқа беру мәселесі бойынша сот анықтау шығарады. ҚР АІЖК 30-бабының екінші бөлімінің 2 және 4-тармағында қарастырылған жағдайларда істі беру Жоғарғы Сот анықтауларымен жүзеге асады.

Істің сотты еместігі туралы тараптардың арызын қанағаттандырмау жөніндегі сот ұйғарымына Жоғарғы Сотқа шағымдануға болады, бұл соттың шешімі ақырғы болып табылады және шағымдануға, наразылық білдіруге жатпайды.

Істі бір соттан екінші сотқа беру осы анықтауға шағымдану мерзімі өткеннен кейін жүргізіледі, ал шағымданған жағдайда — шағымды қараусыз қалдыру туралы анықтау шығарғаннан кейін.

Соттар арасындағы соттылық туралы дауларды шешімі ақырғы болып табылатын және шағымдануға, наразылық білдіруге жатпайтын Жоғарғы Сот шешетінін айта кеткен жөн.

9-т а р а у. СОТ ШЫҒЫНДАРЫ

§ 1. Сот шығындары ұғымы және оның түрлері

Сот шығындары — бұл азаматтық істерді мәні бойынша талқылаумен байланысты тұлғалар алып келетін шығындар. Сот шығындарын төлеу даудың тақырыбына жеке талаптарды мәлімдеуші тараптар мен үшінші тұлғаларға, сондай-ақ талап қою істеріне жатпайтын арыз берушілерге жүктеледі. Әділсот жүргізу бойынша сот шығындары мемлекетке төленеді, дегенмен де ол азаматтық істер бойынша сот жүзінде қорғалу құқығына кедергі келтірмейтіндей болуы тиіс. Сот ісін жүзеге асыру кезінде мемлекет мынадай максаттар үшін сот шығындарын (мемлекеттік баж салығы мен шығындар) енгізуі қажет:

— мемлекеттік баж салығын төлеу жолымен сот шығындарын жабу;

— мемлекеттік баж салығы мөлшерін анықтау арқылы жеке және заңды тұлғалардың талаптарында мәлімделген негізсіз аса үлкен мөлшердегі төлемдерді тоқтату үшін;

— мемлекеттік баж салығын төлеу міндеттерін ерікті түрде орындауға ынталандыру үшін.

Сот шығындары мынадан тұрады (ҚР АІЖК, 100-бап):

1) мемлекеттік баждан;

2) іс бойынша сот ісімен байланысты шығындардан. Сот шығындарын соттың анықтауы бойынша бір немесе екі тараптар төлейді, ал оны төлеудің негізіне кінә немесе тараптың өтініші жатады.

Сот шығындары. Іс бойынша сот ісімен байланысты сот шығындарына мыналар жатады (ҚР АІЖК, 107-бап):

— куәгерлерге, сарапшыларға және мамандарға төленуі тиіс сомалар;

- оқиға орнын қарау ісімен байланысты шығындар;
- заттай дәлелдемелерді сақтауға кететін шығындар;
- іздеу бойынша жауап берушіден алынатын шығындар;
- іс бойынша баспасөзге және хабарлама беруге кететін шығындар;
- сотқа тараптарды шақыруға кететін шығындар;
- сотқа келумен байланысты тараптардың және үшінші тұлғалардың жолына және тұрғын-үйлерді жалдауға кететін шығындар;
- өкілдердің көмегіне төлеумен байланысты шығындар;
- соттардың шешімдерін, үкімдерін, және қаулыларын орындаумен байланысты шығындар;
- жоғалтқан уақытқа төленетін өтем;
- сот қажет деп тапқан өзге де шығындар.

Сот шығындарына куәгерлерге, сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға төленетін сомалар да жатады. Олар мынадан тұрады: (ҚР АІЖК, 108-бап):

- сотқа келу, жол ақысы, үй-жайды жалдау, бір күндік шығындар іс сапарға жіберілген адамдар үшін бекітілген мөлшерде.

- сарапшыға және маманға төленетін шығындар оларға тиісті химиялық реактивтер мен тапсырылған жұмысты орындау кезінде жұмсалатын өзге де материалдар құнын өтеуге, сондай-ақ жұмысты орындауда олардың жабдықтарды, коммуналдық қызметтерді және көлік уақытын пайдаланғаны үшін төленеді;

- жұмыс істемейтін куәгерлерге өтем (компенсация) ретінде төленетін шығындар сотта нақты болған уақыттарын есепке ала отырып, айлық жалақының ең төменгі мөлшері түрінде төленеді.

Куәгерлерге, сарапшыларға, мамандар мен аудармашыларға төленетін тиісті сомаларды олардың өз міндеттерін орындаулары бойынша сот депозитті есепшотпен республикалық бюджеттен төлейтінін айта кету керек. Сыйақы мөлшерін сот енбегіне қарай төленетін тиісті төлем нормаларына қарай төлейді (ҚР АІЖК, 109-бап).

§ 2. Мемлекеттік баж салығы

Мемлекеттік баж салығы — заңды мәні бар іс-әрекеттерді жасауға және (немесе) өкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың беретін құжаттарына алынатын міндетті төлем (ҚР Салық кодексі, 493-бап).

Бұл төлем тек әділсоттылықты жүргізу үшін ғана емес, сонымен бірге нотариалды органдар, АҚАЖ (азаматтық хал актілерін жазу) және өзге органдардың қызметтеріне төленетін болғандықтан мемлекеттік баж салығы ұғымының аясы кең.

Мемлекеттік баж салығының бағамы, оның мөлшері азаматтарға іс бойынша талап қою арыздарымен сотқа жүгінуге мүмкіндік беретіндей етіп бекітілген. Сонымен қатар азаматтық іс жүргізу заңы сот шығындарын төлеу кезінде кейбір азаматтарға белгілі бір жеңілдіктерді ұсынады. Мысалы, мемлекеттік баж салығынан босату материалдық жағдайларды есепке ала отырып Қазақстан Республикасының Салық кодексінде қарастырылған. (ҚР АІЖК, 104-бап). Сот осы негіздер бойынша сот шығындарын төлеу мерзімін ұзартып немесе кейінге қалдыра алады.

Әлеуметтік жағынан барынша маңызы бар талап қою арыздарына берілген жеңілдіктер істердің мынадай санаттарына (категорияларына) қолданылуы мүмкін: жалақыны өндіру туралы; заңсыз жұмыстан босатылған жұмысшыны қайта жұмысқа кіргізу туралы; қылмыспен келтірілген зиянды немесе зиянкестіктен немесе денсаулыққа зиян келтіруден, сондай-ақ асыраушысын өлтіруден болған зиянды өтеу туралы; алиментті өндіру туралы; заңсыз соттаумен немесе заңсыз қамауда ұстаумен және т.б. келтірілген шығынды өндіру туралы;

Мемлекеттік баж салығын төлеу мен оның мөлшері Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 90-тарауымен реттеледі. Мемлекеттік баж салығы сотта мына құжаттарға салынады:

- 1) сотқа берілген талап қою арыздарына;
- 2) ерекше сот істері бойынша арыздарға (шағымдарға);
- 3) апелляциялық, кассациялық және қадағалау шағымдарына;
- 4) заңды күшіне енген сот шешімінен кейін берілген төлемдердің мөлшері мен мерзімдерін өзгерту туралы талап ету арыздарына;
- 5) бұқаралық қарым-қатынастардан болған істер бойынша арыздарға;
- 6) сот бұйрығын шығару туралы арыздарға;
- 7) сотқа құжаттардың көшірмелерін қайта беру жазған туралы арыздарға;
- 8) талап ету арыздарының аралық соттарда қаралуын қамтамасыз ету туралы арыздарға;

9) аралық соттардың шешімдерін жоққа шығару туралы арыздарға;

10) аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлі түрде орындау туралы орындалу парағын беру туралы арыздарға.

Мемлекеттік баж салығы сотқа арыз немесе шағым бергенге дейін және сот құжаттардың көшірмесін беру кезінде төленеді.

Сотқа берілген талап ету арыздарына (шағымдарына) төленетін мемлекеттік баж салығы Салық кодексінде бекітілген:

а) ерекше сот істері, кассациялық, апелляциялық және қадағалау істері және соттың құжат көшірмелерін беру бойынша (ҚР СК, 496-бап).

Мысалы мемлекеттік баж салығы мынадай мөлшерде салынады:

– мүліктік сипаттағы талап ету арыздарынан жеке тұлғалар үшін – талап сомасының 1 пайызы, заңды тұлғалардан талап сомасының 3 пайызы;

– мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының құқыққа нұқсан келтіретін, құқыққа жат іс-әрекеттеріне шағым жазудан жеке тұлғалар үшін – 30 пайыз, заңды тұлғалардан – 50 пайыз;

– некені бұзу туралы талап ету арызынан – 30 пайыз;

– ерекше сот істері бойынша арыздардан (шағымдаран) – 50 пайыз;

– кассациялық, апелляциялық және қадағалау шағымдарынан – 50 пайыз;

– орындалу парағын беру мәселесі бойынша сот ұйғарымына жеке шағымдардан – 50 пайыз;

– сот шешімдерінің, анықтауларының және өзге де сот қаулыларының, сондай-ақ басқа да құжаттардың көшірмелерін қайта беру үшін – әр құжат үшін 10 пайыз және әрбір дайындалған бет үшін 3 пайыз.

Бір мезгілде мүліктік және мүліктік емес талаптардан тұратын талап ету арыздарына бір мезгілде әрқайсына мүліктік сипаттағы талап ету арыздары үшін және мүліктік емес сипаттағы талап ету арызына жеке мемлекеттік баж салығы салынады.

Мемлекеттік баж салығына қосымша төлем былайша төленеді (ҚР АІЖК 103-бап):

– арызды берген уақытта оның құнын анықтау қиын болған кезде істі шешу кезінде сот анықтаған талап ету арызының құнына тең баж салығын кейін төлете отырып, мемлекеттік баж салығының мөлшерін алдын ала сот анықтайды;

– істі қарау кезінде арыздағы талаптарды ұлғайту кезінде жетпеген соманы ұлғайтылған талап құнына сәйкес талап етуші төлейді.

§ 3. Мемлекеттік баж салығын төлеуден босату

Мемлекеттік баж салығын төлеуден босатуды ҚР АІЖК-нің 104-бабы реттейді және ол Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 501-бабында қарастырылған негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік баж салығын төлеуден жалпы соттарда қаралатын істер бойынша мыналар босатылады:

– жалақыны төлеу және еңбек әрекеттерімен байланысты өзге талаптарды өндіру туралы талаптар бойынша талап етушілер;

– авторлық құқықтан, сондай-ақ жаңалық ашу, рационализаторлық ұсыныстан және өнеркәсіптік үлгілерден туындайтын талаптар бойынша талап етушілер;

– алименттерді өндіру талаптары бойынша талап етушілер;

– зиянкестіктен немесе денсаулыққа зиян келтіруден, сондай-ақ асыраушысын өлтіруден болған зиянды өтеу туралы талаптар бойынша талап етушілер;

– қылмыспен келтірілген материалдық зиянды өтеу талаптар бойынша талап етушілер;

– некені бұзу туралы істері бойынша кассациялық шағымдар бойынша жеке тұлғалар;

– қылмыстық істермен және алиментпен байланысты құжаттарды беру үшін іске қатысы жоқ тұлғалар, басқа да жеке және заңды тұлғалар;

– талап етушілер – мемлекетке келтірілген шығынды қалпына келтіруде мемлекет кірісіне өндіру туралы талаптар бойынша;

– қылмыспен келтірілген материалдық шығынды өндірудің дұрыстығы жоққа шығарылатын қылмыстық істер жөніндегі кассациялық шағымдар бойынша жеке тұлғалар;

– өзге тұлғалардың немесе мемлекеттің заңды мүдделері үшін қарастырылған заңмен арызданған жағдайларда жеке және заңды тұлғалар;

– Ұлы Отан соғысына қатысқан және оларға тең тұлғалар, бірінші және екінші топтағы мүгедек талап етушілер – барлық істер мен құжаттар бойынша;

– Қазақстан Республикасының азаматтығын алумен байланысты құжаттар бойынша барлық істерде талап етуші оралмандар;

Жеке және заңды тұлғалар сотқа берген мынадай арыздар үшін төленетін мемлекеттік баж салығынан босатылады:

– іс бойынша сот ісін тоқтату туралы немесе іс бойынша сот ісін тоқтату туралы соттын арызды қалдыруы немесе арызды караусыз қалдыру туралы сот ұйғарымын жокқа шығару;

– шешімді орындау мерзімін кейінге қалдыру немесе ұзарту туралы;

– шешімді орындау әдісі мен тәртібін өзгерту туралы;

– талап ету арызын карауды қамтамасыз ету немесе оны өзге түрімен ауыстыру;

– қайта ашылған жаңа мән-жайлар бойынша сот шешімін, анықтауларын және қаулыларын қайта карау туралы;

– сот ұйғарымымен салынған айыппұлдарды қосу немесе азайту туралы;

– сот орындаушыларының әрекеттеріне шағым жасау туралы;

– өтіп кеткен мерзім туралы сот шешімінің орындалуын бұру туралы;

Заң бойынша мемлекеттік баж салығын төлеуден мынадай шағымдарды берген тұлғалар да босатылады:

– сот орындаушыларының әрекеттеріне берген шағымдар;

– айыппұлдарды қосу немесе азайтудан бас тарту туралы сот анықтауларына берген жеке шағымдар

– сот ұйғарымына берген өзге шағымдар;

– әкімшілік құқық бұзушылық істерінің қаулыларына берген шағымдар;

– сырттай қабылданған шешімді жокқа шығару туралы берілген шағымдар;

– бұрын берілген апелляциялық, кассациялық шағымдарға берілген қосымша шағымдар;

Сонымен бірге заң төмендегілерді мемлекеттік баж салығын төлеуден босатады:

– прокуратура органдары – барлық істер бойынша;

– мемлекеттік мекемелер – үшінші тұлғалардың мүдделерін қорғаудан басқа өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сотқа арыздану және сот шешімдеріне шағымдану кезінде;

– мүгедектердің қоғамдық ұйымдары – өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша талап қою арыздарын беру кезінде;

– сақтандырушылар мен сақталушылар – міндетті сақтандыру келісім-шарттарынан туындаған талаптар бойынша;

– талап етушілер мен жауап берушілер – заңсыз соттаумен, қылмыстың алдын алу мақсатында заңсыз тұтқындаумен немесе қамауға алу не жөндеу жұмыстары түрінде заңсыз өкімшілік айыппұлдарын салумен азаматқа келтірілген зиянды қалпына келтірумен байланысты даулар бойынша;

– Қазақстан Республикасының Халық банкі және оның бөлімшелері мен өкілдіктері – олардың құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі талаптар бойынша.

Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары немесе жекелеген азаматтар өзге тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін берген талап ету арыздары қараусыз қалдырылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда арызды берген талап етуші егер де ол талап ету арызын қарауды табанды түрде талап ететін болса және мемлекеттік баж салығынан босатылмаған болса жалпы тәртіппен мемлекеттік баж салығын төлеуге міндетті (ҚР АІЖК 104-баптың 3-бөлігі).

Мемлекеттік баж салығының қайтарылуы (ҚР АІЖК 106-бап). Мемлекеттік баж салығы мынадай жағдайларда (толықтай немесе жартылай) қайтарылады:

– талап қою арызын қабылдаудан бас тартқан кезде;
– істі аралық сотқа берген кезде;
– заңда қарастырылған мемлекеттік баж салығының үлкен көлемін төлеу;

– формасы мен мазмұны жоқ арызды, шағымды немесе өзге жүгіруді қайтару;

– істің сотқа ведомстволық бағынышты еместігімен байланысты іс бойынша сот ісін тоқтату;

– шағымды қалдыру туралы қаулыдағы шағымды, наразылықты өрекетсіз қалдыру туралы сот нұсқауларын бекітілген мерзімде орындамау;

– шағым және наразылықты берген тұлғаның өтініші бойынша;

– егерде шағымдану немесе наразылық білдіру мерзімі өтіп кеткен болса шағымда да, наразылықта да оны қайта қалпына келтіру туралы немесе оны қалпына келтіруден бас тарту кезінде өтінім болмайды;

– егер де шағым немесе наразылықты апелляциялық шағым жазуға не наразылық білдіруге құқысы жоқ тұлға берген болса.

Бекерге төленген мемлекеттік баж салығын қайтару туралы арызда бекерге төленген мемлекеттік баж салығын толықтай немесе жартылай қайтаруға негіз болатын мән-жайлар көрсетіліп, арызға тіркелуі тиіс:

– мемлекеттік баж салығы төленетін соттардың, органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың шешімі, анықтауы және анықтамалары;

– төленген жағдайларда – мекемелердің және лауазымды тұлғалардың салықтық тексеру актілері;

– мемлекеттік баж салығының төленгенін растайтын, банкінің түпнұсқа белгісі бар төлем тапсырыстары немесе түбіртектері;

– мемлекеттік баж салығы толықтай немесе жартылай қайтарылуы тиіс жағдайларда – аталған төлем құжаттарының көшірмелері.

Егер де қайтару туралы арыз салық органына төлемді қабылдаған банктің (оның бөлімшелерінің) тұрғылықты жері бойынша жергілікті бюджет кірісіне баж салығы төленген күннен бастап, бір жыл ішінде берілген болса мемлекеттік баж салығы қайтарылатынын айта кету керек. (ҚР АІЖК, 106-бап).

Мынадай жағдайларда мемлекеттік баж салығы қайтарылмайды:

– талап етуші талап қою арызынан бас тартқан жағдайда;

– талап етуші өз талаптарын азайтқан жағдайда;

– іс бейбіт келісіммен аяқталған жағдайда (ҚР АІЖК 107-бап).

Талап ету құны. ҚР АІЖК-нің 102-бапқа сәйкес талап ету құны былайша анықталады:

– ақшалай қаражатты өндіру туралы талап қою арыздарында – өндірілетін сомамен;

– мүлікті талап ету туралы талап қою арыздарында – талап ету сәтінде мүлік тұратын жердегі талап етілетін мүліктің нарық бойынша анықталған құнымен;

– алиментті өндіру туралы талап қою арыздарында – бір жылғы төлемдер жиынтығымен;

– жылдам төлемдер төлеу мен берулер бойынша талап қою арыздарында – барлық төлемдер мен берулердің жиынтығымен, бірақ үш жылдан аспауы тиіс;

– мерзімсіз және өмір бойы төленетін төлемдер мен берулер бойынша талап қою арыздарында – үш жылғы төлемдер мен берулер жиынтығымен;

— төлемдер мен берулерді азайту немесе ұлғайту бойынша талап қою арыздарында — арызданушы ұсынып отырған азайту немесе ұлғайтылатын төлемнің жалпы сомасымен, бірақ бір жылдан аспауы тиіс;

— төлемдер мен берулерді тоқтату туралы талап қою арыздарында — қалған төлемдер немесе берулердің жиынтығымен, бірақ бір жылдан аспауы тиіс;

— мүліктік жалдың келісім-шартын мерзімінен бұзу туралы талап қою арыздарында — келісім-шарттың қалған мерзімді күшінде мүлікті қолдану үшін төленетін төлемдер жиынтығымен, бірақ үш жылдан аспауы тиіс;

— азаматтарға және занды тұлғаларға тиісті құрылыс салуға құқығы туралы талап қою арыздарында құрылыс құны арыз берген күні құрылыстың тұрған жеріндегі нарық құнымен анықталады, бірақ ол БТИ-дің инвентаризациялық бағасынан кем болмауы тиіс немесе ол болмаған жағдайда — сақтандыру келісімі бойынша бағадан төмен болмауы тиіс, ал мекемелерге тиісті құрылыс үшін құрылыстың теңгерімдік (баланстық) құнынан төмен болмауы тиіс;

— бірнеше жеке талаптардан тұратын талап қою арыздарында — барлық талаптардың жалпы сомасымен.

Талап ету құнын талап етуші белгілейтінін ескерген жөн. Көрсетілген бағаның талап етіп отырған мүліктің нақты құнымен анық сәйкес келмеген жағдайда талап ету құнын сот талап қою арызын қабылдау кезінде анықтайды.

ҚР АІЖК-нің ІІІ-бабына сәйкес пайдасына шешім қабылданған тараптың іске қатысушы сот өкілдерінің көмегіне жұмсаған шығындарын сот екінші тараптан кеткен шығын мөлшерінде өндіреді. Ақшалай талаптар бойынша бұл шығындар талаптың қанағаттанған бөлімінің он пайызынан аспауы тиіс. Егер де тарап адвокаттың тегін көмегін пайдаланған болса, аталған шығындарды сот заң кенесінің, адвокатты берген заң кеңесінің немесе келісім бойынша жұмыс істеген адвокаттың пайдасына шешеді.

§ 4. Сот шығындарын бөлу

Сот шығындарын бөлу — бұл іс талқылауынан кейін соттың шешімі бойынша сот шығындарын төлеуге тиіс тараптардың анықтаулары. Сот шығындарын бөлу мәселесі істі қарау нәти-

жесіне байланысты. Талапты (толықтай немесе жартылай) қанағаттандырған немесе одан бас тартқан жағдайда сот іс бойынша шешімнің қарарлы бөлімінде сот шығындарын процеске қатысушыларға бөлуді көрсетуі тиіс.

ҚР АІЖК-нің 110-бабы тараптар арасында сот шығындарын бөлудің мынадай тәртіптерін қарастырады:

1) пайдасына шешім қабылданған тарапқа сот екінші тараптан бұл тарап сот шығындарын төлеуден босатылған болса да, соттың бастамасы бойынша төленуі тиіс куәгерлерді шақыру, сарапшы тағайындау, мамандарды тарту және өзге де іс-әрекеттерді жасаудан басқа іс бойынша сот ісіне кеткен шығындарды өтеуді бекітеді;

2) егер де талап қою арызының бір бөлігі қанағаттандырылған болса, сот шығындары сот қанағаттандырған талап қою арызына тең мөлшерде талап етушіге артылады, ал жауап берушіге талап қою арызының талап етушіге бас тартылған бөлігі артылады.

Сот шығындарын бөлудің ұқсас тәртібі істі соттын аппеляциялық және кассациялық сатыларында қарау кезінде мынадай жағдайларда қолданылады:

– егер де жоғарғы сатыда тұрған сот істі жаңа қарауға бермей, төменгі сатыдағы шыққан сот шешімін өзгертсе немесе жаңа шешім қабылдаса, ол соған сәйкес сот шығындарын бөлуді де өзгертеді;

– егер де жоғарғы сатыда тұрған сот сот шығындарын бөлу жөніндегі соттын шешімін өзгертпесе, бұл мәселені мүдделі адамның арызы бойынша төменгі сатыдағы сот шешуі тиіс;

– егер де сот талап етушінің арызын қараусыз қалдырса немесе талап етуші өз талаптарынан бас тартса, онда жауап беруші оның сот шығындарын өтеуге тиісті емес;

– егер де талап етуші өз талаптарын қолдамаса, талап қою арызын бергеннен кейін талап етушінің талаптарын жауап беруші ерікті түрде қанағаттандырса, онда сот шығындарын, сонымен бірге өкілдердің қызметіне төленетін шығынды талап етушінің өтініші бойынша жауап беруші өтеуі мүмкін;

– бейбіт келісім жасаған кезде тараптар сот шығындарын өтеу тәртібі туралы мәселені келісулері тиіс, олай болмаған жағдайда заңда қарастырылған жалпы тәртіп бойынша істі қараумен байланысты шығындарды өтейтін тарапты сот анықтайды.

Тараптардың сот шығындарын өтеуі. Азаматтық сот ісінде ҚР АІЖК-нің 56, 57-баптарындағы тәртіппен өзге тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінетін жағдайлар кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайларда заң сот шығындарын былайша бөлуді қарастырады (ҚР АІЖК 115-бап):

1) талап етушінің құқықтарын; бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде заңда қарастырылған жағдайлармен сотқа арызданған талап етушінің арызынан толықтай немесе бір бөлігінен бас тартқан кезде істі қараумен байланысты шығындар жауап берушіге толықтай немесе талап берушіден бас тартылған бөлігіне тең түрде республикалық бюджеттен қайтарылады;

2) мүлікті қамаудан босату туралы талап қою арызын қанағаттандырған кезде, талап етушіге шығындар республикалық бюджет есебінен қайтарылады.

Мемлекетке сот шығындарын төлеу (ҚР АІЖК 116-бап). Талап етушіні сот шығындарынан босатқан жағдайда сот шығындарын төмендегідей бөледі:

1) іспен байланысты шығындар және талап етуші төлеуден босатылған мемлекеттік баж салығын сот шығындарын өтеуден босатылмаған жауап беруші мемлекет кірісіне толықтай немесе талап қою арызының қанағаттандырылған бөлігіне тең мөлшерінде өтейді;

2) талап қою арызынан бас тартылған жағдайда істі қараумен байланысты сот шығындарын төлеуден босатылмаған талап етуші мемлекет кірісіне төлейді;

3) егер де жауап беруші сот шығындарын төлеуден босатылған болса, талап қою арызының бір бөлігін қанағаттандыратын жағдайда істі қарауға жіберген сот шығындарын оны төлеуден босатылмаған талап етуші мемлекет кірісіне талап қою арызының қанағаттандырудан бас тартылған бөлігіне тең мөлшерде төлейді.

4) егер де екі тарап та сот шығындарын төлеуден босатылған болса, істі қарауға кетірген сот шығындары республикалық бюджеттің есебіне жатады;

5) тиісті төлемді төлеуден жалтарған тұлғаны іздестірген жағдайда, іздеу жұмыстарына кеткен шығындарды мемлекет кірісіне осы адам төлейді.

Сот шығындарымен байланысты сот ұйғарымына жеке шағым берілуі немесе наразылық білдірілуі мүмкін.

10-т а р а у. ІС ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

§ 1. Іс жүргізу мерзімінің ұғымы мен оны белгілеу

Іс жүргізу мерзімдері — бұл азаматтық іс жүргізу заңымен бекітілген немесе сот (сот төрешісі) тағайындаған азаматтық сот процесі субъектілерінің белгілі бір іс жүргізу әрекеттерін жа-сауға тиісті уақыт аралығы.

Азаматтық сот ісі міндеттерінің біріне соттың азаматтық істерді негізді түрде және өз уақытында қарап, шешуі жатады. Іс жүргізу мерзімдерін тағайындау істерді өз уақытында қарап, шешілуіне ықпал етуден басқа мыналарға бағытталған:

— іс жүргізу әрекеттерін белгілі бір уақыт аралығында рет-теу;

— өз әрекеттерімен немесе әрекетсіздіктерімен істің өз уақытында шешілуіне кедергі келтіретін процестің қиянатшыл қатысушыларына әсер ету;

— іске тараптардың қатысуының тұрақтылығына, анықты-ғына және нақтылығына ықпал ету; соттың әділ болуын жүзеге асыруда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін жүйелі түрде сақтау.

Мерзімдер есептеу әдісі бойынша былайша жіктеледі:

- белгілі бір уақыт кезеңіне есептелетін мерзімге;
- календарлық күнмен анықталатын мерзімге;
- нақты бір оқиғаны көрсетумен қайткенде де болатын мерзімдерге.

Мысалы, егер де сот шешімі талап етушінің пайдасына шешілетін болса, ал оның заңды күшіне енетін мерзімі және екінші тараптың шағымдану мерзімі нақты анықталмаса неме-се шектелмесе онда талап етуші соттың шешімі бойынша өз құқықтарын мәжбүрлі түрде қай кезден бастап жүзеге асыра-тынын білмейтін болады.

Іс жүргізу мерзімдерін есептеу (ҚР АІЖК 124-бап). Іс жүргі-зу әрекеттерін жүзеге асыру мерзімдері былайша анықталады:

а) нақты календарлық күнмен (мысалы, сот шешіміне ша-ғымдану мерзімі). Мұндай жағдайларда мерзім календарлық күннен немесе оқиға басталғаннан кейін ертеніне басталады.

б) қайткенде де болатын нақты оқиғаны көрсетумен;

в) жылдармен, айлармен немесе күндермен есептелетін уақыт кезеңімен.

Соңғы жағдайда іс-әрекет бүкіл кезен кезінде жасалуы мүмкін.

Іс жүргізу мерзімдерінің аяқталуы. (ҚР АІЖК 125-бап). Жылдармен есептелетін мерзім мерзімнің соңғы жылының тиісті айында және күнінде бітеді. Айлармен есептелетін мерзім мерзімнің тиісті соңғы айы мен күнінде аяқталады. Мысалы, сот шешімі 15 қазанда қабылданған болса, апелляциялық шағымданудың он бес күндік мерзімі 16 қазанда басталып 1 қарашада бітеді. Егер де айлармен есептелетін мерзім соны тиісті саны жок айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде бітеді. Күндермен есептелетін мерзім бекітілген кезеннің соңғы күнінде бітеді. Мерзімнің соңғы күні жұмыс күні болып есептелмейтін жағдайларда, мерзімнің аяқталуы келесі жұмыс күні болып табылады.

Мерзімі бекітілген іс жүргізу әрекеттері мерзімнің соңғы күнінің 24.00 сағатына дейін жасалынуы мүмкін.

Егер де шағым, құжаттар не болмаса ақшалай сома поштаға, телеграфка немесе байланыстың өзге құралдары арқылы мерзімнің соңғы күні 24.00. сағатқа дейін тапсырылған болса, онда мерзім өтпеген болып саналады. Егер де тұлға құжаттарды, ақшаны пошта, телеграф арқылы жібермей, сотқа беретін болса, онда мекемелерде бекітілген тәртіп бойынша жұмыс аяқталатын немесе тиісті операциялар тоқталатын болғандықтан, бұл жұмыс күнінің аяғына дейін жасалуы тиіс.

Іс жүргізу мерзімдері бекітілу әдістеріне қарай былайша бөлінеді:

а) заңмен анықталатын мерзімге; б) сот бекіткен мерзімге. Заңмен анықталған мерзімдер сот үшін де, іске қатысушы тұлғаларға да міндетті сипатқа ие. Мұндай жағдайларда соттың мерзімдерді өзінше немесе тараптардың келісімі бойынша өзгертуге құқысы жок. Керісінше заңда процесс қатысушыларының сол не өзге іс жүргізу әрекеттерін реттейтін нормалар болмаған жағдайда сот мерзімдері қолданылады. Мұндай жағдайларда сот (сот төрешісі) істің нақты мән-жайларына қарай процеске қатысушы тұлғалар үшін бекітілген мерзімдерді тағайындауға, өзгертуге құқылы.

Сот ісінің субъектілері бойынша мерзімдерді мынадай мерзімдерге бөлуге болады:

- а) сот жасаған іс-әрекеттер мерзімі;
- б) іске қатысушы тұлғалардың жасаған іс-әрекеттерінің мерзімі;

- в) өзге тұлғалар жасаған іс-әрекеттер мерзімі;
- г) тұлғалардың соттын міндетті ұйғарымын орындау мерзімдері.

Соттын (сот төрешісінің) іс жүргізу әрекеттерін жүргізуі үшін бекітілген іс жүргізу мерзімі заң тәртібімен анықталып, Қазақстан Республикасының АІЖК-де бекітілген. Соттын заңмен бекітілген іс-әрекеттер мерзіміне мыналар жатады:

- *арыздағы кемшіліктерді жою туралы бұйрықты іс бойынша мерзімдер*. Арызды қабылдағаннан кейін, сот егер де арыз заң талаптарына сәйкес келмейтін болса, сот бұйрығын шығару туралы өзінің анықтауымен қарызды төлейтін адамға кемшіліктерді жою үшін үш күн уақыт береді (ҚР АІЖК 144-бап);

- *сот бұйрығын шығару мерзімі*. Мәлімделген талап бойынша сот бұйрығын сот төрешісі арыз түскен күннен бастап үш күн ішінде шығарады. (ҚР АІЖК 145-бап);

- *талап қою арызын қабылдау мерзімі*. Сот бес күн ішінде талап қою арызын қабылдауға міндетті. (ҚР АІЖК 152-бап);

- *талап қою арызын қабылдаудан бас тарту мерзімі*. Талап қою арызын қабылдаудан бас тарту туралы соттын анықтауы бес күн ішінде шығарылуы тиіс. (ҚР АІЖК 153-бап);

- *істі сот талқылауына дайындау мерзімі*. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау жеті күннен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс. (ҚР АІЖК 16-бап);

- *азаматтық істерді қарау мен шешу мерзімдері*. Азаматтық істерді қарау мен шешу мерзімі істі сот талқылауына дайындау аяқталғанға дейін екі ай. (ҚР АІЖК 174-бап);

- жұмысқа қайта орналасу, алимент өндіру және мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды тұлғалардың, мемлекет қызметкерлерінің іс-әрекеттері мен әрекетсіздіктерін жокқа шығару туралы істерді қарау мерзімдері бір ай ішінде қаралып, шешілуі тиіс. (ҚР АІЖК 174-бап);

- *дәлелді сот шешімін құру мерзімдері*. Сот шешімі істі талқылағаннан кейін қабылданады және оның жазылуы бірден хабарланады (ҚР АІЖК 216-бап). Аса күрделі істер бойынша дәлелді сот шешімін құру бес күннен аспайтын мерзімге кейінге қалдырылуы мүмкін. Дегенмен де істі мәні бойынша талқылағаннан кейін соттын қысқаша шешімі бірден хабарлануы тиіс (ҚР АІЖК 229-бап);

- *қосымша шешімді түсіндіру мерзімі*. Сот шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде шешімді түсіндіру туралы арызды қарауы тиіс (ҚР АІЖК 232-бап);

– *сот шешімінің заңды күшіне ену мерзімі.* Аудандық, облыстық және оған тең келетін соттардың істі бірінші сатыда қарауы бойынша шығарған шешімдері егер де оларға шағымдалынып немесе наразылық білдірілмесе, он бес күн ішінде заңды күшіне енеді. (ҚР АІЖК 235-бабының 1-бөлігі);

– бірінші сатыда соттарда қаралған істер бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының шығарған шешімі оның жариялаған күнінен бастап заңды күшіне енеді (ҚР АІЖК 235-бабының 3-бөлігі);

– *жылдам орындауға тиісті шешім мерзімдері.* Жылдам орындауға тиісті шешімдерге: а) алимент төлеуге үкім шығару туралы; б) жұмысшының тиісті жалақысын беру туралы; в) жұмысқа қайта орналасу туралы шешімдер жатады (ҚР АІЖК 237-бап);

– *сот орындаушысының ұсынысын қарау мерзімі.* Орындауға шара қолдану туралы сот орындаушысының ұсынысын сот он күн ішінде шешуі тиіс. (ҚР АІЖК 240-бап);

– *аралық соттардың шешімін мәжбүрлі түрде орындату туралы арызды қарау мерзімдері.* Орындалу парағын беру туралы арызды сотқа арыз түскен күннен бастап он бес күн ішінде сот жеке қарайды. Орындалу парағын беру туралы соттың анықтауы тез арада орындалуы тиіс. (ҚР АІЖК 241-1-бап. 6, 9-бөліктері);

– *сырттай шешім көшірмесін жіберу мерзімі.* Сырттай шешімнің көшірмесі оны шығарған күннен бастап үш күннен кешіктірілмей жауап берушіге алғаны жөнінде хабарламамен тібірге жіберіледі (ҚР АІЖК 263-бап);

– *сырттай шешімді жоққа шығару мерзімі.* Сырттай шешімді жоққа шығару туралы арызды сот арыз сотқа түскен күннен бастап он күн ішінде сот отырысында қарайды (ҚР АІЖК 267-бап);

– *нормативті-құқықтық актілердің заңдылығын жоққа шығару мерзімі.* Нормативті-құқықтық актілерде азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтары бұзылған деп есептейтін азамат немесе заңды тұлға осы акті толықтай немесе жартылай заңға қайшы келеді деп тану туралы сотқа арыз бере алады, ол он күн ішінде қаралуы тиіс (ҚР АІЖК 284-бап 2-бөлігі);

– *азаматты психиатриялық емханаға жатқызу туралы арызды қарау мерзімі.* Азаматты психиатриялық емханаға мәжбүрлі түрде жатқызу туралы арызды сот іс қозғалған сәттен бастап, бес күн ішінде қарайды (ҚР АІЖК 311-бап);

— жоғалған құнды қағаздарына ұсынушының құқықтарын қалпына келтіру туралы арызды қарау мерзімдері. Жоғалған құжатты жарамсыз деп тану туралы істі сот құжаттың жоғалғаны туралы баспасөзге жарияланған күннен бастап, үш ай мерзімінде қарайды (ҚР АІЖК 329-бап);

— аралық соттардың шешіміне шағымдану туралы арызды қарау мерзімі. Аралық соттардың шешіміне шағымдану туралы арызды сот іс қозғалған сәттен бастап он күн ішінде қарайды (ҚР АІЖК 321-2-бап).

— істі апелляциялық шағымдану сатысында қарау мерзімі. Апелляциялық шағымдану сатысында іс бірінші сатыдағы соттан түскен күннен бастап, бір ай ішінде қаралуы тиіс (ҚР АІЖК 349-бап);

— қадағалау шағымын алдын ала қарау мерзімдері. Қадағалау шағымы іс түскен күннен бастап бір ай ішінде қаралады (ҚР АІЖК 393-бап);

— істі қадағалау сатысында қарау мерзімдері. Іс қадағалау сатысында қадағалау ісін не болмаса прокурордың наразылығын қозғау туралы қаулымен істі қадағалау сатысына берген күннен бастап бір ай ішінде қаралуы тиіс (ҚР АІЖК 395-бап);

— қадағалау сатысындағы сот қаулысының заңды күшіне ену мерзімдері. Қадағалау сатысындағы сот қаулысы қабылданған сәттен бастап, заңды күшіне енеді (ҚР АІЖК 400-бап);

Іске қатысушы тұлғаларға бекітілген іс жүргізу мерзімдері. Аты аталған тұлғалар жасайтын іс-әрекеттер мерзімдеріне мыналар жатады:

— сот бұйрығына қарсылық білдіру мерзімі. Қарызгер сот бұйрығының көшірмесін алған сәттен бастап он күн ішінде сотқа өзіне қойылған талаптарға қарсылығын жіберуі тиіс (ҚР АІЖК 147-бап);

— талап қою арызындағы кемшіліктерді өзгерту мерзімі. Талап қою арызы ҚР АІЖК 150 және 151-баптарындағы талаптарға сәйкес келмеген жағдайда сот арызды қараусыз қалдыру туралы анықтау шығарады, бұл жайында тұлғаға хабарлайды және жетіспеушіліктерді түзетуге мерзім береді (ҚР АІЖК 155-бап);

— қарама-қарсы талап қою арызын беру мерзімі. Сот шешім шығарғанға дейін бастапқы арызбен бірге қарау үшін жауап беруші талап етушіге қарама-қарсы арыз жазуға құқылы. Қарама-қарсы арыз талап қою арызын беру туралы жалпы тәртіппен беріледі (ҚР АІЖК 157-бап);

— сот орындаушысының іс-әрекеттеріне шағымдану мерзімі. Шағымды сот он күн ішінде қарайды (ҚР АІЖК 240-5 2-бөлігі);

– *аралық соттың шешіміне жеке шағым беру мерзімі.* Талап қою арызын қамтамасыз ету мәселесі бойынша барлық анықтауларға жеке шағымдануға немесе наразылық білдіруге болады. Талап қою арызын қамтамасыз ету туралы арыз (шағым) сотқа түскен күннен бастап, анықтау шығарумен шешіледі (ҚР АІЖК 160-бап). Талап қою арызын қамтамасыз ету туралы анықтау шағым беруші тұлғаға хабарланбай шығарылса, шағым беру мерзімі осы анықтау оған белгілі болған күннен есептеледі. (ҚР АІЖК 164-баптың 2-бөлігі);

– шағым немесе наразылық бойынша апелляциялық тәртіппен қаралған бірінші сатыдағы соттың шешімі, егер ол жокқа шығарылмаған болса, апелляциялық сатыдағы сот қаулысы шыққан күннен бастап күшіне енеді. (ҚР АІЖК 235-баптың 3-бөлігі);

– *сот отырысының хаттамасына ескерту жасау мерзімі.* Іске қатысушы тұлғалар және олардың өкілдері сот отырысының хаттамасымен танысуға және ол жазылған күннен бастап бес күн ішінде оның дұрыс еместігін немесе толық еместігін көрсете отырып, жазбаша түрде ескерту беруге құқылы (ҚР АІЖК 258-бап);

– *сырттай шешімге шағымдану мерзімдері.* Жауап беруші осы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес күн ішінде сырттай шешім шығарған сотқа осы шешімді жокқа шығару туралы арыз бере алады. Соттың сырттай шығарған шешіміне тараптар шағымдана алады немесе прокурор осы шешімді жокқа шығару туралы арызды беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер де арыз берілген жағдайда бірінші сатыдағы соттың арызды қараудан бас тартқаны туралы анықтауы шыққан күннен бастап он бес күн ішінде апелляциялық тәртіппен наразылық білдіре алады. (ҚР АІЖК 264-бап);

– *өздерінің сайлау құқықтарын немесе референдумға қатысу құқықтарын қорғау туралы арыз беру мерзімдері.* Сайлауды өткізуге дайындық кезінде немесе сайлау кезінде, сондай-ақ дауыс бергеннен күннен бастап бір ай ішінде түскен арыз бес күн мерзім ішінде қаралуы тиіс, ал дауыс бергенге дейін бес күн бұрын түскен арыз дауыс берген күні және сайлау қорытындыларын хабарлағанға дейін жылдам қаралуы тиіс (ҚР АІЖК 273-бап);

– шығарылған актілерді және органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттерін заңға сай келмейді деп тану туралы прокурорға жүгіну мерзімдері. Прокурордың арызын сот он күн мерзім ішінде қарайды (ҚР АІЖК 287-бап);

– мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, мекемелердің, лауазымды тұлғалардың және мемлекет қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану мерзімдері. Азамат және заңды тұлға құқықтары мен бостандықтары және заңды мүдделері бұзылғаны белгілі болған кезден үш ай ішінде сотқа арыз беруге құқылы. Сотқа арыздануға берілетін үш ай мерзімінің өткені соттың арызды қабылдаудан бас тартуына негіз болмайды. Мерзімнің өтіп кету себебі сот отырысында арызды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және арызды қараудан бас тартуға негіз болуы да мүмкін (ҚР АІЖК 279, 280-баптар);

– азаматты хабар-ошарсыз жоқ деп тану немесе өлді деп хабарлау туралы арыз беру мерзімдері. Сот арызды қабылдағаннан кейін жергілікті газетке азаматты көрген-білгендері жайлы мәліметті сотқа хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай ішінде хабарлауын көрсетіп, осы дерек бойынша іс қозғалғаны туралы жариялау жөнінде анықтау шығарады (ҚР АІЖК 296-бап);

– азаматты психиатриялық емханаға жатқызу туралы арызды қарау мерзімі. Азаматты психиатриялық емханаға мәжбүрлі түрде жатқызу туралы арыз комиссияның дәрігер-психиатрларының азаматты психиатриялық емханаға жатқызу қажеттігі туралы қорытындысы шыққан сәттен бастап 72 күн ішінде беріледі (ҚР АІЖК 310-бап);

– жасалған нотариалды іс-әрекеттер немесе оларды жасаудан бас тарту туралы шағым беру мерзімдері. Шағым сотқа он күн ішінде беріледі (ҚР АІЖК 321-баптың 4-бөлігі);

– жоғалған құнды қағаздар туралы арыз беру мерзімі. Жоғалғаны туралы арыз берген күннен бастап үш ай мерзім ішінде сотқа құжатқа өзінің құқықтары туралы арыз беруге және құжаттың түпнұсқасын қоса тіркеуге міндетті (ҚР АІЖК 328-бап);

– аралық соттардың шешіміне шағымдану мерзімі. Аралық соттардың шешіміне шағымдану туралы арызды аралық соттың тараптары сотқа шағымдануға негіз бар екенін білген сәттен отыз күн ішінде бере алады (ҚР АІЖК 331-1-бап);

– істі апелляциялық шағымдар мен наразылықты беру мерзімі. Апелляциялық шағымдар мен наразылық сот аяқталған түрде (ҚР АІЖК 334-баптың 3-бөлігі) шешім шығарғаннан кейін, он бес күн ішінде берілуі тиіс. Апелляциялық шағымдар немесе наразылық егер де ҚР АІЖК 334 және 335-баптарындағы талаптарға сәйкес келмесе қараусыз қалдырылады. Сот шағымды

немесе наразылықты караусыз қалдыру туралы шешім шығарады және шағым беруші тұлғаға кемшіліктерді түзетуге уақыт береді. Егер де тұлға қаулыдағы аталған кемшілікті түзетсе, шағым, наразылық алғашқы рет сотқа берілген күнінде берілген болып табылады (ҚР АІЖК 336-бап);

– *бірінші сатыдағы соттың анықтаулары мен қаулыларына шағымдану, наразылық білдіру мерзімі.* Бірінші сатыдағы соттың анықтаулары мен қаулыларына Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚІЖК) қарастырылған жағдайларда, сондай-ақ анықтау, қаулы істің одан әрі жылжуына кедергі келтіретін жағдайларда жеке шағымдануға немесе наразылық білдіруге болады. Істерді бірінші сатыдағы қарау кезіндегі аудандық, облыстық соттардың және оларға тең соттардың қаулыларына, анықтауларына жеке шағымдар наразылық апелляциялық сатыдағы сотқа шағымдалған анықтау, қаулы шыққан күннен бастап он бес күн ішінде беріледі. Жеке шағымдар немесе наразылық анықтау шығарған сот арқылы беріледі (ҚР АІЖК 344-баптың 4-бөлігі);

– *заңды күшіне енген сот актілеріне шағымдану, наразылық білдіру мерзімдері.* Қадағалау шағымы немесе наразылық соттың шешімі, анықтауы, қаулысы заңды күшінен енген күннен бастап, бір жыл ішінде берілуі мүмкін (ҚР АІЖК 388-бап);

– *қайта ашылған мән-жайлар бойынша заңды күшіне енген шешімдерді, анықтаулар мен қаулыларды қайта қарау үшін арыз беру мерзімі.* Іс үшін маңызды мән-жайлар мәлімдеушіге белгісіз болған және болуы мүмкін емес жағдайларда – мән-жайлар ашылған күннен бастап (ҚР АІЖК 407-баптың 4-бөлігі). Заңды күшіне енген сот үкімінде заңсыз қаулы не негізсіз шешім шығаруға әкеліп соқтырған куәгерлердің жауабы, сарапшының қорытындысы қасакана жалған берілгендігі, аударманың дұрыс болмауы, құжаттардың немесе заттай айғақтардың жалғандығы анықталса – қылмыстық іс бойынша үкімнің заңды күшіне енген күнінен бастап (ҚР АІЖК 407-бап, 2) тармақша).

Қажетті дәлелдемелерді ұсыну және сот тапсырмасын орындау мерзімдері. Соттың нұсқауын орындауға міндетті тұлғалар үшін бекітілген мерзімдердің барынша маңызы бар. Бұл қажетті дәлелдерді ұсыну және сот тапсырмасын орындау мерзімі. Лауазымды және өзге тұлғалар сот талап еткен дәлелдерді ұсынуға мүмкіндіктері болмаса немесе оларды сот бекіткен мерзімде ұсына алмаса бұл жөнінде соттың сауалын алған күннен бастап бес күн ішінде сотқа хабарлауға міндетті. Хабарланбаған жағдайда, сондай-ақ дәлелдерді ұсыну жөніндегі соттың талаптары

орындалмағандығын сот себепсіз ден таныған жағдайда іске қатыспайтын кінәлі лауазымды немесе өзге тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдылықтарға сәйкес әкімшілік айыппұл салынады (ҚР АІЖК 66-баптың 8-бөлігі).

Істі қараушы сот дәлелдерді тұлғаның өзге қаладан не ауданнан жинау қажеттігі туралы өтінімін қанағаттандырған жағдайда тиісті сотқа белгілі бір іс жүргізу әрекеттерін жасауды тапсырады. Тапсырманы алған сотқа бұл анықтау міндетті болып табылады және ол тапсырма алған күннен бастап он күн ішінде орындалуы тиіс (ҚР АІЖК 72-бап);

Іс жүргізу мерзімдерін тоқтату (ҚР АІЖК 127-бап). Барлық мерзімі өтіп кетпеген іс жүргізу мерзімдерінің ағымы іс бойынша істі тоқтатумен бірге тоқтатылады. Мерзімдерді тоқтату істі тоқтатуға ҚР АІЖК-нің 242-бабында қарастырылған негіз болып табылатын мән-жайлардың туындаған уақыттан басталады.

Іс бойынша сот ісі оны тоқтатуға әкеліп соқтырған мән-жайларды анықтағаннан кейін одан әрі жалғастырылады және онымен бірге іс жүргізу мерзімдерінің өтуі жалғаса береді. Дегенмен де іс тоқтатылған күннен бастап және өтіп кеткен мерзімді жанарту басталғанға дейінгі өткен уақыт (оның уақыт ұзақтығы) заңда бекітілмеген және ол істі қарау мерзіміне есептелмейді.

Іс жүргізу мерзімдерін ұзарту және қалпына келтіру. Сот тағайындаған мерзімді сот ұзартады (ҚР АІЖК 128-бап). Заңмен бекітілген мерзімдердің өтіп кетуінің себебі болатын болса, сот оны қайта қалпына келтіруі мүмкін. Егер де іс жүргізу әрекеттерін сот белгілеген мерзімде орындауға кедергі келтірген немесе қиындық туғызған мән-жайлар (ауру, табиғи апат, іс сапар және т.б.) болған болса, мерзімді өткізіп алу себебін сот себепті деп тануы мүмкін.

Өткізіп алған мерзімді қайта қалпына келтіру туралы арыз болуы тиіс немесе іс қаралған және іс жүргізу әрекеттерін жасауға тиіс сотқа беріледі. Іс жүргізу мерзімін өткізіп алған тұлғаның арызын сот мәселені қарайтын жер мен уақыты хабарланған іске қатысушы тұлғалардың қатысуымен қарайды, дегенмен де олардың келмеуі өтіп кеткен мерзімді қайта қалпына келтіру туралы мәселені шешуге кедергі болып табылмайды. Мерзімді қайта қалпына келтіру туралы арызды берумен бірге тұлға бір мезетте өткен мерзімге қатысты қажетті іс жүргізу әрекеттерін орындауы тиіс екендігіне назар салған жөн (мысалы, сотқа құқықтарды қорғау туралы талап қою, шағым беру, құжатты ұсыну және т.б.).

Өтіп кеткен іс жүргізу мерзімін ұзарту мен қайта қалпына келтіруден бас тартқан сот ұйғарымына тұлға жеке шағымдануына немесе прокурордың наразылығын білдіруіне болады.

Іс жүргізу мерзімдерін өткізіп алудың зардаптары (ҚР АІЖК 126-бап). Занда бекітілген немесе сот тағайындаған мерзім аяқталғанда іс жүргізуді жүзеге асыру құқығы жойылады. Мысалы, занда бекітілген апелляциялық шағымдану және наразылық білдіру мерзімінің өтуі егер де апелляциялық шағым берілмесе және наразылық білдірілмесе ол шешімнің заңды күшіне енуіне негіз болып табылады. Сондықтан да шағымдану мерзімін өткізіп алу бұл жағдайда жокқа шығарылмайтын күшке ие болады және оған апелляциялық тәртіпте шағымдануға болмайды.

ҚР АІЖК-нің 280-бабының 1-бөліміне сәйкес мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, мекемелердің, лауазымды тұлғалардың, мемлекет қызметкерлерінің шешімдерін, әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) жокқа шығару туралы сотқа жүгінудің үш ай мерзімін өткізіп алу сот үшін арызды қабылдаудан бас тартуына негіз болмайды. Мерзімді өткізіп алу себебі сот отырысында арызды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және арызды қараудан бас тарту негізінің бірі болып табылуы мүмкін. Егер де сот бекіткен мерзімді іске қатыспайтын өзге тұлғалар өткізіп алған болса, онда бұл оларды қарастырылған іс жүргізу міндеттерін орындаудан босатпайды.

Іс жүргізу мерзімі өтіп кеткенде берілген шағымдар мен құжаттар, егер де өтіп кеткен мерзімді қайта қалпына келтіру туралы өтінім жасалмаған болса, сот оны қарамайды және арызды берген тұлғаға қайтарылады. Сондай-ақ іс жүргізу мерзімінің өтіп кетуі тұлғаға іс жүргізу міндеттерін орындаудан босатпайтынын назарда ұстаған жөн.

11-т а р а у. ІС ЖҮРГІЗУГЕ МӘЖБҮРЛЕУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ШАРАЛАРЫ

§ 1. Іс жүргізуге мәжбүрлеу және жауапкершілік шаралары ұғымы

Жауапкершіліктің азаматтық іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларына іске қатысушы тұлғаларға, және процестің өзге қатысушыларына, жеке азаматтарға және лауазымды тұлғаларға, заңды тұлғаларға қатысты азаматтық істер бойынша дәлел-

деу процесін камтамасыз ету мақсатындағы ҚР АІЖК-де карастырылған соттың (сот төрешісінің) әділ шешу және әділсоттылықты жүзеге асыру жөніндегі іс-әрекеттері жатады.

Мәжбүрлеу және жауапкершілік шаралары сот талқылауы кезінде тәртіп бұзған тұлғалардың, сондай-ақ сот анықтаулары мен қаулыларындағы нұсқауларды орындамайтын лауазымды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын шектейді, айыппұл түрінде мүлікті жоғалтуларына және өзгелерді жоғалтуларына әкеліп соқтырады. Бұл шараларды сот ҚР АІЖК-нің 118-бабына сәйкес қолдануы мүмкін:

- азаматтық талап етушіге, азаматтық жауап берушіге;
- куәгерге, маманға, сарапшыға, аудармашыға, қорғаушыға;
- жеке азаматтарға, ұйымдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың лауазымды тұлғаларына.

Азаматтық сот ісінде құқық бұзушылыққа кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі бойынша әкімшілік жауапкершілікке (ӘҚБтК-нің 29-тарауы) немесе Қылмыстық кодекске (ҚР ҚК-нің 15-тарауы) сәйкес және ҚР АІЖК 179-бабында бекітілген тәртіппен қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Жауапкершілік шараларын қолдану негіздері:

1) сот істерін шешуге араласу. Кез келген тұлғалардың әділ сотты жүзеге асыру бойынша қызметке араласуы соттардың тәуелсіздік принципін қатаң түрде бұзады. Араласу – қандай да бір түрде болмасын сот қызметіне ықпал ету ол – өтініш жасау, көндіру, талаптар қою, қандай да бір қызмет көрсетуге уәде беру және т.б.;

2) сотты қорлау және қорқыту. Сот мемлекеттік үкімет органының лауазымды тұлғасы болып табылады, сондықтан да соттарды қызметтік міндеттерін орындау кезінде қорлау, оған қарсы күштеу әрекеттерін қолданумен қорқыту, егер де бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын әрекеттің белгілері болмаса айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылады немесе он бес күн әкімшілік қамауға алынады.

Әкімшілік айыппұл – «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіндегі Ерекше бөлім баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылыққа айыппұл салынған сәтте қолданыста болған айлық табыстың бір айлық есеп көрсеткіші мөлшеріндегі ақшалай төлем.

Қамау құқық бұзушыны қоғамнан аластату, уақытша түрмеге отырғызудан тұрады. Әкімшілік қамауды ерекше жағдайларда

жеке әкімшілік құқық бұзушылық түрлері үшін 15-тәуліктен 30-тәулікке дейін сот тағайындайды;

3) сотты сыйламау. Сотты сыйламауға мыналар жатады:

— процесс қатысушыларының және өзге тұлғалардың оларсыз істі өрі қарай қарау сотқа мүмкін болмайтындықтан, шақыру бойынша себепсіз сотқа келмеу жағдайлары;

— сот отырысындағы төрағалық етушінің бұйрықтарына бағынбау;

— сот ғимаратында тәртіп бұзу, сондай-ақ сотты және сотта бекітілген тәртіптерді сыйламағандығын айқын көрсететін әрекеттер (әрекетсіздіктер) оннан жиырмаға дейінгі айлық көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл салуды немесе үш тәуліктен бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуды ескертуге әкеліп соқтырады;

4) азаматтық сот ісіне қатысудан бас тарту немесе жалтару, яғни себепсіз сотқа келмеу істі талқылауды кейінге қалдыруға әкеліп соқтырғандықтан он айлық көрсеткіш мөлшеріне дейін айыппұл салынады;

5) сотта куәгер ретінде жауап беруге тиісті тұлғаның себепсіз бас тартуы немесе жалтаруы әкімшілік тәртіппен айыппұл салуға әкеліп соқтырады;

6) куәгердің, жәбірленушінің қасақана жалған жауаптары, сарапшының қорытындысы немесе дұрыс аудармау. Істі сотта қарау кезінде және сараптама өткізу барысында куәгердің, жәбірленушінің қасақана жалған жауаптары, сарапшының қорытындысы, аудармашының дұрыс аудармауы жеке тұлғалар мен лауазымды тұлғаларға әкімшілік айыппұл салуға әкеліп соқтырады. (*Ескерту.* Куәгер, жәбірленуші, сарапшы немесе аудармашы егер де олар істі талқылау барысында шешім шығарғанға дейін соған өкілетті органға (лауазымды тұлғаға) өз еркімен берген жауаптарының, қорытындыларының және аудармаларының жалған екендігін мәлімдесе, әкімшілік жауапкершіліктен босатылады).

7) сот қаулыларын орындамау. Сараптама өткізуге немесе бақылауды жүргізуге, құжаттарды рәсімдеу ісіне, сот ісіне немесе оны сотта қарау ісіне қатысу үшін маман шақыру туралы талаптан сот қаулысы жіберілген лауазымды тұлға себепсіз бас тартып немесе жалтарса әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

8) сот төрешілерінің, соттың жеке анықтаулары бойынша шара қолданбау. Лауазымды тұлғаның соттың жеке анықта-

уын, қаулысын, прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының ұсынысын қараусыз қалдыруы не болмаса онда көрсетілген заң бұзушылықты болдырмауға шаралар қолданбау, жеке анықтауға уақытында жауап бермеу сегіз айлық көрсеткіші мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соқтырады.

Процеске қатысушы тұлғалардың өзге құқыққа қарсы әрекеттеріне мыналарды жатқызуға болады:

1) сот орындаушысына, сот жасауылына (пристав) келуден жалтару. Сот актілерін сот қаулыларын орындау мәселелері бойынша түсінік беру үшін шақыру бойынша сот орындаушысына, сот жасауылына келуден жалтарғаны үшін жеке тұлғалар мен лауазымды тұлғаларға әкімшілік тәртіппен айыппұл салынады;

2) сот жасауылының, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі келтіру. Сот жасауылының, сот орындаушысының заңды қызметіне мемлекеттік органдардың, ұйымдардың жеке меншік түріне қарамастан ғимараттарына, аумағына кедергісіз кіруге, сондай-ақ қажетті құжаттарды және өзге де мәліметтерді ұсынудан бас тартумен кедергі келтіру.

3) лауазымды тұлғалардың сот актілерін орындамауы. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті лауазымды тұлғалар сот актілерін, сот қаулыларын орындаудан жалтарса, егер де бұл әрекеттерде қылмыстық жазаға тартылатын белгілер болмаса жеке және лауазымды тұлғаларға әкімшілік тәртіппен айыппұл салынады немесе он тәулікке дейін қамауға алынады.

4) сот орындаушысының, сот жасауылының талаптарын орындамау. Жеке және лауазымды тұлғалардың сот орындаушысының талаптарын себепсіз орындамауы:

– берілген мерзімде қарызгердің жұмыс орны туралы мәліметтерді беру;

– табыстар туралы, өндіріс туралы, сот қаулысына сәйкес табыстан ұстап қалу;

– қарызгерден өндірілген соманы өндіріп алушыға жібермеу;

– өзге жеке және заңды тұлғалардағы қарызгердің ақшалай сомасынан және мүлкінен өндіру;

– қарызгердің жұмыстан шыққандығы, егер оған белгілі болса оның жана жұмыс орны, мекен-жайы туралы мәліметтерді хабарламау;

– сот орындаушысына қарызгердің табысы және мүлкі туралы қасақана дұрыс емес мәліметтер беру оннан елу айлық көрсеткіш мөлшеріне дейін айыппұл салуға әкеліп соқтырады.

— сот орындаушысына алимент төлейтін адамның жұмыс орнының және мекенжайының өзгергені туралы хабарламау туралы.

Алимент ұстап қалатын ұйымдардың лауазымды тұлғаларының себепсіз хабарламауы:

— балаларды күтуге, еңбекке жарамсыз ата-аналарына, әйеліне (күйеуіне) сот қаулысының негізі бойынша берілген орындалу құжаты бойынша сот орындаушысына және алимент алушы адамға берілетін айлық мерзім;

— алимент төлеуші адамның жұмыстан босауы, сондай-ақ егер де белгілі болса оның жаңа жұмыс орны мен мекенжайы туралы;

— сот орындаушысына, сот жасауылына сот және өзге органдардың қаулыларын орындауына кедергі келтіру. Жеке тұлғалардың және ұйымдардың лауазымды тұлғаларының сот орындаушысына, сот приставына мүліктен өндіру бойынша іс-әрекеттерді (тізімдеу, бағалау, қамау, сауда өткізу) орындауына кедергі келтіру немесе бас тарту айыппұл салуға не он тәулікке әкімшілік қамауға алуға әкеліп соқтырады.

Заңға қарсы іс-әрекет жасағаны үшін мәжбүрлеудің бір ғана шарасы және жауапкершіліктің бір ғана түрі қолдануы мүмкіндігін назарда ұстаған жөн.

§ 2. Мәжбүрлеу шаралары ұғымы мен оның түрлері

ҚР АІЖК 119-бап сот қолданатын мәжбүрлеу шаралары ретінде мыналарды қарастырады: а) жетек; және б) сот залынан кетіру.

Жетек— сотқа келуден әдейі жалтарған жағдайда жауап берушіні, куәгерді, сарапшыны, маманды және аудармашыны сотқа мәжбүрлеп әкелу. Жетектеуді сот ұйғарымы бойынша сот жасауындары немесе ішкі істер органдары жүзеге асырады (ҚР АІЖК 120-бап).

Анықтауда шақырылатын адам тұратын ауданның ішкі істер органы көрсетіледі. Аудандық ішкі істер бөлімі жылдамдыққа, ыңғайлылыққа және істің өзге де мән-жайларына байланысты тандалады. 14 жастағы көмелетке толмағандар, жүкті әйелдер және наукас адамдарды жетектеп әкелуге болмайды.

Сот отырысындағы тәртіп бұзушыларға қолданылатын шаралар (ҚР АІЖК 179-бап). Істі талқылау кезінде тәртіп бұзған адамға, сот атынан төрағалық етуші ескерту жасайды. Жеке не-

месе заңды тұлғаға жасаған құқық бұзушылығы және құқыққа қарсы тәртіпке жол берілмейтіндігі туралы ескертуді сот төрешісі ресми түрде береді. Ескертуді сот төрешісі жазбаша түрде береді және ол сот отырысының хаттамасына жазылады.

Сот отырысы залында тәртіпті қайта бұзған жағдайда, іске қатысушы тұлға сот (сот төрешісінің) анықтауы бойынша сот залынан сот талқылауына мүлдем қатыстырылмайтындай етіп немесе белгілі бір уақытқа шығарылуы мүмкін. Соңғы жағдайда сот төрешісі сот залына қайта кіргізілген адамды ол жоқ кезде болған іс жүргізу әрекеттерімен таныстырады.

Сот талқылауының қатысушысы емес азаматтар (туыстар, таныстар және т.б.), яғни іс талқылауына тек жәй ғана қатысушы істі сотта қарау тәртібін қайта бұзғаны үшін төрағалық етушінің бұйрығымен сот залынан шығарылады.

Кей жағдайларда тікелей сот талқылауы барысында сот залында қасақана тәртіп бұзған адамға, сондай-ақ сотты, сотта бекітілген сот отырысының тәртіптерін сыйламағандығын көрсететін әрекеттері үшін сот оннан жиырма айлық көрсеткішке дейін мөлшерде әкімшілік айыппұл салуға немесе үш тәуліктен бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға құқылы.

Сот отырысында тәртіп бұзушының іс-әрекетінде қылмыстың құрамының белгілерін тапқан жағдайда сот құқық бұзушыға қарсы қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін жиналған материалдарды тиісті анықтау органына немесе бұл жөнінде прокурорға хабарлама жібере отырып, алдын ала тергеуге жібере алады.

Сот іс талқылауына қатысушылар сот отырысының тәртібін жаппай бұзған жағдайда сот отырысы залынан іске қатысушы тұлғалардан басқасының барлығын шығарып жіберіп, істі жабық сотта қарай алады немесе сот талқылауын кейінге қалдырады.

Мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі (ҚР АІЖК 122-бап). ҚР АІЖК 118-бабында көрсетілген іс-әрекеттерді (сотты сыйламау, қорқыту, сот төрешілерін қорлау және т.б.) жасаған жағдайда сот ол адамға мұндай іс-әрекеттерге жол берілмейтіндігі туралы ескертеді. Оны қайталаған жағдайда сол адамға сот ҚР АІЖК 179-бабында аталған мәжбүрлеу шараларының бірін – сот залынан шығарып жіберу, айыппұл немесе әкімшілік қамау қолданады.

Тәртіп бұзушыға мәжбүрлеу шараларын қолдану мәселесі сот отырысында бұл туралы іске қатысушы тұлғаларға және

мәжбүрлеу шарасы қолданғалы отырған адамға хабарлаумен шешіледі.

Тәртіп бұзушыға мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот ұйғарымына жеке шағымдануға немесе наразылық білдіруге болады.

12-т а р а у. ТАЛАП ҚОЮ ІСІ

§ 1. Талап қою ісі ұғымы және оның мәні

Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабы әрбір азаматқа өз құқықтары мен бостандықтарын сот жүзінде қорғауға кепілдік береді. Бекітілген конституциялық құқық азаматтық процесте сот істерінің жекелеген түрлері арқылы жүзеге асады және Қазақстан Республикасының барлық сот жүйесінің хабарлама міндетімен қамтамасыз етіледі.

ҚР АІЖК 8-бабында «кез келген мүдделі адам заңда бекітілген тәртіппен бұзылған және жоққа шығарылған құқықтарын сот жүзінде қорғау үшін сотқа жүгінуіне құқылы» деп айтылған. Егер де ол заңға қайшы келетін болса немесе әлдекімнің құқығы мен заңмен қорғалатын мүддесін бұзатын болса, сотқа жүгіну құқығынан бас тарту жарамсыз болып табылады.

Субъективті құқықтар мен азаматтардың және мекемелердің заңмен қорғалатын мүдделерін сот арқылы қорғау құқығы сотқа жүгінумен жүзеге асырылады. Бұзылған құқық субъектісі сотқа арыздана отырып, соттан бұзылған құқығын қорғауды іздейді және сотқа құқық бұзушыға қарсы өз талаптарын заңды тәртіппен сотта қарауын өтінеді. Осы құқықты жүзеге асыру үшін азаматтық іс жүргізу нормалары шегінде азаматтық сот ісінің мынадай түрлері бар: талап қою бойынша іс жүргізу; әкімшілік-құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын сот ісі; ерекше сот ісі.

Азаматтық істердің көп бөлігі азаматтық сот ісінің дәл осы түрінде қаралады. Азаматтық іс жүргізу заңдылығына белгілі сот істерінің өзге түрлерінің арасында оның мәні ерекше екендігін тезисте расталған.

Заң әдебиеттерінде талап қоюмен жүргізілетін сот ісі талап қою істері болғандықтан, ол азаматтық істердің негізгі түрі деп атап көрсетілген (қараңыз: Гражданский процесс. М., 1998).

Талап қоюмен жүргізілетін сот ісі — бұл соттын субъективті құқық немесе азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, экологиялық, жер және өзге де құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын дауларды талқылау мен шешу бойынша азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен реттелген іс-әрекеті.

Құқықтың әртүрлі нормаларымен реттелетін құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын даулар алуан түрлі. Осы істерге ортақ нәрсе — ол дау субъектілерінің — азаматтық процестегі тараптардың заңды тең құқылығы. Олар бір-біріне әкімшілік бағынышты емес. Дау субъектілерінің арасында билік пен бағынушылық қарым-қатынастары болмайды.

Талап қоюмен жүргізілетін сот ісі субъективті азаматтық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру бойынша жеке тұлғалар арасындағы дауды шешуге бағытталған. Құқықтық дауды тудырған даулы жағдай құқықты дұрыс жүзеге асыруға кедергі келтіреді. Азаматтар мен мекемелердің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғаудың іс жүргізу құралы талап қою арызы болып табылады. Талап қоюмен жүргізілетін сот істері сотқа талап қою арызын берумен қозғалады. (ҚР АІЖК 150-бап).

Талап қоюмен жүргізілетін сот ісінің мақсаты азаматтық құқықтарды соттын, төрелік немесе аралық соттардың оларды тану, құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру, белгілі бір іс-әрекеттерді орындауға немесе олардан бас тартуға үкім шығару, құқықтық қарым-қатынастарды тоқтату немесе өзгерту арқылы қорғау (ҚР АҚ 9-бап).

Сондықтан да талап қоюмен жүргізілетін сот ісі Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісінің түпкі және барынша маңызды мақсаттары болып табылатын бұзылған немесе жоққа шығарылған құқықты не болмаса азаматтар мен мекемелердің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғаудың қол жеткізетін әдісінен тұрады.

Талап қоюмен жүргізілетін сот ісі дауларды мәні бойынша шешім қабылдаумен дұрыс қарап, шешу үшін барынша ынғайлы болып табылады.

§ 2. Талап қою ұғымы

Талап қою азаматтық құқық институттары арасында орталық орынға ие және азаматтық іс жүргізу құқығы институттарының бәрімен тығыз байланысты, азаматтық істерді қарау

тәртібінің бағыттарын анықтайды, сот қызметін құқықтық реттеудің бағыт-бағдары болып табылады.

Талап қою — бұл талап етушінің материалды-құқықтық дауды жауап берушімен бірге карап, шешу, бұзылған субъективті құқықты немесе занмен қорғалатын мүддені қорғау туралы сотқа өтініш білдіруі. Талап қоюдың мазмұны мүдделі адамның сотқа берген арызында жазылады. Сонымен бірге талап қою бұзылған немесе бұзуға қастандық жасалған жағдайларда, яғни материалды-құқықтық дау туындаған жағдайларда субъективті құқықтарды қорғаудың тәсілі мен құралы болып табылады. Сондай-ақ бұл азаматтық істерді қорғау тәсілі. Ұсынылған талап қою арызының негізінде жатқан құқық туралы даудың нысаны алуан түрлі болуы мүмкін: жауап берушінің талап етуші құқығын иеленуі немесе жоққа шығаруы, талап етушімен құқықтық қарым-қатынасының барын жоққа шығару, жауап берушінің міндеттерін орындамауы немесе оларды орындамауға жатпайтындығы және басқалары.

Талап қою материалды-құқықтық қарым-қатынастардың тараптары арасындағы құқық туралы дауды шешуде іс жүргізу құралы болып табылады. Азаматтық іс жүргізу ғылымында талап қою ұғымы туралы мәселе даулы. Ғалымдар талап қоюды түсіну мен анықтауға түрліше баға береді.

Талап қоюдың барынша көп қолданылатын анықтауы — азаматтық процестегі талап қою дегеніміз мүдделі адамның бұзылған құқықты немесе жоққа шығарылған субъективті құқықты немесе занмен қорғалатын мүддені қорғау туралы талаптарымен сотқа шағымдануымен түсіндіріледі дегеннен тұрады.

§ 3. Талап қоюдың тақырыбы мен элементтері

Талап қоюдың үш түрлі құрамды бөлігін ажырата білген дұрыс: мазмұны, тақырыбы мен негізі (талап қоюдың элементтері).

Талап қоюдың мазмұны — соттың бұзылған немесе жоққа шығарылған құқығын қорғау үшін сотқа жүгінген талап етушінің өтінішімен жасайтын іс-әрекеттер. Талап қоюдың мазмұнын талап етуші заңда қарастырылған сот қорғауы түрлеріне қарай анықтайды. (ҚР АҚ 9-бап). Осыған орай талап етуші соттан мыналарды өтінуі мүмкін:

а) міндеттерді шын мәнінде орындауды меншіктеу туралы (мысалы, шығындарды өтеу, нақты ақшалай соманы төлеу, нақ-

ты бір мүлікті беру) немесе қандай да бір іс-әрекеттен бас тарту (мысалы, дау туғызатын немесе көршінің жер телімін ластайтын іс-әрекеттерден);

б) қандай да бір құқықтық қарым-қатынастың, субъективті құқықтың немесе міндеттердің барын немесе керісінше жоғын тану туралы;

в) талап етушінің жауап берушімен құқықтық қарым-қатынастарын өзгерту немесе тоқтату туралы немесе теорияда айтылатындай құқықтық қарым-қатынастардың пайда болуын тоқтату немесе өзгерту.

Талап қоюдың тақырыбы дегеніміз талап етушінің заңда көрсетілген әдістермен сот қорғауына жататын субъективті құқығы (нақты талаптары)

Талап қоюдың тақырыптарына мыналар жатуы мүмкін:

– занмен қорғалатын мүдде, сондай-ақ тұтастай алғанда құқықтық қарым-қатынас;

– жұмысқа қайта алу, осы мекемедегі белгілі бір жұмысты орындау құқығы туралы талап қою;

– жауап берушіден ақша сомасын меншіктеу туралы талап қоюда жауап берушінің осы соманы төлеудегі талап етушінің материалды-субъективті құқығы (талап ету құқығы) және жауап берушінің ақшаны төлеу міндеті;

– жауап берушінің оның үй-жайын босату жөніндегі талап етушінің субъективті құқығы және осыған сәйкес осы үй-жайды босатудағы жауап берушінің міндеті;

– талап етушінің қандай да бір затқа жеке меншік құқығы;

– тұрғын үй жалы бойынша құқықтық қарым-қатынас (белгілі бір ғимаратты жалдау);

– ғылым, әдебиет немесе өнер және т.б шығармаларына авторлық құқық.

Талап етуші кей жағдайларда нақты бір құқықтық қарым-қатынастардың барын соттың растауына мүдделі болуы мүмкін, ал кей жағдайларда мысалы, жауап берушімен жасаған келісімнің жарамсыз екендігін растаса соттың растауын қажет етпеуі мүмкін.

Сондықтан да талап қоюдың тақырыбы талап етушінің растаған, болжамды бар немесе ол жоққа шығаратын құқықтық қарым-қатынас болуы мүмкін.

Талап қою тақырыбын оған құрамдас бөлігі ретінде кіретін талап қоюдың материалды объектісі деп аталатын даулы азамат-

тық құқықтық қарым-қатынас объектісінен ажырата білу керек. Егер де талап қою тақырыбы жауап берушіден талап етушіге күн ретінде өндірілетін ақшалай сомандан тұратын болса, онда ақшалай соманың өзі талап қоюдың тақырыбы болып табылмайды, ол тек оның материалды объектісі (талап етілген зат, пайдаланылған мүлік және т.б. сияқты), даулы құқықтық қарым-қатынас объектісі ғана болады. Талаптарды ұлғайту немесе азайту жайында сөз болатын болса, онда әңгіме талап қоюдың тақырыбын толықтай өзгерту емесе, тек оның мөлшерін, талап қоюдың материалдық объектісінің сандық жағын өзгертуде деген сөз.

Талап қоюдың негізіне (талап қоюдың элементі) талап етушінің өз материалды-құқықтық талаптарын байланыстыратын мән-жайлар жатады (ҚР АІЖК 150-бап, 2-бөлігінің 5) тармақшасы.

Мысалы, талап қоюдың негізіне келісімдер, шарттар, құқық бұзу деректері (фактілері), мұрагерлікке қалдыруға негіз болатын деректер, зиян келтіру деректері, мерзімнің, келісімшарттың басталуы және т.б. жатуы мүмкін.

Талап қою негізі әдетте тек бір деректен (фактіден) ғана тұрмайды, материалды құқық нормаларының тиісті гипотезасына және «нақтылы құрамына» сәйкес олардың кейбір жиынтықтарынан тұрады. Мысалы, талап қоюдың мүліктік жалдың келісімін мерзімінен бұрын бұзу туралы нақты негізіне жалға алушы ҚР АҚ 556-бап 1-4) тармақшасында қарастырылған шарттардың бірін орындамаған жағдайда жалға берушінің келісімді бұзуы туралы талабы жатады. Талап қою элементтерінің арасында тығыз байланыс бар. Келешекте материалды құқықтың белгілі бір нормасының гипотезасымен жиынтықталған талап қою негізінің деректері талап қоюдың тақырыбы болып табылатын даулы құқықтық қарым-қатынастың заңды табиғатын көрсетеді. Талап қою тақырыбы өз кезегінде талаптың мазмұнын шарттайды: қорғауға жататынның өзі қорғаудың түрін анықтайды. Мысалы, ақшаны өндіру туралы талап немесе затты беру туралы талап меншіктеумен қорғалуы мүмкін; белгілі бір құқықтық қарым-қатынастың болуы немесе болмауы соттың тануымен қорғалады; құқықтық қарым-қатынасты өзгерту немесе тоқтату соттың қайта шығаратын шешімін талап етеді.

Талап қою элементтерінің азаматтық процесте манызы өте зор. Талап қоюдың негізін талап етуші дәлелдеуге міндетті. (ҚР АІЖК 150-бап). Жауап беруші талап қоюдың негізін жоққа

шығару немесе күшін жоюға қажетті материалдарды дер кезінде сотқа дайындап, көрсетуі үшін (деректерді көрсету немесе дәлелдерді ұсыну) бұл жөнінен хабардар болуы тиіс. Талап қою мазмұны талап етуші сотқа арызданған сот қорғауының түрін көрсетеді. Талап қоюдың негізі мен тақырыбы талап қоюларды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік беретін белгілерге ие. Талап қоюдың элементтері бойынша талап қоюдың істі сотта қарау процесінде талап етуші тақырыбы мен негізін өзгерткеннен кейін талап қою мәні жағынан алғашқыда қандай болса, сондай болып қалуы мүмкіндігі (ішкі барабарлық) анықталуы мүмкін. Талап қоюдың негізі мен тақырыбының айрықша маңызы осыдан тұрады. Талап қоюдың жекелігі сотқа берілген талап қою арызын өзге сот талқылауға қабылдады ма немесе оны бұрын сот шешкен шешпегенін анықтауға мүмкіндік береді. Осы маңызды мәселені шешу үшін сот шешкен (немесе шешетін) талап қоюдың және қайта берілген талап қою арызының (ішкі барабарлық) барабарлығы барын анықтау қажет.

Тараптары, тақырыбы мен негіздері сәйкес келетін талап қою арыздары барабар болып табылады. Бұл ретте талап қою арызын негіздейтін деректер сот қарап жатқан құқықтық қарым-қатынастарды оларды тек соттың кеңесетін бөлмеге кеткенге дейін жасаған жағдайда дараландырады. Осы сәттен кейін жасалған деректер соттың іс-әрекеттері жүрмейтін жаңа негіздерді тудырады.

§ 4. Талап қоюдың түрлері

Талап қоюды жіктеудің екі жүйесі бар:

а) іс жүргізушілік-құқықтық жіктеу, оның негізіне іс жүргізушілік-құқықтық белгілер жатады;

б) материалды-құқықтық белгілерге негізделген материалды-құқықтық жіктеу.

Іс жүргізушілік-құқықтық жіктеу талап қоюдың мазмұны бойынша, яғни талап етуші талап еткен сот қорғау түріне байланысты құрылған. Оның негізіне сот қорғауының түрі жатады. Ол заң бойынша сот қорғауының барлық мүмкіндіктерін қамтиды, ескірген сипатқа ие, сондықтан да азаматтық іс жүргізу құқығы теориясында негізгі маңызы бар.

Осы жіктеу бойынша талап қою арыздары үшке бөлінеді: а) тану туралы талап қоюлар; б) меншіктеу тіралы талап қоюлар;

в) құқықтық қарым-қатынастарды өзгерту немесе тоқтату бойынша талап қоюлар (өзгертілген талап қоюлар).

Тану туралы талап қоюлар. Құқықты қорғау мақсатына келешекте құқық бұзушылықты болдырмас үшін олардың барын немесе мазмұнын жоққа шығару салдарынан туындаған құқықтар мен міндеттердің белгісіздігін анықтау жатуы мүмкін. Мұндай қажеттілік даулы құқық бұзылғанға дейін пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдай мысалы, егер де жасалған келісім-шарттың жарамдылығы және оның құқықтық салдары жоққа шығарылатын болса, егер де әлдекімнің қандай да бір мүлікке жеке меншігі немесе бір мезгілде қандай да бір іс-әрекетті жасауды талап етпей оны пайдалану құқығы немесе қандай да бір мүлікті ұсыну, яғни жауап берушіден ештеңе өндірместен жоққа шығарылатын болса құрылады. Мұндай жағдайларда құқық туралы дау, оның барын жоққа шығару немесе оның мазмұнын жоққа шығару өз кезегінде келешекте тараптардың өзара қарым-қатынасында міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамауға әкеліп соқтыратын белгісіздікті тудырады.

Азаматтық айналымда құқықтық қарым-қатынастардағы нақтылық аса маңызды: әркім өз құқықтары мен міндеттерін білуге және өз тәртібін солармен лайықты етуі тиіс. Егер де құқықтық қарым-қатынастың нақтылығы ауытқыса, онда оны қайта қалпына келтірудің құқықтық мүддесі пайда болады. Мұндай жағдайда мүддені қорғауға даулы құқықтық қарым-қатынас сол не өзге мазмұнда немесе көлемде нақты бар не жоқ деген сот тануы арқылы қол жеткізуге болады. Бұл тану туралы талап қоюдың мақсаттары.

Тану туралы талап қоюға соттың нақты құқықтық қарым-қатынастың бары не жоғын растауға бағытталған талаптары жатады. Осы талаптар бойынша соттың шешімі белгіленетіндіктен, яғни дауды құқықтық қарым-қатынастың бары не жоғы анықталатындықтан осы талап қоюларды «анықталатын талап қоюлар» деп атайды.

Тану туралы талап қоюдың тақырыбына белсенді жағынан да (субъективті құқықтың), енжар жағынан да (міндеттің) құқықтық қарым-қатынас жатуы мүмкін. Демек, талап етушінің тұрғын үй аумағын пайдалану құқығын жалдаушы ретінде тану туралы талап қоюы, талап етушінің шығармаға немесе жаналыққа авторлық құқығын тану туралы, талап етушінің белгілі бір мөлшерде пәтерақы енгізу міндетін тану туралы талап қою болуы мүмкін.

Құқықтың немесе құқықтық қарым-қатынастың барын (мысалы, кұрылыс жүргізуге меншік құқығын тану туралы талап қою) растауға бағытталған тану туралы талап қою болымды (позитивті) деп аталады. Егер де тану туралы талап қою құқықтық қарым-қатынастың жоғын (салдарынан, мысалы келісімнің жарамсыздығын) растауға бағытталған болса, онда ол тану болымсыз (негативті) талап қою деп аталады.

Тану туралы талап қоюдан тақырыбына көп жағдайларда талап етуші мен жауап беруші арасындағы құқықтық қарым-қатынас жатады. Бірақ заң бойынша (тәжірибеде де кездеседі) тақырыбы өзге тұлғалардың арасындағы құқықтық қарым-қатынастар болып табылатын талаптарға рұқсат етіледі. Мұндай жағдайларда олар процестегі серіктес жауап берушілер болып табылады. Мысалы, екі тұлғаның арасында жасалған келісімді жарамсыз деп тану туралы прокурордың талап қоюы, жұбайлардың екеуіне де ұсынылған некенің бұзылғандығы туралы талап қою.

Тану туралы талап қоюдан дұрыс негізіне талап етушінің даулы құқықтық қарым-қатынастың пайда болуымен байланыстыратын деректері жатады. Демек, талап етушінің тұрғын үй аумағын пайдалану құқығын жалдаушы ретінде тану туралы талап қою негізіне тұрғын үйді жалға беру туралы келісімшарт бойынша тұрғын үй аумағын тұрақты пайдалану құқығының туындауымен байланысты талап етушінің көрсеткен деректері жатады (мысалы, ұзақ уақыт бойы, алты айдан аса жалға берушінің отбасы мүшесі ретінде тұруы).

Тану туралы болымсыз талап қоюдан негізіне талап етушінің растауы бойынша даулы құқықтық қарым-қатынастың пайда болуы мүмкін еместігінен туындайтын мән-жайлар жатады: мысалы, келісімді заңды, жарамды деп тану үшін заң бойынша немесе тараптардың келісімі бойынша мұндай рәсімдеу міндетті болып табылатын келісімнің нотариалды түрде рәсімделмеуі; келісім жасарда тұлғаның адасу, алдау, қорқыту, күштеу және т.б. сияқты жай-күйде болуы, яғни еркін еркін болмауы.

Тану туралы талап қоюда талап етуші өзінің азаматтық субъективті құқығын мәжбүрлі түрде жүзеге асыруды талап етпей құқықтың қарым-қатынастың бары не жоғын растау туралы өтінішімен ғана шектелетіндіктен, меншіктеу туралы талап қоюдан негізіне карағанда тану туралы талап қоюда құқықты мәжбүрлі түрде жүзеге асыру мүмкіндігін тудыратын деректер жоқ.

Тану туралы талап қоюдың мазмұнына талап етуші көрсеткен құқықтық қарым-қатынастың (келісімді жарамсыз деп тану, тұрғын үй аумағына құқықты тану және т.б.) барын не жоғын тану туралы соттан шешім шығаруды талап ету жатады.

Тану туралы талап қоюлардың субъективті құқықтардың қорғаныс құралы ретінде аса үлкен тәжірибелік маңызы бар. Осы істер бойынша соттардың шешімдерімен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің нақтылығы қалпына келтіріледі, оларды жүзеге асыруға және қорғалуына кепілдік беріледі, заңнан тыс жасалған іс-әрекеттер қиысады. Заңсыз жасалған келісімшарттардың жарамсыз екендігін дер кезінде анықтау мемлекеттік және қоғамдық мүддеге және жекелеген азаматтардың мүдделеріне зиян келтірудің алдын алады.

Сондықтан да, тану туралы шешім ескертуші (ескертпелі, алдын алу) іс-әрекетке не және соттың заңды бұзушыларға қарсы күресінде аса маңызды құрал болып табылады.

Талап қоюларды материалды-құқықтық белгілеріне қарай жіктеудің тәжірибелік маңызы аса зор. Сот тәжірибесінде істерді материалды-құқықтық қарым-қатынастарының жеке санаттары бойынша бөлу қабылданған: алиментті, енбек, тұрғын үй, жер, көліктің бір түрімен тасымалдау бойынша, зиян келтіру және т.б. бойынша.

Меншіктеу туралы талап қоюлар. Сот тәжірибесінде бұл талап қоюдың барынша кеңінен тараған түрі. Талап етуші меншіктеу туралы талап қою арқылы соттан жауап берушіні белгілі бір іс-әрекеттерді істеуге немесе іс-әрекетті жасаудан бас тартуға міндеттеуді талап етеді. Меншіктеу туралы талап қоюдың мысалына мыналар жатады: меншік иесінің бөтеннің заңсыз иелігіндегі өз затын қайтаруын талап ету туралы талап қоюы; бұзылуға тиісті үйден шығару туралы талап қою; алимент өндіру туралы талап қою; қарыз жайындағы келісімшарт бойынша қарызды өндіру туралы талап қою және т.б. Меншіктеу түрінде құқықты қорғау жайында сотқа жүгінуі әдетте қарызгердің өз міндеттерін орындамай, талап етушінің құқықтарын жоққа шығаруынан болады.

Даудың салдарынан құқық нақтылығын жоғалтады: бұзылған құқық шынында да бар ма, жоқ па және оның мазмұны қандай деген жәйттар анықталмайынша оны мәжбүрлі түрде жүзеге асыруға болмайды. Бұл мәселені сот шешеді. Қарызгердің міндеттерді мәжбүрлі түрде орындауы меншіктеу туралы талап

коюдың соңғы максаты болып табылады. Сондықтан меншіктеу туралы талап қоюларды «орындалатын талап» деп те атайды.

Демек меншіктеу туралы талап қоюды немесе орындалатын талапты сот растаған міндеттерді мәжбүрлі орындауға бағытталған талап қою деп атайды. Талап етуші өзіне нақтылы субъективті құқықты тануды талап етіп қана қоймайды, сондай-ақ жауап берушіні өз пайдасы үшін нақты іс-әрекетті жасауға меншіктеуді де талап етеді.

Меншіктеу туралы талап қоюлар өз еркімен орындалмайтын немесе тиісінше орындалмайтын материалды-құқықтық міндеттердің мәжбүрлі түрде жүзеге асырылуына қызмет етеді. Меншіктеу туралы талап қоюдың тақырыбына талап етушінің жауап берушіден тиісті міндеттерді өз еркімен орындамауымен байланысты нақты бір тәртіпті талап ету құқығы жатады. Мысалы, қарыздың келісімшарты бойынша қарызды төлеу мерзімі келсе де, жауап беруші өз міндетін өз еркімен орындамайды. Заңсыз жұмыстан шығарумен, яғни талап етушінің еңбек құқықтарын бұзумен байланысты жұмысқа қайта алу туралы талаптар. Меншіктеу туралы талап қоюдың тақырыбына мәжбүрлі түрде орындау қажеттігі туындаған субъективті құқықтар, яғни материалды мағынада талап қоюға құқық туындады деген сөз.

Меншіктеу туралы талап қоюдың негізіне біріншіден, құқықтың өзінің туындауымен байланысты деректер (мысалы, сурет салудағы суретшінің іс-әрекеті, автордың әдеби шығарманы жазуы және т.б.); екіншіден талап қоюға құқықтың туындауымен байланысты деректер: мерзімнің басталуы, мінету шарты, құқықты бұзу. Кей жағдайларда екі санаттын да аталған деректері талап қоюға құқықпен бір мезгілде туындайды және оларды ажырату мүмкін емес, мысалы, өзге тұлғаның мүлкіне зиян келтіру кезінде мүлікті негізсіз иеленумен.

Меншіктеу туралы талап қоюдың мазмұны талап етушінің сотқа жауап етушіден нақтылы іс-әрекеттерді орындауын меншіктеуді талап етуінен көрінеді. Талап қою арызының мазмұнында ол жалақыны төлету, жұмысқа қайта алу, үйден шығару және т.б. сияқты сотқа өтініш айтудан тұрады. Осыдан меншіктеу туралы талап қою мен тану туралы талап қоюдың арасында мазмұны, тақырыбы мен негізі жағынан, сондай-ай бағыты жағынан да айтарлықтай айырмашылық бар екенін байқауға болады.

Талап қоюдың екі түріне де ортақ нәрсе — құқықтар мен міндеттердің процеске дейінгі болған түрі мен мазмұнының соттың растауына жіберілуі.

Екі жағдайда да процеске дейінгі болған құқықтық қарам-қатынасты сот шешімі қабылданғаннан кейін де сол қалпында ешқандай өзгертулерсіз қалдыратынын атап көрсеткен жөн. Сондықтан да азаматтық іс жүргізу құқығында талап қоюдың осы екі түрі «декларативті» деп аталады.

Өзгертілген талап қоюлар. Өзгертілгендер деп жауап берушімен болған құқықтық қарым-қатынасты өзгерту немесе тоқтатуға бағытталған талап қоюларды айтады.

Өзгертілген талап қою тараптардың арасындағы құқықтық қарым-қатынастарға жана нәрсе енгізілуге тиіс сот шешіміне бағытталған. Сондықтан да өзгертілген талап қоюды конститутивті немесе өзгерту (конститутивті) шешім туралы талап қою деп атайды.

Заң азаматтардың субъективті құқықтарын қорғау мақсатында сотқа құқықтық қарым-қатынастарды тоқтату немесе өзгерту туралы шешім шығаруға құқық береді (ҚР АҚ 9-бап). Құқықтық қарым-қатынастарды өзгерту немесе тоқтату тараптардың келісімі бойынша, яғни екі жақты келісім арқылы болуы мүмкін. Сонымен бірге заң тараптарға кей жағдайларда құқықтық қарым-қатынастарды біржақты ерік білдіру арқылы тоқтатуды ұсынады. Демек, тапсыру келісімі оның сеніп тапсырушылары жоққа шығарған немесе сенгенінен бас тартулары салдарынан тоқтатылуы мүмкін. Аты аталған екі іс-әрекет ешнәрсені қажет етпейтін, соның ішінде соттың растауын қажет етпейтін біржақты ерік білдіру болып табылады. Көп жағдайларда құқықтық қарым-қатынастарды тоқтату құқығы біржақты ерік білдіру арқылы (құқықтық қарым-қатынастарды бұзу) келісім-шартты бұзу заңымен байланыста болады. Бірақ та құқықтық қарым-қатынасты тоқтату және тіпті оны өзгерту көп жағдайларда екінші тарапқа зиян келтіруге қабілетті болатындықтан, заң осындай іс-әрекетке сот бақылауына біржақты ерік білдіру жеткіліксіз деп танылатын шешім шығармай өзгертілген шешім түрінде (өзгертілген заңды құқық деп аталатын) заңды құқықты жүзеге асыруды жүктейді.

Мұндай ерік білдіру заңда көрсетілген белгілі заңды негізді қажет ететін жағдайларда бұл өте маңызды. Мысалы, жалға беру келісімшартын мерзімінен бұрын бұзу құқығы жалға берушіде

ҚР АҚ 556-баптың 2-бөлігіндегі көрсетілген жағдайларда, ал жалға берушінің балама құқығы – ҚР АҚ 556-баптың 3-бөлігіндегі аталған жағдайларда туындайды.

Кей жағдайларда құқықтық қарым-қатынастарды тоқтату тек сот шешімін ғана болуы мүмкін. Мысалы, «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 18-бабында неке осы заңның 14 және 15-баптарында қарастырылған жағдайлардан басқа уақыттарда тек сот тәртібімен бұзылады.

Сот өзгертілген талап қоюды талқылай отырып, жана құқықтарды тудырмайды, керісінше талап етушінің заң бойынша сот шешімінсіз жүзеге асырылуы мүмкін емес құқықтық қарым-қатынастарды өзгерту мен тоқтату құқығын қорғайды. Бұл ретте екі жағдай болуы мүмкін:

1) құқықтық қарым-қатынастарды тек сот қана өзгертіп, тоқтата алады (некені бұзу, ата-ана құқығынан айыру және т.б.

2) сотқа жүгіну қажеттігі тараптардың бірінің құқықтық қарым-қатынасты өзгерту немесе тоқтатуға келіспеуінен болады (сату-сатып алу келісімшартын бұзу, жалпы меншікті бөлу және басқалары).

Тәжірибеде талап қоюдың түрлері бір сот ісінде жиі біріктіріледі немесе жеке сот істерінде бөлінеді. (ҚР АІЖК 171-бап). Демек, тану туралы талап қоюлар мен өзгертілген талап қоюлар меншіктеу туралы талап қоюлармен жиі бірігеді. Мысалы, келісімшартты жарамсыз деп танитын талап қою әдетте келісім бойынша орындалғанды қайтаруды меншіктеу туралы талап қоюмен бірігеді. (ҚР АҚ 157-бап). Мүлікті бөлу немесе одан белгілі бір бөлігін бөліп алу жөніндегі өзгертілген талап қою мүліктің осы бөлігін беруді меншіктеу туралы талап қоюмен қатар жүреді.

Әртүрлі талап қоюлардың бір талап қою арызында және процесте бірігу мүмкіндігі мұндай талап қоюлардың маңызын жоғарылатады. Осындай талап қою арызы бойынша істі шеше отырып, сот оларға ортақ сот шешімі құрамындағы әрбір талапқа нақты және жеке жауап беруі тиіс.

§ 5. Талап қою құқығы

Заңда «талап қоюға құқық» және «талап қою» деген түрлі мағынадағы терминдер қолданылады. Сот қорғауын қозғау құралы ретінде талап қою іс жүргізу әрекеті болып табылады. Мұндай

мағынада «іс жүргізу мағынасындағы талап қою туралы» деп айтады. Бірақ «талап қою» деген сөздің өзге де ұғымдары, өзге институттары бар. Осыған байланысты іс жүргізу мағынасындағы талап қоюды онымен аттастардан түсінігі жағынан ажырата білген дұрыс. Азаматтық құқықта «талап қою», «талап қоюға құқық» сөздері қарызгердің қандай да бір іс-әрекетті істеу немесе нақты бір іс-әрекеттен бас тарту («материалды мағынадағы» талап қою құқығы) міндеттерін мәжбүрлі түрде жүзеге асырудағы азаматтық субъективті құқықты білдіреді. Демек, талап қоюдың мерзімі өтіп кеткен талап қоюға құқықты жою туралы тәртіпті бекіте отырып, заң «талап қою» және «талап қоюға құқық» деген сөздерді нақ осы мағынада қолданады (АҚ 178-бап).

Материалдық мағынадағы талап қою (талап қоюға талап) «тартыс» сөзімен де белгіленеді. Азаматтық процесте материалдық мағынадағы талап қою (талап қоюға талап) немесе тартыс талап етуші көрсеткендей және сот талқылауына жататын, жауап берушіге мәжбүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін мағынада (мерзімі келді, абсолютті құқық бұзылды және т.б.) пісіп жетілген талапқа талап етушінің құқығы. Мұндай талап ету құқығы жауап берушінің оған сәйкес міндетімен бірге меншіктеу туралы талап қою болып табылады. Талап етушідегі осы құқықтың барын анықтай отырып, сот оның талап қою арызын, содан соң оның талабының мәжбүрлі түрде жүзеге асырылуын қанағаттандырады. Егер де бұл құқық (материалды мағынадағы талап қоюға құқық) жоқ болса, мысалы, талап қою құқығының мерзімі өтіп кеткен жағдайда сот талап қою арызын қараусыз қалдыру туралы шешім шығаруы тиіс.

Сондықтан да талап қоюға құқық (материалды мағынадағы) субъективті азаматтық құқықты сот арқылы мәжбүрлі түрде жүзеге асыру құқығын білдіреді.

Талап қою арызын ұсыну құқығы — Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланған және кепілдік берілген сот жүзінде қорғалу үшін сотқа жүгіну құқығының бір түрі.

Талап қою арызын ұсыну құқығы нақты материалдық-құқықтық дауды шешу мақсатында бірінші сатыдағы сотта іс қозғау және сот талқылауын қолдау деп аталады. Бұл нақты материалдық-құқықтық дау бойынша әділсотқа құқық. Азаматтық процесте сот жүзінде қорғалу азаматтар мен мекемелерге (ҚР АІЖК 8-бап), шетел азаматтарына, шетелдік мекемелер мен ұйымдарға, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғаларға (ҚР АІЖК

413, 414) тиесілі. Ол талап қоюдың кен ауқымын берумен қамтамасыз етеді. Талап қою арызын ұсыну құқығы әрбір жағдайда тек кейбір ең аз анықталған талап қою құқығының алғы шарттарының барын болжайды. (ҚР АІЖК 150-бап).

Талап қою арызын ұсыну құқығының алғы шарттары – нақты бір тұлғаның нақты бір іс бойынша талап қою арызын берудегі субъективті құқығының заңды туындауымен байланысты мән-жайлардың бар-жоғы. Егер де мұндай алғы шарттар бар болса, бұл сол тұлғада азаматтық-құқықтық талабын сотта қарау құқығы барын білдіреді. Егер де қандай да бір алғышарт болмаса, онда ол құқықтың өзінің де жоқ болғанын білдіреді. Бұл жағдайда сотқа тың тиісті өділсот актісін жасауға құқысы жоқ (міндетті де емес). Талап қою арызын берудің мынадай алғы шарттарын ажырата білген жөн:

а) жалпы және арнайы – олар қабылданатын істердің аясына;

б) талап қою арызын ұсыну құқығының бар-жоғын заңның байланыстырғанына қарай дұрыс немесе дұрыс емес алғы шарттар.

Кез келген талап қою арызын ұсыну құқығының жалпы алғы шарттарына төмендегілер жатады:

1) талап етуші мен жауап берушінің іс жүргізуге құқықтық қабілеттері, яғни азаматтық істе тарап бола білу қабілеті. Іс жүргізуге қабілеттілікті талап етудің тек ұйымдар үшін практикалық маңызы бар, талап қою арыздарын заңды тұлғаның құқықтарына ие ұйымдар ғана бере алады. Туылған сәтінен бастап өлгенге дейін іс жүргізуге құқықтық қабілеті бар азаматтар;

2) даудың сотқа ведомстволық бағыныштылығы;

3) сол іс бойынша бұрын шығарылған заңды күшіне енген сот шешімінің болмауы (істердің барабарлығы).

Талап қою арыздарын біріктіру. Өзара бір-бірімен байланысты талаптарды бір процесте қарау істі барынша толық, жылдам және дұрыс шешуге ықпал етеді, карама-қайшы сот шешімін шығару мүмкіндігін болдырмайды. Осы мақсатпен азаматтық іс жүргізу заңы талап қою арыздарын біріктірудің институтын бекітті.

Талап қою арыздары талап етушінің де, соттың да бастама-сымен біріктірілуі мүмкін. Егер де сот ісінде бір және сол тараптар қатысатын бірнеше бірінғай істер болатын болса, онда сот төрешісі мұндай бітіктіруді маңызды деп тапса, істерді бір сот ісіне біріктіруге құқылы. (ҚР АІЖК 171-баптың 3-бөлігі).

Аталған жағдайларда істерді даудың тақырыптарына (нысанна) қарай біріктіреді. Сондықтан да ол істерді объективті түрде бекіту деп аталады. Кейбір жағдайларда талап қою арыздарын біріктіру заңда тікелей қарастырылған. Мысалы, ата-ана құқығынан айыру жөніндегі талап қою арыздары бойынша шешім қабылдар кезінде сот бір мезгілде алимент төлеу туралы мәселені де шешеді («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 68-баптың 3-бөлігі).

Тәжірибеде құқықтың әртүрлі саласына жататын құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын даулар бойынша талап қоюларды біріктіру, әсіресе оларды талқылау зерттеудің түрлі әдістерімен немесе әлеуметтік мәселелерді шешумен байланысты болатын болса, мақсатқа лайықты емес деп есептеледі.

Мысалы, бір және сол мекемеге ұсынылған жұмысқа қайта орналасу және аса жоғары қауіп көзінің кесірінен болған шығынды өтеу туралы талап қоюлар біріктірілуі мүмкін емес. Талап қоюларды біріктіру кезінде олардың әрқайсысы өзіндік мәндерін сақтайды. Әрбір талап қою бойынша сот жалпы шешімде жазып және себебін көрсете отырып, оларға жауап беруі тиіс.

Талап қоюларды ажырату. Сондай-ақ заң талап қоюларды ажыратуды да қарастырады. Мұндай құқық талап қою арыздарын қабылдау кезінде сотқа тиеселі. Ол егер де, талаптарды жеке бөліп қарау барынша мақсатқа лайықты деп таныса, бір сот ісіне біріктірілген талап қоюлардың бірін немесе бірнешеуін бөліп алып қарай алады. Талап етушінің біріктірген бір немесе бірнеше талаптары, сондай-ақ бірнеше талап етушілердің немесе бірнеше жауап берушіге біріктірген талаптары жеке сот ісіне бөлініп алынуы мүмкін (ҚР АІЖК 171-баптың 1 және 2-бөлігі).

Талаптарды біріктіру және ажырату мәселелерін тек сот өзі ғана шешеді. Егер де сот отырысында істерді біріктіріп немесе жеке қарау қажеттігі туындайтын болса, оны соттың алқалы құрамы да шеше алады. Бұл ретте материалдың толықтығы, оны ұсынудың және зерттеудің үнемділігі, құқықтық мәселелерді бір мақсатта шешу және істі дұрыс және дер кезінде шешу міндетімен байланысты өзге де пікірлер ескеріледі.

§ 6. Талап қоюды қамтамасыз ету

Талап қоюды қамтамасыз ету – бұл егер де талап қою қанағаттандырылатын болса іс бойынша келешекте шығарылатын шешімді нақты орындауға кепілдік беретін, заңда қарастырыл-

ған шараларды қолданудағы сот төрешілерінің немесе соттын іс-әрекеті. Талап қоюды қамтамасыз етуге істің барлық жағдайларында рұқсат етіледі, егер де (қамтамасыз ету шараларын қолданбау сот шешімінің орындалуын қиындатуы немесе мүмкін етпеуі мүмкін).

Талап қоюды қамтамасыз ету негізіне іске қатысушы тұлғалардың, аралық немесе арбитражды талқылаулардың тараптарының арыздары жатады.

Талап қоюды қамтамасыз ету шараларын сот немесе сот төрешісі іске қатысушы тұлғалардың арыздары немесе өтінімдері немесе өз бастамасы бойынша қолданады. (ҚР АІЖК 158-бап). Талап қоюды қамтамасыз ету туралы іске қатысушы тұлғалардың өтініштері жазбаша немесе ауызша түрде болуы мүмкін (мысалы, талап етуші бұл жөнінде талап қою арызында көрсете алады, сот талқылауы барысында мәлімдей алады, талаптарын қамтамасыз ету туралы сотқа немесе сот төрешісіне арыз жазу арқылы). Осындай өтінішті білдіруге заңда қандай да бір арнайы талаптар қарастырылмаған. Егер де іс алқалы құрамда қаралмаса, сот талапты қамтамасыз етуді азаматтық істерді қозғау сәтінде, оны дайындау процесінде немесе сот талқылауы кезінде өзі жеке шешеді.

Істі алқалы құрамда қарау кезінде сот талқылауы кезінде берілген талаптарды қамтамасыз ету туралы өтінімді сот толығымен шешеді.

Талап қою тек қозғалған іс бойынша қамтамасыз етілуі мүмкін. Арызды қараусыз қалдырған жағдайда (ҚР АІЖК 155-бап) талап етушінің талаптарын қамтамасыз ету туралы өтінішін сот қарамайды және дәл солай қараусыз қалдырылады. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды істі қараушы сот төрешісі немесе сот жауап берушіге және іске қатысушы өзге тұлғаларға хабарламай-ақ сол күні шешеді. Жауап беруші даудың тақырыбын жоққа шығаруы мүмкін болатындықтан (сатып жіберу, жасыру, жарамсыз ету және т.б.) мұндай шұғыл әреке қажет. Талап қоюды қамтамасыз ету бойынша тез арада сот шешімін орындау үшін бекітілген тәртіпте орындалуы тиіс соттын (сот төрешісінің) анықтауы шығарылады. (ҚР АІЖК 160-бап).

Талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар. Талап қоюды қамтамасыз ету шараларына мыналар жатуы мүмкін (ҚР АІЖК 159-бап):

1) жауап берушіге тиісті және ондағы немесе өзгелердегі мүлікке тыйым салу (банктің корреспонденттік есепшотындағы ақшаға тыйым салу басқасы);

- 2) жауап берушіге белгілі бір іс-әрекетті жасауға тыйым салу;
- 3) өзге тұлғаларға жауап берушіге мүлікті беруге немесе оған қатысты өзге де міндеттерді орындауға тыйым салу;
- 4) мүлікті қамаудан босату туралы талап қою арызын берген жағдайда мүлікті өткізуді тоқтату;
- 5) мемлекеттік органның, ұйымның немесе лауазымды тұлғаның жокқа шығарылған актісінің әрекет етуін тоқтату;
- б) қарызгердің сот тәртібімен жокқа шығарған орындалу құжаты бойынша қарызды өтеуді тоқтату.

Қажет болған жағдайларда бірнеше талап қою түрлерін қамтамасыз етуге рұқсат етілуі мүмкін (ҚР АІЖК 162-бап). Талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екінші бір түрімен ауыстыруға да рұқсат етіледі. Талап қоюды қамтамасыз ету түрін ауыстыру мәселесі сот отырысында шешіледі.

Іске қатысушы тұлғаларға сот отырысының уақыты мен орны хабарланады, дегенмен де олардың сот отырысына келмеуі талап қоюды қамтамасыз ету түрін ауыстыру туралы мәселені қарау үшін кедергі болмайды. Ақшалай соманы өтеу туралы талап қоюды қамтамасыз ету кезінде жауап беруші қамтамасыз етудің рұқсат етілген шараларының орнына талап етушінің талап еткен сомасын соттың депозиттік есепшотына сала алады. (ҚР АІЖК 162-баптың 2-бөлігі). Талап қоюды қамтамасыз ету түрін ауыстыру туралы анықтау шыққан сәттен бастап, алғашқы анықтау күшін жояды да, жаңа анықтау тез арада орындалуы тиіс. Талап қоюды қамтамасыз етудің қабылданған шараларын сол сот тараптардың арыздары немесе өз бастамасы бойынша жокқа шығарылуы мүмкін. Бұл мәселе уақыты мен болатын орнын іске қатысушы тұлғаларға хабарлай отырып, сот отырысында шешіледі, дегенмен де олардың сот отырысына келмеуі талап қоюды қамтамасыз ету түрін ауыстыру туралы мәселені қарау үшін кедергі болмайды. Талап қоюдан бас тартқан жағдайда талап қоюды қамтамасыз етуге қабылданған шаралар шешімнің заңды күшіне енгенге дейін сақталады. Талап қоюды қамтамасыз ету кезінде оны қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар сот шешімі орындалғанға дейін өзінің іс-әрекетін сақтайды (ҚР АІЖК 163-бап). Талап қоюды қамтамасыз ету түрін ауыстыру немесе талап қоюды қамтамасыз етуді жокқа шығару туралы анықтау тараптардың мүдделеріне нұқсан келтіретін болғандықтан, алғашқы анықтаудың әрекет етуін тоқтата отырып, жаңа анықтаумен сот талап етуді қамтамасыз етудің қолданыстағы шараларын жокқа шығарады. Сондықтан

да жеке шағым беру немесе оларға наразылық білдіру анықтауды орындауды тоқтатады. Талап етуді қамтамасыз етудің алғашқы қабылданған шаралары жоғары сот жаңа анықтауды өзгертусіз қалдырмайынша өз әрекетін сақтайды. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы мәселе бойынша барлық өзге анықтауларға жеке шағым беру немесе оларға наразылық білдіру анықтаудың орындалуын тоқтатпайды. Егер де талап қоюды қамтамасыз ету бойынша анықтау шағым берген тұлғаға хабарланбай шығарылған болса, шағым беру мерзімі оған осы анықтау белгілі болған күннен бастап белгіленеді (ҚР АІЖК 164-баптың 2-бөлігі).

Заңның талап қоюды қамтамасыз ету туралы мәселер бойынша барлық анықтауларға шағым беру мүмкіндігіне рұқсат етуі тектен тек емес, бұл жерде тараптардың материалды мүдделері маңызды, соттың дер кезінде немесе құқықтық емес әрекеттерінің кесірінен олардың әрқайсысы шығынға ұшырауы мүмкін. Талап етушінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, сонымен бірге азаматтық іс жүргізу заңы жауап берушіге талап етушінің өтініші бойынша қабылданған шаралардың салдарынан болған шығындарын өтету құқығын береді. Осы мақсатта сот немесе сот төрешісі талап етушіден жауап берушінің шығындарын өтеуді талап ете алады. Талап қою арызынан бас тартылған шешім заңды күшіне енгеннен кейін жауап беруші талап етушінің өтініші бойынша қабылданған шаралардың салдарынан болған шығындарын өтету туралы талап етушінің үстінен арыз беруге құқылы (ҚР АІЖК 165-бап).

Қажет болған жағдайларда сот ҚР АІЖК 158-бабында көрсетілген мақсаттарға жауап беретін талап қоюды қамтамасыз ету бойынша өзге шаралар қабылдауы мүмкін. Сот талап қоюды қамтамасыз етудің бірнеше шараларын қолдануы мүмкін. ҚР АІЖК 159-бабы 1-бөлігінің 2) және 3) тармақшасын бұзған жағдайда кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен бірге талап етуші бұл тұлғалардан талап қоюды қамтамасыз ету бойынша анықтауды орындамау салдарынан келтірілген шығындарды сот тәртібімен талап етуге құқылы. (ҚР АІЖК 159-баптың 2-бөлігі).

§ 7. Жауап берушінің талап қоюға қарсы мүдделерін қорғау

Тараптардың іс жүргізудегі теңдіктері процесте жауап берушіні талап қою арызына қарсы қажетті қарсылықтарын білдіре отырып, қорғалу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

Процестің тартысты түрі оған істің мәні бойынша қаралуының басталуын күтпей-ақ талап қою арызымен танысуына, талап етушінің дәлелдерін танып-білуіне және алған ақпараттарын есепке ала отырып, талап етушінің талаптарына деген өзінің көзқарасын анықтауға мүмкіндіктер береді. Жауап беруші, егер де талап етушінің талаптарын заңды және негізді деп таныса, талап қоюды дұрыс деп есептеуге құқылы. Егер де жауап беруші талап етушінің талаптарын жокқа шығаруды көздейтін болса, ол қорғалудың екі түрін қолдана алады: а) қарсылық білдіру б) қарсы талап қою арызын беру.

Талап қоюға қарсылық білдіру – талап қоюдағы талаптарды жокқа шығаратын себепті дәлелдері бар тұжырымдар. Өзінің сипаты бойынша қарсылық іс жүргізушілік немесе материалды-құқықтық болуы мүмкін.

Іс жүргізушілік қарсылық әрдайым талап етушінің талап қоюға құқығының жоктығы немесе оның талап қою тәртібін бұзғандығынан іс бойынша процестің өзін қозғаудың заңсыз екендігін дәлелдеуге бағытталады. Жауап беруші арызды қараусыз қалдыруға немесе іс бойынша сот ісін тоқтатуға ұмтылады. Мысалы, талап етушінің талап қою арызын ұсыну тәртібін бұзғандығын көрсете отырып, жауап беруші істің сотты еместігін, арыздың талап етушінің істі жүргізуге өкілетігі жок өкілінің бергендігін және т.б. дәлелдейді. Талап етушінің талап қою арызын беруге құқығы жоктығын растайтын деректер ретінде жауап беруші мыналарды көрсете алады: талап етушінің құқыққа қабілетсіздігі; істің сотқа ведомстволық бағыныштығы еместігі; жалпы ереже бойынша сотқа ведомстволық бағынышты істі қарауға арнайы тыйымның бары; заңды күшіне енген барабар талап қоюдың бары және басқалары;

Материалды-құқықтық қарсылық ұсынылған талап қоюдың негізін құрайтын жокқа шығаруға бағытталған және талап етушінің талаптарының заңсыздығы мен негіздігін растайды. Талаптың заңсыздығын дәлелдей отырып, жауап беруші әдетте арыздағы талаптардың құқықтық емес (карточкалық қарызды өтеу) сипатына, даулы құқықтық қарым-қатынастың кері күші жок сәйкес нормативті акті шыққанға дейін не болмаса талаптардың келісімі заңсыз болып табылатынына (азаматтардың есірткі заттарын сату-сатып алуы) сүйенеді. Жауап беруші сондай-ақ талап қоюдың негізіне жататын норманың күші жойылғанын растауға құқылы.

Жауап берушінің барынша жиі сүйенетін талап етушінің негізсіз талаптарына мыналар жатады: заңды құрамның толықсыздығы, дәлелдердің жеткіліксіздігі немесе сенімсіздігі. Мысалы, тұрғын үйге меншіктік құқықты тану туралы талап қоюды жокқа шығара отырып, жауап беруші сатып алу-сату келісімшартының жоктығын растайды, ал талап етушідегі қарызгерлік қолхат тек жасалмаған келісім есебінен ақша сомасын алу үшін берілген. Қойма үшін жал төлемін төлету туралы талапты жокқа шығара отырып, жауап беруші талап етушінің ұсынған жал туралы келісімшартының жалғандығына сүйенеді. Өзге жағдайларда жауап беруші дәлел ретінде деректерді жоятын құқықтың барын пайдаланады. Мысалы, шығындарды өтеу туралы талап қоюға қарсылық білдіре отырып, жауап беруші талап етушінің өзінің кінәсінің барын (киянат немесе дөрекі абайсыздық) көрсетеді. Жалған некені жарамсыз деп тану туралы талап қоюды жокқа шығара отырып, жауап беруші некеге отырғаннан кейін бір жыл өткен соң олардың арасында отбасылық қарым-қатынастардың туындағанын және некенің жалған болмай кеткенін айтады. Қарыз келісімшарты бойынша соманы төлету туралы талап қоюға қарсылық ретінде жауап беруші өзінен бопсалау арқылы талап етушінің алған қарыз екендігін білдіретін қолхаттын үмітсіз екендігін айтады. Кейде жауап беруші талап қоюдың құны тым жоғары екендігін айта отырып, талап етуші ұсынған талап мөлшерін жокқа шығарады. Егер де қарызгер несие берушінің алдындағы міндетін жартылай орындаған болса, онда қарызгердің орындамаған міндет бөлігінен ғана талап қойылуы мүмкін. Өсімді, тұрақсыздықты, алдын ала беріп қойған ақшаны, айрылып қалған пайданы өндіру тараптардың келісінде міндеттерді орындамағаны үшін санкция қолдануға сәйкес нұсқау бар болғанда ғана мүмкін.

Қарама-қарсы талап қою. Жауап берушінің барынша күрделі және практикада сирек қолданатын қорғану тәсілі қарама-қарсы талап қою. Қарама-қарсы талап қою — талап етушінің қойған талабымен бірге істі сотта бірге қарау үшін жауап берушінің талап етушіге ұсынған жеке талаптары. (ҚР АІЖК 156-бап). Жауап берушінің қойған талабы қарама-қарсы талап болатындықтан, талап етушінің талаптары бұл жағдайда алғашқы болып табылады. Жауап берушінің талаптары алғашқы талап қоюмен бірге қарау үшін заңда қарастырылған тек үш жағдайда ғана қабылдануы мүмкін. (ҚР АІЖК 157-бап):

1) егер де карама-қарсы талап алғашқы талапты сынауға бағытталса. Екі талап қоюдың мүліктік сипаты болса ғана есептеудің орны бар. Егер де карама-қарсы талап қоюдың құны алғашқы талап қоюдан жоғары болатын болса, сот оларды өзара келісімді түрде жоюды жүргізе отырып, жауап берушінің пайдасына тек жетпейтін соманы ғана өндіреді. Егер де алғашқы талап қоюдың құны карама-қарсы талаптың құнынан асып кететін болса, сот осылайша әрекет етеді. Екі талаптың да құны тең болған жағдайда сот тараптардың ешқайсына қандай да бір соманы төлеуді міндеттемей-ақ, оларды өзара келісіммен жояды. Уақытты іс жүргізумен үнемдеуге бір процесте есептелуге тиісті талаптарды қарау нәтижесінде, орындалу сатысында кол жеткізуге болады. Мұндай талаптарды жеке қарау кезінде алдымен орындалу парағы бойынша талап етушінің талап еткен сомасы өндіріледі, содан соң нақты түрде жауап берушінің талабы бойынша кері өндіру іске асырылады. Араларында есеп болуы мүмкін талап қоюларды бірге қарау кезінде бір өндірушінің пайдасына бір орындалу парағы беріледі, ақшалай соманы өзара келісіммен берудің еш қажеті болмайды. Дегенмен де, карама-қарсы талап қоюды алғашқы талап қоюмен бірге оларды есептеу мүмкіндігінің себеп-салдары бойынша бір процесте қарауға қабылдау соттың міндеті емес, құқығы. Есептеуге бағытталған талаптардың мысалы ретінде тұрғын үйге жатпайтын үй-жайды жалға беру келісімінің типтес бір шартын келтіру жеткілікті. Жалға алушы жал төлемінен жалға берілген үй-жайды жақсартуға жұмсалған соманы алып тастауды талап етуге құқылы;

2) егер де карама-қарсы талапты қанағаттандыруға алғашқы талап қоюды толықтай немесе оның бір бөлігін қанағаттандыру кірмейтін болса, бұл жағдайда карама-қарсы талап қою арызы алғашқы талап қоюдың негізін толықтай немесе оның бір бөлігін алып тастауға бағытталған сипатына қарай ол бір-бірін өзара жокқа шығарушы болып табылады. Бұл бір-біріне қайшы келтіретін шешімдерді шығаруға және преюдициальдылық тәртібін бұзуға әкеліп соқтыратын болғандықтан, оларды жеке қарау мүмкін емес. Мұндай талаптардың бірі немесе екеуі де мүліктік сипатқа ие. Аталған негіз бойынша ұсынылған карама-қарсы талаптардың барынша типті мысалына мыналар жатады: алиментті өндіру туралы талап қою арызы және хал актілерін жазу органдарында баланың әкесі деп жазылғанды

жарамсыз деп тану туралы карама-қарсы талап қою; некені бұзу туралы талап қою және некені жарамсыз деп тану туралы карама-қарсы талап қою; тұрғын үй аумағын бөлу туралы талап қою және алғашқы талап етушінің тұрғын үй аумағына құқығын жоғалтты деп тану туралы карама-қарсы талап қою. Мұндай талаптарды сот бірге қарауға және оларға бір шешім қабылдауға міндетті;

3) егер де карама-қарсы және алғашқы талап қою арыздарының арасында өзара байланыс болатын болса және оларды бірге қарау оны барынша тез әрі дауларды дұрыс шешуге алып келеді

Аталған негізді қолдану мысалы ретінде карама-қарсы талап қоюды қабылдау үшін істе некені бұзу туралы, талап етушіден алимент өндіру туралы жауап берушінің талаптары және бірге жинаған ортақ мүліктерін бөлу туралы жағдайларды қарауды айтуға болады.

Карама-қарсы талап қою алғашқы талап қою бойынша шешімнің қаулысын шығарғанға дейін, сот шешім шығару үшін ақылдасу бөлмесіне кеткенге дейін берілуі мүмкін, Ол жалпы тәртіп бойынша беріледі: сотқа талап қою арыздары ҚР АІЖК-нің 150, 151-баптарында қарастырылған талаптарды сақтай отырып беріледі, мемлекеттік баж салығы төленеді. Карама-қарсы талап қою арызын қабылдау соттың немесе сот төрешісінің анықтау шығаруымен рәсімделеді (ҚР АІЖК 152-бап).

Карама-қарсы талап қоюдың соттылығы оның алғашқы талап қою арызымен байланыстылығымен шартталады, сондықтан да ол алғашқы талап қою арызын қараған сотқа беріледі. (ҚР АІЖК 157-бап). Егер де жауап берушінің талап қою арызын карама-қарсы талап қою арызы ретінде қабылдау үшін негіз болмайтын болса, сот немесе сот төрешісі оны алғашқы талап қою арызымен бірге қараудан бас тарту жөнінде анықтау шығарады. Егер де сот немесе сот төрешісі жауап берушінің арызын қараудан ҚР АІЖК 153-бабындағы себеп-салдарларға сәйкес бас тартатын болса, анықтауға шағым жасауға болады.

Сот шешімінің қарарлы бөлімі алғашқы және карама-қарсы талап қою арыздары бойынша: қай жерде көрсетілуі тиіс, тараптардың әрқайсына қандай құқық танылды, кімнің пайдасына қандай іс-әрекеттер жасалуы тиіс деген сияқты жеке тұжырымдар болуы тиіс. Нақтырақ айтқанда бұл тараптардың әрқайсы бір мезгілде талап етуші де, жауап беруші де бола алатын әртүрлі екі талаптар бойынша біртұтас шешім.

§ 8. Жауап берушінің талап қоюға қарсы мүдделерін қорғаудың іс жүргізу құралдары

Диспозитивтілікті басшылыққа ала отырып, тараптар субъективті құқықтары мен заң жүзінде қорғалатын мүдделерін қорғау құралдарын өздері анықтауға құқылы. Материалдық-құқықтық талап өртүрлі мән-жайларға байланысты (сотқа жүгіну кезінде талап қоюлардың элементтерін дұрыс анықтауға кедергі келтіруші тараптардың заңды білмеуі, сот талқылауы барысында істегі жана мән-жайлардың анықталуы; туындаған дауды тараптардың реттеуі және т.б.) өзгертілуі мүмкін. Талап қою арыздарына және қорғану құралдарына өкімдік ету түрлері ҚР АІЖК 47-бабында талап етушінің талап қою негізін немесе тақырыбын өзгертуге, талап қоюдың мөлшерін ұлғайту немесе азайтуға немесе талап қою арызынан бас тартуға, ал жауап беруші талап қоюды тануға құқылы деп бекітілген. Тараптардың істі бейбіт келісіммен аяқтауларына болады. Аттары аталған өкімдік ету әрекеттерінің әрқайсының нақты мазмұны төмендегідей.

Талап қоюды өзгерту. Талап етушінің талаптарын өзгертуі субъективті құрамның алғашқы белгіленген тақырыбын, негізін, құнын қайта құру түрінде болуы мүмкін. Талап беруші талап қоюдың тақырыбын өзгерте отырып, істің мән-жайларын зерттеу шектерін азайта немесе кеңейте, соттан сұралатын шешімнің сипатын өзгерте отырып, өзінің субъективті құқығын қорғаудың көлемі мен түрін анықтайды. Мысалы, ол тану туралы алғашқы мәлімделген талап қою арызына жауап берушіге қандай да бір іс-әрекетті орындауын меншіктеу туралы немесе даудан туындаған құқықтық қарым-қатынастарды қайта құру туралы талаптарын қосуға құқылы. Демек, авторлықты тану туралы талап қоя отырып, оны талап етуші авторлық сыйақыны төлеу туралы талаппен толықтыра алады. Жал төлемін төлету туралы алғашқы берілген арызға талап етуші жал туралы келісімшартты бұзу туралы талап қоюды қосуға құқылы. Талап етуші жана талап қоя отырып, тіпті талап қоюдың тақырыбын өзінше өзгерте алады. Мысалы, некені бұзу туралы талап қою арызын ұсына отырып, бұл некені жарамсыз деп тануды өтіне алады. Дегенмен де талап қою арызының барлық өзгерген тақырыбы талап етушінің қарауды өтінген сол даудың аясында қалуы тиіс. Мысалы, жауап берушіден алимент өндіру туралы алғашқы ұсы-

нылған талаптардың орнына одан тағы тұрғын үй ауданына құқықтың жойылғанын тануды талап етуге борлмайды. Бұл жана талап қою болып табылады, ол жеке тәртіптер бойынша берілуі тиіс.

Талап қоюдың негізін талап етуші жаңа мән-жайларға сілтеме жасау арқылы және талаптардың негізіне келтірілген деректерді растаумен жана дәлелдерді ұсына отырып өзгертеді. Талап етуші талаптың негізінен қандай да бір деректі шығарып тастай алады, бір деректі екінші бір деректермен ауыстыра алады. Егер де талап қою тақырыбының өзі өзгеретін болса, талаптың негізіндегі мұндай өзгерістен құтылу мүмкін емес. Мысалы, некені бұзумен бірге оны жарамсыз деп тануды талап ете отырып, соттың бұл талаптарды шешуіне мүмкіндіктер беретін мән-жайлар әртүрлі болатындықтан, талап етуші талаптың негізін өзгертуі тиіс.

Талап етуші талап қоюдың тақырыбын толықтыра отырып, заңмен қорғалатын мүдденің екінші талаптарының заңдылығын растайтын қосымша жана деректерді атайды. Өзгертілген талап қою бойынша жана істі қозғау қажеттігі болмағандықтан, сотқа іс жүргізуді үнемдеуге мүмкіндіктер береді. Берілген арыздағы талап көлемін өзгерте отырып, талап етуші өзінің субъективті құқығын қорғау көлемін қайта анықтайды. Мұндай диспозитивтілік құқықтық талаптың мүлктік сипатқа ие болған кезінде ғана мүмкін. Егер де талап етуші талап қою арызын берген сәтте ұсынылып отырған талап құнының нақтылығын жеткілікті түрде анықтай алса, мысалы, денсаулыққа келтірілгеннен болған зиянды өндіру туралы талап қоюда, не сот талқылауы барысында ол талаптардың құнын арттыра отырып, өз талаптарының көлемін нақтылай алады. Кейде талап қоюдың құнын талап етуші саналы түрде көтереді, сондықтан да істі қарау кезінде талап қоюдың көлемі нақтыланады және талап етуші алғашқы талап ету сомасын азайта отырып, оның нақты көлемін айтады. Талап қоюдың элементтерін, оның құнын және дауға қатысушылар құрамын өзгерту туралы талап етушінің арызы процеске жана материалдарды тартуды, жауап берушінің өзгертілген талап қоюға қарсы қорғалуға қосымша дайындықты қажет етуі мүмкін. Сот немесе сот төрешісі мұндай жағдайда сот талқылауын кейінге қалдыруға құқылы.

Талап қоюды өзгерту құқығын талап етуші істі қозғау сатысында және талап қою арызына тиісті толықтыруларды беру

аркылы оны дайындау сатысында жүзеге асыруу мүмкін. Істі карау барысында бұл құқықты соттын немесе сот төрешісінің шешімінің қаулысы шыққанға дейін (кеңесетін бөлмеге кеткенге дейін) жүзеге асыруға болады. Бірақ әдетте талап етушінің талап қоюды өзгертуге қатысты ұстанымын істі баяндағаннан кейін сот немесе сот төрешісі анықтайды. Талап етушінің талап қоюды өзгерту туралы барлық іс-әрекеттері сот отырысының хаттамасында жазылуы тиіс.

Талап етушінің арызындағы талаптар соттын өз бастамасы бойынша мұндай талаптар шегінен шығу арқылы толықтырылуы мүмкін (ст. 219-бап). Сотта мұндай құқықтың бары талап қою тақырыбын немесе негізін өзгерту соттын еркінде дегенді білдірмейді әрине. Сот тек талап етушінің қорғалу шектерін кеңейте отырып, талап етушінің белгілеген талап қою элементтері шегінен шығуға ғана құқылы. Бірақ мұндай іс-әрекет егер де іс бойынша шешімде ол жеткілікті түрде дәлелденген болса ғана заңды. Мысалы, жұбайлардың ортақ мүліктерін бөлу кезінде сот көмелетке толмаған балалардың мүдделерін немесе жұбайлардың бірінің қоғамдық пайдалы еңбектен жалтарып, отбасының мүддесіне шығын келтіре отырып, ортақ мүлікті жұмсап жібергені туралы мән-жайларды есепке ала отырып жұбайлардың бірінің үлесін ұлғайтуы мүмкін. Сот шешімінде ортақ мүліктен жұбайлардың бастапқы үлес теңдігін бұзу себептерін келтіруі тиіс. Іс бойынша талап етушінің талап қою құнын дұрыс белгілемегендігі және нақты құнға сәйкес келмейтіндігі анықталса, сот талап қою көлемін ұлғайтуға құқылы. Демек, тараптардың талаптарына карамастан айыппұл, өсім, тұрақсыздық айыбы және өзге де сомалар заңда қарастырылғаны бойынша өндірілуі мүмкін.

Талап етушінің арызындағы талаптардың шегінен сот тек арнайы нормативті нұсқау болғанда ғана (рұқсат етілгенде) шыға алады. Көп жағдайларда жауап берушіні ата-ана құқығынан айыру кезінде сот онымен бір мезгілде одан алимент өндіру туралы мәселесін осындай талап қою арызын берген-бермегеніне карамастан шешуге міндетті. Көмелетке жасы толмаған балалары бар жұбайлар арасындағы некені бұзу кезінде сот бұл жөнінде арызда ұсыныс болмаса да анықталған мән-жайларға қарап балаларды асырауға алимент өндіруге құқылы. («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 21-бап).

Талап етушінің талап қоюды өзгертуі түрлі іс жүргізушілікпен рәсімделуі мүмкін. Егер де талап етушінің ерік-жігері

арнайы арызда жазылған болса, онда ол іс материалдарына тіркеледі. Сот талқылауы барысында талап қоюға өкімдік ету сот отырысы хаттамасына жазылып, оған талап етуші қол қоюы тиіс. Қаралып отырған талап қоюға толықтырулар енгізуді сот немесе сот төрешісі оның себебін көрсете отырып оны шешімде көрсетеді.

Талап қоюды тану. Талап қоюды тану – жауап берушінің талап етушінің талап қою талаптарымен келісетіндігін білдіруі. Бұл талап қоюды қанағаттандыру туралы шешім қабылдауға әкеліп соқтырады. Талап қоюды тану себептеріне жауап берушінің қарсылығының негізсіздігі және талап етушінің талаптарының әділ екендігіне сендіру, жауап берушінің өзіне тиеселі субъективті құқығынан талап етушінің пайдасы үшін толық немесе жартылай бас тартуы, дауды жалғастыруға ниетінің жоқтығы жатуы мүмкін. Жауап беруші талап қоюды тани отырып, талап етушіге процесте жеңуін қамтамасыз етіп, талап етушімен материалды-құқықтық дауды тоқтатады.

Талап қоюды тану нысаны мен мазмұнына қарай әртүрлі болады. Нысаны бойынша – бұл жауап берушінің іс материалдарына қатыстырылатын жеке арызы немесе жауап беруші қол қойған сот отырысы хаттамасындағы жазба.

Мазмұны бойынша толықтай немесе жартылай немесе жіктелген талап етуші талаптарындағы жауап берушінің жоққа шығарған бөлімімен сакталады.

Жай тану – ұсынылған талаппен қандай да бір ескертусіз келісу. Жіктелген тану үнемі талап етушінің талаптары даусыз деп санауға мүмкіндік бермейтін ескертумен жасалады. Мысалы, жауап беруші талап етуші екеуінің арасында жал туралы келісімшарттын бар екендігін мойындайды, бірақ та ол талап еткен соманы талап етушіден қарама-қарсы қолхатты алмастан бергендігін растайды. Егер де заңға қайшы келетін болса немесе өзге тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзатын болса сот тануды қабылдамауға құқылы. Талап қоюды тануды сот істегі барлық материалдардың жиынтығымен және сот отырысындағы анықталған істің мән-жайларын есепке ала отырып, бағалайды. Процесс мұндай жағдайда тоқтатылмайды, іс мәні бойынша қаралып, шешім шығарылады. Сот шешімінде талап қоюды тану бағасы болуы тиіс. Ол заңды екендігіне күмән болмаған жағдайда, талап қоюды қанағаттандыру негізіне жатуы мүмкін. Талап қоюды танумен келіспейтіндігін сот дәлелдеуі тиіс.

Талап қоюдан бас тарту. Талап қоюдан бас тарту – басталған процесі тоқтатуды мақсат еткен талап етушінің өкімдік іс-әрекеті.

Талап етуші соттың жауап берушімен арасында туындаған материалды-құқықтық дауды қарауын және өзінің субъективті құқығын немесе заңмен қорғалатын мүддесін сот жүзінде қорғауын сұраған өтінішінен бас тартады. Мұндай іс-әрекеттің себебіне жауап берушінің талап етуші алдындағы міндеттерін ерікті түрде орындауы, талап қоюдан айдап анық негіздігі және талап етушінің процесте жеңілгісі келмейтіндігі жатады.

Талап етуші талап қоюдан толықтай немесе жартылай бас тартуға құқылы. Талап қоюдан жартылай бас тарта отырып, сот талап қоюдан өзге бөлігімен істі мәні бойынша шешіп, шешім шығарады. Талап қоюдан бас тарту іс материалдарына қатыстырылып, жеке арызда көрсетілуі мүмкін. Сот талқылауы барысында талап қоюдан бас тарту сот отырысы хаттамасында жазылады және оған талап етуші қол қоюы тиіс. Істі қараушы сот немесе сот төрешісі талап етушіге талаптан бас тартудың салдарлары туралы түсіндіруге міндетті және бұл да сот отырысы хаттамасында жазылуы тиіс.

Өзге тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотта іс қозғаушы прокурор және өзге субъектілер (ҚР АІЖК 8-баптың 2-бөлігі) талап қоюдан бас тартуға құқылы. Бұл осы тұлғалардың өзін істі мәні бойынша талқылауды талап ету мүмкіндіктерінен айырмайды. Соттың талап қоюдан бас тартуды қабылдауы сот немесе сот төрешісінің іс бойынша істі тоқтату туралы анықтауымен рәсімделеді. Мұндай талап қою бойынша қайта іс қозғауға рұқсат етілмейді.

Бейбіт келісім. Бейбіт келісім – бұл тараптардың арасында туындаған материалды-құқықтық дауды өзара қолайлы жағдайлармен келісіп реттеуі және соттың қозғалған істі тоқтатуы. Бұл ретте тараптар қол жеткізген келісім бойынша іске асырылатын субъективті құқықтарын өздері анықтайтындықтан, тараптардың қарама-қарсы ерік-жігері өзара кеншілік беруге негізделеді. Көп жағдайда берген арызындағы талаптарын растайтын жеткілікті дәлелдері жоқ талап етуші процесс дұрыс жүрген кезде талап қоюдан бас тарту болуы мүмкін болса да, жауап берушімен бейбіт келісім жасау арқылы жауап берушіге материалдық игіліктердің бір бөлігін бере отырып, оның көп бөлігін ала алады.

Тараптар сот шешімінің орнына кол жеткізген бейбіт келісімнің орындалуымен процесті тоқтатуға кол жеткізе отырып, өз құқықтарын қорғауда іс жүргізу құралдарын бірдей пайдалана алады. Бейбіт келісімді сотта каралып жатқан даудан болған материалды-құқықтық қарым-қатынастың тараптары жасай алады. Бұл талап етуші, жауап беруші және дау тақырыбына өздерінің жеке талаптарын ұсынушы үшінші тұлғалар (дау тақырыбының тағдыры осындай келісіммен шешіледі). Дау тақырыбына өздерінің жеке талаптарын ұсынбаған үшінші тұлғалар, прокурор және талап етушінің құқықтарын қорғау үшін талап қою арызын берген өзге субъектілер бейбіт келісім жасай алмайды.

Талап етуші мен жауап беруші өзара туындаған азаматтық-құқықтық дау бойынша бейбіт келісім жасағылары келетіндіктері туралы арыз берген жағдайда сот оларға бейбіт келісімді бекіткеннен кейінгі болатын салдарларды түсіндіруге тиісті.

Бейбіт келісімнің шарттары тараптардың сотқа жіберілген жеке ортақ құжатында баяндалуы тиіс. Бұл келісім іс материалдарына тіркеліп, сот отырысының хаттамасында белгіленеді. Егер де тараптар сот отырысында отырып, бейбіт келісім жасайтын болса, келісімшарты сот отырысы хаттамасына енгізіледі де ол жөнінде хаттамаға жазылады және талап етуші мен жауап беруші оған кол қоюлары тиіс. Істі қараушы сот немесе сот төрешісі тараптарға бейбіт келісім жасаудың салдары туралы түсіндіреді, ол да хаттамада жазылады.

Сот тараптардың осы аса маңызды іс-әрекетін қадағалайды және бейбіт келісімді егер де бұл заңға қайшы келетін болса немесе өзге тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін бұзатын болса бекітпеуге құқылы. Мысалы, егер де оның шарттары азаматтардың еңбек құқықтарын бұзатын болса (жұмысқа қайта алудың орнына әкімшілік талап етушімен жаңа еңбек келісімшартын жасап отырып жұмысқа қабылдауға келіседі) немесе тұлғаны еңбек міндеттерін атқару кезінде келтірілген шығын үшін материалдық жауапкершіліктен заңнан тыс босатуға бағытталған бейбіт келісімді жасауға болмайды. Тараптар бейбіт келісім жасау арқылы еңбек міндеттерін атқару кезінде денсаулыққа келтірілген шығынды өтеу, сондай-ақ заңда бекітілген алимент мөлшерін өзгертуге құқысы жоқ. Әкесін анықтау туралы істер бойынша бейбіт келісім жасалынбайды. Бейбіт келісім жасаудан бас тартқан сот немесе сот

төрешісі бас тартудың себептерін көрсете отырып; анықтау шығарады. Мұндай жағдайда іс мәні бойынша қаралып, шешім шығарылады. Бейбіт келісім жасау кезінде де жеке анықтау шығарылады, сот немесе сот төрешісі бір мезгілде іс бойынша сот ісін тоқтатады.

13-т а р а у. АЗАМАТТЫҚ ІСТІ СОТТА ҚОЗҒАУ

§ 1. Азаматтық істі сотта қозғау ұғымы мен тәртібі

Әрбір азамат пен заңды тұлға бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын, бас бостандықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін осы Кодекстегі 8-бапта белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Азаматтық іс жүргізу кодексіндегі істі жүргізудің бірден-бір сатысы ол соттың істі жүргізуге қабылдануы.

Мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар заңда көзделген жағдайларда өзге адамдардың немесе адамдардың белгісіз бір тобының құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы сотқа арыз беріп жүгінуге құқылы.

Сот төрешісі талап қою арызын қабылдай отырып, азаматтық іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

ҚР АІЖК-нің 152-бабына сәйкес сот төрешісі талап қою арызы түскен күннен бастап бес күн мерзімде оны сот ісін жүргізу үшін қабылдау туралы мәселені шешеді.

Іс жүргізу азаматтық іс жүргізудің басқа да түрлерінде барлығына ортақ, бірдей: талап қою, ерекше талап қою, апелляциялық, істі алдын ала қарауда немесе оны қайта қарауда және де жанадан ашылған жағдайларға ортақ.

Іс жүргізуде мына қағидаларды ұстану қажет:

- талап қоюға құқылы болу;
- істі одан әрі өрбітуді орындау (ҚР АІЖК 153–154-баптары);

- сотқа жүгіну ережелерін сақтау.

Талап қою арызы сотқа жазбаша түрде беріледі. Оның нысаны мен мазмұны ҚР АІЖК-нің 150-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс. Арызда:

- арыз берілетін соттын атауы;
- талап қоюшының атауы, оның тұрғылықты жері, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер немесе, егер

талап қоюшы ұйым болса, оның тұрған жері, салық төлеушінің тіркеу нөмірі мен банктік деректемелері, сондай-ақ, егер арызды оның өкілі берсе, өкілдің атауы мен мекенжайы;

– жауапкердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), оның тұрғылықты жері немесе тұрған жері және егер талапкерге белгілі болса, оның тұрғылықты жері бойынша тіркелгені, жұмыс орны туралы мәліметтер мен салық төлеушінің тіркеу нөмірі (егер сот бұйрығын шығару туралы арызда көрсетілген болса). Егер жауапкер заңды тұлға болып табылса, оның атауы, нақты тұрған жері не, егер талапкерге бірінғай Мемлекеттік тіркелімнен мәліметтер белгілі болса, салық төлеушінің тіркеу нөмірі мен банктік деректемелері;

– талап қоюшының құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін және оның талап қою талаптарын бұзудың немесе бұзу қаупінің мәні;

– талап қоюшы өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар, және бұл мән-жайларды растайтын дәлелдемелер;

– егер талап қою бағалауға жатса, талап қоюдың бағасы;

– арызға қоса тіркелетін құжаттардың тізбесі;

Арызда телефонының (ұялы), факстің талап етушінің электронды поштасы, оның өкілі, жауапкердің және дауды шешуге маңызы бар, арызда дауды шешу үшін маңызы бар өзге де мәліметтер көрсетілуі, сондай-ақ талапкердің өтініші баяндалуы мүмкін.

Прокурор мемлекеттік немесе қоғамдық мүдденің неден тұратынын, қандай құқықтың бұзылғанын негіздеуі, сондай-ақ заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасауы тиіс. Прокурор азаматтардың мүдделері үшін өтініш жасаған жағдайда талап қою арызын азаматтың өзінің талап қоюы мүмкін еместігінің себептерін негіздеуі тиіс; арызға, әрекетке қабілетсіз адамның мүдделері үшін арыз беретін жағдайларды қоспағанда, азаматтың сотқа талап қоюмен жүгінуге келісімін растайтын құжат қоса тіркелуге тиіс.

Арызға талап қоюшы немесе талап арызға қол қоюға және оны көрсетуге өкілеттігі болған жағдайда оның өкілі қол қояды.

ҚР АІЖК-нің 151-бабына сәйкес арызға:

– жауапкерлер мен үшінші тұлғалардың санына қарай талап қою арызының көшірмесі;

– мемлекеттік баж салығын төлеуді растайтын құжат;

– өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат немесе өзге де құжат;

– талапкер өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар, егер көшірмелер оларда болмаса, жауапкерлер мен үшінші тұлғалар үшін бұл құжаттардың көшірмелері;

– дауға салған жағдайда нормативтік құқықтық актінің мәтіні;

– талапкердің мерзімді кейінге қалдыру, ұзарту, сот шығындарын төлеуден босату немесе олардың мөлшерін азайту туралы, талап қоюды қамтамасыз ету, дәлелдемелерді талап ету туралы өтінімі және егер олар талап қою арызында жазылмаған болса, басқалары да қоса тіркеледі.

Сонымен қоса талапкер, оның өкілі және жауапкерлер мен үшінші тұлғалар дауланып отырған немесе белгілі ақша сомасының есебін талапкердің қол қойылған оның көшірмесін әкелуі мүмкін.

Сот, істі қозғауға болатын құжаттардың барлығына және олардың түгел болуына көз жеткізуі тиіс. Талап қою арызы түскен күннен бастап бес күн мерзімде оны сот іс жүргізу үшін қабылдау туралы мәселені шешуге құқылы. Талап қою арызын қабылдай отырып, сот азаматтық іс қозғау туралы ұйғарым шығарады. (ҚР АІЖК-нің 152-бабы).

Талап қою арызын тәртіпке сәйкес қабылдасамса көптеген келеңсіздіктерге әкеліп соғады. Талап қою арыз қалпында және деректемелері сақталмаған, заң талаптарына сай болмаса, арыз әрекетсіз, немесе талапкерге оны түзеуге қайтарып беруі немесе тіпті қабылдаудан бас тартылуы мүмкін.

§ 2. Талап қою арызын қабылдаудан бас тарту

ҚР АІЖК-нің 153-бабына сәйкес сот талап қою арызынан мынадай жағдайда бас тарта алады, егер:

– арыз азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпаса;

– сот тараптардың арасындағы дау бойынша, сол нысан туралы және сол негіздер бойынша шығарылған соттың заңды күшіне енген шешімі немесе талап қоюшының талап қоядан бас тартуына байланысты іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтату туралы немесе тараптардың бейбіт келісімін бекіту туралы сот ұйғарымы болса бас тартады.

– сот арызды қабылдаудан бас тарту туралы дәлелді ұйғарым шығарады, онда егер іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпаса, талап қоюшының қандай органға жүгінуі жөн екендігін көрсетеді.

Арызды қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым арыз сотқа түскен кезден бастап бес күн мерзімде шығарылуы және арыз берушіге арызға қоса тіркелген барлық құжаттармен бірге табыс етілуі немесе жіберілуі тиіс. Арызды қабылдаудан бас тарту арыз берушінің сол жауапкерге сол нысан және сол негіздер бойынша талап қоюмен сотқа қайтадан жүгінуіне кедергі келтіреді.

Арызды қабылдаудан бас тарту туралы соттың ұйғарымына жеке шағым, наразылық берілуі мүмкін.

ҚР АІЖК-нің 154-бабында арызды қайтарып беру негіздері көрсетілген. Сот талап қою арызын мынадай жағдайда қайтарады, егер:

– талап қоюшы істердің осы санаты үшін дауды сотқа дейін алдын ала шешу заңдарымен белгіленген тәртібін сақтамаса және осы тәртіпке қолдану мүмкіндігі жойылмаса;

– іс осы соттың соттылығына жатпаса;

– арызды әрекетке қабілетсіз адам берсе;

– арызға оған қол қоюға өкілеттігі жоқ адам қол қойса;

– осы немесе басқа бір соттың іс жүргізуінде сол тараптар арасында, сол нысан туралы және сол негіздер бойынша дау жөнінде іс бар болса;

– коммуналдық мүлікті басқаруға құқылы орган жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның осы затты қабылдаған күннен бастап бір жыл өткенге дейін жылжымайтын затқа коммуналдық меншікті тану туралы өтінішпен сотқа жүгінсе;

– бұл туралы талап қоюшы мәлімдесе, қайтарып жібереді.

Сот төрешісі арызды қайтару туралы дәлелді ұйғарым шығарады. Онда арыз берушіге, егер іс осы соттың соттылығына жатпайтын болса, қандай сотқа жүгінуі не істі қозғауға кедергі келтіретін мән-жайларды қалай жою қажет екендігін көрсетеді.

Талап қою арызын қайтару туралы ұйғарым арыз сотқа түскен күннен бастап бес күн мерзімде шығарылуы және арызға қоса тіркелген барлық құжаттармен арыз берушіге тапсырылуы және жіберілуі тиіс.

Егер талап қоюшы жол берілген бұзушылықты жоятын болса, арызды қайтару талап қоюшының сол жауапкерге, сол ны-

сана туралы және сол негіздер бойынша талап қоюмен сотқа қайтадан жүгінуге кедергі келтірмейді.

Арызды қайтару туралы сот төрешісінің ұйғарымына жеке шағым, наразылық берілуі мүмкін.

Талап арызды қозғалыссыз қалдыру. Талап арызды қозғалыссыз қалдыру азаматтық іс жүргізудің барлық түрінде және қолданылады және іс жүргізудің жеңілдетілген түрі болып табылады. Талап қою арызы берілген күннен бастап қабылданған болып саналады. Егер бұл талап орындалмаса арызданушы талап арызды уақытынан өткізбей беруіне болады

Сот төрешісі талап арыз АІЖК-н 150-бабының талаптарына және 151-бабының 1–3) тармақшаларына сәйкес келмеген жағдайда арызды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарым шығарып, бұл туралы талап арызды берген тұлғаға хабарлайды және оған кемшіліктерді түзету үшін мерзім береді.

Егер талап қоюшы соттың нұсқауларын бекітілген мерзімде орындаса, талап қою арызы берілген күннен бастап қабылданған болып саналады. Мұндай болмаған жағдайда арыз берілмеген болып саналады да, ол арыз берушіге барлық тіркелген құжаттарымен бірге қайтарылады (ҚР АІЖК-нің 155-баптың 2-бөлігі).

Арызды қайтару туралы сот төрешісінің ұйғарымына жеке шағым, наразылық берілуі мүмкін.

14-т а р у. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕУ

§ 1. Дәлелдеу ұғымы

Соттық дәлелдеу сот процесінде соттың бекітілген мәлімдемелерге құқықтарды дұрыс пайдалануға болатын сот процесінің маңызды бөлімі болып табылады. Соттық дәлелдеу әрекеті сот алдында тұрған іске қатысы бар адамдар мен бірнеше тапсырмалардан тұрады. Олардың алғашқысы дәлелдерді айқындап, жинақтау, ал керек болған жағдайда дәлелдерді бекіту, екіншісі – дәлелдерді зерттеу, үшіншісі – олардың бағасы. Мұнда сот дәлелі тек ойлау заңдылығына ғана емес, сонымен қоса іс жүргізу нормаларымен қадағаланып, барлық дәлелдеу уақытына жүгінеді.

Дәлелдеу сот процесінің іс жағдайын дәлелді түрде түсіндіретін жалғыз жол болып табылады. Дәлелдеу құралдарын

бөлу негізінде нақты дәлелдерді (акпаратты) бекіту және сақтау тәсілдері қарастырылуы керек. Егер дәлелдемелер адамнан сотқа жеткізілетін болса – бұл жеке дәлелдер. Ал егер бұл дәлелдемелер «өлі» өлі ортада, яғни жансыз заттар ортасында, киімде болса онда бұл – заттай дәлелдемелерге жатады. Жеке дәлелдеулерге екі жақтың түсінігін, үшінші бір адамның, куәгерлердің дәлелдерін, сараптама қорытындыларын жатқызуға болады. Заттай дәлелге – жазылған және заттай дәлелдерді жатқызуға болады. (Грешников М.К. Гражданский процесс. 2000).

Дәлелдеуге қажетті құралдар аясы түскен арыздың талабы мен қарсылығына байланысты анықталады. Сонымен қоса азаматтық істерді қарау категориясында дәлелдеулердің бірнеше құралы бар екенін ұмытпау керек.

Сот процесінде дәлелдемелерді қолдану өте қиын процесс, логикалық ой мен тығыз байланыста болады. Түрлі дәлелдеулер ойлауды және саналықты әрекет етеді. Сонымен қоса дәлелдеу тек логика заңдылығына ғана жүгінбейді, сонымен қоса іс жүргізу нормаларымен реттеліп, барлық дәлелдеу әрекетіне қатысты болады. Сондықтан да соттық дәлелдеу бір уақытта іс жүргізулік және де логикалық іс-әрекет болып табылады.

Іс жүргізу жұмысы логикаға, ал сот дәлелдеуі үстіндегі ішкі сенім әрекеті міндетті түрде қатаң іс жүргізу қағидасының нысанына бағынуы тиіс. Дәлелдеулермен кімнің айналысуы керектігін, оны дәлелдеуге және оны немен дәлелдеу керектігін, т.с.с заң айқындайды. Дәлелдемелерді табу және айқындау басты іске қатысты тұлғаларды табуға, сонымен қоса соттың да белгіленген құқықтарымен оларды айқындауға себеп болады. Дәлелдемелерді зерттеу сотпен іске қатысы бар адамдармен жүзеге асады. Әрбір дәлелдеме – қатыстылығы, жол берілуі, растығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткілікті тұрғысынан бағалануға тиіс. (ҚР АІЖК 77-бап). Сонымен қатар дәлелдеуде барлық тараптардың тығыз қатынасын ескеру керек.

Сонымен, соттық дәлелдеу – бұл сот және іске қатысты, айқындалған, жиналған, зерттелген және бағаланған дәлелдер, іске қатысты мән-жайлар мен фактілерді орнатуға бағытталған әрекет. Осыдан, соттың және іске қатысты тараптардың жинаған, зерттеген немесе бағаланған дәлелдемелер іс жүргізу қағидасына бағынышты болады.

Сондықтан да, сот шешімі дұрыс болу үшін дәлелдеу процесінің көмегімен алынған іске қатысты нақты дәлелдерді белгілеп алу керек. Осыдан істің мән-жайы дәлелдеулер арқылы белгілі болады.

§ 2. Соттық дәлелдемелер

Дәлелдемелер ұғымы туралы ҚР АІЖК 64-бабында былай делінген: Іс бойынша дәлелдер заңды түрде алынған нақты деректер болып табылады, солардың негізде сот заңда қарастырылған тәртіппен тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін өзге де мән-жайлардың бар-жоғын анықтайды. Бұл нақты деректер тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелерімен, куәлардың айғақтарымен, заттай дәлелдемелермен, сарапшылардың қорытындыларымен, іс жүргізу әрекеттерінің барысын және нәтижелерін көрсететін сот отырыстары хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталады. (ҚР АІЖК 64-бап. № 151-III 2006 жылдың 4-шілдесінен бастап).

Баскаша айтқанда соттық дәлелдемелер дегеніміз істі дұрыс шешу үшін маңызы бар, қатаң бекітілген іс жүргізушілік тәртібімен алынған және зерттелген, заңда қарастырылған іс жүргізушілік түрде (дәлелдеу құралдарында) көрсетілген деректерді тікелей не жанама түрде растауға кабілетті нақты деректер болып табылады. Бұл ретте заңда дәлелдеу құралдарының ескірген тізімі қарастырылғанын есте ұстаған жөн, сондықтан да сот заңда көрсетілгеннен басқа дәлелдеулерді қолдануына құқығы жоқ.

Соттық дәлелдемелер және дәлелдеудің барлық процесі материалдық-құқықтық және процестік мәні жағынан әртүрлі фактілерді анықтауға бағытталған. Сондықтан да дәлелдеу құралын, яғни іске қатысы бар мән-жайлар мен фактілер аясын дұрыс айқындау істі дұрыс және тез арада шешуде аса маңызды.

Әділ сот шешімі соттың істі жүргізу кезіндегі анықталған нақтылы мән-жайға заңды қолдануымен жүзеге асады. Құқықтық актіні қолдану үшін алдымен сотта анықталған мән-жайлардың растығын білу керек. Құбылыстар мен оқиғалардың дәл қазіргі таңда болып жатқандығы немесе ұзаққа созылған сипатқа ие екендігі тікелей танылады. Мысалы, физиологиялық, химиялық және физикалық процестер, тиісті құбылыстар немесе фактілер осылайша зерттеледі. Алайда, бұрын орын алған

оқиғаларды тануды қажет ететін адам іс-әрекеттерінің бірқатар саласы бар. Мұндай объектілермен археология, тарих айналысады. Бұрынғы заңды фактілерді, құбылыстарды тану – соттың негізгі ісі.

Көп жағдайларда материалдық-құқықтық нормалармен құқықтық байланыста болып, процеске дейін туындайтын және болатын барлық заңды фактілер сот үшін маңызды болып табылатындықтан, сот өзіне қажетті фактілер мен құбылыстарды тікелей емес, дәлелдердің көмегі арқылы таниды, сондықтан да сот дәлелдемелерді дәлелдеуге жүгінбей, тікелей олар туралы біле алмайды.

Соттың ең басты міндеті – іс үшін маңызы бар барлық қажетті дәлелдемелерді іске қатыстыру, және бұл деректерді күмәнсіз анықтау үшін олардың саны жеткілікті болуы қажет, және оны іске қатысы жоқ материалдармен және фактілі деректермен толтырып тастауын болдырмауы тиіс.

Қазақстан Республикасының АІЖК 64-бабының 1-бабының мағынасы бойынша *дәлелдемелер белгілеріне* мыналар жатады: дерек мәліметі; мәліметтің дәлелдеу құралымен қатысы. Іс үшін маңызы бар мәліметтер көмегімен мән-жайлардың бар-жоғын анықтауға болады. Бұл белгі дәлелдеуге қатыстылықты; деректі заңда көрсетілген дәлелдеу құралымен: тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктерімен, куәлардың айғақтарымен, ауызша, жазбаша және заттай дәлелдемелермен, аудио-бейне таспалармен, сараптама қорытындыларымен анықтауды көрсетеді.

Бұл белгі дәлелдемелердің жарамды болу керектігін; дәлелдерді алу мен зерттеу іс жүргізушілік түрде, яғни ҚР АІЖК-де бекітілген тәртіппен өтетіндігін білдіреді. Дәлелдемелерді қолдану үшін барлық белгілердің жиынтығы керек.

Сот дәлелдемелері өз алдына ақпарат емес, ол дәлелдеу тақырыбы фактілерінің растығына соттың сенімі болуы үшін іс жүргізушілік құралдарын қолданатын, іс жүргізушілік түрде жақсы ұйымдастырылған пайымдаулар жүйесі (А.Г.Коваленко. Азаматтық және арбитражды істерді дәлелдеу институты. М., 2002).

Дәлелдемелердің қатыстылығы (ҚР АІЖК 67-бап). Іс үшін маңызды мән жайлардың бар екендігі туралы тұжырымдардың растығын, жоққа шығарылатындығын немесе күмәнді болатындығын білдіретін нақты деректерден тұратын дәлелдемелердің іске қатыстылығын сот анықтайды. Дәлелдемелердің қатысты-

лығы ережесі сотқа тек іске маңызы бар, яғни іске қатысты ұсынылған дәлелдемелерді ғана іске қабылдауды міндеттейді. Дәлелдеу құралына қатысты, талап етіліп отырған деректермен байланысты болса, дәлелдеме іс үшін маңызды деп табылады. Соттың міндеті іс үшін маңызды барлық қажетті дәлелдемелерді іске қатыстырып, онымен қоса іске қатысы жоқ материалдар мен деректі мән жайларды іске жібермеу.

Қатыстылық ережесі дәлелдеу құралымен тығыз байланысты. Дәлелдеу құралының құрамына тек іске қатысы бар, яғни олардың негізінде дауды шешуге, қажетті деректі бекітуге және т.б. мүмкіндік беретін мән жайлар мен деректер ғана кіреді. Мысалға, ата-ана құқығынан айыру және бірге тұра алмайтын жағдайда пәтерден шығару туралы, немесе жұмысқа келмегені үшін босатылған адамды, қайта жұмысқа алу, туралы істерді шешу кезінде сот жауап берушінің немесе талап қоюшының жеке басын және тәртібін сипаттайтын мән жайларды зерттеуі тиіс болатын болса, ал қарызды өндіру туралы талап қою арызы бойынша мұндай мән-жайлар іс үшін маңызды емес.

Істі сот талқылауына дайындау кезінде сот төрешісі іске қатысты барлық мәліметтерді алып қоюы керек. Мұны сот сот талқылауы кезінде де жасауға міндетті. Заң сотқа төрағалық етушіге каралып отырған іске қатысы жоқтың барлығын сот карауынан шығарып тастауды міндеттейді (ҚР АІЖК 176-баптың 1-бөлігі). Тараптар мен іске қатасы бар басқа да тұлғалар арнаулы дәлелдеу құралдары мен нақтылы мәліметтерге сүйене отырып, сот олардың іске қатыстылығына төрелік етуі үшін бұл мәліметтер мен дәлелдеу құралдарының мазмұнын көрсетуге міндетті.

Жазбаша түрде дәлелдемесі бар немесе оны талап етуді өтінетін тұлға олар арқылы анықталуы мүмкін іс үшін маңызы бар мән жайларды көрсетуге міндетті. Бұндай ереже куәгер айғақтарына, заттай дәлелдемелерге де қатысты.

Қатыстылық тәртібі сотқа іске қатысы бар барлық мән жайлар мен фактілерді анықтап, зерттеуді міндеттейді. Іс материалдарының толықтығы сот шешімін шығару негізінде кателіктер жібермеуге мүмкіндік береді Алайда, фактілерге сәйкес дәлелдеу құралдарының көп болуы да мүмкін болатынын естен шығармау керек. Далада болған оқыс жағдайдың куәгерлері көп болуы мүмкін; әке мен шеше арасындағы қатынас туралы көп куәгерлер айғақ беруі мүмкін (бала тәрбиесін ата-анасының

біреуіне беру туралы даулы мәселені шешу кезінде) және т.б. жағдайларда. Соттың міндеті дәлелдеу құралдарының ішінен ізделіп отырған фактілермен барынша жақын әрі тікелей байланысты дәлелдемелерді анықтау болып табылады, дегенмен де бұл фактілерді нақты анықтау үшін дәлелдемелер жеткілікті болуы тиіс. Дәлелдемелердің қатыстылығын сот қаралып отырған істің барлық материалдарын талдау негізіндегі төрелік сеніміне қарай анықтайды.

Дәлелдемелерге жол беру. ҚР АІЖК 68-бабына сәйкес, заңда қарастырылған тәртіппен алынған дәлелдемелер рас деп танылады. Осыған байланысты заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиіс істің мән жайлары басқа бірде-бір дәлелдемелермен расталуға тиіс емес.

Азаматтық сот ісіндегі дәлелдемелердің іске жататындығы азаматтық құқықтағы келісімдердің түрлерімен және заңда бекітілген нысандарды сақтамаудың салдарымен бекітілгендермен тығыз байланысты. Егер де заң шығарушы азаматтық құқық бұзушылық саласындағы келісімдердің түрлері туралы тиісті ережелерді орнатпағанда, азаматтық сот ісіндегі дәлелдемелердің жол беру ережесі артық болған болар еді. Келісімшартқа отыру кезінде заңға сәйкес көзделген тәртіпті орындамау, заңда көрсетілгендей келісімнің заңсыз екенін аңғартады. Мысалға, үйді сатып алу (жылжымайтын) келісімі жазбаша түрде жасалып, екі жаққа қол қойылуы тиіс. Келісімнің бұл түрін орындамау оның заңсыз екенін көрсетеді (ҚР АІЖК 153-бап). Қарапайым ішкі экономикалық келісімнің жазбаша түрін орындамау да заңсыз келісім екенін көрсетеді (ҚР АІЖК 153-баптың 3-бөлігі).

Заңда келісімшартқа отыру түрінің сақталмағандығы, оның іске жатпайтындығы туралы айтылған жағдайларда тараптар дәлелдеу құралдарын пайдалана алмайтындықтарына әкеліп соқтырады. ҚР АҚ 153-бабына сәйкес, «келісімнің заңда көзделген қарапайым жазбаша түрін сақтамау, даулы жағдайда тараптарды куәгерлердің келісімді растайтын ауызша айғақтарына жүгіну құқықтарынан айырады, ал ол заңда тура көрсетілген жағдайларда келісімнің заңсыз екендігін көрсетеді, ол ҚР АҚ 153-бабының 2-бөліміндегі жағдайларға әкеліп соқтырады».

Қатыстылық ережелерімен салыстырғанда, дәлелдемелерге жол беру ережелерінің аясы тар. Қатыстылық нақты мәліметтер

ретінде дәлелдеу құралдарына да қатысты; қатыстылық жалпы ереже, ал дәлелдемелерге жол беру ережесі оған қосымша толықтыру болып табылады.

Мысалға, (бес жүз айлық көрсеткіш көлемінде қарыз алу келісіміне отырған кезде куәгердің болуы) дәлелдеме іске қатысты болуы мүмкін, бірақ оны сот процесінде куәгер ретінде жіберуге болмайды, себебі заң сотта тек жазбаша түрдегі дәлелдемелерді ғана растауға рұқсат береді. Егер сот қатыстылық тәртібіне қатысты болса, ол императивті түрдегі іске жататындық болады. Сот өзінің ішкі ойынша куәгер айғақтарын жіберу немесе жібермеуді шеше алмайды, ол заңда көзделген тәртіп бойынша іске қатысты дәлелдеу құралдарының кейбіреулерін ғана істен шығарып тастай алады.

Нақты деректер дәлелдемелер ретінде жіберілмейді. АІЖК 69-бабына сәйкес, егер де нақты мәліметтер төмендегідей жағдайларда алынған болса, сот оны дәлелдемелер ретінде жібермейді:

– күш қолдану, қорқыту, алдау, сол секілді өзге де заңсыз іс-әрекеттерді қолдана отырып алынса;

– өз құқықтары мен міндеттерін түсіндірмеудің, толық немесе дұрыс түсіндірмеудің салдарынан іске қатысушы адамдардың жаңылуын пайдалана отырып алынса;

– берілген азаматтық іс бойынша сот ісін жүргізуге құқығы жоқ адамның іс жүргізу іс-әрекетін жүргізуімен алынған болса;

– қарсылық білдіруге жататын адамның іс жүргізу іс-әрекетіне қатысуымен алынса;

– іс жүргізу іс-әрекетінің тәртібін айтарлықтай бұза отырып алынса;

– белгісіз дерек көздерінен алынса немесе сот отырысында анықталуы мүмкін емес дерек көзінен алынса;

– қазіргі заманғы ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдана отырып алынған болса;

– іске қатысушы адамдардың заңды құқықтарынан айыру немесе қысым көрсету арқылы заң талаптарын бұзумен алынса;

– істі сотқа дайындау кезінде немесе істі сот талқылауы кезінде алынған нақты деректердің іске жататындығына септігі тиген немесе тиюі мүмкін азаматтық сот ісінің өзге тәртіптерін бұза отырып алынса.

Іс бойынша сот ісін жүргізу кезінде нақты деректерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға жіберілмейтіндігін, сондай-ақ оларды шектеп пайдаланудың мүмкіндігін сот өз бастамасы бойын-

ша немесе іске қатысушы адамдардың өтінімі бойынша белгілейді.

Занды бұза отырып алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ деп танылады және сот шешімінің негізіне жатқызуға болмайды, сондай-ақ іс үшін манызы бар кез келген мән-жайды дәлелдеу кезінде пайдалануға болмайды.

Дәлелдемелердің растығы. Тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіні анықталса, дәлелдеме рас деп есептеледі (ҚР АІЖК 70-бап).

Соттың зерттеуіне жататын оқиға алғашқыда мүмкін деп каралады, ал сот процесінің мақсаты – мүмкін дегеннің расқа айналуынан тұрады. Азаматтық іс бойынша сот ісі солай болуы мүмкін дегеннен ғана басталады, бірақ та шешім тек мүмкін деген жағдайлар расқа айналғанда ғана болады. Тараптар болжамдарды ұсынуға, ал сот іске қатысуы болуы мүмкін барлық болжамдарды зерттеуге құқылы, сот шешімі қате болмауы үшін бірде-бір болжам елеусіз қалмауы тиіс.

Дәлелдемелердің растығын алғашқы және кейіннен пайда болған дәлелдемелер ретінде сот іске қатысуы бар басқа да материалдармен салыстыру нәтижесінде бағалайды.

Істі тындауға жібермес бұрын, сот іс бойынша дәлелдемелердің жеткілікті екендігін анықтау және әрі қарай сот талқылауын жүргізу мақсатында алдын ала оны дайындайды. (ҚР АІЖК 166-баптың 4-бөлігі).

Сот тапсырмасы. Іске қажетті дәлелдемелер басқа жергілікті жерде болған жағдайда сот тапсырмасы қолданылады. Істі қараушы сот дәлелдемелер бар жердегі сотқа қажетті дәлелдемелерді *анықтау, жинау және зерттеу* бойынша іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге тапсырма береді. Сот тапсырмасы туралы анықтауда қаралып отырған істің мән-жайы баяндалып, анықтауға тиісті жайттар және жиналуы тиіс дәлелдемелер көрсетіледі. Сот тапсырмасын алған сот он күн ішінде оны орындауға міндетті. (ҚР АІЖК 72-бап). Сот тапсырмасын орындай отырып, сот іске қатысты дәлелдемелерді анықтайды, содан соң оны өзінің сот отырысына іске қатысты адамдардың барлығын шақыра отырып зерттейді. Куәгерлерден анықталуы тиісті мән-жайлар бойынша сұрақ-жауап алынады және олардың жауаптары сот отырысының хаттамасына жазылады. Заттай дәлелдемелерді қарау нәтижелері хаттамаға жазылады, сарапшылар қорытынды береді. Іс бойынша жиналған барлық материалдар (хаттамалар,

жазбаша дәлелдемелер, сарапшылардың жазбаша қорытындылары және т.б.) дереу істі караушы сотқа жіберіледі. Егер де сот тапсырмасын орындаушы сотқа жауап берген іске қатысушы тұлғалар, куәгерлер істі караушы сотқа келуі керек болса, түсініктеме мен жауапты жалпы тәртіп бойынша береді. (ҚР АІЖК 73-баптың 3-бөлігі).

Кей жағдайларда дәлелдемелерді беруге мүдделі тұлғалар үшін бұл әрекет мүмкін болмауы немесе қиын болуы мүмкін (куәгер іс сапарда болуы, ауруханада жатуы мүмкін, заттай дәлелдемелердің сыртқы түрі, сапасы, қасиеті және т.б. өзгеруі мүмкін). Мұндай жағдайларда олар соттан арыз беру арқылы дәлелдемелерді қамтамасыз етуді сұрай алады.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы арызды тараптар және іске қатысушы өзге де тұлғалар береді, олар арызда қандай дәлелдемелер екенін, қандай мән-жайларды дәлелдеу керектігін, және қандай себептермен арызданып отырғандығын, сондай-ақ қандай іске дәлелдемелер қажеттігін көрсетуі тиіс. (ҚР АІЖК 75-бап).

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету. Егер де қажетті дәлелдемелерді ұсынуға мүмкін болмайтынына немесе қиындық тудыратынына негіз болса (куәгердің шетелге кетуі, дәлелдемелерді жою және жасыру және т.б.), іске қатысушы тұлғалар соттан дәлелдемелерді қамтамасыз етуді өтіне алады. Сот куәгерлерден жауап алу, сараптама жүргізу, оқиға болған жерді карау және өзге де тәсілдермен дәлелдемелерді қамтамасыз етуі тиіс. (ҚР АІЖК 74-бап).

Сотта іс қозғалғанға дейін жазбаша дәлелдемелер нотариалды кенселер арқылы, ал іс қозғалғаннан кейін дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша іс жүргізу әрекеттері жүргізілуі тиіс аудандық сотта қамтамасыз етіледі (ҚР АІЖК 76-бап).

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы арызда осы дәлелдемелерді алу қажеттігін растайтын мән-жайларды анықтау қажет дәлелдемелер, сотқа дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы арыздану себептері, сондай-ақ дәлелдемелерді қажет ететін іс көрсетілуі қажет.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы тараптардың арыздарын карау нәтижелері бойынша сот анықтау шығаруы тиіс. Мұндай арызды қабылдаудан бас тарту туралы сот ұйғарымына жеке шағым беруге болады. (ҚР АІЖК 75-бап).

Занда (ҚР АІЖК 76-бап) *дәлелдемелерді қамтамасыз ету* тәртібі қарастырылған. Онда дәлелдемелерді қамтамасыз етуді

сот осындай жағдайлар үшін бекітілген АІЖК-нің жалпы ережелеріне сәйкес жүргізеді делінген. Дәлелдемелерді камтамасыз етуді талап қоюшы сотқа арыз бергенге дейін нотариус немесе консулдық мекемелердің лауазымды тұлғалары «Нотариат туралы» Занда, ҚР АІЖК-де және өзге де нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген тәртіппен жүргізеді.

Сот дәлелдемелерді камтамасыз ету ісін жүргізген жағдайда арызданушы мен іске қатысушы өзге тұлғаларға дәлелдемелерді камтамасыз ету уақытын, жерін хабарлауы тиіс, бірақ олардың келмеуі дәлелдемелерді камтамасыз ету туралы арызды қарауға кедергі бола алмайды.

Дәлелдемелерді камтамасыз ету тәртібімен жиналған барлық материалдар, хаттамалар істі қараушы сотқа жіберіледі және бұл жөнінде іске қатысушы тұлғаларға хабарланады.

Дәлелдемелердің жеткіліктілігі, олардың негізінде белгілі бір мән-жайлардың растығы туралы біржақты тұжырым жасауға болатындығына куә болады. Дәлелдемелердің жеткіліктілігі дәлелдемелерді бағалаудың жалпы өлшеміне жатады. ҚР АІЖК 77-бабының 1-бөліміне сәйкес сот әрбір дәлелдеменің қатыстылығын, іске жататындығын, растығын жеке-жеке, сондай-ақ олардың жеткіліктілігі мен өзара тығыз байланыстылығын дәлелдемелердің жиынтығымен бағалайды. (ҚР АІЖК 77-баптың 3-бөлігі).

§ 3. Дәлелдеу құралы

Сот дәлелдемелері және барлық дәлелдеу процесі материалдық-құқықтық және процессуалдық мағынадағы түрлі деректерді анықтауға бағытталған.

Дәлелдеу құралын, яғни іс бойынша анықталуы тиіс мән-жайлар мен фактілерді дұрыс анықтау істі дұрыс және тез арада шешуде аса маңызды болып табылады. Дәлелдеу құралдары іс қозғау сатысынан бастап қалыптасады да, істі сотқа дайындау сатысында жалғасып, сот талқылауы сатысында аяқталады. Тараптар мен басқа да іске қатысы бар тұлғалар дәлелдеу құралына жататын фактілер аясын өз мүдделерінің сипатының өзгеруіне байланысты (талап қою арызының негізін немесе көздеген талабын өзгерту, талап қою арызын мойындау немесе одан бас тарту, бейбіт келісім және т.б.) кеңейте алады. Кассациялық немесе қадағалау сатыларында мүдделі тұлғалардың

қосымша материалдарының арқасында дәлелдеу құралының аясы кенеюі мүмкін.

Сот дәлелдеуінің құралына азаматтық істерді заңды және негізді түрде шешу мақсатында заң тәртібімен анықталуға тиісті мән-жайлар жатады. (А.А. Власов. Гражданский процесс. М., 2006).

Дәлелдеу құралына түрлі факторлар мен мән-жайлардың күрделі жиынтығы кіреді. Дәлелдеу құралы ең алдымен талап қою арызының негізіне не болмаса оған қарсы талап қою арызының негізіне жататын заңды деректермен анықталады, яғни дәлелдеу құралы материалдық құқық нормаларымен байланысты. Мысалы, денсаулығына келтірілген зиянды өндіру мақсатында арызданушы адам, оның денсаулығына расында зиян келтірілгендігін, соның нәтижесінде тауып отырған немесе табуы мүмкін жалақысынан (табысынан) айырылғандығын, жәбірленуші емделуге, қосымша тамаққа, дәрі-дәрмек алуға, протездеуге, өзін күтушіге, санитарлы-курорттық ем алуына, арнаулы көлік құралдарын қолдануға кеткен шығындарды және т.б. дәлелдеуі қажет.

Виндикациондық арыз бойынша (*vindicatio* – латынша қорғау) талап қоюшы сотта жеке меншікті немесе өзінің жеке меншік иесі екендігін растайтын заңды құқығын және өз иелігіндегі мүліктерден еріксіз айырылып қалғандығын дәлелдейтін және т.б. деректерді дәлелдеуі қажет. Занда кейде жауап берушінің талап қою арызына қарсылық білдіруге негіз болатын заңды деректерді көрсетеді. Аса қауіп көзінің иесі анықтауға болмайтын күшке немесе жәбірленушінің ниетіне ҚР АҚ 931-баптың 1-бөлігі), ал кей жағдайларда – жәбірленушінің өзінің тым абайсыздығына (ҚР АҚ 935-баптың 2-бөлігі) жүгіне алады.

Демек, дәлелдеу құралы талап қою арыздарының мазмұны мен тараптардың қарсылығымен анықталады. Дегенмен де заң талаптың негізі мен тараптардың қарсылығынан басқа, іс үшін маңызды өзге де мән-жайларды анықтау қажеттігін талап ететіндіктен, дәлелдеу құралы мұнымен ғана шектелмейді. Заң өзге мән-жайларға дәлелдеу құралына тек заңды материалдық-құқықтық деректер ғана емес, сонымен қоса іс жүргізушілік деректер де жататын жағдайларды жатқызады. Мысалы, кейбір істерде, талап қоюшы талап ету тәртібін сақтауды дәлелдеуі керек. Іс жүргізушілік өтінішін берген кезде (бас тарту, сот процесін тоқтату, арызды қараусыз қалдыру және т.б.) іске қатысушы тұлға, өзінің іс жүргізушілік талаптарының негізі ретінде

жүгінген мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. Сонымен бірге дәлелдеу құралына дәлелдейтін деректер, яғни, сотта іздеп отырған деректерді анықтау үшін пайдаланылатын, қандай да бір материалды-құқықтық салдары жоқ болса да нақтылы мән-жайлар жатады.

Кейбір деректер дәлелдеу құралына кірмейді, алайда оларды анықтамай іс дұрыс шешілмейді. Бұдан, сот тануының дәлелдеу құралымен сәйкес емес екендігін байқауға болады. Соттын тануына дәлелдеуді қажет етпейтін не жалпыға таныс немесе преюдиция күшіне енген деректер де жатады. Жалпыға белгілі деген мән-жайларды сот анықтайды (ҚР АІЖК 71-бап). Сот істі қарау барысында деректі жалпыға белгілі деп тануға болатындығын шешеді, егер солай шешкен жағдайда осы дерекке сүйенетін тараптар мен өзге де тұлғалардан мұны растайтын дәлелдерді талап етпейді. Деректі жұрттың бәрінің білуі, тіпті деректің өзінің маңыздылығы түрліше болуы мүмкін. Дүние жүзі тарихымен байланысты фактілер (1917 жылы Қазан революциясының басталған күні мен 1991 жылы КСРО-ның құлауы, Қазақстандағы алғашқы теңгенің шыққан күні, Қазақстан Республикасының егемендігін таныған күн және т.б.) барлық азаматтарға белгілі. Дегенмен де уақыт өте келе мұндай оқиғалар ұмыт бола бастайды. Әрі есте мәңгі сақталуы мүмкін емес. Мысалы, 1947жылғы және 1961 жылдары жалпыға белгілі ақша реформалары болған, бірақ мұны жұрттың бәрі біле бермейді, сондықтан да қажет болған жағдайда деректер дәлелдемелер арқылы анықталуы тиіс. Кейде дерек түгелдей жалпыға таныс бола бермейді, ол тек белгілі бір жерде ғана белгілі болуы мүмкін. Мұндай деректерді дәлелдеуді мүдделі адамдардан талап ету дұрыс болмаған болар еді. Топан су, жер сілкінісі, орман өрті және т.б. оқиғалар тек сол жерді мекендейтін адамдарға ғана таныс болуы мүмкін, сондықтан да сот мұндай деректер жалпыға белгілі болғандықтан оны дәлелдеу қажет емес деп таниды және сот шешімінде бұған сілтеме жасап көрсетеді.

Преюдиция (алдын ала шешу) өзге істе бұрын анықталған, және сот қаулысымен заңды күшіне енген деректер дәлелдеуге жатпайды деп есептейді. Өзара преюдициялар бір азаматтық сот ісінің және өзге іс бойынша сот шешімімен, азаматтық сот ісінің шешімі мен қылмыстық істің үкімімен, қылмыстық істің үкімі мен азаматтық сот ісі шешімімен байланысты. Демек, бір азаматтық іс бойынша анықталып, сот шешімімен заңды күшіне

енген деректер сот адамдар қатып отырған өзге азаматтық істерді талқылау кезінде дәлелденбейді. (ҚР АІЖК 71-бабының 3-бөлігі).

Тікелей зиян келтірушіге (жүргізушіге) кері талап қою арызын ұсыну кезінде аса қауіп көзінің иесі (көліктік кәсіпорын) жәбірленушіге келген зардапты, егер де бұл дерек негізгі талап қою арызын қарау кезінде анықталып, заңды күшіне енген сот шешімінде жазылған болса екінші рет дәлелдеуге тиісті емес. Егер де сот мүдделі адамды іске қатыстырмаған болса, заң бойынша ол адам, сот шешімімен заңды күшіне енген деректі жоққа шығаруға құқылы. Мысалы, тұтынушының сатып алған затын виндикациялау туралы іске қатыстырылмаған сатушы тұтынушымен істі дұрыс жүргізуге байланысты деректерді жоққа шығаруға құқылы.

Қылмыстық іс бойынша заңды күшіне енген сот үкімі азаматтық-құқықтық әрекеттерінің салдарынан үкім шығарылған тұлға туралы істі қараушы сот үшін тек осы іс-әрекеттер орын алды ма және оларды осы тұлға жасады ма деген мәселелер бойынша ғана міндетті болып табылады (ҚР АІЖК 71-бап). Қылмыстық іс бойынша үкімнің преюдицияның азаматтық-құқықтық әрекеттерінің салдарынан үкім шығарылған тұлғаға арналғаны заңда атап көрсетілген. Үкімде бекітілген деректердің преюдициялары басқа тұлғаларға қолданылмайды. Демек кісі өлтірген қылмыстық іс бойынша үкімде бекітілген деректер асыраушысынан айырылғанына байланысты шығындарды өндіру туралы азаматтық істерді қарау кезінде қайта дәлелденбейді.

Үкім преюдициясы тек: «осы іс-әрекеттер орын алды ма» және «осы адам жасады ма» деген екі дерекпен ғана шектеледі. Үкімде бекітілген, өзге деректердің барлығы да, оның ішінде тұлғаның жауапкершілігі туралы басқа деректер преюдициалды мағынаға ие бола алмайды. Сондықтан да, егер тұлға амнистия актісімен қылмыстық жазадан босатылса, бұл жағдай оның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі туралы мәселені азаматтық сот ісі тәртібімен қараудан босатпайды. Қылмыстық іске қатысты сот шешімінде преюдициясы болады. Азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген сот шешімі, үкімі мен қаулысы сот, прокурор, куәгерлер, істі қылмыстық іс бойынша алдын ала тану жүргізген тұлға үшін жазаланушының жазасы жөнінде емес, тек оқиға, әрекет орын алды ма деген сұрақ төңірегінде ғана міндетті болып табылады.

Мысалы, аса қауіп көзінің келтірген зиянын өндіру туралы азаматтық сот ісін (ҚР АІЖК 931-бап) қарау кезінде сот анық-

таған жол көлік апатының және оқиға болған кездегі жауап берушінің көлік құралын басқаруы жөніндегі деректер жауап берушіге қарсы қылмыстық іс жүргізу кезінде екінші рет дәлелденбеуі тиіс.

Жоғарыда айтылғандай азаматтық сот ісіндегі дәлелдеу құралына тек талап қою арызының және оған қарсы арыз негізіне жататын заңды деректер ғана жатады. Олардың бекітілуі даулы құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін материалдық- құқықтық нормаларды дұрыс қолдану және істі әділ шешу үшін қажет.

Мысалы, сот шешім қабылдас бұрын, қарыз алу туралы келісімшарт бойынша бір тұлғаның басқа адамға белгілі бір мөлшердегі соманы төлеуге міндетті ме жоқ па, мұндай келісімшарт жасалды ма жоқ па, сол келісімшарттың тақырыбын және келісімнің мерзімін анықтауы тиіс.

Азаматтық істерді қарау кезінде тек материалдық-құқықтық қана емес іс жүргізушілік маңызы бар жағдайларды анықтау қажеттілігі туындайды.

Мысалы, істі тоқтататын немесе істі жүргізуді доғаратын жағдайлар, немесе іске қатысты адамның сот отырысына себепті жағдайлармен келмеуінен туындайтын мән-жайлар. Сонымен, дәлелдеу деректері – өздері ізделіп отырған заңды дәлелдеу болып табылмайды, бірақ олардың бар жоғын анықтауға көмектеседі.

Дәлелдеу деректері кейбір аралық уақытты алады – оларды алдымен дәлелдеу керек, сонан соң ғана ізделіп отырған дәлелді дерек болып табыла алады. Сондықтан да оларды кейде аралық деректер деп атайды. Көбіне олар тек іске қатысты қосалқы деректер болып табылады. Мысалы, алиби түрінде.

Барлық дәлелденетін деректер жиынтығын қамтамасыз ету үшін – дәлелдеу шегі деген термин қолданылады.

Талап қою сипатындағы азаматтық іс бойынша дәлелдеу құралының екі негізі бар:

- талап қоюдың негізі және оған қарсылық білдіру;
- норманың гипотезасы мен диспозициясы немесе қолдануға жататын материалды құқықтың бірқатар нормалары;

Мысалы, виндикациялық талап қою арызы бойынша талап қоюшы жеке меншіктің құқығын растайтын немесе өз иелігінен еріксіз кетіп қалған мүліктің заңды иесі екендігін растайтын және т.б. деректерді дәлелдеуі керек. Заң кейде жауап берушінің

карсылық білдіруіне негіз бола алатын заңды деректерді көрсетеді.

Ескере кететін жайт, тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар талап қою арызының негізін, қойылған талаптардың көлемін ұлғайта немесе кішірейте алады. Бұндай диспозициялық құқықты іске асыру соттың зерттеп отырған дәлелдеу құралының нақты құрамын және дәлелдеу көлемін өзгертуге септігін тигізеді. Кассациялық және қадағалау сатыларында дәлелдеу құралы мүдделі тұлғалардың ұсынған қосымша материалдары есебінен кеңейтілуі мүмкін.

Дәлелдеуден босатудың негіздері. Қазақстан Республикасының АІЖК-нің 71-бабы дәлелдеу бойынша іс жүргізу әрекеттерін қажет етпейтін және сот шешімінің негізіне жатқызуға болмайтын деректер көрсетілген: олар – соттың жалпыға таныс және преюдициалды (алдын ала шешілген) деп таныған деректері, яғни сот шешімімен немесе сот үкімімен заңды күшіне енген деп бекітілген деректер.

Дәлелдеуден босатудың *алғашқы негізіне* жалпыға таныс деректер, яғни соттың жалпыға таныс және дәлелдеуді қажет етпейді деп таныған мән-жайлар жатады. Тек мына екі шарт болғанда ғана деректер жалпыға таныс деп есептеледі: объективті – дерек көптеген тұлғаларға таныс болған жағдайда; субъективті – дерек сотқа таныс болған жағдайда.

Дәлелдеу құралдары оқиға болып келетін деректер (кала атауы, жер сілкінісі, соғыс, топан су, жана жыл мерекесі) жалпыға таныс деп танылады. Бұл ретте деректің жалпыға таныстығы қатысты екендігін және ол оқиғадан кейін өткен уақытқа, белгілі бір жерде оқиғаның таралуына байланысты екендігін ескерген жөн.

Дәлелдеуден босатудың екіншісі – деректің алдын ала шешілетіндігі (преюдициялылығы). Преюдиция (алдын ала шешу) – бұл азаматтық іс бойынша сот шешімімен немесе сот қаулысымен бекітілген деректер. Бір азаматтық іс бойынша сот шешімімен бекітіліп, заңды күшіне енген дерек, сол тұлғалар қатысатын басқа келесі бір істі талқылауда дәлелдеуді қажет етпейді.

Қылмыстық іс бойынша соттың заңды күшіне енген үкімі сол үкімі шыққан тұлғаның іс-әрекеттерінің азаматтық-құқықтық зардаптары туралы істі қараушы сотқа тек іс-әрекеттің орын алғандығы және оны сол тұлғаның жасағандығы тұрғысында ғана міндетті болып табылады.

Қылмыстық іс бойынша үкімнің преюдициясы үкімі шыққан тұлғаның іс-әрекеттерінің азаматтық-құқықтық салдарына қатысты екендігі заңда айқын көрсетілген. Үкімде бекітілген деректердің преюдициясы басқа тұлғаларға қатысты емес. Кісі өлімі туралы қылмыстық іс бойынша үкімде бекітілген деректер асыраушысынан айырылуына байланысты зиянды өндіру туралы азаматтық істі қарау кезінде екінші рет қайта бекітілмейді.

Азаматтық істі қарау кезінде үкімде жазылған деректердің екі түрі ғана: «іс-әрекетті жасау дерегі» және «іс-әрекетті нақты бір тұлғаның жасауы» дәлелдеуден босатылады. Үкімде бекітілген басқа деректердің барлығы, сонымен қоса тұлғаның жауапкершілігі туралы мәселе преюдициалды мағынаға ие бола алмайды. Сондықтан да, егер тұлға амнистия актісімен қылмыстық жазадан босатылған болса да, бұл жағдай оның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін азаматтық сот ісі тәртібімен қараудан босатпайды. Сонымен қатар құқықтық іске қатысты сот шешімі преюдициясының өз орны бар. Азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген сот шешімі, анықтау мен сот қаулысы сот, прокурор, тергеуші, сонымен қатар қылмыстық іс бойынша тергеу жұмыстарын жүргізген тұлға үшін тек айыпталушының айыбынан басқа, оқиға немесе әрекет болды ма деген сұрақтар төнірегінде ғана міндетті.

Егер құқықтық рәсімдер аясында керісінше дәлелденбесе, мән-жайлар дәлелсіз анықталған болып табылады:

- осы заманғы ғылымда, техникада, өнерде, кәсіпшілікте жалпы қабылданған зерттеу әдістерінің дұрыстығы;
- адамның заңды білуі;
- адамның өзінің қызметтік және кәсіби міндеттерін білуі;
- олардың бар екендігін растайтын құжатты ұсынбаған және арнаулы даярлық немесе білім алған оқу орнын немесе басқа да мекемені көрсетпеген адамда арнаулы даярлықтың немесе білімнің болмауы.

Заңда өкімшілік актілер және прокурор-тергеу органдарының актілері дәлелдеуден босатудың негізі ретінде қарастырылмайды.

§ 4. Тараптар арасында дәлелдеу міндеттерін бөлу

Азаматтық іс жүргізуге тәртіп бойынша әрқайсысы заңды және негізделген шешім алуға құқылы қарама-қарсы мүдделі екі тарап қатысады. Тараптар тартыстық принциптеріне және

өз мүдделеріне сәйкес істі сот дәлелдерімен толықтырып, одан жағымды шешім алуға тырысады. Егер сол тараптардың дәлелдемелері жеткіліксіз және оны көрсетуге қиындықтар болған жағдайда, талап етіп отырған адамның өтінуімен сот дәлелдемелерді жинауға көмектеседі.

Белгілі бір деректерді дәлелдеу міндеті сол дәлелдерді растап, өздерінің талаптарын немесе карсылықтарын соған негіздейтін тарапқа жүктеледі (ҚР АІЖК-нің 65-бабы). Тараптарды дәлелдеуге ынталандыратын санкция емес, тараптардың жағымды шешім алуға деген мүддесі екендігін ұмытпау керек. Тараптардың берілген міндеттерді орындамауы процесте жеңіліске әкеп соқтырады.

Іс жүргізушілік міндеті ретіндегі дәлелдерді ұсыну міндеті тек тараптарға ғана емес іс барысында өзге де мүдделі дәлелдеу субъектілеріне де міндетті.

Жеке талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар үшін бұл міндеттер ҚР АІЖК-нің 52-бабында шектелген; прокурорға, мемлекеттік органдар мен өзге тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін іс қозғаушы субъектілерге ҚР АІЖК 55-бабының 2 және 3-тармақтарында шектелген тәртіп бар.

Сонымен қатар сот іске манызы бар мән-жайларды, егер де тараптар мұның біріне де сілтеме жасамаса да талқылауға қоюға міндетті; тараптарға дәлелдемелер жинатуға, сұрақ қоюға, жазбаша немесе заттай дәлелдемелерді талап етуге, сарапшыны тағайындауға, оқиға болған жерді қарауға және т.б. міндетті.

Тартыстық принципіне сәйкес сот тараптардың назарын олар көрсетпеген деректерге аударуға, іс жүргізуге, шындықтың бетін ашу үшін жеткіліксіз болатын болса дәлелдемелерді жинауға басшылық етуге құқылы және міндетті.

Сонымен қатар материалды құқықтық нормалар қатарында істердің жеке категорияларына және дәлелдеу міндеттерін қайта бөлуге қатысты арнаулы ережелері бар. Бұл – дәлелдеу презумпциясы деп аталады, яғни егер де сонымен байланысты кейбір деректер дәлелденген болса, заңмен бекітілген белгілі бір деректердің бар екендігі туралы болжам.

Егер талап қоюшы өз талаптарын растайтын дәлелдемелерді ұсына алмаса және бұл бағыттағы соттың бастамасы да өз нәтижесін бермесе ҚР АІЖК 153-бабына сәйкес талап арызды қабылдаудан бас тартылады.

Осылайша, жинақтау және зерттеу бөліміндегі дәлелдеу субъектілеріне мыналар жатады:

- 1) іске қатысушы тараптар мен басқа да тұлғалар;
- 2) дәлелдемелерді алаламай, жан-жақты, толық, жиынтық-ты түрде қарауға негізделген ішкі сенімі бойынша бағалайтын сот.

Дәлелдемелерді ұсыну. ҚР АІЖК-нің 66-бабында тараптардың және іске қатысушы басқа да тұлғалардың дәлелдемелерді ұсыну тәртібі қарастырылған.

Сот істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды материалдық және іс жүргізу құқығының қолданылуға тиіс нормаларын ескере отырып тараптардың және іске қатысушы басқа да тұлғалардың талаптары мен қарсылықтарының негізінде анықтайды. Қажет болған жағдайда сот тараптарға және іске қатысушы басқа да тұлғаларға істі дұрыс шешу үшін қажетті қосымша дәлелдемелер көрсетуге болатынын ұсына алады.

Кейде іске қатысушы басқа да тұлғаларға дәлелдемелерді ұсыну қандай да бір себептерге байланысты қиындықтар туғызуы мүмкін. Мұндай жағдайларда сот олардың өтінімі бойынша дәлелдемелерді талап етуге жәрдемдеседі (мысалы, құжаттарын талап етуі, сотқа лауазымды тұлғаны немесе оның өкілін сотқа шақырту және т.с.с.).

Дәлелдемелерді талап ету туралы сотқа өтінім беруші тұлға іс үшін маңызы бар мән-жайды негізді түрде көрсетуі тиіс. Сонымен бірге осы дәлелдеме арқылы қандай мән-жайдың анықталатындығын немесе жокқа шығарылатындығын, оны өзі алуға кедергі болатын себептерді және оның тұрғылықты жерін көрсетуі тиіс.

Дәлелдемелерді алуға өтінім берген тұлғаға көмек көрсетудің бір тәсіліне соттың сауалы жатады. Сот талап етіп отырған дәлелдеме іске қатысы жоқ тұлғадан табылған жағдайда ол оны тікелей сотқа немесе сотқа тапсыруға қолында тиісті сауалы бар адамға беруі тиіс.

Егер тарап сот сұратқан дәлелдемені өзінде ұстап қалса және оны соттың сұратуы бойынша оны бермесе, ондағы мәліметтер осы тараптың мүдделеріне қарсы бағытталған деп ұйғарылады және оны тарап мойындаған деп есептеледі.

Сот талап еткен дәлелдемелерді бекітілген мерзімде жеткізуге мүмкіндігі жоқ лауазымды немесе өзге тұлға соттың сауалын алған күннен бастап *бес күн* ішінде себебін көрсетіп, бұл туралы сотқа хабарлауға міндетті.

Дәлелдемелерді беру туралы соттың талаптарын сот дәлелсіз деп таныған себептермен орындамаған жағдайда, сондай-ақ сот-

тың дәлелдемелер туралы сауалы бойынша сотқа хабарламаған жағдайда іске қатыспайтын кінәлі лауазымды және өзге де тұлғалар өкімшілік жазаға тартылады.

Тұлға өкімшілік жазаға тартылғанымен, сот талап еткен дәлелдемені сотқа беруге міндетті екенін айта кеткен жөн. Соттың талабын қасақана орындамаған жағдайда аталған тұлғалар Қылмыстық кодекстің 362-бабына сәйкес қылмыстық жауапқа тартылады.

§ 5. Дәлелдемелерді жіктеу (классификациялау)

Дәлелдеу деректерін жіктеудің жалғыз әдісіне ізделетін деректерді сипатына қарай тура және жанама деп шектеу жатады. Біздің анықтауымызша, ең алдымен дәлелдемелерге нақты шындықтың деректері жатады. Сот бекіткен және бекітілетін деректер арасында белгілі бір байланыстар болады. Кей жағдайларда бұл байланыстар біржакты сипатқа ие болады, ондай жағдайда біз тікелей дәлелдемелермен айналысамыз. Өзге жағдайларда байланыс сипаты түрліше болып келеді, сондықтан да ол қосымша (жанама) дәлелдеме болып табылады. Егер әкесі екендігін анықтау туралы іс бойынша жауап беруші баланың шешесімен бір жарым жылдан аса уақыт бірге тұрмайтынына жүгінетін болса, оның бірге тұрмау дерегі баланың әкесі емес екендігіне тікелей дәлелдеме бола алады.

Бұл деректердің арасында тек бір ғана байланыс бар, және ол тек кері сипатқа ие: бір дерек екіншісін жоққа шығарады.

Мысалы, К. деген азамат басқарған аса қауіп көзінен болған зардапты өтеу іс бойынша (ҚР АҚ 931-бап), сот: а) жәбірленушінің зардап шегу кезінде ішімдік ішкендігін; б) жәбірленушіні жаяу адамдарға арналған жолдан тыс жерде, көлік жүретін жол бөлігінде басып кеткендігін; в) жүргізуші тежегішті оқыс басқандығы салдарынан бірнеше автокөліктің соғысуы болғандығын анықтады. Аталған деректердің әрқайсысы жеке жәбірленушінің кінәлі екендігін растамайды, бірақ бұл деректердің жиынтығы жәбірленушінің іс әрекеттерінде өрескел абайсыздықтың болғандығы, сондықтан жәбір берушінің кінәсі жоқтығы туралы тұжырым жасауға негіз болады. Келтірілген мысалдан, жанама дәлелдемелерді қолдану тұйықталған тізбек құрайтын бірнеше деректерді пайдалану қажет екендігін аңғартады. Бірақ, әрдайым ондай тізбек құрып, ізделіп отырған деректердің бары

жөнінде тұжырым шығару мүмкін емес. Онда жанама дәлелдемелер соттың назарын істің зерттелмеген бөлігіне аударатын бағдар ретінде сот үшін маңызды болуы мүмкін.

Деректер туралы мәліметтер мен дәлелдеу құралдарын жіктеу. Деректер туралы мәліметтер дәлелдемелердің мазмұны, ал дәлелдеу құралы олардың түрі болып табылатындықтан, жіктеу екеуіне де қолданылады.

Дәлелдемелердің дерек көзіне байланысты олар жеке және заттай болып бөлінеді. Дерек көзі дегеніміз іс үшін маңызды түрлі деректер бар немесе солай болуы мүмкін деп санамызда көрініс тапқан белгілі бір объект немесе субъект. Соңында Осыдан барып кей жағдайда дерек көзі – адам болатын болса, ал басқасында – зат, нәрсе болады. *Жеке дәлелдемелер* екіге бөлінеді: а) тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктемелері; б) куәгерлердің айғақтары. *Заттай дәлелдемелер* (кең мағынада) а) жазбаша дәлелдемелерге б) заттай дәлелдемелерге бөлінеді. Дәлелдемелердің аралас түрі ретінде қаралатын сарапшылар қорытындысы ерекше орын алады: қорытындыдағы мәліметтердің дерек көзі тұлға (сарапшы) болып табылады, қорытындының өзі сарапталуға жіберілген заттар, құралдар, химиялық және физикалық процестер және т.б. зерттеу негізінде жасалынады. Іс жүргізушілікпен рәсімдеу, зерттеу және бағалау әдісі тұрғысынан алып қарағанда дәлелдемелерді дерек көзі бойынша жіктеудің зор маңызы бар.

Пайда болу тәсіліне қарай дәлелдемелер *алғашқы және туынды* болып бөлінеді. Дәлелдеу құралының бірінде (куәгерлер айғақтарында, жазбаша және ауызша дәлелдемелерде және т.б.) рәсімделген деректер туралы мәліметтер қандай да бір құбылыстың немесе мән-жайлардың адам санасында көрініс табуы нәтижесінде немесе тиісті жансыз затты есіне түсіру арқылы пайда болады. Бұл дәлелдемелердің пайда болуының алғашқы сатысы. Затта немесе адам санасында із қалдыра отырып, нақты шындық дерегі одан әрі туынды көрініске ие болуы мүмкін. Деректі тікелей қабылдаған адам, ол туралы бөтен адамдарға айтуы мүмкін, оқиғаны көзімен көрген адам өзінің алған әсерлері туралы күнделігіне, хатқа жазып қоюы мүмкін. Із қалып қойған зат суретке, бейнетаспаға немесе кинопенкаға және т.б. түсірілуі мүмкін. Алғашқы дәлелдемелерде туынды дәлелдерге қарағанда дауласпайтын артықшылықтары болады.

Дәлелдемелер пайда болу процестері бойынша *алғашқы және туынды* деп екіге бөлінеді. **Алғашқы дәлелдемелер** (алғашқы дерек көздері) – бұл ізделіп отырған (тікелей) деректің ақпараттарды тарату көзіне әсер ету нәтижесінде пайда болған дәлелдемелер. Алғашқы дәлелдемелер әрдайым алғашқы дерек көздерінен туындайды. Бұл – түпнұсқа құжат (келісімшарт мәтіні, туу, неке кию, өлімі туралы куәлік, коммуналдық қызметтерге төлегені, заттарын тасымалдауға бергені туралы түбіртектер және т.б.), оқиғаны көзімен көрген куәгердің жауабы, даулы заттың өзі және т.б. Алғашқы дәлелдемелер туынды дәлелдемелерге қарағанда күмәнсіз болады. Мысалы, жол көлік оқиғасын көзімен көрген куәгердің жауабындағы басып кету дерегі туралы тікелей, жеке және алғашқы дәлелдемелер болып табылады.

Туынды дәлелдемелер (көшірмелер) – бұл өзге дерек көздерінен алынған мәліметтер. Қарыз алу туралы қолхаттың көшірмесі; үйге жеке меншік құқығын тану туралы істе – бұл *жанама, заттай, туынды* дәлелдемелер.

Туынды дәлелдемелер алғашқы дәлелдемелер негізінде туындайды, ол да күмәнсіз болуы мүмкін, бірақ та оны бағалар кезде сот өте мұқият болуы тиіс, Оқиғаны көзімен көрген куәгердің жауабын қайта тексеруге, нақтылауға болады, бұл мәліметтерді куәгер хатта немесе күнделікке жазуы мүмкін, кейде қайта тексеруге мүлде болмайды (куәгердің өлімі жағдайында). Құжаттың көшірмесі, заттың фотосуреті, естігені бойынша куә болу ж.т.б. әрине сотта қолданылуы мүмкін, бірақ та әрбір жағдайда мұқият тексерген жөн.

Айтылған нәрсе әркелкі құбылысты қамтитын болғандықтан (деректер, деректер туралы мәліметтер, дәлелдеу құралдары) дәлелдемелерді жіктеу бірнеше негіздер немесе белгілер бойынша жүргізілуі мүмкін. Мысалы, дәлелденетін деректер бір белгі бойынша, ал дәлелдеу құралдары өзге белгі бойынша жіктеледі.

Азаматтық іс жүргізу құқығында дәлелдемелер байланыс сипатына және мән-жайларды анықтау бойынша тікелей және жанама болып бөлінеді.

Тікелей дәлелдемелер – бұл ізделіп отырған мән-жайларға тура бағыттайтын және бір ғана тұжырым шығаруға мүмкіндік беретін дәлелдемелер. Ал **жанама дәлелдемелер** – бұл белгілі бір тұжырым жасауға тек жиынтықты түрде ғана негіз бола ала-

тын өзге мән-жайларды көрсететін дәлелдемелер. Қосымша дәлелдемелер бірнеше мүмкін тұжырымдар жасай алады.

Дәлелдемелер қайдан шыққанына қарай **жеке және заттай** болып бөлінеді. *Жеке дәлелдемелер* – жеке тұлғалардан алынған дәлелдемелер (түсініктемелер, айғақтар, жазбаша дәлелдемелер, сарапшылар қорытындысы). *Заттай дәлелдемелер* – материалдық дүниенің түрлі объектілерінен алынған дәлелдемелер.

Қажетті дәлелдемелер туралы ерекше айта кеткен жөн. Істердің әрбір категориясы бойынша істің шешілуі мүмкін емес дәлелдемелер болады. Егер де талап ету арызын беруші арызда мұндай дәлелдемелерді көрсетпеген болса, ол бәрібір де мұндай дәлелдемелерді сотқа ұсынуға тиісті.

Осыған орай жауап беруші де белгілі бір дәлелдемелерді ұсынуға міндетті. Егер де тараптар қажетті дәлелдемелерді ұсынбаса, сот оларға мұны жасауды ұсынады. Мысалы, некені бұзу туралы іс некеге отыру кезіндегі куәгерсіз қаралуы мүмкін емес. Қажетті дәлелдемелер жоқ болған жағдайда сот тараптар арасындағы құқықтық қарым-қатынасты анықтай алмайды.

Материалдық құқық нормалары дәлелдеу құралын көрсете отырып, іс бойынша қажетті дәлелдемелерді анықтауға көмектеседі. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 67-бабында ата-ана құқығынан айыру негіздерінің тізімін көрсете отырып, қажетті дәлелдемелер аясы анықталған. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы «Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы» №21 Нормативті қаулысында істердің бірқатар категорияларына қажетті дәлелдемелер тізімі көрсетілген.

Ешбір дәлелдеменің сот үшін алдын ала бекітілен күші жоқ екендігін есте сақтаған жөн.

§ 6. Дәлелдеу түрлері

Іс жүргізушілік заны мәліметтердің дерек көзі ретінде мына дәлелдеу құралдарын қарастырады: тараптардың және де үшінші тұлғалардың түсініктемелері, куәгерлердің жауаптары, жазбаша дәлелдер, заттай дәлелдемелер және сарапшылардың қорытындылары. Біздің заң осыдан басқа дәлелдеу құралын білмейді. Дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалаудың жалпы ережелеріне бағына отырып, дәлелдеу құралының барлық

түрлері барлығының мазмұны ретінде де, колданудың іс жүргізушілік түрі ретінде де белгілі бір ерекшелігі бар. Бұл мән-жай дәлелдеу құралының әрқайсысын жеке зерттеуді талап етеді.

Тараптардың және үшінші тұлғалар түсініктемелері. Іс бойынша тараптардың түсініктеме беру құқығы заңмен қорғалып, кепілдендіріледі.

Заңда, егер де сот істі іске қатысы бар адамның біреуіне сот отырысының уақыты мен орнын хабарламай, оның қатысуынсыз қараған болса, сот шешімі жоққа шығаруға болады делінген (ҚР АІЖК 366-бап).

Талап етуші, жауап беруші, және де іске қатысы бар үшінші тұлғалар түсініктемелері жеке дәлелдемелердің бірі болып табылады және олардың өзіндік ерекшелігі оны сотқа іс барысына мүдделі тұлғалардың беруінен тұрады. Қазіргі заңға сәйкес (ҚР АІЖК 78-бап) олардың түсініктемелерінде деректерді немесе деректер туралы қандай да бір мәліметтерді мойындай ма, оларға қарсылық білдіре ме, жоқ па оған қарамастан тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктемелері жеке дәлелдеу құралы деп танылады (ҚР АІЖК 78-бап).

Тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктемелерін сот бірден іс баяндамасын кейін тындайтынын ескере кету керек (ҚР АІЖК 194-бап).

Тараптардың түсініктемелерін нақты мән-жайлардың дәлелі деп тану үшін біріншіден, тараптарды дәлелдемелердің дерек көзі ретінде сипаттау қажет, екіншіден, тараптардың түсініктемелерінің қай бөлігі дәлелдеме болып табылатынын анықтау керек. Дәлелдеу бойынша міндеттерді жүзеге асырумен байланысты деректер туралы тараптардың хабарламасы — бұл тартыстық принциптің бар екендігін көрсетеді. Алайда, бұл міндет мәжбүрлеу санкциясымен қамтылмаған.

Тараптар мен үшінші тұлғалардың түрлі іс-әрекеттері мен ой-пікірлерінен дәлелдеу құралдарына тараптар мен үшінші тұлғалардың тек даулы құқықтық қарым-қатынастарды анықтауға маңызы бар деректер туралы хабарларын ғана жатқызу қажет.

Мұндай жағдайда тараптардың түсініктемелерінің істі дұрыс шешу үшін маңызы бар деректер туралы мәліметтер бар бөлігі ғана дәлелдеу құралы бола алады.

Тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктемелері дәлелдемелер теориясында дәлелдеу құралы ретінде жеке түрлерге бөлу қалыптасқан.

Сотқа деректер туралы мәліметтерді жеткізу әдісі бойынша түсініктемелер *ауызша және жазбаша* болып бөлінеді. Тараптардың дәлелдеме ретіндегі жазбаша түсініктемесі әрбір азаматтық іс бойынша қажетті іс жүргізушілік құжат болып табылатын талап ету арызында жазылады.

Занды (іс жүргізушілік) мүдделеріне қарай тараптардың түсініктемелері дәлелдеу құралы ретінде *растау және мойындау* болып бөлінеді. Растау дегеніміз тараптардың немесе үшінші тұлғалардың іс жүргізушілік мүдделеріне сәйкес деректер туралы мәліметтер. Екінші тарап дәлелдеуі тиіс, расталатын сипаттағы деректер туралы тараптардың өз талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін мәліметтерін деректерді тану деп атау қабылдаған. (А.А. Власов. Гражданский процесс М., 2006).

Талап қою арызын тұтастай мойындауды (талап қою арызы) дәлелдеме ретінде да (деректі мойындау) қарайды. Деректі мойындай отыра, тарап сот алдында оқиға орын алған жерде болған не болмағаны туралы мәлімет береді. Қарсы тараптың талабы мен қарсылығын негіздейтін деректі мойындаған екінші тарап осы деректерді дәлелдемейді. Дегенмен де, егер сот тараптың істің нақты мән-жайларын жасыру мақсатында немесе алдау, күш қолдану, қорқыту немесе адасу әсерінен мойындағанына күдігі болса, онда сот мұндай нақты деректерді дәлелдеме ретінде қарастырмайды. Мұндай жағдайда тараптар мойындаған деректерді жалпы негізде дәлелдеуі тиіс (ҚР АІЖК 69-баптың 1-бөлігі).

Деректерді мойындау: *соттық және соттан тыс* болып бөлінеді. Егер тарап сот отырысында белгілі бір деректерді бар деп мойындаған болса, бұл мойындауды соттық деп атайды, ол ҚР АІЖК 69-баптың 2-тармағында қарастырылған. Деректі мойындау сот хаттамасына тіркеліп, оған деректі мойындаған тарап қол қояды. Деректі мойындауды қабылдау немесе қабылдамау сот анықтауымен рәсімделеді. Егер деректі мойындау талап қою арызында баяндалған болса, ол іске тіркелуі тиіс. Сот отырысына келе алмайтын жағдайда, заңды негізде жасалып сотқа жолданған тараптың жазбаша түсініктемесі де соттық мойындау болып табылады.

Соттан тыс мойындау деп тараптардың сот процесінен, іс жүргізушіліктен тыс, яғни соттан тыс айтқан дерек туралы мәліметтерін айтады. Сот дәлелдеуі кезінде соттан тыс мойындауды сот отырысында қараған жағдайда, ол дәлелдеу дерегінің ролін атқара алады.

Жай және білікті мойындау. Жай мойындауда ескертулер мен шарттар болмайды, ал білікті мойындауда ескертулер болады, олар мойындауға кедергі келтіреді. Мысалы, жауап беруші талап қоюшыға зиян келтіргенін мойындайды, бірақ ол жәбірленушінің өзінің абайсыздығынан болғанын айтады. Білікті мойындау жасаған тұлға, ескертуін дәлелдеуге міндетті.

Тараптар мен үшінші тұлғалар түсініктемелері іс бойынша жиналған барлық дәлелдермен бірге бағалануы тиіс (ҚР АІЖК 78-бап). Дәлелдемелерді бағалау кезінде түсініктемелерді беру – бұл тараптар мен үшінші тұлғалардың міндеті емес, құқығы екенін ескерген жөн, демек заңда түсініктеме беруден бас тартқаны, жалған түсініктеме бергені үшін санкция қарастырылмаған.

Куәгерлік жауаптар. Іске қатысты қандай да бір мән-жайды білетін кез келген адам куәгер бола алады (ҚР АІЖК 79-бап).

Куәгер – бұл тікелей қабылдаған немесе оған хабарлаған іс үшін маңызы бар дерек туралы мәліметтерді хабарлау үшін сотқа шақырылған тұлға. Іске қатысушы өзге тұлғалардан куәгерді мына айрықша белгілері арқылы ажыратады:

а) қоршаған ортада болып жатқан оқиғаларды дұрыс қабылдап, ол жөнінде айта алатын азаматтар куәгерлер болып табылады, бұл ретте заңмен жас ерекшеліктері шектелмейді. Егер сот қажет деп тапса, нақты қоршаған ортадағы деректерді саналы түрде қабылдай алатын балалардан да куәгерлер ретінде жауап алуы мүмкін;

б) куәгерлер мүдделі емес заңды тұлғалар қатарына жатады. Заңсыз мүдде (туыстық қатынас, достық, қастық, қызметтегі тәуелділік және т.б.) куәгер ретінде қатысуға кедергі бола алмайды;

в) істің мән-жайын тікелей қабылдайтын тұлға куәгер болады.

Төмендегі куәгерлерді күмәнсіз жауаптар алуға кепілдік ретінде шақырып, жауап алуға болмайтындығы заңда бекітілген (ҚР АІЖК 79-бап):

– жасы кішілігіне, физикалық және психикалық кемістігіне байланысты деректерді дұрыс қабылдай алмайтын және олар туралы дұрыс жауап беруге қабілетсіз тұлғаларды, бұған бала тәрбиесі туралы даулар бойынша істер жатпайды;

– өкілдің немесе қорғаушының міндетін атқаруына байланысты өздеріне белгілі болған мән-жайлар туралы азаматтық іс бойынша өкілдер немесе қылмыстық іс бойынша қорғаушылар;

– шешім немесе үкім шығару кезінде істің мән-жайларын кенесу бөлмесінде талқылау кезінде туындаған мәселелер туралы – судья;

– аралық судьяның немесе төреші міндеттерін атқаруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – аралық судьяның немесе төреші;

– оларға тәубаға келу кезінде сенім білдірген адамдардан белгілі болған мән-жайлар туралы – дін қызметшелерін;

– заңда көрсетілген басқа адамдар.

Сотта тұлға өзіне, жұбайына (зайыбына) немесе ара-қатынасы заңмен анықталатын жақын туыстарына қарсы куәгерлік жауап беруден бас тартуға құқығы бар.

Куәгерді шақыру туралы өтінім жасаған тұлға оның тегін, атын, әкесінің атын және тұратын жерін немесе жұмыс орнын хабарлауға, бұл куәгерден жауап алу қажеттілігін негіздеуге міндетті.

Куә куәгерлік иммунитетке ие болады, яғни куәгердің сотта жауап беруден бас тарту құқығы және жекелеген жағдайларда куәгерді жауап беруден босату жөніндегі соттың міндеті Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңда қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабында, ешкім өзіне қарсы, заңда бекітілген жақын туыстарына қарсы куәгерлік жауап беруге міндетті емес деп бекітілген. ҚР АІЖК-де куәгерлік жауап беру міндетінен босатудың басқа да жағдайлары көрсетілген.

Куәгердің берген жауаптарының мазмұны екі бөлімнен тұрады: жалпы және арнайы. Жалпы бөлімге куәгердің жеке басын айғақтайтын деректер туралы мәліметтер және оның тараптарға, іске қатысы жатады. Арнайы бөлімге іс бойынша ізделіп отырған дәлелдемелік деректер туралы, яғни дәлелдеуде маңызы бар мәліметтер.

Куәгердің құқықтары мен міндеттері. Азаматтық іс жүргізу заңында куәгердің негізгі екі міндеттері бекітілген ол – соттың шақыруы бойынша келу және іс бойынша өзіне белгілі мән-жайлар туралы шынайы жауап беру (ҚР АІЖК 80-бап).

Заң шығарушы куәгерге берілген және сотпен кепілдендірілген құқықтардың ауқымды тізімін қарастырады (ҚР АҚ 80, 197, 198, 199, 200-баптары).

Заңда куәгердің негізгі екі міндеті атап көрсетілген: 1) соттың шақыруымен келу; 2) шынайы жауап беру. Жауап беруден

бас тартканы, сондай-ак касакана жалған жауап бергені үшін куәгер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 352, 353-баптарына сәйкес қылмыстық жазаға тартылады.

Куәгер жауапты деректер туралы еркін өңгімелеу түрінде береді. Куәгер жауаптары әлдеқандай сандардан немесе есте сақтауға қиын басқа деректермен байланысты болған жағдайларда жауап беру кезінде жазбаша материалдарды пайдалана алатынын айта кету қажет. Бұл құжаттар сотқа және іске қатысушы адамдарға көрсетіледі және соттың анықтауы бойынша іске тіркелуі мүмкін. Куәгерге жауаптарына қатысты қолында бар құжаттарды оқуына рұқсат етіледі. Бұл құжаттар да сотқа ұсынылып, соттың анықтауы бойынша іске тіркеледі (ҚР АІЖК 198-бап).

Куәгерлерден жауап алу тәртібі, яғни жауап беруге шақырудың ретін сот тараптардың түсініктемелерін алғаннан кейін бекітеді. Тараптар мен үшінші тұлғалардан түсініктеме алғанға дейін барлық куәгерлер сот отырысы залында бола алмайды. Бұл тәртіп тараптар түсініктемелерінің куәгерлердің жауаптарына өсер етуін болдырмауға мүмкіндік береді. Жауап алынған куәгер істі қарау аяқталғанша сот отырысы залында қалады (ҚР АІЖК 197-баптың 5-бөлігі).

Куәгерлік жауаптарды бағалау кезінде сот деректерді куәгердің өзі қабылдаған ба, әлде оны басқа адамдардан естіді ме, осыларды ескеруі тиіс, яғни куәгерлік жауаптарды бағалай отырып, сот куәгерлердің мәліметтерді сақтауын, беруін саралауы тиіс. Өзінің деректерді қайдан білгендігі туралы айта алмаған куәгердің жауабы дәлел болып саналмайды.

Жазбаша дәлелдер. Іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын актілер, құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы хаттар жазбаша дәлелдемелер болып табылады (ҚР АІЖК 81-бап).

Жазбаша дәлелдемелердің заттай негізі объективті дүниенің түрлі заттарынан тұратындықтан, кез келген түрде, сапада болатындықтан, жазылған жазбаша белгілерлі сақтауға қабілетті болғандықтан заңда аталған тізім шектелмеген.

Жазбаша дәлелдемелерге мыналарды жатқызуға болады: сызбалар, карталар, схемалар, кітаптар, дәптерлер және т.б. Жазбаша дәлелдемелердің белгілері: а) тиісті ақпарат таратушының бары (қағаз, магнитті лента, металл, ағаш, картон және т.б.); б) тиісті жазу тәсілінің бары (әріптер, сандар, ноталар,

арнайы белгілер және т.б.); в) таратушыдан орындаушы қабылдаған өдіс арқылы табылған көрініске сәйкес ойдын бары.

Жазбаша дәлелдемелер арасында: әділ сот актілері (сот шешімдері, үкімдер анықтаулар); әкімшілік актілер (шешімдер мен қаулылар); азаматтық хал актілері (туу туралы, өлім туралы куәліктер, неке туралы немесе ажырасу туралы және т.б. куәліктер); қоғамдық құқық органдарының актілері (қоғамдық мекеме шешімдері); төрелік сот актілері ерекше орын алады. Алдын ала бекітілген шешім шығару тәртібі, занды күш және қайта арыздану және т.б., актілердің айрықша белгілері болып табылады.

Құжаттарға ең алдымен азаматтардың жеке құжаттары (төлқұжат, жеке куәләк, диплом, әскери билет, еңбек кітапшасы, жүргізуші куәлігі және т.б.) жатады. Жеке құжаттарда тұлғаның жеке басын сипаттайтын деректер – аты, әкесінің аты, тегі, туған күні, жылы, туған жері, әлеуметтік жағдайы, білімі, басқа да анкеталық мәліметтер және т.б. болады. Бұл жазбаша дәлелдемелердің ерекшелігі, олар қатан белгілі бір деректемелері бар (сериясы, нөмірі, мөрі, елтаңбаланған қағаз және т.б.) арнайы дайындалған бланкілерге жазылатындығында.

Занды маңызы бар әрекеттерді жасаумен байланысты белгілі бір деректерді растайтын жазба қағаздар да құжаттарға жатады. Оларға: келісімшарттар, тапсырыстар, шақыртулар, түбіртектер, төлем карточкалары, аванс есептері, тексеру актілері және т.б. жатады. Бұл занды құжаттардың болуы тиісті тұлғалардың қандай да бір іс-әрекет жасауға ерік білдірулерін тіркеуден тұрады. Құжаттың бұл түріне сөзсіз белгілі бір нысан тән, бірақ ол құқықтарды қолдану актілерінің түрлері немесе жеке құжаттарға қарағанда аз таратылған. Сондықтан занды құжаттар ол – занды деректерді немесе жеке тұлғаны растауға арналған жазба акпараттары бар қағаздар және олар арнайы занды түрде құрастырылған.

Занды құжаттар жазбаша дәлелдемелердің тек бір бөлігін ғана құрайды. Жазбаша акпарат тасымалдаушылардың барлығы бірдей занды деректерді анықтауға арналмаған және олардың барлығы занда қарастырылған арнайы түрде мазмұндалмайды. Мұндай дәлелдемелердің түріне алдымен түрлі сауалдар бойынша іскерлік сипаттағы хаттарды жатқызуға болады: ғылыми конференцияны дайындау туралы хабарлама, техникалық көмек беру туралы өтініш, атқарылған жұмыс туралы қорытын-

ды, жер телімін беру туралы өтініш және т.б. Олар сотта іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін қолданылуы мүмкін. Азаматтардың өзара жеке хат алысуы да жазбаша дәлелдемелерге жатады. Әрине, ол арнайы түрде жазылмайды, бірақ ол кейде заңды деректерді (мысалы, өзін әке ретінде мойындайтын жеке хат) растау үшін қолданылуы мүмкін. Көбіне өзара жеке хаттарда жазылған мәліметтердің заңды мағынасына мән берілмейді. Мұндай мәліметтер әрдайым заңды сипатқа ие бола бермейді және нақты істің мән-жайларына байланысты болады.

Жазбаша дәлелдемелердің айрықша түрін түрлі ақпаратты техникалық тасымалдау құралдарынан тұрады: карталар, сызбалар, схемалар, жоспарлар. Олар соңғы жылдарда автоматтандырылған жүйелердің енуіне қарай күнделікті тұрмыста кен өріс алды. Деректерді тіркеудің арнайы тәсілі техникалық құралдардағы мәліметтерді қабылдаудың ерекше әдісімен жүргізіледі. Егер заңды құжат (келісімшарт, есеп, түбіртектер және т.б.) қарапайым әдіспен қабылданатын болса, яғни тікелей оқылса, онда ақпаратты тасымалдаушы техникалық құрал көбіне арнайы маман көмегімен оқуды талап етеді.

Деректер туралы мазмұнымен емес, сыртқы келбеті, сапасы, құрамымен куә болатын заттай дәлелдемелерге қарағанда жазбаша дәлелдемелер сот үшін ең алдымен ондағы баяндалған ойлардың мазмұнының маңыздылығымен ерекшеленетінін есте сақтаған жөн. Сонымен бірге жазбаша дәлелдемелерді жазбаша түрде жазылған куәгер жауаптарынан ажырата білу қажет. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібімен немесе сот тапсырмасын орындау кезінде алынған куәгер жауабының хаттамасы жазбаша дәлелдеме бола алмайды, ол тек жазбаша түрде жазылған куәгердің жауабы болып табылады. Осындай «куәгерлердің жазбаша жауаптарына» басқаша көзқарас куәгердің жауаптарын кейбір деректер мен мән-жайларды растауға пайдаланудың болмайтындығы туралы заңды аттап кеткенге әкеліп соқтырған болар еді. Даулы мәселе туа қалған жағдайда куәгерлік жауаптарға жүгіну мүмкін болмай қалу қаупінен сақтану үшін келісімдер мен құжаттарды рәсімдеуді кей жағдайларда жазбаша түрде жасауды талап ете отырып, заң жазбаша дәлелдемелерге айрықша көңіл бөледі. Жазбаша түрлі қарым-қатынастарға тұрақты және нақты сипат береді, азаматтық айналыстың берік болуына ықпал етеді, азаматтық істерді қарау кезінде даулы деректерді анықтауды жеңілдетеді.

Жазбаша дәлелдемелердің *мазмұнына* автордың өзі болып саналатын тұлға нақты шындықта орын алған мән-жайлар мен деректерді ерікті түрде жазуы тиіс. Сондықтан да, мысалы ақша алу үшін қорқыту арқылы жазылған қолхатты тұлға жоққа шығара алады. Пәтер иелерінің кооперативінен (КСК) алынған тұрғын үй ауданына құқықпен тіркелу туралы анықтаманы, анықтама ордердің негізінсіз берілген және т.б. сондықтан да ол шындыққа сәйкес келмейді дегенге сілтеме жасай отырып, жоққа шығаруға болады.

Жазбаша дәлелдемелер түрі (формасы) жағынан құзырлы орган немесе лауазымды тұлғадан алынады, тиісті акт немесе заңды құжат түрінде заң ұсынған арнайы талаптардың барлығын қанағаттандыруы тиіс. Мысалы, жоғары оқу орнын бітіргенін растайтын құжат диплом болып табылатындықтан, жоғары оқу орнын бітірді деген анықтама жарамсыз. Кез келген мекемеден әскери міндетін атқарды деп алынған анықтама жарамсыз болып табылады. Бұндай құжатты беру тек әскери комиссариаттың құзырында. Осындай өзге жағдайлардың барлығында біз жазбаша дәлелдемелерді бекітілген түріне сай емес деп жоққа шығара аламыз. Жазылған хат немесе жеке сипаттағы жазба материалдар (хаттар, күнделіктер, ескертпелер, сыйлықтардағы жазулар және т.б.) сотқа кез келген түрде көрсетілуі мүмкін.

Жазбаша дәлелдемелер калыптасу процесінде үш сатыдан өтеді:

1) субъектінің шындықты қабылдауы; 2) алынған мәліметтерді есте сақтап қалу; 3) алынған мәліметтерді арнайы белгілер (әріп, цифр, нота) арқылы сақтап қалу.

Жазбаша дәлелдемелер беретін субъектіге қарай; ресми және жеке (ресми емес) болып бөлінеді.

Ресми жазбаша дәлелдемелерді мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, мекемелер колхоз немесе қоғамдық мекемелер өз қызметтерін жүзеге асыру кезінде беретін болғандықтан (туу туралы куәлік, тұрғын үй ордері, жұмысқа қабылдану туралы бұйрық және т.б.), олар құжаттарға жатады.

Ресми емес жазбаша дәлелдемелер деп азаматтардың беретін жазбаша дәлелдемелерін айтады. Мазмұнына қарай жазбаша дәлелдемелер екі топқа бөлінеді: жарлықты жазбаша дәлелдемелер және анықтамалы-акпараттық жазбаша дәлелдемелер.

Жарлықты дәлелдемелер деп мазмұнында өкімді-ерікті сипатқа ие деректер бар жазбаша дәлелдемелерді айтады, онда мате-

риалды құқықтық қарым-қатынасқа қатысушылардың еріктері жүзеге асады. Оларға: мемлекеттік органдардың басқаруында нормативті сипаты жоқ актілері, кәсіпорындардың, мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың өз құзырлары шегінде шығарылған актілері, кәсіпорын, мекеме басқарушысының, лауазымды тұлғалардың шығарған актілері; тараптардың жазбаша түрде рәсімделген келісімшарттары жатады.

Анықтамалы-ақпараттық (таныстырылған) жазбаша дәлелдемелерге түрлі анықтамалар, актілер, есептер, отырыс, жиналыс хаттамалары, іскерлік және жеке сипаттағы хаттар, түрлі қызметтердің келісімдері және т.б. жатады.

Жазбаша дәлелдемелер түріне қарай төрт топқа бөлінеді: 1) жай жазбаша түрдегі құжаттар; 2) міндетті түрдегі және мазмұндағы жазбаша дәлелдемелер (туу туралы куәлік); 3) басқару органдарында тіркемей нотариалды куәландырылған келісімшарттар; 4) басқару органдарына тіркелуге тиісті нотариалды куәландырылған келісімшарттар.

Сот жазбаша дәлелдемелерді зерттеу кезінде тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар арасында құжаттың жалғандығы туралы дау туындауы мүмкін. Бұл ретте құжаттың жалғандығы туралы мәлімделген жағдайда, жазбаша дәлелдеме ұсынған тұлға сотқа зерттеліп отырған дәлелдемені істен шығарып, істі басқа дәлелдемелер негізінде шешуін сұрауына болады.

Құжаттың жалғандығы мәлімделген жағдайда сот оның дұрыстығын анықтау үшін шара қолдануы қажет. Сот құжаттың жалғандығы туралы деректі анықтауы үшін криминалистикалық сараптама тағайындауы мүмкін, сондай-ақ бұл үшін, басқа да барлық дәлелдемелерді қолдануы мүмкін: жалған деп болжамдалған құжатты басқа құжаттармен салыстыру; құжат берілген мекемеден сұрату, жазбаша дәлелдемелерде аталған тұлғаларды куәгер ретінде шақырып, жауап алу және т.б. Сот жалған құжатқа сараптама тағайындау кезінде сараптаманың ғылыми мүмкіндігіне де мән беруі тиіс. Құжаттың жалғандығын табу қиынға түсетін жағдайлар да кездеседі, кейде тіпті мүмкін болмайды. Егер сот жазбаша дәлелдемені жалған деп тапса оны дәлелдеме қатарынан алып тастайды, қажет болса қылмыстық іс қозғайды немесе жалған жазбаша дәлелдеме берген тұлғаға қоғамдық шара қолдану үшін материалды қоғамдық ұйымдарға жібереді. Жазбаша дәлелдемелерді жазбаша түрде берген тараптардың, іске қатысушы басқа да тұлғалардың

түсініктемелерінен, куәгерлердің жауаптарынан, сарапшылар қорытындысынан ажырата білу керек. Соңғылары жазбаша түрдегі дәлелдемелер емес, жазбаша түрдегі жеке дәлелдемелер болып табылады.

Деректер туралы мазмұнымен емес, сыртқы келбеті, сапасы, құрамымен куә болатын заттай дәлелдемелерге қарағанда жазбаша дәлелдемелер сот үшін ең алдымен ондағы баяндалған ойлардың мазмұнының маңыздылығымен ерекшеленетінін есте сақтаған жөн.

Күмәнсіздігі жағынан дәлелдемелердің бірде-бірін заң бөліп-жармайды. Дегенмен де жазбаша дәлелдемелердің бірқатар артықшылықтары бар: Қағаз бетінде немесе өзге де ақпарат таратушыда хазылған деректер куәгердің жауаптарына қарағанда барынша тұрақты және анықталған. Куәгер өз жауабын өзгертуі, ұмытып қалуы немесе керісінше істің қандай да бір мән-жайларын есіне түсіруі мүмкін.

Жазбаша дәлелдемелер сот отырысында жарияланып, мүдделі тұлғаларға беріледі, қажет болған жағдайларда сарапшылар мен куәгерлерге де беріледі. Азаматтардың жеке хаттары ашық сот отырысында тек өзара хат жазысқан тұлғалардың келісімімен ғана жариялануы мүмкін. Қарсылық білдірген жағдайда жеке хат жабық сот отырысында жарияланып, зерттеледі. Мазмұны дұрыс емес немесе бекітілген нысанға сәйкес емес деп не болмаса оның жалғандығы туралы арыздану арқылы жазбаша дәлелдемелерді жоққа шығаруға болады. Занды күшіне енген әділсот актілері (сот шешімдері, үкімдер, анықтаулар, қаулылар) мазмұны бойынша жоққа шығарылмайды. Мүдделі тұлғалар қадағалау тәртібімен немесе қайта ашылған мән-жайлар бойынша оларды жоққа шығара алады.

§ 7. Заттай дәлелдемелер

ҚР АІЖК 86-бап заттай дәлелдемелер. Егер заттар өзінің сыртқы түрімен, қасиеттерімен немесе өзге де белгілерімен іс үшін маңызы бар мән-жайды анықтау құралы бола алады деп ұйғаруға негіз болса, олар заттай дәлелдемелер деп танылады. Өмірден өткен суретшінің мүлкін бөлу туралы істе заттай дәлелдемелерге оның мұрагерлікке жататын шығармалары жатады. Мүлікке қасақана келтірілген зиянды өтету туралы істе заттай дәлелдемелерге жауап беруші бүлдірген тұрмыстық заттар

(күндыз тон, теледидар, бұзылған автомобиль, тоназытқыш немесе т.б.) жатады. Қарызды өтеу жөніндегі іс бойынша заттай дәлелдемелерге, мысалға, түзеткен іздері бар қолхат жатады. Сонымен қатар суреттер, мүсіндердің көшірмелері, бедерлемелер ж.т.б. заттай дәлелдемелер бола алады. Мысалы, үйді бөлу ісінде заттай дәлелдемелер ретінде салынғанға дейінгі үйдің суреттері заттай дәлелдемелер бола алады. Келтірілген мысалдардан заттай дәлелдемелердің алуан түрлі болатынын көруге болады. Виндикациялық талап қою ісі бойынша тұрмыстық заттар, жалған құжат, бүлінген мүлік келісімшарттары даулы заттар болуы мүмкін. Із қалып қойған, оның сыртқы түрі, кей жағдайларда белгілі бір жерде затты тауып алу дерегі заттай дәлелдемелер ретінде іс үшін маңызы бар мән-жайларды растауы мүмкін.

Заттай дәлелдемелерді сотқа тараптар мен іске қатысы бар басқа да тұлғалар береді және сот өзі оны талап ете алады. Егер заттай дәлелдемелер басқа адамның қолында болса, олар оны соттың талап етуі бойынша беруге міндетті. Заттай дәлелдемелер істе сақталады немесе ерекше тізімдеме бойынша соттың заттай дәлелдемелер сақтау камерасына өткізіледі (ҚР АІЖК 87-бап). Егер заттай дәлелдемелер арасында тез бұзылатын азық-түлік немесе басқа да заттар болса, сот дереу қарап шығады және зерттейді, одан кейін оларды әкелген адамға қайтарады немесе оны пайдалана алатын мекемеге береді. (ҚР АІЖК 88-бап). Соңғы жағдайда бұл заттар иесіне сол заттың өз сапасымен және оның құны мемлекеттік бағамен қайтарылуы тиіс. Соттың шешімі күші заңды күшіне енгеннен кейін заттай дәлелдемелер оны берген тұлғаға қайтарылады немесе сот сол заттардың иесі деп таныған адамдарға беріледі (ҚР АІЖК 89-бап).

Дәлелдеу кезіндегі ғылыми-техникалық құралдар (ҚР АІЖК 90-бап). Азаматтық сот ісінде жеке дәлелдеме болып табылатын, аудио және бейне таспаларға сараптама жүргізуі қажеттігі туындауы мүмкін. Сондықтан да іске қатысушы тұлғалар дәлелдемелерді жинау мақсатында, сондай-ақ сот оларды зерттеу және бағалау мақсатында ғылыми-техникалық құралдарды (негізінен аудио және бейнетаспаларды) қолдануға құқылы. Аудио және бейне жазбаларға дұрыс сараптама жүргізуге ықпал ететін шарттардың бірі – уақыт және тұлғалар туралы электронды немесе өзге ақпарат тасу құралдарында жүргізілген толық ақпарат. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану кезінде

көмек көрсету үшін, сот өзінің арнайы білімі мен біліктілігінің арқасында істі соттың дұрыс шешуі үшін, зерттеліп отырған заттай дәлелдемелердің сапасын, құрамын, белгілерін анықтап беретін арнайы маманды шақырта алады.

Ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың шарттары заңда қарастырылған. Олар тек мынадай жағдайларда ғана рұқсат етіледі:

- заңда тікелей көрсетілсе немесе оның нормалары мен принциптеріне қайшы келмесе;
- ғылыми жарамды болса;
- іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса;
- қауіпсіз болса.

Қолдануы заңда көрсетілген жағдайлардан өзгесінде ғылыми-техникалық құралдарды жасырын қолданудың нәтижесінде алынған дәлелдемелер дәлелдеме ретінде пайдаланылмайды,

Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану тарап ұсынған анықтамаларда немесе сот жүргізген іс жүргізу әрекеттеріне сәйкес хаттамаларда ғылыми-техникалық құралдардың деректерін, оларды пайдаланудың шарттары мен тәртібін, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып жазылады.

Аудио және бейнетаспаларды тасу құралдары, ғылыми-техникалық құралдар арқылы алынған құжаттар мен басқа да материалдар сотта сақталуы тиіс. Ерекше жағдайларда сот шешімі күшіне енгеннен кейін, аудио және бейнетаспалар иесіне немесе мекемеге өзге тұлғалардың құқығына және заңды мүддесіне зиян келтірмейтін шартпен қайтарылуы мүмкін.

§ 8. Сараптама тағайындау және сарапшының қорытындысы

Сараптама негізінде жасалынған, сарапшы қорытындысы сот дәлелдемесі болып табылады. **Сараптама** – істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мәліметтер мен деректерді табу мақсатында, сот ұсынған объектілерді арнайы білім мен ғылыми негізде белгілі бір іс жүргізу тәртібімен және іс жүргізу заңында бекітілген тәртіпті сақтаумен жүргізген сарапшылардың зерттеуі.

Заңда қарастырылған жағдайларда сараптаманы тағайындау міндетті болып табылады. Демек, сот сараптаманы жан күйзелісі ауруынан немесе есінің кемістігінен тұлғаны іс-әрекетке

кабілетсіз деп тану туралы ерекше сот істерінде, сондай-ақ сауығып кеткен адамды іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы мәселені шешу жағдайларында сараптама тағайындауға міндетті.

Сараптама іс жүргізу заңында белгіленген тәртіппен жүргізіледі (ҚР АІЖК 91-бап). Ол мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) зерттеу кезінде арнайы білімдерін қолдану сипаты;
- 2) жасалған сараптаманың толықтығы мен сапалығы;

Арнайы білімді қолдану сипатына қарай сараптаманың бірнеше түрлерін мысалға келтіруге болады: соттық-медициналық, соттық-психиатриялық, ғылыми-техникалық, есептік, тауарлық, экономикалық, қолтаңбалық және т.б.

Сараптама іс үшін маңызы бар мән-жайлар сарапшының арнайы ғылыми білім негізінде іс материалдарын зерттеу нәтижесінде анықталуы мүмкін болатын жағдайларда тағайындалады. Азаматтық сот ісіне қатысушы өзге адамдардың мұндай білімінің болуы сотты тиісті жағдайларда сараптама тағайындау қажеттігінен босатпайды.

Істе ревизия, тексеру актілерінің, ведомстволық инспекциялар қорытындыларының, сондай-ақ мамандардың жазбаша кеңестерінің болуы сарапшы қорытындысының орнын баспайды және мұндай жағдайларда сотты сараптама тағайындау міндетінен босатпайды.

Арнайы тану қасиетіне және сараптамалық қорытындының дұрыстығына жеке жауапкершілікті тек физикалық тұлға ғана ие болатындықтан, көбінесе сарапшының субъектісі азамат (немесе кешенді түрдегі сараптамада азаматтар) болып табылады.

Іс үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеп, анықтау кезінде сотқа арнайы білімі бар мамандар қажет болуы мүмкін.

Сарапшыны тағайындау кезінде сот оның арнайы білімі бар екенін, осы салада тәжірибесінің барын, сараптаманың жеке түрлерінде қажетті өзге шарттардың барын тексеруі қажет. Мысалы, заттай дәлелдемелердің соттық – химиялық сараптамасын жоғарғы фармацевтикалы білімі бар, химик сарапшы немесе химиялық соттың арнайы дайындығынан өткен сарапшы жүргізуі тиіс. Сарапшы құқық жөнінде емес, тек дерек төңірегіндегі мәселелерге ғана жауап беретінін есте ұстау керек. Бұл ретте сарапшыға бір жағынан сараптаманы жоғары ғылыми деңгейде өткізуін, екінші жағынан қорытындының объективті болуын қамтамасыз етуге бағытталған талаптар қойылады.

Азаматтық сот ісіндегі сараптаманы сот тараптардың өтінімі бойынша және өз бастамасы бойынша да тағайындайды.

Сот сарапшы ретінде іске мүдделі емес, арнайы ғылыми білімі бар адамды шақырта алады. Сот сараптамасын жүргізу:

- 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
- 2) лицензия негізіндегі сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын тұлғаларға;
- 3) заң талаптарына сәйкес бір жолғы тәртіппен өзге де тұлғаларға тапсырылуы мүмкін.

Іске қатысушы тұлғалардың өтінімдері бойынша сот сараптама ісін жүргізуді қажетті арнайы ғылыми білімі бар нақты адамға немесе іске қатысушы тұлғалардың ұсынған адамдарының біріне тапсыра алады. Сараптама ісін жүргізу тапсырылған адамды шақыру туралы соттың талабы аталған адам жұмыс істейтін мекеменің басшысы үшін міндетті болып саналады.

Заңның мағынасы бойынша іске қатысушы әрбір тұлға сарапшының алдына қойылуы тиіс мәселелерді сотқа ұсынуға құқылы. Дегенмен де сарапшы қорытынды беруге тиіс нақты сұрақтарды сот айқындайды. Ұсынылған сұрақтарды қабылдамаған жағдайда сот себебін айтып, жауап беруге міндетті.

Сараптама жүргізуге қатысудан тараптардың жалтаратын немесе оны өткізуге кедергі келтіретін жағдайлары да болуы мүмкін. Ол: сараптамаға келмесе, сарапшыларға зерттеу үшін қажетті материалдарды бермесе, сотқа беруге мүмкіндік болмайтын немесе қиындық келтіретін тиісті объектілерді зерттеуге мүмкіндік бермесе; ал істің мән-жайлары бойынша мұндай тараптың қатысуынсыз сараптама жүргізу мүмкін емес болатын жағдайлар.

Бұндай жағдайда сот қай тараптың сараптамадан жалтарғанына, сондай-ақ дәлелдемелер алынған жағдайда оның оған қаншалықты маңызы барлығына қарай сот сараптама тағайындалған деректі анықталған немесе жоққа шығарылған деп таңуға құқылы.

Сараптаманы тағайындау туралы сот ұйғарым шығарады, онда: соттың атауы, сараптаманы тағайындау уақыты, орны, қаралып жатқан іс бойынша тараптардың атауы, сараптама түрі, сараптама тағайындау негіздері, сарапшының алдына қойылған мәселелер, сот сараптамасы органының атауы немесе сараптама жүргізу тапсырылған адамның тегі, аты және әкесінің аты, сараптама жүргізуге жіберілген объектілер және істің өзге

де материалдары көрсетіледі. Сонымен бірге кей жағдайларда сот ұйғарымында қасақана жалған қорытынды бергені үшін сарапшы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 352-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы ескертілетіні де көрсетілуі мүмкін. Соттың сараптама тағайындау туралы ұйғарымына тараптар шағымдана алады немесе прокурор оған наразылық білдіруі мүмкін.

Салыстыра зерттеу үшін үлгілер алу. Сараптама азаматтық іс жүргізу заңымен шектелген іс жүргізу әрекетімен тығыз байланысты. Бұл – салыстыра зерттеу үшін үлгілер алу (ҚР АІЖК 91-1). Салыстыра зерттеу үлгілері – бұл іс бойынша ұқсастықты табу үшін маңызы бар болса, тірі адамның, мәйіттің, жануардың, заттың биологиялық және психофизикалық қасиетін көрсететін материалдық объектілер, материалдардың сынама-лары, шикізат, дайын өнімдер және т.б.

Үлгілерді алу оларды салыстыра зерттеудің қажеттігін көрсететін дәлелдемелердің негізінде жүргізіледі. Үлгілерді алу құқығы сот төрешісінде, сарапшыда, дәрігерде немесе басқа маманда болады. Үлгілерді алу туралы сот дәлелді ұйғарым шығарады, онда: үлгілерді алу мен тапсыру субъектілері, үлгілер алынатын тұлғаның немесе мекеменің мекенжайы, үлгілерді алу уақыты мен үлгілердің саны және оларды зерттеу үшін үлгілерді алуды орындаушы мен алушы көрсетілуі қажет.

Үлгілер карама-қарсы жынысты тұлғаның жалаңаш денесінен алынатын болмаса және аса кәсіби дағдыны қажет етпейтін жағдайларда оны сот төрешісі алуына болады, ал қажет болса, дәрігердің немесе басқа маманның қатысуымен алынуы мүмкін. Өзге жағдайларда үлгілерді сот төрешісінің тапсырмасы бойынша дәрігер немесе басқа маман алуы мүмкін.

Сарапшы сараптамалық зерттеудің бір бөлігі болып табылатындықтан және сарапшы қорытындысының зерттеу бөлімінде жазылатындықтан, үлгілерді алуды ерекше іс жүргізумен рәсімдеудің қажеті жоқ.

Сот өзі жеке және арнайы маманның қатысуымен тараптардан және үшінші тұлғалардан үлгілер алуға құқылы. Үлгілерді алу бойынша іс жүргізу әрекеттерінің алдында сот төрешісі тұлғаны өзіне шақыртып, үлгілерді алу туралы ұйғарыммен таныстырғаны, олардың құқықтары жайында және осы іс-әрекеттің мәнін түсіндіргені туралы қолхат алады. Бұл әрекетті істеу кезінде қуәлардың болуы заңда қарастырылмаған, алайда

үлгілер мәжбүрлі түрде алынатын жағдайларда оларды шақыртқан жөн. Сот төрешісі үлгілерді алғаннан кейін жеке өзі немесе маманның қатысуымен үлгілерді орайды және мөр басады.

Үлгілерді алғандығы туралы іс жүргізу әрекеттерінің (сот отырысының) хаттамасында үлгілерді алудың нәтижелері, оларды алу үшін жасалған әрекеттер жүргізілу ретін сақтай отырып жазылады, бұл ретте қолданылған ғылыми-зерттеулік және басқа да әдістер мен рәсімдер, сондай-ақ үлгілердің өздері жазылады (91–1-бап 2006 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 151-III Заңымен енгізілген).

Дәрігердің немесе басқа маманның, сондай-ақ сарапшының үлгілерді алуы (ҚР АІЖК 91–2-бап). Қазақстан Республикасының Конституциясындағы 17-бапқа сәйкес: 1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. 2. Ешкімді айыптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Демек тұлғаның өзінсіз, оның келісімінсіз оның жазу қолтанбасының, қанының, ұрығының, сілекейінің, экскрементінің, белгілі бір кәсіби дағдыларды көрсететін азық-түліктердің және т.б. сараптамалық үлгілерін алу мүмкін емес. Сондай-ақ, адамның өміріне немесе денсаулығына зиян келетін болса, үлгілерді алуға болмайды. Жоғарыда айтылғандардың барлығы әдетте сот отырысы кезінде соттың немесе сот төрешісінің ұйғарымымен арнайы алынатын сараптамалық үлгіге ғана қатысты екенін айта кеткен жөн. «Еркін үлгілерге» келетін болсақ, олардың дайындалуы ешқандай тәжірибемен және сараптамамен байланысты болмағандықтан, адамның келісімінсіз мәжбүрлі түрде алынуы мүмкін.

Үлгілерді алу кезінде адам құқығын қорғау мақсатында, АІЖК-де үлгілерді алу тәртібін анықтайтын жаңа 91–3-бабы енгізілген. Онда, «Үлгілерді алудың әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз болуы тиіс. Қатты ауыртатын күрделі медициналық рәсімдер мен әдістерді үлгілер алынуға тиісті адам жазбаша келісім бергенде ғана қолданылады, ал егер оның жасы кәмелетке толмаған болса немесе психикалық аурумен ауыратын болса, оның заңды өкілдерінің келісімі болуы керек» деп айтылған (91–3-бабы, 2006 жылғы 4-шілдедегі ҚР № 151– III Заңымен енгізілген).

ҚР АІЖК 91–1-бабында тұлғадан, дәрігерден немесе басқа маманнан сот ұйғарымына сәйкес тапсырма бойынша үлгілер алу тізімі қарастырылған. Дәрігер немесе маман сот төрешісінің

тапсырмасы бойынша тұлға ағзасына қажетті әрекеттерді жүргізіп, іздеп отырған үлгілерді алады, және оны орап, мөр басып, дәрігер немесе басқа маман жасаған ресми құжатпен бірге сот төрешісіне жібереді.

Сарапшы зерттеу кезінде сынақ үлгілерін дайындауы мүмкін, бұл туралы ол қорытындыда хабарлауы тиіс.

Үлгілерді дайындауға сот төрешісі қатысқан жағдайда барлық іс жүргізу әрекеттері өзі жазған хаттамада көрсетіледі. Сарапшы зерттеу жүргізгеннен кейін үлгілерді оралған және мөр басылған түрде өзінің қорытындысына тіркеп, іске қатыстыру үшін сот төрешісіне жібереді (91–2 бабы, 2006 жылғы 4-шіл-дедегі ҚР № 151-III Заңымен енгізілген).

Сараптама объектісі қорытындыны талап ететін сұрақтар төнірегінде анықталатынын ұмытпау керек. Бұл сұрақтарды сот іске қатысып отырған тараптар пікірлерін есепке ала отырып құрады. Сот сарапшыға істің нақты мән-жайларын бағалауға, олардың болу себептеріне, деректердің арасында байланыстың бар-жоғына, білімнің белгілі бір саласындағы ғылыми деректерге қатысты және т.б. кез келген сұрақтар қоюы мүмкін. Сараптаманы тағайындау туралы соттың ұйғарымында қойылатын сұрақтар нақты болуы керек және ол істің мән-жайларын құқықтық бағалауды қамтымау керек.

Сот сарапшысы азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қарым-қатынастың субъектісі болып табылады, оның заңға сәйкес белгілі бір құқықтары бар және іс жүргізу міндеттерін орындау үшін жауапты.

АІЖК 92-бабына сәйкес, сарапшы сот тапсырған сараптамалық зерттеуді адал орындауды қамтамасыз етуге шақырылады. Мысалы, сарапшы: сараптама жүргізу үшін сот тапсырған материалдар мен құжаттарды қабылдауға; оларды толық зерттеуге; оның алдына қойылған сұрақтар бойынша негізді және әділ қорытынды жасап, оны сараптама тағайындаған сотқа жіберуге; соттың шақыруымен сот отырысына қатысуға келу; жүргізілген зерттеу мен берілген қорытындыға қатысты сұрақтар төнірегінде жауап беруге міндетті.

Сарапшының іс жүргізу құқықтарының аясы кең: ол істің барлық материалдарымен таныса алады, соттан қосымша қажетті материалдарды сұрай алады. Сот отырысында сарапшы іске қатысушы тұлғалар мен куәгерлерге сұрақтар қоюға құқылы. Егер сарапшы сараптама жүргізу кезінде өзіне қойыл-

ған сұрақтардан тыс, іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтаған болса, бұл мән-жайлар туралы өзінің тұжырымын өзінің қорытындысына қосуға құқығы бар. Сарапшы кінәлі жөніндегі сұрақтар төңірегінде емес, тек деректер төңірегіндегі сұрақтарға ғана жауап беретінін ұмытпау керек. Бұл ретте сарапшыға бір жағынан сараптаманың жоғары ғылыми деңгейін, екінші жағынан қорытындының өділдігін қамтамасыз етуге бағытталған, белгілі бір талаптар қойылады.

Сарапшының қарсылық білдіруі ҚР АІЖК-нің 41, 42-баптарында шектелген. Сарапшы өзіне берілген материалдар қорытынды беру үшін жеткіліксіз болған жағдайларда немесе тапсырылған сараптамаға өзінің білімі жеткіліксіз болған жағдайда қорытынды беруден бас тарта алады. (ҚР АІЖК-нің 92-бап – 2006 жылғы 4-шілдедегі ҚР № 151– III ҚР Заңы).

Қорытындының бейтараптығы мен әділділігін қамтамасыз ету үшін заң сарапшылар ретінде тағайындалатын тұлғаларға шектеулер қояды:

а) тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар жағынан туыстық қатынасы бар тұлғаларға және олардың өкілдеріне;

б) іске тікелей немесе жанама мүддесі бар тұлғаларға, сондай-ақ олардың бейтараптығына күмән келтіретін мән-жайлар бар жағдайда;

в) тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалармен қызметтік немесе өзге байланысы бар тұлғаларға және олардың өкілдеріне;

г) азаматтық іс қозғауға негіз болған материалдарға тексеріс жүргізген тұлғаларға;

д) істі алғаш қарау кезінде куәгер, аудармашы, өкіл, прокурор, хатшы ретінде қатысқан тұлғаларға;

е) тиісті құзыреті жоқ тұлғаларға.

Сараптама субъектісіне сот тағайындаған сарапшы, яғни ғылым, техника, өнер және колөнер саласында арнайы білімі бар тұлға жатады. Анықтауға тиісті сауал білімнің бірнеше саласына жататын жағдайда бірнеше сарапшы тағайындалып, кешенді түрде сараптама жүргізілуі мүмкін. Бірнеше сарапшы тағайындалған кезде, олар бір-бірімен ақылдасып, сотқа бір қорытынды беруге құқылы. Сараптамаларды бір тәртіппен жүргізу мен оларды қажетті ғылыми-техникалық құралдармен жарактау үшін елімізде арнайы сараптамалық мекемелер құрылған.

Сараптама объектісі қорытынды талап етілетін сұрақтар төңірегінде анықталады. Бұл сұрақтарды сот іске қатысушы

тұлғалардың пікірлерін есепке ала отырып құрады. Сот сарапшының алдына істің нақтылы мән-жайларын бағалауға, олардың болу себептеріне, деректердің арасында байланыстың бар-жоғына, білімнің белгілі бір саласындағы ғылыми деректерге қатысты кез келген сұрақтарды қоюы мүмкін. Сараптаманы тағайындау туралы соттың ұйғарымында қойылатын сұрақтар нақты болуы керек және ол істің мән-жайларын құқықтық бағалауды қамтымау керек. Мысалы: «Т. деген азамат іс-әрекетке қабілетсіз жан ба?» деген сұрақ дұрыс емес. Іс-әрекетке қабілетсіздік мәселесін сот шешеді, ал сарапшыға «Т. деген азамат өз іс-әрекеттерінің мәнін түсіне ме немесе өз іс-әрекеттерін басқара алуы мүмкін бе?» деген сұрақ қойылуы керек.

Сараптамалық зерттеу заттарына із қалған заттар, тауардың үлгілері, тұлғаның денсаулық жағдайы, оның ауру тарихы ж.т.б. жатады.

Сарапшының қорытындысы. ҚР АІЖК 96-бап. Іс үшін маңызы бар мән-жайлар мен дәлелдемелерді зерттеу және анықтау процесінде сотқа білікті мамандардан деректер мен мән-жайлар жөнінде мәліметтер алу қажет болуы мүмкін. Еңбекке қабілетсіздікті жоғалту пайызын, бүлінген машинаның тозу дәрежесін, көркем шығармадан ұрлаудың бар-жоғы немесе көрсетілген құжаттар жалған ба, жоқ па ж.т.б анықтауды ғылым, техника, өнер және көркемөнер саласындағы сарапшы ғана күмәнсіз жүзеге асыра алады. Сарапшы – азаматтық іс жүргізу құқықтық қарым-қатынасындағы субъект және заңға сәйкес белгілі бір құқығы мен іс жүргізу міндеттері бар. Сараптама – істің мән-жайларын сараптамалық зерттеу процесі. Сарапшының қорытындысы дәлелдеу құралдарының бір түрі. Азаматтық сот ісінде сарапшының қорытындысы дәлелдеу құралының жеке түрі ретінде маңызды. Табиғатына қарай бұл қорытындыны куәгердің жауабына теңестіруге болмайды. Куәгер істің мән-жайларымен «кұрылады». Оның жауабы қандай да бір бағалау тұрғысынан емес, ізделіп отырған деректер бар ақпараттар тұрғысынан маңызды. Сарапшының қорытындысы сот үшін ең алдымен іс үшін маңызы бар деректер мен мән-жайларды маман талдап, бағалаған дерек көзі ретінде маңызды. Сараптама жүргізу әрине дәлелдемелерді тексерумен байланысты, бірақ сарапшы тек дәлелдемелер мен деректерді ғана тексермейді, оған баға да береді, сотқа ғылыми, техникалық немесе тиісті мән-жайлар туралы арнайы мәліметтерді хабарлайды, бұл соттың тану тақырыбын кеңейтеді.

Сарапшы (сарапшылар) қорытындысы дәлелдеу құралы ретінде істің нақты мән жайларын ғылым, өнер, техника, қол-өнер саласында арнайы білімі бар тұлғалардың зерттеу нәтижесінде жасалады.

Сарапшы сот қойған сұрақтар бойынша зерттеу жүргізіп, негізді қорытынды жасауға міндетті. Егер сарапшы сараптама жүргізу кезінде өзіне қойылған сұрақтардан тыс, іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтаған болса, бұл мән-жайлар туралы өзінің тұжырымын өзінің қорытындысына қосуға (ҚР АІЖК 96-баптың 3-бөлігі), сондай-ақ сот талқылауы кезінде өзінің қорытындысын түсіндіруге, толықтыруға және соттың шақыруымен келуге құқылы (ҚР АІЖК 188-бап).

Сарапшының қорытындысы сотқа жазбаша түрде берілуі тиіс. Сарапшы қорытындысында зерттеудің барысын, қолданған әдісін, соттың қойған сұрақтарына жауаптары мен тұжырымын жазуы тиіс. Сарапшының қорытындысын бағалай отырып, сот сарапшының өз зерттеуінде жана әдістерді қолданды ма, жоқ па, қорытынды жасауға қажетті материалдары болды ма соны тексеру керек.

Сарапшының жазбаша қорытындысы үш бөлімнен тұрады: кіріспе, зерттеу және қорытынды. Кіріспе бөлімде сараптаманың аты және нөмірі; ол қайта жасалатын сараптама, әлде қосымша немесе кешенді сараптама екендігі; сараптаманы тағайындаған органның аты; материалдардың сараптамаға түсу күні; сараптама жүргізудің негізі; сарапшының шешуі үшін сараптамаға келіп түскен сұрақтар мен материалдар аты көрсетіледі.

Зерттеу бөлімінде зерттеу процесі және оның нәтижелері баяндалады, анықталған деректерге ғылыми түсінік беріледі, сарапшының нақтылы мән-жайларды зерттеу кезіндегі қолданған әдістері мен техникалық тәсілдері мұқият баяндалады.

Қорытынды бөлімде сарапшы соттың қойған сұрақтарына рет-ретімен өз тұжырымдарын жазады.

Сарапшылар қорытындысының мынадай түрлері бар: 1) нақты қорытынды (дұрыс немесе теріс қорытынды); 2) мүмкін қорытынды; 3) бастапқы мәліметтерді ұсынған кездегі қойылған сұраққа жауап бере алмайтын жағдайдағы сарапшы қорытындысы.

Сарапшының қорытындысы істің нақты мән-жайларына арнайы жүргізілген зерттеу нәтижесі болып табылады. Онда

көрсетілген деректердің шынайылығына кепілдігі барынша жоғары. Алайда, бұл мән-жай дәлелдеудің өзге құралдарының қасында сарапшы қорытындысын «алдын ала бекітілген» күші бар «айрықша», «ерекше дәлелдеме» деп бағалауға негіз болмайды. Мұны «сотқа сарапшы қорытындысы міндетті емес және оны сот дәлелдемелерді бағалаудың жалпы ережелерімен бағалайды» деген заңда бекітілген тәртіп растайды.

Дегенмен де, соттың сарапшы қорытындысымен келіспеуі іс бойынша шешімде немесе сот ұйғарымында дәлелденуі тиіс (ҚР АІЖК 96-бап). Қорытындыны бағалау нәтижесінде сот оны былайша қабылдауы мүмкін:

1) толық және негізді және оны сот шешімінің негізіне енгізуге болады;

2) жеткілікті түрде анық және толық емес және өз ұйғарымымен қосымша сараптама тағайындау қажет;

3) оның дұрыстығы күмән келтіретіндей негізсіз және қайтадан сараптама тағайындау қажет. Сондай-ақ сот сарапшының тұжырымдарымен келіспеуіне болады және қайтадан сараптама тағайындамай-ақ, істі басқа дәлелдемелер негізінде шешуіне болады.

Сарапшы қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді хабарлама жазып, оны мынадай жағдайларда сотқа хабарлайды: егер сарапшы зерттеу жүргізгенге дейін өзінің алдына қойылған мәселелер өзінің арнайы білімдерінің шегінен тыс екеніне сенімді болса; не болмаса оған ұсынылған материалдар қорытынды жасау үшін жарамсыз немесе жеткіліксіз және оларды толықтыру мүмкін емес екеніне; немесе ғылым мен сараптама тәжірибесінің жағдайы қойылған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік бермейтініне көзі жетсе (ҚР АІЖК 97-бап).

Егер, сот сарапшы қорытындысын бағалай келе, қорытынды жеткілікті түрде толық және анық емес деп тұжырымдаса, ол *қосымша сараптама* тағайындай алады. Сарапшы қорытындысы негізсіз болса немесе бірнеше сарапшының қорытындысы бір-біріне қарама-қайшы келсе, сот *қайта сараптама* жүргізуді тағайындайды (ҚР АІЖК 98-бап).

Қайта және қосымша сараптама жүргізуді тапсыру кезінде сарапшыға (сарапшыларға) алдыңғы сарапшылар қорытындысы көрсетілуі тиіс.

Қосымша сараптама қорытынды жеткілікті түрде толық және анық болмаған жағдайда, сондай-ақ алдында зерттелген мән-

жайлар бойынша жана сауалдар туындаған жағдайда сол сарапшыға немесе басқа сарапшыға тапсырылуы мүмкін. Егер де, сарапшының алдыңғы қорытындысы толық негізсіз, немесе оның дұрыстығы күмән туғызған жағдайда, немесе сараптама жүргізу нормаларын бұзған жағдайда, ол сол объектілерді және сол сұрақтарды зерттеу үшін тағайындалады.

Қайта сараптама тағайындау туралы сот ұйғарымында алдыңғы сараптама шешімімен келіспеудің дәлелдері болуы қажет. Қайта сараптама жүргізуді сот құрамында алдыңғы сараптаманы жүргізген сарапшылар бар комиссияға тапсырады. Олар қайта сараптама жүргізуге қатысып, комиссияға түсініктеме берулеріне болады. Дегенмен де, олар сараптамалық зерттеу мен қорытынды беруге қатыса алмайды.

Сот тапсырысы. Егер іске қатысы бар дәлелдемелердің барлығы басқа жерде болған жағдайда, сот тапсырысы қолданылады. Істі қараушы сот іске қатысушы адамның басқа қалада немесе ауданда дәлелдемелер жинау қажеттігі туралы өтінімін қанағаттандырған жағдайда тиісті сотқа белгілі бір іс жүргізу әрекетін жасауға тапсырма береді. Соттың тапсырмасы туралы ұйғарымда қаралатын істің мәні, тараптар туралы мәліметтер қысқаша баяндалады, анықтауға жататын мән-жайлар, тапсырманы орындаушы сот жинауға тиіс дәлелдемелер көрсетіледі.

15-т а р а у. ДӘЛЕЛДЕУ ПРОЦЕСІ

§ 1. Дәлелдеу процесі ұғымы

Дәлелдеу процесі тиісті жүйелілікпен және өзара тығыз байланыста келтірілген дәлелдемелік іс-әрекеттің бірнеше бағыттарынан тұрады. Бұл — дәлелдемелерді табу, жинау, зерттеу, бағалай және ұсыну. Тартыстық принципіне сәйкес дәлелдемелерді тараптар, шағымданушылар, арызданушылар және іске қатысушы өзге тұлғалар тауып, жинап ұсынуы тиіс. Сот бұл тұлғаларға көмектесе алады, ал қажет болған жағдайда өз бастамасы бойынша әрекет ете алады. Талап қою арызында талап етуші өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды және талап етушінің баяндаған мән-жайларын растайтын дәлелдемелерді көрсетуі тиіс (ҚР АІЖК 150-баптың 2-бөлігі 5-тармағы). Ерекше сот істері бойынша заң арызданушыларға арызды берген

кезде тиісті дәлелдемелерді ұсынуды міндеттейді. (ҚР АІЖК 290, 294-баптар). Егер де талап қою арызында, шағымында немесе ерекше сот істері бойынша арыздарда дәлелдемелерді ұсынумен байланысты кемшіліктер болатын болса, сот төрешісі өз атынан талап етушілерге, шағымданушыларға немесе арызданушыларға қажетті дәлелдемелерді талап етуге шаралар қолдана отырып, ҚР АІЖК 155-бабына сәйкес кемшіліктерін жою үшін уақыт береді.

Істі сот талқылауына дайындау белгілі бір деңгейде дәлелдемелерді табумен, жинаумен және ұсынумен байланысты. ҚР АІЖК 194-бабына сәйкес сот төрешісі талап етушінің талаптарын тыңдайды, одан жауап беруші жағынан болуы мүмкін қарсылықтарды анықтайды, қажет болған жағдайда оған қосымша дәлелдемелер ұсыну қажеттігін айтады. Сот төрешісі куәгерлерді шақыру, сараптама ісі және т.б. туралы мәселелерді шешеді. Дәлелдемелерді бұл кезеңде жинау жөніндегі ерекше шараларды сот төрешісі ерекше сот істері бойынша жүзеге асырады. (ҚР АІЖК 291, 296, 302-баптар). дәлелдемелер сот талқылауы сатысында анықталып жиналады және ұсынылады. Дайындау бөлімінен бастап, іс бойынша шешім шығарғанға дейін мүдделі тұлғалар, сондай-ақ сот істі қозғау мен дайындау сатысында сотқа ұсынылмаған дәлелдемелерді іске қатыстыруға шаралар қолдана алады. Егер де жарыссөз кезінде немесе прокурордың қортындысы кезінде, сондай-ақ шешім шығару сәтінде сот жаңа мән-жайларды анықтау қажет немесе жана дәлелдемелерді зерттеу қажет табады, ол мәні бойынша істі қарауды қайта бастау туралы ұйғарым шығарады. (ҚР АІЖК 214-баптың 2-бөлігі).

Кассациялық және қадағалау сатысында мүдделі тұлғалар жана материалдарды ұсына алады.

Дәлелдеу әрекетінің алғашқы бағыты екі ерекше жағдаймен, дәлелдемелерді табумен және тіркеумен байланысты.

Дәлелдемелерді зерттеу. Сот дәлелдемелерін зерттеу – бұл оны тікелей қабылдау, бір дәлелдемелерді өзгелері арқылы тексеру, дәлелдемелерде ұсынылған қарама-қайшылықтарды табу мен жою. Дәлелдемелерді сот және іске қатысушы тұлғалар зерттейді. Дәлелдемелерді зерттеу әрекеттерін сот басқарады. Ол іске қатысушы тұлғалардың түсініктемелерін тыңдайды, куәгерлер мен сарапшыларды жауапқа алады, жазбаша және заттай дәлелдемелермен танысады. (ҚР АІЖК 177-бап). Дәлел-

демелерді іске қатысушы барлық тұлғалар да зерттеуі тиіс. Дәлелдемелерді зерттеу туралы сот пен іске қатысушы тұлғалардың іс-әрекеттерінің өзара байланысы — іс үшін маңызы бар факторлар мен мән-жайларды табу мен анықтауда табысқа жетудің маңызды шарты.

Дәлелдемелер тиісті дәлелдеу құралының түрін қолданумен байланысты түрлі тәсілдермен зерттеледі. Тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктемелерін сот тындайды және де сот пен іске қатысушы тұлғалар тараптар мен үшінші тұлғаларға сұрақтар қоя алады. Қажет болған жағдайды сот қайта жауап ала алады, сондай-ақ олардың жауаптарындағы карама-қайшылықты анықтау үшін куәгерлерді бетпе-бет кездестіреді.

Дәлелдемелерді бағалау. Іс бойынша дәлелдеудің бір элементі дәлелдемелерді бағалау болып табылады. Оларды дұрыс бағалау заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңызы зор. Дәлелдемелерді соттың бағалауы дәлелдемелерді еркін бағалау деп аталатын принциппен тығыз байланысты. Оның негізінде екі фактор жатыр: а) салыстыру тәсілінің өлшемі — сот төрешісінің ішкі сенімі; б) ешбір дәлелдеменің сот үшін алдынала бекітілген күші жоқ (ҚР АІЖК 77-бап).

Кез келген бағалау нысанды (затты) әлдебір өлшеммен салыстыру болып табылады. Егер де салыстырудың өлшемі мен тәсілдері белгілі болса, онда талдау да белгілі болады. Жалпы ереже бойынша, нақты дәлелдемені бағалау оны қатыстылық, күмәнсіздік өлшемдерімен салыстырудан тұрады (ҚР АІЖК 77-баптың 3-бөлігі). Тараптардың құқықтық қарым-қатынастарының шын мағынасын анықтау мәселесін шешу үшін іс бойынша дәлелдемелерді бағалау (нақты құрамымен бірге құқықтық құрамы ретінде — заңды құқықтар мен міндеттердің мағыналары бойынша) дәлелдемелердің жеткіліктілігінің (толықтығы) есебін және оларды бірге, әрі өзара байланыста қарауды талап етеді. Соңғысы дәлелдемелік деректердің бастыларымен байланысын анықтау қажет болған жағдайда жанама дәлелдемелерді пайдалануда маңызды.

Ақыр аяғында дәлелдемелерді еркін бағалау соттың даулы құқықтық қарым-қатынасты танудың ақиқаттығын істің нақты мән-жайлары ретінде де, тараптардың құқықтары мен міндеттері ретінде де бағалауы болып табылады.

Дәлелдемелерді бағалаудың кейбір авторлары мынадай белгілермен байланыстырады: 1) соттың ішкі сенімі; 2) бейтараптық, жан-жақтылық және істе бар дәлелдемелерді жиынтық-

ты түрде толық карау (Фокина М.А. Теория и практика доказывания в состязательном гражданском судопроизводстве. 1999.).

Дәлелдемелерді бағалау логикалық белсенділік ретінде іс жүргізу әрекеттерінен көрінеді және белгілі бір шектерде құқықтық реттеуге, құқық нормаларының әскер етуіне жатады.

Құқық нормалары ойлау тәртібін емес, соттың дәлелдемелерді бағалау шарттары мен мақсатын, бағалау принципін бекітеді (ҚР АІЖК 77-бап). ҚР АІЖК, дәлелдемелердің өлшемдерін реттей отырып, сотқа жүгінеді. Сот дәлелдемелерді өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды. Бағалаудың соттың жеке басы үшін маңызы зор және ол соттын: 1) құқықтануын, 2) мәдени деңгейін, 3) дүниетанымдық деңгейін көрсетеді (Коваленко А.Г. Институт доказывания в гражданском и арбитражном судопроизводстве. 2002.).

Дәлелдемелерді бейтарап карау соттың шешілгелі отырған іске мүддесінің жоқтығын, дәлелдемелерді бағалау кезінде алдын ала ойланып коюдың және алдын ала сендірудің жоқтығын білдіреді. Істі карау барысында мүдденің жоқтығы сотқа дәлелдемелерді жан-жақты карауға, яғни тұжырымдарды талап етуші жағынан да, жауап беруші жағынан да карауға, дәлелдемелерді тәуелсіз төреші тұрғысынан зерттеу мен бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайларда дәлелдемелерді бейтарап зерттеуге кепілдік беру үшін сот төрешісінің наразылығы туралы тәртіпті карастырады (ҚР АІЖК 40-бап).

Демек, дәлелдемелерді бағалау – бұл соттын, сондай-ак іске катысушы тұлғалардың азаматтық сот ісінің барлық сатысында орны бар күрделі іс жүргізу мен бір мезгілде ойлау әрекеті. Тану деңгейіне қарай дәлелдемелерді бағалау алдын ала бағалау, түбегейлі бағалау және тексере бағалау сипатына ие. Алдын ала бағалау дегеніміз сот төрешісінің (соттын) дәлелдемелерді зерттеуге қабылдау кезіндегі, яғни шешім шығару үшін соттын кенесетін бөлмеге кеткенге дейінгі беретін бағасы. Бұл сатыдағы бағалау нәтижелері дәлелдемелерді іске катысты деп қабылдау немесе мұндай дәлелдемелерді қабылдаудан бас тарту туралы сот ұйғарымынан, жазбаша дәлелдемелерді іске тіркеу туралы өтінімдерді қанағаттандырудан, соттың қосымша сараптама дайындауынан және т.б. көрінеді. Дәлелдемелерді түбегейлі бағалау дегеніміз соттын шешім қабылдауына негіз болатын, кенесетін бөлмеде беретін бағасын айтады. Дәлелдемелерді тексере бағалау жоғарғы тұрған соттардың істі кассациялық немесе қадағалау тәртібімен карау кезіндегі бағалауды айтамыз.

ҚР АІЖК 363-бап ережеге сәйкес шешімді жокқа шығару кезінде апелляциялық сатыдағы сот өзінен төмен тұрған сотқа дәлелдемелердің күмәнсіздігі немесе күмәнділігіне, бір дәлелдеменің өзгелерден артық көруге қатысты нұсқау беруге құқысы жоқ екендігін есте ұстаған жөн. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қарауға негіз бар болған жағдайда сот өз шешімін жокқа шығарып, істі қайта қарауға жібереді. Сонымен қатар, істі қайта қарауға бере отырып, сот шешімде қабылдаған немесе қабылданбаған мән-жайларды бекітуге немесе күмәнсіз деп санауға, қандай да бір дәлелдеменің күмәнсіздігі немесе күмәнділігі туралы мәселені алдын ала шешуге, бір дәлелдемені өзгелерден артықшылығы туралы, материалдық құқықтың қандай нормасы қолданылуы тиіс, сондай-ақ қайта қарау кезінде қандай шешім қабылдануы тиіс деген сауалдарды шешуге құқысы жоқ (ҚР АІЖК 363-баптың 2-бөлігі). Істің сол сотта қаралып жатқанына қарамастан, сот төрешілері жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша шешімді қайта қарау туралы ұйғарым шығару кезінде сот басшылыққа алған тұжырымдарға байлаулы болмауы тиіс. Демек, заңның бұл ережесі нақтылы түрде соттың дәлелдемелерді ішкі сенімі бойынша бағалауының кепілі болып табылады.

Дәлелдемелерді бағалау дәлелдеу процесінің соңғы сатысы болып табылатындықтан, сот сот талқылауына дайындық барысында ұсынылған дәлелдемелерді қатыстылық ережесі негізінде алдын ала бағалайды. Соттың немесе сот төрешісінің істегі дәлелдемелердің күмәнсіздігі мен күмәнділігін бағалау пікірі қосымша дәлелдемелерді талап ету туралы соттың ұйғарым шығаруына, ұсынылған дәлелдемелерді тексеру туралы шара қолдануына және т.б. әкеліп соқтырады. Соттың дәлелдемелерді күші, мәні және күмәнсіздігі жағынан бағалауы, іске қатысушы тұлғалардың да осындай пікірі сот дәлелдеуінің ажырамас бөлігі болып табылады. Дегенмен де, аталған пікірлер бағалау сипатына ие болғанмен де дәлелдемелерді заң тұрғысынан бағалау болып табылмайды. Бұл – алдын ала пайымдау, бірақ түбегейлі бағалау емес. Дәлелдемелерді бағалау – бұл тиісті сот қаулысында жазылған дәлелдемелердің күмәнсіздігі, күші және мәні туралы соттың құқықтық салдары бар соңғы пікірі. Соттың дәлелдемелерді сот отырысында істің барлық мән-жайларын бірге жан-жақты толық қарауына негізделген ішкі сенімі бойынша бағалайтыны Заңда бекітілген (ҚР АІЖК 77-бап).

Сондықтан да, дәлелдемелерді тек сот барлық іс сот отырысында қаралып болғаннан кейін және әрбір дәлелдемені жеке, сондай-ақ өзге дәлелдемелер жиынтығында бағалауға мүмкіндік болған кезде бағалайды.

Аталған жағдайларда бағалау субъектісі сот (сот төрешісі), бағалаудың орны мен сәті – шешім шығарылатын кенес бөлмесі, ал бағалаудың іс жүргізу түрі сот шешімінің дәлелді бөлімі (ҚР АІЖК 221-баптың 5-бөлігі).

Дәлелдемелерді бағалау туралы сот пікірінің құқықтық салдары болады, ол барлық шешіммен бірге күшіне енеді және преюдицияның күшіне ие болады. Дәлелдемелерді бағалай отырып, сот ең алдымен оның күмәнсіздігін, яғни дәлелдеменің нақты шындыққа сай келетінін анықтайды. Сонымен бірге дәлелдеменің қайдан шыққанын, оның жарамдылық күшін, жеткіліктілігін немесе іске қатыссыз екендігін бағалау қажет. Мысалы, арнайы ғылыми-техникалық сауал бойынша жауап беруші куәгер немесе сарапшыдан тоғысатын жауап алу кезінде оның тиісті білім саласында білікті еместігі анықталғандықтан, оған сенуге болмауы мүмкін. Одан әрі тиісті дерек көзінен алынған мәліметтерді бағалау, оларды осы дерек туралы өзге мәліметтермен салыстыру қажет. Туысқандық, достық немесе жеккөрушілік қарым-қатынастар сотқа куәгердің, тараптардың немесе өзге тұлғалардың хабарлаған мәліметтерінің күмәнсіздігіне әсер ететін болғандықтан, дәлелдемелердің күмәнсіздігін бағалау үшін жауап беруші тұлғаның мүддесі денгейінің маңызы зор. Соттық дәлелдемелерді сондай-ақ іс үшін күші мен мәні жағынан, яғни сол дәлелдеменің өзі немесе өзге дәлелдемелер жиынтығымен бірге ізделіп отырған деректердің барына сендіретін тұрғыда бағалау қажет.

Сот дәлелдемелерінің негізіне, жоғарыда айтылғандай, соттық ішкі сенім жатады. Соттың сенімі еркін болумен бірге заңмен шартталған. Ол істің барлық мән-жайларын соттың тануы нәтижесінде бірте-бірте жинақталады және заңмен бекітілген іс жүргізу түрінде тіркеледі. Дәлелдемелерді бағалау еспсіз және интуитивті емес, ол дәлелді болуы тиіс, ал бағалаудың дәлелді жазбаша құжатта – сот шешімінде жазылуы қажет. Мысалы, дәлелдемені күмәнді деп жокқа шығара отырып, сот осы сұрақ бойынша өзінің пайымдауын түсіндіруі тиіс. Олай болмаған жағдайда, іске қатысушы тұлғалар, сондай-ақ жоғарғы тұрған сот қандай негіздерге сүйене отырып, соттың бір

дәлелдемелерді қабылдап, енді біреулерін жоққа шығарғанын біле алмайды. Дәлелдемелерді бағалаудағы соттың еркіндігі дерек пен құқық мәселелерін шешудегі оның тәуелсіздігі ешбір дәлелдеменің сот үшін алдын ала бекітілген күші болмайды деген іс жүргізу ережесімен камтамасыз етілген.

16-т а р а у. АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНА ДАЙЫНДАУ

§ 1. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындаудың мақсаты мен міндеттері

Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау бірінші сатыдағы соттардың барлық азаматтық істері бойынша міндетті сатысы болып табылады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2001 жылғы 13 желтоқсанда қабылдаған «Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы» № 21 нормативті қаулысы соттар назарын сот тәжірибесінде азаматтық істерді сот талқылауына дайындау мәселелерін реттейтін іс жүргізу заңдылықтарының нормаларын біркелкі қолданудың қажеттігіне аударды.

Арызды қабылдағаннан және азаматтық істі қозғағаннан кейін сот төрешісі істі дер кезінде және дұрыс шешуді камтамасыз ету мақсатымен істі сот талқылауына дайындайды. (ҚР АІЖК 166-баптың 1-бөлігі).

Істі сот талқылауына дайындаудың әрбір іс бойынша міндетті міндеттері мыналар (ҚР АІЖК 166-баптың 2-бөлігі).

- 1) істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау;
- 2) тараптардың құқықтық қатынастарын және басшылыққа алынуға тиісті заңды анықтау;
- 3) іске қатысатын тұлғалар мен процестің өзге қатысушыларының құрамы туралы мәселені шешу;
- 4) әрбір тарап өздерінің растайтын дәлелдемелерін негіздеу үшін ұсынуға тиіс дәлелдемелерді анықтау.

Істі сот талқылауына дайындау кезеңіне: ҚР АҚ-нің 170-бабында аталған әрекеттерді жеке өзі орындайтын сот төрешісі; тараптар (ҚР АІЖК 48-бап); әділсоттың болуына ықпал ететін тұлғалар қатысады.

ҚР АІЖК 168-бабына сәйкес, сот төрешісі әрбір іс бойынша дау категориясын есепке алу қажетті болып табылатын нақты әрекеттерді көрсете отырып істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығаруға тиіс. Мысалы, талап етушіні, жауап берушіні шақырту, жауап берушінің іс бойынша қарсылығын анықтау, үшінші тұлға ретінде нақты бір азаматты тарту және т.б.

Ұйғарымды шығару кезінде барлық қажетті әрекеттерді қарастырып шығу мүмкін емес. Істі дайындау кезінде қосымша әрекеттер қажет болса, сот төрешісі оларды жасайды.

Егер де бірінші сатыдағы сотқа қайта карауға түскен іс бойынша қандай да бір әрекеттерді жасау қажет болса, апелляциялық немесе қадағалау тәртібімен шешімді жоққа шығарғаннан кейін, сот төрешісі істі дайындау туралы ұйғарым шығарады.

Азаматтық істі сот талқылауына дайындау арызды сот ісіне және іс қозғауға қабылдаған күннен бастап жеті күн мерзімнен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс. ҚР АІЖК-де басқа да мерзімдер көрсетілген:

– азаматты ұшты-күйлі жоғалды деп тану немесе қайтыс болды деп хабарлау туралы істер бойынша – осындай істі қозғағаны туралы сот ұйғарымы жергілікті газеттерге жарияланғаннан кейін үш ай;

ҚР АІЖК 273-бап 1-бөліміне сәйкес сайлау құқығынын бұзылуы туралы даулар бойынша – арыз беру күнінде. Даулардың бұл категориясы бойынша дайындау мерзімі ұзартылуға жатпайды.

Алименттерді өндіріп алу, жаракат алудан немесе денсаулыққа өзге де зақым келтіруден болған шығынды өтеу туралы істерден басқа, аса күрделі істер бойынша ерекше жағдайларда, сондай-ақ асыраушысынан айырылған жағдайлар бойынша және еңбек қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша бұл мерзім сот төрешісінің дәлелді ұйғарымымен *бір айға дейін* ұзартылуы мүмкін (ҚР АІЖК 167-бап).

Бірінші сатыдағы сот ретінде істі карау кезінде шығарған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ұйғарымына апелляциялық тәртіппен наразылық білдіруге, шағымдануға жатпайды және ол жариялаған күннен бастап күшіне енеді.

Бірінші сатыдағы соттың қаулысы, соның қатарында ҚР АІЖК-нің 344-бабы 1-бөлігіне сәйкес, істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымға наразылық білдіруге және шағым жасауға болмайды.

Істі даулы деп тани отырып, сот төрешісі сот талқылауына тағайындау туралы ұйғарым шығарады. Содан кейін сот төрешісі мен іске қатысушы тұлғалар істі тындау басталғанға дейін және талқылауда кейінге қалдырған уақытта дайындау әрекеттерін жүргізулеріне болады.

§ 2. Істі сот талқылауына дайындаудағы сот төрешілерінің іс-әрекеттері

Істі сот талқылауына дайындау арызды қабылдағаннан және азаматтық істі қозғағаннан кейін басталады. Егер қабылданған арыз заңда көрсетілген талаптарға сай болмаса, сот төрешісі істі сот талқылауына дайындауды бастай алмайды. Сот төрешісі мұндай жағдайларда арызды қозғалыссыз қалдырады. Істі сот талқылауына дайындау сатысында сот төрешісі істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтауы керек (ҚР АІЖК 166-бап).

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурызында шығарған «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңдарының кейбір нормативті актілерін қолдану туралы» № 2 нормативті қаулысының 9-бөлімінде «сот істі сот талқылауына дайындау сатысында да, істі мәні бойынша қарау процесінде де істің немен дәлелденетінін анықтауы тиіс» делінген.

Негізінен мән-жайларды дәлелдеу міндеті тараптардың мойнында, ал сот өз әрекеттері арқылы істің немен дәлелденетінін анықтауы тиіс.

Заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуы тиіс мән-жайларға мысалы, келісімшартын жүзеге асыру бойынша туындаған даудың келісімшарты жатады. Сондықтан да, мұндай жағдайда келісімшарттан басқа ешбір дәлелдеме бұл мән-жайды растай алмайды.

Істі сот талқылауына дайындау тәртібі бойынша сот төрешісі ҚР АІЖК 170-бабына сәйкес әрекет етеді.

Сот төрешісі талап қоюшыны (оның өкілін) және жауап берушіні шақырып әңгімелеседі, оларға ҚР АІЖК 47-бабында қарастырылған іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, олардың қатарында дәлелдемелерді ұсыну бойынша міндеттер немесе оған наразылық білдіру, сонымен қоса, тараптардың өз құқықтарын орындамаған жағдайдағы құқықтық салдарлары да бар. Талап қоюшының немесе жауап берушінің

өтінімі бойынша дәлелдемелерді талап етуде, сот төрешісі бір дәлелдеменің екінші дәлелдемеден артықшылығы туралы пікір айтуға құқығы жоқ (ҚР АІЖК 170-баптың 1-бөлігі).

Сот төрешісі жауап берушіге талап қою арызының көшірмесін және оған қоса тіркелген талап қоюшының талаптарын негіздейтін құжаттарды тапсырады және бекітілген мерзімде талап қою арызына сын-пікірін (қарсылығын) білдіруді және өз сын-пікірін (қарсылығын) негіздеуге дәлелдемелер беруді ұсынады. Жауап берушінің пікірі мен дәлелдемелерді бермеуі істегі бар дәлелдемелер бойынша істі қарауға кедергі келтірмейді (ҚР АІЖК 169-бап).

Қажет болған жағдайларда сот төрешісі жауап берушіні шақырып алады, одан істің мән-жайлары бойынша жауап алады, талап қоюға қандай қарсылықтар бар екенін және бұл қарсылықтардың қандай дәлелдермен расталуы мүмкін екенін анықтайды; айрықша күрделі істер жөнінде жауап берушіге іс бойынша жазбаша түсінік беруді ұсынады, оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Жауап берушіден жауап алу кезінде сот төрешісі жауап берушіден өзі мойындаған талаптарын және талап қоюшының талаптарын (толықтай немесе бір бөлігін) мойнына алмайтындығы туралы тұжырымын көрсете отырып, талап қоюшы арызына қарсы сын-пікірлерін жазбаша жазып беруді талап етеді (ҚР АІЖК 170-баптың 1-бөлігінің 2-тармағы). Егер де талап қоюшының арызында жауап берушіге қоятын талаптардың бары, ал жауап берушінің оған қарсы екендігі анықталса, онда сот төрешісі екі тарапты да шақырып, талап қоюшыға қосымша талаптарды қалай ұсыну керектігі, жауап берушіге қарсы талап қою арызын берудегі құқықтарын түсіндіреді. Мұндай жағдайда сот төрешісі талап қоюшының арызымен бір сот ісінде қарау үшін, жауап берушіден қарсы талап арызын қабылдауы тиіс.

Сот төрешісі іске тең талап қоюшылардың, тең жауап берушілердің дербес талаптары жоқ үшінші тұлғалардың кіруі туралы мәселені, сондай-ақ тиісті емес жауап берушіні ауыстыру туралы мәселені шешеді (ҚР АІЖК 170-баптың 1-бөлігінің 3-тармағы). Егер де талап қою құқығына ие барлық талап қоюшылардың бәрі бірдей жауап берушіге талап қоймаған болса, сот мұндай тұлғаларға сот ісінен қабылданған талап қою арызы туралы хабарлап, оларға бірге талап қоюшылар ретінде сот ісіне қатысу құқықтарын түсіндіреді. Мұндай жағдайда сот

төрешісі олардын талап қоюшы жағынан іске қатысуларын дербес талаптары жок үшінші тұлғалар ретінде іс жүргізу түрінде рәсімдеуі тиіс. Бірге талап қоюшылардын келісімінсіз сот оларды іске қатысуға тарта алмайды.

Дауға дербес талаптарын қоюшы үшінші тұлғалар істі сот талқылауына талқылау сатысында іске қатыса алмайтынын есте ұстаған жөн. Олар іс қозғалып, бірінші сатыдағы сот шешім шығарғанға дейін бір немесе екі тарапка талап қою арқылы іске ене алады. (ҚР АІЖК 52-бап.)

Дауға дербес талаптарын қоюшы үшінші тұлғалар талап етушіге немесе жауап берушіге талап қою арқылы өз бастамалары бойынша іске қатысуға құқылары бар. Дербес талаптар қоймайтын үшінші тұлғалар сот төрешісі немесе тараптардын бастамалары бойынша талап қоюшы немесе жауап беруші жағынан іске қатыса алады. Бұл тұлғалар тиісті тараптың құқықтары мен міндеттерін пайдалана алады, бірақ талап қою арызының негізін өзгертуге, қойылған талаптардын көлемін ұлғайтуға немесе кішірейтуге, талап қою арызынан бас тартуға, талап қою арызын мойындауға, бейбіт келісім жасауға, қарсы талап қоюға, шешімді мәжбүрлі түрде орындауды талап етуге құқылары жок (ҚР АІЖК 170-баптың 3-бөлігі);

Ерекше даулар бойынша сот төрешісі тараптарға мұндай дауларды аралық соттарға беру құқықтарын, осы іс-әрекетті жасау тәртібін және оның құқықтық салдарларын түсіндіреді (ҚР АІЖК 170-баптың 4-бөлігі). Дегенмен де бұл құқық түсіндірілмеді деген тараптардын тұжырымын істі сот талқылауына тиісті түрде дайындамау растауы тиіс.

Істі сот талқылауына дайындау барысында, сот төрешісі тараптарға, іске мүдделі азаматтар мен ұйымдарға істі қараудың уақыты мен орны туралы хабарлауы тиіс.

Тұлғаларды сотқа шақырту мен хабарлаудың тәртібі ҚР АІЖК 129–135-баптарында анықталған. Істі қарауға қатысы бар барлық тұлғаларға хабарлау және сот талқылауын уақытында және дұрыс өткізудің қажетті жағдай жасау соттың міндеті болып табылады.

ҚР АІЖК 129-баптың 2-бөлігіне сәйкес, іске қатысушы тұлғалар, олардың өкілдері, куәгерлер, сарапшылар, мамандар мен аудармашыларға сот отырысының өтетін уақыты мен орны немесе жеке іс жүргізу әрекеттерін жүргізу хабарланады. Олар сотқа сот хабарламасы немесе тапсырғаны туралы ескерту хат арқылы, сонымен қоса телефонограмма немесе телеграмма ар-

кылы және т.б. байланыс құралдарын қолдану арқылы шақырылады (ҚР АІЖК 170-баптың 5-бөлігі);

Істі сот талқылауына дайындау кезінде куәгерлер сот отырысына шақырылмайды. Әдетте олар сотқа істі заңды және негізді шешу үшін олардың жауаптары қажет болған жағдайда шақырылады және басқа дәлелдеу құралдарымен ауыстырылуы мүмкін емес. Куәгерлерді сот отырысына шақыру туралы мәселені сот төрешісі тек өзі ғана шешеді (ҚР АІЖК 170-баптың 6-бөлігі).

Істі сот талқылауына дайындау кезінде сот ҚР АІЖК 91-бабына сәйкес, тараптардың өтінімі бойынша және өз бастамасы бойынша сараптама тағайындайды, жазбаша және заттай дәлелдемелердің орнын қарауды, сонымен қоса, іске маманды, аудармашыны (ҚР АІЖК 99-бап) шақыруды шешеді. Сотта құжаттардың тым көптігінен, олар кәсіпорынның калыпты жұмыс істеуі үшін аса қажет болғандықтан, дәлелдемелерді сотқа алып келу мүмкін болмайтындықтан және басқа себептерден сотқа әкелуге қиындық тудыратын құжаттарды қарау мен зерттеу қажеттігі жиі туындайды, ал осы құжаттардың алынған және куәландырылған көшірмелері дәлелдемелер ретінде жеткіліксіз болады (ҚР АІЖК 84-бап). Мұндай жағдайларда сот жазбаша дәлелдемелерді түрған жерінде қарап, зерттейді.

Сот төрешісі кейінге қалдыру мүмкін болмайтын кезде, мысалы, дәлелдеме тез бұзылатын тауар болатын болса, заттай дәлелдемелерді қарайды. Қажет болған жағдайда, сот төрешісі кеңес беру, түсіндіру және іс бойынша мамандандырылған көмек беру үшін маман шақыру туралы мәселені шешуге міндетті. Талап қоюшыдан іс жүргізу тілін аудару туралы өтініш келіп түскен жағдайда, сот отырысындағы істі жүргізуді аудармашымен қамтамасыз ету туралы ұйғарым шығарады. Дәлелдемелердің орнын қарау кезінде кезінде суретке түсіру, бейнетаспаға жазу қолданылуы мүмкін, маман осы үшін шақырылады.

Аталған іс жүргізу әрекеттері тараптардың қатысуымен жүргізіледі және әрбір жеке сот отырысында хаттама толтырылып отырады (ҚР АІЖК 255-бап). Сараптама тағайындалған жағдайда, істі сот талқылауына дайындау кезінде сот отырысының хаттамасы толтырылмайды (ҚР АІЖК 170-баптың 7–9-бөлігі);

ҚР АІЖК 57-бабына сәйкес, сот істі сот талқылауына дайындау тәртібімен сот отырысына іс бойынша қорытынды беру

үшін мемлекеттік ұйымдардың өкілдерін және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын шақыру мәселесін шешуі тиіс. Тараптардың өтінімі бойынша ұйымдардан немесе азаматтардан дәлелдемелер талап етіледі (ҚР АІЖК 170-бап 1-бөлігінің 8-тармағы);

Тараптар мен өкілдердің өздеріне қажетті дәлелдемелерді сот-қа ұсыну мүмкін болмайтын және қиындық тудыруы мүмкін деп қауіптенуге негіздері бар арыздары бойынша, сот ҚР АІЖК 74–76-баптарының негізінде дәлелдемелерді қамтамасыз ету шараларын қолдануы керек. Сот төрешісі істі жүргізу кезінде, мысалы, тараптар мен үшінші тұлғалардан түсінік алу, нақты бір куәгерден жауап алу, жазбаша және заттай дәлелдемелерді тексеру, сарапшының қорытындысын алу қажеттігі туындаса, және т.б. дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы ұйғарым шығарады.

Мұндай жағдайларда, егер дәлелдемелерді жинаудың іс жүргізу құралдары Қазақстан Республикасының өзге ауданында, облысында немесе қаласында болатын болса, сот төрешісі өзге соттарға тапсырма жіберуге құқылы (ҚР АІЖК 170-бап 1-бөлігінің 10–11-тармақтары); Тараптарды дәлелдемелермен қамтамасыз ету немесе шет мемлекеттердегі дәлелдемелерді талап етуге көмектесу үшін сот төрешісі сол мемлекетке жіберетін сот тапсырмасы туралы ұйғарым шығарады. Бұл ұйғарымды шет мемлекет 1993 жылы 22-қаңтарда Минск қаласында Қазақстан Республикасымен жасалған «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар мен құқықтық көмектер туралы конвенцияның» негізі бойынша орындайды.

Істі сот талқылауына дайындау кезінде сот төрешісі талап етушінің өтініші бойынша ҚР АІЖК-нің 154-бабы 1-бөлігінің 7-тармағына сәйкес оның берген арызын қайтару туралы дәлелді ұйғарым шығарады (ҚР АІЖК 170-баптың 12-бөлігі). Арызды қайтарып беру, талап қоюшының мол жауап берушіге қарсы сотқа сол талаппен, сол негізде қайта талап қою арызын беруге кедергі бола алмайды.

Істі сот талқылауына дайындау бойынша сот төрешісінің қажетті іс жүргізу әрекеттеріне басқа да әрекеттерді жатқызуға болады.

§ 3. Істі қарауға прокурордың қатысуы

Істі қарауға прокурордың қатысуы туралы мәселені шешу ҚР АІЖК 55-бабына сәйкес, төмендегі істерді қарау үшін прокурор сот отырысына міндетті түрде қатысуы керек:

а) азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану немесе азаматты кайтыс болған деп жариялау туралы (ҚР АІЖК 299-бап);

б) ұл асырап алу (қыз асырап алу) (ҚР АІЖК 347–4-бап);

в) нормативті-құқықтық актінің заңға сәйкес келмеуінен прокурордың наразылығын жоққа шығару туралы (ҚР АІЖК 287-бап);

г) ата-ана құқығынан айыру туралы («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 67-бабы);

д) ҚР АІЖК 25–28-бөлімдерінде тізілген істер бойынша.

Прокурордың істі қарауға міндетті түрде қатысуын сот өз ұйғарымында жазып, оған істі қарау уақыты мен орнын хабарлайды. Істі сот талқылауына дайындау кезінде тараптарды іс жүргізу уақытын үнемдеп, істің шешілуін жылдамдататын бейбіт келісім жасауға көндіру мақсатында сот төрешісі барлық мүмкіндіктерді пайдалануы тиіс. Талап қоюдан немесе бейбіт келісімге отырудан бас тартқан жағдайда, талап қоюшы сот төрешісіне жазбаша түрде арыз жазуы тиіс. Бейбіт келісімді бекіту немесе талап қою арызынан бас тартуды қабылдау сот отырысы хаттамасында рәсімделеді. Сот төрешісі тараптарға жасалып отырған іс жүргізу әрекеттерінің құқықтық салдарын түсіндіреді.

Істі сот талқылауына дайындау кезінде сот төрешісі бірнеше талап қою арыздарын біріктіре алады. Сот төрешісі талаптарды жеке қарау барынша біртұтас болып табылатындықтан, талап етушінің біріктірген талаптарының бірін немесе бірнешеуін бір сот ісіне біріктіреді. Өзара байланысты талаптардың сипаты бойынша және жалпы дәлелдемелердің бары арыздағы барлық талаптарды бір сот ісінде барынша тез әрі дұрыс шешу мүмкін болатын жағдайларда ғана бірнеше талаптарды бір сот ісіне біріктіруге болады.

Егер де сот мұндай талаптарды бөліп қарау қажет деп тапса, талап етушінің бір арызға біріктірген бірнеше талаптарын бөлуге болады.

Егер де сот төрешісі сот ісінде сол бір талаптар қатысатын бірнеше бірынғай істер барын немесе бір талап етушінің арызында бір жауап берушіге қарсы бірнеше іс барын не болмаса бір жауап берушіге қарсы бірнеше талап етушілер барын анықтаса, мұндай біріктіру бір мақсатты көздейді деп таныса, оларды бірге қарау үшін бір сот ісіне біріктіруге құқылы. (ҚР АІЖК 171-бап).

Бірнеше талаптарды біріктіру немесе оларды бөлуге сот жеке ұйғарым шығарады, оған ҚР АІЖК 344-бабына сәйкес апелляциялық тәртіп бойынша шағымдануға және наразылық білдіруге болмайды.

Істі сот талқылауына дайындау кезінде ҚР АІЖК 242, 243-баптарының 1), 5) тармақшаларында және 247-бап 1), 5), 8), 9) тармақшаларында және 249-бапта карастырылған мән-жайлар бар кезде сот:

- іс бойынша сот ісін тоқтата тұра алады;
- іс бойынша сот ісін тоқтата алады;
- арызды караусыз қалдыра алады..

Сот тараптарға мұндай іс жүргізу әрекеттерінің салдарларын түсіндіруі тиіс (ҚР АІЖК 172-бап).

Істі сот талқылауына тағайындау. Істі сот талқылауына дайындау аяқталғаннан кейін сот төрешісі істі дайын деп тани отырып, оны сот отырысында талқылау туралы ұйғарым шығарады, тараптар мен іске қатысушы өзге тұлғаларға істі караудын уақыты мен орнын хабарлайды (ҚР АІЖК 173-бап).

Сот төрешісі алдын-ала іс материалдарын карап және меңгеріп болған соң, ол сот талқылауына жеткілікті түрді толық дайын деген тұжырымға келеді, бұл жөнінде, істі тындайды тағайындау туралы ұйғарым шығарады.

Ұйғарымды шығару істі сот талқылауына дайындау барысында тиісті іс жүргізу әрекеттерінің жасалғанын, тараптар мен іске қатысушы барлық тұлғалардың анықталғанын, олардың өтінімдері мен талаптарының анықталғанын, дәлелденуі тиіс дәлелдемелердің анықталғанын, жауап берушіге хабарланғанын және оған талап қою арызының көшірмесі оған тиісті құжаттардың тіркелуімен тапсырылғанын білдіреді. Сонымен бірге, ұйғарымда сот отырысында істі талқылаудың уақыты көрсетіледі. Істі сот талқылауына тағайындағаннан кейін өз уақытында тараптар мен іске қатысушы өзге тұлғаларға істің қаралатын уақыты мен орны хабарланады.

§ 4. Сот хабарламалары мен шақыртулары

Іске қатысушы тараптар мен олардың өкілдері сотқа жүгінуге құқықтары бар болғандықтан, оларға сот отырысының болатын уақыты мен орны хабарланады, бірақ олар сот отырысына қатысуға міндетті емес.

Қуәгер, сарапшы, маман және аудармашы сот шақыруымен сотқа келуге міндетті. Дегенмен де, істі сотта талқылауға қаты-

сы бар барлық тұлғаларға хабарлау және сот талқылауын уақытында әрі дұрыс жүргізу соттың міндеті болып табылады. Тұлғаларды сотқа шақыру және хабарлау іс-әрекеттерін жүргізу тәртібі ҚР АІЖК 129–135-баптарында анықталған.

Іске қатысушы тұлғалар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәгерлер, сарапшылар, мамандар мен аудармашыларға сот отырысының болатын уақыты мен орны немесе жеке іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге хабарлама жіберіледі және сотқа сот шақыртуы арқылы шақырылады.

Қажет болған жағдайларда, іске қатысушы тұлғалар, сонымен қоса куәгерлер, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар хабарланып немесе арнайы хаттың тапсырылғандығы туралы мәлімденіп, телефонограммамен немесе жеделхатпен, және басқа да шақырту мен құлақтандыруды қамтамасыз ететін байланыс құралдарымен шақырылуы мүмкін (ҚР АІЖК 129-баптың 2-бөлігі).

Сот хабарландырулары немесе шақыртулары хабарланушы мен шақырылушыға сотқа және істі сотқа дайындауға өз уақытында келуіне уақыт жеткілікті болатынын ескере отырып берілуі керектігі ҚР АІЖК 129-бабының 3-бөлігінде қарастырылғанын ескеру керек.

Хабарлау немесе шақырту хабарланатын адамға немесе шақырылушыға іске қатысушы тараптың немесе басқа адамның көрсеткен мекенжайына жіберіледі. Егер сотқа хабарланған мекенжайда азамат мүлдем тұрмайтын болса, хабарлама немесе шақырту жұмыс орнына жіберілуі мүмкін. Мекемеге жіберілген хабарлама немесе шақырту оның мекенжайына жіберіледі.

Хабарлама, шақырту қағазының, шақырудың мазмұны. Соттың шақырту қағазы хабарлама мен шақырудың негізгі түрі болып табылады. АІЖК 130-бабына сәйкес, шақырту қағазында және басқа да хабарламаларда, шақыруда мына деректемелер болуы тиіс:

- 1) хабарлама жіберіліп немесе сотқа шақырылып отырған адамды көрсету (аты, тегі, әкесінің аты және шақыртылып отырған азаматтың мекенжайы, мекеме аты мен орналасқан жері);
- 2) соттың нақты мекенжайы мен атауы;
- 3) келетін жері мен уақыты;
- 4) адресатқа хабарлау немесе оны шақыру жіберілген істің аты;
- 5) адресат кім ретінде хабарланып немесе шақырылып отырғандығын көрсету;

6) іске қатысушы тұлғаларға іс бойынша оларда бар барлық дәлелдемелерді табыс етуді ұсыну;

7) шақыру қағазын немесе өзге де хабарламаны, шақыруды жеткізуге қабылдап алған адамның адресат болмаған жағдайда оны мүмкіндік болған сәтте адресатқа тапсыруға міндеті;

8) хабарланатын немесе шақырылатын адамның сотқа келмей қалу салдарын және оның келмеу себебін сотқа хабарлауға міндетті екенін көрсету;

9) шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды, шақыруды жіберуші адамның қолы. Хабарлау немесе шақыру туралы телефонограмма жіберген адам оны кімге және қай уақытта бергендігін көрсете отырып өзінің қол қоюымен куәландыруы тиіс.

Сот төрешісі бір мезгілде шақыру қағазымен бірге жауап берушіге талап қою арызының көшірмесі мен арызға қоса тіркелген құжаттардың көшірмесін жібереді. Талап қоюшыға жіберетін шақыру қағазымен бірге сот төрешісі жауап берушінің жазбаша түсініктемелерінің көшірмесін және онымен бірге егер олар сотқа түскен болса, оларға қоса тіркелген құжаттардың көшірмесін жібереді.

Шақыру қағазын жеткізу. Шақыру қағаздары хабарлар етіліп, тапсырысты хатпен почта арқылы жеткізіледі немесе судья тапсырған адамдар жеткізеді. Шақыру қағазын адресатқа тапсыру уақыты шақыру қағазының сотқа қайтарылуға тиісті түбіршегінде белгіленеді.

Сот тәжірибесінде хабарламаларды іске қатысушы тұлғалар арқылы тарату кең тараған. Мұндай жағдайларда сот төрешісі уақытты үнемдеу мақсатында іске қатысушы тұлғаның келісімімен оның қолына іс бойынша хабарланатын немесе шақырылатын өзге тұлғаның шақыру қағазын бере алады.

Бұл ретте шақыру қағазын жеткізу тапсырылған адам оны тапсырған күні көрсетілген және адресаттың шақыру қағазын алғандығы жөнінде қолы қойылған шақыру қағазының түбіршегін сотқа қайтаруға міндетті (ҚР АІЖК 131-бап).

Шақыру қағазын тапсыру. Соттың тиісті адамға соттың шақыру қағазын тапсыру туралы даусыз дәлелдемесі болуы керек. Сондықтан да, шақыру қағазы жіберілген азаматқа жеке табыс етіліп, ол сотқа қайтарылуға тиісті түбіршекке қол қоюы керек. Ұйымға жіберілген шақыру қағазы оның өкіліне немесе басқару қызметін атқаратын тиісті адамға табыс етіледі, ол шақыру

қағазының түбіршегіне оны алғандығы жөнінде өзінің қызметін, тегін және атын көрсетіп аты-жөнін көрсетіп қол қояды.

Егер шақыру қағазын жеткізуші адам іс бойынша хабарланатын немесе шақырылатын азаматты тұрғылықты жерінен немесе жұмысынан таба алмаса, онда шақыру қағазы олардың келісімімен – онымен бірге тұратын отбасының ересек мүшелерінің біріне, ал ол болмаған жағдайда тұрғын үй– пайдалану ұйымына, жергілікті өзін-өзі басқару органына немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органға немесе оның жұмыс орнындағы әкімшілікке тапсырылады. Бұл жағдайларда шақыру қағазын қабылдап алған адам шақыру қағазының түбіршегіне өзінің тегін, атын, әкесінің атын, сондай-ақ адресатқа қатыстылығын немесе атқаратын қызметін көрсетуге міндетті. Шақыру қағазын қабылдап алған адам мүмкіндігінше кідіртпей шақыру қағазын адресатқа тапсыруға міндетті (ҚР АІЖК 132-баптың 2-бөлігі).

Адресат уақытша болмаған жағдайда, шақыру қағазын жеткізуші адам шақыру қағазының түбіршегіне адресаттың қайда кеткендігін және оның қашан қайтып келуі мүмкін екендігін белгілейді. Бұл мәліметтерді – тұрғын үй-пайдалану ұйымы, жергілікті өзін-өзі басқару органы немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы орган немесе оның жұмыс орны бойынша әкімшілік, ал оларда бұл мәліметтер болмаған жағдайда онымен бірге тұратын отбасының ересек мүшелерінің бірі растауға және куәландыруға тиіс (ҚР АІЖК 132-баптың 3-бөлігі).

Адресат шақыру қағазын, телеграмманы немесе хатты қабылдаудан бас тартқан жағдайда оны жеткізуші немесе табыс етуші адам сотқа қайтарылатын шақыру қағазына немесе хабарламаға, шақыруға тиісті белгі соғады. Адресаттың шақыру қағазын немесе өзге хабарламаны қабылдаудан бас тартуы туралы белгіні тұрғын үй-пайдалану ұйымы, жергілікті өзін-өзі басқару органы немесе шақырылған адамның тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы орган немесе оның жұмыс орны бойынша әкімшілік куәландырады.

Шақырылған адамның шақыру қағазын немесе шақыру туралы өзге құжатты алудан бас тартуы істі қарауға немесе жеке-леген іс жүргізу әрекеттерін жасауға кедергі болмайды (ҚР АІЖК 133-бап).

Іске қатысушы тұлғалар мен олардың өкілдері іс бойынша сот ісі кезінде сотқа өз мекенжайының ауысқаны туралы ха-

барлауға міндетті. Хабарланбаған жағдайда шақыру қағазы немесе өзге де хабарлама, шақыру сотқа белгілі соңғы мекен-жай бойынша жіберіледі және адресат бұл мекен-жайда тұрмаса да жеткізілді деп есептеледі (ҚР АІЖК 134-бап).

Жауап берушінің қоныстанған нақты жері белгісіз болған жағдайда тұрғын үй-пайдалану ұйымының, жергілікті өзін-өзі басқару органының, немесе жауап берушінің соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның немесе оның соңғы белгілі жұмыс орны бойынша әкімшіліктің шақыру қағазын немесе өзге де хабарламаны, шақыруды алғанын растайтын жазу бар сот шақыруы сотқа келіп түскеннен кейін сот істі қарауға кірісуге құқылы.

Мемлекет мүдделеріне орай, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу, асыраушысының жарақаттануынан немесе денсаулыққа өзгедей зақым келтіруден немесе қайтыс болудан болған зиянды өтеу туралы талап қою бойынша жауап берушінің тұрғылықты жері белгісіз болған жағдайда сот жауап берушіні ішкі істер органдары немесе қаржы полициясы арқылы іздестіру жариялауға міндетті. Соттың жауап берушіні іздестіруді жариялауы істі қарауға кедергі болмайтынын ескерген жөн. Іздестіру шаралары барысында жауап берушінің тұрғылықты жері анықталған кезде оған сотқа шақыру туралы соттың шақыру қағазы табыс етіледі. Жауап берушіні іздестіру жөніндегі шығындарды өндіріп алу ішкі істер органының немесе қаржы полициясының мәлімдеуі бойынша сот бұйрығын беру жолымен жүргізіледі (ҚР АІЖК 135-баптың 3-бөлігі).

16-т а р а у . СОТ ТАЛҚЫЛАУЫ

§ 1. Сот талқылауы ұғымы мен оның мәні

Сот талқылауы (сот отырысы) – азаматтық істің негізгі сатысы. Бұл сатыда сот отырысында азаматтық істер бойынша істі талқылау және шешу арқылы әділ сот жүзеге асады. Сот отырысында тараптардың құқықтары мен міндеттері анықталады, олардың тұжырымдары тыңдалады, тараптар мен іске қатысушы өзге де тұлғалар ұсынған дәлелдемелер зерттеліп, бағаланады, олардың нәтижесі бойынша сот шешімі шығарылатын істің нақтылы мән-жайлары анықталады.

Сот талқылауының нәтижесінде азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері жүзеге асырылады, іске қатысушы тараптар мен өзге де тұлғалардың бұзылған немесе жоққа шығарылған құқықтары, бостандықтары мен заңмен қорғалатын мүдделері бойынша мәселелер шешіледі.

Сотта істі талқылау барлық іс жүргізу әрекеттерін заңға сәйкес қатаң жүйелі түрде жүргізіледі.

Азаматтық істерді сотта талқылау әрқайсысы толық баяндалатын төрт жүйелі сатыдан тұрады:

- 1) сот талқылауына дайындау бөлімі.
- 2) істерді мәні бойынша қарау.
- 3) сот жарыссөздері.
- 4) іс бойынша шешім шығару және жариялау.

Сот талқылауына дайындау бөлімі. Бұл бөлімнің мақсаты істің мәні бойынша қарау мүмкіндігін анықтау болып табылады.

Төрағалық етуді сот төрешісі атқарады. Төрағалық етушінің міндетіне отырыс барысына басшылық ету, істің барлық мән-жайларының анықталуын қамтамасыз ету, іс жүргізу әрекеттерінің жүйелілігі мен тәртібін сақтау, процеске қатысушылардың іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыру және олардың өз міндеттерін орындату, процеске тәрбиелік ықпал ету, қаралатын іске қатысы жоқ мәселелердің барлығын сот қарауынан шығарып тастау жатады.

Процеске қатысушылардың біреуі төрағалық етушінің іс-әрекетіне қарсылық білдірген жағдайда, бұл қарсылық білдірулер сот отырысының хаттамасына енгізілуі тиіс. Төрағалық етуші іске қатысушыларға өзінің іс-әрекеттеріне қатысты түсініктеме береді. Ол сот отырысында тиісті тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қолдануы керек. Оның өкімі процеске қатысушылардың барлығы үшін, сондай-ақ сот отырысы залында қатысып отырған барлық азаматтар үшін міндетті (ҚР АІЖК 176-бап).

Істі сот талқылауына дайындау бөлімінде төрағалық етуші заңда қарастырылған барлық іс жүргізу әрекеттерін жүргізеді. Сот жүргізу уақыты белгіленген уақытта төрағашылық етуші сот отырысы залына кіреді, ол кірген кезде залдағы барлық қатысушылар орындарынан тұруы тиіс, содан соң сот төрешісі олардың отыруын сұрайды, сот отырысында қарастырылатын азаматтық іс жөнінде хабарлап, сот отырысын ашық деп жариялайды (ҚР АІЖК 178–180-баптар).

ҚР АІЖК-нің 177-бабына сәйкес, сот сотта істі қарау кезінде іске қатысушылардың барлығын тындауға, іс үшін маңызы бар дәлелдемелерді зерттеуге міндетті. Процеске қатысушылар, сондай-ақ сот отырысы залындағы барлық азаматтар белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті. Олар мыналардан тұрады: қазіргі таңда, сотқа барлығы «Сіздің мәртебеңіз» деп жүгініп, өздерінің жауаптары мен түсініктемелерін түрегеп тұрып айтуға міндетті. Сонымен қоса, сот шешімін немесе сот ұйғарымын сот отырысы залындағы жұрттың барлығы түрегеп тұрып тындайды (ҚР АІЖК 178-бап).

Сот отырысы залында тәртіп бұзушыларға сот атынан мынадай шаралар қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) қайта тәртіп бұзған кезде сот отырысы залынан шығару;
- 3) әкімшілік жазаға тарту;
- 4) қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдарды жіберу;

Азаматтар жаппай тәртіп бұзған кезде сот іске қатыспайтын азаматтардың барлығын сот отырысы залынан шығарып, істі жабық отырыста қарауы немесе істі қарауды кейінге қалдыруы мүмкін (ҚР АІЖК 179-бап).

Егер сот отырысы залында тәртіп сақталса, сот қарауы басалады. Сот отырысының хатшысы іс бойынша шақырылған адамдарды тексеру нәтижесін, сотқа келмеген адамдар туралы мәліметерді және олардың келмеу себептерін, хабарламалар мен сот шақыртуларын тапсыру тәрбінің сақталуы туралы сотқа баяндайды (ҚР АІЖК 181-баптың 1-бөлігі). Содан соң төрағалық етуші келгендердің кім екендігін (ҚР АІЖК 181-баптың 2-бөлігі) олардың аты-жөндерін, әкесінің атын, туған жылын, жұмыс орны мен мекен-жайын анықтайды, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен олардың өкілдерінің өкімдіктерін, көп жағдайларда өкімдіктің ауқымын, оның істі қарауға қатысуына кедергі келтіретін негізінің бар-жоқтығын тексереді, өкілдің бір реттік сенімхатын, адвокат берген ордерін, ҚР АІЖК 61, 62-баптарында аталған тұлғаларға берген тапсырманы іске тіркейді. Жалпы берілген сенімхат іске тіркелмейді, ол сот отырысы хаттамасында мазмұны (кімге, кімнен, қашан берілгені және өкімдік ауқымы) жазылады.

Егер де процесте сот жүргізіліп отырған тілді білмейтін тұлғалар қатысатын болса, төрағалық етуші шақырылған аударма-

шыға сот отырысына катысушы тұлғалардың барлық айтқандарының мазмұнын аудару бойынша оның құқығы мен міндеттерін түсіндіреді, сонымен қатар қасақана дұрыс аударма жасағаны үшін қылмыстық жазаға тартылатынын ескертеді.

Аудармашының бұл туралы колхаты сот отырысының хаттамасына тіркеледі. Егер ол сотқа келуден немесе өз міндеттерін орындаудан жалтарған жағдайда оған әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарға сәйкес әкімшілік айыппұл салынуы мүмкін (ҚР АІЖК 182-бап). Содан соң іске төрағалық етуші келген куәгерлерді сот отырысы залынан шығарып, жауап алынбаған куәгерлер мен жауап берген куәгерлердің бір-бірімен сөйлеспеуіне шара колданады (ҚР АІЖК 183-бап). Бұл шара куәгерлердің бір-бірімен келісіп алуларын, күмәнді куәгерлік айғақтар беруді болдырмайды. Куәгерлерді сот отырысы залынан шығарғаннан кейін, төрағалық етуші сот құрмын жария етеді, прокурор, сарапшы, маман, сот отырысының хатшысы, сот приставы ретінде кімдердің катысатынын хабарлайды және іске катысушы тұлғаларға олардың қарсылық білдіру, бас тарту құқықтарын түсіндіреді (ҚР АІЖК 184-бап).

Төрағалық етуші маманға, сарапшыға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп, дұрыс қорытынды бермеген жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны жөнінде ескертіп колхат алады, ол хаттамаға тіркеледі.

§ 2. Сот төрешілерінің және сот ісіне қатысушылардың қарсылықтары

Азаматтық іс жүргізу заңдарында сот төрешісі, прокурор, сот отырысының хатшысы, сарапшы, маман, аудармашы, сот орындаушысы немесе сот приставының қарсылық білдірулері мүмкін екендігі қарастырады.

Заңда тараптар өкілдерінің қарсылық білдіру мүмкіндігі қарастырылмағандығын ескере кету керек.

Қарсылық білдіруге заң құқық берген субъектілерге тараптар, үшінші тұлғалар, прокурор, мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары жатады (ҚР АІЖК 44-бап).

Сот төрешісіне қарсылық білдіру үшін негіздер. ҚР АІЖК 40-бабының 1-бөлімінде тек сот төрешілерінің ғана қарсылық білдірулері емес, барлық субъектілерге ортақ болып табылатын сот төрешісіне қарсылық білдірудің үш негізі көрсетілген. Олар сот

карауына қатыса алмайды, және оларға қарсылық білдіріледі, егер сот төрешісі:

1) осы істі алдыңғы қарау кезінде куәгер, сарапшы, маман, аудармашы, өкіл, сот отырысының хатшысы, сот орындаушысы, сот приставы ретінде қатысса;

2) сот төрешісі іске қатысушы тұлғалардың немесе олардың өкілдерінің біреуінің туысы болса;

3) сот төрешісі істің нәтижесіне жеке, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса немесе оның әділдігіне негізді күмән туғызатын өзге де мән-жайлар болса.

Істі қараушы сот құрамына өзара туыстық қатысы бар тұлғалардың кірмейтінін ескере кету керек (ҚР АІЖК 40-бап).

Сот төрешісіне, маман мен сарапшыға қарсылық білдіру үшін қосымша негіздер (ҚР АІЖК 39-бап):

1) сот төрешілеріне қарсылық білдірудің қосымша негіздері, егер (ҚР АІЖК 39-бап):

– бірінші сатыдағы сотта азаматтық істі қарауға қатысқан сот төрешісі сол істі апелляциялық немесе қадағалау сатысында қарауға қатыса алмайды;

– апелляциялық сатыда шешімді жоққа шығаруға қатысқан сот төрешісі, бірінші сатыдағы сотта істі жаңадан қарауға қатыса алмайды;

– апелляциялық сатыдағы сотта істі қарауға қатысқан судья осы істі бірінші немесе қадағалау сатысындағы соттарда қарауға қатыса алмайды;

– апелляциялық немесе қадағалау сатысындағы сотта істі қарауға қатысқан сот төрешісі бірінші немесе қадағалау сатыларында осы істі қарауға қайтадан қатыса алмайды;

– апелляциялық және қадағалау сатысындағы сотта істі қарауға қатысқан сот төрешісі оның қатысуымен қабылданған қаулы күшін жойған жағдайда, аталған сатыларда осы істі қарауға қайта қатыса алмайды;

– қадағалау сатысындағы сотта істі қарауға қатысқан сот төрешісі, осы істі бірінші және апелляциялық сатыда қайта қарауға қатыса алмайды.

2) маман мен сарапшыға қарсылық білдіру үшін қосымша негіздер (ҚР АІЖК 41-баптың 1 және 2-бөліктері):

– егер ол іске қатысушы тұлғаларға немесе олардың өкілдеріне қызмет жағынан немесе өзгедей тәуелді болса немесе тәуелділікте болып келсе;

– сотқа жүгінуге негіз болған немесе берілген азаматтық істі карауға пайдаланылған материалдарға тексеру жүргізсе.

Прокурордың, маманның, аудармашының, сот отырысы хатшысының, сот приставының берілген істі алғашқы карау кезінде тиісінше прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, сот отырысының хатшысы, сот приставы ретінде қатысуы оларға қарсылық білдіруге негіз болып табылмайтынын ескеру керек.

Сонымен қоса, сараптама қорытындысының дұрыстығына күмән туындауына орай қайталап жүргізілетін жағдайларды қоспағанда, сарапшының осы істі алғашқы карау кезінде сарапшы ретінде қатысуы оған қарсылық білдіру үшін негіз болмайтынын да ескеру керек (2006 жылы 4 шілдеде Қазақстан Республикасы Занында жарияланған ҚР АІЖК 41-бап).

Қарсылық білдіру әрекеті (ҚР АІЖК 42–43-баптар). Зан ҚР АІЖК 41–42-баптарында аталған қарсылық білдіруге (өздігінен бас тартуға) негіз бен оларды шешу тәртібін қарастырады. Осы негіздер бойынша іске қатысушы тұлғалар қарсылық білдіре алады.

Өздігінен бас тарту мен қарсылық білдіру істі мәні бойынша карау басталғана дейін дәлелденіп, мәлімделуге тиіс. Істі карау барысында өздігінен бас тарту (қарсылық білдіру) туралы мәлімдеме жасауға қарсы болу (қарсылық білдіру) негіздері сотқа немесе өздігінен бас тартуды (қарсылық білдіруді) мәлімдеуші адамға істі карау басталғаннан кейін белгілі болған жағдайда ғана жол беріледі.

Істі жеке дара караушы сот төрешісіне мәлімделген қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) сол соттың төрағасы немесе сол соттың басқа сот төрешісі, олар болмаған жағдайда – жоғары тұрған сот төрешісі қарайды.

Қарсылық білдіруді қабылдамау немесе қанағаттандыру туралы ұйғарымға шағым жасалмайды және наразылық білдірілмейді. Ұйғарыммен келіспейтіні туралы тұжырымдар апелляциялық немесе қадағалау шағымдарына, наразылық білдірулерге енгізілуі мүмкін.

Прокурордың, сарапшының, маманның, аудармашының, сот отырысы хатшысының, сот орындаушысының, сот приставының өздігінен бас тартуы (қарсылық білдіруі) туралы мәселесін істі қарайтын сот шешеді.

Қарсылық білдіру мәлімделген жағдайда сот егер ол түсінік-теме бергісі келсе, қарсылық білдірген іске қатысушы тұлғалардың пікірін тындайды.

Қарсылық білдіру туралы мәселені қарсылық білдірілген сот төрешісінің қатысуынсыз кенесу бөлмесінде шешеді. Қарсылық білдіру дауыстарының саны тең болған кезде тұлғаға қарсылық білдірілген болып есептелінеді. Соттың бүкіл құрамына немесе көпшілігіне мәлімделген қарсылық білдіруді нақ сол сот құрамы шешеді. Істі жеке қараушы сот төрешісіне қарсылық білдірілген жағдайда қарсылық білдіру мәселесін сол соттың сот төрешілері шешеді. Өздігінен бас тарту (қарсылық білдіру) туралы мәселені шешу кезінде сот ұйғарым шығарады (2006 жылғы 4 шілдесінен, 2001 жылғы 11 шілдедегі Занда жарияланған, 42-бап).

Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы мәлімдемені қанағаттандырудың салдары. Аудандық немесе оған тең сотта істі қараушы сот төрешісіне қарсылық білдірген (өздігінен бас тартқан) жағдайда бұл істі сол сотта басқа сот төрешісі қарайды. Сот төрешісін ауыстыру мүмкін болмаса, жоғары тұрған сот арқылы іс басқа аудандық сотқа беріледі.

Облыстық немесе оған тең сотқа, Қазақстан Республикасының Жоғары Сотында істі қарау кезінде сот төрешісі өздігінен бас тартқан не қарсылық білдірілген жағдайда не болмаса соттың барлық құрамына қарсылық білдірген жағдайда, істі сол соттағы басқа сот төрешісі немесе басқа құрамдағы сот төрешілері қарайды.

Егер берілген істі қарау үшін облыстық немесе оған тең сотта соттың жаңа құрамын құру мүмкін болмаған жағдайда, ол қаралатын сот ұйғарымы үшін іс Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына берілуі тиіс (ҚР АІЖК 43-бап).

Қарсылық білдіруді қанағаттандыру кезінде істі қарауға сот төрешісін немесе іске қатысушы басқа тұлғаны ауыстыру үшін іс кейінге қалдырылады. Қарсылық білдіру кезінде сот отырысы жалғаса береді. Қарсылық білдіру мен өзіндік бас тарту мәселесі шешілгеннен кейін, төрағалық етуші іске қатысушы тұлғаларға және өкілдерге олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін, соның ішінде тараптарға дауды шешу үшін аралық сотқа жүгіну құқығын, осындай әрекеттің салдарларын түсіндіреді (ҚР АІЖК 185-бап). Іске қатысушы тұлғалардың және өкілдердің істі қарауға байланысты мәселелер жөніндегі өтінімдері іске қатысушы басқа тұлғалардың пікірлері тыңдалған соң сот ұйғарымдарымен шешіледі (ҚР АІЖК 186-бап). Тараптар қосымша дәлелдемелерді талап ету, істі қарауды кейінге қалдыру және т.б. өтінім жасай алады. Шағым білдіру туралы шешімді сот тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар

пікірін тындап болғаннан кейін қабылдайды. Өтінімдер туралы шешімді сот тек тараптардың ғана емес, іске қатысушы тұлғалардың пікірлерін тындағаннан кейін шығарады. Оның үстіне өтінімдер бойынша сот ұйғарымы кеңесу бөлмесінде құрылады (егер сұрақтар күрделі болған жағдайда) не сот отырысы залында шығарылады. Содан кейін, сот сот отырысына келмеген тұлғалардың мәселелерін шешуге кіріседі (ҚР АІЖК 187–188-баптар).

§ 3. Істі талқылауды кейінге қалдыру

Іске қатысушы тұлғалар мен өкілдердің сот отырысына келмеу салдарлары олардың келмеу себептері мен сотта оларға хабарлама мен сот шақыртуларын жіберу туралы мәліметтердің барына байланысты. Іске қатысушы тұлғалар сотқа келмеу себептерін хабарлауға және осы себептердің дәлелді дәлелдемелерін ұсынуға міндетті (ҚР АІЖК 187-бап 1-бөл).

Іске қатысушы тұлғалардың біреуі сот отырысына келмеген жағдайда, және оларға хабарланғаны жөнінде мәліметтер жоқ болса, істі қарау кейінге қалдырылады (ҚР АІЖК 187-баптың 2-бөлігі).

Егер іске қатысушы тұлғалардың сот отырысына келмеу себептерін сот дәлелді деп танған жағдайда істі қарау кейінге қалдырады (ҚР АІЖК 187-баптың 3-бөлігі).

Өкілінің дәлелді себептермен сот отырысына келмеуіне байланысты іске қатысушы тұлғаның өтінімі бойынша сот істі қарауды кейінге қалдыра алады (ҚР АІЖК 187-баптың 6-бөлігі).

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланған іске қатысушы тұлғаның өкілінің келмеуі істі қарауға кедергі бола алмайды.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған іске қатысушы тұлғалардың біреуі сот отырысына келмеген жағдайда сот істі сырттай қарау тәртібімен қарауға құқылы (ҚР АІЖК 187-баптың 4-бөлігі), егер:

- олардың келмеу себептері туралы мәліметтердің болмауы;
- сот оның келмеу салдарын дәлелсіз деп тапса;
- жауап беруші іс бойынша сот ісін қасақана созып отыр деп таныса.

Тараптар соттан істі олардың қатысуынсыз қарауын және оларға шешімнің көшірмесін жіберу туралы *жазбаша түрде* өтініуге құқылы. Өтінімнің барына қарамастан, егер бұл істің

мән-жайлары бойынша қажет болса, сот тараптын (тараптардың) сот отырысына қатысуын міндетті деп тануға құқылы (ҚР АІЖК 187-баптын 5-бөлігі).

Куәгер, маман, сарапшы, аудармашының сот отырысына келмеу салдарлары (ҚР АІЖК 188-бап). Куәгер, сарапшы немесе аудармашы мен маман сот отырысына келмеген жағдайда сот іске қатысушы тұлғалардан істі олар жоқта қарау мүмкіндігі туралы пікірлерін тындап, істі қарауды жалғастыру немесе оны кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарады.

Сот отырысына аудармашы келмеген жағдайда, егер аудармашыны ауыстыру мүмкіндігі болмаса, сот істі қарауды кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарады.

Егер шақырылған куәгер, сарапшы, маман немесе аудармашының сот отырысына келмеуін сот дәлелді емес деп таныған жағдайда, оларға өкімшілік ескерту жасалады немесе оннан жиырмаға дейінгі айлық көрсеткіш көлемінде айыппұл салынуы мүмкін (ҚР ӘҚБтК 513-бап). Сонымен бірге олар ҚР АІЖК 120-бабына сәйкес, сот отырысына мәжбүрлеп келтіруі де мүмкін.

Куәгер жауап беруден бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін, тек ҚР АІЖК 17-бабында (туыстары мен жақындарына қарсы жауап беруден босату) қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайларда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 353-бабына сәйкес қылмыстық жазаға тартылуы мүмкін,

Істі қарауды кейінге қалдыру. (ҚР АІЖК 189-бап). Сот мынадай жағдайларда істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы:

– ҚР АІЖК 187 және 188-баптарда қарастырылған жағдайларда;

– егер сот іске қатысушылардың біреуінің келмеуіне байланысты істі қарау мүмкіндігі жоқ деп таныса;

– қарсы талап қою арызын ұсынған жағдайда;

– қосымша дәлелдемелерді талап ету немесе ұсыну қажет болғанда;

– іске басқа тұлғаларды тартқан жағдайда;

– өзге де іс жүргізу әрекеттерін жасау қажет болғанда.

Сот төрешісі істі қарауды кейінге қалдырған кезде жана сот отырысының күні белгіленеді, бұл жөнінде келген тұлғаларға хабарланып, қолхат алынады. Сот отырысына келмегендерге және іске қатысуға жанадан тартылған тұлғаларға жана сот отырысының уақыты мен орны туралы шақыру қағазы (хабарлама) жіберіледі (ҚР АІЖК 189-бап).

§ 4. Істі мәні бойынша қарау

Істі мәні бойынша қарау төрағалық етушінің арыздағы талаптардың мәнін қысқаша баяндаудан басталады. Сот талап қоюшының өз талаптарын колдай ма жоқ па, жауап берушінің талап қоюшының талаптарын мойындайтын-мойындамайтыны және ол істі бейбіт келісіммен аяқтауды немесе істі аралық сотқа қарауға беруді қалайтын-қаламайтыны туралы мәселелерді анықтайды (ҚР АІЖК 192-бап).

Егер ден талап қоюшы талап қоюдан бас тартатын болса, жауап беруші талап қоюды мойындаса немесе тараптар істі бейбіт келісіммен аяқтауға келіссе, онда бұл туралы сот отырысының хаттамасына енгізіледі және оларға тиісінше талап қоюшы, жауап беруші немесе екі тарап та кол қояды. Егер талап қоюдан бас тарту, жауап берушінің талап қоюды мойындауы немесе тараптардың бейбіт келісімі сотқа жолданған жазбаша арыздарда жазылса, олар іске қоса тіркеледі, бұл туралы сот отырысының хаттамасында көрсетіледі (ҚР АІЖК 193-баптың 1-бөлігі).

Талап қоюдан бас тарту қабылданғанға не талап қою мойындалғанға немесе тараптардың бейбіт келісімінің шарттары бекітілгенге дейін сот талап қоюшыға, жауап берушіге немесе тараптарға тиісті іс жүргізу әрекеттерінің салдарын түсіндіреді (ҚР АІЖК 193-баптың 2-бөлігі). Талап қоюдан бас тартуды қабылдау немесе тараптардың бейбіт келісімінің шарттарын бекіткенге дейін сот ұйғарым шығарады, сол арқылы осымен бір мезгілде іс бойынша іс жүргізу тоқтатылады (ҚР АІЖК 193-баптың 3-бөлігі).

Жауап беруші талап қоюды мойындағанда және оны қабылдаған кезде сот мәлімделген талаптарды қанағаттандыру туралы шешім шығарады. Егер де сот заңға қайшы келеді немесе әлдекімнің құқығы мен заңмен қорғалатын мүддесі бұзылады деп тапса, сот талап қоюшының талап қоюдан бас тартуын, талап қоюды мойындауды немесе бейбіт келісімді қабылдамауына болады, бұл туралы сот ұйғарым шығарады және істі мәні бойынша қарауды жалғастырады. (АІЖК 193-баптың 5-бөлігі).

Іске қатысушы тұлғалардың түсініктемелері. Сот істі баяндағаннан кейін талап қоюшының және оның тарапынан қатысатын үшінші тұлғаның, жауап берушінің және оның тарапынан қатысатын үшінші тұлғаның, сондай-ақ іске қатысушы басқа да тұлғалардың түсініктемелерін тыңдайды. Прокурор,

мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың өкілдерінің, басқа тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға сотқа жүгінген азаматтар бірінші болып түсініктемелер береді. Іске қатысушы тұлғалар бір-біріне сұрақтар қоюға құқылы.

Істің мән-жайлары бойынша түсініктемелер әдетте ауызша беріледі. Егер тұлғалардың жазбаша түсініктемелері, соттың тапсыруымен немесе дәлелдемелермен қамтамасыз ету үшін соттың алған түсініктемелерін төрағалық етуші жария етеді (ҚР АІЖК 194-бап). Сонымен қатар тараптардан алынған бұндай түсініктемелер, егер олар сот отырысына келмеген жағдайда сот олардың қатысынсыз істі шешуге кіріскен жағдайда жасалынады.

Осыдан кейін барып, сот іске қатысушы тұлғалардың түсініктемелерін тындап және олардың пікірлерін ескере отырып, өзге дәлелдемелерді зерттеудің тәртібін белгілейді (ҚР АІЖК 195-бап).

Заң азаматтық істердің сипаты мен күрделілігін, бар дәлелдеу құралдарын, дәлелдемелік ақпараттардың дерек көздерінің ерекшеліктерін ескере отырып дәлелдемелерді зерттеудің төмендегідей тәртібін бекітеді:

– куәгерлерден жауап алу (кәмелеттік жасқа толмаған куәгерлер);

– құжаттарды зерттеу(жазбаша дәлелдемелерді) ;

– азаматтардың жеке хаттары мен телеграфтық хабарламаларын тексеру;

– аудио-бейнетаспаларағы жазуларды зерттеу;

– заттай дәлелдемелерді зерттеу;

– сарапшы қорытындысын зерттеу;

Жауап алудың ретін төрағалық етуші бекітеді. Әдетте, дәлелдемелерді зерттеу куәгерлерден жауап алудан басталады. Әрбір куәгерден жауап әлі жауап бермеген өзге куәгерлерден жеке алынады. Төрағалық етуші куәгерлерден жауап алғанға дейін, олардың жеке басын анықтап, олардың құқықтарын түсіндіріп, жауап беруден бас тартқан немесе жалған жауап берген жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескертеді. Куәгерден оның міндеттері мен құқықтары түсіндірілгені туралы колхат алынып, сот отырысының хаттамасына тіркеледі.

Содан соң төрағалық етуші куәгердің іске қатысушы тұлғаларға қарым-қатынасын анықтайды және іс бойынша оған өзіне

мәлім нәрсенің бәрін сотқа хабарлауды ұсынады. Куәгер жауап бергеннен кейін оған сұрақтар қойылуы мүмкін. Бірінші болып арызы бойынша куәгер шақыртқан тұлға немесе оның өкілі сұрақ қояды. Содан соң іске қатысушы басқа тұлғалар мен өкілдер сұрақ қоюларына болады. Сот төрешісі куәгерден жауап алудың кез келген сәтінде оған сұрақ қоюға, қажет болған жағдайда одан қайта жауап ала алады, олардың жауаптарындағы қайшылықтарды анықтау үшін куәгерлерді бетпе-бет кездестіруге құқылы. Егер сот оған ертерек кетуге рұқсат бермесе, жауап алынған куәгер сот отырысы залында қалады. 16-жасқа толмаған куәгер, жауап беріп болғаннан кейін сот отырысы залынан шығарылады (ҚР АІЖК 199-баптың 3-бөлігі).

Сот тапсыруы бойынша алынған куәгер жауаптары (ҚР АІЖК 73-бап), дәлелдемелермен қамтамасыз ету (ҚР АІЖК 74-бап), істі кейінге қалдыру (ҚР АІЖК 190-бап) сот отырысында жария етіледі, осыдан соң іске қатысушы тұлғалар бұған өз пікірлерін білдіреді және осы бойынша түсініктемелер берулеріне болады (ҚР АІЖК 200-бап).

Кәмелетке толмаған куәгерлерден жауап алудың ерекшеліктері (ҚР АІЖК 199-бап) мынадан тұрады: 14–16 жас аралығындағы куәгерден жауап алу кезінде міндетті түрде педагог қатысуы тиіс; олардан жауап алу кезінде біреуі сот отырысы залынан шығып тұрады. Оларға жауап беруден бас тартқаны үшін және қасақана жалған жауап бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны жөнінде ескертілмейді (ҚР АІЖК 196-баптың 2-бөлігі).

Жауап әлдеқандай цифрлармен немесе есте сақтауы қиын басқа деректермен байланысты болған жағдайларда, куәгердің жауап беру кезінде жазбаша материалдарды пайдалана алу құқығы заңда қарастырылған. Бұл материалдар сотқа және іске қатысушы тұлғаларға көрсетіледі және сот ұйғарымы бойынша іске қоса тіркелуі мүмкін (ҚР АІЖК 198-бап).

Жазбаша дәлелдемелерді зерттеу. Жазбаша дәлелдемелер сот отырысында немесе олар бар жерде қарау арқылы зерттеледі. Іс бойынша жиналған заттай дәлелдемелерді сот қарайды, Оқиға болған жерді қарау кезінде сот тапсырмасын, дәлелдемелермен қамтамасыз етуді орындау тәртібімен жазылған жазбаша дәлелдемелер сот отырысында жария етіледі және іске қатысушы тұлғаларға, өкілдерге, ал қажет болған жағдайларда сарапшыларға, мамандарға және куәгерлерге көрсетіледі (ҚР АІЖК 201-бап). Осыдан соң іске қатысушы тұлғалар түсініктемелер

бере алады. Жеке хаттар мен телеграфтық хабарламалар осы тұлғалардың келісімімен ҚР АІЖК 202-бабына сәйкес тәртіппен жабық сотта жарияланып, зерттеледі.

Заттай дәлелдемелерді зерттеу. Заттай дәлелдемелер сот отырысында және табылған жерінде зерттеледі. Іс бойынша жиналған заттай дәлелдемелерді сот қарайды, және оларды іске қатысушы тұлғаларға, өкілдерге, ал қажет болған жағдайларда сарапшыларға, мамандарға және куәгерлерге көрсетіледі. Заттай дәлелдемелер көрсетілген тұлғалар қарап шығуға байланысты қандай да бір мән-жайларға сот назарын аудара алады. Бұл мәлімдемелер сот отырысының хаттамасына енгізіледі (ҚР АІЖК 203-баптың 1-бөлігі).

Дәлелдемелерді орналасқан жерінде қарау. Егер де заттай немесе жазбаша дәлелдемелер сот отырысына әкелуге қиындық келтіретін болса (көлемінің тым үлкендігінен, біртұтастан бөліп алуға болмайтындықтан немесе өзге себептерден) олар орналасқан жерінде қаралады және зерттеледі. Дәлелдемелерді орналасқан жерінде қарау туралы сот ұйғарым шығарады. Дәлелдемелерді орналасқан жерінде соттың барлық құрамы бірге қарайды. Қарау уақыты мен орны туралы іске қатысушы тұлғаларға, олардың өкілдеріне хабарланады, алайда олардың келмеуі қарауды жүргізуге кедергі келтірмейді. Қарау қорытындысы сот отырысы хаттамасына тіркеліп, оларға қарау жоспары кезінде қаралған және құрылған сызбалар, схемалар, есептеулер, құжаттар көшірмесі заттай дәлелдемелер суреті, бейнетаспалар және киноленталар, сонымен қоса сарапшы қорытындысы мен маман кеңесі жазбаша түрде беріледі (ҚР АІЖК 204-бап).

Дыбыс жазбаларын (аудио) және бейнежазбаларды тыңдау. Тұлғалардың бейнелері мен дауысы жазылған жазбаларды зерттеу ашық сот отырысында тек сол тұлғалардың келісімі арқылы жүзеге асырылады. Жоғарыда айтылған жазбаларды көрсету әрекеттері сот отырысы залында не болмаса осы мақсат үшін арнайы жабдықталған жерде жүргізіледі, сот отырысының хаттамасында материалдың ерекше белгілері және жария ету уақыты көрсетіледі. Осыдан соң сот іске қатысушы тұлғалардың түсініктемелерін тыңдайды. Қажет болған жағдайда дыбыс жазбасын жария ету толығымен немесе олардың әлдеқандай бөліктері қайталануы мүмкін. Дыбыс және бейнежазбалардағы мәліметтерді анықтау мақсатында сот маманды іске тартуы, сондай-ақ сараптама тағайындауы мүмкін (ҚР АІЖК 205-бап).

Сарапшы қорытындысын зерттеу. Сарапшы қорытындысы сот отырысында жария етіледі. Қорытындыны түсіндіру мен толықтыру мақсатында сарапшыға сұрақтар қойылуы мүмкін. Арызы бойынша сараптама тағайындалған тұлға және оның өкілі бірінші болып, ал содан соң — іске қатысушы басқа тұлғалар мен өкілдер сұрақтар қояды. Сот тағайындаған сараптама- ны жүргізу тапсырылған сарапшыға бірінші болып талап қоюшы мен оның өкілі сұрақ қояды. Сот сарапшыға одан жауап алу- дың кез келген сәтінде сұрақтар қоюға құқылы (ҚР АІЖК 187-бап). Занда қарастырылған және негіз болған жағдайларда сот қосымша және қайта сараптама тағайындай алады (ҚР АІЖК 206-бап).

Маманның кеңесі. Заттай және жазбаша дәлелдемелерді зерт- теу, дыбыс, бейнежазбаларды жариялау, сарапшы қорытынды- сы, куәгерлерден жауап алу, дәлелдемелерді қамтамасыз ету үшін шаралар қолдану кезінде сот мамандардан кеңес алу үшін және қажетті техникалық көмектерді (суретке түсіру, жоспар және схемаларды құру, сараптамаға үлгілерді таңдау, мүліктің бағалануы) көрсету үшін мамандар шақыруына болады. Сарап- шымен салыстырғанда маман арнайы зерттеу жүргізбейді, ол тек сот ұйғарымы негізінде ауызша не жазбаша түрде кеңес береді. Маманның жазбаша берген кеңесі сот отырысы хатта- масына қосымша ретінде жазылып, сот отырысында жария етіледі және іске тіркеледі, ал ауызша берілген кеңес сот оты- рысы хаттамасына жазылады.

Кенесті түсіну және толықтыру мақсатында маманға сұрақ- тар қойылуы мүмкін, бірінші болып сұрақты талап қоюшы мен оның өкілі қояды. Сот маманға кез келген сәтте сұрақ қоюға құқылы (ҚР АІЖК 207-бап).

Істі талқылау кезінде тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалардың істегі дәлелдемелердің жалған екенін мәлімдейтін жағдайлар болуы мүмкін. Сондықтан да сол дәлелдемені ұсын- ған тұлға соттан оны дәлелдемелер қатарынан алып тастап, істі өзге дәлелдемелердің негізінде шешуін өтіне алады.

Дәлелдеменің жалғандығы туралы мәлімдеуді тексеру үшін сот сараптама тағайындай алады, сондай-ақ тараптарға өзге дәлелдемелер беруді ұсына алады.

Егер ұсынған дәлелдемесі жалған деп танылған тұлғаның іс- әрекетінде қылмыс белгілері болса, сот төрешісі материалдар- ды бұл жөнінде прокурорға хабарлай отырып, қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін тиісті анықтау немесе ал- дын ала тереу органына жібереді (ҚР АІЖК 208-бап).

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорытындысы сот шешімі шығарылғанға дейін өз бастамалары бойынша іске араласа алады және азаматтардың құқығын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында іс бойынша қорытынды береді. Жоғарыда айтылған жергілікті басқару органдарының қорытындысы сот отырысында жария етіледі. Сот, сондай-ақ іске қатысушы өзге тұлғалар мен өкілдер қорытындыларды түсіну және толықтыру мақсатында осы органдардың өкілдеріне сұрақтар қоя алады (ҚР АІЖК 209-бап).

§ 5. Істі мәні бойынша қарауды аяқтау

Барлық өтінімдер мен зерттелген дәлелдемелер қаралғаннан кейін сот төрешісі іске қатысушы тұлғалар мен өкілдерден олардың іс материалдарын толықтыруға ниеттерінің бар-жоғын анықтайды. Мұндай мәлімдеулер болмаған жағдайда төрағалық етуші істі зерттеу аяқталды деп жариялап, сот жарыссөздеріне көшеді (ҚР АІЖК 210-бап).

Сот жарыссөздері. Дәлелдемелерді зерттеп болғаннан кейін, сот жарыссөздерді тындайды, сот жарыссөздері егер сот отырысына қорғаушы қатыспаған жағдайда, іске қатысушы тұлғалар мен өкілдердің сөздерінен тұрады.

Сот жарыссөздері істі талқылаудың ерікті бөлігі болып табылады және сот отырысында дәлелдемелерді зерттеулер бойынша қорытынды шығару үшін және сот талқылауына қатысушылардың тұжырымдарын жасау үшін қажет. Олар сот отырысында қаралған дәлелдемелерге негізделеді. Сот отырысында зерттелген дәлелдемелерді жан-жақты және толық талдау негізінде соттың ішкі сенімін қалыптастыруда сот жарыссөздерінің маңызы зор.

Сонымен бірге сот жарыссөздерінің құқықтық тәрбиелік мәні бар, өйткені ол сот отырысына қатысып отырған азаматтарға көмектеседі, істің мәнін айқындайды, дәлелдемелерді зерттеудің дұрыстығына және сол бойынша соттың іс-әрекеттеріне көз жеткізуге көмектеседі.

Занда сот жарыссөздеріндегі сөз мазмұнының сипаттық белгілері көрсетілмеген. Алайда, сот жарыссөзінің негізгі мазмұнына сәйкес, сот тәжірибесінде мынадай ереже қалыптасты:

— нақтылы мән-жайлардың негізділігі;

– соттағы дәлелдемелердің зерттеудің негізділігі;
– іске қатысушылардың берген (талап қоюшы, жауап беруші, қорғаушы, мекемелер заңгерлері және т.б.) анықталған деректерін заңды түрде бағалау;

– айырылып қалған табыстан келген шығынның, зиянның мөлшері және оларды өтеу шарттары.

Сот жарыссөзінде басқа да сұрақтар айтылуы мүмкін. Сот жарыссөзіне қатысушылар сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге жүгінуге және тек сот қарауындағы дәлелдемелерге ғана сүйеніп сөйлеуіне құқығы жоқ. Қажет болған жағдайда сот ұсынылған жана дәлелдемелерді анықтау үшін сот талқылауын мәні бойынша қайта қарауға ұйғарым шығарады.

Сот жарыссөзінде уақыт шектелмейді, дегенмен де, төрағалық етуші жарыссөзге қатысушы істің мән-жайына қатысты сөйлемесе, оны тоқтатуға құқығы бар.

Іске қатысушы тұлға сот жарыссөзіне қатыспауға құқылы.

Сот жарыссөзіне қатысушылар ҚР АІЖК 211-бабына сәйкес мынадай тәртіппен сөйлейді:

– алдымен талап қоюшы және оның өкілі;

– содан кейін жауап беруші мен оның өкілі;

– басталған сот ісінде дауға дербес талаптар қойған үшінші тұлға мен оның өкілі тараптар мен олардың өкілдерінен кейін сөз сөйлейді;

– дауға дербес талаптар қоймайтын үшінші тұлға мен оның өкілі талап қоюшыдан немесе іске қатысушы үшінші тұлға жағындағы жауап берушіден кейін сөз сөйлейді.

Прокурор, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың өкілдері және өзге тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғайтын мекемелер мен азаматтар сот жарыссөздерінде ең соңынан сөз сөйлейді. ҚР АІЖК 213-бабына сәйкес, іс бойынша тарап болып табылмайтын және ҚР АІЖК 55-бабының 2- бөлімінде қарастырылған тәртіппен өзге тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сот ісіне қатысушы прокурор сот жарыссөздерінен кейін жалпы істің мәні бойынша қорытынды береді.

Репликалар (латын тілінен алғанда «replica» қарсылық дегенді білдіреді) – сот жарыссөзінде екінші рет сөз алғандардың айтқандарына тараптардың бірінің (талап қоюшының, жауап берушінің немесе олардың қорғаушыларының). қарсылығы,

ескертуі. Реплика – бұл сот жарыссөзінде сөйлеген жауап беруші сөзіне талап қоюшының қысқаша, нақты тұжырымы. Соңғы реплика құқығын заң бойынша жауап беруші мен оның өкілі иеленеді (ҚР АІЖК 212-бап).

Істі мәні бойынша қарау аяқталғаннан кейін сот жарыссөзі жалпы тәртіппен жүргізіледі (ҚР АІЖК 214-бап).

§ 6. Сот шешімін шығару және жариялау

Шешім шығару және хабарлау сот отырысының қорытынды сатысы болып табылады. Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы сотқа талап қоюға, өтініш жасауға құқылы, сот шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді, ол жөнінде төрағалық етуші сот отырысы залында отырғандарға хабарлайды (ҚР АІЖК 215-бап). Кеңесу немесе шешім шығару кезінде кеңесу бөлмесінде тек істі қараушы сот төрешілері ғана болуы керек. Кеңесу бөлмесінде бөгде адамдардың болуына жол берілмейді. Сот төрешілері шешімнің қаулысын шығару кезіндегі пайымдауларын жұртқа жария ете алмайды. Сондай-ақ олар кеңестің ортасында шешімге қол қойылғанға дейін кеңесу бөлмесінен кете алмайды. Сот жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін және жұмыс уақытында кеңесу бөлмесінен шығып, демалу үшін үзіліс жариялауға құқығы бар. Сот төрешілерінің кеңесу құпиясын қатаң сақтауы шешімнің қаулысын шығарар кездегі сот төрешілерінің тәуелсіздіктері мен дербестіктерінің кепілі болып табылады (ҚР АІЖК 12-бап). Бұл принципті сақтамау заңды өрескел бұзу деп бағаланып, шешімді қабылдамауға әкеп соқтырады (ҚР АІЖК 23-бап).

Шешім шығарған кезде сот дәлелдемелерге баға береді, іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлардың анықталғанын және қандай мән-жайлардың анықталмағанын, тараптардың құқықтық қарым-қатынастарының қандай екенін, осы іс бойынша қандай заң қолданылуы тиісті екенін және қойылған талап бірінші сатыдағы сотта қанағаттандырылуға жататын-жатпайтынын анықтайды (ҚР АІЖК 219-бап 1-бөлігі). Сот істі талап қоюшының арызындағы талаптар бойынша шешеді. Дегенмен де, сот талап қоюшының келісімімен іс үшін маңызы бар жана мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерт-

теу қажет дей отырып, талап қоюшының арызындағы талаптар шегінен шыға алады (ҚР АІЖК 219-баптың 3-бөлігі).

Істі мәні бойынша шешу кезінде сот кіріспе, сипаттама, дәлелді және қорытынды бөлімдерден тұратын дәлелді шешім шығаруы тиіс.

Сот шешімі жазбаша түрде жазылып, Қазақстан Республикасының атынан шығарылады және әрдайым, тіпті іс жабық сот отырысында қаралған жағдайда да жұртқа жария етіледі. Залда отырғандар сот шешімін тұрып тыңдайды.

Аса күрделі істер бойынша соттың дәлелді шешімін құру істі қарау аяқталғаннан кейін бес тәулікке дейін кейінге қалдыра алады, бірақ сот қысқартылған шешімді іс талқылауы аяқталған сот отырысында хабарлауы тиіс. Соттың жариялаған шешіміне сот төрешісі қол қойып, іске тіркелуі тиіс. Соттың хабарлаған шешіміне сот төрешілері қол қойып, іске тіркелуі тиіс. Шешім шығару кезінде сот төрешісі іске қатысушы тұлғалар мен өкілдерге шешіммен қашан танысуға және оның көшірмесін алуға болатынын айтуға міндетті.

Шешім жарияланғаннан кейін, төрағалық етуші шешімнің мазмұнын, сондай-ақ шағымдану уақыты мен тәртібін түсіндіруі тиіс. Жоғарыда аталған әрекеттер аяқталғаннан кейін төрағалық етуші сот отырысын жабық деп жариялайды (ҚР АІЖК 216-бап).

§ 7. Істі қарауды кейінге қалдыру

Азаматтық іс әдетте бірінші сот отырысында шешілуі тиіс. Алайда істі қарауға қанағаттандырылғысыз дайындықтың салдарынан немесе сот ісін жүргізу мүмкін болмайтын қатысушылардың біреуінің сот отырысына келмей қалуынан сот істі қарауды және оны шешуді кейінге қалдырады (ҚР АІЖК 189-бап). Істі қарауды кейінге қалдыру сот отырысындағы үзіліс жариялаудан айырмашылығы бар, істі кейінге қалдырғанда іс басынан басталады, ал үзілістен кейінгі істі тыңдау тоқтатылған уақыттан бастап әрі қарай жалғасады. Үзіліс уақытында сот төрешісі басқа істі қарауға құқысы жоқ, ал істі кейінге қалдырған жағдайда, басқа істі тыңдауға көше беруіне болады.

Егер сот осы сот отырысында төмендегідей жағдайларда істі қарау мүмкін болмайды деп таныса, істі қарауды кейінге қалдыруға болады:

- іске қатысушылардың біреуі келмеген жағдайда;
- қарсы талап қойылғанда;
- қосымша дәлелдемелерді ұсыну немесе талап ету қажет болғанда;
- іске басқа адамдарды қатыстыру қажет болғанда;
- өзге іс жүргізу әрекеттерді жүргізу қажет болғанда.

Істі карауды кейінге қалдыруда сот істі кейінгі қалдыру себептерін көрсете отырып, істі келесі сот отырысында карауды қамтамасыз ету үшін қажетті іс жүргізу әрекеттерінің шараларын көрсетіп, ұйғарым шығарады. Іс кейінге қалдырылған кезде істің жаңа сот отырысында шешілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін уақыт ескеріле отырып, жаңа сот отырысының күні белгіленеді, бұл жөнінде келген адамдарға хабарланып, олардан хабарланғаны жөнінде қолхат алынады. Келмеген және процеске қатысуға жанадан тартылған адамдарға жаңа сот отырысының уақыты мен орны туралы шақыру қағазы (хабар) жіберіледі.

Кейінге қалдырылған істі карауды басынан бастайды. Егер де іс материалдарымен таныс тараптар іске қатысушылардың қайта түсінік беруін талап етпесе, сот құрамы өзгертілмесе, сот іске қатысушыларға бұрын берілген түсініктерін қайталамай-ақ растауға мүмкіндік беруге, оларды толықтыруға, оларға қосымша сұрақтар қоюға құқылы.

Істі карауды кейінге қалдыру іс жүргізу уақытының өтуіне әсер етеді, сондықтан да істі жанадан карау кезінде сот оны заңда бекітілген екі ай ішінде карауы міндетті. Іс әлі қаралмағандықтан, істі карауды кейінге қалдыру туралы сот ұйғарымы апелляциялық тәртіп бойынша шағымдануға жатпайды.

§ 8. Іс бойынша сот ісін тоқтата тұру

Іс бойынша сот ісін тоқтата тұру – бұл істі тез карауға кедергі келтіретін заңда аталған мән-жайлардың негізінде іс бойынша сот ісін уақытша және толық тоқтату. Іс бойынша сот ісі тоқтатылған жағдайда, істе уақытша үзіліс болады және ол бойынша қандай да бір іс-әрекеттер жүргізілмейді.

Іс жүргізуді тоқтата тұру міндетті немесе факультативті болуы мүмкін. ҚР АІЖК 242-бабы іс бойынша сот ісін тоқтата тұрудың міндетті негіздерін, ал 243-бап факультативті негіздерін қарастырады. Іс бойынша сот ісін тоқтата тұрудың заңда бекітілген негіздері кеңінен талқылауға жатпайды.

Істі тоқтата тұру сот ісінің кез келген сатысында (істі қозғау сатысынан басқа) және сот ісінің кез келген түрінде болуы мүмкін. Істі тоқтата тұру туралы ұйғарымды сот жазбаша түрде шығарады. Іс бойынша сот ісі оны тоқтатата тұруға әкеп соқтырған мән-жайларды анықтағанға дейін тоқтатылады.

Іс бойынша *сот ісін міндетті түрде тоқтата тұру*. ҚР АІЖК 242-бабына сәйкес, сот мынадай жағдайларда сот ісін тоқтата тұруға міндетті:

1) егер даулы құқықтық қарым-қатынас құқық мирасқорлығына жол беретін болса, істе тарап болып табылатын азамат қайтыс болғанда немесе заңды тұлға қайта құрылған, таратылған жағдайда;

2) жауап беруші Қарулы Күштердің жауынгерлік іс-қимылдарына қатысқан, басқа әскерлерді, Қазақстан Республикасының әскери құрылымдарынан болған жағдайда, немесе Қарулы Күштердің жауынгерлік іс-қимылдарына қатысқан, басқа әскерлерде, Қазақстан Республикасының әскери құрылымдарында болған талап қоюшы өтінген жағдайда;

3) азаматтық, қылмыстық немесе әкімшілік сот ісінде қаралып жатқан басқа іс шешілгенге дейін, бұл істі қараудың мүмкіндігі болмаған жағдайда;

4) Егер осы іс бойынша қолданылуға тиісті заң немесе басқа нормативтік құқықтық акті адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретіндігін байқап, осы актінің конституцияға сай еместігін тану туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасағанда;

5) егер, сотқа Конституциялық Кеңес басқа сотқа осы іс бойынша қолданылуға тиісті нормативтік құқықтық актінің конституциялығын тексертіп жатқандығы белгілі болған жағдайда;

6) сотқа шетелдік азамат құқықтық көмек көрсету жөніндегі тапсырмамен өтінген жағдайда.

Сот ісін факультативті тоқтата тұру. АІЖК 243-бабында іске қатысушылардың арыздары бойынша немесе соттың өз бастамасымен сот ісін жүргізуді тоқтата тұру құқығын беретін мынадай мән-жайлар қарастырылған:

1) тарап шақыру бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлерінде және әскери құрамаларында әскери қызметте болуы немесе ол мемлекеттік өзге міндетті орындауға тартылған жағдайда;

2) тараптың істі қарау мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іс сапарда болуы;

3) тараптың емдеу мекемесінде болуы немесе оның сотқа келуіне кедергі келтіретін сырқаты болған және ол медициналық мекеменің құжатымен расталған;

4) қоныстанған жері белгісіз болған жағдайда, жауап берушіні іздестіру (ҚР АІЖК 135-бап);

5) соттың сараптама тағайындауы;

6) каралып жатқан іс бойынша құқықтық көмек көрсету жөнінде сотқа тапсырылған өтініш;

7) бала асырап алу ісі жөнінде асырап алушылардың тұрмыс жағдайын зерттеуді қамқорлыққа алу, асырап алумен айналысатын органдарына тапсыру.

Сот ісін тоқтата тұру мерзімдері (ҚР АІЖК 244-бап). Сот ісі мынадай жағдайларда тоқтатыла тұрады:

1) егер де бұрынғы тұлғаның құқықтық мирасқоры анықталғанға дейін немесе іс-әрекетке қабілетсіз адамға өкіл тағайындалғанға дейін даулы құқықтық қарым-қатынас құқық мирасқорлығына жол беретін болса, азамат қайтыс болғанда, іс-әрекетке қабілеттілігінен айырылған жағдайларда немесе заңды тұлға қайта құрылған және таратылған жағдайларда (ҚР АІЖК 242-бап 1) және 2) тармақшалар);

2) жауап берушінің әскери іс-қимылдарда болған, сондай-ақ ҚР АІЖК 243-бабында қарастырылған жағдайларда:

а) жауап беруші Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамында болуын тоқтатқанға дейін;

б) жауап беруші мемлекеттік міндетті орындауды аяқтағанға дейін;

в) жауап беруші қызметтік іс сапардан оралғанға дейін;

г) жауап берушінің емдеу мекемесінен шыққанға немесе сырқатынан айыққанға дейін;

д) жауап беруші іздестіріліп болғанға дейін;

ж) сарапшының қорытындысы немесе қамқорлыққа алу, асырап алу органының қорытындысы сотқа табыс етілгенге дейін;

3) азаматтық, қылмыстық немесе әкімшілік сот ісін жүргізуде қаралып жатқан басқа істің шешілуіне дейін бұл істі қараудың мүмкіндігі болмаған жағдайларда, сот шешімі, үкімі немесе соттың қаулысы шыққанға дейін (ҚР АІЖК 242-бап 4) тармақша);

4) сот заңның немесе өзге нормативтік құқықтық актінің конституциялығын тексеру туралы Қазақстан Республикасы-

нын Конституциялық Кеңесіне жүгінген жағдайларда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің шешімі күшіне енгенге дейін (ҚР АІЖК 242-бап 5) тармақша)

5) қаралып жатқан іс бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі тапсырма орындалғанға дейін, сотқа құқықтық көмек көрсету жөнінде өтінген жағдайларда (ҚР АІЖК 242-бап 6) тармақша).

Іс бойынша сот ісін тоқтата тұру туралы сот ұйғарымына жеке шағым жасалуы немесе наразылық білдірілуі мүмкін. Іс бойынша сот ісі іске қатысушы тұлғалардың өтініштері бойынша немесе соттың бастамасымен істі тоқтата тұруды туғызған мән-жайлар жойылғаннан кейін қайта басталады. Істің қайта басталғаны туралы сот ұйғарым шығарып, оны іске қатысушы тұлғаларға хабарлайды.

Азаматтық сот істерінің жалпы ережелі бойынша, іс бойынша сот ісі істі тоқтата тұруды туғызған мән-жайлар жойылғаннан кейін іске қатысушы тұлғалардың өтініштері бойынша немесе соттың бастамасымен қайта басталады. Бұл ретте істі қарау және шешу мерзімі де жаңартылады (ҚР АІЖК 246-бап).

§ 9. Азаматтық істі сот шешімін қабылдамай аяқтау

Әдетте соттағы азаматтық іс талап етілген арыздар мәні бойынша соттың шешім шығаруымен аяқталуы тиіс. Алайда, заңда қарастырылған кейбір мән-жайлар арқасында азаматтық іс жүргізу сот шешімі шығарылмай-ақ аяқталуы мүмкін. Демек, азаматтық іс жүргізу құқығы сот шешімін шығармай-ақ азаматтық істі аяқтаудың екі әдісін көрсетеді:

- іс бойынша істі тоқтату (ҚР АІЖК 247-бап);
- арызды қараусыз қалдыру (ҚР АІЖК 249-бап).

Іс бойынша істі аяқтаудың аталған түрлері бір-бірінен оларды қолданудың негіздері мен іс жүргізу салдарларымен ерекшеленеді. Іс бойынша сот ісі тұлғаның сот жүзінде қорғалу үшін сотқа жүгінуге құқығы жоқ кезде және келешекте істі қайта қарау мүмкін болмайтын жағдайда тоқтатылады. Арызды қараусыз қалдыру іс бойынша сот ісін тоқтатуға қарағанда айырмашылығы, арызданушы сот атаған кедергілерді жойғаннан кейін арызды қарау туралы талаптарымен сотқа қайта жүгінуге құқығынан айырылмайды.

Іс бойынша сот ісін тоқтату. Іс бойынша сот ісін тоқтату — бұл мәні бойынша рұқсат етілмейтін және келешекте оны қарау

мүмкіндігі жоқ іс бойынша сот ісінің аяқталуы. Тұлғада талап қою құқығының жоқ болуы іс бойынша сот ісін тоқтатудың негізі болып табылады. ҚР АІЖК 247-бабына сәйкес, сот мынадай жағдайларда сот ісін тоқтатады:

1) іс сотта қарауға жатпайды. Егер де сот істің соттылыққа жатпайтындығынан тоқтатылған болса, сот немесе сот төрешісі қандай сотқа арыздану керектігін көрсету міндетті;

2) сол тараптардың арасындағы сол мәселе туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот шешімі немесе талап қоюшының өз талабынан бас тартуына немесе тараптардың бейбіт келісім жасауына байланысты істер бойынша сот ісін тоқтату туралы соттың ұйғарымы болса;

3) талап қоюшы өз талабынан бас тартса және бас тартуды сот қабылдаса;

4) тараптар бейбіт келісім жасаса және оны сот бекітсе;

5) іс бойынша тараптардың бірі болып табылатын азамат қайтыс болғаннан кейін даулы құқықтық қарым-қатынас мирасқорлығына жол бермесе;

6) іс бойынша тарап болған ұйым қызметінің тоқтатылуына байланысты таратылуына және құқық мирасқорлары болмауына байланысты таратылса.

Іс бойынша сот ісі тоқтылған жағдайда сол тараптар арасындағы, сол мәселе туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейді. Іс бойынша іс жүргізу сот ұйғарымымен тоқтатылады. Сот істі былайша тоқтатады: азаматтық сот ісі тәртібімен істі қарау соттылыққа жатпаса, сол тараптардың арасындағы сол мәселе туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот шешімі немесе талап қоюшының өз талабынан бас тартуына немесе тараптардың бейбіт келісім жасауына байланысты іс бойынша сот ісін тоқтата отырып, сот өз ұйғарымында да талап қоюшыға мемлекеттік баж салығының қайтарылатыны туралы және талапты қамтамасыз ету жөнінде қолданылған шаралардың күші жойылғаны туралы көрсетеді. Соттың сот ісін тоқтату туралы ұйғарымына жеке шағым, наразылық берілуі мүмкін (ҚР АІЖК 248-бап).

§ 10. Арызды қараусыз қалдыру

Сот ҚР АІЖК 249-бабында қарастырылған мынадай жағдайларда арызды қараусыз қалдырады:

1) талап қоюшы берілген санаттағы (категориядағы) дауды алдын ала сотқа дейін шешудің заңда бекітілген міндетті тәртібін сақтамаса;

2) арызды іс-әрекетке қабілетсіз адам берсе;

3) арызды оған кол қоюға және оны беруге өкілеттігі жоқ адам берсе;

4) осы немесе басқа соттын іс жүргізуінде осы тараптар арасындағы, сол мәселе туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша бұрын қозғалған іс бар болса;

5) тараптар арасында заң бойынша бұл дауды аралық соттын шешуіне беру туралы заңды келісім жасалса және жауап берушіден істің мәні бойынша істі карау басталғанға дейін дауды сотта шешуге қарсылық білдірілсе;

6) өздерінің қатысуынсыз істі карауды өтінбеген тараптар екінші шакыру бойынша сотқа келмесе;

7) істі карауды өтінген талап қоюшы екінші қайтара шакыру бойынша сотқа келмесе, ал жауап беруші істі мәні бойынша карауды өтінбесе;

8) өз мүддесіне іс қозғаған тұлға арызындағы талаптарын қолдамаса;

9) талап-арызды қайтарып алу туралы өтініш берілсе, ал жауап беруші істі мәні бойынша карауды талап етпесе;

10) жоғалған құнды қағаздарды баспасөз беттеріне жариялағаннан кейін үш ай мерзім өткенге дейін құнды қағазды ұсынушыларға оларды қалпына келтіру жөніндегі істер бойынша арыздар (ҚР АІЖК 249-бап).

Арызды караусыз қалдырудың тәртібі мен салдары. Арызды караусыз қалдырған жағдайда сот істі карауға кедергі келтіретін мән-жайларды қалай жоюдың шаралары көрсетілген ұйғарым шығарады. Арызды караусыз қалдырған жағдайда сот ұйғарымда ҚР АІЖК 249-бабының 1) және 2) тармақшаларында карастырылған мемлекеттік бажды қайтару және талап қою арызын қамтамасыз ету бойынша қолданылған шараларды тоқтату туралы көрсетуі тиіс.

Істі карауға кедергі келтірген мән-жайлар жойылған жағдайда тұлға сотқа жалпы ереже бойынша қайта арыз беруге құқылы.

Тараптар екінші шакыру бойынша сотқа келмесе, егер тараптар бұл туралы қайта өтінім жасаса және өткен сот отырысына өздерінің келмеген себептерін растайтын дәлелдемелер

ұсынса, сот арызды қараусыз қалдыру жөніндегі өз ұйғарымын жоққа шығарады. Соттын осындай өтінімді қанағаттандырудан бас тартқан ұйғарымына жеке шағым берілуі мүмкін (ҚР АІЖК 250-бап).

Тараптар мен іске қатысушы өзге тұлғаларға, сот отырысына келмегендерге сот ісінің тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы туралы, не арыздың қараусыз қалдырылуы туралы сот ұйғарымының көшірмесі ұйғарым шығарылғаннан бастап бес күннен ішінде кешіктірілмей жіберіледі.

Соттың арызды қабылдаудан бас тарту, арызды қайтарып беру, арызды қимылсыз қалдыру, талап қою арызын қараусыз қалдыру ұйғарымдарына жеке шағым және прокурор наразылық білдіруі мүмкін (ҚР АІЖК 254-бап).

§ 11. Сот отырысы хаттамалары

Сот отырысының хаттамасы азаматтық істерді талқылау кезіндегі соттың жүзеге асыратын іс жүргізу әрекеттерінің барысы мен нәтижелері жазылатын іс жүргізу құжаты болып табылады. Хатта қаралған істің дәлелдемелерінің бір түріне жатады. Хаттамада іске қатысушылардың сөйлеген сөздері мен жауаптары, көрсетілген заттай дәлелдемелер және олар бойынша қабылданған шешімдердің нәтижелері мен сот отырысында өткен іске қатыстылардың барлығы жазылады. Хаттаманың соттың зерттеген дәлелдемелеріне қатысты ақпараттардың негізгі дерек көзі, сондай-ақ сот отырысына қатысушылардың сот талқылауы тәртібін сақтау ретінде маңызды. Егер де соттың зерттеген қандайда бір дәлелдемесі сот хаттамасында жазылмаса, онда бұл дәлелдемелерге сілтеме жасау шешуге негіз бола алмайды. Сонымен бірге, іс материалдарында сот хаттамасының болмауы осы іс бойынша сот шешімін жоққа шығаруға сөзсіз негіз болады. (ҚР АІЖК 366-баптың 6-бөлігі).

Заңда Бірінші сатыдағы соттың әрбір сот отырысы туралы, сондай-ақ сот отырысынан тыс жасалған әрбір жеке іс жүргізу әрекеті туралы *хаттама жазу міндеті екендігі* қарастырылған (ҚР АІЖК 255-бап).

ҚР АІЖК 256-бабына сәйкес, сот отырысының немесе отырыстан тыс жасалған жеке іс жүргізу әрекетінің хаттамасында істі талқылау және жеке іс жүргізу әрекетінің барлық маңызды сәттерін жазылуы тиіс, хаттамада мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) сот отырысының жылы, айы, күні және орны;
- 2) сот отырысының басталған және аяқталған уақыты;
- 3) істі қарайтын соттың атауы, сот отырысындағы сот төрешісінің, хатшының және сот жасауылының (пристав) тегі мен аты-жөні;
- 4) істің атауы;
- 5) іске қатысушы тұлғалардың, өкілдердің, куәгерлердің, сарапшылардың, мамандардың, аудармашылардың келгені туралы мәліметтер;
- 6) іске қатысушы тұлғаларға, өкілдерге, сондай-ақ аудармашыға, сарапшылар мен мамандарға олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерінің түсіндірілгені туралы мәліметтер;
- 7) төрағалық етушінің жарлықтары және сот отырысы залында соттың шығарған ұйғарымы;
- 8) іске қатысушы тұлғалардың жеке өкілдердің арыздары, өтінімдері және түсініктемелері;
- 9) куәгерлердің жауаптары, сарапшылардың өз қорытындыларын ауызша түсіндірулері, мамандардың түсіндірмелері;
- 10) құжаттардың жария етілуі туралы мәліметтер, қаралған заттай дәлелдемелердің, тыңдалған дыбыс жазбаларының, көрген бейнежазбалардың киноматериалдардың деректері;
- 11) ҚР АІЖК 57-бабы негізінде іске қатысушы мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорытындылары туралы мәліметтер;
- 12) сот отырысы залында болған сұрақтар мен жауаптардың мазмұны;
- 13) сот жарыссөздерінің мазмұны;
- 14) шешім мен ұйғарымдардың мазмұны жария етілгені және түсіндірілгені, оларға шағым беру тәртібі мен мерзімі түсіндірілгені туралы мәліметтер;
- 15) іске қатысушы тұлғаларға хаттамамен танысу және оған ескертулер беру құқықтарының түсіндірілгені туралы мәліметтер;
- 16) хаттаманың жасалған күні.

Хаттама жазу. Хаттаманы сот отырысының хатшысы әрбір сот отырысы немесе жеке іс жүргізу әрекеті бойынша жеке хаттама жазады. Бірақ сот отырысының хаттамасының дұрыс толтырылу міндеті төрағалық етушінің мойнына жүктелген. Хаттамаға хатшы мен төрағалық етуші қол қояды. Хаттамаға өзгертулер, түзетулер мен толықтырулар енгізетін жағдайда, олар

келісілуі және олардың қол қоюымен расталуы тиіс (ҚР АІЖК 257-баптың 6-бөлігі).

Хаттама қолмен жазылуы немесе машинкаға (компьютерде) басу әдісімен дайындалуы мүмкін. Хаттаманың толық жазылуын қамтамасыз ету үшін дыбысжазба құралдары және (немесе) стенографиялау пайдаланылуы мүмкін. Стенограмманың және (немесе) дыбысжазбаның мазмұны сот отырысының хаттамасына жазылуы тиіс. Стенограмма сот отырысының хаттамасына қоса тіркеледі, ал оның дыбысжазбасы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін істе сақталады. Хаттамада осы құралдардың қолданылғаны туралы жазылады.

Іске қатысушы тұлғалар мен өкілдер хаттаманың қандай да бір бөлігін жария ету туралы, өздері іс үшін маңызды деп есептейтін мән-жайлар жөніндегі мәліметтерді хаттамаға енгізу туралы өтінім жасауға құқылы.

Хаттама сот отырысы аяқталғаннан кейін *үш күннен кешіктірілмей*, ал жеке іс жүргізу әрекеті туралы хаттама жазылғаннан кейін *келесі күннен кешіктірілмей* дайындалып, оған қол қойылуы тиіс. Күрделі істер бойынша сот отырысының хаттамасын дайындау және оған қол қою бұдан да ұзақ мерзімде, бірақ сот отырысы аяқталғаннан кейін он күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы мүмкін.

Тараптар хаттаманы апелляциялық және кассациялық шағымдарға негіз ретінде қолдана алады. Сондықтан да, іске қатысушы тұлғалар мен өкілдер хаттамамен танысуға, іс үшін маңызды деп есептейтін мән-жайлар жөніндегі мәліметтерді хаттамаға енгізу туралы өтінім жасауға, хаттамаға ескертулер жасауға құқылы.

Іске қатысушы тұлғалар мен өкілдер хаттамамен танысуға және оған қол қойылған кезден бастап *бес күн* ішінде хаттаманың қателіктері мен кемшіліктерін көрсете отырып, оған жазбаша түрде ескертулер жасауға құқылы (ҚР АІЖК 259-бап).

Хаттамаға ескерту. Хаттамаға жасалған ескертулерді оған қол қойған төрағалық етуші сот төрешісі қарайды, ол ескертулермен келіскен жағдайда олардың дұрыстығын растайды. Төрағалық етуші берілген ескертулермен келіспеген жағдайда хаттамаға ескерту берген адамның қатысуымен ол сот отырысында қаралады. Ескертулерді қарау нәтижесінде төрағалық етуші олардың дұрыстығын растау туралы немесе ескертулерді толықтай немесе оның бір бөлігінің қабылданбайтыны туралы ұйғарым шығарады. Ескертулер барлық жағдайда іске қоса тіркеледі.

Хаттамаға жасалған ескертулер олардың берілген күнінен бастап бес күн ішінде қаралуы тиіс.

Іс бойынша төрағалық етуші қандайда бір нақты себептермен хаттамаға жасалған ескертулерді қарай алмаған жағдайда, олар істің материалдарына қоса тіркеледі (ҚР АІЖК 259-баптың 4-бөлігі).

18-т а р а у. БІРІНШІ САТЫДАҒЫ СОТ ҚАУЛЫЛАРЫ

§ 1. Сот қаулылары ұғымы, мәні және оның түрлері

Бірінші сатыдағы сот қаулысы – *бұл іс бойынша сот ісі барысында сот төрешілері мен соттардың жазбаша пайымдауларын немесе ерік-жігерлерін білдіретін сот өкіметінің актілері және азаматтық іс жүргізу заңдылықтарының негізінде іске қатысушыларға жеке нақты бір іс жүргізу актісі түріндегі өкімді өкілеттіктерді қолдану*. Соттың мұндай актілеріне барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, өзге заңды тұлғалар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының барлық аумағында мүлтіксіз орындауға тиісті шешім, ұйғарым, қаулы, үкім, сондай-ақ заңды бұйрық, талап, тапсырма, шақырулар және соттар мен сот төрешілерінің өзге қарым-қатынастары жатады (ҚР АІЖК 21-бап).

Бірінші сатыдағы соттардағы азаматтық істер бойынша сот істерінде соттардың қолданатын сот қаулыларының бір түрі шешім болып табылады. Сот шешімі – Қазақстан Республикасының атынан шығарылатын әділсоттың құқықтық актісі (ҚР АІЖК 216-бап). Шешімдегі соттың соңғы тұжырымы оған өкімді, даусыз және міндетті сипат береді. Шешімдегі жарлықты бұзғаны үшін заңда әкімшілік тәртіппен айыппұл салу, мәжбүрлі түрде орындату, тіпті болмаса қылмыстық жауапкершілікке тарту қарастырылған. Шешім жалпыға бірдей міндетті болғандықтан, ол тек іске қатысушылар үшін ғана емес, барлық мемлекеттік органдар, заңды және лауазымды тұлғалар үшін де міндетті. Соттың шешім шығарғаннан кейін тараптар арасындағы дау да, іс бойынша сот ісі де аяқталады.

Ұйғарым, бұл да сот актісі болып табылады, бірақ та оның шешімнен айырмашылығы ол істің мәніне жақындамайды және оны шешпейді (ҚР АІЖК 251-бап).

Ұйғарым шешім сияқты өкімді өкілеттіктерге ие және оны сот ісінің түрлі сатысында туындайтын алуан түрлі іс жүргізушілік мәселелерін шешу үшін сот ісінде сот қолданады, мысалы, істі қарауға дайындау кезінде, мәжбүрлеп келтіру, дәлелдемелерді қамтамасыз ету, сараптаманы, істі тоқтата тұру, кейінге қалдыру және тоқтату және т.б. туралы ұйғарым шығарылады.

Бірінші сатыдағы әділсот актісі ретіндегі соттың шешімі мен ұйғарымынан бірінші сатыдағы соттың шешімін қалдыру, өзгерту, жоққа шығару, сондай-ақ дәлелдемелердің толық зерттелуі мен бағалануына, занның дұрыс қолдануына және т.б. қарай жаңа шешім шығару құқығына ие апелляциялық және қадағалау сатысындағы сот қаулысын ажырата білу керек (ҚР АІЖК 357, 394-баптар).

Апелляциялық және қадағалау сатысындағы сот қаулысы іске қатысушылардың сот шешіміне берген шағымдары бойынша төменгі соттардың шешімдерін тексеру (қадағалау) актісі болып табылады.

Сот бұйрығы — бұл ақшалай соманы өндіру немесе даусыз талаптар бойынша мүлікті талап ету туралы арыздар бойынша азаматтық істі қозғау үшін нақтылы жағдайлар бар кездегі бірінші сатыдағы соттың шығарған актісі (ҚР АІЖК 139-бап).

Сот шешімі құқық нормаларын қолданудың дербес актісі ретінде әрбір сот шешімінің тақырыбымен анықталады. Сот шешімінің тақырыбы дегеніміз соттың іс бойынша нақты құқықтық қарым-қатынасты зерттеуі. Басқаша айтқанда, сот шешімі бұл талап қою арызының тақырыбы — сотқа жүгінген талап етушінің талабы. *Талап қою істерінде* сот шешімінің тақырыбына құқықты қорғау талабымен сотқа жүгіну жатады, *әкімшілік-құқықтық қарым-қатынастардан* туындаған істерде, сот зерттеуінің тақырыбына мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың азаматтардың құқық бұзушылықтары туралы жоққа шығарылған қаулылары жатады. *Ерекше сот істеріндегі* сот шешімінің тақырыбына материалды-құқықтық қарым-қатынас — заңды мәні бар деректерді анықтау жатады.

Сот шешімінің мәні даулы қарым-қатынастарды реттеумен бұзылған құқықтар мен мүдделерді қалпына келтіретін әділсот актісі ретіндегі күшінен тұрады. Шешім өкімді сипатқа ие бола отырып, ол кімге қатысты шығарылса, соған міндетті. Сонымен бірге, сот шешімінің мағынасы бұзылған құқықтарды қорғау, заңдылықты және құқықтық тәртіпті бекіту, құқық бұзу-

шылықты ескерту болып табылатын сот ісінің міндеттерімен шартталған (ҚР АІЖК 5-бап). Сонымен қатар сот шешімі бағынуға тиісті нормаларды қолдана отырып, азаматтарды заңды құрметтеуге тәрбиелейді, тәртіптің нақты ережелерін бекітеді, құқықты қорғау түрін және заңды түрде алынған өкілеттіктерді жүзеге асыруға кепілдіктерді анықтайды.

§ 2. Сот шешімінің мазмұны

ҚР АІЖК 217-бабына сәйкес іс мәні бойынша шешілетін бірінші сатыдағы сот қаулысы шешім түрінде шығарылады. Сот шешімі – бұл талап қою ісі, бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған сот ісі және ерекше сот ісі бойынша істерді мәні бойынша қарауды аяқтайтын әділсот актісі. Оны сот төрешілері кенесу бөлмесінде жазбаша түрде мазмұндайды және ол бір дана етіліп қолмен жазылуы, машинамен жазу әдісімен немесе компьютерде терілуі мүмкін, оған төрағалық етуші немесе сот төрешісі, ал кей жағдайларда істі шешуге қатысқан барлық сот төрешілері қол қояды. Шешімнің мәтіні тараптардың қойған талаптарының мәні бойынша сенімді, толық жауаптан тұруы керек және ҚР АІЖК 14-бабына сәйкес бекітілетін (ҚР Жоғарғы Сотының 2003 ж. 11 тамызындағы «Сот шешімдері» № 5 нормативті қаулысының 4-бөлімі) сот ісінің тілінде сауатты құрылып, баяндалуы тиіс.

Сот шешімінің түрлері мен мазмұны. Істі мәні бойынша шешу кезінде сот кіріспе, дәлелді және қарарлы бөлімдерден тұратын *қысқаша (қысқартылған) шешім* шығарады.

Қысқаша (қысқартылған) шешімнің дәлелді бөлімінде сот анықтаған істің мән-жайлары, осы мән-жайлар туралы соттың тұжырымдарын растайтын дәлелдемелер, сондай-ақ сот басшылыққа алған заңдар (ҚР АІЖК 220-баптың 1-бөлігінде) айтылады.

Сот шешім заңды күшіне енгенге дейін берген тараптардың жазбаша өтінімдері бойынша не болмаса өзінің ойлауынша кіріспе, сипаттама, дәлелді және қарарлы бөлімдерден тұратын дәлелді шешімін шығарады (ҚР АІЖК 220-баптың 2-бөлігі).

Шешімнің мазмұны (ҚР АІЖК 221-бап). Шешімнің кіріспе бөлімі оның Қазақстан Республикасының атынан шығарылатынынан басталады. Шешімнің кіріспе бөлімінде:

1) оған қол қойған күнмен анықталатын шешімнің шығарылған уақыты;

- 2) шешім шығарылған орын;
- 3) шешім шығарған соттың нақты және толық атауы;
- 4) шешім қабылдаған сот құрамы, тегі, аты, әкесінің аты;
- 5) сот отырысы хатшысының, сот жасауылының тегі, аты, әкесінің аты;

б) тараптардың (талап қоюшының, жауап берушінің), іске қатысушы өзге тұлғалардың, өкілдердің (кімнің жағында), дауға дербес талаптар қоятын үшінші тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың іс жүргізушілік жағдайлары. Егер де тараптар заңды тұлға болып табылатын болса, сол тұлғаның атауы, жарлықтың тіркелген нөмірі және осы тұлғаны сипаттайтын өзге де құжаттар;

- 7) талап қою арызындағы дау немесе арыздағы талаптар;

Шешімнің сипаттамалық бөлімі мынадан тұруы тиіс;

1) талап қоюшының талаптары мен сол талаптарды растайтын мән-жайлардың қысқаша мазмұны;

2) жауап берушінің қарсылығы және іске қатысушы өзге тұлғалардың түсініктемелері;

3) арыздағы талаптың негізін немесе тақырыбын өзгерту, оның мөлшерін азайту туралы талап қоюшының мәлімдеген талаптары;

4) егер де сот оны ҚР АІЖК 157-бабына сәйкес қарауға қабылдаса, қарсы талап қою арызының мазмұны

Шешімнің дәлелді бөлімінде мыналар көрсетілуі тиіс :

1) ҚР АІЖК 64-баптың 2-бөлігіне сәйкес сот анықтаған істің мән-жайлары;

2) сот тұжырымының негізіндегі дәлелдемелер;

3) тараптардың құқықтары мен міндеті туралы; дәлелдемелер ұсыну;

4) тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктемелері, куәгерлердің жауаптары, заттай дәлелдемелер, сараптама қорытындысы, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамалары мен өзге де құжаттар.

5) сол не өзге дәлелдемелерді жоққа шығаратын сот тұжырымдары, сот басшылыққа алған заңдар.

6) берілген құқықтық қарым-қатынастарға сот қолданған материалды заңдар және сот басшылыққа алған іс жүргізу нормалары .

Жауап беруші талап қою арызын мойындаған жағдайда дәлелді бөлімде тек арыздағы талаптарды мойындау мен оны соттың қабылдауы ғана көрсетілуі мүмкін.

Шешімнің қарар бөлігі дәлелді бөлімдегі анықталған нақты мән-жайлардан туындайтын соттың қысқаша және соңғы тұжырымынан тұруы тиіс. Сот шешімді орындар кезде түсініспеушілік пен дау болмас үшін арыздағы талаптарды толықтай немесе жартылай камтамасыз ету туралы немесе талап қою арызын қанағаттандырудан бас тарту туралы арыздағы қойылған талаптарға нақты және түсінікті түрде жауап беруі қажет.

Бір сот ісіне бірнеше талап қою арыздарын біріктірген жағдайда немесе соттың қарсы талап қою арызын не болмаса дауға дербес талап қойған үшінші тұлғаның талабын қабылдаған жағдайда қарар бөлігіндегі шешім былай болуы тиіс:

– әрбір талап қою арызы бойынша сот дәл осылай қаулы қабылдады;

– кім, қандай нақты іс-әрекеттер және тарап кімнің пайда-сына жасауы тиіс;

– жоққа шығарылған құқықты қай тарап мойындады.

Сот өз шешімінің қарар бөлігінде шешімді тез арада орындау немесе оны орындауға шаралар қолдану керек болған жағдайларда тиісті тәртіп пен шешімнің орындалу мерзімін көрсетуі тиіс.

Сот шешімінде талап қоюшыдан немесе жауап берушіден өндірілетін сот шығындарын бөлу туралы мәселе, оның мөлшері, сондай-ақ шешімге шағымданудың тәртібі мен мерзімі және өзге де тұжырымдар шешілуі тиіс (ҚР АІЖК 221-бап).

Сонымен қатар, істердің жеке санаттары бойынша қарар бөлігінің мазмұны қаралып отырған қарым-қатынасты реттейтін материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларына сай келуі тиіс. Көп жағдайда:

1) *ақшалай соманы өндіру туралы істер* бойынша сот шешім шығара отырып, шешімнің қарар бөлігінде өндірілетін ақшаның көлемін цифрмен және сөздермен және валюта түрін көрсетуі тиіс. (ҚР АІЖК 223-бап);

2) өндіру даусыз (акцептсіз) тәртіпте, соның ішінде нотариустың орындаған жазуы негізінде жүргізілетін *орындалатын немесе өзге құжатты жарамсыз деп тану* туралы дау бойынша талап қою арызын қанағаттандырған жағдайда шешімнің қарар бөлігінде орындауға тиісті емес құжаттың атауы, нөмірі, күні және есептен шығарылмайтын сома көрсетілуі тиіс (ҚР АІЖК 224-бап);

3) *келісімшартқа отыру немесе оны өзгерту кезінде* туындаған дау бойынша қарар бөлігінде келісімшарттың әрбір даулы шар-

ты бойынша шешім көрсетілуі тиіс, ал келісімшартқа отыруға мәжбүр ету туралы дау бойынша тараптар отыруға тиіс келісімшарттын түрі мен шарты көрсетілуі тиіс (ҚР АІЖК 225-бап);

4) егер де шешімді орындау кезінде иелікке берілген мүлік болмай шыкса, *мүліктің өзіне иелік ету кезінде сот шешімде оның жеке-нақты белгілерін, және жауап берушіден өндірілетін мүліктің құнын көрсетуі тиіс.* (ҚР АІЖК 226-бап);

5) жауап берушіні мүлікті беру немесе ақшалай соманы берумен байланысты емес *белгілі бір іс-әрекет жасауға міндеттейтін* шешім шығару кезінде сот жауап берушіге шешімді бекітілген мерзімде орындамаған жағдайда талап қоюшы кететін шығындарды жауап берушінің есебінен алып, бұл әрекеттерді жасауға құқылы екендігін көрсете алады Сот шешімде жауап берушіге шешімді орындау мерзімін белгілейді (ҚР АІЖК 227-бап);

6) *шешімді бірнеше талап қоюшының пайдасына шығарар кезде* сот әрқайсының үлесін немесе барлығы бірлесе өндіретінін көрсетуі тиіс. Егер де шешім бірнеше жауап берушіге қарсы шығарылған болса, сот әрбір жауап беруші шешімді қандай үлеспен орындау керектігін немесе олар бірлесе жауап беретіндіктерін көрсетуі тиіс (ҚР АІЖК 228-бап).

Арызданушының талаптарын қанағаттандыру туралы және өзге істер бойынша (алимент өндіру, мүлікті бөлу, некені бұзу, ұл (қыз) асырап алу, қайғылы оқиғаның дерегін және т.б. анықтау туралы) соттың нұсқауы сот шешімінде болуы тиіс.

§ 3. Сот шешіміне қойылатын талаптар

Сот шешіміне қойылатын негізгі талаптарға оның заңдылығы және негіздігі жатады. (ҚР АІЖК 218-бап). Бұл талаптар сот шешімдерінің барлық түрлеріне қойылады.

Сот шешімінің заңдылығы — бұл материалдық және іс жүргізу нормаларының талаптарына сай келу. Шешім іс жүргізу құқығы нормаларын сақтаумен және қаралып отырған іске қолданылатын немесе қажетті жағдайларда даудың осындай тақырыптарын реттейтін заңды қолдануға негізделген материалды құқық нормаларына толық сай келгенде заңды болып табылады. Бұл ретте шешім азаматтық заң нормаларының жалпы бастамасы мен мағынасынан және адалдықтың, шындықтың және саналылықтың талаптарынан шығуы тиіс. (ҚР АІЖК 5 және 6-баптар).

Сот істі шешу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, адам талаптарын, азаматтық іс жүргізу кодексін және өзге де нормативті құқықтық актілерді дәл сақтауы тиіс. Сот төмендегі шарттарды орындаған жағдайда, оның шешімі заңды деп есептеледі:

1) әділсот орнату кезінде сот төрешісі тәуелсіз және ол тек Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңға ғана бағынады (ҚР АІЖК 12-бап);

2) әділсотты тек сот қана жүзеге асырады (ҚР АІЖК 7-бап);

3) азаматтық істі шешу кезінде мемлекеттік органның немесе өзге органның нормативті құқықтық актісінің заңға сай келмейтінін немесе ол өкілеттікті асыра сілтеумен шығарылғанын анықтаған сот үлкен заңды мәні бар құқықтық актілерді қолданады (ҚР АІЖК 6-баптың 4-бөлігі);

4) құқықтық қарым-қатынасты реттейтін құқық нормасы болмаған жағдайда сот соған ұқсас құқықтық қарым-қатынасты (занның баламасы) реттейтін құқық нормасын қолданады, ал мұндай норма жоқ болған жағдайда дауды занның жалпы мағынасын, бірінші кезекте Қазақстан Республикасының Конституциясын басшылыққа ала отырып шешеді. (Құқық баламасы, ҚР АІЖК 6-баптың 5-бөлігі);

5) заңдылық халықаралық келісімшарттарға карама-қайшы болған жағдайда, сот аталған келісімшарттарда бекітілген, Қазақстан Республикасының ратификацияланған ережелер қолданылады. (ҚР АІЖК 3-баптың 3-бөлігі).

Сондықтан да, аталған ережелер негізінен заңдылық талаптарының мазмұнынан тұрады. Материалды және іс жүргізу құқығы нормаларын бұзу немесе дұрыс қолданбау шешімді жоққа шығарудың негізі болып табылады. (ҚР АІЖК 364-баптың 4-бөлігі).

Сот шешімінің негізділігі. Сот шешімін қойылатын келесі талап оның негізділігі болып табылады. ҚР АІЖК 218-бабының 2-бөлігінде шешім тек сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге ғана негізделуі тиіс деген негізділік ұғымының мазмұны ашып айтылған. Сот шешімінің негізділігі қаралып отырған істің мән-жайлары туралы сот тұжырымдарының сай келуін білдіреді. Сот шешімі мынадай жағдайларда негізді деп табылады. Егер де сот:

1) шешімін сот отырысында зерттелген дәлелдемелермен расталған берілген істегі деректерге негіздесе;

2) шешімді дәлелдемелердің күмәнсіздігі мен қатыстылығы туралы заң талаптары негізінде қабылдаса (ҚР АІЖК 67 және 68-баптар);

3) өз шешімін дәлелдеуді қажет етпейтін жалпыға белгілі мән-жайларға негіздесе;

4) шешімді сот тапсырмаларын орындау тәртібімен жиналған дәлелдемелерді есепке ала отырып, қабылдаса (ҚР АІЖК 72 және 73-баптар).

Жалпы ереже бойынша, шешім шығып, жарияланғаннан кейін, сот өзі оны өзгертуге, толықтыруға құқысы жоқ (ҚР АІЖК 230-баптың 1-бөлігі). Сот шешімінің кәдімгі кемшіліктеріне талап қоюшының арызындағы талаптарға нақты жауаптың толық болмауын көрсететін оның толық немесе жеткіліксіз анық еместігі жатады. Сот шешімінің толық еместігі соттың барлық талап қоюшының талаптарын немесе барлық жауап берушіге қатысты шешпегендігінен немесе арыздағы талапты өзгертудің негізі мен оның мөлшерін есепке алмағандығынан көрінеді. Шешімдегі жеке кемшіліктерді сот қосымша шешім шығару немесе оы түсіндіру арқылы жоюға құқылы.

Істі қарап болғаннан кейін кенесу бөлмесінде шешім шығарылады, оған сот төрешілері қол қояды, содан соң оны сот төрешісі сот залында хабарлауға міндетті. Осы сәттен бастап сот шешімі соңғы болып есептеледі және оған апелляциялық тәртіппен шағымдануға болады.

§ 4. Сот қабылдаған шешімдегі кемшіліктерді жою

Іс бойынша сот шешімі хабарланғаннан кейін, шешім шығарған сот оны өз еркімен жоққа шығаруға немесе өзгертуге құқысы жоқ (ҚР АІЖК 230-бап). Соттың жіберген қателіктері апелляциялық және қадағалау тәртібімен түзетіледі. Кемшіліктері бар шешім шығарған сот заңға сай оны өзі түзете алады. Бұл ретте, қабылданған сот шешімінің мәні өзгертілмеуі тиіс, тек грамматикалық және орфографиялық қателер ғана түзетіледі.

Азаматтық іс жүргізу заңында сот сот шешіміндегі қателіктерді жоюдың бірнеше әдістері қарастырылған. Оларға мыналар жатады:

1) қате жазулар мен айқын арифметикалық қателерді түзету (ҚР АІЖК 230-баптың 2-бөлігі);

2) қосымша шешім шығару (ҚР АІЖК 231-бап);

3) сот шешімін түсіндіру (ҚР АІЖК 232-бап);

4) шешімді орындауды кейінге қалдыру немесе ұзарту, шешімді орындау тәртібі мен әдісін өзгерту (ҚР АІЖК 233-бап);

5) сот ұсынған ақшалай соманы индекстеу.

Сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысушы тұлғалардың арыздары бойынша шешімдегі жіберілген жаңылыс жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді түзете алады. Түзету енгізу туралы мәселе сот отырысында шешіледі, іске қатысушы тұлғаларға сот отырысының болатын уақыты мен орны хабарлануы тиіс. Дегенмен де, олардың сот отырысына келмеуі түзету енгізу туралы мәселені қарауға кедергі бола алмайды.

Жаңылыс жазу деген әдетте жеке сөздерді, тегі, аты, әкесінің аты, заңды тұлғалардың атауы, іске қатысушылардың аты-жөндері, сот құрамын жазғанда кеткен бұрмалау. Анық арифметикалық қателерге қосу, көбейту, алу, бөлу және өзге арифметикалық амалдар түріндегі қате арифметикалық әрекет жатады. Арифметикалық қателерді түзету деп, сот шешімінің мағынасын, оның алғашқы тұжырымын өзгертуге болмайды.

Мысалы, сот шешімінің өзін өзгертуге әкеліп соқтыратындықтан, ақшалай тәркілеуді анықтау принципінде (тәркіленетін ақша сомасының мөлшері) соттың жіберген қатесін түзетуге болмайды. Өзгерту енгізу туралы мәселені шығарылған шешім орындауға жіберілді ме, жоқ па, оған қарамастан, бірақ та заңда бекітілген, оны мәжбүрлі орындату мүмкін болғанға дейін мерзім шегінде сот шешеді.

Жаңылыс жазулар мен қателерді түзету енгізу туралы сот ұйғарымына жеке шағымдануға болады немесе прокурор наразылық білдіре алады.

Қосымша шешім. Қосымша шешім шығарылған сот шешіміндегі кемшіліктерді түзетудің сапалы өзге тәсілі болып табылады. Ол іске қатысушы тұлғалардың арыздары немесе соттың бастамасы бойынша енгізіледі. ҚР АІЖК 231-бабында соттың іс бойынша қосымша шешім шығара алатын мән-жайларының толық тізімі берілген. Ол мынадай жағдайларда шығарылады:

1) егер де, іске қатысушы қандай да бір тұлғаның қандай да бір талабы бойынша дәлелдемелер ұсынылып, түсініктеме берілсе, шешім шығарылмаса;

2) егер де сот құқық туралы мәселені шеше отырып, үкім шығарған соманың, тапсыруға тиісті мүліктің мөлшерін немесе жауап беруші жасауға тиісті іс-әрекетті көрсетпесе;

3) егер де сот, сот шығындары туралы мәселені шешпесе;

4) егер де сот, сот шешімін орындауды бұрмалау туралы мәселесін шешпесе.

Қосымша шешім шығару туралы мәселе шешім заңды күшіне енгенге дейін қойылуы тиіс екенін ескерген жөн. Кемшіліктерді түзету туралы қосымша шешімді сот істі сот отырысында қарап, ол жөнінде шешім шығарғаннан кейін шығарады және оған шағым жасап, наразылық білдіруге болады. Іске қатысушы тұлғаларға сот отырысының уақыты мен орны хабарланады, бірақ та олардың келмеуі қосымша шешім шығару туралы мәселені қарауға кедергі бола алмайды.

Қосымша шешім негізгі шешімнің ажырамас бөлігі екендігін есте ұстаған жөн, олардың екеуі де даулы қатынастарға құқық қолдану актісін құрайды.

Қосымша шешім негізгі шешімнің мәнін өзгертпеуі тиіс немесе іске қатыспаған тұлғалардың мүдделерін қозғамауы керек.

Егер де сот кемшіліктерді жою мен қосымша шешім шығару бойынша қайта сот отырысын жүргізуге негіз жоқ деп шешсе, онда сот қосымша шешу шығарудан бас тарту жөнінде ұйғарым шығарады және оған тараптар шағым жасай алады немесе прокурор наразылық білдіре алады.

Шешімді түсіндіру сот шешімдерінің қателіктерін түзетудің бір түрі болып табылады. Шешім түсініксіз болған жағдайда істі қараған сот іске қатысушы тұлғалардың арыздары, сондай-ақ сот орындаушысының өтінімі бойынша шешімнің мәнін өзгертпей түсіндіруге құқылы. Түсініксіз жазылған сот шешімін түсіндірудің қажеттігі ол өлі орындалмаған және орындалу мерзімі өтпеген кезде, мәжбүрлі түрде орындатылуы мүмкін орындалу процесі кезеңінде туындайды. Сот шешімді түсіндіру туралы тараптардың өтінімдерін арыз түскен күннен бастап, *он күн мерзім* ішінде арызды қарауы тиіс. (ҚР АІЖК 232-баптың 1-бөлігі).

Істі қарау себебі шешімді түсіндіру туралы өздерінің өтінімдері болған жағдайда, іске қатысушы тұлғаларға, сондай-ақ сот орындаушысына сот отырысының уақыты мен орны хабарланады, бірақ та олардың келмеуі шешімді түсіндіру туралы мәселені қарауға кедергі бола алмайды. Шешімді түсіндіру туралы арыз сот отырысында тараптардың қатысуымен қаралып, нәтижесі бойынша сот ұйғарым шығарады (ҚР АІЖК 232-баптың 2-бөлігі).

Шешімді түсіндіру туралы сот ұйғарымына жеке шағым жалалуы немесе наразылық білдірілуі мүмкін. (*Ескерту.* 232-бап № 147-III 2006 жылғы 22 маусымдағы ҚР Заңында).

Сот шешімін орындауды кейінге қалдыру немесе ұзарту. Сот шешімін орындауды кейінге қалдыру немесе ұзартуды, шешімді орындау тәсілі мен тәртібін өзгертуді сот іске қатысушы тұлғалардың арыздары бойынша тараптардың мүліктік жағдайлары мен істің өзге де мән-жайларын ескере отырып жүргізеді. (ҚР АІЖК 233-баптың 1-бөлігі).

Істі қараушы сот, сот шешімін орындауды кейінге қалдыруға немесе мерзімін ұзартуға, сондай-ақ оны орындауың тәсілі мен тәртібін өзгертуге құқылы. Сот шешімін орындауды кейінге қалдыру – бұл шешімді орындау мерзімін басқа уақытқа ауыстыру. Ұзарту қарыз ақшаны сот шешімінде немесе ұйғарымында көрсетілген мерзімге бөлінген төлемдерді өтеуге бекітілген уақыт кезендері. Сот шешімін орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту орындаудың бір түрін өзге түрмен ауыстыру дегенді білдіреді.

Сот шешімін немесе сот бұйрығын орындауды кейінге қалдыру немесе ұзарту туралы өтінім немесе арыз іс бойынша шешім немесе бұйрық шығарған сотқа, сондай-ақ сот шешімін сот орындаушысының немесе орындалу процесінің тарабы орындайтын жері бойынша берілуі мүмкін.

Іске қатысушы тұлғаларға шешімді орындауды кейінге қалдыру мен ұзарту туралы мәселе бойынша сот отырысының уақыты мен орны хабарлануы тиіс, бірақ та олардың келмеуі соттың алдына қойған мәселені шешуіне кедергі бола алмайды.

Арызды қанағаттандырған жағдайда сот кейінге қалдырған мерзімнің уақытын, ал шешімді орындау мерзімін ұзартқан жағдайда – қарыз адамның кезенмен төлейтін ақша сомасының мөлшерін көрсетуі тиіс.

Сот шешімін орындауды кейінге қалдыру немесе ұзартуды, шешімді орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы сот ұйғарымына жеке шағым жасалуы немесе наразылық білдірілуі мүмкін (ҚР АІЖК 233-баптың 2–3-бөлігі).

Үкім шығарылған ақшалай сомалардың индексациясы. Индексация – инфляцияның, яғни ақшаның құнсыздануының әсерінен шығынға ұшыраған несие берушілердің шығындарын өндірудің бір тәсілі. Сот мүдделі тұлғаның арызы бойынша сот шешімінің орындалу күніндегі Қазақстан Республикасы Халық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми бағамын ескере отырып, сот актісі бойынша өндірілген ақшалай сомаға сәйкес индексация жүргізуі тиіс.

Үкім шығарылған сомаларды индексациялау туралы арыз сот отырысының уақыты мен орны хабарланған іс бойынша мүдделі

тұлғалардың қатысуымен сот отырысында қаралады. Бірақ та олардың келмеуі соттың алдына қойған мәселені шешуіне кедергі бола алмайды

Сот талқылауының нәтижелері бойынша ҚР АІЖК-нің 234-бабына сәйкес сот шешім заңды күшіне енген күннен бастап қарызгер қарызын төлеуді нақты орындаған күнге дейінгі кезенге есептелінген үкім шығарылған сомаларды индексациялау туралы ұйғарым шығарады. Үкім шығарылған сомаларды индексациялау туралы сот ұйғарымына жеке шағым жасалуы немесе наразылық білдірілуі мүмкін (ҚР АІЖК 234-баптың 3-бөлігі).

§ 5. Сот шешімінің заңды күшіне енуі

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және сот төрешілерінің мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасының Заңында «барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары, жеке және заңды тұлғалар сот төрешілері өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде сот шешімдері мен талаптарын орындауға міндетті» деп, сот шешімінің заңды күшінің мағынасы ашып айтылған.

Сот шешімінің барынша толық және дәл анықтамасы ҚР АІЖК 21-бабында айтылған. Сот актілерінің міндеттілігі іске қатысушы мүдделі тұлғаларды бұзылған немесе жоққа шығарылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңмен қорғалатын мүдделерін сот жүзінде қорғау мүмкіндіктерінен айырмайды.

ҚР АІЖК 235-баптың 1-бөлігіне сәйкес, егер де оларға шағым жасалып, наразылық білдірілмесе, апелляциялық шағым немесе наразылық білдіру мерзімі өткеннен кейін сот шешімі заңды күшіне енеді.

Сот шешімінің заңды күшіне енуінің белгілі бір салдарлары бар, нәтижесінде шешім жана айрықша ерекшеліктерге ие болады. Азаматтық іс жүргізу заңында сот шешімінің мұндай айрықша ерекшеліктеріне міндеттілік, даусыздық, алдын ала шешілмейтіндік (преюдиция), орындаушылық жатады.

Міндеттілік заңды күшіне енген шешімді барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдар, қоғамдық ұйымда, лауазымды тұлғалар мен азаматтар орындауға міндетті дегенді білдіреді.

Даусыздық заңды күшіне енген шешімді апелляциялық тәртіппен қайта қарауға болмайтындығын білдіреді.

Алдын ала шешілмейтіндік іске қатысушы тұлғаларға жана сот ісінде, іске сол тұлғалар қайта қатысқан жағдайда заңды күшіне

енген шешімді жоққа шығаруларына жол берілмейді дегенмен түсіндіріледі.

Орындаушылық заңды күшіне енгеннен кейін сот шешімін орындау тәртібі мен міндеті бар деген сөз. Сот талап қоюшының өтініші бойынша сот шешімін дереу орындалуына көңіл бөле алады (ҚР АІЖК 238-бап).

Нәтижесінде тараптар арасында туындаған дау нақты шешілген сот шешіміне шағым жасалып, наразылық білдірілмесе, ол қабылданғаннан кейін он бес күн ішінде заңды күшіне енеді.

ҚР АІЖК 235-бабында сот шешімдерінің заңды күшіне ену мерзімдері анықталған. Мысалы, аудандық, облыстық және оларға тең соттардың бірінші сатыдағы қараған істері бойынша шығарылған сот шешімдеріне шағым жасалып, наразылық білдірілмесе, ол қабылданғаннан кейін (он бес күн ішінде) заңды күшіне енеді

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бірінші сатыдағы қараған істері бойынша шығарған шешімі, жарияланған күннен бастап заңды күшіне енеді.

Бірінші сатыдағы сот шешіміне жасалған шағым және наразылық бойынша қаралған істердің апелляциялық сатыдағы сот қаулысы қаулы шыққан күннен бастап заңды күшіне енеді.

§ 6. Бірінші сатыдағы сот ұйғарымы және оны шығару тәртібі

Азаматтық сот ісіндегі ұйғарым істі талқылау мәселелері бойынша сот төрешілерінің алкалы немесе жеке қабылдаған қаулыларынан тұрады. Бірінші сатыдағы сот ұйғарымы іс бойынша сот ісін қозғау, іске сот талқылауына тағайындау, сот төрешілеріне қарсылық білдіру, дәлелдемелерді қамтамасыз ету, сот тапсырмасы бойынша, істі тоқтата тұру және кейінге қалдыру, сараптама тағайындау, өкімшілік айыппұл салу және т.б істер бойынша сот ісінің кез келген сатысында шығарылады.

Мәні бойынша шешілмеген істер бойынша бірінші сатыдағы соттың барлық актілері ҚР АІЖК 251-бабына сәйкес жеке іс жүргізу құжаты ретінде ұйғарыммен рәсімделеді.

Күрделі емес мәселелерді қарау нәтижелері бойынша сот кеңесу бөлмесіне кетпей-ақ, сот отырысы залында ұйғарым шығара алады. Ұйғарым сот отырысының хаттамасында жазылып, оны шығарғаннан кейін бірден жариялануы тиіс (ҚР АІЖК 251-бап).

Сот ұйғарым шығару кезінде ҚР АІЖК 252-бабына сәйкес оның түрі мен мазмұнын сақтауы тиіс, онда мыналар көрсетіледі:

- ұйғарымның шығарылған уақыты мен орны;
- ұйғарым шығарған соттың атауы, сот төрешісі мен сот отырысы хатшысының аты-жөндері;
- іске қатысушы тұлғалар, дау тақырыбы немесе арыздағы талаптар;
- ұйғарым шығарылатын мәселе;
- сот тұжырым жасаған себептер және сот басшылыққа алған заңдар;
- сот қаулысы;
- егер де ол шағымдануға жататын болса, ұйғарымға шағымдану мерзімі мен тәртібі.

Сот отырысы залында шығаратын сот ұйғарымында ұйғарым шығаратын мәселе, сот қаулысы және өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Жеке ұйғарым. Сот отырысында сот заңды бұзу деректерін анықтаған жағдайда, жеке ұйғарым шығаруға және оны бір ай мерзім ішінде қолданған шараларын хабарлауға міндетті тиісті ұйымдардың басшыларына жіберуге құқылы.

Қолданған шараларын хабарламағаны үшін сот әкімшілік айыппұл сала алады. Дегенмен де, бұл шара ұйымдардың басшыларын соттың жеке ұйғарымы бойынша шара қолдану міндеттерінен босатпайды.

Істі қарау кезінде сот отырысына қатысушы тұлғалардың іс-әрекеттерінен қылмыстың белгілерін байқаған жағдайда, сот бұл жөнінде прокурорға хабарлауы тиіс.

Жеке ұйғарым шыққаннан кейін 15 күн ішінде ҚР АІЖК 344-баптың 4-бөліміне сәйкес мүдделеріне қатысты тұлғалар оған шағымдана алады.

Сот отырысына келмеген тұлғалар мен сот ісінің өзге қатысушыларына ұйғарым шыққаннан кейін бес күн ішінде оларға ұйғарымның көшірмесі жіберіледі.

19-т а р а у. СЫРТТАЙ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ СЫРТТАЙ ШЕШІМ ШЫҒАРУ

§ 1. Сырттай сот ісі ұғымы және оның мәні

Азаматтық сот ісіндегі сырттай сот ісі – бұл соттың істі талап қоюшының немесе жауап берушінің не болмаса екеуінің де қатысуынсыз қарауы. Талап қоюшыдан немесе жауап берушіден

өздерінің қатысуынсыз істі қарау туралы арыз түскенде ғана істі сырттай қарауға рұқсат етіледі.

Занда қарастырылмаған жағдайлармен істі сырттай қарау азаматтық іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзу деп саналады және сот шешімін жоққа шығаруға әкеліп соқтырады.

ҚР АІЖК «Сырттай сот ісі және сырттай шешім шығару» деген 24-тарауында сот ісін сырттай қараудың шарты, ережесі мен негізі, сырттай шешімнің мазмұны мен заңды күші және оған шағымдану тәсілдері қарастырылған. ҚР АІЖК 260-бабында тиісті түрде сот отырысының болатын уақыты мен орны хабарланған жауап беруші сот отырысына келмеген және келмеу себебін хабарламаған, сондай-ақ өзінің қатысуынсыз істі қарауды өтінбеген жағдайда, егер де талап қоюшы бұған қарсы болмаса, іс сырттай қарау тәртібімен қаралатыны қарастырылған.

Істі сырттай қарап, сырттай шешім шығару жауап беруші үшін қажет деп саналатынын есте ұстаған жөн.

Сот отырысында талап қоюшының ауызша талаптары зерттелетін, бір тарап қатыспағандықтан істі талқылау кезінде сот жарыссөзі өткізілмейтіндіктен, сырттай сот ісі жалпыға кенінен тараған сот істерінің қарапайым тәртібімен салыстырғанда жеңілдетілген сот ісі болып табылады. Сонымен қатар, жеңілдетілген сырттай сот ісі сот отырысында сөз сөйлемейтін, өтінім жасамайтын, талап қоюшының арызындағы талаптар мен растауларын жоққа шығармайтын жауап берушінің жоқтығымен тікелей байланысты.

Талап қою арыздары қаралатын және шешілетін сот істері ғана сырттай сот ісі бола алады. Сырттай сот ісінің ережесін ерекше сот істерін қарап, шешуге, сондай-ақ бұл істерде құқық туралы дау болмайтындықтан, бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істерге қолданылмайды.

Талап қою арыздарын сырттай сот ісі тәртібімен қарап, шешудің шарттарына мыналар жатады:

1) Жауап берушіге сот отырысының болатын уақыты мен орнын тиісті түрде хабарлау;

2) жауап беруші себебісіз сот отырысына келмеген және істі өзінің қатысуынсыз қарауды өтінбеген жағдайда;

3) талап қоюшы істі жауап берушінің қатысуынсыз қарап, шешуге келіскен жағдайда;

4) талап қоюшы арызындағы талаптары мен олардың негізін өзгертусіз, сондай-ақ қойған талаптарының мөлшерін ұлғайтпаған жағдайда.

Осы аталған шарттардың бірін сақтамаған жағдайда сырттай сот ісі заңсыз болып саналады.

Іске қатысу мәлімделген барлық жауап берушілер сот отырысына себепсіз келмеген жағдайда ҚР АІЖК 260-баптың 2-бөлігіне сәйкес істі сырттай сот ісі тәртібімен қарап, ол бойынша шешім шығаруға болады.

Сот отырысының басында сот жауап берушіге тиісті түрде хабарланғанын, оған шақыру қағазы жіберілгенін, оның шақыру қағазын алғанын растайтын шақыру қағазының түбіртегі немесе өзге де құжаттардың іс материалдарына тіркелгенін анықтайды. Занда іске қатысушы тұлғаларға соттың хабарламалары мен шақыру қағаздарын жіберу тәртібі мен шарттары карастырылған (ҚР АІЖК 129-бап). Әдетте, шақыру қағазы алушыға жеке тапсырылатын ескертуі бар тапсырыс хат арқылы поштамен жіберіледі, оған алғандығы жөнінде алушы қол қойып, шақыру қағазының түбіртегі сотқа қайтарылады.

Ұйымға жіберілген шақыру қағазы басқару қызметін атқаратын лауазымды тұлғаға табыс етіледі, ол шақыру қағазының түбіршегіне оны алғандығы жөнінде өзінің қызметін, тегін және атын көрсетіп аты-жөнін көрсетіп қол қояды.

Егер шақыру қағазын жеткізуші адам шақырылатын азаматты тұрғылықты жерінен немесе жұмысынан таба алмаса, онда шақыру қағазын сотқа келуге тиісті адамға тапсыруға келісім беретін, онымен бірге тұратын отбасының ересек мүшелерінің біріне тапсырылады (ҚР АІЖК 132-бап).

Сот отырысында жауап берушінің келмеу себебін анықтағаннан кейін, сот төрешісі талап қоюшыға жауап берушінің қатысуынсыз істі талқылауды жүргізу құқығын түсіндіріп, қойған талаптарын қараудың екі түрінің бірін – сот ісінің қарапайым немесе сырттай қарау түрін таңдауды ұсынады. Талап қоюшының сот ісінің түрін таңдау құқығы тек жауап беруші сотқа келмеген жағдайда ғана жүзеге асырылатынын есте ұстаған жөн.

Талап қоюшы сот отырысында істі жауап берушінің қатысуынсыз сырттай сот ісі тәртібімен өткізуге келіспеген жағдайда, сот істі қарауды кейінге қалдырып, жауап берушіге жана сот отырысының уақыты мен болатын орнын хабарлауы тиіс.

Егер де тиісті түрде қайта рәсімделген шақыру қағазын жіберсе де, жауап беруші сот отырысына келмеген жағдайда, сот оның қатысуынсыз істі сырттай сот ісі тәртібімен қарауға

құқылы. (ҚР АІЖК 260-баптың 3-бөлігі). Талап қоюшы істі сырттай сот ісі тәртібімен қарауға келіскен жағдайда сот ұйғарым шығарады (ҚР АІЖК 260-баптың 4-бөлігі).

ҚР АІЖК-нің 260-баптың 5-бөлігіне сәйкес талап қойшы талап арызының тақырыбын немесе негізін өзгерткен не болмаса қойған талабының мөлшерін ұлғайтқан жағдайда, сол сот отырысында соттың істі сырттай сот ісі тәртібімен қарауға құқысы жоқ, талап қоюшы талаптарының негізі мен көлемін анықтағанға дейін істі кейінге қалдыруы тиіс. Мұндай жағдай сырттай сот ісінде талап қоюшының талаптарының негізі мен тақырыбын өзгертуі талаптың элементтері мен құнының алғашқы талап қою арызынан елеулі түрде өзгеруіне әкеп соқтыратынымен байланысты. Сондықтан да, мұндай жағдайларда жауап берушінің қатысуынсыз сырттай сот ісін жүргізуге болмайды. Оның қатысуы міндетті.

Сырттай сот ісінің сот отырысы кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, талап қоюдың тартыстық сот ісі сияқты өтеді. ҚР АІЖК 261-бабы істі сырттай қарау ерекшеліктерінің мазмұнын атап көрсетпейді. Заң нормаларында аталған ерекшеліктерден басқа ерекшеліктерге, жауап берушінің пікірлері мен өтінімдері іс материалдарында болғанымен, соттың дәлелдемелерге шек қоюларын жатқызуға болады, дегенмен де, жауап берушінің болмау себебінен дәлелдемелерді зерттеу толық және әділ болмайды және сот отырысында тараптардың тартысы болмайды, бұдан барып, істің нақты мән-жайларын және тараптардың даулы қарым-қатынастарын анықтау мүмкін болмайды. Сырттай сот ісінің қажеттілігі мен мақсатқа сай болуы жауап берушінің тәртіпті сақтауынан, соттың уақытты үнемдеуінен және істі дер кезінде талқылауға ықпал етуінен тұрады.

§ 2. Сырттай шешімнің мазмұны мен заңды күші

Азаматтық іс жүргізу құқығында сырттай шешім қабылдау әділсот актісінен тұрады. Ол бірінші сатыдағы соттың қабылдаған қаулыларының бір түрі болып табылады және шешімге қойылатын барлық талаптарға сай болуы тиіс. Сырттай шешімнің мазмұны кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, құрылымы жағынан жалпы шешімге ұқсайды. ҚР АІЖК-нің 221-бабына сәйкес оның мазмұны кіріспе, дәлелді, сипаттамалы және қарарлы бөлімдерден тұрады.

Шешімнің атауында «сырттай шешім» деген сөзді көрсету қажет, бұл осы әділсот актісінің қарапайым шешімінен ерекшелігі болып табылады. (ҚР АІЖК 261-бап).

Шешімнің кіріспе бөлімінде шешімнің шығарылған уақыты мен орны; шешім шығарған соттың атауы; сот құрамы; сот отырысының хатшысы; сот жасауылы; талап қоюшы; жауап берушінің келмеу себебі; іске қатысушы өзге тұлғалар мен өкілдер; даудың тақырыбы немесе арыздағы талаптар көрсетіледі. Шешімнің сипаттамалы бөлімінде сот іс жауап берушінің қатысуынсыз қаралғанын, сырттай сот ісінің барлық заңдылық шарттарының сақталғандығын, талап қоюшының талаптары мен іске қатысушы өзге тұлғалардың түсініктемелері барын атап кетуі тиіс.

Шешімнің дәлелдемелі бөлімінде талап қоюшының сөздерінен соттың анықтаған істің мән-жайлары; соттың құқықтар, міндеттер туралы пікірлері негізделген дәлелдемелер; істің материалдарындағы жауап берушінің қандай да бір дәлелдемелерін соттың жоққа шығарған тұжырымдары және соттың басшылыққа алған заңдары баяндалуы тиіс. Егер де сот отырысына келмеген жауап беруші сотқа жазбаша немесе заттай дәлелдеме не болмаса жазбаша түсініктеме ұсынса, сот шешім шығарар кезде мұны ескеруге тиісті.

Жауап берушінің қарсылығы мен пікірлері болмайтындықтан, сырттай сот ісінің сипаттамалы және дәлелдемелік бөлімдерінің өзіндік ерекшеліктері болатындығын ескерген жөн.

Жауап беруші арыздағы талаптарды мойындаған жағдайда, істі қарағанға дейін дәлелдемелік бөлімде оның берген жазбаша түсініктемесіндегі тек арыздағы талаптарды мойындауы мен оны соттың қабылдағаны ғана болуы мүмкін.

Сырттай шешімнің қарарлы бөлімінде талап қоюды қамтамасыз етуі туралы немесе талап қою арызынан толықтай не жартылай бас тартуы, сот шығындарын бөлу туралы соттың тұжырымдарынан басқа осы шешімді жоққа шығару туралы жауап берушінің арыз беру тәртібі мен мерзімі көрсетілуі тиіс. (ҚР АІЖК 262-бап).

Сырттай шешімді шығарып, жариялағаннан кейін үш күннен кешіктірмей сот жауап берушіге алғандығы туралы хабарламамен бірге шешімнің көшірмесін жібереді. (ҚР АІЖК 263-бап).

Жауап беруші шешімнің көшірмесін алған күннен бастап, бес күн ішінде сырттай шешім шығарған сотқа бұл шешімді жоққа шығару туралы арыздануға құқылы (ҚР АІЖК 264-баптың 1-бөлігі).

Сонымен бірге, сырттай шешімге тараптар шағымдана алады және бұл шешімді жоққа шығару мерзімі өткені бойынша, ал егер де арыз берілген болса, бірінші сатыдағы соттың бұл арызды қамтамасыз етуден бас тарту туралы ұйғарым шығарған сәттен бастап он бес күн ішінде прокурор апелляциялық тәртіппен наразылық білдіруіне болады.

Сондықтан да, заңда сырттай шешімге апелляциялық сатыдағы сотқа шағымданған жағдайда талап қоюшы мен жауап берушіге ортақ *он бес күн* мерзім бекітілген және осы шешімді шығарған бірінші сатыдағы соттың сырттай шешіміне шағымдану үшін тек жауап берушіге арнайы *бес күн* мерзім бекітілген. (ҚР АІЖК 264-баптың 2-бөлігі).

§ 3. Сырттай сот ісіндегі жауап берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау

Сырттай шешім шығарумен байланысты заңда сырттай шешімді жоққа шығару туралы арыз беру арқылы жауап берушінің заңды мүдделерін қорғаудың бірқатар арнайы іс жүргізушілік құралдары қарастырылған. ҚР АІЖК-нің 265-бабына сәйкес сырттай шешімді жоққа шығару туралы арызда мыналар болуы тиіс:

- 1) сырттай шешім шығарған соттың атауы;
- 2) арыз берген тараптың (тұлғаның) аты-жөндері;
- 3) жауап берушінің сот отырысына келмеу себептерін растайтын мән-жайлар туралы мәліметтер мен осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелер, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер;
- 4) арыз берген тұлғалардың өтініштері;
- 5) арыздарға қоса берілетін материалдар тізімі.

Сырттай шешімді жоққа шығару туралы арызға жауап беруші (тарап) немесе өкілеттігі бар болса өкіл қол қояды және іске қатысушы тұлғалардың санына сәйкес көшірмелермен сотқа беріледі. Сырттай шешімді жоққа шығару туралы арызға мемлекеттік баж салығы салынбайды.

Сырттай шешімді жоққа шығару туралы арызды қабылдағаннан кейін сот іске қатысушы тұлғаларға арызды қарау уақыты мен орнын хабарлап, оларға арыздың көшірмесін оған қоса тіркелген материалдармен бірге жібереді.

Сот сырттай шешімді жоққа шығару туралы арыз сотқа түскен күннен бастап *бес күн* ішінде сот отырысында қарайды.

Сот отырысының болатын уақыты мен орны хабарланған іске қатысушы тұлғалардың сот отырысына келмеуі арызды қарауға кедергі бола алмайды.

Сот сырттай шешімді жоққа шығару туралы арызды қарап, *арызды қанағаттандырудан бас тарту немесе сырттай шешімді жоққа шығару* туралы ұйғарым шығаруға және сол немесе өзге сот құрамымен істі мәні бойынша жанадан қарауға құқылы (ҚР АІЖК 268-бап).

Сырттай шешімді жоққа шығару мынадай негіздер болғанда мүмкін болуы мүмкін. Егер де:

– тұлға сотқа өз уақытында дәлелді себептермен хабарлауға мүмкіндігінің болмауынан сот отырысына келмесе;

– тұлға сотқа қабылдаған сырттай шешімнің мазмұнына тұтастай әсер ететін дәлелдеме ұсынса (ҚР АІЖК 269-бап).

Сырттай шешімді жоққа шығару негізін сот тұлғаның арызін қарау кезінде анықтайды. Сырттай шешімді жоққа шығарған жағдайда, сот ҚР АІЖК 246-бабына сәйкес істі мәні бойынша қайта қарайды.

Істі қайта қарау. Сот отырысының болатын уақыты мен орны тиісті түрде хабарланған жауап беруші сот отырысына келмеген жағдайда, жауап берушінің сырттай шешімді жоққа шығару туралы шағымы бойынша соттың шығарған шешімі істі қайта қарау кезінде сырттай сот ісі деп саналмайтынын есте ұстаған жөн. Жауап берушінің шығарылған шешімді сырттай сот ісі тәртібімен қайта қарау туралы қайта арыз беруіне құқысы жоқ (ҚР АІЖК 270-бап).

Сондықтан да, сот отырысының болатын уақыты мен орны тиісті түрде хабарланған, бірақ сот отырысына келмеген жауап беруші шешім қабылданғаннан кейін он бес күн ішінде апелляциялық сатыдағы сотқа шағымдануға құқылы.

Соттың сырттай шешімі, оған ҚР АІЖК 235-бабына сәйкес апелляциялық шағымдану, наразылық білдіру мерзімі – он бес күн өткеннен кейін заңды күшіне енеді.

20-т а р а у. БҰЙРЫҚТЫ СОТ ІСІ

§ 1. Бұйрықты сот ісі ұғымы, оның мағынасы мен мәні

Азаматтық сот ісінде сот бұйрығы бірінші сатыдағы сот істерінің жеңілдетілген түрі болып табылады. Бұйрықты сот ісі – бұл қарызгерден қарызды өндіруге берген сот бұйрығы.

ҚР АІЖК 139-бабына сәйкес сот бұйрығы қарызды өндірушінің (несие берушінің) даусыз талаптармен, қарызгерді және қарызды өндірушіні олардың түсініктемелерін тыңдауға шақырмай-ақ және сот талқылауынсыз қарызгерден ақшалай соманы өндіру немесе мүлікті талап ету туралы арызы бойынша шығарылған сот төрешілерінің қаулыларынан тұрады.

Бұйрықты сот ісі сот ісінің өзге түрлерінен (талап қою, ерекше талап қою, ерекше сот ісі) төмендегі белгілері бойынша ажыратады:

- 1) бұйрықты сот ісінде сот талқылауы болмайды;
- 2) сот бұйрығына талап қою мен құқықты қорғаудың талап қою тәртіптері белгісіз;
- 3) бұйрықты сот ісінде тартыстық пен дәлелдеу болмайды;
- 4) бұйрықты сот ісінде талап қоюшы мен жауап беруші болмайды;
- 5) бұйрықты сот ісінде дәлелдеудің негізгі құралы жазбаша дәлелдер, тараптардың түсініктемелері болмайды;
- 6) сот бұйрығы орындау құжаты болып табылады. Ол бойынша өндіру бұйрық шыққаннан кейін, сот шешімдерін орындау үшін бекітілген тәртіпте жүргізіледі, сот бұйрығы орындаушылық қағазының күшіне ие;
- 7) сот бұйрығы ісінде тараптар мәлімдеуші және қарызгер деген атауларға ие;
- 8) сот бұйрығы сотта жоққа шығарылмайды, ол даусыз сипатқа ие.

Сот шешімінің сот бұйрығынан айырмашылығы, сот шешімін оны шығарған соттың жоққа шығара алмайтындығында. Сот шешіміне қарағанда сот бұйрығының айырмашылығы – егер де қарызгер сотқа арызданушының талаптарына қарсы сотқа дер кезінде дәлелді себептермен өз қарсылығын білдіре алмағандығына дәлелдемелер ұсынса, сот бұйрығын шығарған сот оны жоққа шығара алады.

Сот бұйрығын шығару туралы арыздың түрі мен мазмұны ҚР АІЖК 141-бабында бекітілген. Сот бұйрығын шығару туралы арыз сотқа ҚР АІЖК 31-бабында бекітілген аумақтық соттылық туралы жалпы ережелер бойынша беріледі. Арыз жазбаша түрде берілуі тиіс. Онда төмендегі атаулар көрсетілуі керек:

- 1) арыз берілетін соттың атауы;
- 2) арызданушының (қарызды өндірушінің) атауы, оның тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, заңды тұлғаның деректемелері;

3) қарызгердің атауы, оның тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, заңды тұлғаның деректемелері;

4) қарызды өндірушінің талаптары мен ол негізделген мән-жайлар;

5) қарызды өндірушінің арызындағы талаптардың негізін растайтын құжаттар тізімі.

Мүлікті талап еткен жағдайда арызда осы мүліктің құны көрсетілуі тиіс. Арызға қарызды өндіруші немесе оның өкілі қол қояды. Өкіл ұсынған арызға оның өкілеттігін растайтын құжат пен мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртек қоса тіркелуі тиіс.

Сот арызды қабылдаудан бас тартқан жағдайда, қарызды өндіруші төлеген мемлекеттік баж салығы қайтарылады, сот бұйрығын жоққа шығарған жағдайда қарызды өндіруші төлеген мемлекеттік баж салығы қайтарылмайды. Дегенмен де, қарызды өндіруші қарызгердің үстінен талап қою ісі тәртібімен арыз жазған жағдайда сот төрешісі оны істі қарау үшін тиісті төленетін баж салығы есебіне санауы тиіс.

Сот бұйрығын беру тәртібі. ҚР АІЖК 140-бабында сот бұйрығын шығаруға қойылатын талаптардың толық тізімі көрсетілген, ол мынадай жағдайларда шығарылады:

1) талап нотариалды расталған келісімге негізделсе;

2) талап жазбаша келісімге негізделсе және оны жауап беруші мойындаса;

3) талап нотариустың вексельдің төленбегеніне, акцепт еместікке және акцептің күні белгіленбегеніне наразылық білдіруіне негізделсе;

4) әкесі екендігін анықтаумен немесе үшінші тұлғаларды іске тартумен байланысты емес, көмелетке жасы толмағандарға алимент өндіру туралы талап қойылса;

5) азаматтар мен заңды тұлғалардан салықты және өзге де төлемдерді төлемегендері бойынша қарыздарын өтеу туралы талап қойылса;

6) Жұмысшыға тиісті есептелінген, бірақ төленбеген жалақысын және өзге де төлемдерді өндіру туралы талап қойылса;

7) ішкі істер органдары немесе қаржы полициясы жауап берушіні немесе қарызгерді іздестіруге кеткен шығындарын өндіру туралы талап қойса;

7-1) Қазақстан Республикасының заңды актілеріне сәйкес лизинг мүлкін даусыз алу туралы талап қойылса.

10) ломбард қарызгер-кепіл берушіге кепілге қойған затының құнын төлеу туралы талап қойса.

Ескерту: ҚР АІЖК 140-бабының 1-бөлігінің 8) және 9) тармақшалары 2001жылғы 11 маусымдағы ҚР Заңынан алынып тасталған.

Сот бұйрығын шығару туралы арызды қабылдаудан бас тарту және қайтаруға негіз. Сот төрешісі ҚР АІЖК 153,154-баптарында қарастырылған негіздерге сәйкес сот бұйрығын шығару туралы арызды қабылдаудан бас тартады немесе қайтарады. Сонымен бірге, сот төрешісі арызды мынадай жағдайларда қайтарады. Егер де:

1) қойылған талап АІЖК 140-бабындағы сот бұйрығын беру туралы негіздердің тізімінде қарастырылмаса;

2) қарызгер Қазақстан Республикасының аумағынан және соттардың юрисдикциясынан тыс жерде болса;

3) қарызды өндіруші қойған талаптарын растайтын құжаттарды ұсынбаса;

4) Арызда және ұсынылған құжаттарда сот бұйрығы тәртібімен шешуге болмайтын, құқық туралы даудың бары байқалса;

5) арыздың түрі мен мазмұны ҚР АІЖК 141-бабында қарастырылған талаптарға сай келмесе;

6) арызға мемлекеттік баж салығы төленбесе.

Сот төрешісі қарызды өндірушінің арызын қабылдаудан бас тартуы туралы арыз түскеннен бастап үш күн ішінде ұйғарым шығаруы тиіс. Соттың арызды қабылдаудан бас тартуы арыз беруші үшін осы талап бойынша сот ісі тәртібімен сот бұйрығын шығару туралы талап қою арызын ұсынуына кедергі бола алмайды (ҚР АІЖК 143-бап).

Сот бұйрығын шығару туралы арызда кемшіліктер болған немесе оған баж салығы төленбеген не болмаса ол ҚР АІЖК 141-бабында аталған талаптарға сай келмеген жағдайларда соттың арызды қабылдаудан бас тартуға құқысы жоқ, сот ұйғарым шығарып, қарызды өндірушіге кемшіліктерін жоюға үш күн мерзім беруі тиіс.

Егер де қарызды өндіруші соттың нұсқауы бойынша бекітілген мерзімде мемлекеттік баж салығын төлеп, ұйғарымда көрсетілген кемшіліктерді жоятын болса, онда арыз алғаш сотқа ұсынған күнінде берілген болып саналады. Олай болмаған жағдайда сот арызды қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым

шығарады. Сот бұйрығын шығаруды жокка шығару туралы сот ұйғарымын алғаннан кейін, арызданушы сол сотқа өз талаптарын талап қою ісі тәртібімен, тараптарды шақырып, дауды сот талқылауымен қарау туралы арыз беруге құқылы (ҚР АІЖК 144-бап).

Сот бұйрығы тек *кіріспе және дәлелді бөлімдерден* ғана тұратынын есте ұстаған жөн.

Сот бұйрығын сот қойылған талаптардың мәні бойынша сот бұйрығын шығару туралы арыз түскен күннен бастап *үш күн ішінде* шығаруы тиіс (ҚР АІЖК 145-бап).

ҚР АІЖК 146-бабына сәйкес сот бұйрығының кіріспе бөлімінде мыналар болуы тиіс:

1) сот ісінің нөмірі және бұйрықты шығарған күн;
2) соттың атауы және бұйрықты шығарған соттың аты-жөні;
3) қарызды өндірушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер де ол жеке куәлікте көрсетілген болса), оның тұрғылықты немесе болатын жері, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер және салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

4) егер де қарызды өндіруші заңды тұлға болатын болса, оның атауы, нақты орналасқан жері не болмаса бірыңғай Мемлекеттік тіркеу мәліметтері, банктік деректемелері мен салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

5) қарызгер туралы мәліметтер:
– оның тегі, аты, әкесінің аты (егер де ол жеке куәлікте көрсетілген болса);

– оның тұрғылықты немесе болатын жері, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер;

– оның жұмыс орны және жұмыс орнының банктік деректемелері (егер де сот бұйрығын шығару туралы арызда көрсетілсе);

– банктік деректемелері мен қарызгер-салық төлеушінің тіркелген нөмірі (егер де сот бұйрығын шығару туралы арызда көрсетілсе) немесе қарызды өндіруші заңды тұлға болатын болса, оның атауы, нақты орналасқан жері не болмаса бірыңғай Мемлекеттік тіркеу мәліметтері (егер де сот бұйрығын шығару туралы арызда көрсетілсе), банктік деректемелері мен салық төлеушінің тіркелген нөмірі.

Сот бұйрығының қарарлы бөлімінде:

1) талапты қанағаттандыруға негіз болған заң;
2) өндірілуге тиісті ақша мөлшері немесе талап етілуге тиісті, құны көрсетілген мүліктің белгісі;

3) оны өндіру заңда немесе келісім-шартта қарастырылған болса, тұрақсыздық айыбы;

4) қарызгерден қарызды өндірушінің пайдасына немесе жергілікті бюджетке өндірілуге тиісті мемлекеттік баж салығының сомасы;

5) сот бұйрығына шағымдану мерзімі мен тәртібі.

Кәмелетке жасы толмағандарға алимент өндіру туралы сот бұйрығында бұйрықтың нөмірі туралы мәліметтерден басқа ызгер туралы қосымша мәліметтер: қарызгердің туған жылы, айы, күні және туылған жері, оның жұмыс орны, алимент өндірілуі тиіс әрбір баланың аты-жөні мен туған жылы, айы, күні, қарызгерден ай сайын өндірілетін төлем мөлшері және оларды төлек мерзімі көрсетілуі тиіс. Сот бұйрығына сот төрешісі өзі қол қояды. *Ескерту:* ҚР АІЖК 146-бабы 2006 жылдың 22-маусымында шыққан ҚР Заңының № 147-ІІІ басылымында.

Бұйрықты шығару қарызгердің талабы бойынша істі талқылаумен аяқталатынын есте сақтаған жөн. Сот бұйрығын шығарғаннан кейін сот көп кешіктірмей бұйрықтың көшірмесін қарызгерге алғаны туралы хабарламамен бірге жіберуі тиіс. Егер де қарызгер сот бұйрығының көшірмесін алғаннан кейін он күн ішінде қойылған талаптарға қарсылығы болатын болса, бұйрық шығарған сотқа ол бұйрықты жоққа шығару туралы арызын байланыс құралдарының кез келген түрін пайдалану арқылы жіберуге құқылы (ҚР АІЖК 147-бап).

Заңда (ҚР АІЖК 148-бап) сот бұйрығын жоққа шығарудың тәртібі анықталған:

– егер де қарызгерден бекітілген мерзімде бұйрықты орындау туралы қойылған талапқа қатысты қарсылық түскен жағдайда, сот төрешісі сот бұйрығын жоққа шығарады. Сот бұйрығын жоққа шығару туралы ұйғарымында сот төрешісі қарызды өндірушіге сот бұйрығын орындау туралы оның қойған талабын талап қою ісі тәртібімен ұсынуға боалтындығын түсіндіреді. Сот бұйрығын жоққа шығару туралы ұйғарымның көшірмесі оны шығарған күннен бастап үш күн ішінде тараптарға жіберіледі.

Сот бұйрығын жоққа шығару туралы сот төрешілерінің қаулыларына жоғарғы сатыдағы соттарға шағымдануға, наразылық білдіруге жатпайды.

Бұйрықты сот ісіндегі сот төрешілерінің соңғы іс жүргізу әрекеттеріне қарызды өндірушіге **сот бұйрығын беруі** жатады. Егер де бекітілген мерзімде сотқа қарызгерден сот бұйрығын

орындауға қарсылығы түспесе, сот төрешісі қарызгерге бұйрықты орындау үшін беретін соттың мөрімен куәландырылған сот бұйрығының көшірмесін қарызды өндірушіге беретіні заңда көрсетілген.

Сот бұйрығын орындау үшін қарызды өндірушінің өтініші бойынша сот бұйрығы тікелей соттан қарызгердің мекенжайына жіберілуі немесе сот орындаушысына тапсырылуы мүмкін.

Соттың мөрімен куәландырылған сот бұйрығының жеке данасын сот қарызгерге сот бұйрығын орындау үшін жібереді, қарызды өндірушіге одан жергілікті бюджеттің кірісіне мемлекеттік баж салығын өндіру мақсатында жіберілген мемлекеттік баж салығын өндіру туралы сот бұйрығының көшірмесі сот ісінде қалады (ҚР АІЖК 149-бап).

ЕРЕКШЕ ТАЛАП ҚОЮ МЕН ІС ЖҮРГІЗУ

21-т а р а у. БҰҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДАН ТУЫНДАҒАН ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІ

§ 1. Бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардағы азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын қорғау туралы жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының Конституциясындағы 13-бабында әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот жүзінде қорғау қарастырылған және нормативті құқықтық актілерді, шешімдерді қабылдау кездерінде азаматтардың құқықтарын бұзған мемлекеттік органдар, жергілікті басқару органдарының әрекеттерінен, лауазымды тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері немесе әрекетсіздіктерінен азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды. Азаматтардың өкіметпен келіспеушілігі бұқаралық қарым-қатынастардан туындайтын сот ісіне тән белгі болып табылады. Қорғау туралы сотқа жүгінген тұлғалар мемлекеттік органдар олардың құқықтары мен бостандықтарын бұзды не болмаса сол құқықтарын жүзеге асыруға кедергі болды деп есептейді. Бір жағынан мемлекеттік органдар әдетте қарсылықтарын білдіреді, мұндай жағдайларда өздерінің қабылдаған шешімдерінің дұрыстығын,

өз әрекеттерінің немесе әрекетсіздіктерінің заңдылығын дәлелдеуге міндетті.

Өкімет салаларын бөлу принципі мемлекеттік өкіметті жүзеге асырудың негізі ретінде тұтастай алғанда органдар мен атқару және заңдылық өкіметтердің лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне соттың бақылауын қажет етеді. Жекелеген жағдайларда сот бақылауы бұқаралық-құқықтық қарым-қатынастардан (өкімет пен азаматтардың қарым-қатынастарынан) туындайтын істерді қарау кезінде азаматтық сот ісі аясында жүргізіледі.

Бұқаралық-құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын істерді қарау мен шешу тәртібі Азаматтық іс жүргізу кодексінің 25, 26, 27, 28 және 29-тарауларында бекітілген. Оларды қараудың негізіне:

1) *сайлау құқығын қорғау* немесе сайлауларға, референдумдарға қатысу құқықтарын қорғау туралы азаматтың, қоғамдық ұйымның, сайлау комиссиясының арызы;

2) әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаның, жәбірленушінің және оның заңды өкілінің немесе қорғаушысының арызы, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) *қаулыларын* жокқа шығару туралы прокурордың наразылығы;

3) мемлекеттік органның, жергілікті басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды тұлғаның, мемлекеттік қызметкердің *шешімдерін, әрекеттерін* (немесе әрекетсіздіктерін) жокқа шығару туралы азаматтың және заңды тұлғаның арызы;

4) нормативті құқықтық актінің заңдылығын жокқа шығару туралы;

5) қабылданған және жарияланған нормативті-құқықтық актіні және органдар мен лауазымды тұлғалардың әрекеттерін заңсыз деп тану туралы прокурордың үндеуі.

Соттың жүргізуі заңда қарастырылған бұқаралық қарым-қатынастардан туындаған өзге де істер қаралуы мүмкін.

Бұқаралық қарым-қатынастардан туындаған азаматтық істер бойынша өділсот жалпы соттардың ведомстволық бағынышты және оны сот азаматтық сот ісі тәртібімен қарайды.

Істердің ведомстволық бағыныштылығы мен соттылығы. Мемлекеттік органның, жергілікті басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды тұлғаның, мемлекеттік

қызметкердің шешімдерін, әрекеттерін (немесе әрекетсіздіктерін) жоққа шығару туралы істерді азаматтың не болмаса мемлекеттік органның тұратын жері бойынша аудандық соттар қарайды (ҚР АІЖК 278-бап).

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты 2003 жылдың 19-желтоқсанындағы «Соттардың мемлекеттік органның, жергілікті басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды тұлғаның, мемлекеттік қызметкердің шешімдерін, әрекеттерін (немесе әрекетсіздіктерін) жоққа шығару туралы заңдылықтарын қолдануы туралы» № 10 нормативті қаулысында мына даулардың *ерекше талап қою ісі* тәртібімен емес, *талап қою ісінің* ережелері бойынша қаралатыны көрсетілген:

1) соттың, сот төрешілерінің, прокурордың, тергеушінің, анықтаушының азаматтық-іс жүргізу, қылмыстық-іс жүргізу, әкімшілік іс жүргізу заңдылықтарына қатысты шешімдерін, әрекеттерін жоққа шығару туралы арыздарды қараудың өзге сот тәртібі бекітілген;

2) азаматтық-құқықтық, еңбек, тұрғын үй, отбасылық, жер және өзге де жеке-құқықтық қарым-қатынастардың субъектілері арасындағы даулар;

3) ішкі істер органдары, салық және кеден органдары жұмысшыларының осы органдардың басшыларының қатаң айыппұл салу мен қызметтен босату туралы бұйрықтарын заңсыз деп тану туралы арыздары;

4) акционерлік қоғамдардың, шаруашылық серіктестіктердің, тендерлік комиссияның қабылдаған осы мекемелердің қатысушыларының және т.б. мүдделеріне нұқсан келтіретін шешімдерін жоққа шығару туралы арыздары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктердің және өзге де республикалық атқару органдарының және Қазақстан Республикасы Президентіне бағынышты, есеп беретін органдардың азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты жеке актілерін жоққа шығару туралы істерін облыстық және оған тең соттар ҚР АІЖК 28-бабына сәйкес қарайды.

Аталған ережелер республикалық атқару органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты, есеп беретін органдардың аумақтық құрылымдық бөлімшелеріне қатысты емес екенін ескерген жөн.

Занды тұлғаның және заңды тұлғалардың білімінсіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы азаматтардың мемлекеттік

органның, жергілікті басқару органының шешімдері мен әрекеттерін жокқа шығару туралы істері *арнайы экономикалық соттарға* сотты. Ерекше талап қою істері бойынша азаматтар өз құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы белгілі болған күннен бастап *үш ай ішінде* сотқа арыздануға құқылы (ҚР АІЖК 280-баптың 1-бөлігі).

Ерекше талап қою тәртібімен мемлекеттік органдардың қолдануда жеке, бір реттік сипатқа ие актілері (бұйрықтар, жарлықтар, қаулылар) бойынша даулар қаралатынын есте ұстаған дұрыс. Бұл актілер оның құқықтары мен міндеттерін анықтау, өзгерту, тоқтату немесе тоқтата тұруды мақсат еткен белгілі бір тұлғаға қолданылады.

Істерді қарау. Істерді сот отырысында қарау үшін мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің басшысы, лауазымды тұлға немесе мемлекет қызметкері шақырылады, сот олардың келу міндетті деп есептейтін ұйғарым шығарады. Аталған органдардың басшылары мен лауазымды тұлғалар сот отырысына келуден жалтарған жағдайда ҚР АІЖК 120-бабына сәйкес оларды еріксіз келтіру туралы ұйғарым шығарылуы мүмкін.

Бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істерді талқылаудың мынадай ерекшеліктері бар:

а) сот қызметінің тақырыбына жеке құқықтық қарым-қатынастарға қарағанда императивтік және өкімдік сипатқа ие бұқаралық-құқықтық қарым-қатынастар, оның түрлі атқару органдары және лауазымды тұлғалар бастаған мемлекеттік органдардың міндетті түрде қатысуы жатады. Сот азаматтық емес, өкімшілік, сайлау, салық не болмаса өзге құқық туралы дауларды шешеді;

б) азаматтық сот ісінде қатысушылардың бірі ретінде атқару өкіметінің тиісті органы не болмаса жергілікті басқару органы, лауазымды тұлға сөйлейді. Бұл сот ісінде арызданушылар азамат, ұйым, атқару өкіметінің органдары не болмаса жергілікті басқару органы, лауазымды тұлға, өз құзыретінің шегінде прокурор болып табылады;

в) бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер бойынша талап қою ісінде қолданылатын бейбіт келісімді жасауға, істі аралық соттардың шешуіне беруге, талап қою болмайтындықтан қарама-қарсы талап қоюға, сондай-ақ талапты мойындау, талаптан бас тарту сияқты іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге болмайды;

г) бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер бойынша *сырттай сот ісі* қолданылмайды;

Бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істерді әдетте соттар жеке қарайды, ал сайлау комиссиясын, референдум комиссиясын қайта құру туралы істерді үш сот төрешісі алқалы түрде қарауы мүмкін.

ҚР АІЖК 273, 281, 284-баптарына сәйкес бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істерді сот азаматтар мен заңды тұлғалардың арыздары бойынша қарайды. Арызда, шағымда қандай шешімдердің, әрекеттердің (әрекетсіздіктердің) заңсыз деп тану керектігі, осы шешімдермен, әрекеттермен (әрекетсіздіктермен) қандай құқықтар мен бостандықтардың бұзылғаны көрсетілуі тиіс. Азаматтардың немесе заңды тұлғалардың жоғарғы органға арыз беруі арызды сот ісіне қабылдаудан бас тартуға негіз бола алмайды.

Осы санаттағы істер бойынша прокурор азаматтардың немесе ұйымдардың өтініштері бойынша сотқа олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін арыз беруге құқылы (ҚР АІЖК 55-бап). Мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның құқықтық актісін және әрекетін заңсыз деп таныған жағдайда, наразылықты тиісті мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға қабылдамағанына байланысты прокурордың сотқа берген арызы ҚР АІЖК 29-бабының ережелері бойынша қаралуы тиіс.

Егер де сотқа арыз беру кезінде сот ведомстволық бағынышты сотта құқық туралы даудың барын анықтаса, сот төрешісі арызды қозғаусыз қалдырады және арыз берушіге талап қою арызын ҚР АІЖК 150 және 151-баптарына сәйкес қайта ресімдеу қажеттігін түсіндіреді. Бұл ретте істің соттылық ережесі бұзылатын болса, сот төрешісі арызды қабылдаудан бас тартады.

Нормативтік құқықтық актіні заңға қайшы келген деп тану туралы арызды қараған кезде аталған актіні қабылдауға негіз болған мән-жайларды дәлелдеу міндеті актіні қабылдаған мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға жүктеледі (ҚР АІЖК 284-баптың 4-бөлігі). Сот, құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істерді қарап шешім шығарарда дәлелдемелерді осы бастамасы мен істі дұрыс шешу үшін оны алдыруға (талаптануға) құқылы.

Бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істерді қарап, шешу барысында сот жоққа шығарудың такы-

рыбына — мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның шешімі немесе әрекеті (әрекетсіздігі) екендігін анықтауы тиіс. Егер де мемлекеттік органның, жергілікті басқару органының, қоғамдық ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметкердің шешімі жокқа шығарылатын болса, бұл шешімді кімнің шығарғанын және қандай құқықтың (азаматтық, әкімшілік, зейнеткерлік және т.б.) бұзылғанын анықтау қажет.

Істің барлық мән-жайлары мен азаматтар мен заңды тұлғалардың арыздары негізді екендігін анықталғаннан кейін сот шешім шығарып, онда мыналарды көрсетіп, тануы тиіс:

1) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзған мемлекеттік органның, жергілікті басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды тұлғаның, мемлекеттік қызметкердің заңсыз құқықтық актісін жокқа шығару туралы;

2) егер де тәртіп бұзушылық анықталмаса, осы тұлғалар мен органдардың арыздарын қанағаттандырудан бас тарту туралы;

3) меншік иесінің немесе өздеріне тиеселі мүлікке иелік ету, пайдалану, жарлық ету құқығы бұзылған жағдайда мемлекеттік басқару органының не болмаса лауазымды тұлғаның заңға сәйкес келмейтін жеке актісін жарамсыз деп тану (ҚР Азаматтық кодексі 267-бап);

Мемлекеттік органның және өзге органның қабылдаған нормативті-құқықтық актісін заңсыз немесе заңға сәйкес келмейді деп таныған жағдайда сот тиісті мемлекеттік органға, жергілікті басқару органына, қоғамдық бірлестікке, ұйымға, лауазымды тұлғаға немесе мемлекет қызметкеріне азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін толықтай қалпына келтіру міндетін жүктейді. Арызды қанағаттандыру туралы сот шешімінде жокқа шығарылған шешіммен, әрекетпен (әрекетсіздікпен) жокқа шығарылған құқықтық акті мен жіберілген құқық бұзушылықтарды қалпына келтіру үшін жасалынатын іс-әрекеттер көрсетілуі тиіс (ҚР АІЖК 278, 282-баптар).

ҚР АІЖК 282-бабына сәйкес бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер бойынша сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін іске қатысушы тұлғалар, сондай-ақ өзге де тұлғалар сотта сол талаптармен, сол негізде арыздана алады. Демек, осы санаттағы істер бойынша сот шешімінің заңды күші егер де олардың арыздарының тақырыбы мен негізі сәйкес келсе, барлық тұлғаларға арналған. Сондықтан да, егер де сол та-

қырып бойынша сот шешім қабылдаған болса және ол заңды күшіне енген болса, сот төрешісі арызды қабылдаудан бас тартады немесе бұқаралық-құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер бойынша сот ісін тоқтатады.

Сот шешімі заңды күшінен енгеннен кейін үш күн ішінде заңды бұзған кемшіліктерін жою үшін шешімі мен әрекеті жоққа шығарылған сол мекеменің басшысына не болмаса органға бағыныштылық тәртібімен жоғарғы тұрған органға, ұйымға не лауазымды тұлғаға жіберілуі тиіс. Шешімді ерікті түрде орындамаған жағдайда, сот азаматтың немесе заңды тұлғаның арызы бойынша сот қаулыларын орындату бойынша тиісті өкімді органдарға орындау парағын жазып, оны орындатуға жіберуі тиіс.

§ 2. Сайлауларға, референдумдарға қатысушы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздары бойынша сот ісі

Сайлау құқықтары мен референдумға қатысу құқықтарын қорғау туралы істер бойынша сот ісі ҚР АІЖК 25-бабымен және «Республикалық референдум туралы» 1995 жылдың 2-қарашасында шыққан Конституциялық заң, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйекте шыққан Конституциялық заңдар кіретін сайлау құқығы туралы тиісті конституциялық заңмен реттеледі. «Қазақстан Республикасы сайлауы туралы» Конституциялық заңда Қазақстан Республикасы Президентін, Сенат пен Қазақстан Республикасындағы Парламентінің депутаттарын сайлау, Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау тәртіптері қарастырылған. Осы санаттағы істер бойынша сот ісі нақты тұлғалардың немесе сайлау кезінде құқықтары бұзылған тұлғалардың белгісіз аясының, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының, облыстық аумақтық сайлау комиссиялары мен өзге комиссиялардың арыздары бойынша жүргізіледі.

ҚР АІЖК 272-бабы, «Республикалық референдум туралы» Заңның 5-бап, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Заңның 4-баптарында өздерінің сайлау құқықтарының жоққа шығарылғандығы туралы арыздануға құқықтары бар тұлғалар анықталынған. Мұндай тұлғаларға заң: азаматтарды, сайлаушыларды, қоғамдық бірлестіктерді, сайлау комиссияларының

мүшелерін, депутаттыққа кандидаттарды, сайланушылар мен олардың сенімді тұлғаларын, саяси партияларды, сайлау блоктары мен олардың сенімді тұлғаларың, өзге қоғамдық бірлестіктерді, референдум өткізетін ерікті топтарды, саяси партияларды және шет мемлекеттерді бақылаушыларды, прокурорды жатқызады.

Арыз берудің негіздеріне мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, сайлау комиссиясының, азаматтардың сайлау және сайланушы болу, сайлауларға, референдумдарға қатысу құқықтарын бұзған лауазымды тұлғалардың заңсыз шешімдері әрекеттері (әрекетсіздіктері) жатады. Аталған тәртіппен шағымдануға тиісті сайлау комиссияларының әрекеттері әдетте *сайланушылар тізімінің дұрыс еместігіне* азаматтардың назар аударғанына байланысты осы комиссиялардың шешімдеріне қатысты. Сайланушылар тізімінің дұрыс еместігі туралы мәселе бойынша және заңда қарастырылған өзге де жағдайлар бойынша сайлау комиссияларының шешімдерімен келіспейтін тұлға сайлауға дейін жеті күн бұрын тиісті сайлау комиссиясының тұрған жері бойынша сотқа шағымдана алады.

Жалпы ережелерге қарағанда сотқа жүгінудің бекітілген түрін сақтамау арызды қабылдаудан бас тартуға емес, соттың бұл арызды тиісті сайлау комиссиясына жіберуіне әкеп соқтырады.

Сайлау комиссиясының жұмысын және сайлау құқығын жүзеге асыру тәртібін реттейтін заңның бірден-бір актісі 2003 жылғы 28-қыркүйекте шыққан «Қазақстан Республикасының сайлауы туралы» Конституциялық заң болып табылатынын есте ұстаған жөн.

Сайлау туралы заңда сайланушылар тізімінде (сайлаушының аты-жөні мен өзге мәліметтер) кеткен *қателер мен нақтылы еместерді* түзету туралы сайлау комиссиясына міндетті түрде сотқа дейін шағымданудың тәртібі қарастырылған.

Тізімдегі қатені жоққа шығару туралы арызды сайлау өтетін күнге дейін учаскелік комиссия қарауы тиіс, арызды дереу қарау, тізімге тиісті өзгертулер енгізу туралы шешім қабылдауы не болмаса арызданушыға оның арызын қараудан бас тарту туралы дәлелді шешімнің көшірмесін беруі тиіс. Бұл шешімге сайлау комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап, *он күн ішінде* үш күннен кешіктірмей, ал дауыс беру күні тез арада шағымды қарауға міндетті жоғарғы комиссияға шағымдануға болады.

Жоғарғы комиссияның немесе соттың шешіміне сәйкес тізімдегі қатені учаскелік комиссия тез арада түзетеді. Кез кел-

ген жағдайда сайлау комиссиясына алғашқы шағымдану ұсынылады, содан соң барып, бас тартқан жағдайда сотқа не жоғарғы комиссияға шағымданады. Сайлау туралы заңда шағым берудің қысқартылған мерзімдер де және сотқа жүгінетін өзге жағдайлар да бекітілген. Егер де сайлау комиссияларының кандай да бір әрекеттеріне шағымдану құқығы сайлау заңдылықтарының актісінде қарастырылмаса да, Қазақстан Республикасы Конституциясының тікелей әсер ету күшімен комиссияның әрекетіне шағымдануға болатынын есте ұстаған дұрыс.

Кандидатты депутаттыққа тіркеуден бас тартқаны немесе тіркеуден алып тастағаны үшін сотқа немесе Орталық сайлау комиссиясына *жеті күн* ішінде шағымдануға болады.

Сондықтан да, азаматтардың шағымдары бойынша сайлау комиссияларының сайлау тізіміне өзгерту енгізуден бас тартқаны үшін сотқа ерекше сот ісі тәртібімен шағымданады.

Азаматтардың сайлау құқықтарын жүзеге асыруы осы азаматтың аты-жөнін сайлау тізімдерінен табумен, яғни сайлау құқықтарын жүзеге асыру үшін мемлекеттік тіркеуден өту қажеттігімен ерекше байланысты. Мұндай жағдайда сайлау құқығын жүзеге асыру мүмкіндігінің өзі емес, азаматтардың өз құқықтарын сөзсіз жүзеге асыруының алғы шартының тіркелгені, яғни азаматтың құқығы азаматты тиісті түрде *тіркемеу* арқылы бұзылған жағдайда. Демек, істердің бұл санатында құқықты жүзеге асыру туралы дау жоқ, оның орнына құқықты жүзеге асырудың алғы шарттары туралы дау бар — яғни құқық туралы дау жоқ. Істердің осы санаты (категория) аясында сот шешімі құқықты жүзеге асырудың алғы шарттарын тіркеудің орнын баса алмайды, ол осындай тіркеуді жүзеге асырудың негізі болып табылады.

Соттар мен прокуратура органдары сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруді өткізуге қатысты, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың бұзылуы жөніндегі сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын карап, оларды бес күн мерзімде, ал дауыс беру алдындағы бес күнге жетпейтін уақыт ішінде және дауыс беру күні келіп түскендерін дереу карауға міндетті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 50-бабында азаматтардың, заңды тұлғалардың, сайлау комиссиялары мүшелерінің, қоғамдық бірлестіктердің және өзге тұлғалардың жоққа шығарылған құқықтары туралы

сотқа жүгінулеріне себеп болатын сайлау заңдылықтарын бұзудың тізімі кеңінен берілген. Аталған тәртіп бұзушылықтар тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тартудың негізі болатынын ескерген жөн:

1) сайлау комиссияларының жұмысына араласу;

2) дауыс беруге кедергі келтіру, кандидатты, партиялық тізімдерін тіркеумен дауыстарды есептеумен және сайлау қорытындыларын анықтаумен байланысты міндеттерге кедергі келтіру, Қазақстан Республикасының азаматына күш көрсету, қорқыту, алдау, саудаға салу арқылы өзінің сайлау құқығын жүзеге асыруына кедергі келтіру;

3) сайлау құжаттарының жалғандығы;

4) қасақана дауыстарды дұрыс санамау, сайлау нәтижелерінің қорытындысын дұрыс шығармау;

5) дауыс беру құпиясын бұзу;

Сайлау заңдылығын бұзғаны үшін тұлғаны *әкімшілік жауапкершілікке тартуға* мыналар негіз болады.

1) сайлау туралы заңға сәйкес мәліметтерді ұсынбау немесе жарияламау;

2) сайлау күнде немесе оның алдындағы күнде саяси партия ұсынған кандидат, партия тізімі тіркелгенге дейін сайлау алдындағы үгіт жұмыстарын жүргізу;

3) сайлау алдындағы үгіт жұмыстарын, кандидаттардың сенімді тұлғаларының, саяси партиялардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің және сайлау бақылаушыларының заңды әрекеттерін жүргізуге кедергі келтіру;

4) кандидаттар, саяси партиялар туралы олардың ар-намысын, қадір-қасиетін аяққа таптайтын қасақана жалған мәліметтер тарату;

5) сайлау комиссия мүшелерінің азаматтардың сайланушылар тізімімен танысу құқықтарын бұзуы немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгіт жұмыстарын жүргізу шарттарын бұзуы;

6) сайланушылар тізімін құру үшін сайланушылар туралы жалған мәліметтер ұсыну;

7) өзге тұлғаларға дауыс беру үшін азаматтарға сайлау бюллетендерін тарату;

Аталған жағдайларда сайлау комиссиясы сотқа немесе прокуратураға арыздануға құқылы.

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексында (ҚР АІЖК 273-бап), соттың сайлау комиссияларының әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану туралы арыздарын қарау мерзімдері көрсетілген:

1) сайлауға дайындық және сайлауды өткізу кезінде, сондай-ақ дауыс берген күннен бастап бір ай ішінде түскен арыздар *он бес күн мерзім* ішінде қаралады;

2) дауыс бергенге дейін бес күн ішінде түскен арыздар *дауыс беру күнінде*;

3) сайлау қорытындыларын жариялағанға дейін берілген арыздар — *тез арада*

4) сайланушылар (сайлаушылар) тізімін түзету қажеттігі туралы арыздар түскен күні қаралуы тиіс.

Арызды сот арыз берушінің, тиісті сайлау комиссиясының немесе мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының қатысуымен қарайды. Сот отырысының болатын уақыты мен орны хабарланған, аталған тұлғалардың сотқа келмеуі істі шешуге кедергі бола алмайды.

Шағымды сот арыз берушіні, мемлекеттік органды, заңды тұлғаны, сондай-ақ тиісті сайлау комиссиясының өкілін сот отырысына шақырып қарайды. Сайланушылар тізімінің дұрыс еместігі туралы сайлау комиссиясының өзге де әрекеттеріне шағым жасау бойынша істі сот прокурордың қатысуымен қарайды. Сайлау комиссиясының әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарау ерекшелігіне сот шешімінің заңды күшіне енудегі ерекше тәртіп жатады. Азаматтың немесе заңды тұлғаның шағымы бойынша сот шешімі дәлелдеуі болуы тиіс. Ол жарияланғаннан кейін *бірден* заңды күшіне енеді және оған апелляциялық тәртіппен шағымдануға, наразылық білдіруге болмайды. Сот шешім шығарғаннан кейін бұл шешімнің көшірмесін дереу мемлекеттік органға, заңды тұлғаға, азаматқа немесе тиісті сайлау комиссиясының төрағасына жібереді. Онда арыз берушіге және өзге тұлғаларға арыз бойынша іс қозғалғанын хабарлайды. (ҚР АІЖК 274-бап).

§ 3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті органдар мен лауазымды тұлғалардың қаулыларын жоққа шығару туралы сот ісі

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашасында шыққан «Соттардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдылықтарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» № 18 нормативті қаулысында әкімшілік жауапкершілік туралы заңдылықтарының принциптерін сақтамау (ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі 8-бап) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша болған сот ісін жарамсыз деп тануға,

осындай сот ісі барысында шығарылған шешімді жоққа шығаруға немесе іс материалдарының дәлелдемелік күші жоқ деп тануға әкеліп соқтыратындығы айтылған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті органдар мен лауазымды тұлғалардың қаулыларын жоққа шығару туралы сот ісін сот ҚР АІЖК-нің 26-тарауында қарастырылған ерекше сот ісі тәртібімен әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің нормаларын қолдана отырып жүргізеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 39-тарауындағы ережелер бойынша соттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік өкімет органдарының, коммерциялық ұйымдар басшыларының, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің шығарған қаулыларына (хаттамаларына) жасалған шағымдарды қарап, шешуді жүзеге асырады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы хаттама (қаулы) ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 635-бабына сәйкес толтырылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға әкімшілік жаза қолданылған тұлғалар сотқа шағымдана алады. Оларға заң әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шыққан тұлғаны, жәбірленушіні, жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін, қорғаушысын жатқызады (ҚР ӘҚБтК 584–588-баптар).

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыға жасалған шағым іс бойынша қаулы шығарған лауазымды тұлғаға жіберіледі, ол шағым немесе наразылық түскен күннен бастап үш күш ішінде оларды істің барлық материалдарымен бірге жоғары органға немесе жоғары лауазымды тұлғаға жіберуі тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шағым, наразылық соттылығы бойынша арыз берушінің тұрғылықты жеріндегі аудандық сотқа тікелей қаулы көшірмесін алған күннен бастап *он күн ішінде* берілуі мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзған тұлға істі қарауға қатыспаған жағдайда шағым беру мерзімі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы түскен күннен басталады. Дәлелді себептермен мерзімді өткізіп алған жағдайда, қаулы шығарылған тұлғаның арызы бойынша сот бұл мерзімді қалпына келтіруі мүмкін (ҚР ӘҚБтК 657-бап). Шағым беретін мерзімді өткізіп алу, әкімшілік жаза қолдану мерзімінің өтіп кетуі, сондай-ақ қаулыны орындау мерзімінің өтіп кетуі соттың шағымды қарауға қабылдаудан бас тартуына негіз бола алмайды. Мерзімдерді және істерді дұрыс шешу үшін олардың манызын сот шағымдардың мазмұнына қарамастан тексереді.

Мүдделі тұлғалардың жоғары органға немесе жоғары лауазымды тұлғаға бағыныштылық тәртібімен алдын ала өтініш білдіруі сотқа шағым берудің және оны мәні бойынша қарап, шешу үшін соттың қабылдауының міндетті шарты емес. Егер де әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыға шағым жоғары органға (лауазымды тұлғаға) және сотқа бір мезгілде түссе, онда шағымды сот қарайды.

Берілген шағым ҚР АІЖК 150 және 151-баптарындағы талаптарға сай түрде және мазмұнда болуы тиіс. Сотқа шағым беру әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауды тоқтатады. ҚР ӘҚБтК-нің 662-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарауға дайындау үшін сот төмендегі әрекеттерді жүзеге асырады:

1) іс бойынша сот ісін болдырмайтын мән-жайлардың бар-жоғын анықтайды;

2) Өтінімге рұқсат береді, қажет болған жағдайда сараптама тағайындайды, қосымша материалдарды талап етеді, шағымды қарауға қатысуы тиіс дер шағына тұлғаларды шақырады;

3) егер де шағым, наразылықты қарау тиісті соттың құзыретіне жатпаса, шағымды істің барлық материалдарымен бірге ведомстволық бағынышты сотқа жібереді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылықты сот ол түскен күннен бастап он күн ішінде жеке қарайды.

Тұлғаны қамауға алу түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартқан жағдайда шағым, наразылық берілген күнінен бастап бір тәулік ішінде қаралуы тиіс (ҚР ӘҚБтК 660-бап).

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылықты қарау кезінде іс жүргізу заңының нормалары сақталуы тиіс. Сот шығарылған қаулының заңдылығы мен негізділігін тексеруі тиіс, қажет болған жағдайда жеке тұлғаларды, заңды тұлғаның заңды өкілін, өзге тұлғаларды, маманның түсіндіруін, сарапшының қорытындысын, тыңдауы, қосымша материалдарды зерттеуі, ҚР ӘҚБтК 663-бабына сәйкес өзге де іс жүргізу әрекеттерін жүргізуі тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылықты қарағаннан кейін сот төрешісі ҚР АІЖК 277-бабына сәйкес төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) егер де сот әкімшілік жаза қолдану бойынша әкімшілік органның әрекеті заңды және негізді екенін анықтаса, онда қаулыны өзгертусіз, ал арызды қараусыз қалдырады.

2) егер де сот әкімшілік орган немесе лауазымды тұлға әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыны өз құзыреттерін бұза отырып шығарғанын анықтаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы *қаулыны жоққа шығарады* және әкімшілік жазаның мерзімі өтпеген болса, жоғары органға, лауазымды тұлғаға қарауға жібереді немесе әкімшілік жаза қолдану мерзімі өтіп кеткен болса, іс бойынша *сот ісін тоқтатады*.

Сонымен бірге қаулыны жоққа шығару және 68-бапта қарастырылған (мысалы, аса маңызы емес және т.б) мән-жайлар мен 580-бапта қарастырылған (оқиғаның жоқтығы мен әкімшілік құқық бұзушылық құрамының жоқтығы) мән-жайлар бар болатын болса, ҚР ӘҚБтК 581-бабындағы (ҚР ӘҚБтК 68-баптарында қарастырылған немесе қылмыстың белгілері бар болатын болса), сондай-ақ негізіне қаулы шығарылған мән-жайлардың дәделденбеген жағдайында істі тоқтату туралы шешім қабылдайды.

3) қаулыны жоққа шығарып, жаңа қаулы шығару туралы. Бұл ретте сот әкімшілік жаза қолдануды күшейтуге жол бермей, жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатын, құқық бұзушының жеке басын, оның кінәсінің деңгейін, мүлдітік жағдайын және жауапкершілікті жеңілдетейін өзге де мән-жайларды ескере отырып, қолданылатын шараны өзгертуге құқылы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті органның (лауазымды тұлғаның) шығарған қаулысына жасалған шағым (наразылық) бойынша соттың шығарған заңды күшіне енген және еңбеген ұйғарымына шағымдану ҚР ӘҚБтК-нің 277-бабында бекітілген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы және заңды тұлға шығарған қаулыға шағымды қарай нәтижелері бойынша сот шешімі ұйғарым түрінде шығарылады.

§ 4. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және мемлекет қызметкерлерінің шешімдері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздіктерін) жоққа шығару туралы сот ісі

Осы санаттағы істер бойынша сот ісін өткізу тәртібі ҚР АІЖК-нің 27-бабында және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсанында шыққан «Мемлекеттік

органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және мемлекет қызметкерлерінің шешімдері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздіктерін) жокқа шығаруда соттардың заңдылықтарды қолдануы туралы» № 10 нормативті қаулысында қарастырылған. Дау азаматтар мен заңды тұлғалар және өкімет органдары арасындағы бұқаралық-құқықтық қарым-қатынастардан туындайды Азаматтық іс жүргізу кодексінің 27-бабында қарастырылған тәртіппен көп жағдайларда мыналар жокқа шығарылуы мүмкін:

1) жергілікті атқару органының жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе бой көтерулер өткізуге тыйым салуы туралы шешім;

2) өкілетті мемлекеттік органның тұлғаны оралман, қоныс аударуға мәжбүр болған, босқын деп танудан бас тартқаны туралы шешімі;

3) көлік құралдарының қозғалысын шектеу немесе жабу бойынша жол қозғалысы органдарының әрекеті;

4) салыққа қарыз заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банктік есепшоттарынан мәжбүрлі түрде ақша өндіру туралы салық органдарының әрекеті;

5) орындау құжатымен орындау ісі бойынша немесе осындай әрекеттерді орындаудан бас тарту жөніндегі сот орындаушысының шешімі мен әрекеті (Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының аталған қаулысының 1-тармағы).

ҚР АІЖК 278-бабына сәйкес құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда азамат немесе заңды тұлға мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және мемлекет қызметкерлерінің шешімдері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздіктерін) жокқа шығарға құқылы. Мұндай жағдайларда олар жоғарғы органға және ұйымға немесе лауазымды тұлғаға бағыныштылық тәртібімен немесе тікелей сотқа шағымданады.

Жоғарғы органға және ұйымға немесе лауазымды тұлғаға алдын-ала бару сотқа арыздану үшін және соттың оны мәні бойынша қарап, шешуге қабылдауының міндетті шарты емес. Егер де тұлға мемлекеттік өкіметтің жоғарғы органының, жергілікті өзін-өзі басқару органының, лауазымды тұлғаның шағымды қарау нәтижелеріне қанағаттанбаса, кез келген жағдайда сотқа шағымдануға құқылы.

Сотқа арыз ҚР АІЖК-нің 31-баптың 3-бөлігі және 32-баптарындағы бекітілген бағыныштылық ережелері бойынша беріледі. Аудандық соттардың қарауына бағынышты арызды азамат әрекеті жоққа шығарылатын мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды тұлғаның мемлекет қызметкерінің тұрғылықты жеріндегі сотқа береді.

ҚР АІЖК 280-бабына сәйкес азамат немесе заңды тұлға өздерінің құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы белгілі болған күннен бастап, *үш ай мерзім ішінде* сотқа арыз бере алады. Дегенмен де, сотқа арыз берудің үш ай мерзімін өткізіп алу соттың арызды қабылдаудан бас тартуына негіз болмайды. Азаматтар мен заңды тұлғалардың сотқа арыздану мерзімін өткізіп алу себебі арызды мәні бойынша сот отырысында қарау кезінде анықталады және арызды қанағаттандырудан бас тарту негіздерінің бірі бола алады.

Мемлекеттік органның азаматқа мемлекеттік құпиядан тұратын мәліметтер туралы хабардар етілгендігі туралы негіз бойынша оған Қазақстан Республикасының шекарасынан шығуына рұқсат етуден бас тартуы жолға шығу туралы өтінішін қараусыз қалдыру туралы шешім қабылданған жердегі тиісті аудандық және оған тең келетін сотта жоққа шығарылады.

279-бапта сот жүзінде жоққа шығарудың нысандары анықталған. Мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды тұлғаның мемлекет қызметкерінің сотта жоққа шығарылған шешімдері мен әрекеттері (немесе әрекетсіздіктеріне) нәтижесінде төмендегі жағдайлар болған алқалы және жеке шешімдер мен әрекеттер (немесе әрекетсіздіктер) жатады:

1) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған;

2) азаматтар мен заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыруға кедергілер келтірілді;

3) азаматқа немесе заңды тұлғаға заңсыз қандай да бір міндет жүктелді немесе заңсыз жауапкершілікке тартылды.

«Әкімшілік процедуралар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 3-тармағы бойынша мемлекеттік органның заңсыз құқықтық актісін сот жоққа шығаруы тиіс екенін есте ұстаған жөн. Сонымен бірге сот шешімімен Қазақстан Респуб-

ликасының Конституциясына сәйкес келмейтін мәслихат шешімі, әкімдердің жарлығы жоққа шығарылады (ҚР Конституциясы 88-бап 3 және 4 тармақ).

Сотта ерекше сот ісі тәртібімен мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің және лауазымды тұлғалардың мынадай шешімдері және әрекеттері жоққа шығарылмайтынын есте ұстау керек:

1) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі ғана тексеретін нормативті-құқықтық актілер;

2) Занда сотқа шағымданудың өзге тәртібі қарастырылған нормативті құқықтық актілер.

Арызды қарау. ҚР АІЖК 281-бабына сәйкес арызды сот бір ай ішінде азаматтың, өкілдің және заңды тұлғаның, шешімдері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздіктері) жоққа шығарылатын мемлекеттік орган басшысының, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, Сот отырысының болатын уақыты мен орны тиісті хабарланған аталған тұлғалардың сот отырысына келмеуі арызды қарауға кедергі бола алмайды. Дегенмен де, аталған адамдар сот отырысына келуден қасакана жалтарған жағдайда, сот олардың келуі міндетті деп танып, оларды еріксіз әкелу туралы ұйғарым шығара алады (ҚР АІЖК 120-бап).

Сот шешімі және оны орындау. Сот арызды негізді деп тани отырып, мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды тұлғаның немесе мемлекет қызметкерінің бұзған азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін толықтай қалпына келтіру жөніндегі міндеттері туралы шешім шығарады.

Мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздіктерін) сот заңсыз деп тану туралы талап қою арызын қанағаттандырған жағдайда, сот жоққа шығарылған шешімдер мен әрекеттерді (немесе әрекетсіздіктерді) заңсыз деп таниды, азаматтың талабын орындауды міндеттейді, оған жаза қолдану шарасын жоққа шығарады не болмаса оның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын өзге де тәсілдермен қалпына келтіреді. Шешімнің қарарлы бөлімінде нормативті құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы шешім сол акті қабылданған сәтінен бастап жарамсыз деп көрсетілуі тиіс (ҚР АІЖК 222-бап).

Егер де сот жокка шығарылған шешімдер мен әрекеттер мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың немесе мемлекет қызметкерінің өкілеттіктері шегінде, заңға сәйкес шығарылғандығын және азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылмағандығын анықтаса, онда арызды қанағаттандырудан бас тартады.

Соттың шешімі жіберілген заң бұзушылықтарды жою үшін шешімдері мен әрекеттері жокка шығарылған мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың басшыларына, лауазымды тұлғаларға немесе мемлекет қызметкеріне не болмаса бағыныштылық тәртібімен жоғары тұрған органға, ұйымға немесе лауазымды тұлғаға сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін үш күн ішінде жіберіледі.

Нормативті құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы сот шешімі немесе ол туралы хабарлама нормативті құқықтық акті жарияланған бұқаралық акпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Шешімнің орындалуы туралы сотқа, азаматқа немесе заңды тұлғаға сот шешімін алған күннен бастап, бір айдан кешіктірілмей хабарлануы тиіс. Соттың шешімін орындамағаны үшін кінәлі лауазымды тұлғалар заң бойынша жауапқа тартылады. (ҚР АІЖК 282-баптың 4-бөлігі).

§ 5. Нормативті құқықтық актілердің заңдылығын жокка шығару туралы істер бойынша сот ісі

Нормативті құқықтық актілердің заңдылығын жокка шығару туралы істер бойынша сот ісі мәні жағынан мемлекеттік органдардың және заңды тұлғалардың шығарған нормативті құқықтық актілерінің заңдылығы туралы дауды сот шешетін ерекше сот ісіне жатады. ҚР АІЖК 283-бабына сәйкес нормативті құқықтық актілерді жокка шығару туралы істерде талап қоюшыларға тікелей талап қою арызын ұсынған азаматтар немесе ұйымдар ғана емес, жокка шығарылатын актімен құқықтары бұзылған өзге де субъектілер де жатады және осы тұлғалардың барлығының мүддесі бір мақсатқа бағытталуы тиіс: нормативті құқықтық актіні заңсыз деп тану.

Әдебиеттерде нормативті құқықтық актіні тұлғалардың белгісіз топтары үшін міндетті құқықтық нормаларды (тәртіп ережесі) бекітетін мемлекеттік органға, жергілікті өзін-өзі басқару органына немесе лауазымды тұлғаға бекітілген тәртіппен шығарған, қайта-қайта қолдануға арналған және нақты құқықтық қарым-қатынастар туындағанына немесе тоқтағанына қарамастан қолданыста болатын билік актісі деп түсіну қабылданған.

ҚР АІЖК-нің 28-тарауында жалпы соттардың мемлекеттік өкімет органдары мен заңды тұлғалар шығарған нормативті-құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдары мен қаулыларына сәйкес келуін бақылауды жүзеге асыру тәртібі қарастырылған. Мұндай істерді қарау кезінде жалпы соттар шын мәнінде олардың заңдылығын бақылауды жүзеге асырады. Нормативті-құқықтық актілердің заңдылығын, яғни олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына немесе үлкен заңды күші бар заңға сәйкес келуін қадағалауды жалпы соттардан басқа өзге сот, сондай-ақ сотқа жатпайтын органдар да жүзеге асыруға құқылы, сондықтан да мұндай қадағалауды әдебиетте шартты түрде екі түрге бөледі: сот қадағалауы және соттан тыс қадағалау.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін, Қазақстан Республикасының Парламенті заңдарды қабылдағанға дейін олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келуін қарайды, соттан тыс қадағалау осылайша жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта шығарылған нормативті-құқықтық актілердің көпшілігін соттан тыс қадағалау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және оның аумақтық органдарына атқару органдарының нормативті-құқықтық актілерін тіркеу арқылы жүктелген. Аталған органдар тіркеу кезінде бұл актілердің Қазақстан Республикасы Конституциясына, заңға және үлкен заңды күші бар өзге де нормативті актілерге сай келетіндігі тексеріледі. Нормативті құқықтық актіні әділет басқармасы заңды сараптама жүргізгеннен кейін, актінің Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес келмейтіндігін анықтаған жағдайда тіркеуден бас тартуы мүмкін. Мемлекеттік

тіркеуге рұқсат етілмегеннен кейін атқару өкіметі органының басшысы тіркелмеген нормативті құқықтық актіні жоққа шығару туралы тиісті құжат (қаулы, бұйрық және т.б.) шығарады.

Соттан тыс қадағалауға сондай-ақ министрліктер мен үкімет ведомстволарының, өкілдерінің (занды) және Қазақстан Республикасының атқару органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, бақылау органдарының, олардың лауазымды тұлғаларының шығарған құқықтық актілерін қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы прокуратурасының қызметі де жатады. Мұндай жағдайларда прокурор заңсыз құқықтық актіні шығарған органға наразылық білдіру арқылы қадағалауды жүзеге асырады.

Істі қозғау. Мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, ұйымдардың немесе лауазымды тұлғалардың заңда қарастырылған тәртіппен қабылданған және жарияланған құқықтық актілерінде Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен заңдар кепілдік берген құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделері бұзылған деп есептейтін азаматтар мен заңды тұлғалар сол актіні толық немесе жартылай заңға қайшы келеді деп тану туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

ҚР АІЖК 283-бап 2-бөліміне сәйкес тексеруі Қазақстан Республикасы Конституциялық Кенесінің құзыретіндегі нормативті-құқықтық актілердің заңдылығын жоққа шығару туралы арыз жалпы сотта қаралуға жатпайды.

Нормативтік-құқықтық актілерді жоққа шығару туралы арыздың соттылығы ҚР АІЖК 3-тарауында бекітілген жалпы аумақтық және родтық соттылықтың ережелері бойынша анықталады.

Демек, ҚР АІЖК 28-бабына сәйкес облыстық және оған тең соттар бірінші сатыдағы сот ретінде министрліктердің, тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты, есеп беретін өзге республикалық атқару органдарының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативті құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының және Қазақстан Республикасының референдумының Орталық комиссиясының шешімдерін жоққа шығару туралы істерін қарауға құқылы.

Нормативті құқықтық актілерді заңсыз деп тану негізіне нормативті құқықтық актіні тіркеу дерегі және жалпыға мәлім ету үшін оны жариялау немесе олардың жоқ болуы жатады.

Нормативті құқықтық актілерді жокка шығару туралы арызда қорғалу тақырыбына азаматтар мен заңды тұлғалардың субъективті құқықтары мен мүдделері, сондай-ақ қоғамның мүддесі, яғни қоғамдық (бұқаралық) мүдделер жатады. Нормативті құқықтық актілерді жарамсыз деп тану туралы азаматтар мен заңды тұлғалардың арыздары ҚР АІЖК 150 және 152-баптарындағы арыз түрлері мен мазмұнына сәйкес келуі және нормативті-құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның атауы, оны қабылдаған күні, атауы (бұйрық, қаулы, шешім және т.б.), нұсқау және осы актімен немесе оның жеке ережесімен, Қазақстан Республикасы Конституциясының қандай бабымен, қандай заң ережелерімен, Қазақстан Республикасы Президентінің қандай жарлығымен азаматтар мен заңды тұлғалардың қандай құқықтарының бұзылғандығы көрсетілуі тиіс.

Нормативті құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы арызға оны қандай органның шығарғанын немесе қайсы бұқаралық ақпарат құралының жариялағаны және қашан жарияланғаны көрсетіле отырып, жокка шығарылатын актінің көшірмесі немесе оның бір бөлігі тіркелуі тиіс. Дегенмен де, нормативті құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы сотқа арыз беру нормативті құқықтық актінің әрекетін тоқтатпайды (ҚР АІЖК 283-баптың 6-бөлігі).

Арызды қарау. Нормативті құқықтық актілерді жокка шығару туралы сотқа арызданушы азаматқа немесе заңды тұлғаға, сондай-ақ осы нормативті құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға сот отырысының болатын уақыты мен орны хабарланады. Іс арыз берілген сәттен бастап, он күн мерзім ішінде азаматтың немесе заңды тұлғаның өкілінің, прокурордың, нормативті құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органның өкілінің немесе лауазымды тұлғаның міндетті түрде қатысуымен қаралуға тиіс. Дегенмен де, істі мән-жайларына қарай сот сот отырысының болатын уақыты мен орны хабарланған тұлғалардың біреуі келмесе де, істі тыңдай береді (ҚР АІЖК 284-баптың 1-бөлігі).

Тұлғаның нормативті құқықтық актіні жокка шығару туралы өз талабынан бас тартуы іс бойынша сот ісін тоқтатпайды. Заңсыз нормативті құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік өкімет немесе лауазымды тұлға талапты мойындауы сот үшін

міндетті емес, ол істі мәні бойынша қарауы тиіс. Нормативті құқықтық актіні жокқа шығару туралы істерде қоғамдық (бұқаралық) мүдделердің жеке мүдделерге қарағанда артықшылықтары бар.

Заңға қайшы келетін нормативті құқықтық актіні тану туралы арызды қарау кезінде аталған актіні қабылдау үшін негіз болған мән-жайларды дәлелдеу міндеті актіні қабылдаған мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға жүктеледі (ҚР АІЖК 284-баптын 4-бөлігі). Сот отырысында сот ең басында нормативті құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның құзыретін, мұндай актілерді қабылдауға құқылары туралы, содан сон қабылданған нормативті құқықтық актінің толықтай немесе жартылай Қазақстан Республикасы Конституциясына, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына сай келуін тексеруі тиіс.

Нормативті құқықтық актіні жокқа шығару туралы істерді қарау кезінде процеске қатысушылар істі шешуге маңызы бар деректерді дәлелдеуді жүзеге асырады. Бұл істер бойынша дәлелдеу тақырыбына нормативті құқықтық актіні қабылдау, тіркеу және жариялау дерегі жатады. Сот істердің осы санаты бойынша өз шешімін актіні қабылдау дерегіне, тіркеу тәртібін сақтауды және оны жалпыға мәлім ету үшін жариялауды, іске қатысушы тұлғалардың ұсынған дәлелдемелерімен, сондай-ақ осы деректердің расталуымен негіздеуі тиіс.

Іс бойынша жүргізілген құқықтық тұжырымдардың дұрыстығын анықтау, яғни жокқа шығарылған актінің аса зор заңды күші бар заңға сәйкетігін тексеру осындай шешімді қабылдаудың заңды екендігінің шарты болып табылады. Жарамсыз немесе колданыста жоқ деп танылған актілер «заңсыз» деген ұғымды білдіреді. Бұл екі жағдайда да нормативті құқықтық актінің аса зор заңды күші бар заңға, соның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетіндігін білдіреді.

Арыз бойынша сот шешімі. Нормативті құқықтық актілерді заңсыз деп тану туралы шешімдер мазмұндарына қарай тану туралы не болмаса қайта құрылушы (конститутивті) шешімдерге жатуы мүмкін. Іске қатысушы тұлғалардың көрсеткендеріне қарамастан сот нормативті құқықтық актілердің жалпыға мәлім ету үшін тіркелген және жарияланған дерегін тексеруі керек. (ҚР АІЖК 285-бап).

Нормативті құқықтық актілерді заңсыз деп тану туралы істер бойынша сот төмендегідей шешім шығаруы мүмкін:

1) нормативті құқықтық актіні *заңсыз* деп тану туралы талапты қанағаттандырудан бас тарту туралы (ҚР АІЖК 285-баптың 1-бөлігі);

2) нормативті құқықтық актіні белгілі бір сәттен бастап *қолданыста жоқ* деп тану туралы (ҚР АІЖК 285-баптың 2-бөлігі);

3) нормативті құқықтық акті толығымен немесе оның бір бөлігін *жарамсыз* деп тану туралы (ҚР АІЖК 285-баптың 3-бөлігі).

Нормативті құқықтық акті толығымен немесе оның бір бөлігін жарамсыз деп таныған сот шешімі осы актіні қабылдаған мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға үшін, құқықтары мен бостандықтарына жокқа шығарылған нормативті құқықтық акті әсер еткен азамат немесе тұлғалардың белгісіз аясы үшін міндетті болып табылады. Оның преюдициальды күші бар, нормативті құқықтық актінің заңдылығын өзге азаматтар қайта жокқа шығарылуы мүмкін, бірақ тек соттың тексеру нысанына жатпаған бөлімі ғана.

Нормативті құқықтық актіні, немесе оның бөліктерін, баптарын, тармақтарын сол негіздермен жокқа шығару туралы соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін осы нормативті құқықтық актіні, баптарды, нормативті құқықтық актінің тармақтарын заңсыз деп тану туралы талап қойылмайды.

Іс бойынша шешімдердің жүзеге асуы. Нормативті құқықтық актілерді заңсыз деп тану туралы шешім ерекше әкімшілік тәртіппен жүзеге асады. Шешім заңды күшіне енген сәттен бастап не болмаса сот ұйғарған және шешімнің қарарлы бөлімінде көрсетілген сәттен бастап, бұл шешім қолданыста жоқ деп саналатындықтан, мұндай шешіммен жауап берушіге нормативті құқықтық актіні жокқа шығару міндеті жүктелмеуі тиіс. Мұндай шешім нормативті құқықтық актіні заңсыз деп таныған сот шешімін барлық мүдделі тұлғаларға жеткізу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) жариялау арқылы жүзеге асады ҚР АІЖК 285-баптың 3-бөлігі).

Нормативті құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы істер бойынша ҚР АІЖК-нің 21-бабында бекітілген шешімнің міндеттілігі күшінде соттың заңсыз деп таныған нормативті құқықтық актіні тіркеген орган іске қатысуға тартылмаса да, нормативті құқықтық актіні тіркеуді жокқа шығаруы тиіс. Бұл әрекеттерді сот та жүзеге асыруы тиіс.

22-т а р а у. ЕРЕКШЕ СОТ ІСІ

§ 1. Ерекше сот ісі ұғымы және оның сипаттамасы

Азаматтық сот істеріндегі ерекше сот ісі талап қою ісіне қарағанда құқық туралы даудың, дауласатын, карама-қарсы заңды мүдделері бар тараптардың жоқтығымен ерекшеленеді. Істе арызданушылар мен мүдделі тұлғалар ғана қатысады. Ерекше сот ісі талап қою емес, біржақты сот ісі ретінде сипатталады. Ерекше сот істерін соттар талап қою істерінің жалпы ережелері бойынша қарайды, оған заңда бекітілген және берілген іс бойынша сот ісінің ерекшелігін құрайтын алулар мен толықтырулар жатпайды (ҚР АІЖК 290-бап). Істің негізгі тобын сот төрешілері жеке қарайды. Ерекше сот ісі қалған азаматтық сот істерімен өзара тығыз байланысты, өзге азаматтық істер сияқты істерді қарау тәртібін анықтайтын істің жалпы принциптеріне негізделеді. Ерекше сот ісін қарау кезіндегі сот ісінде әділсоттылықты тек сот, сот төрешілерінің тәуелсіздігі, жариялылық және т.б. жүзеге асыратын принцип қолданылады. Сот талқылауы сатысында сот талқылауының ауызшалық, үздіксіздік және тікелейлік принципі қолданылады. Тараптардың және құқық туралы даудың жоқтығынан бұл сот ісінде тартыстық принципі барынша аз қолданылады.

Ерекше сот істері үшін дәлелдемелік құқық институттарының әрекеті төн. Дегенмен де, оның бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. Ерекше сот істерін қозғау нақты жауап берушіге қарсы талап қоюмен және талап қою арызын ұсыну жолымен емес, заңды мағынасы бар қандай да бір мән-жайды немесе даусыз құқықты растаудан тұратын арыз беру арқылы жүргізіледі. Арыздың мазмұны Қазақстан Республикасы АІЖК-нің 150-бабындағы тараптарға сай болуы тиіс. Дегенмен де, ерекше сот ісінің нақты бір санаттарының арыздар мазмұнына сакталуға тиісті өзіндік талаптар қойылады. Негізінен бұл қаралатын істің ерекшелігімен байланысты және сонымен шартталады. Мысалы, заңды маңызы бар деректерді анықтау туралы, азаматты ізтүссіз жоғалып кетті деп тану және кісіні өлді деп хабарлау туралы арыздарда арызданушының нақты мақсаты көрсетілуі тиіс. Ерекше сот ісінің өзге санаттары бойынша арыздардың мазмұны ҚР АІЖК-нің 294, 297, 303, 315, 317-2-баптарындағы талаптарға сай болуы тиіс.

Ерекше сот істерін дайындаудың ерекшеліктері ерекше сот ісіндегі істерді қарау тәртібін реттейтін ҚР АІЖК баптарында аталған істердің әрбір санатының ерекшеліктерімен шартталған.

Сот отырысының хаттамасын жазу тәртібін, сот шешіміне қойылатын талаптарды (зандылығы мен негіздігіне), сот қаулыларының заңдылығы мен негіздігін тексерудегі ҚР АІЖК нормалары ерекше сот істеріне де қолданылады. (ҚР АІЖК 30–39-1-тараулары). Шешімнің заңды күшіне енуі және мұның құқықтық салдарлары толық әрекет етеді. Ерекше сот ісінің жеке санаттары бойынша шешімдердің мазмұны ҚР АІЖК 274–295, 307, 312, 317, 317–5, 317–8, 320, 323, 330-баптарында көрсетілген. Тек бір жағдай ғана жалпы ережеге кірмейді. ҚР АІЖК 301-бабына сәйкес із-түссіз жоғалған немесе қайтыс болған деп танылған азамат келген немесе жүрген жері табылған жағдайда сот бұрын шығарған шешімін жокқа шығарады.

Ерекше сот істерінде тараптар, талап етуші, жауап беруші, үшінші тұлғалар институт, құқықты талап қою арқылы қорғаумен байланысты талап қою институты, карама-қарсы талап қою арызын ұсынуға, бейбіт келісім жасауға болмайды. Ерекше сот ісінде талап қоюдан бас тарту, талапты мойындау, талапты қамтамасыз ету сияқты институттар болады, бірақ белгілі бір шамада арыздарды біріктіру және бөлу институттарының әрекеттері туралы айтуға болады, яғни ерекше сот істерінде жартылай диспозитивтілік принципі қолданылады. Ерекше сот істері бойынша сот ісіне қатысушылар арызданушының өтініші, соттың немесе мүдделі тұлғаның бастамасы бойынша тартылады. Ерекше сот істерін дұрыс қарауға маңызды кепіл оған прокурордың және мемлекеттік басқару органдарының қатысуы болып табылады.

Ерекше сот істері бойынша сот ісіне мүдделі адамдарды тарту немесе рұхсат ету істің анықталған мән-жайларына негізделген сот ұйғарымымен жүргізіледі. Сот ұйғарымын бекітілген мерзімде орындамаған жағдайда, арыз қараусыз қалдырылады, ал мүдделі тұлғаларға жалпы тәртіп негізінде талап қою арызын беру құқықтары түсіндіріледі.

Ерекше сот ісінің түрлері. ҚР АІЖК 289-бабына сәйкес, соттың ерекше сот ісі тәртібімен қарайтын істерге мыналар жатады:

1) заңды маңызы бар деректерді анықтау туралы (ҚР АІЖК 31-тарау);

2) азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы және азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы (ҚР АІЖК 32-тарау);

3) азаматтын әрекетке қабілеті шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп тану туралы (ҚР АІЖК 33-тарау);

4) азаматты психиатриялық ауруханаға мәжбүрлеп жатқызу туралы (ҚР АІЖК 34-тарау);

5) заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банкроттығы туралы (ҚР АІЖК 35-тарау);

6) жылжымалы затты иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану туралы (ҚР АІЖК 36-тарау);

7) бала асырап алу туралы (ҚР АІЖК 36-тарау);

8) шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік немесе террористік ұйым деп тану туралы (ҚР АІЖК 36-2 тарау);

9) азаматтық хал актілері жазуларының дұрыс еместігін анықтау туралы (ҚР АІЖК 37-тарау);

10) нотариаттық әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға шағымдар бойынша (ҚР АІЖК 38-тарау);

11) бағалы қағаздарды ұсынушының жоғалған бағалы қағаздарына және ордерлік бағалы қағаздар құқықтарын қалпына келтіру туралы (ҚР АІЖК 39-тарау);

Алайда, заңда жазылған бұл тізім толық болып табылмайды. ҚР АІЖК 289-бабының 2-тармағында, азаматтық іс жүргізу заңы бойынша басқа да істерді ерекше сот ісі тәртібімен жүргізуге болатындығы айтылады. Мысалы, заң ерекше сот ісі тәртібіне аралық сот шешіміне шағым беруді де жатқызды (ҚР АІЖК 39-1-тарауы).

§ 2. Заңды мағынасы бар деректерді анықтау

ҚР АІЖК-нің 31-тарауында іс үшін заңды маңызы бар деректі бекітудегі сот қызметінің мазмұны ашып айтылған. Мұндай сипаттағы істер азаматтардың, мекемелердің, сондай-ақ өзге тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін заң бойынша сотқа жүгінуге құқықтары бар өзге тұлғалардың арыздары бойынша қозғалады және дерек туралы даудың бар болуымен, бірақ құқық туралы даудың сөзсіз жоқтығымен сипатталады. 2002 жылғы 28 маусымда шыққан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Іс үшін маңызы бар деректі бекітудегі сот тәжірибесінің әрекеті туралы» № 13 нормативті қаулысында соттардың осы деректер бойынша арыздарды қабылдай алатындығы туралы айтылған, егер де:

а) заңға сәйкес (ҚР АІЖК 291-баптың 1-тармағы) мұндай деректердің заңды салдарлары (туындау, өзгеру немесе азаматтардың немесе ұйымдардың жеке не мүліктік құқықтарын тоқтату) болады;

б) арызданушыда деректі растайтын тиісті құжатты алудың не болмаса қалпына келтірудің өзге мүмкіндігі (ҚР АІЖК 292-бап);

в) қолданыстағы заңда оларды анықтаудың өзге тәртібі (соттан тыс) қарастырылмаған (ҚР АІЖК 292-бап);

г) деректі анықтау құқық туралы дауды шешумен байланысты емес (ҚР АІЖК 290-баптың 2-тармағы).

Арызды қабылдар кезде сот арызданушының деректі анықтауға заңды мүддесінің бар-жоғын анықтауы және одан осы деректі растайтын құжатты алудың не оны қалпына келтіру мүмкінсіздігін растайтын жазбаша дәлелдемелерды талап етуі тиіс. Құжатты алу мүмкінсіздігі мыналармен түсіндіріледі: әлдебір деректің тіркелмегендігін (мысалы, асыраудағыны табу); деректі тіркеу тәртібінің сақталмауы және сол жағдайларда оған жүгінуге болмайтындығы (мысалы, қайтыс болу дерегі, бала туғаннан кейін ата-анасы некеге отырмаған жағдайда әкесі екендігін тану дерегі және т.б.); құжаттарда түзету мүмкін емес қателіктер немесе дәлсіздіктер бар болса (мысалы қайғылы оқиға туралы акт). Сонымен қатар, жоғалған құжатты қалпына келтіруге болмайтындығы тиісті органның құжат жоғалған немесе жойылған жағдайда тиісті құжаттың екінші нұскасын бере алмауымен түсіндіріледі.

ҚР АІЖК 291-бабында заңды маңызы бар деректерді анықтау туралы істердің тізімі аталған.

Сот мынадай деректерді анықтау туралы істерді қарайды:

- 1) Адамдардың туыстық қатынастарын;
- 2) Адамның біреудің асырауында болуын;
- 3) Тууды, бала асырап алуды, некелесуді, ажырасуды және қайтыс болуды тіркеуді;
- 4) Құқықты анықтайтын құжаттардың (әскери құжаттарды, төлқұжаттарды, жеке куәліктерді, азаматтық хал актілерін жазу органдары беретін куәліктерді қоспағанда) тұлғаға тиістілігі, құжатта көрсетілген аты, әкесінің аты немесе тегі осы адамның төлқұжатында немесе жеке куәлігінде, немесе туу туралы куәлігінде көрсетілген атқа, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейтіндігі;

5) Жеке меншік құқығымен шаруашылықты жүргізу және жедел басқару мүліктерін иелену, пайдалану және(немесе) оған билік ету;

6) Қайғылы оқиға;

7) Азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болу оқиғасын тіркеуден бас тартқан жағдайда адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайларда қайтыс болуы;

8) Мұрагерлікті қабылдау және мұрагерліктің ашылу орны;

9) Егер заңдарда оларды анықтаудың өзгеше тәртібі қарастырылмаса, басқа да заңдық маңызы бар деректерді анықтау туралы істерді қарайды.

Заңды мәні бар деректерді анықтаудың негізін қысқаша қарап өткен жөн.

1. *Туыстықтың заңды салдары* болатын болса, туыстық қарым-қатынасты сот анықтайды (мысалы, мұрагерлік құқығы куәлігін алу, асыраушысынан айырылған жағдайда өтемақының алу құқығы және т.с.с). Туыстық қарым-қатынасты анықтау туралы істер бойынша шешімде сот арызданушының тиісті адаммен туыстық деңгейін көрсетуі керек.

2. *Адамның біреудің асырауында болуы* мұрагерлікке ие болу үшін немесе асыраушысынан айырылған жағдайда өтемақы алу құқығына ие болу үшін заңды маңызы бар. Асыраушысынан айырылған жағдайда өтемақы алу құқығына қайтыс болған адамның асырауындағы, тек отбасының еңбекке жарамсыз адамдары ғана ие бола алады. Мұрагерлікке ие болу құқығын заңды түрде рәсімдеген кезде, арызданушы мұрагерлікті беруші қайтыс болғанға дейін еңбекке жарамсыз болуы, онымен бірге тұрған және ол қайтыс болғанға дейін бір жылдан кем емес уақыт ішінде оның асырауында болуы қажет (ҚР АҚ 168-бап 1-тармағы). Аталған жағдайларда сот арыздағы жазғандарына сай асыраушының тарапынан қамқорлыққа алынған адамның өмір сүруіне тұрақты көмек болғанын анықтауы керек.

3. *Туылғанын, бала асырап алғанын* (қыз бала асырап алу), неке қию, ажырасу және қайтыс болғандығын рәсімдеу деректерінің заңды мәні бар. Заң бойынша туу, неке қию, ажырасу, бала асырап алу және қайтыс болу туралы куәліктерді АХАЖ (азаматтық хал актілерін жазу) бөлімдері береді. Егер АХАЖ бөлімінде немесе өзге мұрағатта мұндай жазулар сақталмаса (мысалы, өрттің, зілзаланың, соғыстың салдарынан немесе т.б. жағдайларда жойылып кеткен болса) мұндай деректер туралы істерді сот қарайды. Сот оқиғаның өзін емес, оның АХАЖ бөлімінде немесе басқа органдарда тіркелгендігін анықтайтынын ескерген жөн.

4. Құқықты анықтайтын құжаттың тұлғаға тиісті екендігі туралы дерек құжатта көрсетілген тұлғаның аты, әкесінің аты немесе тегі осы адамның төлқұжатында немесе жеке куәлігінде, немесе туу туралы куәлігінде көрсетілген атына, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейді.

Азаматтар өздерінің еңбек кітапшасын, жұмыс орнының анықтамасын, білімі туралы құжаттарды, өсиет қағазды және т.б. құқықты анықтайтын құжаттар ретінде қолданады. Кейде осы құжаттарда көрсетілген сол адамның аты, тегі, әкесінің аты *төлқұжаттағы, жеке куәліктегі немесе туу туралы куәлігіндегі* жазылған аты, тегі, әкесінің атына сәйкес болмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда құқықты анықтайтын құжаттың сол адамға тиісті екендігін сот арқылы анықтау қажеттігі туындайды. Бұндай жағдайлардың себебі атын, тегін өзгерту, берілген анықтамалар мен басқа да құжаттарды толтыру кезінде кеткен қате болуы мүмкін. Істі сот талқылауына дайындау кезінде сот арызданушыдан құжатты берген тиісті органның құжатқа өзгеріс енгізе алмайтындығына дәлелі болуы керектігін талап етуі тиіс. Іске осы мекеменің таратылғаны туралы анықтама немесе құжатқа өзгерістер енгізе алмайтындығы туралы анықтама тіркелуі тиіс. Әскери құжат, төлқұжат немесе АХАЖ бөлімдерінің берілген куәліктерінің белгілі бір адамға тиісті екендігін анықтауға соттың құқысы жоқ екендігін есте сақтаған жөн.

5. *Жеке меншік құқығымен шаруашылықты жүргізу* және жедел басқару мүліктерін иелену, пайдалану және (немесе) оған билік етуді мүліктің тиісті екендігі туралы құжат бар болған жағдайда сот анықтайды. Жылжымайтын мүлікті жеке меншік деп тану құқығы мемлекеттік әділет органдарында (БТИ-да) тіркелуі тиіс. Аталған орган жоғалған меншік құқығын анықтайтын құжатын бере алмаса, азамат бұл жөнінде сотқа жүгінуге құқылы. Мұндай жағдайларда сот арызданушының жеке меншік құқығын емес, мүліктің арызданушыға тиісті екендігін растайтын құжаттардың барын ғана анықтай алады. Егер келісім бойынша сатып алынған автокөлік құралдары немесе кез келген өзге мүлік заңға сәйкес (мысалы нотариалды) ресімделмесе, оны иелену, пайдалану деректері бекітуге жатпайды.

6. *Соттан тыс анықтау мүмкін болмайтын жағдайда*, қайғылы оқиға дерегі аныкталады. Қайғылы оқиға туралы арызды сот мынадай жағдайларда қарауға қабылдайды: қайғылы оқиға туралы акт толтырылмаған жағдайда; оған мүмкіндік болмаған жағдайда; толтырылған акт артынан жоғалған болса және оны қайта толтыру мүмкін болмаған жағдайда; акт қайғылы оқиға

дерегін тануға кедергі келтіретіндей қате толтырылған және оны түзетуге мүмкіндік болмаған.

Арызданушы жұмыста алған зақымдану салдарынан және т.б. мүгедектігі бойынша зейнетақы алу үшін қайғылы оқиға дерегін соттын анықтауы қажет.

7. *Адам белгілі бір уақытта, белгілі бір мән-жайлармен қайтыс болды* деген деректі АХАЖ бөлімдерінде қайтыс болғаны туралы тіркелмеген және АХАЖ бөлімі қайтыс болғандығы туралы тіркеуден бас тарту салдарынан оны алу мүмкін болмаған жағдайда оны сот анықтайды.

8. *Тиісті нотариалды әрекеттерді жүзеге асыратын орган* деректі нотариалды куәландыруға және мұрагер болуға қажетті құжаттардың жоқтығынан немесе жеткіліксіздігінен арызданушыға мұрагерлік туралы куәлікті беруге құқысы жоқ болған жағдайда мұрагерлікті қабылдау және мұрагерлік орнының ашылу дерегін сот анықтайды.

Занды мағынасы бар деректерді анықтау туралы істер бойынша шығарылған шешім мына талаптарға сай келуі тиіс:

– занды мағынасы бар деректер тек арызданушы осы деректерді растайтын тиісті құжаттарды өзге тәртіппен ала алмайтын немесе жоғалған құжатты қайта алу мүмкін болмайтын жағдайларда аныкталады;

– аталған істер бойынша арыз арызданушының тұрғылықты жеріндегі сотқа беріледі;

– жылжымайтын мүлікті иелену, пайдалану және(немесе) оған билік ету дерегі бойынша арыз жылжымайтын мүлік тұрған жердегі сотқа беріледі;

– арызда деректі анықтаудың мақсаты, тиісті құжаттарды алудың немесе жоғалған құжаттарды қайта алу мүмкінсіздігін растайтын арызданушының дәлелдемелері атап көрсетілмеуі тиіс.

Сот шешімі деректің занды мағынасы бар екендігін растайтын құжат екендігін және ол мемлекеттік органда тіркелуге немесе ресімделуге негіз болатынын есте ұстаған жөн. Дегенмен де, сот шешімі осы органдар берген құжаттардың орнын баса алмайды.

§ 3. Азаматты іс-түссіз жоғалған деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау

Ерекше сот ісі тәртібімен қарайтын сот істеріне азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану ісі де жатады. Егер де *бір жыл бойы* тұрғылықты жерінде оның қайда кеткендігі туралы мәлімет бол-

маса (ҚР АҚ 28-бап), мүдделі тұлғалардың арызы бойынша сот азаматты іс-түссіз жоғалған деп тануы немесе тұрғылықты жерінде *бес жыл бойы* қайда кеткендігі туралы мәлімет болмаса (ҚР АҚ 31-бап), ал егер де *алты ай ішінде* өлім қаупі төнген жағдайда жоғалып кеткен болса немесе оның өліміне белгілі бір қайғылы оқиға себепші болды деуге негіз болған жағдайда оны қайтыс болды деп жариялануы мүмкін.

Әскери қимылдарға байланысты іс-түссіз жоғалған кеткен тұлға немесе әскери қызметкер әскери қимылдар аяқталған күннен бастап екі жыл мерзім ішінде өлді деп танылуы мүмкін.

Адамның қай кезде жоғалғанын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, одан ең соңғы рет мәлімет алынған айдан кейінгі келесі айдың бірінші күні оның жоғалған күні деп саналады. Бұл айды анықтау мүмкін болмаған жағдайда – келесі жылдың 1 қаңтары болып табылады.

Азаматты іс-түссіз жоғалған тану немесе азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы істі оның отбасы мүшелерінің, прокурордың, қоғамдық бірлестіктердің, қамқоршы органдар мен басқа да мүдделі адамдардың арызы бойынша тек сот қозғайды.

ҚР АҚ 8-бабына сәйкес, азаматты із-түссіз жоғалды деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау жеке немесе мүліктік құқықтарын өзгертуге не тоқтатуға әкеліп соқтыратын өзге тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы арызды беруге құқылы заңды және жеке тұлғалар, мемлекеттік органдар мүдделі тұлғалар деп танылады. Арызды арызданушының тұрғылықты жеріндегі не болмаса хабар-ошарсыз кеткен адамның соңғы тұрған жеріндегі сотқа беріледі және талап қою арыздар үшін заңда бекітілген жалпы талаптарға сай болуы тиіс, сондай-ақ ҚР АІЖК 298-бабында қарастырылған мәліметтер болуы тиіс:

1) азаматты іс-түссіз жоғалған деп тану немесе қайтыс болған деп жариялау туралы арыз келіп түскен соттың атауы;

2) арыз берушінің атауы және оның тұрғылықты жері (егер арыз заңды тұлғалардан келіп түссе, орналасқан жері);

3) жоғалған адамның тегі, аты, әкесінің аты, туған жері мен соңғы жұмыс орны;

4) азаматтың жүрген жерін білетін адамдарға баспасөз беттерінде жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде сотқа ол туралы хабарлауды ұсыну.

Арызда азаматтың хабар-ошарсыз кетуін растайтын немесе өлім қаупін төндірген не ол қайғылы оқиғалардан қайтыс бол-

ды деуге негіз болатын мән-жайлар болуы тиіс. Әскери қимылдарға байланысты хабар-ошарсыз кеткен тұлға немесе әскери қызметкерге қатысты берілген арызда әскери қимылдардын аяқталған күні көрсетіледі (ҚР АІЖК 297-бап). Арызданушы ҚР АІЖК 150-бабындағы арызды беру түрі мен мазмұны бойынша талаптарды орындамаған жағдайда, сот арызды қараусыз қалдырады (ҚР АІЖК 155-бап).

Арызда азаматты іс-түссіз жоғалған деп тану немесе оны қайтыс болды деп жариялау қандай мақсат үшін қажет екендігі көрсетілуі тиіс. Арызданушының сотқа жүгінуі әртүрлі мақсатта болады: хабар-ошарсыз кетті деп тануда – ажырасуды рәсімдеу; қайтыс болды дегенде – некені тоқтатуды көздейді. Арызданушыларға сот шешімдері мұрагерлікті алу, зейнетақы, тағайындау және басқа да мақсаттар үшін қажет болып табылады.

Сот арызды сот ісіне қабылдай отырып, сот талқылауына түпкілікті дайындалады. Бұл ретте ол мынадай міндеттерді атқаруы тиіс:

– жоғалған адам туралы мәлімет беруі мүмкін адамдарды анықтау. Бұл бағытта сот жоғалған адамның соңғы жұмыс орнынан, туылған жерінен, тұрған жерінен, әке-шешесінің тұрған жерінен және жақын туыстарынан жауап алынуы мүмкін;

– соңғы белгілі болған тұрғылықты жері және жұмыс орны бойынша тиісті ұйымдардан ол туралы білетін мәліметтерді сұрау;

– арыз қабылдағаннан кейін, жергілікті газетке (арыз берушінің есебінен) азаматты іс-түссіз жоғалған деп тану немесе қайтыс болды деп хабарлау жөнінде іс қозғалғанын жариялау туралы ұйғарым шығару. Баспасөз бетінде талап қою сипатындағы істерге қажетті барлық мәліметтер болуы тиіс – қамқорға алу органына жоғалып кеткен азаматтың мүлкін күзету мен басқару үшін қамқоршы тағайындауды ұсыну (ҚР АІЖК 298-бап).

Осы санаттағы істерді қарау кезінде ҚР АІЖК 297-бабының талаптарын орындамау, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 1968 жылғы 25-қыркүйектегі №9 «Азаматты іс-түссіз жоғалған деп тану немесе азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы» нормативті қаулысында аталған заңсыз және негізсіз шешімдерге әкеп соқтырады. Істі дайындау барысында сот іске барлық мүдделі тұлғаларды, көп жағдайда ҚР АІЖК 299-бап сәйкес міндетті болғандықтан прокурорды қатыстыру керек.

Азаматты қайтыс болды деп хабарлау туралы сот шешімі заңды күшіне енген күн азаматтың қайтыс болған күні деп

есептеледі. Өлім каупі төніп хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамды қайтыс болды деп тануды сот оның қайтыс болуы ықтимал күнді қабылдайды (ҚР АҚ 31-баптың 1-бөлігі).

Азаматты іс-түссіз жоғалған таныған сот шешімі хабар-ошарсыз кеткен адамның мүлкі орналасқан жерде осы мүлікке қамқорға алу органының қамқоршы тағайындауына негіз болып табылады.

Азаматты қайтыс болды деп жариялаған сот шешімі азаматтық хал актілерін жазу органының азаматтың қайтыс болғаны туралы азаматтық хал актілерін жазу кітабына жазуға негіз болып табылады (ҚР АҚ 300-бап).

Іс-түссіз жоғалып кеткен немесе қайтыс болған деп танылған азамат табылған немесе оның қоныстанған жері анықталған жағдай сот үшін жана ашылған мән-жайлар болып табылады. Дегенмен де, сот шешімін қадағалау тәртібімен емес, істі қараған сот жоққа шығарады. Сот жана шешім шығара отырып, өзінің бұрынғы шығарған шешімін жоққа шығарады, ол мүліктен қамқорлықты алуға және азаматтық хал актілерін жазу кітабындағы оның қайтыс болғандығы туралы жазуды жоққа шығаруға негіз болады (ҚР АІЖК 301-бап).

Азаматтың табылуы өзге тұлғаға тегін өткен мүлкін қайтарып алу құқығын береді. Егер де, мүлікті иелену сәтінде олар қайтыс болды деп хабарланған меншік иесінің тірі екендігін білгендігі дәлелденсе, келісімшартпен тегін өткен мүлік иесіне қайтарылады. Өзгенін иелігіне өтіп кеткен мүлікті қайтару мүмкін болмаған жағдайда, мүліктің құны қайтарылады. Егер де мүлік мұрагерлік құқық бойынша мемлекет меншігіне өтіп кеткен болса, оған мүліктің өткен бағасы қайтарылады (ҚР АҚ 31).

§ 4. Азаматтың іс-әрекетке қабілеттігі шектеулі немесе іс-әрекетке қабілетсіз деп тану

ҚР АҚ-нің 17-бабына сәйкес, азаматтың іс-әрекетке қабілеттілігі деп азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықты иеленіп, оны жүзеге асыру қабілеттілігін айтады және өзінің азаматтық міндеттерін толықтай түсініп (азаматтық іс-әрекетке қабілеттік), оны орындай алуы кәмелеттік жасқа, яғни 18-жасқа толғанда болады. Занда неке кию екі жылға төмендетілген кезде, 16 жастан бастап та толық қабілетті деп тану қарастырылған. («Неке және отбасы» туралы ҚР Заңы 10-бап).

Қабілеттілікке ие болу деп — өзі, жеке басы (өкіл арқылы) заңды әрекеттерді; келісімшарттарға отыруға, сенімхат беруге және т.б. түрлі заңды әрекеттер жасауға, сонымен қоса келісімді немесе басқа да міндеттемелерді орындамағаны үшін келтірген зиянға (өзгенін мүлкін бүлдіргені, жойғаны үшін, денсаулыққа зиян келтіргені үшін) жауап беруге қабілетті болу деген сөз.

Іс-әрекетке қабілеттілікті, құқықтық қабілеттілікті адамның табиғи қасиеті ретінде қарастыруға болмайды. Екеуі де азаматтарға заңмен берілген және заңды категория болып табылады. Сондықтан да, іс-әрекетке қабілеттілікке қатысты заңда оны азаматтың еркі бойынша біреуге беруге немесе шектеуге мүмкін еместігі бекітілген.

ҚР АҚ-нің 26-бабына сәйкес, азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп тануға психикалық ауытқулар (жан күйзелісі) немесе ақыл-есінің дұрыс дамымауы (жарыместік), соның салдарынан азамат өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтындығы және оған басшылық ете алмайтындығы негіз болады. Алайда, айналасындағыларға белгілі немесе емдеу мекемесінің берген анықтама-сы бойынша жан күйзелісі немесе жарыместік дерегі азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп тануға негіз бола алмайды. Азаматты 14 жастан бастап іс-әрекетке қабілетсіз деп таниды. Оны *іс-әрекетке қабілетсіз* деп тек сот қана шеше алады, ал арызды оның отбасы мүшелері, прокурор, пана болу мен қамқорлық ету органы, психикалық емдеу мекемесі ғана бере алады (ҚР АІЖК 302-бап). Мұндай істі қарау үшін сот талабы бойынша сот-психикалық сараптаманың берген азаматтың психикалық жағдайы туралы қорытындысы қажет. Мұның барлығы да азаматтың жеке құқығы мен мүддесін қорғау үшін, оның құқықтық мәртебесіне еріксіз қол сұқпау үшін үшін аса қажет кепіл болып табылады. Мұндай азамат толығымен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылып, оған сот шешімімен қамқоршы тағайындалады.

Қамқоршы және паналатушы орган іс-әрекетке қабілеттілігі шектеулі немесе іс-әрекетке қабілетсіз адамға қамқоршы тағайындалғанын сотқа он күш ішінде хабарлауға міндетті. Тек сот шешімімен ғана азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп таниды.

Азаматтардың іс-әрекетке қабілеттілігін шектеуге заңда мынадай жағдайлар қарастырылған:

1) егер де, спиртті ішімдіктерге немесе есірткі заттарға, психотроптық заттарға немесе сол сияқты зиянды заттарға құнығып кетуінің салдарынан өз отбасын ауыр материалдық жағдайға

душар еткен азаматты. іс-әрекетке қабілеттігі шектеулі деп тану (ҚР АҚ 27-бап).

2) өзінің тапқан табысын, шәкіртақысын немесе басқа да табыстарын ессіз қолданатын 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағанның іс-әрекетке қабілеттілігін шектеу немесе айыру. Тапқан табыстарын ессіз пайдалану ақшасын спирттік ішімдіктерге, есірткі заттарға, құмар ойындарға жарату деген сөз.

Кәмелеттік жастағы адамның іс-әрекетке қабілеттігін шектеу (айыру) негіздері ҚР АҚ 27-бабының 1-тармағында қарастырылған. Ата-аналарының, қамқоршы органдардың, асырап алушылардың өтініші бойынша сот кәмелетке жасы толмаған толықтай іс-әрекетке қабілеттікке ие болғандарынан басқасын қоспағанда, кәмелеттік жасқа жетпегендерді өзінің табысы, шәкіртақысы немесе басқа да табыстарын өз еркімен пайдалану құқығынан айыруы немесе шектеуі мүмкін.

Іс-әрекетке қабілеттілікті шектеу сот шешімімен жүзеге асырылады және тек 18-жасқа дейінгілерді ғана, себебі осы жасқа жеткенге дейінгі іс-әрекетке қабілеттілік заңда шектелген.

Кәмелетке жасы толмағандардың толық іс-әрекетке қабілеттігін шектеуге өз бастамасы немесе қоғамдық мекемелер не өзге де мүдделі тұлғалардың ата-ана, асыраушы, қорғаушы, жақын туыстары) өтініштері бойынша тек қамқоршы және паналаушы органдардың шешімімен ғана рұқсат етіледі («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 14-тарауы).

Бұл аталған органдар мен тұлғалардың мүддесі кәмелетке жасы толмаған бала өзінің табысын дұрыс жұмсамауы әлдекімдердің мүліктік мүдделеріне нұқсан келтіреді, және оның дұрыс әрекет жасамауы өзінің дамуына, дүниетанымына зиянын тигізеді деп есептеуінде болуы мүмкін. ҚР АҚ-нің 27-бабының 1-тармағында жеткілікті негіздер бар болса, кәмелеттік жасқа жетпегендердің өзінің табысы, шәкіртақысы немесе басқа да табыстарын өз еркімен пайдалану құқығынан айыруы немесе шектеу қарастырылған.

Мұндай негіздерге табысты заңға және нормаларға қайшы келетін мақсаттарға (есірткі сатып алу, құмар ойындар, т.б.) жұмсау деп тану керек.

Қамқоршы орган кәмелетке жасы томағанды өзінің табысын немесе шәкіртақысын пайдалану құқығын шектеуі немесе тіпті бұл құқығынан айыруы мүмкін. Мұндай шешім негізінде

кәмелетке жасы толмаған адамның табысы (шөкіртақысы) толығымен немесе бір бөлігі оған емес, қамқоршы органдардың шешімінде көрсетілген тұлғаларға — оның ата-анасына, асыраушыларына, қамқоршыларына беріледі.

Егер қамқоршы, паналатушы органның шешімінде кәмелетке жасы толмаған адамның өз табысын қолдану құқығын шектеу немесе айыру мерзімі көрсетілсе, онда мерзім аяқталғаннан кейін іс-әрекетке қабілеттілігі толық қалпына келтіріледі. Егер мерзім көрсетілмеген болса, онда ол 18 жасқа толғанға дейін жарамды немесе қамқоршы орган өз бастамасы не қоғамдық мекемелер мен басқа да мүдделі тұлғалардың өтініштері бойынша күшін жойғанға дейін әрекет етеді.

Шектеу кәмелетке жеткен азаматтың құқықтық мәртебесіне қол сұғу болып табылады, сондықтан да оған тек негізді себептер болғанда ғана заң бойынша рұқсат етіледі.

Мұндай азаматтың әрекетін азаматтық іс жүргізудің бекітілген тәртібімен тек сот қана шектейді (ҚР АІЖК 33-тарауы) ғана шектелуі мүмкін. Оған қамқоршы бекітіледі. Мұндай азамат мүлікке билік ете, жалақысын, зейнетақыны немесе басқа да табысын ала алады және ұсақ-түйек тұрмыстық заттарға жұмсаудан басқасын қоспағанда, оларды қамқоршының келісімімен жұмсайды. Азамат спиртті ішімдіктерді немесе есірткі заттарын пайдалануды тоқтатқан жағдайда, сот іс-әрекетке қабілеттігін шектеу мен оған бекітілген қамқоршыны алып тастайды.

Азаматты іс-әрекетке қабілетсіз немесе оның іс-әрекетке қабілеті шектеулі (айыру) деп тану туралы істерді қараудың іс жүргізушілік тәртібі мыналардан тұрады:

1) азаматтың тұрғылықты жері бойынша сотқа іс-әрекетке қабілеттілікті шектеу (айыру) туралы арыз қабылданады, егер ол адам психикалық немесе психоневрологиялық мекемеге жатқызылса, арыз сол мекеме орналасқан жердегі сотқа беріледі;

2) арыз талап қою арыздарының заңда (ҚР АІЖК 150—151-баптар) бекітілген барлық талаптарына сай болуы тиіс. Заңда сонымен бірге, азаматтың іс-әрекетке қабілеттілігін шектеу туралы: азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп тану, 14-тен 18-жасқа дейінгі кәмелетке жасы толмағанның өз табысын еркімен пайдалану құқығын шектеу немесе айыру туралы арыздар бойынша қосымша талаптар бекітілген;

3) азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы арызды қабылдағаннан кейін сот төрешісі қозғалған іс бойынша сот

ісінде азаматтын мүдделерін қорғау үшін берілген заңды өкіл өкілеттігіне ие ресми өкіл-қорғаушыны тағайындайды. Адвокатураның қызметін реттейтін заңдарға сәйкес мұндай қорғаушының заңды көмегі тегін (ҚР АІЖК 304-бап).

4) оның психикалық жағдайын анықтау үшін сараптама тағайындауда және істе ақыл-есінің ауытқуынан тұлғаның өз іс-әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтындығы және іс-әрекеттерін басқара алмайтындығы туралы сот-психиатриялық сараптама-сының актісі міндетті түрді болуы. Істе сот-психиатриялық сараптама актісінің болмауы сот шешімін жокқа шығаруға сөзсіз негіз болып табылады. Сараптама тағайындалған тұлға сараптамадан қасақана жалтарған жағдайда, сот отырысына психиатрдың қатысуымен сот азаматты сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберу туралы ұйғарым шығара алады (ҚР АІЖК 305-баптың 2-бөлігі).

Азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы істі сот қамқоршының және қамқоршы орган өкілінің міндетті түрде қатысуымен қарайды. Бұл органның қатысуы азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың мемлекеттік кепілдігі болып табылады (ҚР АІЖК 306-баптың 1-бөлігі).

Іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы ісі қаралып жатқан азамат, егер денсаулық жағдайы мүмкіндік берсе, сот отырысына шақырылуы мүмкін (ҚР АІЖК 306-баптың 2-бөлігі).

Іс-әрекетке қабілеттілікті шектеулі туралы істі дайындау негізінен мынадан тұрады:

1) арызданушыдан тұлғаның спиртті ішімдіктерге немесе есірткі заттарға, психотропты заттарға тым әуес екендігіне дәлелдемелерді талапт ету. Азаматтың іс-әрекетке қабілеттілігін шектеуге спиртті ішімдіктерді немесе есірткі заттарды, психотропты заттарды шектен тыс және үнемі пайдаланғандықтан оның денсаулығының құруы және отбасын материалдық ауыр жағдайға қалдыруы негіз болады (ҚР АІЖК 303-бап). Бұл ретте, заң (ҚР АҚ 27-бап) тұлғаны маскүнем немесе нашакор деп тануға байланысты іс-әрекетке қабілетсіз деп тану мүмкіндігін қарастырмайды;

2) іс қозғалған тұлғаның тәртібі туралы жауап бере алатын куәгерлерді анықтау;

3) полиция органдарының актілері, наркологиялық диспансер, айықтырғыш мекемелерінің анықтамалары және т.б. құжаттар іске тіркеледі.

Азаматтық сот ісінде тұлғаның іс-әрекетке қабілеттілік презумпциясы әрекет етеді: заңды күшіне енген сот шешімінде бекітілмесе, тұлға іс-әрекетке қабілетті. Сондықтан да арызданушы сол адамның іс-әрекетке қабілетсіз екендігін дәлелдеуге міндетті. Арыздағы талаптарға қарсы өзге мүдделі тұлғалар (мысалы, отбасы мүшелері) тұлғаны іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы негіздің жоктығына дәлелдеме ұсынуға құқылы.

Азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы істі қарауға байланысты сот шығындарын төлеуден арыз беруші босатылады. Арыз берген отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының, азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп қасақана негізсіз таныту мақсатында теріс пиғылды әрекет жасағанын сот анықтаған жағдайда, сот олардан барлық сот шығындарын өндіріп алады (ҚР АІЖК 306-баптың 4-бөлігі).

Егер азаматты іс-әрекетке қабілеттілігі шектеулі немесе іс-әрекетке қабілетсіз деп тануға негіздердің болмау фактісін анықтаса, сот арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Егер де сот іс материалдарынан және куәгерлердің жауаптарынан азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп тану туралы негіз жоктығын анықтаса, арызды қанағаттандырмау туралы ұйғарым шығарады.

Азаматты іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған сот шешімі қамқоршы органының оған қамқоршы тағайындауына, ал іс-әрекетке қабілеттігі шектеулі деп танылған азаматқа асыраушы тағайындауға негіз болады (ҚР АІЖК 307-бап).

Азаматты іс-әрекетке қабілетті деп тану. Іс-әрекетке қабілетсіз немесе қабілеттілігі шектеулі деп танылған адам ауруынан айықса немесе денсаулығы айтарлықтай жақсарса сот одан қабілеттілігін шектеуді алып тастайды. Сот азаматтың өзінің, оның өкілінің, отбасы мүшесінің, қамқоршысының, қамқоршы және паналатушы органның, психиатриялық диспансердің арызы бойынша азаматтың іс-әрекетке қабілеттілігіне *шектеуді алып тастау туралы* шешім шығарады. Осы сот шешімнің негізінде оған белгіленген қамқоршы да алынып тасталады (ҚР АІЖК 308-баптың 1-бөлігі).

Осы тәртіппен сот қамқоршының, психиатриялық емдеу мекемесінің, отбасы мүшесінің, прокурордың, психиатриялық (психоневрологиялық) мекеменің, қамқоршы және паналатушы органының арызы бойынша сот-психиатриялық сараптама-

ның тиісті қорытындысы негізінде айыққан немесе денсаулығы едәуір жақсарған адамды іс-әрекетке қабілетті деп тану туралы шешім шығарады. Сот шешімінің негізінде азаматқа белгіленген қамқоршы да алынып тасталады (ҚР АІЖК 308-баптың 2-бөлігі).

§ 5. Азаматты психиатриялық ауруханаға мәжбүрлеп жатқызу туралы істер бойынша сот ісі

Наукаста ауыр халдегі психикалық ауытқулардың болуына байланысты психиатриялық аурухананың өкілі азаматты ауруханаға мәжбүрлеп жатқызу туралы арызды прокурор арқылы психиатриялық мекеме орналасқан жердегі сотқа береді (ҚР АІЖК 309-бап).

Психиатрияда «ауыр халдегі» деп «психотикалық» деңгейдегі, яғни психозға тән (психиканы аса зақымданған аурулар) психикалық ауытқуларды айтады. Мұндай күйдегі науқас адамдар өз еркімен құқығын, міндеттерін, заңды жауапкершіліктерін жүзеге асыра алмайды және өздерінің іс-әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) нақты сипаты мен қоғамдық қауіпін саналы түрде сезіне алмайды және іс-әрекеттерін басқара алмайды (есі кіресілі-шығасылы).

Психиатриялық мекеменің өкілі жазған арызда психикалық аурумен ауыратын адамды психиатриялық ауруханаға мәжбүрлеп жатқызудың негізі, сондай-ақ психиатр дәрігерлер комиссиясының азаматты психиатриялық ауруханаға жатқызу қажеттігі туралы дәлелді қорытындысы болуы тиіс.

Егер ауруханаға жатқызу негізді болатын болса, онда азаматты психиатриялық ауруханаға мәжбүрлеп жатқызу туралы арыз психиатр – дәрігерлер комиссиясының азаматты психиатриялық стационарға жатқызу қажеттігі туралы қорытындысы шыққан кезден бастап 72 сағат ішінде беріледі. Істі қозғау туралы мәселені шешу кезінде, сот төрешісі онымен бір мезгілде азаматтың психиатриялық ауруханада болу мерзімін, оны ауруханаға мәжбүрлеп жатқызу туралы арызды қарауға кететін мерзімге ұзарту мәселесін шешуі тиіс (ҚР АІЖК 310-бап).

ҚР АІЖК 311-бабына сәйкес, азаматты мәжбүрлеу тәртібімен психиатриялық ауруханаға жатқызу немесе ауруханада жату мерзімін ұзарту туралы арызды сот төрешісі іс қозғалған кезден бастап *бес күн мерзім* ішінде қарайды. Сот отырысы сот мекемесінде немесе психиатриялық мекемеде жүргізілуі мүмкін.

Психиатриялық мекеме өкілінен алынған мәліметтер бойынша ол адамның психикалық хал-жайы оған психиатриялық мекеме үйінде жүргізілген сот отырысына жеке қатысуға мүмкіндік беретін болса, азаматтың өзін ауруханаға мәжбүрлеп жатқызу туралы іс бойынша сот отырысына жеке қатысуға құқығы бар.

Кейде мекеме өкілінен алынған қорытындыда расталған азаматтың қанағаттандырарлықсыз психикалық жағдайы оған сот мекемесіндегі сот отырысына жеке қатысуға мүмкіндік бермейтін жағдай да кездеседі. Мұндайда азаматты мәжбүрлеп жатқызу немесе ауруханада жату мерзімін ұзарту ісін сот психиатриялық мекемеде қарауы қажет.

Істің қозғалуына себепші болған психиатриялық мекеме өкілі және ауруханаға жатқызу туралы мәселесі шешіліп жатқан адамның өкілі істі қарауға қатысуға міндетті. Мұндай іс бойынша прокурордың да қатысуы міндетті.

Прокурор іс бойынша барлық материалдармен танысуға, сұрақ қоюға, өтінім жасауға, азаматты мәжбүрлі түрде психиатриялық ауруханаға жатқызудың қажеттігі немесе бұдан бас тарту туралы сотқа жүгінудің құқықтығы туралы құқықтық қорытынды жасауға құқылы. Сонымен қатар прокурор сот шешімімен келіспеген жағдайда жоғары сатыға наразылық білдіре алады.

Сот төрешісі арызды мәні бойынша қарай отырып, азаматты мәжбүрлі түрде психиатриялық ауруханаға жатқызу және азаматтың ауруханадағы одан арғы жағдайы туралы арызды қанағаттандыру немесе одан бас тарту туралы шешім шығарады.

Арызды қанағаттандыру туралы шешім азаматты ауруханаға мәжбүрлеп жатқызуға және заңда белгіленген мерзімде оны психиатриялық ауруханаға одан әрі ұстауға негіз болып табылады (ҚР АІЖК 312-бап).

§ 6. Жылжымалы мүлікті иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану

Ерекше сот ісіндегі иесі жоқ мүлікке меншіктік құқықты тану жеке меншік құқығын алудың бір тәсілі болып табылады (ҚР АҚ 235-баптың 3-тармағы).

Азаматтық айналымда мүлік құқық нысаны бола отырып, оның тиеселі субъектісі (иесі) болуы тиіс. Алайда, мүлік қандай да бір заңды деректерге байланысты иесіз (субъектісіз) болатын жағдайлар да кездесуі мүмкін.

ҚР АҚ-нің 242-бабына сәйкес, иесі жоқ немесе иесі белгісіз немесе меншік құқығынан бас тартқан адамның мүлкі иесіз болып табылады. Сонымен қатар, меншігінен бас тарту өздігінен меншік иесінің тиеселі затқа ол басқа адамның меншігіне өтпейінше, меншік құқығын және міндеттерін тоқтатпайды (ҚР АҚ 250-бап).

Иесіз зат ұғымының өзі (ҚР АҚ 242-бап) шындығында жинақталған, жылжымалы және жылжымайтын иесіз зат деген мағынаны қамтиды, оларға:

- иесіз жылжымалы мүліктер (ҚР АҚ 242-баптың 3-бөлігі).
- меншік иесі бас тартқан жылжымалы мүліктер (ҚР АҚ 243-бап);
- тауып алу (ҚР АҚ 245-бап);
- караусыз жануарлар (ҚР АҚ 246-бап);
- казына (ҚР АҚ 247-бап);

Иесі жоқ (иесіз) жылжымайтын немесе жылжымалы мүлікке меншік құқығын алу заңда тікелей анықталған жағдайлар болғанда, немесе бұрыннан иелік ету тәртібімен (ҚР АІЖК 240-бап) жүзеге асырылады.

Иесіз жылжымалы мүлікті жылжымайтын мүлікті басқаруға өкілетті органның арызы бойынша жылжымайтын мүлік құқығын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган есепке алуы тиіс (ҚР АІЖК 314-баптың 2-бөлігі).

Жылжымалы мүлікті иесіз деп тану туралы арыз осы мүлікті иеленуге кіріскен жеке тұлғаның тұратын жеріндегі немесе ұйым орналасқан жердегі сотқа беріледі және оны сот арызданушының және іс бойынша барлық мүдделі тұлғалардың қатысуымен қарайды.

Жылжымайтын мүлікке коммуналдық құқықты беру туралы арызды сотқа осы мүлікті табылған жері бойынша есепке алған коммуналдық мүлікті басқаруға өкілеттігі бар орган береді.

Жылжымалы мүлікті иесіз деп тану туралы істі сот талқылауына дайындау кезінде сот мыналарды анықтауы керек:

- қандай мүлік иесіз деп танылуы тиіс екендігін;
- заттың негізгі ерекше белгілерін;
- меншік иесінің затты жеке меншік құқығын сақтауды ниет етпей қалдыруын растайтын дәлелдемелерді анықтауы;
- арызданушының затты иеленуін растайтын дәлелдер;

Сот төрешісі коммуналдық мүлікті басқаруға өкілеттігі бар органның коммуналдық меншік құқығын беру туралы арызын карау кезінде мыналарды анықтауы тиіс:

- қандай мүлікті иесіз деп тану қажеттігін;
- ол мүлікті кім, қалай иесіз деп анықтағанын, иесіз зат ретінде қашан тіркелгенін;
- меншік иесінің затты жеке меншік құқығын сақтауды ниет етпей қалдыруын растайтын дәлелдемелерді.

Жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану туралы арызды сот кері қайтаруға құқығы бар, егер:

- арыз беру кезінде ҚР АІЖК 150–151-баптарындағы талаптар сақталмаған жағдайда;
- жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның осы мүлікті есепке алғанына бір жыл өткенге дейінгі мерзім сақталмаған жағдайда;
- мүліктің меншік иесін анықтау мүмкін еместігін растайтын дәлелдемелер, сондай-ақ арызданушының мүлікті иеленуге кіріскенін растайтын дәлелдер болмаса (ҚР АІЖК 315-баптың 1-бөлігі).

Сот істі ашық сот отырысында, азаматтық сот ісінің жалпы ережелері бойынша арызданушыны және мүдделі тұлғаларды шақыртып жүргізеді, арызданушыны тындайды, іске қатысты барлық дәлелдемелер мен басқа да материалдарды тексеріп, жылжымалы мүлік иесінің болмауын не оның меншік құқығын сақтау ниетін көздемей тастап кеткенін және белгіленген тәртіппен есепке алынғандығын таныған жағдайда, сот *жылжымалы мүлікті* иесіз деп тану және оған меншік құқығын алуға кіріскен тұлғаның меншігіне беру туралы шешім шығарады.

Егер сот жылжымайтын мүлік иесіз немесе оның меншік құқығын сақтау ниетін көздемей тастап кеткенін және бекітілген тәртіппен есепке алынғандығын таныған сот *жылжымайтын мүлікті* иесіз деп тану және коммуналдық меншік құқығын тану туралы шешім шығарады (ҚР АІЖК 317-бап).

Жылжымайтын және жылжымалы мүлікті иесіз деп танудың мәнін мүліктің бұзылуы мен ұрлануынан сақтайды, бұл мүлікті қажетіне қарай қолдануға мүмкіндік береді, жылжымайтын мүлікті жалға беру ретіндегі төлемдер; коммуналдық меншікке түскен нысандарды қолдануды жүзеге асыру арқасында кәсіпкерлік қызметтен түсетін салықтар мен салымдар және жылжымайтын мүлікті сатудан немесе қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес осы мүлікпен жасалған келісімдерден түскен қаржыдан жергілікті бюджеттің толығына қызмет етеді.

§ 7. Ұл (қыз) асырап алу туралы өтініштер бойынша сот ісі

1998 жылы Қазақстан Республикасының неке және отбасы Заңы ерекше сот ісі тәртібімен азаматтық іс жүргізу заңында карастырылған ережелер бойынша асырап алудың тәртібін бекітті («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 77-бап).

Асырап алуды асыраушы (оның ұрпағы) мен асырап алушының (оның туысқандары) арасында, шыққан тегі бойынша туысқандар сияқты тен құқықтар мен міндеттер туындайтын заңды акт деп айтады. Осымен бір мезгілде осы актімен асырап алынғандар жеке және меншіктік құқығын жоғалтып, ата-аналары мен туыстарына қатысты міндеттерден босатылады.

«Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 80-бабында бала асырап ала алмайтын адамдардың тізімі берілген:

1) сот іс-әрекетке қабілетсіз немесе қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалар;

2) сот жұбайының біреуі іс-әрекетке қабілетсіз немесе қабілеттілігі шектеулі деп таныған ерлі-зайыптылар;

3) сот арқылы ата-ана құқынан айырылған немесе ата-ана құқығы шектеулі тұлғалар;

4) өзіне заңмен жүктеген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қамқоршы міндетінен айырылған тұлғалар;

5) кінәларының арқасында асыраушы болуларын сот жоққа шығарған, бұрынғы қыз немесе ұл асырап алушылар;

б) денсаулығының нашарлығына байланысты ата-ана құқығын жүзеге асыра алмайтын тұлғалар. Ұл (қыз) асырап ала алмайтын, оны қамқорына (асырауына) қабылдай алмайтын аурулар тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Мысалы, мұндай ауруларға белсенді және созылмалы туберкулездің 1, 2, 3-топтағы диспансерде есепте тұрған барлық түрі, ішкі құрылыс аурулары, нерв жүйелерінің ауруы, декомпенсация сатысындағы тіректі-қозғалыс аппараты, қатерлі ісікті онкологиялық аурулардың барлық түрі, 1 және 2-топтағы мүгедектікке әкеп соқтырған аурулар мен жарақаттар жатады. Сонымен қатар бұл ауруларға есірткі, токсикологиялық, алкоголь заттарын қолданушылар, жұкпалы аурумен ауыратын, диспансерлік есепте тұрғандар, психикалық аурулар және сот іс-әрекетке қабілетсіз немесе қабілеттігі шектеулі деп танылған адамдар жатпайды.

Некеде тұрмайтын азаматтар бірге бір баланы асырап ала алмайды. Негізінде асырап алу тек «Неке және отбасы туралы»

ҚР Заңында бекітілген шарттарды сақтағанда ғана асырап алу мүмкін болады. Олар:

— азаматтардың бала асырап алу тілегі («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 77-бабы);

— асырап алушы мен асыранушылардың жеке басына қатысты заң талаптарын сақтау («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 80, 85-баптары);

— ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың асырап алуға келісімі («Неке және отбасы туралы» Заңының 82-бабы);

— асырануына баланың өз келісімі («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 84-бабы);

— асырап алушының жұбайының келісімі («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 85-бабы).

Ең алдымен асырап алу ерікті акт. Ол бала асырап алу ниеті бар азаматтардың өз бастамасы бойынша бекітіледі. Сондықтан да заң тек асырап алушылардың тілегі бойынша ғана асырап алуға рұқсат етеді. Асырап алушылардан басқа ешкім де асырап алу туралы істі қозғай алмайды. Асырап алушыда балаларының болуы (туған немесе асыранды) асырап алуына кедергі бола алмайды; асырап алушылар мен асыранушылар арасындағы туыстық қатынас та асырап алуға кедергі бола алмайды.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балалар шетел азаматтарының асырауына Қазақстан Республикасының азаматтары асырап алуына бере алмайтын жағдайда ғана беріледі («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 76-бабы). Бұл ереже 1986 жылы 3-желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының қарары бекіткен халықаралық деңгейде бала асырап алуға қатысты әлеуметтік және құқықтық принциптер туралы Декларацияға, 1989 жылы 20 қарашада Нью-Йоркте қабылданған «Бала құқықтары туралы конвенцияның» 21-бабына сәйкес.

Іс бойынша сот ісі бала асырап алуға ниеті бар азаматтардың асырап алынатын бала тұратын жердегі аудандық сотқа арыз беруінен басталады. Бұл істі тез шешуге және оған қамқоршы органдарды сотқа қатысуға тартуға мүмкіндік береді. Арызға асырап алушы жеке қол қоюы керек. Асырап алушының мүддесі үшін арызды біреудің беруі мүмкін емес. Баланы асырап алу туралы істі сот жабық сот отырысында қарайды. Асырап алу туралы арызында жай деректемелерден басқа мыналар көрсетілуі тиіс (ҚР АІЖК 150-бап):

– асырап алушылардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың мекенжайы;

– асырап алынатын баланың тегі, аты, әкесінің аты және туған жылы, мекенжайы (орналасқан жері), оның аға, апаларының болуы;

– асырап алушылардың бала асырап алу өтінішін негіздеп растайтын мән-жайлар;

– асырап алынатын баланың атын, тегі, әкесінің атын өзгерту туралы өтініш;

– оның туылған күні (бір жасқа дейін асырау кезінде);

– асырап алынатын баланың туған жері;

– баланың туылғаны туралы актіде асырап алушылардың (асырап алушы) ата-ана (әке немесе ана) ретінде жазылуы – асырап алушылардың тілегі бойынша баланың туылғаны туралы актіге сай өзгерістер енгізу (ҚР АІЖК 317-2-бабы).

Сот асырап алушылардан арыз қабылдау кезінде асырап алушылар, олар асырап алғысы келетін балалар, олардың ата-аналары туралы, асырап алынатын баланың туылғаны туралы азаматтық хал актілерін жазуда өзгеріс енгізу мүмкіндіктері туралы мәліметтерді, сонымен қоса, арызға тіркелетін мынадай қосымша құжаттардың барын тексеруі қажет:

– баланың тұратын жеріндегі қамқоршы органының асырап алудың негізділігі мен асырап алынатын баланың мүддесіне сай келетіндігі туралы қорытындысы (ҚР АІЖК 317–3);

– асырап алушылардың тұрмыс жағдайын тексеру актісі;

– баланың туу туралы куәлігінің және акт жазбасының көшірмесі;

– асырап алынатын баланың денсаулығы, ақыл-ойы мен физикалық дамуы туралы құзыретті органның медициналық қорытындысы;

– заңмен талап етілсе, ата-аналарының асырап алуға міндетті түрдегі келісімі;

– келісім (қамқоршысының, асырап алатын ата-аналарының баланы асырап алуға оның қамқоршысының және ата-ананың қамқорынсыз қалған балалар үйінің) («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 84-бабы);

– он жасқа дейінгі асырап алынатын баланың келісімі («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 84-бап).

– он алты жасқа, кәмелетке жасы толмаған ата-ана ұл (қыз) асырап алған жағдайда, ата-анасының немесе қамқоршысының

рұқсаты керек, олар болмаған жағдайда — қамқоршы органдардың келісімі («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 82-бабы).

— арызданушының осы баланы асырап ала алатынын растайтын дәлелдер;

Баланы шетел азаматы асырап алатын жағдайда, сот арызданушыдан мыналарды талап етуі тиіс:

— оның тұрмыс жағдайы мен асыраушы бола алатынына мүмкіндігі жөнінде қорытынды;

— аталған органдарда шетел азаматының Қазақстан Республикасының азаматын — баласын асырап алуға ниет білдірген тұлға ретінде тіркелгенін растайтын дипломатиялық өкілдіктің немесе Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінің берген құжаты;

— бала асырап алғысы келетін шетел азаматы шетелде не Қазақстан Республикасында тұрақты тұрады және үш айдан бері орталық есепте тұратынына көз жеткізуі керек.

Сот бала асырап алу туралы істі қарау кезінде қамқоршы органның өкілін және асырап алатын баланың ата-анасын, ата-анасы болмаған жағдайда оның жақын туыстарын, ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар үйінің өкілдерін, өзге мүдделі тұлғаларды және баланың өзін, егер ол 10 жасқа толған болса міндетті түрде шақыруы тиіс. Сонымен қоса, асырап алушы арызына бала асырап алуды сұрауын негіздейтін мән-жайларды көрсетуі тиіс.

Сот бала асырап алу туралы арызды қарай отырып арызды қанағаттандыру немесе оны қанағаттандырудан толығымен немесе асырап алушылардың өтінішінің бір бөлігінен бас тарту туралы шешім шығаралы.

Асырап алу туралы өтінішті қанағаттандырған кезде сот нақты бір адам баланы асырап алды деп таниды. Асырап алғандығы туралы шешімде сот мыналарды шешіп және оны шешімінің қарар бөлімінде нақты көрсетуі тиіс:

— асырап алынған баланың аты, тегі және әкесінің аты, баланың туған жері, туылған күнінің өзгертілгені туралы деректер;

— асырап алушылардың асырап алынған баланың ата-ана ретінде жазылуы;

— қайтыс болған ата-анасына қатысты жеке мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сақтау туралы, асырап алынатын балаға зейнетақы және өтемақы алу құқығының сақталуы туралы («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 90-бабы).

Занды күшіне енген сот шешімінің көшірмесі баланы асырап алуды мемлекеттік тіркеу үшін сот орналасқан жердегі азаматтық хал актілерін жазу органына, сондай-ақ қамқоршы органға үш күн мерзім ішінде жіберіледі (ҚР АІЖК 317-5-бап).

Сот «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 95-бабының 2-тармағына сәйкес, мынадай жағдайлар болғанда бала асырап алу құқығынан айырады:

1) баланың мүддесіне қарай және оның пікірін есепке ала отырып, асырап алушының кінәсі жоқ болса. Мұндай мән-жайларға мыналарды жатқызуға болады: асырап алушы мен асырап алынатын баланың арасында өзара түсіністік қарым-қатынас қалыптаспаса; асырап алғаннан кейін баланың ақыл-есі шала екендігі анықталса; қатты бауыр басып қалған және ұмытпа алмайтын баланың ата-анасының іс-әрекетке қабілеттіліктері қалпына келсе;

2) «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 95-бабының 1-бөліміне сәйкес асырап алушының кінәсі болса. Оларға: ұл (қыз) асырап алушы өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан жалтаруы, ата-ана құқықтарын тым қатал пайдалану, асырап алған баласына қатыгездікпен қарау, олардың жыныстық қол сұқпаушылығына қастандық жасау, маскүнемдікпен, есірткімен немесе токсикоманиемен ауырады деп танылғандар жатады.

3) жалған құжаттың негізінде бала асырап алу туралы шешімді қабылдау; заң бойынша міндетті болған ата-анасының келісімінсіз бала асырап алу («Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы 82-бап); некеде тұрған тұлғаның жұбайының келісімінсіз баланы асырап алуы; «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңының 80-бап 1-бөлімінде қарастырылған бала асырап алу мақсаттары мен шарттарды бұзу.

Асырап алу туралы сот шешімі шыққан сәттен бастап ұл (қыз) асырап алу жарамсыз деп танылады.

§ 8. Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе лаңкестік қызметті жүзеге асырушы шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік немесе лаңкестік ұйым деп тану туралы арыз бойынша сот ісі

Халықаралық лаңкестік (террорлық) ұйым — бұл қандай да бір мақсатқа, әдетте саяси сипаттағы, күш көрсету арқылы, негізінен лаңкестік актілерді қолданумен жетуге бағытталған

жеке тұлғалардың немесе ұйымның әрекеті. Ланкестік – бұл қорқыныш туғызу, азаматтарды, мемлекеттік өкімет органдарының өкілдерін және саяси қайраткерлерді өлтіру, адамдарды ұрлау, қаскүнемдік (диверсия) және т.б. арқылы үркіту Қылмыстық құқықта қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыс болып табылады.

Бүгінде әлемде ланкестер мен экстремистердің қайта құрылу әсерін білмейтін мемлекеттер аз емес. Соңғы жылдары жер шарының түрлі аймақтарында ланкестік әрекеттердің өсіп отырғандығы байқалады. 2008 жылдың сәуір айында Астанада Бас прокуратура өкілінің қатысуымен брифинг болып өтті, онда соңғы төрт жылда отыз ланкестік және бір экстремистік ұйымның Қазақстандағы қызметіне Бас Прокурордың мәлімдеуі бойынша соттар тыйым салғандығы айтылды. Бұл «Аль-Каида», «Шығыс Түркістанның ислам партиясы», «Күрд халықтық конгресі», «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Асбат-аль Ансар», «Мұсылман ағайындар – талибан қозғалысы», «Боз Гурд», «Орталық Азияның махмедітер жамағаты», «Лашкар және Тайба», «Әлеуметтік реформалар қоғамы», «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы», «АУМ синрике», және «Хизб-ут-Тахрир». Аталған ұйымдар ланкестік ұйымдар және өзге мемлекеттердің ШОС деп танылған, ал олардың ішіндегі кейбіреулері БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің, Еуроодақтың шешіміне сәйкес, АҚШ Президентінің жарлығымен халықаралық ланкестік ұйымдарға енгізілген. (Қазақстанская правда. 2008 ж., 12 сәуір).

Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласының соты Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының мәлімдемесін қарау нәтижесінде «Түркістанның ислам партиясы» атты халықаралық ұйымды ланкестік ұйым деп танып, оның Қазақстандағы қызметіне тыйым салынды.

Қылмыстық құқықтағы ланкестік (Ланкестік 233-1). Ланкестікті насихаттау немесе ланкестік әрекеттерді жасауға бұқараны шақыру (233-2-бап). Ланкестік топты құру, басқару және оның қызметіне қатысу. (233-3-бап). Экстремизмді немесе ланкестік қызметті қаржыландыру Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыстық әрекет болып табылады.

Экстремистік ұйым – қандай да бір идеяға шын берілген адамдардың тым төмен көзқарастарымен және шаралармен бірігуі, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырда

шыққан «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы саясатта экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық ұйымдар, әскери құрылымдардан тұратын қоғамдық ұйымдар құруға тыйым салады. Өзге мемлекеттердің саяси партияларының, кәсіподақ одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ бұл органдары шетел азаматтарының, заңды тұлғаларының, шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.

Шетелдік және халықаралық коммерциялық және үкіметтік емес құрылған ұйымдар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуі тиіс. («Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР Заңы 13-бап). «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 22-бабында заңды және жеке тұлғалардың қоғамдық бірлестіктер туралы заңдылықтарды бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі жарғыларында бекітілген мақсаттары мен міндеттерінің шегінен шығатын іс-әрекеттерді жасаған жағдайда, прокуратура органдарының ұсынған негіздері бойынша сот шешімімен үш айдан алты айға дейін ұйымның қызметі тоқтатылуы мүмкін. («Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР Заңы 23-бап).

Істердің осы санаттары бойынша сот ісінің тәртібі 2005 жылдың 23 ақпанында қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасы Заңының 36-2 тарауымен реттеледі. ҚР АІЖК 317-6-бабында мынадай істерді қараудың соттылығы бекітілген:

а) Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында *экстремизмді* жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды *экстремистік ұйым* деп тану туралы арызды прокурор Астана қаласының сотына береді.

б) Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында *лаңкестік қызметті* жүзеге асыратын халықаралық ұйымды *лаңкестік ұйым* деп тану туралы арызды Бас Прокурор Астана қаласының сотына береді. Мұндай хабарлама беруге қоғамдық ұйымдар туралы халықаралық ұйым заңнамасының бұзылуы болып табылады.

Прокурор берген арызда, шетелдік немесе халықаралық ұйымның Қазақстан Республикасының және (немесе) өзге мемлекет аумағында Қазақстан Республикасының заңдарымен экстремистік немесе ланкестік деп танылуы мүмкін іс-әрекеттерді жүзеге асыру дерегін растайтын мән-жайлар болуы тиіс.

Арызға мына материалдар қосылуы тиіс: актілер, прокуратура, ішкі істер органдарының хаттамалары, азамат арыздары және аталған органдардың Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық ұйым әрекеттерін тексеру кезінде алған шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік немесе ланкестік ұйым деп тану туралы негізі бар өзге дәлелдемелер, сондай-ақ шет мемлекеттердің өзге құзырлы органдардан алынған дәлелдемелер, соның ішінде халықаралық соттардың және шет мемлекеттер соттарының сот шешімдері де болуы тиіс (ҚР АІЖК 317-7-бап). Сот төрешісі істі тындауға дайындау кезінде, сот отырысына қатысатын тұлғаларды анықтап, іс материалдарын игереді, ҚР АІЖК 150–151-баптарындағы өзге әрекеттерді жүзеге асырады. Сот отырысына прокурордың қатысуы міндетті.

Сот отырысы ҚР АІЖК нормаларына сәйкес, осы санаттағы іс терді қарау үшін заңда бекітілген тиісті алып қоюлар мен қосымшалармен жүргізіледі. Арызды қанағаттандырған жағдайда арыздың қарарлы бөлімінде, осы ұйымның қызметі тоқтатылғандығы және әкімшілік жаза қолданылатындығы көрсетіледі. Егер сотта шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның экстремистік және ланкестік әрекеттерді жүзеге асыруы анықталса, сот Қазақстан Республикасы аумағында бұл ұйымның қызметін одан әрі жүзеге асыруына тыйым салу туралы шешімін қабылдайды.

Сонымен бірге, сот шешімі Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе ланкестік әрекеттерді жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйым туралы мәліметтерді өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның арнайы есепке алу жүйесіне қосу үшін негіз болады.

Прокуратура органдары Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе ланкестікті жүзеге асырушы ұйым деп тану туралы істі қарауға байланысты сот шығындарын төлеуден босатылады (ҚР АІЖК 317–8-бап). Сот шешіміне апелляциялық тәртіп бойынша Жоғарғы Сотқа шағымдануға болады.

§ 9. Азаматтық хал актілерін жазудағы қателіктерді анықтау

Азаматтық хал актісі – бұл мемлекеттік органдарда азаматтың хал жағдайын міндетті түрде тіркеуге жататын, адамның өмірінде болатын негізгі оқиғалар.

Азаматтық хал актілері заңына сәйкес азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің туындауымен, өзгеруімен немесе тоқтауымен байланысты заңды деректер болып табылады. АХАЖ бөлімдерінде мемлекеттік тіркеуге жататын заңды деректерге мына оқиғалар мен әрекеттер жатады: тууы, қайтыс болуы, неке қиюуы, оны тіркеуі, бала (ұл, қыз) асырап алуы, әкесін анықтауы, атын, тегін және әкесінің атын өзгерту.

Азаматтық хал актісін жүргізу – АХАЖ бөлімінің лауазымды тұлғасының азаматтық хал актілері туралы ақпараттан және осы азаматтық хал актісінің тіркегендігінен тұратын бекітілген тәртіппен жазған құқықты қолданудың жеке актісінің нәтижесі болып табылатын жазбаша, ресми құжат (А.А. Власов. Гражданский процесс. М., 2006).

ҚР АҚ 15-бабына сәйкес, азаматтық хал актілерін тіркеуді азаматтық хал актілерін жазу органдары азаматтық хал актілерін тіркеу кітабына тиісті жазу енгізу арқылы жүргізеді, осы тіркеу негізінде азаматқа куәлік беріледі. Бұл актілерді тіркеу аудан орталықтарында, қалаларда аудандық және қалалық АХАЖ органдарында жүргізіледі.

Кейде, азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде қателіктер кетуі мүмкін, мысалы, тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, туылған күні, немесе қайтыс болған күні, мұрагерлікке ие болуда, әкелікті бекіткенде, т.б. дұрыс жазылмай, қателіктер кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда, мүдделі тұлғалар оларға өзгертулер мен түзетулер енгізуін сұрап, АХАЖ бөлімдеріне жүгінулеріне тура келеді.

Азаматтық хал актілерін тіркеу кітабына және ахаж бөлімінің жазбаларына (тууы, неке қиюы, ажырасуы, бала асырап алуы т.б.) өзгертулер мен түзетулер енгізу үшін жеткілікті негіздер болған және мүдделі тұлғалар арасында ешқандай дау жоқ болған жағдайда, әкімшілік тәртіппен енгізіледі. Мұндай жағдайларда дауды сот ерекше сот ісі тәртібімен шешеді. Мүдделі тұлғалардың арасында *даудың бары* анықталған жағдайда, түзетулер мен өзгертулер енгізуді сот *талап қою ісі тәртібімен* шешеді.

Мүдделі тұлғаларға мысалы, қайтыс болуына байланысты құжаттардағы акті жазуында кеткен қателіктерден, мұрагерлікті алуға мүмкіндіктері болмайтын мұрагерлер жатады.

Азаматтық хал актілерін жазудағы қателіктер сот талқылау кезінде тиісті түзетулер мен өзгертулер енгізу туралы сот шешімін шығаруға дәлел болып табылады.

Азаматтық хал актілеріне өзгеріс енгізу немесе түзету туралы арыз оны берушінің тұратын жеріндегі не азаматтық хал актілерін жазу органы орналасқан жердегі сотқа беріледі. Егер АХАЖ органдары арызданушының құжатына өзгерту немесе түзету енгізуден бас тартса, ол осы арызбен сотқа жүгінуіне құқығы бар (АІЖК 318-бап).

Арызда мыналар көрсетілу тиіс:

– арызда азаматтық хал актілерін жазу кітабындағы жазудың қателігі неде екендігі;

– АХАЖ органының осы құжатты тіркеу кезінде қандай дәлсіздіктер мен қателіктер жібергендігі бар екендігін;

– қашан болғаны және азаматтық хал актілерін жазудың қандай органның жазуды түзетуден немесе өзгертуден бас тартқандығы көрсетілуге тиіс (ҚР АІЖК 319-бап). Арызданушы ахаж органымен берілген қателігі бар құжатқа өзгеріс немесе түзету енгізуін талап ететін құжатты, ахаж бөлімінің өзгерту немесе түзетуден бас тартуы туралы қорытынды көшірмесін көрсетуі тиіс. Азаматтық хал актілерін жазу кітабындағы жазбаның дәлсіздігін анықтаған сот шешімі азаматтық хал актілерін жазу орындарының мұндай жазбаны түзетуіне немесе өзгертуіне негіз болып табылады (ҚР АІЖК 320-бап).

§ 10. Нотариалдық іс-әрекеттерге немесе оларды бас тартқаны туралы арыздарды (шағымдарды) қарау

Нотариаттық іс-әрекеттер немесе олардан бас тартқаны туралы арыздарды (шағымдар) соттың қарауы азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғаудың маңызды кепілі болып табылады.

Нотариаттық іс-әрекеттер немесе олардан бас тартқаны туралы берілетін шағымдар ерекше сот ісі тәртібімен қаралады. Нотариаттық іс-әрекет немесе одан бас тарту дұрыс емес деп шешкен мүдделі тұлға, ол жөнінде сотқа шағымдануға құқылы.

Нотариат – жеке және заңды тұлғалардың заңды мәні бар құқықтар мен деректерді қуәландыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттер арқылы құқықтар мен заңды мүдделерін қорғаудың заңды түрде бекітілген жүйесі. Қалалар мен аудандарда нотариаттық әрекеттерді мемлекеттік нотариаттар немесе жергілікті басқару органдарының лауазымды тұлғалары жасайды.

«Нотариат туралы» ҚР Заңының 34-бабына сәйкес, нотариат мынадай нотариаттық әрекеттерді жүзеге асырады:

1) келісімдерді, шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшылық құжаттарын куәландырады;

3) мұрагерлік мүлікті қорғау шараларын қолданады;

4) мұрагерлік құқық куәлігін береді; бірге тұру кезінде мүліктің бір бөлшегіне жеке меншіктік құқығын береді;

5) құжаттар мен олардың көшірмелерінің дұрыс екендігін анықтайды немесе дұрыс емес екенін алып тастайды;

6) құжаттар мен олардың көшірмесінің дұрыс екендігін; құжаттардағы қолды; құжатты бір тілден екінші тілге дұрыс аударылғанын куәландырады;

7) азаматтың белгілі бір жерде тұратын дерегін; құжаттарын көрсету уақытын; азаматтың тірі екендігі туралы деректерді куәландырады;

8) жеке және заңды тұлғалардың арыздарын өзге жеке және заңды тұлғаларға береді;

9) депозитке ақша сомасын және құнды қағаздарды қабылдайды;

10) орындаушылық жазбаларды; векселдерге наразылықты; теңіз наразылықтарын жасайды;

11) құжаттарды сақтауға алады;

12) дәлелдемелермен қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Заңды актілерінде нотариустың жасаған басқа да нотариаттық әрекеттері қарастырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Заңы нотариустарға жер, пәтер тұрғын үй, қымбат мүліктер, автокөліктерді біреуге беру келісімдерін, жерге, жерді қолдануға, жерді өз иелігіне меншіктік құқық алуға байланысты келісімдерді куәландыруды міндеттеді. Заң шығарушы мемлекеттік және муниципалды кәсіпорындарды жекешелендіру арқылы кәсіпорын қаражаттарына меншіктік қатынастарды қайта өзгерту процесінде нотариаттарға өте маңызды рөлді бермейді. Алайда, нотариат әрекеттері әрдайым дұрыс бола бермейді және нотариат заңына сәйкес келе бермейді.

ҚР АІЖК 321-бап 2-бөліміне сәйкес мүдделі тұлға, нотариаттық іс-әрекеттер немесе одан бас тарту дұрыс емес деп шешсе, ол жөнінде сол нотариат немесе орган орналасқан жер бойынша аудандық сотқа жүгінуге құқылы.

Мұрагерлікті немесе сенімхаттарды дұрыс куәландырмау немесе оларды куәландырудан бас тартқан аурухана, санаторий,

емдеу-профилактикалық мекемелері, мекеме немесе әлеуметік қорғау органы, экспедиция, әскери-оқу мекемесі, әскери бөлім, мекеме, ұйым, бас бостандығынан айыру орындарының лауазымды тұлғаларына шағым (арыз) олардың орналасқан жері бойынша аудандық немесе қалалық сотқа беріледі.

Қазақстан Республикасының туы астында жүзетін теңіз кемесінің немесе ішкі жүзу кемесінің капитаны мұрагерліктің дұрыс куәландырылмағаны немесе оны куәландырудан бас тартқаны туралы шағымды (арыз) кеме тіркелген порттың сотына береді.

ҚР Нотариалды кеңсенің немесе нотариалды әрекеттерді жасайтын органның орналасқан жері бойынша мұндай істерді қарау тәртібі іске нотариат өккілінің қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚР АІЖК-нің нормаларына сәйкес, сот қарауының тақырыбына мемлекеттік нотариат туралы заңда қарастырылған әрекеттерді дұрыс орындамауы немесе оны нотариустың оны жасаудан бас тартуы жатады. Нотариалды әрекеттерді орындаудың кешіктірілуі сот қарауына жатпайды, олар әкімшілік тәртіппен қаралады.

Нотариалды әрекеттерді дұрыс жасамау деген оның қызметті реттейтін актілердің талаптарына сай келмеуі немесе негізсіздігі екендігімен түсіндіріледі. Егер де қолданыстағы ережелерді бұзу арқылы жасалса, нотариаттың дәлелдемелермен қамтамасыз ету туралы әрекетіне шағымдануға болады. Алайда, сот нотариалды актіге қайшы келетін келісімшартты куәландыруды нотариалды кеңсеге міндеттей алмайды.

Кез келген нотариалды әрекеттерге және тек азаматтардың құқықтары туралы дау болмаған жағдайдағы одан бас тартқаны үшін жалпы ережеге сәйкес ерекше сот ісі тәртібімен сотқа шағымдануға болады (ҚР АІЖК 321-бап). Құқық туралы дау талап қою тәртібімен шешіледі.

ҚР АІЖК 321-бап 4-бөлімінде нотариустың іс-әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағымданушы лауазымды тұлғаның нотариалды іс-әрекетті жасаудан бас тартқаны немесе оны жасауы белгілі болған күннің ертеңінен бастап *он жыл мерзім ішінде* сотқа шағымдануға болатындығы бекітілген.

Бас тарту деп ресми, дәлелді жазбаша түрде бас тартуды айтады. «Мемлекеттік нотариат туралы» ҚР Заңына сәйкес, нотариалды әрекетті жасаудан бас тартылған тұлғаға оның талабы

бойынша бас тартудың себебі жазбаша түрде беріліп, бас тартуға шағымдану тәртібі түсіндірілуі тиіс.

Нотариатты орган әрекеттеріне немесе оның бас тартуына шағымдану мерзімі себепті жағдайлармен өткізіліп алған жағдайда, шағымданушы оны қалпына келтіруге өтінуге құқылы.

Арыздың түрі мен мазмұны ҚР АІЖҚ 150-баптарында қарастырылған, талап қою арыздарына қолданылатын түрмен анықталады. Нотариат органдарының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану арызына, арызданушының қоятын талаптарын растайтын материалдар; егер мүмкін болса, нотариалды әрекеттер жасалынған немесе жасалатын құжаттарды қоса тіркелуіне болады.

Нотариалды әрекетті жасаудан бас тартқаны туралы шағымда белгілі бір іс-әрекеттің дәлелі болатын нотариалды органның жазбаша түрде бас тартуы қоса тіркелуі тиіс; оның болмауы шағымды қабылдаудан бас тартуға негіз бола алмайды. ҚР АІЖҚ 153-бабының негізі бойынша, егер де арызды нотариаттық әрекет кезінде қатыспаған немесе оған нотариат органы бас тартқан іс-әрекетті орындау жөнінде өтініш жасамаған тұлға берсе, шағым қабылданбайды немесе азаматтық-құқықтық даудың болуына байланысты, ведомстволық бағынышты сот органы істі талап қою тәртібімен қарауы тиіс.

Істі қарауға қатысуға шақырылған басқа тұлғалар (куәгерлер, өкілдер, т.б.) іске қатысушы тұлғалар құқығына ие бола алмайды. Оларға ҚР АІЖҚ 47-бабындағы іске қатысушы тұлғалардың құқығына қатысты іс материалымен танысу, олардың көшірмесін алу, қарсылықтар білдіру, дәлелдемелер ұсыну сияқты іс-әрекеттерді және басқа да іс жүргізу әрекеттерін жасай алмайды.

«Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңының» 43-бабы күшінде нотариат іс-әрекетке қабілетті тұлғалардың мұрагерліктерін куәландырады, ал 58-бабына сәйкес, бір немесе бірнеше адамның сенімхаттарын куәландырады. Мұндай құқық заң бойынша басқа да лауазымды тұлғаларға берілген («Нотариат туралы» Заңы 37-бап).

ҚР АІЖҚ-нің 60-бабында сотта өкіл бола алмайтын тұлғалар қарастырылған, олар көбінесе кәметтік жасқа толмағандар немесе біреудің асырауы мен қамқоршысындағы азаматтар. Тек сеніп тапсырушының өзі ғана жасайтын әрекеттерді, өкіл арқылы ресімдеуге сенімхаттар куәландырылмайды.

ҚР АІЖК 321-бабында көрсетілмеген, лауазымды тұлғалардың құқықтық емес әрекеттеріне шағымдар, әкімшілік-құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер бойынша сот ісі тәртібімен ҚР АІЖК 26-тарауындағы ережелер бойынша каралады. Егер сотқа берілген арыздың мазмұны, ҚР АІЖК 150-бабының талаптарына сәйкес келмеген немесе арызданушы мемлекеттік баж төлемін төлемеген жағдайда сот арызды қозғалыссыз қалдырады және арызданушыға кемшіліктерін түзету үшін уақыт беріледі (ҚР АІЖК 155-бап).

Істі сот талқылауына дайындау. ҚР АІЖК 167-бабына сәйкес, істі сот талқылауына дайындау арыз қабылданғаннан бастап, *жеті күннен* кешіктірілмей жүргізілуі тиіс. Ерекше жағдайларда, бұл мерзімді сот дәлелді ұйғарыммен бір айға дейін созуы мүмкін. Сот талқылауына дайындау уақыты аяталғаннан кейін, іс мәні бойынша бір ай мерзім ішінде каралуы тиіс.

Істі сотта талқылау. Шағымды сот арыз берушінің, нотариустың немесе шағым беріліп отырған нотариаттық іс-әрекетті жасаған немесе нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартқан басқа лауазымды тұлғаның қатысуымен қарайды, алайда олардың келмеуі істі шешуге кедергі болмайды (ҚР АІЖК 322-бап).

Істі сот талқылауы кезінде, сот арызданушының талабында сілтеме жасалынған мән-жайларды және нотариаттың немесе лауазымды тұлғаның жасаған нотариат әрекеттері немесе одан бас тартқаны туралы пікірлерін талап етілген нотариалды істің материалдарын есепке ала отырып, зерттеуге міндетті. Сот отырысында шағымданған әрекет нотариалды органдар құзыретіне заңды түрде тиісті ме жоқ па, сол анықталуы керек. Нотариустардың әрекеттеріне шағымдануды қарау кезінде, орындалған жазу тек қарызды өндіру даусыз тәртіппен жүргізілетін құжаттар тізімінде көрсетілген құжаттарда, жасалуы мүмкін екендігін есте сақтаған жөн.

ҚР АІЖК-нің 65-бабына сәйкес, шағымданушы нотариат әрекеттерінің құқыққа жатпайтындығын, ал нотариус немесе нотариаттық әрекеттерді жасаған лауазымды тұлға осы әрекеттің немесе одан бас тартудың дұрыстығын дәлелдеуі тиіс. Нотариалдық әрекетті жасаудан бас тартқан жағдайда, арызданушы оның пікірінше нотариалды түрде куәландырылуы тиіс құжатты, сондай-ақ нотариус немесе нотариаттық әрекеттерді жасаған лауазымды тұлға нотариалдық әрекетті жасаудан бас тартуы туралы қаулысын көрсетуі тиіс

Осы істер бойынша дәлелдеме ретінде нотариалды куәландырылып жасалған құжаттардың түпнұсқасы көрсетіледі, мысалы, шағымдану сипатына қарай келісімшарттар, мұрагерліктер, сенімхаттар және нотариалды орган берген өзге де жазбаша дәлелдемелер, құжаттар (бірге тұру кезіндегі жалпы мүліктің бір бөлігіне мүліктік құқығы бар және т.б.).

Егер, сотқа берілген арызда көрсетілген дәлелдемелерді ұсыну қиындық келтірген жағдайда (арызданушының тұрғылықты жерінің нотариалды іс-әрекетті жасаған органның немесе лауазымды тұлғаның тұратын жерінен қашықтығы) сот немесе сот төрешілері арызданушының өтінімі бойынша дәлелдемелерді сұратып алуға жәрдемдеседі (ҚР АІЖК 66-баптың 4-бөлігі).

Егер де сот отырысында нотариустың әрекеттен етуден бас тартуына шағымды қарау кезінде, іске қатысуға тартылған қарызгер орындау қағазын беруде *құқық туралы дау* мәлімделсе, сот арызды қараусыз қалдырады және мүдделі тұлғаларға жалпы негіздер бойынша талап қою арызын беруге құқылары барын түсіндіреді. (ҚР АІЖК 290-баптың 2-бөлігі).

Нотариустың дәлелдемелермен қамтамасыз етуден бас тартуын тексеру кезінде сот арызданушы қандай мақсатпен дәлелдемелерді тіркеуі қажет екендігін, бұл дәлелдемелермен қандай мән-жайлар расталатынын, алдағы уақытты дәлелдемені алудың қандай мүмкінсіздіктері мен қиындықтары (сотта іс қозғаған жағдайда) болатынын анықтауы тиіс.

Мұрагердің арызын қабылдаудан, оған мұрагерлік туралы куәлікті беруден бас тарту туралы шағымды қарау кезінде, сот мұндай бас тартудың себебін анықтауы тиіс. Өкілдікке сенімхатты нотариалды тәртіппен куәландырудың құқықтылығы туралы немесе одан бас тарту жөніндегі сұрақты зерттеу кезінде, арызданушының өкілдікке құқығы бар-жоғын анықтаудың маңызы зор.

Арызданушының нотариалдық іс-әрекетке немесе одан бас тартуына жасаған шағымын қанағаттандырған жағдайда, сот нотариаттық іс-әрекеттің күшін жою немесе оны іс-әрекетті жасауға міндеттейтін шешім шығарады. Шағымды қанағаттандыру туралы сот шешімінің көшірмесі сол нотариатқа жіберіледі (ҚР АІЖК 323-бап).

§ 11. Жоғалған құнды қағаздарға немесе ордерлі құнды қағаздарға құқықты қайта қалпына келтіру (шақырту ісі)

ҚР АҚ 134-бабына сәйкес, ұсынушыға немесе ордерлік құнды қағаздарға жоғалған құнды қағаздар бойынша құқықтарды қалпына келтіруді ҚР АІЖК 39-тарауында көрсетілген тәртіппен сот жүзеге асырады.

Құнды қағаз – мүліктік құқықты растайтын, белгілі бір жазбалар жиынтығы. Құнды қағаздарға: акциялар, облигациялар және құнды қағаздың басқа да түрлері жатады. Құнды қағаздардың бір түріне ордерлік құнды қағаздың берілгендігі туралы – индоссаментті жазу арқылы онда аталған тұлғаға немесе басқа тұлғаға куәландырылған құқықтың тиістілігін растайтын *ордерлі құнды қағаз* жатады (ҚР АҚ, 129 және 132-баптар). *Индоссамент* – (чектің, векселдің артындағы берілгендігі туралы жазба) – құнды қағазда жасалған, құнды қағаз бойынша құқық берілетін тұлғаға құнды қағаздармен расталған барлық құқықтарды аудару (ҚР АҚ 132-бап).

Истерді ерекше сот ісі тәртібімен қараудың қажеттілігі жоғалған құнды қағаздар бойынша ұсынушыға немесе ордерлік құнды қағаздарға құқықты қалпына келтіретін жағдайда туындайды. Құжаттарды жоғалту – олардың толықтай жоқ болуы немесе құжатты тиісінше сақтамаудың не өзге себептер нәтижесінде төлем қабілеттігінің сапасы мен белгілерін жоғалту деген сөз. Мысалы, ордерлік құнды қағазда оның иесінің аты-жөні немесе ақша сомасы сақталмаған.

Тұлға ұсынушыға құнды қағазды немесе ордерлік құнды қағазды жоғалтқан жағдайда, жоғалған құнды қағазды жарамсыз деп тану немесе оған құқықты қайта қалпына келтіру туралы сотқа арыз жазады.

Жоғалған құнды қағазды немесе ордерлік құнды қағазды жарамсыз деп тану немесе немесе оған құқықты қайта қалпына келтіру туралы арыз орындалуы тиіс құжатты берілген тұлғаның тұрғылықты жеріндегі сотқа беріледі (ҚР АІЖК 324-бап).

Жоғалған құнды қағазды немесе ордерлік құнды қағазды жарамсыз деп тану немесе немесе оған құқықты қайта қалпына келтіру туралы арызда мыналар көрсетілуі тиіс:

- жоғалған құжаттың ерекшеліктері;
- оны берген мекеменің немесе тұлғаның атауы;
- құжатты жоғалту кезінде болған жағдайлар;

– құжатты берген адамға ол бойынша акша беруге тыйым салу туралы арызданушының өтініші.

Істі дайындау және қарау. Сот төрешісі ұсынушының жоғалған құнды қағазды немесе ордерлі құнды қағазды жарамсыз деп тану туралы арызын қабылдағаннан кейін, сот құжатты берген мекемеге немесе тұлғаға ол бойынша төлем төлеуге немесе акша беруге тыйым салу туралы ұйғарым шығарады және оның көшірмесін оны берген мекемеге немесе тұлғаға, тіркеу ұстаушыға немесе тіркеушіге жібереді.

Жоғалған құнды қағазды немесе ордерлі құнды қағазды жарамсыз деп тану немесе оған құқықты қайта қалпына келтіру туралы іс бойынша арызданушыны осы мән-жайды жергілікті газет беттеріне өз есебінен жариялауды міндеттеу туралы ұйғарым шығарады. Жоғалған құжат туралы жарияланған жергілікті газет беттерінде ҚР АІЖК 326-бабында қарастырылған барлық деректемелер түгел болуы тиіс:

- құжаттың жоғалғандығы туралы арыз түскен сот атауы;
- арызданушы тұлғаның атауы, оның нұсқауы, мекен-жайы немесе тұрғылықты жері;
- құжаттың ерекше белгілері мен атауы;
- жоғалғандығы туралы жарияланған құжатты ұстаушыға жарияланған күннен бастап отыз күн ішінде осы құжатқа өзінің құқықтары туралы сотқа арыз жазуы туралы ұсыныс.

Ұйғарым шығарудан бас тартқан сотқа, сондай-ақ ұйғарымның мазмұны да жеке шағым, наразылық білдіруге болады (ҚР АІЖК 326-бап).

Ұсынушыға құнды қағазды немесе ордерді құнды қағазды ұстаушы жоғалғандығы туралы жергілікті газетте жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде ұйғарым шығарған сотқа жоғалған құнды қағаздарға өз құқықтары туралы арыз беруге және олардың түпнұсқасын табыс етуге міндетті (ҚР АІЖК 327-бап).

Жоғалғандығы жарияланғаннан кейін, *үш ай мерзім* аяқталғанға дейін құжатты ұстаушы адамнан сотқа арыз келіп түскен жағдайда, сот құжатты жоғалтқан адамның арызын қараусыз қалдырады және құжатты берген мекемеге (тұлғаға) ол бойынша төлемдер жүргізуге және акша төлеуге тыйым салатын мерзімді белгілейді. Бұл мерзім *екі айдан* аспауы керек. Сонымен қатар сот арызданушыға құжатты ұстаған азаматқа жалпы тәртіп бойынша бұл құжатты қайтарып беруін талап ету туралы

арыз жазуын, ал құжатты ұстаушыға арызданушыдан тыйым салу шараларынан келген шығынын өтетү құқықтарын түсіндіреді.

Құжатты жоғалтқан адам арызын караусыз қалдырған сот ұйғарымына жеке шағым, наразылық білдіре алады (ҚР АІЖК 328-бап).

Жоғалған құнды қағазды немесе ордерлі құнды қағазды жарамсыз деп тану немесе оған құқықты қайта қалпына келтіру туралы іс азаматтық сот ісінің жалпы ережелерімен қаралады. Сот төрешісі егер, құжатты ұстаушыдан арыз келіп түспеген жағдайда, істі жоғарыда айтылған газетте жарияланғаннан кейін, үш ай мерзім ішінде қарауы тиіс. Шақырылған адамдардың сот отырысына келмеуі істі қарауға кедергі келтірмейді. Сот төрешісі істі талқылау кезінде жоғалған құжатқа арызданушы құқығын растай алатын дәлелдерді әбден тексеруі керек (ҚР АІЖК 329-бап).

Құнды қағаздарға арызданушы құқығын растайтын дәлелдемелерге мыналар жатады:

- бағалы қағаздың өзі (түпнұсқасы);
- құнды қағаздар нарығының кәсіби маманы ашқан есепшоттан үзінді;
- құнды қағазға құқығын растайтын лицензия;
- құнды қағаздар нарығының кәсіби маманы ашқан есепшоттан алынған үзінді болып табылатын құжатсыз құнды қағазға құқық

Дәлелдерді зерттеп болғаннан кейін, арызданушы өтінішін қанағаттандыру жағдайында, сот жоғалған құжатты жарамсыз деп тану туралы шешім шығарады. Егер бұл құжат өзінің төлем төлеу қасиетін мүлде жоғалтқан жағдайда, бұл жағдай соттың арызданушыға салым немесе жарамсыз деп танылған құжат орнына жана құжат беруі туралы шешім шығаруына негіз болып табылады.

Арыз берушінің өтініші қанағаттандырылған жағдайда сот жоғалған құжатты жарамсыз деп танитын шешім шығарады. Бұл шешім арыз берушіге жарамсыз деп танылған құжаттың орнына қосымша немесе жана құжат беруге негіз болып табылады (ҚР АІЖК 330-баптың 2-бөлігі).

Әлдебір себептермен осы құжатқа өз құқығы туралы уақыында мәлімдемеген құжат ұстаушы құжатты жарамсыз деп тану туралы соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін жоғалған

құжаттың орнына жаңа құжат алу құқығы берілген адамға мүліктің негізсіз сатып алынғандығы немесе сақталғандығы туралы талап қоя алады (ҚР АІЖК 331-бап).

§ 12. Аралық соттардың шешімдеріне шағымдану туралы істер бойынша сот ісі

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 қаңтардағы «Аралық сот туралы» ҚР Заңға сәйкес жеке және заң тұлғалар арасында болатын азаматтық-құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын даулы мәселелерге қолданылады. Оған төмендегілердің мүдделеріне қатысты даулар ведомстволық бағынышты емес:

- мемлекет, мемлекеттік мекемелер;
- көмелетке жасы толмаған тұлғалар;
- заң тәртібі бойынша іс-әрекеткен кабілетсіз деп танылған тұлғалар;
- аралық сот келісімінің қатысушылары болып табылмайтын тұлғалар;
- жұмыстар мен қызмет көрсету туралы келісімшарттардан болатын даулар;
- табиғи монополиялар субъектілерінің тауарлар өндірісінде, тауарлар мен қызметтер нарығында басынқы жағдайларға ие субъектілер, сондай-ақ банкроттық істер бойынша.

Аралық сот — мемлекеттік сот емес, іс жөніндегі дауды шешуге тараптардың өздері сайлаған сот. Аралық соттың төрешісі болып, жасы жиырмадан асатын, тиісті білімі, жоғары оқу орнын тәмамдаған жеке тұлға болуы мүмкін. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және сот төрешілерінің мәртебесі туралы» заңда бекітілген тәртіппен тағайындалған *сот төрешісі* аралық сот төрешісі бола алмайды. Аралық соттар үнемі әрекет етуші немесе істі шешу үшін тараптардың келісімі бойынша құрамында бір немесе үштен кем емес соттан құрылуы мүмкін.

Аралық соттар істі қарай отырып, Конституцияны, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де құқықтық нормативті актілерді, сондай-ақ келісімдердің шарттары мен іскерлік айналымның дәстүрлерін басшылыққа алады («Аралық сот туралы» ҚР Заңы 8-бап).

Істі аралық сотта қарап, шешу кезінде азаматтық іс жүргізу заңдылықтарында бекітілген жалпы принциптер, ережелер мен тәртіп сақталуы тиіс, бұған тараптардың келісімімен соттардың құрылуы және осы соттарға тән өзге ерекшеліктер жатпайды.

Істі талқылағаннан кейін аралық сот аралық шешім шығарады, ол аралық сот (сот төрешілері) қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Шешімнің қарарлы бөлімінде әрбір талап қою арызындағы талаптарды қанағаттандыру немесе одан бас тарту туралы аралық соттардың пікірлері, дауды аралық сотта шешуге кеткен шығындар сомасы, аталған шығындарды тараптарға бөлу және қажет болған жағдайда аралық соттың шешімін орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

Аралық соттардың шешіміне ҚР АІЖК 40-тарауында бекітілген тәртіппен аудандық, сотқа шағымдануға болады. Аралық соттардың шешіміне шағымдану туралы арызды аралық сот талқылауының тараптары, сондай-ақ іске қатысуға тартылмаған үшінші тұлғалар шағымдануға негіздің барын білген күннен бастап, отыз күн ішінде дауды қараған аралық соттың тұрғылықты жеріндегі сотқа ҚР АІЖК 331-1 сәйкес бере алады.

Егер де аралық соттың шешімі толық немесе жартылай күшін жойған жағдайда және аралық сот істі қайта қараған кезде шешілмесе, бұл дауды аралық сотта ары қарай қарауға жатпайды. («Аралық соттар туралы» заң 44-бап).

Әдетте аралық сот шешімдеріне шағымдар мемлекеттік соттарда ерекше сот ісі тәртібімен қаралады (ҚР АІЖК 39-1).

Аралық соттардың шешіміне шағымдану арызды сот іс қозғалған сәттен бастап, *он күн ішінде* қарауы тиіс. Аралық соттардың шешіміне тараптардың шағымын қарау кезінде аудандық сот іс материалдарында тараптар ұсынған мынадай дәлелдемелердің бар-жоғын анықтауы тиіс:

— аралық келісім Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған негіздер бойынша жарамсыз болып табылады;

— аралық соттың шешімі аралық соттың келісінде қарастырылмаған дау бойынша шығарылған немесе оның шарттарына қарай не болмаса аралық соттардың келісімі шегінен шығатын мәселелер бойынша қаулы бар, сондай-ақ дау аралық соттың ведомстволығынан бағынышты болмаудың салдарынан шығарылған;

— аралық соттың құрамы немесе аралық талқылау аралық сот туралы Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сай келмейді;

— аралық сот төрешілерін сайлау туралы аралық сот отырысының болатын уақыты мен орны тараптарға тиісінше хабарланбаған не болмаса өзге себептермен аралық сотқа өз түсініктемелерін ұсына алмаған;

– аралық соттын шешімі заңдылық принципіне және істерді караудың бұқаралық тәртібіне қайшы келеді, дау аралық сот талқылауының такырыбы болуы мүмкін емес (ҚР АІЖК 8-бап);

Содан соң, сот аралық соттың шешіміне шағымдану туралы арыздарды қарау нәтижелері бойынша аралық соттың шешімін жокқа шығару туралы немесе арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығара алады. Соттың ұйғарымына тараптар мен мүдделі тұлғалар шағымдана алады (ҚР АІЖК 331-2).

§ 13. Жойылған сот және атқару ісін қайта қалпына келтіру

Толықтай немесе жартылай жойылған сот немесе атқару ісін қайта қалпына келтіру қажеттігі соттың шешімін немесе ұйғарымын орындауға, оларға шағымдануға, істі қайта қарау туралы жоғарғы сатыдағы сотқа арыз беру құқығын жүзеге асырумен байланысты туындайды.

Шешім шығарумен немесе іс бойынша сот ісін тоқтату туралы ұйғарым шығарумен аяқталған азаматтық іс бойынша толықтай немесе жартылай жойылған сот немесе атқару ісін (мысалы, сот отырысының хаттамасы, заттай дәлелдемелерді қарау хаттамасы және т.б.) сот ҚР АІЖК 4-бөлігінде бекітілген тәртіппен қайта қалпына келтіреді.

Жойылған сот немесе атқару ісін қайта қалпына келтіру туралы іс іске қатысушы тұлғалардың немесе прокурордың арызы бойынша қозғалуы мүмкін. (ҚР АІЖК 410-баптың 2-бөлігі).

Жойылған сот немесе атқару ісін қайта қалпына келтіру туралы арыз даудың мәні бойынша шешім шығарған сотқа не іс бойынша сот ісін тоқтату туралы ұйғарым шығарған сотқа беріледі.

Арызда: қандай сот ісін қалпына келтіруді өтінгені, мәні бойынша сот шешім шығарды ма не іс бойынша сот ісі тоқтатылды ма, онда арызданушы қандай іс жүргізу жағдайына ие болды, іс бойынша іске тағы кімдер және қандай іс жүргізу жағдайларымен қатысты, олардың тұрғылықты жері, сот ісін жоғалтудың мән-жайлары туралы арызданушыға не белгілі екендігі, сот ісі құжаттарының көшірмесінің немесе олар туралы мәлеметтердің тұрған жері туралы, арызданушы қандай құжатты қалпына келтіруді қажет деп есептейтіні, оларды қандай мақсатта қалпына келтіретіні көрсетілуі тиіс.

Арызға іске қатысты сақталған құжаттар немесе олардың көшірмелері тіпті олар бекітілген тәртіппен қуәландырылмаса да қоса тіркелуі тиіс.

Жойылған сот немесе атқару ісін қайта қалпына келтіру туралы арызға мемлекеттік баж салығы салынбайды (ҚР АІЖК 410-бап).

Егер де арызда жоғалған сот немесе орындау ісін қайта қалпына келтіру туралы арызданудың мақсаты көрсетілмесе, сот арызды қараусыз қалдырады және арызданушыға арызға мақсатын жазу үшін уақыт береді.

Арызданушының арызда көрсеткен мақсаты оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен байланысты емес екендігін анықтаған жағдайда, сот істі қалпына келтіру туралы іс қозғаудан бас тарта алады не болмаса егер де іс қозғалған болса, оны қараусыз қалдырады және ол жөнінде дәлелді ұйғарым шығарады.

Егер де сот ісі істі мәні бойынша қарағанға дейін жойылған болса, заң бойынша бұл жағдайда талап қоюшы жаңа талап қою арызын ұсынуға құқылы болғандықтан, ол қайта қалпына келтіруге жатпайды (ҚР АІЖК 411-баптың 3-бөлігі). Жаңа талап қою арызы бойынша сот ұйғарымында міндетті түрде сот ісінің жойылғандығы туралы мән-жайлар мен істі қозғаудың негізі көрсетілуі тиіс.

Істі жаңа талап қою арызы бойынша қарау кезінде сот ісінің сақталып қалған бөлігін, азаматтарға сот ісі жойылғанға дейін мекемелердің берген құжаттарды, осы құжаттарды көшірмелерін, іске қатысы бар өзге де материалдарды пайдалануға құқылы.

Сонымен бірге, сот іс жүргізу әрекетіне қатысушы тұлғалардан куәгерлер ретінде жауап ала алады, ал қажет болған жағдайларда сот ісі жоғалған істі қарауда сот құрамына кірген барлық сот төрешілерінен, сондай-ақ орындаушылардан, сот жасауылдарынан, сот шешімін орындаушы сот кеңсесінің менгерушісінен жауап алуы мүмкін.

Егер де олар шығарылған болса, іс бойынша сот ісін тоқтату туралы сот шешімі немесе ұйғарымы міндетті түрде қалпына келтірілуі тиіс.

Іс бойынша сот ісін тоқтату туралы сот шешімін немесе ұйғарымын қайта қалпына келтіру туралы сот шешімінде сотқа ұсынылған және жоғалған сот ісінің барлық қатысушыларымен болған сот отырысында зерттелген қандай нақты деректер негізінде қайта қалпына келтірілетін сот шешімінің, ұйғарымының, қаулының мазмұны қалпына келтірілді деп есептейтіні көрсетіледі. (ҚР АІЖК 312-баптың 2-бөлігі).

Сонымен бірге жоғалған сот ісін қалпына келтіру туралы шешімнің дәлелді бөлімінде соттың қандай дәлелдемелерді зерттегені және жоғалған сот ісі бойынша қандай іс жүргізу әрекеттері жасалғанын дәлелдейтін соттың пікірі көрсетіледі.

Жойылған сот ісі бойынша сот қаулысын дәл қалпына келтіру үшін жиналған материалдар жеткіліксіз болған жағдайда сот жоғалған сот ісі бойынша арызды қарауды тоқтату туралы шешім шығарады және іске қатысушы тұлғаларға талап қою арыздарын жалпы ережеге сай беру құқықтарын түсіндіреді.

Жойылған сот ісі бойынша сот қаулысын қалпына келтіру туралы арызды қарау оның сақталған мерзімімен шектелмейді. Дегенмен де, жойылған сот ісі бойынша оны орындау мақсатында арыз берген жағдайда, егер де атқаруға орындау қағазын ұсыну мерзімі өтіп кетсе, сот оны қалпына келтірмейді, сот сонымен қатар жойылған сот ісі туралы арыз бойынша сот ісін тоқтатады. Жойылған атқару ісі, егер де шешімді орындау жүргізілген болса қалпына келтіріледі. Сот шешімін орындау туралы актіні сот орындау кезіндегі сот орындау актісіндегі жасалған іс-әрекеттердің мәнін көрсете отырып, шешім шығарумен қалпына келтіріледі.

Атқару ісі жоғалған кезде шешімді орындағанға дейін егер де, орындау қағазының екінші түпнұсқасы берілетін болса, сот жоғалған сот ісін қалпына келтіру туралы істі қозғаудан бас тартуға дәлелді ұйғарым шығарады.

Қасақана жалған арыз берген жағдайда, жойылған сот ісі туралы арыз бойынша істі қозғауға кеткен сот шығындары арызданушыдан өндірілетінін есте ұстау қажет. Жойылған сот ісі туралы арыз бойынша шығарылған сот қаулысына бекітілген заң тәртібімен шағымдануға болады.

СОТ АКТИЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ БОЙЫНША СОТ ІСІ

23-т а р а у. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТ ІСІ

§ 1. Апелляциялық соттың мәні және мағынасы

Ұзақ тарихи дамудың нәтижесінде заңды күшіне енбеген сот қаулыларын тексерудің негізгі (классикалық) түрі апелляция болды. «Апелляция» сөзі латын тілінен аударғанда «жүгіну, шағым» дегенді білдіреді.

Апелляциялық сот ісі — бұл апелляциялық сатыдағы соттың бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енбеген шешімін қайта қарау бойынша сот ісінің сатысы. Апелляциялық сатыдағы сот ісінің сатысы жоғарғы тұрған соттың қадағалау қызметіне жа-тады, оның міндеттері мынадай:

— азаматтық істерді қарап, шешуде соттардың жіберген қателіктерін табу;

— заңды күшіне енбеген сот шешімдерінің күшін жою неме-се өзгерту арқылы анықталған қателерді жою бойынша заңда қарастырылған шараларды қолдану.

Апелляциялық сатыдағы сотқа шағымдану институтының мәні мыналардан тұрады:

— ол заңсыз және негізсіз сот шешімін шығаруға қарсы ма-ңызды кепіл болып табылады;

— ол тараптар мен іске қатысушы өзге тұлғалардың құқықта-ры мен заңды мүдделерінің кепілі болып табылады;

— ол біртұтас сот саясатын құру сатысы болып табылады, істерді қараудың сапасын арттыруға ықпал етеді, сол арқылы заңды нығайтады;

— төменгі сатыда тұрған соттардың қызметіне соттық қада-ғалау түрі болып табылады, Қазақстан Республикасының бар-лық аумағында заңды біркелкі қолдануды түзеді;

— ол азаматтарды ескерте отырып, тәрбиелеуді қамтамасыз етеді;

— заңға бағынышты азаматтарды тәрбиелеуге ықпал етеді.

Апелляциялық сот ісінің мәні істі мәні бойынша екінші рет қарауынан және талап етушінің немесе жауап берушінің не прокурордың наразылығындағы аталған заңды және нақты қателерді жою мақсатында заңды күшіне енбеген сот қаулысын апелляциялық сатыдағы (екінші) соттың тексеруінен тұрады.

2007 жылдың қорытындылары бойынша, Құқықтық стати-стика комитетінің ресми статистикалық мәліметтері мен Қазақ-стан Республикасы Бас Прокуратурасының арнайы есеп беру-леріне сәйкес республика соттарына 101027 азаматтық істер түскен, апелляциялық тәртіппен 16974 сот шешімдеріне шағым жасалып, наразылық білдірілген, оның 1682-сі күшін жойған, ал 2297-сі өзгертілген, ал 12995 шешім өзгертусіз қалдырылған (Заң газеті. 30.01 2008 ж.)

Аудандық және қалалық соттардың анықталған сот қателерін жоғарғы сатыдағы сот жояды. Сот қателіктері бірінші сатыдағы

сот бұйрықтарында, ұйғарымдарында, апелляциялық және қадағалау сатысындағы сот қаулыларында да болуы мүмкін.

Мұндай сот қателіктерін жоюдың бір түрі сот қаулыларын қайта қарау жүйесі болып табылады. Азаматтық сот ісінде табылған сот қателіктерін жоюға бағытталған екі сот сатысы — апелляциялық және қадағалау сатылары жататын арнайы іс жүргізу құралдары бар.

ҚР АІЖК 332-бабында қарастырылған ережелерге сәйкес апелляциялық шағымдану мен наразылық білдіру құқығына тараптар, іске қатысушы тұлғалар ие. Апелляциялық және кассациялық шағымдану құқығына сонымен бірге өкілдер де ие, бірақ аталған өкілеттік тұлға берген арнайы сенімхатта келісілген жағдайда (ҚР АІЖК 56-бап). Бұл шарт заңды өкілдерге тән емес (ҚР АІЖК 63-бап).

Бірінші сатыдағы сот шешіміне шағымдануға іске қатысушы тұлғалардың құқық мирасқорлары, сондай-ақ іске қатысуға тартылмаған, бірақ құқықтары мен міндеттеріне қатысты сот шешім шығарған тұлғалар құқылы.

Прокурор, мемлекеттік өкімет органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ҚР АІЖК 44-бабында аталған тұлғалар заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне, егер олар істі қарауға қатысқан болса шағымдана алады. Іске қатысу деп аталған тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінулерін айтады.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, облыстық прокурорлар және оған тең прокурорлар мен олардың орынбасарлары өз құзыреттері шегінде істі қарауға қатыспағандарына қарамастан сот шешімдеріне наразылық білдіруге құқылы.

Апелляциялық қарау тәртібінің тақырыбына: апелляциялық шағым, бірінші сатыдағы сот шешіміне наразылық жатады, барысында істегі бар материалдар бойынша істің нақты мән-жайларын анықтаудың дұрыстығы, материалдық құқық нормаларын қолдану мен талқылау, сондай-ақ істі қарап шешу кезінде азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларын сақтау тексеріледі. (ҚР АІЖК 347-бап).

ҚР АІЖК 333-бабына сәйкес заңды күшіне енбеген сот шешім-деріне апелляциялық шағымдарды, наразылықтарды қарауға төмендегілер жатады:

— азаматтық істер бойынша облыстық және оған тең соттар алқасы — аудандық және оған тең соттар шығарған сот шешімдерін;

– Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының алқалары – облыстық және оған тең соттардың шығарған сот шешімдерін.

§ 2. Апелляциялық шағымды, наразылықты қарау тәртібі

Сот шешіміне апелляциялық шағымдану құқығы бірінші сатыдағы заңды күшіне енбеген сот шешімін тексеру бойынша екінші сатыдағы соттың іс қозғау құқығы болып табылады. Шағымдануға құқық бірінші сатыдағы сот шешім шығарған сәттен бастап туындайды.

Апелляциялық шағымдану құқығын жүзеге асырудың алғы шарты шағымды беретін азаматтың іс жүргізуге қабілеттілігі болып табылады (ҚР АІЖК 46-бап). Іске қатысушы тұлғалар өкілге апелляциялық шағым беруді тапсыруға құқылы. Өкіл, көп жағдайда іске қатысушы қорғаушы сот шешіміне апелляциялық шағымды бұл іс жүргізу әрекетін жасауды өкіл алушы тұлғаның берген сенімхатында келісілген жағдайда ғана беруге құқылы (ҚР АІЖК 59-бап).

Іске қатысушы тұлға апелляциялық шағым беру кезінде, онымен бірге іске қатысушылар және талап қоюшының жағындағы үшінші тұлғалар жеке апелляциялық шағым берген жағдайда Қазақстан Республикасының салық кодексіне сәйкес мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылады. ҚР АІЖК-де апелляциялық сатыдағы сот шешім шығарғанда заңды құқықтары мен мүдделері сөз болуы мүмкін, іске қатыспаған тұлғалардың жеке апелляциялық шағым беру құқықтары тікелей атап көрсетілмеген.

Апелляциялық шағымдану объектісі бірінші сатыдағы соттың тек заңды күшіне енбеген шешімдері ғана бола алады. Бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енбеген шешімдерінің бөлігі де (дәлелді және қарарлы) апелляциялық шағымданудың объектісі болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының істі бірінші сатыдағы сот ретінде қарау кезінде шығарған ұйғарымы апелляциялық тәртіппен шағымдануға, наразылық білдіруге жатпайды және ол жарияланған сәтінен бастап заңды күшіне енетінін есте ұстаған жөн (ҚР АІЖК 344-баптың 1-бөлігі).

Апелляциялық шағымдану мерзімінде апелляциялық сот тиісті қаулы қабылдағанға дейін шағымнан бас тарту мен наразылыққа қарсылық білдіруге болады (ҚР АІЖК 341-бап), ал

апелляциялық сот шағымды және прокурордың наразылығын қарау кезінде талап етуші талап қою арызынан бас тартып, бейбіт келісім жасауына болады (ҚР АІЖК 342-бап).

ҚР АІЖК апелляциялық сатыдағы соттын шағымнан бас тартуды кейінге қалдыру құқығы қарастырылмаған. Занда, сот шешіміне апелляциялық шағымдану құқығынан бас тарту жарамсыз делінген (ҚР АІЖК 8-баптың 4-бөлігі). Сонымен бірге апелляциялық шағым берген тұлға апелляциялық сатыдағы сотта тиісті сот қаулысын шығарғанға дейін одан бас тартуына құқылы (ал прокурор наразылығын қайтып алуға). Бас тарту жазбаша түрде ресімделеді (ҚР АІЖК 341-баптың 1-бөлігі).

Апелляциялық наразылықты білдіруші прокурор, сондай-ақ одан жоғары тұрған прокурор сот отырысы басталғанға дейін *наразылығын қайтарып алуға құқылы*. Бұл жағдайда берілмеген деп есептелінген наразылықтың қайтып алу туралы іске қатысушы тұлғаларға хабарлайды. Егер де апелляциялық сатыда істі қарау басталып кеткен болса, сот наразылықтың мәні бойынша дұрыстығын тексереді.

Апелляциялық шағымнан бас тартуды үнемі апелляциялық сатыдағы сот алкалы құраммен қарайды. Шағымнан бас тартуды қабылдау туралы сот қаулы шығарады, егер де шешімге өзге тұлғалар шағымданбаса, апелляциялық сот істі тоқтатады. Апелляциялық шағымнан бас тартуды қабылдау, егер де іске бірге қатысушылар немесе үшінші тұлғалар апелляциялық шағымға қосылған болса, апелляциялық сот ісін тоқтатпайды.

Апелляциялық шағым немесе наразылық білдірілгеннен кейін талап қоюшы **арыздағы талаптарынан немесе тараптардың бейбіт келісімінен бас тартуы** апелляциялық сатыдағы сотқа жазбаша түрде берілуі тиіс. Талап қоюдан бас тартқанға дейін немесе бейбіт келісім жасағанға дейін сот талап қоюшыға және тараптарға іс жүргізу әрекеттерінің салдарлары туралы түсіндіреді.

Талап қоюшының талаптан бас тартуын немесе тараптардың бейбіт келісімін қабылдау кезінде апелляциялық саты шығарылған шешімді жоққа шығарып, іс бойынша сот ісін тоқтатады. (ҚР АІЖК 342-баптың 2-бөлігі).

Апелляциялық наразылық сот шешімінің заңдылығы мен негізділігіне прокурордың негізді күмәндары болған әрбір жағдайда берілуі тиіс. Онда заңды бұзудың алдын алу мақсатында, прокурордың анықтаған барлық заң бұзушылықтар, (тіпті

бірінші сатыдағы сот шешімін жоққа шығару үшін олардың біреуі де жетіп жатыр) көрсетіледі.

Апелляциялық шағымға шағым берген тұлға немесе оның өкілі (сенімхатты немесе өкілдің өкілетігін растайтын өзге құжатпен бірге қосады) қол қояды. Егер апелляциялық шағымға төлеу керек болса, оған мемлекеттік баж салығын төлегені туралы құжат қоса тіркеледі.

Талап қоюшыға және іске қатысушы өзге тұлғаларға егер де мұндай арыз берілген болса жауап берушінің осы шешімді жоққа шығару туралы арыз беру мерзімі өткенге дейін он бес күн ішінде соттың сырттай шешіміне апелляциялық тәртіппен шағымдану құқығы беріледі. Егер де мұндай арыз берілген болса, онда бұл тұлғалар соттың сырттай шешіміне сот сол арызды қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда ғана – сот бұл туралы ұйғарым шығарған күннен бастап он бес күн ішінде шағымдана алады (ҚР АІЖК 344-бап).

ҚР АІЖК 335-бабына сәйкес апелляциялық шағымның немесе наразылықтың мазмұнында мыналар болуы тиіс:

- 1) шағым немесе наразылық жіберілетін соттың атауы;
- 2) шағым немесе наразылық білдіретін тұлғаның аты-жөні;
- 3) шағымданатын немесе наразылық білдіретін сот шешімі және осы шешімді шығарған сот атауы;
- 4) істің дұрыс қаралмауын атап көрсету;
- 5) шешімнің заңсыздығы немесе негізсіздігі неден екендігін заңға, өзге нормативті құқықтарға және іс материалдарына сілтеме жасай отырып көрсету;
- 6) шешімге толықтай немесе жартылай шағымдана ма немесе наразылық білдіріле ме және шағым немесе наразылықты білдіруші тұлға қандай өзгерту енгізуді талап ететінін көрсету;
- 7) шағымға немесе наразылыққа қосымша тіркелетін құжаттар тізімі;
- 8) шағымды немес наразылықты берген (алып келген) күні және шағым не наразылық берген тұлғаның қолы.

Апелляциялық шағымда немесе наразылықта тұлғалардың апелляциялық шағым не наразылық бойынша жауаптары жоққа шығарылатын куәгерлерді шақыру туралы өтінімдері болуы мүмкін.

Апелляциялық шағымдар және наразылықтар іске қатысушы тұлғалардың санына сәйкес көшірмелермен, оған қоса тіркелген жазбаша дәлелдемелермен бірге беріледі (ҚР АІЖК

334-баптын 2-бөлігі). Апелляциялық шағымды беруші тұлғанын бірінші сатыдағы сотта ұсынылмаған жаңа дәлелдемелерге сілтемесіне тек оларды бірінші сатыдағы сотқа ұсыну мүмкінсіздігін шағымда негіздеген жағдайда ғана рұқсат етілетінін есте сақтау қажет.

Апелляциялық шағымдардың ҚР АІЖК 334 және 335-баптарындағы талаптарға сәйкес келмейтіндігін (мысалы, шағымға жазбаша дәлелдемелердің көшірмесі тіркелмеген немесе шағымның мазмұнында талап етуші немесе жауап беруші туралы қажетті мәліметтер немесе қажетті құжаттардың тізімі жоқ), шағымдану негізі мен тәртібін бұзу деректерін анықтаған жағдайда, сот төрешісі шағымды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады. Мұндай жағдайларда шағымданушы тұлғаға кемшіліктерін жою үшін уақыт береді.

Егер де тұлға бекітілген мерзімде шағымды қозғалыссыз қалдыру туралы қаулыда аталған кемшіліктерді жоятын болса, шағым сотқа алғашқы ұсынған күнінде берілген болып саналады (ҚР АІЖК 336-баптың 2-бөлігі). Апелляциялық шағымды немесе наразылықты қозғалыссыз қалдыру туралы бірінші сатыдағы сот ұйғарымына жеке тәртіппен шағымдануға болады. (ҚР АІЖК 336-бап).

ҚР АІЖК 337-бабындағы талаптарды орындамаған жағдайда апелляциялық шағым шағымданушының өтініші бойынша сот қаулысымен қайтарылады.

Істі апелляциялық сатыда қарауға дайындау (ҚР АІЖК 338-бап).

Апелляциялық шағымды алғаннан кейін аудандық сот келесі әрекеттерді жасауға міндетті:

- іске қатысушы тұлғаларға шағымның, наразылықтың және оған тіркелген жазбаша дәлелдемелердің көшірмесін жіберу;
- тұлғаларға істі қараудың уақыты мен орнын хабарлау (облыстық немесе оған тең сотта, аудандық сотта, қалалық сотта);
- апелляциялық шағымға іске бірге қатысушылар мен істе талап қоюшының немесе жауап берушінің жағындағы үшінші тұлғалардың шағымдарын қосу (ҚР АІЖК 339-бап);
- іске қатысушы тұлғаларды апелляциялық шағымға немесе наразылыққа жазбаша қарсылықпен таныстыру (ҚР АІЖК 340-бап).

Іске қатысушы тұлғалар апелляциялық шағымға қатысты қарсылықтарын жазбаша түрде (бұрын бұл түсініктеме деп аталды), осы қарсылықтарын растайтын қосымша құжаттарды іске қатысушы тұлғалардың санына қарай көшірмемен бірге беруше құқылы.

Апелляциялық шағым үшін бекітілген он бес күн мерзім өткенге дейін Жоғарғы Сот, прокурор немесе өзге лауазымды тұлға соттан істі талап етуге құқысы жоқ екендігін есте ұстау қажет. Шағымдану, наразылық білдіру мерзімі өткеннен кейін аудандық сот істі апелляциялық сатыдағы жібереді.

§ 3. Істі апелляциялық сатыда қарау

Апелляциялық сатыдағы сот талқылауы – апелляциялық сатыдағы сот ісінің негізгі түрі. Апелляциялық қараудың іс жүргізу тәртібі бірінші сатыдағы немесе апелляциялық сатыдағы сот істеріне қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Апелляциялық тәртіппен қаралатын істер алкалы түрде қаралады, құрамында құқықтары бірдей үш сот төрешісі болуы тиіс. Апелляциялық тәртіпте іс бірінші сатыдағы сот ісін қарау ережелері бойынша, ҚР АІЖК 41-бабында қарастырылған ерекшеліктермен қаралады. Бірінші саты үшін бекітілген тәртіп апелляциялық сатыда қолданылмайды, олар:

- бірнеше талаптарды біріктіру және бөлу туралы;
- талап қою арызының тақырыбын немесе негізін өзгерту туралы;
- талап қою арызындағы талап мөлшерін өзгерту туралы;
- қарама-қарсы талап қою туралы;
- тиісті емес жауап берушіні ауыстыру туралы;
- іске үшінші тұлғаларды қатыстыру туралы;
- дауды аралық соттардың шешуіне беру туралы.

Апелляциялық шағым бойынша істі талқылау кезінде сот отырысының хаттамасы толтырылмайды. Дегенмен де, ҚР АІЖК-нің 347-баптың 1-бөлігіне сәйкес істегі бар материалдарды, сондай-ақ қосымша ұсынылған дәлелдемелерді, егер де сот оларды кезінде бірінші сатыдағы сотта ұсыну мүмкін болмаған деп таныса бағалай отырып, оларды істе көрсету қажеттігі туындайды. Мұндай жағдайларда апелляциялық сатыдағы сот жаңа дәлелдемелерді алу кезінде, куәгерден жауап алу түрінде оның жауабын жазып алу қажеттігі туындайды, сонымен бірге мұны сот отырысы хаттамасында өзге тәсілмен жазу мүмкін емес.

Апелляциялық сатыдағы сот отырысында талап етуші, жауап беруші және іске қатысушы өзге тұлғалар қатысады.

Сот шешіміне шағымдар мен ұсынулар ашық сот отырысында қаралады. (ҚР АІЖК 19-баптың 1-бөлігі), азаматтық сот ісінің

жариялылығы принципіне сәйкес келетін оның құрамында үш сот төрешісі болады. Сот отырысын төрағалық етуші басқарады, ол сот отырысын тиісті тәртіппен қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануға құқылы. Апелляциялық сатыдағы істі талқылау жеңілдетілген сипатқа ие. Апелляциялық шағыммен немесе наразылықпен істі алғаннан кейін апелляциялық сатыдағы сот төрешісі бірінші сатыдағы соттың талаптарды орындауын, шағымның заңдылығын тексереді, іс материалдарын, талап етуші мен жауап берушінің пікірлерін және оған тіркелген материалдарды менгереді, іске қатысушы тұлғаларға істі қарау күнін хабарлайды.

Апелляциялық сатыда істі қарау мерзімі заңда оның аудандық соттан апелляциялық сатыға түскен күнінен бастап *бір ай* деп бекітілген. Апелляциялық сатыдағы сот отырысында оны қарау кезінде іс бойынша қорытынды жасаған прокурор қатысуы тиіс. (ҚР АІЖК 349, 350-баптар).

Баяндамадан кейін сот отырысына келген, іске қатысушы тұлғалар мен олардың өкілдері тыңдалады. Сот талқылауында бірінші болып апелляциялық шағымды немесе наразылықты берген тұлға немесе оның өкілі сөйлейді. Шешімге екі тарап та шағымданған жағдайда бірінші талап етуші сөйлейді. Тараптардың түсініктемелерінен кейін сот егер де бірінші сатыдағы сотта дәлелді себептермен ұсынылмаған деп таныса, тараптардың қайта ұсынған дәлелдемелерін зерттейді. Сотқа қосымша дәлелдемелер ұсынған тұлғалар олардың қандай жолмен алынғандығын және қосымша дәлелдемелерді ұсыну қажеттігі қандай мән-жайлардан туындағанын көрсетуі тиіс. Апелляциялық сатыдағы сот, сот отырысына келмеген іске қатысушы тұлғалардың түсініктемелерін, сондай-ақ апелляциялық сатыдағы сотқа шақырылмаған куәгерлердің жауаптарын жариялауға құқылы. Егер де осы түсініктемелер мен жауаптарды тараптар жоққа шығарса, аталған тұлғалар жауап беру үшін апелляциялық сатыдағы сотқа шақырылады.

ҚР АІЖК 334-бабына сәйкес апелляциялық сатыдағы сот отырысын тәртібі ҚР АІЖК 178 және 179-баптарындағы ережелерде анықталады.

Сот отырысындағы істі талқылауды үш бөлімге бөлуге болады:

- 1) дайындық бөлімі,
- 2) шағымдарды қарай және дәлелдемелерді зерттеу,
- 3) істі қарау бойынша қаулы шығару.

Талқылаудың **дайындық бөлімі** төрағалық етушінің мынадай әрекеттерінен басталады:

– сот отырысын ашады қандай іс, кімнің шағымы немесе наразылығы бойынша және қандай соттың шешіміне қаралатыны туралы хабарлайды;

– іске қатысушы қандай тұлғалардың, өкілдердің келгендерін анықтайды;

– келгендердің жеке басын анықтайды, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен өкілдердің өкілеттіктерін тексереді.

Содан соң төрағалық етуші сот құрамын хабарлайды (ҚР АІЖК 351-бап), прокурорды, аудармашыны таныстырады және іске қатысушы тұлғаларға қарсылықтар мен өтінімдер мәлімдеуге құқықтарын түсіндіреді (ҚР АІЖК 39–43-баптар).

Сот төрешілері, алкалы соттар, прокурор, аудармашы мен сарапшы бірінші сатыдағы сол негіздер бойынша істі қарауға қатысудан аластатылуы мүмкін. Сонымен бірге, апелляциялық сатыдағы істі қарауға осы істі бірінші сатыдағы сотта немес сот қадағалауы сатысында шешуге қатысқан сот төрешісі қатыса алмайды (ҚР АІЖК 39-баптың 1 және 4-бөліктері).

Қарсылық білдіру құқығын түсіндіргеннен кейін төрағалық етуші іске қатысушыларға іс жүргізу құқықтарын түсіндіреді (ҚР АІЖК 351-бап).

Іске қатысушылардың істі апелляциялық сатыда қараудың барлық мәселелерімен байланысты арыздары мен өтінімдерін сот іске қатысушы өзге тұлғалардың пікірлері мен прокурордың қорытындысын тындағаннан кейін шешіледі. (ҚР АІЖК 353-бап) және ҚР АІЖК 186-бабында қарастырылған тәртіппен Тиісті түрде сот отырысының уақыты мен орны хабарланбаған, іске қатысушы қандай да бір тұлғаның сот отырысына келмеген жағдайда, сот істі қарауды кейінге қалдырады (ҚР АІЖК 352-бап). Тиісті түрде сот отырысының уақыты мен орны хабарланған, аталған тұлғалардың сот отырысына келмеуі істі талқылауға кедергі болмайды. Дегенмен де, сот мұндай жағдайларда келмеу себептерін дәлелді деп тани отырып, іс талқылауын кейінге қалдыруға құқылы. Істі мәні бойынша қарау сот төрешісінің шағымдалған шешімнің мәні, апелляциялық шағымның, наразылықтың тұжырымдары, іс материалдары туралы баяндауынан басталады. (ҚР АІЖК 351-баптың 2-бөлігі).

Отырыстың екінші бөлімі апелляциялық шағымда келтірілген тараптардың тұжырымдарын тындаудан басталады, содан соң

оған қарсылық баяндалады. Азаматтық сот ісіндегі апелляциялық сатының принципті ерекшелігіне егер де, оларды тараптар бірінші сатыдағы сотта ұсына алмаған болса, соттың қайта ұсынған дәлелдемелерді зерттеуге құқылы екендігінде. Апелляциялық сатыдағы сот отырысында егер де, олардың жауаптары жаңа дәлелдеме болмайтын болса, куәгерлер мен сарапшылардан жауап алынбайды. Дегенмен де, егер сот олардан бірінші сатыдағы сотта жауап алынбаған деп таныса, онда апелляциялық сатыдағы сот куәгерлер ретінде олардан жауап алып, жаңа дәлелдемелер алуына болады. Сот бірінші сатыдағы соттың шешімін іштегі барлық дәлелдемелердің жиынтығында тексереді Сондықтан да, апелляциялық шағымды қарау кезінде сот іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы сот тұжырымының дұрыстығын тексереді.

Апелляциялық сатыдағы сот шағымды қарау кезінде ондағы тұжырымдармен байланысты емес және сот актісінің заңдылығын толықтай тексереді. ҚР АІЖК 347-бабында апелляциялық саты бірінші сатыдағы сотта талап етуші бекітілген тәртіпте ұсынбаған талаптарын өзгерту туралы мәселені қарау құқығы қарастырылмаған. Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін тексеретін болғандықтан, істің мән-жайларын және тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұнын анықтамайды. Дегенмен де, заңның мүддесімен бірінші сатыдағы сот шешімін толықтай тексеруге құқылы (ҚР АІЖК 345-бап).

Бұл жағдай апелляциялық сатыдағы сот қызметінің ерекшелігін көрсетеді оның бірінші сатыдағы соттан істі мәні бойынша қайта қарайтын негізгі айырмашылықтары болып табылады.

§ 4. Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі

Апелляциялық сатыдағы азаматтық сот ісінің өкілеттіктері кең, бұл берілген сот кателіктерін жоюда оның қызметін тиімді етеді. Апелляциялық сатыдағы соттың апелляциялық шағымды қарау кезіндегі құқықтары ҚР АІЖК 356-бабында қарастырылған, соттың заңды бекітілген тәртіптің шегінен шығуға құқысы жоқ.

Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі – апелляциялық шағым мен наразылық бойынша тексерілетін заңды күшіне енген сот шешіміне қатысты заңда бекітілген іс-әрекеттерді жасау құқықтарының жиынтығы.

ҚР АІЖК 358-бабына сәйкес апелляциялық сатыдағы сот:

1) шешімді өзгертусіз, а, ал шағым мен наразылықты қанағаттандырмай қалдыруға;

2) бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертуге;

3) бірінші сатыдағы соттың шешімін жокқа шығарып, жана шешім шығаруға;

4) ҚР АІЖК 365 және 366-баптарында қарастырылған материалдық құқық нормаларының бұзылғандығын анықтаған жағдайда, сот шешімін жокқа шығарып, оны бірінші сатыдағы сотқа қайта қарауға жіберуге;

5) шешімді толықтай немесе жартылай жокқа шығарып, іс бойынша сот ісін тоқтатуға не болмаса ҚР АІЖК 247 және 249-баптарында қарастырылған негіздер бойынша азаматты қараусыз қалдыруға құқылы.

Жоғарыда атап өткендей, екінші сатыдағы сот істі апелляциялық сатыда қарай отырып, *шешімді өзгертусіз қалдыруға*, ал шағым мен наразылықты *қанағаттандырмауға* құқылы. (ҚР АІЖК 358-баптың 1-бөлігі). Бұл қайта қарау кезінде барлық қаралған істердің сексен пайыздан көбін соттар осылай шешетін апелляциялық сатыдағы ең кен тараған өкілеттік. Мысалы, 2007 жылы Қазақстан Республикасында апелляциялық тәртіппен 16974 сот шешіміне шағымданып, наразылық білдірілген, олардың 12 995-і өзгертусіз қалдырылған (Заң газеті. 30. 01. 2008 ж.).

Егер де апелляциялық тексеру барысында қаралған шешімді сот өзгертусіз қалдырса, бірінші сатыдағы сот ісін қарауда ешқандай заң бұзушылықтар анықталмаса, сот қайта қаралған шешімді өзгертусіз қалдырады.

Екінші сатыдағы сот істі апелляциялық тәртіппен қарай отырып, бірінші сатыдағы соттың шешімін толықтай немесе жартылай *жокқа шығаруға* құқылы. (ҚР АІЖК 358-баптың 3-бөлігі).

Шешімді, ұйғарымды жокқа шығару деп, бірінші сатыдағы мәні бойынша шешілген немесе тиісті сатыда қаралып, аяқталған сот ісінің шешімін, ұйғарымын жарамсыз деп тануға бағытталған апелляциялық сатыдағы соттың іс жүргізу әрекетін айтады.

Сот шешімінің заңдылығын тексеру, шешімнің дұрыстығын құқықтық қарым-қатынастағы дұрыстығын тексеру деген сөз, яғни ол іс жүргізу мен материалдық құқық нормаларын сақтаумен шығарылғандығын, қажет болған жағдайда құқық пен заңның баламасы қолданылғанын тексеру. Шешімді жокқа шыға-

ру негізіне, сондай-ақ іс жүргізу құқығы нормаларын дұрыс қолданбай да жатады.

Материалдық құқық нормаларын бұзу және дұрыс қолданбау бірінші сатыдағы сот мынадай қателіктерді жіберген кезде болады:

– қолдануға тиісті заңды қолданбағанда және шешімді қандай да бір заңға сілтеме жасамай шығарғанда;

– қолдауға тиісті емес заңды қолданғанда;

– заңды дұрыс түсінбеген (ҚР АІЖК 365-бап), яғни құқық нормасын дұрыс таңдамай және оны азаматтық сот ісіне қолдана отырып, сот төрешісі оның мәнін дұрыс түсінбей, сот қателіктерін жібергенде.

Іс жүргізуді бұзу (немесе іс жүргізу құқығы нормасын дұрыс қолданбау) біршама өзгеше, оның екі мән-жайы бар:

Сот азаматтық істі қарап, шешу кезінде әдетте бір-екі материалдық құқық нормасын және онымен бір мезгілде бірнеше ондаған азаматтық іс жүргізу нормаларын қолданады.

Бірінші сатыдағы соттың істі қарау кезінде іс жүргізу құқығы нормаларын бұзуы әрдайым сот шешімін заңсыз деп тануға әкеліп соқтырмайды.

Төмендегі іс жүргізу нормаларын бұзған жағдайда **сот шешімі жокқа шығарылады:**

– сот шешімін жокқа шығаруға *сөзсіз* негіз болып табылатын іс жүргізу нормаларын бұзу, яғни олар әрдайым заңсыз шешім шығаруға итермелейді;

– апелляциялық саты заңсыз шешім шығаруға сол бұзушылықтар негіз болған-болмағанын тексеретіндіктен, сот шешімін жокқа шығаруға шартты негіз болып табылатын іс жүргізу нормаларын бұзу;

– заңсыз құрамдағы соттың істі қарауы;

сот отырысының уақыты мен орны тиісті түрде хабарланбаған іске қатысушы тұлғалардың істі қарауға келмеуі;

– істі қарау кезінде тіл туралы заңды бұзу;

– соттың іске қатыспайтын тұлғалардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселені шешуі;

– істі алқалы соттар қараған кезде шешімге сот төрешілерінің не оның біреуінің қол қоймауы не болмаса шешімде аталған сот төрешілерінің емес, өзгелердің қол қоюы;

– істі қараудағы сот құрамына кірмеген сот төрешілерінің шешімді қабылдауы;

– істі сот отырысының және өзге де іс жүргізу әрекеттерінің хаттамасының болмауы (ҚР АІЖК 366-баптың 2-бөлігі).

Егер де, бұл бұзу шешімді дұрыс қабылдамауға әкеліп соқтырған не соқтыруы мүмкін болған болса, іс жүргізу заңын өзгелі бұзу сот шешімін жоққа шығаруға немесе өзгертуге негіз болып табылады.

Бірінші сатыдағы *соттың шешімін жоққа шығару кезінде* апелляциялық сатыдағы сот:

– егер, бірінші сатыдағы соттың жіберген кателігін апелляциялық сатыда түзету мүмкін болмайтын болса, істі сол сот құрамымен немесе өзге құраммен жаңадан қарауға бірінші сатыдағы сотқа жіберуге (ҚР АІЖК 358-баптың 4-бөлігі). Мысалы, арызданушы ұсынған арызды құқықты түрде жүзеге асыру шарттарын орындамады, бірақ та арызды берді, ал сот істі мәні бойынша карап, шешті.

Шешімді жоққа шығарып, оны жаңадан қарауға бірінші сатыдағы сотқа жіберу кезінде апелляциялық сатыдағы сот қаулының қарарлы бөлімінде соттың және іске қатысушы тұлғалардың істі жаңадан қарау кезіндегі орындайтын барлық іс-әрекеттерін көрсетуі тиіс.

Апелляциялық сатыда шешімдері жоққа шығарылатын азаматтық істердің көпшілігі бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберілді.

Негізгі сатыдағы сот шешімді толықтай немесе жартылай жоққа шығара отырып, істі сол сот құрамымен не өзге құраммен **жаңадан қарауға жібереді**. (ҚР АІЖК 358-баптың 5-бөлігі). Істі бірінші сатыдағы сотқа сол сот құрамымен жаңадан қарауға жіберу мүмкіндігі әкімшілік-аумақтық бөлудің ерекшеліктерімен және тек бір сот төрешісі ғана бар жеке аудандық соттардың барымен шартталған.

Бірінші сатыдағы соттағы сол негіздермен **іс бойынша сот ісін тоқтату** (ҚР АІЖК 358-баптың 5-бөлігі). Шешімді жоққа шығарып, заңда қарастырылған негіздерді басшылыққа ала отырып, апелляциялық сатыдағы сот ҚР АІЖК 247 және 249-баптарында қарастырылған негіздер бойынша арызды қарасыз қалдыруға құқылы (ҚР АІЖК 367-бап).

Егер де іс үшін маңызды мән-жайлар тараптар танысқан қосымша ұсынылған материалдар негізінде анықталған болса, мәселені мәні бойынша шеше отырып, істі жаңадан қарауға жібермей **шешімді өзгерту** (ҚР АІЖК 358-баптың 2-бөлігі). Сот

шешімін өзгерту, шешім мәні бойынша және соттын талапты қанағаттандыру бойынша тұжырымы солай қалған немесе талап коюды қанағаттандырудан бас тарту керісінше өзгертілмеген дегенді білдіреді.

Іске қатысушы тұлғалардың түсініктемелерінен кейін, іс материалдарын, тараптардың жарыссөзін (егер де жаңа дәлелдемелер зерттелсе (ҚР АІЖК 356-бап)) зерттеу үшін сот қаулы шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді.

Сот төрешілерінің кеңесі, қаулы қабылдау және оны жариялау бірінші сатыдағы соттағыдай тәртіппен жүзеге асырылады. Кеңесу бөлмесінде апелляциялық шағым немесе наразылық бойынша істің барлық материалдарын талқылау нәтижелері бойынша сот апелляциялық қаулы шығарады.

§ 5. Апелляциялық сатыдағы сот қаулысы

Апелляциялық сатылар қаралған шешімнің құқықтылығы туралы өз пайымдаулары мен тұжырымдарын бірінші сатыдағы қаралған сот шешімінің заңдылығы мен негіздігі туралы мәселесі шешілетін апелляциялық қаулысында баяндайды. (ҚР АІЖК 357-бап).

Апелляциялық сатыдағы сот қаулысы барлық өзге сот қаулылары сияқты кіріспе, сипаттама, дәлелді және қарарлы бөлімдерден тұрады.

Кассациялық сатыдағы ұйғарымның кіріспе бөлімі бірінші сатыдағы сот шешімі мен ұйғарымының аттас бөлімдерімен салыстырғанда барынша ауқымды. Онда мыналар аталуы тиіс:

- ұйғарымды шығарған күні және орны;
- ұйғарымды шығарған сот атауы және сот құрамы;
- кассациялық шағымды, ұсынысты ұсынған тұлға.

Кіріспе бөлімде қандай сотқа шағымдалғаны және оның мағынасы неде екендігі (қарарлы бөлім) көрсетіледі. Бұл бөлімнің деректемелері екінші сатыдағы соттын жазған пайымдаулары мен тұжырымдарына әділсоттылық қасиетін беретіндіктен, оның конститутивті маңызы бар,

Сипаттамалы бөлімде апелляциялық шағымның (прокурор наразылығының), шешімнің, іске қатысушы тұлғалардың түсініктемелерінің, егер де қорытынды беру үшін іске қатысқан болса, прокурор қорытындысының қысқаша мазмұны, сондай-ақ қосымша ұсынылған дәлелдемелердің мәні баяндалады.

Дәлелді бөлімде апелляциялық сатыдағы сот өз пікірлерінің қорытындысын баяндайды. Бұл бөлімде апелляциялық сатыдағы сот істі талқылау кезіндегі жіберілген қателіктерді бағалайды, бірінші сатыдағы соттың дұрыс қолданбаған нормативті актілерін түсіндіреді, сондай-ақ апелляциялық қаулыны шығарар кездегі заңға сілтеме жасайды.

Сонымен бірге сот шешімін толықтай немесе жартылай жокқа шығарып, істі бірінші сатыдағы сотқа жанадан қарауға жіберер кезде апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық қаулының дәлелді бөлімінде бірінші саты бойынша осы істі қайта қарайтын сотқа міндетті нұсқаулар береді. (ҚР АІЖК 360-баптың 3-бөлігі).

Мұндай нұсқаулар әділсотты басқарудың нақты іс жүргізу құралдарынан тұрады. Олар іске қатысушы тұлғалардың даулы қарым-қатынастарын терен және жан-жақты зерттеуге бағытталған және оның шарттары төмендегідей:

- апелляциялық сатыдағы өкілеттікке сәйкес келу;
- материалдық және іс жүргізушілік нормаларына сәйкес келу;
- сот төрешілерінің тәуелсіздіктерін бұзбау.

Осыған байланысты заң (ҚР АІЖК 363-баптың 2-бөлігі) бірінші сатыдағы соттың жана шешімінің алдын ала мазмұнына қатысты нұсқаулар беруге тыйым салады. Демек, апелляциялық саты төмендегідей нұсқаулар беруіне құқысы жоқ:

- қайсыбір дәлелдеменің күмәнсіздігі мен сенімсіздігі туралы;
- бір дәлелдеменің өзгелерін артықшылығын көрсетуге;
- істі жанадан қарау кезінде соттың қандай шешім қабылдайтындығы туралы.

Дегенмен де, алқалы сот шешімді жокқа шығарып, істі жанадан қарауға жібере отырып, бірінші сатыдағы сотқа мынадай нұсқаулар бере алады:

- істің нақты мән-жайларын анықтаудың нақты жолдары мен құралдарын айту;
- тақырыпқа қандай деректердің және т.б. ену керектігін;
- азаматтық іс жүргізу заңындағы бұзылғандарды атау. Бұл ретте істі жанадан қарау кезінде істерді біріктіру немесе бөлу және т.б. қажеттігін айту дұрыс болады.

– бірінші сатыдағы соттың істі талқылау кезіндегі қолданған іс жүргізу және материалдық құқық нормаларын түсіндіру.

Мұндай нұсқаулардың міндеттілігі олардың дұрыстығы мен сенімділігінде. Қарарлы бөлімде апелляциялық қаулы шығарған жағдайда ол ҚР АІЖК 361-баптарындағы талаптарға сәйкес қысқа баяндалуы және азаматтық істер бойынша алқалы соттармен қол қойылуы тиіс. Бұл жағдайда қаулының толық мәтінін барлық төрешілер істі қараған күннен бастап бес күн ішінде құрып, оған қол қоюлары керек.

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы оны қабылдап, жариялаған күннен бастап заңды күшіне енеді (ҚР АІЖК 368-бап), содан соң бірінші сатыдағы сотқа қайтарылады.

24-т а р а у. ҚАДАҒАЛАУ САТЫСЫНДАҒЫ СОТ ІСІ. ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН СОТ ҚАУЛЫЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ

§ 1. Қадағалау сатысындағы сот ісі ұғымы және оның міндеттері

Қадағалау сатысындағы сот ісі туралы ҚР АІЖК «Қадағалау тәртібімен сот ісі» деп аталатын 43-тарауындағы 384—403-баптарында айтылған. Бұл саты, апелляциялық саты сияқты сот қателіктерін түзетуге арналған. Бұл сатының айырмашылығы өзіне тиісті бірқатар ерекшеліктері бар:

1) егер апелляциялық сот ісі сот шешімдері мен қаулыларының заңды күшіне еруге жол бермеу үшін жүзеге асырылатан болса, ал қадағалау сатысындағы сот ісі заңды күшіне енген сот шешімдері мен қаулыларындағы жіберілген қателіктерді түзету болып табылады;

2) апелляциялық шағымданудың тақырыбы тек сот шешімі және сот ұйғарымы, ал қадағалау сот ісінің тақырыбы — кез келген деңгейдегі сот шешімдеріне, ұйғарымдары мен қаулыларына наразылық білдіру;

3) апелляциялық сатыда бірінші сатыдағы соттардың бұрын жокқа шығарылған шешімдерінің заңдылығы мен негіздігі тексерілмейді, ал қадағалау сатысында іс бойынша шығарылған барлық шешімдер, ұйғарымдар мен қаулылар тексеріледі;

4) қадағалау тәртібімен тексеру үшін істі талап ету сәтінде сот актісін орындауды тоқтату мерзімі *үш айдан аспайды*.

Қадағалау сот ісінің міндеттері АІЖК 3-бабында анықталған. Оларға мыналар жатады:

– бірінші, апелляциялық сатыдағы соттардың шығарған сот актілерін істегі айғақтар мен наразылықтар шегіндегі заңдылығы мен негіздігі;

– азаматтық істерді қарау мен шешуде төменгі соттардың жіберген қателіктерін табу;

– төменгі сатыдағы соттардың заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын жокка шығару немесе өзгерту арқылы қателіктерді табуға заңда қарастырылған шараларды қолдану;

– әділ емес шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулылардың орындалмауын ескерту.

Сот актілерінің заңдылығы мен негізділіктерін тексеру үшін тұлғалардың шағымдары, өтінімдері, тиісті соттан қадағалау тәртібімен тексеру үшін азаматтық істі талап ету бойынша прокурордың бастамасы **себеп** болады.

Заңды күшіне енген шешімді, ұйғарымды, қаулыны қадағалау тәртібімен тексеруге **негіз** материалдық немесе іс жүргізу құқығы нормаларын елеулі түрде бұзу болып табылады.

Заңды күшіне енген сот шешімін, ұйғарымын, қаулысын егер де, ол шешім шығарудың негізі болған актіні конституциялық емес деп таныса, қадағалау тәртібімен Қазақстан Республикасының Конституциясы кеңесі де қарай алатынын есте ұстаған жөн (ҚР АІЖК 387-бап).

Сондықтан, қадағалау сатысындағы сот ісі – бұл жіберілген сот қателіктерін жою үшін тараптардың шағымы және прокурордың наразылығы бойынша бірінші апелляциялық, және қадағалау сатыларындағы заңды күшіне енген сот шешімдерінің, ұйғарымдары мен қаулыларының заңдылығы мен негізділіктерін Жоғарғы Соттың тексеретін азаматтық сот ісінің бірден-бір сатысы.

Қадағалау сатысындағы сот ісінің негізгі шарттары. Қадағалау сатысындағы сот істерінің жалпы шарттарына ҚР АІЖК 43-тарауындағы жалпы ережелер жатады. Қадағалау шағымын, наразылықты сот шешімі, ұйғарымы және қаулысы заңды күшінен енгеннен кейін бір жыл мерзім ішінде беруге болады (ҚР АІЖК 388-бап).

Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген адам және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулылары қайта қаралатын жағдайда сот шешімін қайта қарауға

беретін бір жыл мерзім берілмейді. Егер де наразылықты басқа мерзімге ауыстыру туралы өтінім прокурорға бекітілген мерзімді сақтаумен берілсе, бірақ ол бойынша прокурор шешім қабылдамаған болса, наразылықтың мерзімін сот ұзартады (ҚР АІЖК 388-бап).

ҚР АІЖК 385-бабында қадағалау сатысымен іс қозғауға құқылы тұлғалардың тізімі қарастырылған. Тараптар және іске қатысушы өзге тұлғалар тікелей қадағалау сатысындағы сотқа заңды күшіне енген сот шешіміне, ұйғарымына және қаулысына шағымдана алады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қадағалау сатысында мыналарды қайта қарауға болмайды:

а) жеке тұлғалардың бес айлық көрсеткіш сомасынан кем мүлдіктік мүдделерін қорғаумен байланысты соттың заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымын және қаулысын;

б) Адамдардың өмірі мен денсаулығына немесе Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігіне орны толмас зиян келтіруі мүмкін болған жағдайларда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алкасы қабылданған қаулысын (ҚР АІЖК 384-бап 3 және 4-бөлігі).

Қадағалау сатысындағы сотқа заңды күшінен енген сот актілерін қайта қарау туралы наразылық білдірумен **сотқа жүгіну құқығына** прокурор, прокуратура органдарының лауазымды тұлғалары ие (ҚР АІЖК 385-бап). Көп жағдайда заңды күшіне енген шешім, ұйғарымын және қаулысын, сондай-ақ апелляциялық және қадағалау сатыларының қаулыларына қайта қарау туралы наразылық білдіруге Қазақстан Республикасында төмендегілер құқылы:

1) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры – облыстық және оған тең соттардың, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қадағалау алкасына;

2) Бас Прокурордың орынбасары – облыстық және оған тең соттардың қадағалау алкасына;

3) облыстық және оған тең прокурорлар – облыстық және оған тең соттардың қадағалау алкасына.

ҚР АІЖК-нің 391-бабына сәйкес қадағалау сатысына берілетін шағымда (қадағалау сатысына өтінім беру туралы) мыналар болу тиіс:

1) шағымдалатын лауазымды тұлғаның аты-жөні;

2) шағым (өтінім) берген тұлғаның аты-жөні, мекенжайы немесе тұратын жері және істегі іс жүргізушілік жағдайы;

3) сот шешіміне, ұйғарымына, қаулысына нұсқау, сондай-ақ іске қатысатын тұлғалардың мекенжайын немесе тұратын жерін көрсете отырып, тізімін көрсету;

4) бірінші, апелляциялық сатылардағы істі қараушы соттарға нұсқау және олардың қабылдаған шешімдерінің мазмұны;

5) шағымданатын, наразылық білдіретін сот шешімдеріне, ұйғарымына, қаулыға нұсқау;

6) сот қаулысының заңсыздығы мен негізсіздігінің неден екендігін және шағымды (өтінім) берген тұлғаның өтініші неден тұратынын көрсету.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының азаматтық істер бойынша сот алқасының қадағалау тәртібімен шығарған қаулысына қадағалау шағымында немесе прокурордың наразылығында сот тәжірибесінің біртұтастығы неден бұзылғандығы көрсетілуі және осы бұзушылыққа тиісті негіз көрсетілуі тиіс.

Сонымен бірге, сот шешіміне және ұйғарымына апелляциялық тәртіппен шағымданбаудың себептері көрсетілуі тиіс. Іске қатысушы тұлғалардың қадағалау сатысына берген шағымында заңды күшіне енген шешіммен, ұйғарыммен және қаулымен осы тұлғаның қандай құқықтары мен мүдделерінің бұзылғандығын атап көрсетілуі тиіс.

Егер де қадағалау сатысына бұрын шағым не наразылық білдірілмеген болса, онда осы туралы және шағым бойынша қандай шешім қабылданғаны көрсетілуі керек.

Қадағалау сатысына берілетін шағымға шағымданушы тұлға немесе оның өкілі қол қоюы тиіс. Өкіл берген шағымға өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат немесе өзге құжат, сондай-ақ егер де істі қадағалау тәртібімен қараған болса, төменгі сатыдағы сот куәландырған, іс бойынша шығарылған сот шешімі, ұйғарымы, қаулысы қоса тіркелуі тиіс.

Прокурордың наразылығын прокуратура органдарының лауазымды тұлғасы өзінің бастамасы ретінде де, қадағалау тәртібімен шешімдері шағымдалғалы отырған тұлғалардың өтінімі бойынша да бере алады. Өтінім наразылыққа қоса тіркелуі керек.

Істі қадағалау сатысында қарағанға дейін шағымды берген тұлға істі қадағалау тәртібімен қарайтын сотқа арыз беру арқылы оны қайтарып алуы мүмкін, ал наразылықты жоғарғы сатыдағы прокурор қайтарып ала алады. Қадағалау сатысына берілетін шағымды, наразылықты қайтарып алу немесе ол бо-

йынша қадағалау сатысындағы сот ісін тоқтату туралы сот іске қатысушы тұлғаларға хабарлауы тиіс.

Қадағалау сатысындағы шағымды, наразылықты қарау. Қадағалау сатысындағы сотқа шағым немесе наразылық түскеннен кейін осы соттың төрағасының немесе орынбасарының тапсырмасы бойынша ол осы соттың сот төрешісін зерттеуге және қадағалау алқасына баяндауға жіберіледі, содан құрамында үш сот төрешісі бар қадағалау сатысының алқалы соты шағымды, наразылықты алдын ала қарайды. Қадағалау сатысына берілген шағым іс сотқа түскен күннен бастап *бір ай мерзім* ішінде қаралуы тиіс (ҚР АІЖК 393-бап).

ҚР АІЖК-нің 392-бабындағы талаптар бұзылған жағдайда қадағалау сатысына берілген шағым немесе наразылық оларды берген адамдарға мынадай негізде қайтарылады:

— шағым немесе прокурордың шағымы ҚР АІЖК 390, 391-баптарындағы талаптарға сәйкес келмейді;

— шағым немесе прокурордың шағымын қадағалау тәртібімен шағымдануға, наразылық білдіруге құқысы жоқ тұлғалар берген;

— шағым немесе прокурордың шағымы оны қайта қалпына келтіруге себептер жоқ болған жағдайда, бір жыл мерзім өтіп кеткеннен кейін берілген;

— қадағалау сатысына берілген шағымды, наразылықты оны берген тұлғаға немесе прокурорға қайтарылып берілген;

— шағым немесе прокурордың шағымы қадағалау сатысына соттылық ережелерін бұзумен берілген;

— шағым немесе прокурордың шағымы қадағалау сатысымен қайта қарауға жатпайтын, бірінші сатыдағы заңды күшіне енген сот бұйрығына, ұйғарымына, берілген (ҚР АІЖК 384-баптың 2-бөлігі).

Қадағалау сатысына берілген шағымды, прокурордың наразылығын қайтарып беруге негіз болған қателіктерді жойған жағдайда оларды жалпы ережелерге сәйкес қайта беруге болады.

Істі қадағалау тәртібімен қарайтын соттар. ҚР АІЖК 386-бабында істі қадағалау тәртібімен қарайтын соттардың тізімі қарастырылған. *Облыстық және оған тең қадағалау алқасы* қадағалау шағымдары, прокурордың наразылықтары бойынша мыналарды қарайды:

— аудандық және оған тең соттардың заңды күшіне енген сот шешімдерін, ұйғарымдарды, қаулыларды;

— облыстық және оған тең алқалы соттардың азаматтық істер бойынша апелляциялық тәртіппен шығарған қаулыларын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының шағымдары, наразылықтары бойынша істерді қарайды:

– бірінші сатыдағы сот шешімдерін, ұйғарымдарды, қаулыларды;

– облыстық және оған тең алқалы соттардың азаматтық істер бойынша апелляциялық тәртіппен шығарған қаулыларын;

– облыстық және оған тең алқалы соттардың қаулыларын;

– Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының азаматтық істер бойынша апелляциялық тәртіпте шығарған қаулыларын.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының пленарлық отырысы ҚР АІЖК 384-баптың 4-бөлігінде аталған негіздер бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының ұсынысы бойынша немесе Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулысына наразылығы бойынша істерді қарайды.

Істі алдын ала қарау ережесі және олар бойынша шығарылған шешім, ҚР АІЖК 393–395-баптарында қарастырылған қадағалау сатысында істі қарау мерзімдері прокурордың наразылығына катысты емес. Мұндай жағдайлардағы прокурордың наразылығын бірінші сатыдағы соттың наразылық білдірген шешімінде немесе апелляциялық сатыдағы қаулыда ҚР АІЖК 387-бабында қарастырылған тәртіппен істі қарауға негіз болатын материалды және іс жүргізу құқықтарын бұзудың бар-жоқтығы туралы мәселені мәні бойынша қадағалау сатысындағы алқалы сот тікелей қарайды. Аталған негіздер жоқ болған жағдайда қадағалау сатысындағы алқалы сот істі сот қадағалауы тәртібімен қайта қараудан бас тартады (ҚР АІЖК 386-бап).

§ 2. Қадағалау сатысындағы сот ісін қарау тәртібі

ҚР АІЖК 393-бабына сәйкес облыстық және оған тең соттың төрағасының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының тапсырмасы бойынша сот қадағалауы тәртібімен заңды күшіне енген сот шешімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын қайта қарау туралы шағымдар алдын ала игеріледі және қадағалау сатысындағы құрамында үш сот төрешісі бар тиісті қадағалау алқасы қарайды. Қажет болған жағдайда қадағалау сатысының соты сол бойынша шығарылған сот қаулыларының заңдылығы мен негізділігін тексеру үшін, төменгі тұрған сот-

тан азаматтық істі талап ете алады. Қадағалау шағымы түскен күнінен бастап, *бір ай ішінде* қалалуы тиіс, ал істі талап еткен жағдайда – түскен күнінен бастап, *бір ай ішінде*.

Қадағалау сатысындағы сот прокурорға, сондай-ақ іске қатысушы тұлғаларға Қадағалау шағымын қараудың уақыты мен орны өз уақытында хабарланған тұлғалардың келмеуі іс бойынша сот қадағалауы тәртібімен істі қозғауға негіздің бар-жоғын қарау туралы мәселені шешуге кедергі бола алмайды.

Қадағалау шағымын алдын ала қараудан кейінгі қабылданған сот шешімі. Қадағалау шағымын алдын ала қарау нәтижелері және қабылданған шешім бойынша қадағалау алқасы мынадай қаулы шығарады:

– шағымдалған сот шешімін, ұйғарымын, қаулысын қайта қарау бойынша қадағалау ісін қозғау туралы және қадағалау шағымын төменгі соттан азаматтық істі талап ете отырып, қадағалау алқасымен қарау туралы;

– шағымдалған сот шешімін, ұйғарымын, қаулысын қайта қарау бойынша қадағалау ісін қозғаудан бас тарту туралы;

– қадағалау шағымын қараусыз қайтарып беру.

Қадағалау сатысындағы алқалы соттың қадағалау шағымын алдын ала қарау нәтижелері бойынша шығарған қаулысында мыналар көрсетілуі тиіс:

1) қадағалау шағымын қарап, қаулыны шығарған қадағалау алқасындағы сот төрешілерінің аты-жөндері;

2) қадағалау шағымын қараған, шешім шығарған қадағалау сатысындағы алқалы соттың сот төрешілерінің аты-жөндері;

3) жоққа шығарылған шешімді, ұйғарымды, қаулыны көрсете отырып, қаулы шығарылған азаматтық істі;

4) қадағалау шағымын берген тұлғаның тегі, аты, өкесінің аты немесе наразылық білдірген прокуратура органының атауы;

5) қадағалау шағымында тұлғалардың немесе прокурордың келтірген айғақтары;

6) қадағалау сот ісін қозғау үшін немесе одан бас тарту не болмаса шағымды берген тұлғаларға оны қайтару үшін негіз;

Қаулының қаралы бөлімінде сот мына шешімдердің бірін көрсетуі тиіс: қадағалау сот ісін қозғау немесе одан бас тарту туралы, қадағалау шағымын қарай қайтарып беру.

Қадағалау шағымын алдын ала қарау нәтижесі бойынша қадағалау алқасының шығарған қаулысының көшірмесі шағымды берген тұлғаларға жіберіледі (ҚР АІЖК 394-бап).

Жоғарғы Соттың Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қадағалау тәртібімен тексеру үшін сот актісінің

орындалуын *үш айдан аспайтын мерзімге* ұзартуға құқылы екендігін есте сақтау керек. (ҚР АІЖК 396-бап, бұл бап Занның 2005 жылғы 30 желтоқсанда шыққан басылымында).

Қадағалау сатысындағы негізгі сот отырысын белгілеу. Шағымдалған сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау ісін қозғау туралы қаулы шығарғаннан кейін қадағалау сатысындағы сот қадағалау шағымының тараптарына қадағалау шағымының көшірмесін, қадағалау сатысында қаралатын істің уақыты мен орны көрсетілген хабарламаны жібереді. Қадағалау сот ісін қозғау туралы қаулымен бірге іс қадағалау сатысына түскен не прокурордың наразылығы түскен күннен бастап *бір ай ішінде* іс қаралуы тиіс (ҚР АІЖК 395-бап).

Істі қадағалау сатысында қарау. Қадағалау сатысының сот отырысын төрағалық етуші қандай сот шешімі және кімнің шағымы (наразылығы) бойынша қаралатынын, сот құрамына кімдердің кіретінін, іске қатысушы тұлғалардың сот отырысына келгендерін хабарлауымен ашады. Қадағалау сатысындағы істі қарауға прокурордың қатысуы міндетті.

Мәлімделген қарсылықтар мен өтінімдерді шешкеннен кейін сот іс материалдарын қарауды бастайды, ол төрағалық етушінің, оның орынбасарының немесе олардың тапсыруы бойынша іс бойынша шағымды, прокурордың наразылығымен танысқан қадағалау алқасының сот төрешілерінің баяндамасынан басталады. Баяндамашы істі мән-жайларын, іс бойынша қабылданған сот шешімдерінің, қаулыларының мазмұнын, қадағалау шағымының немесе прокурор наразылығының себептерін және қадағалау сатысындағы сот ісін қозғау туралы сот қаулысын баяндайды. Содан соң төрағалық етуші қадағалау шағымын (наразылығын) берген тұлғаға сөз береді. Егер де мұндай тұлғалар бірнешеу болатын болса, онда кезекпен сөйлейді. Егер олар келіспесе, сөйлеу кезегін сот анықтайды.

Шағымды (наразылықты) берген тұлға шағымданып отырған шешімнің заңсыз, негізсіз екендігі туралы өз пікірінің дәлелдері мен себептерін баяндайды. Шағымды берген тұлғалардың сөздерін тыңдағаннан кейін төрағалық етуші іске қатысушы өзге тұлғаларға сөз береді. Істі қарауға қатысушы қадағалау сатысының сот төрешілері баяндамашыға сұрақ қоюға құқылы. Прокурор, баяндамашының, іске қатысушылардың сөзінен кейін іс бойынша қорытынды беруі тиіс.

Істі қараудың шектері. Істі қадағалау тәртібімен қарау кезінде сот бірінші, апелляциялық сатыдағы соттардың шығарған қаулы-

ларының заңсыздығы мен негізсіздігін дәлелдер, шағым, наразылық шегінде тексеруі тиіс екендігін есте ұстаған жөн. Дегенмен де, қадағалау сатысындағы сот заңдылыққа кол жеткізу үшін қадағалау шағымының немесе наразылықтың шегінен шығып, шағымдалған, наразылық білдірілген шешімнің заңдылығын толықтай тексеруге құқылы. Сонымен бірге, бірінші, апелляциялық сатыдағы соттардың ҚР АІЖК 25-29-тарауларда қарас-тырылған ерекше талап қою істері бойынша шығарған қаулыларының заңдылығы мен негізділігін тексеруге толықтай құқылы. (ҚР АІЖК 397-баптың 2-бөлігі).

Істі қадағалау тәртібімен қарау кезінде сот:

– төменгі сатыдағы сот қаулысында анықталмаған немесе жоққа шығарылмаған мән-жайларды анықтауға немесе дәлелденген деп есептеуге;

– қандай да бір зерттелген дәлелдеменің күмәнсіздігі немесе күмәнділігі туралы мәселелерді алдын ала шешуге;

– бір дәлелдеменің өзгесінен артықшылығы туралы;

– қандай материалдық құқықтың қолданылуы керектігін және жоққа шығарылғаннан кейін, істі жаңадан қарау кезінде қандай қаулы қабылдау керектігін шешуге құқылы екендігін есте ұстаған жөн.

Істі қадағалау тәртібімен қарау нәтижелері бойынша сот кенесу бөлмесінде дауысқа салумен қаулы қабылдайды. Істі қадағалау сатысымен қайта қарауға және оған қарсы берген сот төрешілерінің дауыстар саны тең болған жағдайда қадағалау шағымы мен прокурордың наразылығы қабылданбады деп саналады.

§ 3. Қадағалау сатысындағы соттың өкілеттігі

Істі қарау бойынша қадағалау алкасының соты төмендегідей шешім қабылдай алады: (ҚР АІЖК 398-баптың 4-бөлігі):

1) бірінші, апелляциялық немесе қадағалау сатысының шешімін өзгертусіз, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырылғысыз қалдырады;

1-1) ҚР АІЖК 387-бабында қарастырылған материалдық немесе іс жүргізу құқығы нормаларын елеулі түрді бұзылмағандықтан, істі қадағалау тәртібімен қайта қараудан бас тарту;

2) бірінші, апелляциялық сатыдағы соттың шешімін толықтай не жартылай жоққа шығарып, істі бірінші, апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберу;

3) бірінші, апелляциялық сатыдағы соттың шешімін толықтай не жартылай жокқа шығарып, талап қою арызын қараусыз қалдыру не іс бойынша сот ісін тоқтату;

4) іс бойынша шешілген шешімдердің бірін күшінде қалдыру;

5) бірінші, апелляциялық немесе қадағалау сатысындағы соттың шешімін өзгерту не болмаса егер де материалдық құқық нормаларын түсініп қолдануда қателіктер кеткен болса, істі жанадан қарауға жібермей-ақ жана шешім шығару. (*Ескерту*: ҚР АІЖК 398-бап. Қазақстан Республикасы Заңының 2005 жылғы 30-желтоқсанында шыққан басылымында).

Қадағалау сатысындағы соттың қаулысы мазмұны бойынша ҚР АІЖК-де апелляциялық сатыдағы актілер үшін бекітілген талаптарға сай болуы тиіс. Қадағалау сатысындағы соттың қаулысына іс бойынша шешім қабылдаған барлық сот төрешілері қол қоюлары тиіс. Қадағалау сатысындағы сот ҚР АІЖК 230–232-баптарында қарастырылған жағдайларда жазуда кеткен қателіктер мен нақты арифметикалық қателерді түзету туралы, мәселені қарауға, қосымша қаулы шығаруға немесе қадағалау сатысының бұрын шығарған қаулысын түсіндіруге құқылы.

Қабылданған шешім бойынша қадағалау сатысындағы соттың қаулысы қабылданған күннен бастап заңды күшіне енеді. Қадағалау сатысындағы сот шығарылған қаулы туралы іске қатысушы тұлғаларға хабарлауы тиіс.

Қадағалау алқасы сотының қаулыдағы төменгі соттардың шешімдерін, қаулыларын жокқа шығару туралы, соның ішінде заңды түсіну туралы нұсқауы істі жанадан қарау кезінде *міндетті* болып табылады (ҚР АІЖК 401-бап).

Екінші рет шыққан сот шешіміне, қаулысына, ұйғарымына берілген шағым, наразылық алдыңғы сот қаулыларын апелляциялық тәртіппен немесе қадағалау тәртібімен жокқа шығарумен байланысты бірінші сот актісін жокқа шығару себептеріне қарамастан жалпы негіздерде қайта шығарылуы мүмкін. (ҚР АІЖК 403-бап).

Азаматтық істер бойынша Қазақстан Республикасы соттарының жұмысы. 2007 жылдың қорытындысы бойынша Құқықтық статистика комитетінің ресми статистикалық және Бас Прокуратураның арнайы есептері мәліметтеріне сәйкес, Республика соттарына түскен азаматтық істердің саны (1010207-ден 1,4 пайызға) көбейген. ҚР АІЖК-нің іс жүргізу мерзімдерін бұзумен 27 іс немесе аяқталғандардың 0,1 пайызы қаралған.

Бірінші сатыдағы *аяқталған* істердің негізгі санаттарын мынадай істер құрайды:

- 1) бұйрықты сот ісі – 13 пайыз;
- 2) талап қою – 73;
- 3) ерекше талап қою – 4;
- 4) ерекше сот ісі – 10 пайыз.

Соттарға түскен талап қою арыздары мен азаматтардың арыздарының жалпы санынан 13-і *қараусыз қалдырылған*, 6,6 пайыз сот ісі *тоқтатылған*.

Апелляциялық тәртіппен 16974 сот шешімдеріне *шағымдалып, наразылық білдірілген*, 1682-і *жоққа шығарылған, өзгертілген іс* – 2297 және 12995 шешім *қараусыз қалдырылған*.

Қадағалау сатысымен 785 шешім *жоққа шығарылған*, 289-ы *өзгертілген*.

Аудандық соттардың *әкімшілік құқық бұзушылық туралы* қараған істер саны 1,2 пайызға қысқарған. Әкімшілік жазаға тартылған адамдардың саны 11,3 пайызға ұлғайды және 282075 құрайды немесе жауапкершілікке тартылғандардың жалпы санының 91,7 пайызы.

Облыстық соттарға әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша 5150 заңды күшіне енбеген қаулылар мен ұйғарымдарға шағымдар мен наразылықтар түскен, ол қаралған әкімшілік істердің жалпы санының 1,7 пайызы.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың 407-сі жоққа шығарылды және 1093-і өзгертілді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы барлық істер бойынша салынған айыппұл сомасы 154249 6474 теңге, ерікті төленген айыппұл – 85931876 теңге (2008 жылдың 30-қантарында шыққан Заң газетінен алынған статистикалық мәліметтер).

25-т а р а у. ҚАЙТА АШЫЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАР БОЙЫНША ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН ШЕШІМДЕРДІ, ҰЙҒАРЫМДАР МЕН ҚАУЛЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАРАУ ІСІ

§ 1. Қайта ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарау ұғымы, мәні және негіздері

Қайтадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарау – бұл азаматтық сот ісіндегі ерекше және өзіндік саты. Бұл сатының өзіндік міндеттер мен максаттың ерекшеліктерімен, іске

катысушылар аясымен, сот ісінің мерзімдермен, іс жүргізу әрекеттерімен, шешімнің мазмұнымен және құжаттарды құрумен анықталады. Қарап отырған сатының ерекше сипаты мынадан тұрады:

– заңды күшіне енген сот шешімдерінің заңдылығы мен негіздігін тексеруден;

– қайта ашылған мән-жайлар түрінде сот ісін қозғау үшін арнайы негіздердің барымен;

– іс-әрекетте азаматтық сот ісінің кейбір жалпы ережелерінің болмауымен;

– қайта ашылған мән-жайлар мен кейбір өзге ерекшеліктер бойынша істі лауазымды тұлғалар мен органдардың шағын тобымен қараудан.

Қайта ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарау істі қадағалау тәртібімен қайта қарау сияқты заңды күшіне енген шешімдердегі, ұйғарымдардағы және қаулылардағы **жіберілген қателіктерді түзетуге бағытталған.**

Заңды күшіне енген шешімдердегі, ұйғарымдардағы және қаулылардағы қателіктерді түзету қажеттілігі аталған шешімдерді шығару кезінде сотқа белгісіз болған мән-жайлар анықталған жағдайларда болады.

Қайта ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарау – бұл қайта ашылатын мән-жайлардың бар-жоғын анықтау және олардың заңды күшіне енген сот шешімдерінің заңдылығына және негізділігіне ықпалы бойынша прокурордың және соттың рөлін анықтайтын азаматтық іске қатысушылардың іс-әрекеттері.

Қайта ашылған мән-жайлар – бұл сот талқылауы кезінде болатын заңды деректер (мән-жайлар), бірақ талап қоюшының арызында және жауап берушінің қарсылығында, іс материалдарында болмағандықтан сот пен тараптарға белгісіз болған деректер.

Жаңа мән-жайларға сот шешімін шығару сәтінде олардың заңсыздығын және негізсіздігін анықтайтын сотқа белгісіз заңды деректер жатады. Қайта ашылған және жаңа мән-жайлар іс бойынша сот ісін қайта қарауға негіз болып табылады. Қайта ашылған мән-жайлар бойынша істерді қайта қарау міндеттеріне төмендегілер жатады:

– қайта ашылған мән-жайларды анықтау;

– қайта ашылған мән-жайлармен байланысты істерді қарап шешуде төменгі соттардың жіберген қателіктерін табу және оларды түзету;

– азаматтық істер бойынша біркелкі сот тәжірибесін қамтамасыз ету;

– сот ісінен қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру.

ҚР АІЖК 404-бабына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімі, ұйғарымы және қаулысы жоққа шығарылып, қайта ашылған мән-жайлар бойынша сот ісі қайта қаралуы мүмкін.

ҚР АІЖК 404-баптың 2, 3-бөліктеріне сәйкес қайта ашылған мән-жайларға мыналар жатады:

– заңды күшіне енген сот үкімімен анықталған, заңсыз немесе негізсіз сот шешімін шығаруға әкеліп соқтырған куәгердің қасақана жалған айтқан жауаптары, сарапшының қасақана жалған қорытындысы, қасақана жалған аударма, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;

– заңды күшіне енген сот үкімімен анықталған тараптардың, іске қатысушы өзге тұлғалардың және олардың өкілдерінің қылмыстық әрекеттері немесе істі қарау кезіндегі соттардың қылмыстық істері

ҚР АІЖК 404-бап 1, 4 және 5-баптарына сәйкес қайтадан ашылған мән-жайларға мыналар жатады:

– арызданушыға белгісіз болған және болуы мүмкін емес іс үшін маңызы бар мән-жайлар;

– сот шешімін, ұйғарымын немесе қаулысын не болмаса шешімді, ұйғарымды, қаулыны шығаруға негіз болған өзге органның қаулысын жоққа шығару;

– Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің сот актісін шығарар кезінде соттың қолданған заңын немесе өзге нормативті құқықтық актіні конституциялық емес деп тануы.

Қайта ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қараудың негізі мен тәртібі қадағалау сатысындағы азаматтық істі қарау негізі мен тәртібінен елеулі түрде айырмашылығы бар. Егер де қадағалау сатысындағы істі қарау кезінде сот шешімін, ұйғарымын, қаулының қайта қарау негізі әдетте іс материалдарында болатын болса, қайта ашылған мән-жайлар олардың пайда болуының себебі болып, шешімді, ұйғарымды, қаулыны шығару кезінде болғанымен, бірақ сотқа белгісіз болған қайта ашылған мән-жайлар іс материалдарында болмайды. Қайта ашылған мән-жайлардың болуы сот қарауында анықталуы тиіс.

Істі қайта ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау кезінде қайта қарау тақырыбы – бірінші сатыдағы аудандық соттың шешімі, сондай-ақ іс бойынша сот ісін тоқтату туралы облыс-

тық соттың қаулысы болатынын есте ұстаған дұрыс. Бірінші сатыдағы соттың қалған ұйғарымдары қайта ашылған мән-жайлар бойынша істі қараудың тақырыбы бола алмайды. Себебі онда бекітілген сот тұжырымдары тұрақты сипатқа ие емес және соңғы шешім болып табылмайтындықтан, сот сот талқылау барысында сот шығарған шешімді жоққа шығармай-ақ оларды түзетуге құқылы.

Қайта ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қараудың тақырыбы апелляциялық және қадағалау сатыларындағы соттардың қаулысы болуы мүмкін, бірақ іс бойынша сот ісі аяқталатындармен, яғни іс бойынша сот ісін тоқтату, апелляциялық шағымды қараусыз, қозғалыссыз қалдыру, шағымды қайтару туралы қаулы.

ҚР АІЖК 405-бабына сәйкес бірінші сатыдағы заңды күшіне енген сот шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын қайта ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарайтын соттарға осы шешімдерді шығарған соттар жатады. Қайта ашылған мән-жайлар бойынша апелляциялық немесе қадағалау сатысындағы соттардың шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын шешімді өзгертуші немесе жана шешім шығарушы сот қайта қарайды.

Қайта ашылған мән-жайлар бойынша сот шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын қайта қарау туралы арызды іске қатысушы тұлғалар немесе прокурор шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығарған сотқа істі қайта қарауға негіз болатын мән-жайлар анықталған сәттен бастап *үш ай мерзім* ішінде бере алады. Қайта ашылған мән-жайлар бойынша сот шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын қайта қарау мерзімдерін есептеу тәртібі заңда бекітілген. Арыз беру мерзімі былайша есептеледі:

– арызданушыға білгісіз болған және болуы мүмкін емес іс үшін маңызы бар мән-жайлардың анықталған күнінен бастап (ҚР АІЖК 407-баптың 1) тармақшасында);

– ол бойынша заңсыз немесе негізсіз сот шешімін шығаруға әкеліп соқтырған куәгердің қасақана жалған айтқан жауаптары, сарапшының қасақана жалған қорытындысы, қасақана жалған аударма, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы анықталған жағдайларда қылмыстық іс бойынша сот үкімі заңды күшіне енген күннен бастап (АІЖК 407-баптың 2) және 3) тармақшалары);

– сот үкімінің, шешімінің, ұйғарымының, қаулысының заңды күшіне енген немесе оларды қайта қарауға негіз болған сот

актісі негізделген, өзінің мазмұны бойынша үкімге, шешімге, ұйғарымға немесе қаулыға қарама-қарсы мемлекеттік не өзге органның шығарған қаулысы шыққан күнінен бастап (АІЖК 407-бап 4) тармақша).

Қайта ашылған мән-жайлар бойынша сот шешімін, ұйғарымын және қаулысын қайта қарау туралы арыз сот отырысында каралады. Арызданушыға және іске қатысушы тұлғаларға сот отырысының уақыты мен орны хабарланады. Дегенмен де олардың келмеуі арызды қарауға кедергі бола алмайды.

Сот қайта ашылған мән-жайлар бойынша сот шешімін, ұйғарымын және қаулысын қайта қарау туралы арызды қарап, не арызды қанағаттандырып, шешімді, ұйғарымды, немесе қаулыны жоққа шығарады не болмаса оны қайта қараудан бас тартады.

Қайта ашылған мән-жайлар бойынша сот шешімін, ұйғарымын және қаулысын қайта қарау туралы сот ұйғарымына шағымдануға, наразылық білдіруге болмайды. Шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны жоққа шығарған жағдайда істі сот ҚР АІЖК-нің 17-тарауында бекітілген ережелер бойынша қарайды.

26-т а р а у. СОТ ШЕШІМДЕРІН ОРЫНДАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ СОТ ІСІ

§ 1. Орындау ісінің мәні

Сот шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын орындау азаматтық сот ісінің соңғы және міндетті сатысы болып табылады. Бұл саты субъективті азаматтық құқықтар мен азаматтардың заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын азаматтық істерді қарау мен шешудің салдары болып табылады. Орындау ісінің азаматтық сот ісінің өзге сатыларынан айырмашылығы ол соттағы азаматтық сот ісімен байланысты ғана емес, қылмыстық істер бойынша үкімді, ұйғарымды, қаулыны орындау бойынша мүлікті өндіру бөлімінде, нотариустың орындау қағазын, заңды жағдайлармен қарастырылған жағдайларда төрелік және аралық соттардың шешімдерін, шет мемлекеттердің халықаралық соттарының, сондай-ақ халықаралық коммерциялық төрелік соттың шешімдерін орындау бойынша қозғалады. Кез келген азаматтық істі қарау бір мақсатты, заңды және негізді шешім шығаруды көздейді. Заңды күшінен енгеннен кейін ол сол әрекеттерді сол көлемде және соларға қатысты сот шешімі шығарылған тұлғалардың даусыз орындауын қажет ететін, сон-

дай-ақ орындау органдары тарапынан сот немесе өзге актіні бекітілген тәртіппен орындату бойынша мәжбүрлі түрде ықпал етуді жүзеге асыруда жалпыға бірдей міндетті қасиетке ие болады.

Орындау әрекеттері тек шығарылған сот шешімі бойынша, талап қою арыздарын қамтамасыз ету туралы шаралар қолдану кезінде болуы мүмкіндігін есте ұстау қажет (ҚР АІЖК 239-бап).

Орындау ісі азаматтық сот ісінің сатысы ретінде ҚР АІЖК-мен және сот қаулыларын және өзге органдардың құқық қолданатын актілерін орындау бойынша бірқатар мәселелерді шешетін түрлі нормативті-құқықтық актілермен реттеледі. Қазақстан Республикасы халықаралық келісімшарттардың нормаларының зор маңызы бар. Орындау ісі саласындағы құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін мұндай келісімшарттардың біріне 1993 жылғы 31 наурызда Минск қаласында Қазақстан Республикасының бекіткен мемлекеттер арасындағы Тәуелсіз мемлекеттер достастығы мүшелерінің азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қарым-қатынастар туралы Келісімі жатады.

Орындау құжаттарын уақытында орындауды қамтамасыз ету бойынша орындау ісі аумақты органдар жанындағы мемлекеттік қызметтегі және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы сот әкімшілігі бойынша комитетінің сот орындаушыларына жүктелген. Сот әкімшілігі бойынша комитет 2000 жылы 12-қазанда «Сот әкімшілігінің жана жүйесі қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған, комитеттің және облыстағы сот әкімшілігі қызметінің бір бағытына төмендегілер жатады:

— орындау қағаздарының уақытында орындалуын қамтамасыз ету;

— сот орындаушылары мен жасауылдары қызметін ұйымдастырылған және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

— сот орындау актілері бойынша Республика меншігіне айналдырылған мүліктерді есепке алу, сақтау, бағалау және келешекте пайдалану бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

— Қазақстан Республикасының бекітілген халықаралық құқықтық актілер аясында құқықтық көмек көрсету кезінде сот актілерінің уақытында орындалуын қамтамасыз ету;

— сот органдары мен орындау ісі органдарынан шығатын апостилді қою (апостиль — 1961 жылы Гаага Келісіміне сәйкес арнайы мөртанба ресми құжатта — оны жариялау мақсатында Келісімге қатысушылар қояды.

Орындау ісінің құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін бекітетін, сондай-ақ сот орындаушыларының құқықтық мәртебесін анықтайтын негізгі нормативті акт 1998 жылы 30-маусымда қабылданған «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. (бұдан әрі – Заңы). Заң ҚР АІЖК және өзге нормативті актілермен қатар орындау ісі органдарының және сот орындаушыларының сот шешімдерін орындау сатысындағы іс жүргізу әрекеттерін реттейді.

Мағынасы және мазмұны бойынша заң жалпы соттардың, төрелік және аралық соттардың сот актілерін, бекітілген өкілеттікті жүзеге асыру кезінде азаматтарға, ұйымдар мен барлық деңгейдегі бюджетке өзге азаматтарға, ұйымдарға немесе тиісті бюджетке ақшалай қаржыны немесе өзге мүлікті тапсыру бойынша не олардың пайдасына нақтылы әрекеттерді жасау немесе одан бас тарту міндетін жүктеу құқығы берілген салық және кеден органдары актілерін мәжбүрлі орындаудың қызмет аясын, шарты мен тәртібін анықтайды. Сот орындаушысының қызметі орындау ісі туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады және кей жағдайларда сот шешімін орындауға тұлғаларды мәжбүрлеуге бағытталған (мысалы, оларды тұрғын үйден шығару, заңсыз салынған құрылыстарды бұзу, қарызды, мүлікті, жер телімін, жалақыны және т.б. қайтару).

Сондықтан да, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңы субъективті азаматтық құқықтар мен азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын барлық құқық қолданушы органдарының қаулыларын орындауға қолданылады.

Құқықтық статистиканың және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының арнайы есептеулерінің 2007 жылғы мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасы барлық сот орындаушыларының ісінде жалпы саны 724 262 орындау істері болған, олардың 389754-і орындалды, 117098-і қайтарылды және 12618-сы тоқтатылды. Осы кезеңде орындауға түсетін орындау істерінің саны I пайызға төмендеген. (Заң газеті. 2008 ж. 30 қаңтар). Орындау істерінің саны төмендігіне қарамастан, сот шешімдерін уақытында орындау сапасы төменгі деңгейде қалып отыр.

Қарауан газетінің 2008 жылғы наурыз айындағы зерттеулері бойынша 225, 5 мың сот шешімдері орындалмай қалып отыр. Бұл өз қызметін жүзеге асыруда бір сот орындаушысына тым ауыр (орындау істерінің көп саны) екендігін, жауап берушілердің төлем төлеу қабілетсіздіктерін, сондай-ақ сот орындаушылары-

нын кәсіби дайындықтары жеткіліксіз және бірқатар өзге де себептерден екендігін білдіреді. Қазіргі жүйе бойынша сот шешімдерін орындаудың тиімсіздігінің өзге себебі азаматтық факторлармен де байланысты. Елімізде сот орындаушылар саны бар болғаны 1700, жылына 600–700 қызметкерлер ауысады. Себептері әртүрлі, біреулері жұмыстан босатылады, өзгелері жұмыстан өздері шығады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы сот әкімшілігі Комитетінің мәліметтері бойынша 2008 жылы орындау ісінде 642 сот орындаушылары жетіспеген. 2007 жылы алимент өндіруге шағымдар бойынша 105000 орындау қағазы түссе, ол бойынша 9500 жауап беруші төлей бастаған. (Караван газеті. № 11 (032) 14 наурыз, 2008 ж.). Соттар қанша әділ шешімдер шығарғанымен, олар орындалмайынша азаматтардың бұзылған құқықтарын қайта калпына келтіру туралы айтуға ерте. Қазіргі уақытта сот орындаушыларының мәртебесін көтеру мақсатында осы салада әкімшілік-құқықтық реформа жүргізу қажеттігі пісіп жетілді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі комитеті алпысқа жуық алыс және жақын шет мемлекеттердің тәжірибесін зерттей отырып, еліміздің ғалымдары мен тәжірибелі адамдармен бірге *жеке сот орындаушылары* институтын енгізу туралы заң жобасын жасады, бұл сот шешімдерін орындау деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Сондықтан да, бұл мәселені қорғаушылар мен нотариустар сияқты, сот шешімдерін орындауды бәсекелестік ортаға беру арқылы шешілуі мүмкін. (Казахстанская правда. 21.02. 2008 ж.)

Атқару құжаттары. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Занның 5-бабында атқару құжаттардың төмендегідей тізімі берілген:

1) аудандық соттардың шешімдері, өзге актілерінің негізінде берілген орындау қағаздары;

2) аралық соттардың шешімдері негізінде берілген орындау қағаздары;

1) сот актілерінің негізінде берілетін атқару парақтары;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңдарына сәйкес берілетін сот бұйрықтары;

3) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық, шетелдік соттардың және төрелік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы сот актілерінің негізінде берілетін атқару парақтары;

3-1) аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары;

4) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шығарылған сот қаулылары;

5) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулысын мәжбүрлеп орындату туралы соттардың қаулылары;

6) талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы прокурордың қаулысы;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда өзге де органдардың қаулылары.

2. Атқару құжаты жоғалған жағдайда атқару құжатын берген орган Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен беретін оның дубликаты өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

ҚР АІЖК 236-бабына сәйкес, сот шешімі, әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарауға өкілетті органның (лауазымды тұлғаның) мәжбүрлі орындату туралы жеке талаптарына *атқару қағазы* жазылады, ол өндірушіге не орындалуы үшін аумақ бойынша сот әкімшілігі органына жіберіледі. Сот мүлікті тәркілеу, мемлекеттің пайдасына мүлікті және ақшалай қаражатты өндіру, қылмыспен келтірілген зиянды өндіру, алиментті өндіру, зақымданумен немесе жарақат алумен денсаулыққа келтірілген зиянды өндіру, асыраушысынан айрылу туралы шешім шығарған жағдайда сот өз бастамасы бойынша аумақ бойынша тиісті сот әкімшілігі органына орындау құжатын жібереді.

Орындау қағаздарын (одан әрі – атқару құжаттары) бірінші сатыдағы сот шешім заңды күшіне енген күннен бастап немесе Жоғарғы Соттан іс қайтып келген күннен бастап үш тәулік ішінде жазылады, онда төмендегілер көрсетілуі тиіс:

- атқару құжатын берген соттың атауы;
- істің нөмірі және шешім шығарылған күн;
- шешімнің қарар бөлігі (сөзбе-сөз);
- шешімнің күшіне енген уақыты;
- атқару құжатының берілген күні;

– өндірушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер де жеуе куәлігінде көрсетілген болса), оның мекенжайы немесе тұратын жері, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәлеметтер, салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе егер де өндіруші заңды тұлға болатын болса, оның атауы, нақты тұратын жері не болмаса

Мемлекеттік біртұтас тізімдегі (регистр) мәліметтері, банктік деректемелері және салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

– қарызгердің тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, жұмыс орны, оның банктік деректемелері және салық төлеушінің тіркеу нөмірі, егер де қарызгер заңды тұлға болатын болса, оның атауы, нақты тұратын жері не болмаса Мемлекеттік біртұтас тізімдегі (регистр) мәліметтері, банктік деректемелері және салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Орындау қағазының түрін орындау құжаттарының орындалуын қамтамасыз ететін өкілетті орган бекітеді.

Соттың әрбір шешімі бойынша бір орындау қағазы беріледі. Егер де сот талап қою арызын қамтамасыз ету туралы шара қолданған болса, орындау қағазына талап қою арызын қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар туралы құжаттардың көшірмесі, егер де іс материалдарында талап қоюды мүлікпен қамтамыз етуге қамауға алынғанның және оны сақтауға жауапты тұлғалардың тұратын жері туралы мәліметтер бар құжаттың көшірмесі болатын болса, қоса тіркеледі. Егер де орындау әртүрлі жерде болатын болса немесе шешім бірнеше талап қоюшылардың пайдасына немесе бірнеше жауап берушіге қарсы шығарылған болса, сот өндірушілердің өтініштері бойынша орындау орнын немесе сол орындау қағазы бойынша орындалуға тиісті шешімнің бір бөлігін жаза отырып, бірнеше орындау құжаттарын береді. Орындау қағазына соттың мөрі басылған сот актісінің көшірмесін не оның үзіндісін қоса береді.

Сот талап қоюшының өтініші бойынша егер де шешімді орындауды кешіктірудің ерекше мән-жайлары өндірушіге елеулі шығын келтіретіндей болса шешімді тез арада орындауға мән береді.

Тез орындалуы тиіс шешімдерге мыналар жатады:

– алименттерді өндіру;

– жұмысшыға жалақысын өндіру үш айдан аспайтын мерзімде;

– жұмысты қалпына келтіру туралы

– зақымданумен немесе жарақат алумен денсаулыққа келтірілген сондай-ақ асыраушысынан айырылу арқылы келтірілген зиянды өндіру туралы шешімді, үш айдан аспайтын мерзімде (ҚР АІЖК 237-бап).

Тез арада орындалуға тиісті сот шешімі бойынша орындау қағазы жазылып, шешім шығарылғаннан кейін тез арада орындауға жіберіледі.

Шешімді тез арада орындау туралы мәселе, егер де ол шешімді шығарар кезде шешілмеген болса, сот отырысында қаралады. Іске қатысушы тұлғаларға сот отырысының болатын уақыты мен орны хабарланады, бірақ олардың сот отырысына келмеуі шешімді тез арада орындау туралы мәселені шешуге кедергі болмайды.

Шешімді тез арада орындау туралы мәселе бойынша сот ұйғарымына жеке шағым, наразылық білдіруге болады. Шешімді тез арада орындау туралы мәселе бойынша сот шешіміне жеке шағым беру, наразылық білдіру осы ұйғарымды орындауды тоқтатады. (ҚР АІЖК 238-бап).

Атқару құжаты жоғалған жағдайда өндіру үшін негіз орындау құжатын берген органның беретін сол құжаттын екінші түпнұсқасы болып табылады. Егер де оның мазмұны заңда бекітілген төмендегі талаптарға сай келмейтін болса, орындау қағазын сот орындаушысы оны берген органға қайтаруы тиіс.

– тараптардың деректемелері жоқ немесе ол түгел көрсетілмеген;

– шығарылған актінің қарар бөлімінде азаматтық құқықтық дау бойынша мәселені шешу сөзбе-сөз емес, толық емес жазылған;

– актінің заңды күшіне енген күні, сондай-ақ оны орындауға ұсыну мерзімі көрсетілмеген.

Аталған жағдайларда сот орындаушысы бір күн ішінде актіні қайтару туралы қаулы шығарып, оны шығарған органға жібереді, сондай-ақ бұл туралы өндірушіге хабарлайды. Қайтарылған актідегі қателіктер түзетілгеннен кейін қайта түскен күні орындауға берілген күні деп саналады.

§ 2. Орындау әрекеттерін жасаудың жалпы шарттары

Сот актісін мәжбүрлі түрде орындау үшін негіз сот орындаушысының өз ісіне қабылдаған орындау құжаты болып табылады (құжаттардың жоғарыда аталған тізімі заңның 5-бабында көрсетілген).

Сот орындаушысынан басқа орындау ісінде тараптар – өндіруші және қарызгер және олардың өкілдері қатысады, сондай-ақ аудармашы, куәлар және маман болады. Өндіруші мен қарызгер жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін. **Өндіріп алушы** – пайдасына немесе мүддесіне орындау қағазы берілген тұлға, **борышкер**, – орындау қағазында көрсетілген талаптарды орындауға тиісті тұлға. Орындау ісінің тараптары орындау ісінің

материалдарымен танысуға, үзінділерін алуға, көшірмелерін түсіруге, қосымша материалдар ұсынуға, өтінім білдіруге, орындау әрекеттерін жасауға қатысуға, орындау ісінің барлық мәселелері бойынша өз пікірін айтуға, қарсылықтар білдіруге және сот орындаушысының іс-әрекетіне шағымдануға құқылы. Орындау ісіндегі тараптар ҚР АІЖК 58–63-баптарына сәйкес жеке дара немесе өкілдері арқылы әрекет ете алады.

Орындау әрекеттерін өз бастамасы немесе сот орындаушысының шақыруы бойынша жасауға аудармашы қатыса алады. Кез келген іс-әрекетке қабілетті, орындау әрекеттеріндегі аударға тиісті тілді білетін адам аудармашы бола алады.

Арнайы тануды талап ететін мәселелерді түсіну үшін сот орындаушысы тұлғалардың өтінімдері немесе өз бастамасы бойынша маман тағайындауға қаулы шығарады. Маман сот орындаушысының қаулысындағы олардың алдына қойған мәселелері бойынша жазбаша қорытынды береді. Куәлер ретінде кез келген кәмелетке жасы толған, іс-әрекетке қабілетті, орындау әрекеттері барысына мүдделі емес тұлғаларды шақыруға болады.

Шешімді орындаумен байланысты пәтерден көшіру, кіргізу, тыйым салу, тартып алу және қарызгердің мүлкін тапсыру, тұрғын үйге, үй-жайларға, сақтау қоймасына бұзып кіру туралы орындау әрекеттерін және қарау ісін жүзеге асыру кезінде міндетті түрде екі куә болуы заңда қарастырылған. Сот орындаушысы орындау әрекеттерінің басталар кезінде куәларға орындау әрекеттерінің мақсатын және олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Орындау әрекеттерінің нәтижесі бойынша сот орындаушысының құрған актісіне куәлер қол қояды.

Егер де орындау ісінің барысына олардың жанама мүддесі болатын болса не қарызгердің, өндірушінің немесе олардың өкілдерінің туысы болатын болса сот орындаушысы, аудармашы, маманға қарсылық білдіруге болады. Сот орындаушысы, аудармашы, маманға тараптардың қарсылық білдіруі сот әкімшілігі бойынша аумақтық органның әкімдігі шешеді.

§ 3. Атқару құжаттарын орындау кезіндегі орындау әрекеттері

Сот орындаушыларының қызметі сот шешімдерін, ұйғарымдарын, қаулыларын және атқару органдарының өзге актілерін ерікті және мәжбүрлі орындауға бағытталған іс жүргізу әрекеттерімен тікелей байланысты.

Сот шешімдерін, ұйғарымдарын, қаулыларын және атқару органдарының өзге актілерін мәжбүрлі түрде орындау кезінде сот орындаушысының мынадай құқықтары заңда бекітілген:

1) сот актілерін орындауға қатысты мәселер бойынша қаулы шығару;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру;

3) орындау әрекеттерін жасау кезінде туындаған мәселелер бойынша қажетті ақпараттарды, түсініктемелерді және анықтамаларды коммерциялық және банктік және заңмен қорғалатын құпиясы бар мәліметтерді жариялауға қойылатын талаптарды сақтай отырып, тегін алуға;

4) орындау қағазы бойынша түсініксіз нәрселерді түсіндіретін жағдайларда сотқа және орындау қағазын берген өзге органға жүгінуге;

5) орындау мерзімдерін ұзарту, кейінге қалдыру, орындаудың тәсілі мен тәртібін өзгерту, қарызгерді іздестіру туралы сотқа ұсыныс беруге;

6) орындау ісі бойынша азаматтар мен тұлғаларды шақыруға;

7) ұйымдарда орындау құжаттарының орындалуын тексеруге олар бойынша қаржылық есеп беруді жүргізуге;

8) нақты орындау әрекеттерін жасау мәселелері бойынша тапсырма беруге;

9) оларға бұзып кіру қажет болғанда, қарызгерге тиісті үйжайға және қоймаға кіруге, куәлардың қатысуымен қарауға;

10) қарызгердің банктегі ақшасына және құнды қағаздарына тыйым салу;

11) алып қою, сақтауға беру және тыйым салынған мүлікті өткізу;

12) алынған мүлікті сақтау үшін ұйымдардың қоймаларын, қарызгердің көлігін осы мүліктерді тасу үшін пайдалану;

13) орындау құжаттарын орындауды қамтамасыз ету үшін ішкі істер органы қызметкерлерін тарту;

14) қылмыстық іздестіру органына сот актілерін орындаудан қасақана жалтарған тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізу;

15) өзге қаланың немесе ауданның сот орындаушыларына жеке орындау әрекеттерін тапсыру;

16) орындау ісі туралы заңда қарастырылған өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

Сот орындаушысының міндеті:

1) талап қою арызын қамтамасыз ету бойынша сот ұйғарымын орындау;

2) тараптарға немесе олардың өкілдеріне орындау ісінің материалдарымен танысу, олардың үзінділерін, көшірмелерін алуға мүмкіндік беру;

3) орындау ісі бойынша тараптардың арызын қарау, ол бойынша қаулы шығару, шағымдану мен наразылық білдірудің тәртіптері мен мерзімдерін түсіндіру, егер де өзі орындау ісінің барысына тікелей немесе жанама мүдделі болса, орындау ісінен өзі бас тартуға (ҚР АІЖК 86-бап).

Сот орындаушысы өзіне ұсынылған құқықты Заңға сәйкес пайдалануы және өз қызметінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге жол бермеуі тиіс. Өндіруші немесе қарызгер сот орындаушысының әрекеттеріне егер де, заңға қайшы келетін болса шағымдана алады. Шағым сот орындаушысы қызмет көрсететін учаскедегі аудандық сотқа сот орындаушысы іс-әрекетті орындаған күнне бастап он күн ішінде беріледі. (ҚР АІЖК 240-4).

Сот орындаушысына қарызгерден ақшалай соманы өндіру туралы заңды талаптарды орындау бойынша тұлғалар мен органдардан сот құжаттары түскеннен кейін сот орындаушысы *үш тәулік ішінде* орындау ісін қозғауы тиіс, ол жөнінде қаулы шығарады (Занның 10-бабы).

Сот орындаушысы орындау ісін қозғағаннан кейін өз қаулысында құжатты өз еркімен орындауы үшін қарызгерге *бес күн* уақыт бекітеді. Онымен бір мезгілде қаулыда сот орындаушысы қарызгерге мерзім өткеннен кейін заңға сәйкес мәжбүрлі түрде орындалуға кірісетінін және орындау салымын төлейтінін сонымен бірге орындау ісін орындауға кететін барлық шығындарды өтейтінін түсіндіреді. (Занның 74, 75-баптары), сондай-ақ егер де өндіруші өтінсе, мүліктік өндіру туралы орындауды қамтамасыз етуге шаралар қолданады.

Атқару құжаттарын орындауға ұсыну мерзімдері. Сот шешімдерін өз уақытында толық атқару көп жағдайда атқару құжаттарын орындауға ұсыну мерзіміне байланысты. Азаматтар мен тұлғалар мәжбүрлі орындауға құжаттарды мынадай мерзімдерде ұсына алады:

1) сот актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқару парақтары – үш жыл ішінде;

1-1) аралық соттардың немесе төреліктің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары – үш жыл ішінде;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған сот қаулылары – егер заңмен өзге мерзімдер белгіленбесе, бір жыл ішінде;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулысын мәжбүрлеп орындату туралы сот қаулылары – бір жыл ішінде;

4) прокурордың қаулылары – үш ай ішінде берілуі мүмкін.

2. Аталған мерзімдер:

1) мүлікті өндіріп алу бөлігінде сот актілері негізінде берілген атқару парақтарын орындау кезінде – сот актісі заңды күшіне енген не сот актісін орындаудың мерзімін ұзарту немесе оған мәулет беру кезінде белгіленген мерзім аяқталғаннан кейінгі күннен бастап, ал сот актісі дереу орындалуға тиіс болған жағдайларда - ол шығарылғаннан кейінгі күннен бастап;

1-1) аралық соттардың немесе төреліктің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілген атқару парақтарын орындау кезінде – шешім күшіне енген күннен кейінгі күннен бастап;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған сот қаулыларын орындау кезінде – қаулы шығарылған күннен бастап;

3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулысын мәжбүрлеп орындату туралы сот қаулыларын орындау кезінде – мәжбүрлеп орындату туралы шешім қабылданғаннан кейінгі күннен бастап;

4) қалған атқару құжаттарының барлығы бойынша – олар берілгеннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

3. Мерзімді төлемдер өндіріп алу туралы шешімдер (алимент өндіріп алу туралы, мертіктірумен немесе денсаулығын өзгедей зақымдаумен келтірілген зиянды өтеу туралы және басқа істер бойынша) атқару құжаттары төлем жасауға берілген барлық уақытта күшін сақтайды. Мұндай жағдайларда мерзім әрбір төлем үшін жеке есептеледі.

Орындау құжатын орындауға ұсыну мерзімі бөліп орындауға үзіліс болады. Үзілістен кейін мерзім ішінде қайта жаңарады. Үзілістен кейінгі жаңа мерзім, ол бойынша толықтай не жартылай орындалмаған кезде, өндірушіге орындау қағазын қайтарған күннен бастап саналады.

Сот орындаушысының орындау ісін төмендегідей жағдайларда тоқтатуы заңда қарастырылған: қарызгер іс сапарда, емделу мекемесінде болса, сотқа қарызгер сот орындаушысына шағымданған кезде, қарызгердің өтініші, қарызгер немесе өндіруші жедел әскери қызметте болса, іздеуде болса.

Атқару әрекеттерін жасаудың уақыты мен орны. Атқару әрекеттерін сот орындаушысы қарызгердің (жеке тұлға) мекен-

жайы немесе жұмыс орнына қатысты, ал заңды тұлға – органның тұрғылықты жері немесе оның мүлкінің тұрған жері бойынша жүргізіледі. Қарызгерді нақты іс-әрекетті атқаруға міндеттейтін орындау құжаттарын орындауды сот орындаушысы осы әрекеттерді жасайтын орында жүргізеді.

Егер де қарызгер басқа жакқа кетіп калса және мүлік бұрынғы орнында болмаса, сот орындаушысы бұл жөнінде акт толтырады және атқару құжатын қарызгердің тұратын жана мекен жайы, жана тұрғылықты жері не мүліктің тұрған жана жері, жана жұмыс орны бойынша өзге аудандық сот орындаушысына жібереді, қарызгерге және орындау құжатын берген органға бұл жөнінде хабарлауы тиіс. (Занның 24-бабы).

Атқару әрекеттерін орындау мерзімдері. Атқару құжаттары бойынша орындау мынадай мерзімдерде аяқталуы тиіс:

– орындау сот ісін қозғаған күннен бастап *екі ай мерзім* ішінде;

– құрылысты бұзу, технологиялық операциялармен байланысты орындау құжаттары бойынша, сондай-ақ маманды шақыру арқылы мүлікті бағалаумен, сараптама жүргізумен, сауда өткізумен, қарызгердің мүлкі іздестірумен байланысты орындау құжаттары бойынша *төрт ай мерзім*.

Атқару құжаттарын орындау кейінге қалдырылуы, мерзімі ауыстырылуы, мерзімі ұзартылуы не болмаса Занның 13–16-баптарында қарастырылған негіздер бойынша кейінге қалдырылуы мүмкін (ҚР АІЖК 233, 240-бап).

Сот орындаушысы, қарызгер, өндіруші істі қараушы сотқа орындаудың тәсілі мен тәртібін өзгерту, сондай-ақ ақшалай сомаларды индексациялау туралы мәселені қоюға құқылы.

Сот орындаушысы өз бастамасы немесе өндірушінің немесе қарызгердің арыздары бойынша орындау әрекеттерін жасауға кедергі болатын мән-жайлар болатын болса орындау істерін кейінге қалдырады. Орындау әрекеттерін кейінге қалдыру туралы қаулы шығарады, оны аға сот орындаушы бекітеді және оны іске қатысушы тұлғаларға хабарлайды.

Атқару ісін тоқтата тұру. Сот орындаушысы төмендегідей жағдайларда сот ісін тоқтатуға міндетті (Заңның 15-бабы):

- 1) қарызгерге өлім қаупі төнгенде, оны өлді деп немесе істүссіз жоғалған деп жариялағанда;
- 2) қарызгер болып табылатын заңды тұлға қайта құрылғанда;
- 3) қарызгерді іс-әрекетке қабілетсіз деп тану;
- 4) қарызгер орындау қағазын сот тәртібімен жоққа шығарған жағдайда;

5) өкімшілік жаза қолданған органның (лауазымды тұлғаның) іс-әрекетіне сотқа шағымданғанда;

6) сотқа орындау құжаты бойынша өндірілетін мүлікті тізімнен алып тастау (тыйым салуды алып тастау) туралы;

7) қарызгер немесе өндіруші мүлікті бағалау нәтижелерін жоққа шығарғанда.

Атқарушылық іс жүргізуді тоқтату. Атқарушылық іс жүргізу ісін тоқтату негіздеріне төмендегілер жатады:

1) борышкердің өндіруден бас тартуы;

2) қарызгер мен өндіріп алушы келісімге отырған жағдайда;

3) егер де борышкер немесе өндіріп алушы болып табылатын азамат қайтыс болғаннан кейін шешіммен анықталған талаптар немесе міндеттер қайтыс болған адамның құқық мирасқорына берілмейді;

4) атқару құжатын орындау мерзімі өтіп кетсе;

5) атқару құжатын берген органның шешімін жоққа шығару;

6) борышкер немесе өндіріп алушы болып табылатын заңды тұлғаны таратудың аяқталуы;

7) егер де атқару құжаты бойынша қарыз толықтай төленіп бітсе немесе талаптар орындалса;

8) атқарушы борышкерге қойған талаптарынан бас тартса.

Атқарушылық іс жүргізу ісін тоқтату туралы сот орындаушысы қаулы шығарады, ол атқату құжатымен бірге құжатты берген сотқа немесе органға қайтарылады. Онымен бір мезгілде атқаруды қамтамасыз ету бойынша шаралар жоққа шығарылады. Атқарушылық іс жүргізу ісі тоқтағаннан кейін сот жасауылының барлық іс-әрекеттері өз күшін жояды. (Заңның 20-бабы).

Атқару құжаттарын өндіріп алушыға құжатын қайтару. Қозғалған атқару ісінде орындау құжаттары, егер де қарыз толықтай немесе жартылай төленбеген мынадай жағдайларда өндірушіге қайтарылуы мүмкін:

1) егер де өндіріп алушы атқару құжатын қайтару туралы арыз берсе;

2) егер де борышкердің ақшасы, мүлкі болмаса;

3) егер де өндіріп алушы борышкердің сатылмаған мүлкінен бас тартса;

4) егер де сот борышкерге іздеу салса;

Өндіріп алушыға атқару құжатын қайтару осы құжатты орындау үшін қайта ұсынуға кедергі болмайды (Заңның 21-бабы).

Атқару ісін тоқата тұру, тоқтату туралы сот орындаушысының қаулысына, атқару құжатының қайтарылуына борышкер сотқа шағымдануына болады .

§ 4. Мәжбүрлі атқаруды қамтамасыз етудің шаралары мен тәртібі

Мәжбүрлі атқаруды қамтамасыз ету негізіне заң сот орындаушысының бастамасын немесе өндірушінің арызын жатқызады (Занның 33-бабы).

Атқару құжаттарын орындауды қамтамасыз ету бойынша шаралар:

- борышкердің арызы немесе сот орындаушысының бастамасы бойынша тиісті түрде ресімделген атқару құжатын ұсыну;
- сот орындаушысының орындау ісін қозғауы;
- орындау ісін ерікті орындау мерзімінің өтіп кетуі.

Мәжбүрлі орындауды қамтамасыз ету бойынша шаралар;

- 1) борышкердің өзіндегі немесе өзге жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардағы мүлікке немесе ақшалай сомаға тыйым салу;
- 2) кімде болғанына қарамастан қарызгердің мүлкін тәркілеу;
- 3) борышкерге өз мүлкін пайдалануға, біреуге беруге, сатуға немесе өзге әрекеттер жасауға тыйым салу;

4) борышкердің мүлкін мөрлеу;

5) борышкердің мүлкіне құқық бекітетін құжаттарды алып қою;

6) борышкерге өз мүліктерін беруде және ол бойынша өзге мән-жайларды орындауда өзге тұлғаларға тыйым салу.

Борышкердің мүлкіне жүгінгу. Борышкердің қарызын мүлкінен өндіргенде, ең алдымен қарызгердің ақшасы алынады (тенгемен, шетел ақшасымен, құнды қағаздар, қымбат бағалы бұйымдар мен металдар, оның ішінде банктегілері де бар). Борышкердің қарызын төлеуге ақшалай қаражаты болмаған жағдайда, қарызгерге тиісті өзге мүлікке жүгінеді.

Борышкердің жеке меншігінде өзге тұлғалармен бірге алынған мүлік болатын болса, онда қарыз оның үлесінен өндіріледі. Осы үлеске дау шыққан жағдайда оны сот анықтайды. Атқару құжаты бойынша қарызды өндіретін борышкердің мүліктерінің тізімі заңда бекітілгенін атап кеткен жөн. Оларға борышкер мен оның отбасына күнделікті тұрмыста қажетті заттар (киім, аяқ киім, тағамдар, жанармай, мүлік және т.б.) жатады.

Сот орындаушысы борышкердің қарызын мүлкінен өндіретін жағдайда мүлікті қамауға алып, тізімдеуі, алып қоюы, бағалауы және сақтауы, сондай-ақ борышкердің мүлкін Заңның 40–56-баптарына сәйкес сату арқылы өткізуге құқылы.

«Атқарушылық іс жүргізуді және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңның 40-бабына сәйкес борышкердің мүлкіне тыйым салу мүлікті тізімдеуден, оларды пайдаланып, оған қожалық етуге тыйым салынады. Ақшаны және банктегі өзге құндылықтарға тыйым салуды сот орындаушысы прокурордың санкциясы арқылы ғана жүзеге асырады. Борышкердің мүлкіне тыйым салу мүліктерді тәркілеу кезінде, талап қоюды камтамасыз ету бойынша, сондай-ақ өткізілуі немесе өндірушіге табысталуы мүмкін борышкердің мүлкін камтамасыз ету кезінде қолданылады. Тыйым салынған мүлік тізімделгеннен кенін ҚР АІЖК-де және өзге де нормативті құқықтар тәртібімен сақтауға жіберілуі мүмкін. Мүлікті қамауға алған сот орындаушысы қаулы шығарады және оны тізімімен бірге жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркейтін, жылжымалы мүлікті кепілге қоятын органға және нотариусқа қамауды тіркеу туралы ұсыныспен жібереді. (Заңның 46-бабы).

Тыйым салынған мүліктер тартып алынуы және борышкерге немесе өзге тұлғаға сақтауға берілуі мүмкін. Борышкерден алынған құндылықтар (валюталар, құнды қағаздар, қымбат металдар мен тастар) сот орындаушысына банктік мекемелерге сақтауға беріледі.

Борышкерден алынған өтінушіге беруге тиісті ақшалай сома мен атқару құжаттарын орындауға кететін шығындарды сот орындаушысы сот өкімшілігінің аумақтық органының ағымдағы есепшотына жібереді.

Тыйым салынған мүлікті мәжбүрлі түрде өткізудің алдында оны сот орындаушысы бағалауы тиіс. Әшекей бұйымдардың, қымбат металдар мен тастардың, антиквариаттың, бейнелеу және мүсін өнері шығармаларының құнын анықтау қиын болған жағдайда оларды бағалауға арнайы маман шақырылады. Борышкердің мүлкінен қарызды өндіру кезінде — осы мүлікке тыйым салу және сату мынадай кезекпен жүргізіледі:

1) ең алдымен іске тікелей қатыспаған борышкердің мүлкі: құнды қағаздар, депозиттегі немесе өзге есепшоттардағы борышкердің ақшасы, валюталық құндылықтар, жеңіл машина сатылады.

2) екінші кезекте – дайын өнімдер, (тауарлар), сондай-ақ іске тікелей қатыспайтын және атқару ісіне қатысуға арналмаған материалды құндылықтар;

3) үшінші кезекте – жылжымалы мүдік объектілері, сондай-ақ атқару ісіне қатысуға арналған шикізат және материалдар;

4) төртінші кезекте – жалға беру келісімшарты бойынша (мүліктік қарыз) өзге тұлғаларға берілген мүлік, лизинг және басқалары (Заңның 48-бабы).

Заң бойынша айналымнан алып тасталынған мүлкінен басқа **борышкердің тыйым салған мүлкін сатуды** сот орындаушысы сауда немесе өзге арнайы ұйымдар арқылы, сауда-саттықтарда, аукциондарда борышкердің мүлкіне тыйым салған күннен бастап, егер де, заңда өзгедей жағдай қарастырылмаса екі ай ішінде жүзеге асырады. Егер де мүлік аталған мерзімде сатылмаса, қарызгер оны өзіне қалдыруға құқылы, бас тартқан жағдайда мүлік қарызгерге қайтарылады, ал орындау қағазы өндірушіге беріледі.

Борышкердің сот үкімі бойынша тәркіленген валюталық, кымбат әшекей бұйымдары мен өзге құндылықтарынан басқа тыйым салынған мүлкін борышкердің тұратын жеріндегі сауда ұйымдары арқылы арзандатып сатылады. Борышкердің тыйым салынған мүлкі ҚР АҚ-нің 447–448-баптарында қарастырылған тәртіппен арнайы ұйымдарда жаппай сауда ұйымдастыру арқылы сатылады. Сауданы ұйымдастырғанға дейін *он күннен кешіктірмей* сот орындаушысы күнделікті шығатын басылым беттеріне тыйым салынған мүліктердің сатылатын уақыты мен орнын хабардар етуі тиіс. Саудаға қатысушылар мүлік бағасының бес пайызы мөлшерінде кепіл ақша береді. Егер де сауда болмаса, кепіл ақша қайтарылып берілуі тиіс. Сауданы ұтып алған тұлғаның берген ақшасы сату құнына енгізіледі.

Сату кезінде ең көп ақша ұсынған адамға мүлік сатылды деп есептеледі. Сатып алушы сауда аяқталғаннан кейін бес күннің ішінде сатып алынған мүліктің толық құнын өкелуге міндетті, аталған шартты орындамаған жағдайда кепілге берген ақшасы мелекеттің кірісіне жіберіледі. Сауда аяқталғаннан кейін сот орындаушысы сатып алушыға және борышкерге сауданың болғандығы туралы акт көшірмесін береді.

Саудаға сот орындаушысы және сол орындау ісі бойынша шешім шығарған сот төрешісі, сондай-ақ олардың отбасылары мен жақын туыстары қатыса алмайтынын есте ұстаған жөн. Егер

де сауда болмаса, сот орындаушысы бұл туралы қаулы шығарып, кепілге берген тұлғалардың ақшасын қайтарады.

Сауда болған деп танылған жағдайда, қарызгер мүлікті жиырма пайызға төмендетілген бағасымен өзіне қалдыра алады, мүлікті өзіне қалдырудан бас тартқан жағдайда осы мүлікке салынған тыйым алынып тасталынады. Қайта сату кезінде сот орындаушысы мүлікті алғашқы саудадағы бағасынан *елу пайыздан төмен болмайтын* бағаға арзандатып сатуға құқылы. (Заңның 52–56-баптары).

Борышкердің жалақысына және өзге де табыстарына жүгіну. Борышкердің мүлкі, ақшалай қаражаты және өзге де құнды материалдары болмаған жағдайда, өндіру онын жалақысынан, уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша берілетін әлеуметтік сақтандыру жәрдемақысынан, балану күтуге байланысты әйелге берілетін жәрдемақысынан, жұмыссыздарға берілетін жәрдемақысынан, сондай-ақ оқушылардың жәрдемақысынан алынады.

Алименттерді және зақымданудан, денсаулықтың жаракаттануынан, асыраушысынан айрылудан келтірілген зиянға төленетін сомадан тек сот шешімі арқылы ғана өндіріледі.

Мыналардан өндірілуі мүмкін емес (Занның 62-бабы):

1) борышкердің зақымданудан, денсаулықтың жаракаттануынан, асыраушысынан айрылудан келтірілген зиянға алатын сомасынан;

2) борышкердің асыраушысынан айырылған балаларға алатын жәрдемақы түріндегі алатын сомасынан;

3) борышкердің мүгедек балаларға алатын жәрдемақысынан;

4) қызмет бабын орындауда жаракат алуына және олардың қайтыс болғанына (опат болғанына) байланысты отбасыларына берілетін жәрдемақысынан;

5) олардың ата-аналарын іздестіру кезінде, көп балалы және жалғыз басты аналардың кәмелетке жасы толмаған балаларына алатын жәрдемақыдан, зейнеткерлер мен I-топтағы мүгедектерге төленетін жәрдемақыдан;

6) денсаулыққа зиян келтірілген жағдайларда жәбірленушіге қосымша тамақтануға, емдеу-сауықтыру орталықтарында емделуге, протездеуге және оларды күтуге кететін шығындарға төленетін сомадан;

7) зиянды немесе ауыр жағдайларда еңбек еткені үшін, сондай-ақ экологиялық апаттардан, табиғи және техногенді сипат-

тағы төтенше оқилар кезінде радиациялық әсерлерден зардап шеккен азаматтарға төленетін төлемнен;

8) бір реттік берілетін материалдық көмектен;

9) жерлеуге берілетін жәрдемақыдан;

9-1) арнайы мемлекеттік жәрдемақылардан;

10) арнайы мемлекеттік жәрдемақыдан.

Жұмысқа қайта алу туралы орындау құжатын орындау. Ұйым жетекшісі (жұмыс беруші) заңсыз жұмыстан шығарылған немесе ауыстырылған жұмысшыны жұмысқа қайта алу туралы сот шешімін орындамаған жағдайда сот орындаушысы заңның 68-бабына сәйкес жұмысшыға жалақысын немесе мәжбүрлі түрде жұмысты істемеген күндеріне төленетін жалақысын жұмысқа қайта алу туралы сот шешімі шыққан күннен бастап төлеу туралы қаулы шығару үшін сотқа жүгінеді.

Егер де, заңсыз жұмыстан босатылған жұмысшы жұмыстан босату туралы бұрынғы бұйрығының күшін жойған ұйым жетекшісінің бұйрығы бойынша бұрынғы міндетіне қайта кіріскен жағдайда, жұмысқа қайта алу туралы сот шешімі орындалды деп саналады.

Үй-жайдан шығару туралы орындау құжатын орындау (Заңның 68–1-бабы). Қарызгерді үй-жайдан шығару туралы орындау құжатын сот орындаушысы бекіткен мерзімде орындамаған жағдайда, куәлардың қатысуымен, қажет болса ішкі істер органы қызметкерлерінің қатысуымен мәжбүрлі түрде үй-жайдан шығарылады.

Сот орындаушысы қарызгерге мәжбүрлеп шығарудың күнін, уақытын тиісінше хабарлайды. Қарызгердің хабарланған күні үйінде болмауы орындау құжатын орындауға кедергі бола алмайды. Орындау құжатында аталған қарызгердің тиесілі үй-жайынан шығару оны адамдардан, олардың мүліктерінен, үй жануарларынан босату және шығарылған тұлғаға бос үй-жайды пайдалануға тыйым салудан тұрады. Қарызгердің мүлкін сақтау тәртібі мен шарты шығару кезіндегі тәртіппен жүзеге асырылады.

Қоныстандыру туралы орындау құжатын орындау (Заңның 68-2-бабы). Сот шешімі бойынша өндірушіні қандай да бір үй-жайға мәж-бүрлі түрде қоныстандыруды сот орындаушысы жүзеге асырады. Бұл туралы ол қарызгерге және өндірушіге оның уақыты мен орнын хабарлауы тиіс. Борышкер атқару құжатын орындауға кедергі келтірген жағдайда орындау ісі куәлердің қатысуымен, қажет болса ішкі істер органдары

кызметкерлерінің қатысуымен орындалады. Қоныстандыру туралы сот орындаушысы акт толтыруы тиіс. Егер де қарызгердің босатқан үй-жайында мүлік қалатын болса, ол тізімделеді. Тізімделген мүлік сақтауға кететін шығындардың барлығын борышкерге жүктей отырып, сақтауға беріледі.

Егер де сақтауға мүлкін қарызгер үш жыл ішінде алмаса, мүлік иесіз деп сатылады, одан түскен қаржы мемлекеттің кірісіне жіберіледі.

Егер де өндірушінің тиісті үй-жайды күнделікті, кедергісіз пайдалануы, тұруы қамтамасыз етілсе қоныстандыру туралы шешім орындалды деп саналады.

Борышкерді нақты іс-әрекетті жасауға немесе одан аулақ болуға міндеттейтін орындау құжатын мәжбүрлі түрде орындау. *Борышкер іс-әрекетті жасау немесе одан аулақ болу туралы сот орындаушысының талаптарын орындамаған жағдайда* (мысалы, заңсыз, өз еркімен салынған құрылысты бұзу немесе заңсыз берілген жер телімінде құрылыс жүргізбеу) ол мәжбүрлі түрде орындалады. Мұндай жағдайларда сот орындаушысы қарызгерге мұндай іс-әрекеттерді орындаудан аулақ болуы туралы немесе керісінше нақты бір іс-әрекеттерді орындау үшін мерзім беру туралы хабарлама жібереді. Қарызгер орындау құжатын орындамаған жағдайда сот орындаушысы қарызгерді әкімшілік жазаға (Заңның 67–1-бабы).

Сот шешімін орындаудағы бетбұрыс. *Сот шешімін орындаудағы бетбұрыс дегеніміз сот құжатын орындаумен байланысты жауап берушінің бұзылған құқықтарын негізсіз шешімді соттың жоққа шығаруымен қалпына келтіру.*

Шешімді орындаудағы бетбұрыс кезінде сот толықтай немесе жартылай орындалған заңды күшіне енген шешімді жоққа шығара отырып, талап қою арызынан толықтай немесе жартылай бас тарту туралы жана шешім немесе іс бойынша істі тоқтату не арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады. Мұндай жағдайларда талап қоюшыдан жоққа шығарылған шешім бойынша алғандарының барлығы қайтарылады (ҚР АІЖК 240-1-бап).

Сот шешімін орындаудағы бетбұрыс туралы жауап берушінің арызын іске қатысушы тұлғалардың, қажет болса жоққа шығарылған шешімді орындаған органның қатысуымен жеке сот отырысында қаралады. Аталған тұлғаларға сот шешімін орындаудағы бетбұрыс туралы арызды қараудың уақыты мен орны

хабарланады, бірақ олардың келмеуі бұл мәселені шешуге кедергі бола алмайды.

Сот шешімін орындаудағы бетбұрыс туралы мәселе бойынша сот ұйғарымына апелляциялық немесе қадағалау сатысындағы сотқа жеке шағым жасауға немесе наразылық білдіруге болады.

Апелляциялық немесе қадағалау сатысындағы сот бірінші сатыдағы сот шешімін орындаудағы бетбұрыс туралы мәселе бойынша сот шешімімен шешілмеген істі қарау кезінде осы мәселені тек істе бірінші сатыдағы жоққа шығарылған сот шешімін орындау туралы күмәнсіз мәліметтер болғанда ғана шешеді. Олай болмаған жағдайда орындаудағы бетбұрыс туралы мәселе орындау құжаты ҚР АІЖК 240-2. 3-бөлігінде қарастырылған тәртіпте орындалған шешімді қабылдаған бірінші сатыдағы сотқа шешіледі.

Атқарушылық әрекеттерін жасауға кететін шығыстар. Аткару құжаттарды орындау бойынша қызмет кезінде сот орындаушысы атқару әрекеттерін ұйымдастыру мен жүргізуге нақты ақшалай қаражаттарды жұмсайды.

Аткарушылық әрекеттерін жасауға кететін шығындар деп, оларды ұйымдастыруға, жүргізуге кеткен бюджеттің, орындау ісіне қатысушы тараптардың кеткен қаражатын айтады (Заңның 74-бабы).

Аткарушылық әрекеттерін жасауға кететін шығындарға мыналар жатады:

- 1) борышкердің мүлкін анықтау, қарау, бағалау;
- 2) борышкердің мүлкіне тыйым салуды және тізімдеуді ұйымдастыру;
- 3) тыйым салынған мүлікті сатуды ұйымдастыру;
- 4) атқарушылық ісін жасауға тартылған аудармашыға, манға ақы төлеу;
- 5) өндіріп алушыға борышкердің өндірілген соманы пошта арқылы жіберу;
- 6) ағымдағы есептен өндірілген сомаларды берумен байланысты банктік шығындар;
- 7) борышкерді іздестіру;
- 8) өндірушіге саудада аванс беру;
- 9) атқару істерін жасауда сот орындаушысының жолақысы;
- 10) атқару құжатын орындау кезіндегі өзге де қажетті әрекеттер.

Атқару санкциясын салу және атқарушылық әрекеттерін жасауға кеткен шығындарды өндіру туралы сот орындаушысының ұсынысы сотқа түскен күннен бастап он күн ішінде сот төрешісі қарайды. Сот борышкерге, өндірушіге сот орындаушысынан ұсыныс түскендігін, сот отырысының болатын уақыты мен орнын хабарлауы тиіс. Тиісті түрде хабарланған борышкер мен өндірушінің сот отырысына келмеуі істі қарауға кедергі болмайды. Сот орындаушысының ұсынысын қарай отырып, сот төрешісі борышкер мен өндіріп алушыға үш күн ішінде жіберілетін ұйғарым шығарады.

Атқару санкциясын салу және орындау әрекеттерін жасауға кеткен шығындарды өндіру туралы сот ұйғарымының негізінде сот орындаушысы атқару қағазын толтырады.

Атқару санкциясын салу және орындау әрекеттерін жасауға кеткен шығындарды өндіру туралы сот ұйғарымын сот орындаушысы сот шешімін орындағандай тәртіппен орындайды. (ҚР АІЖК 240-4-бап).

Атқару санкциясын салу және атқарушылық әрекеттерін жасауға кеткен шығындарды өндіру туралы сот ұйғарымына жеке шағым жасауға немесе прокурор наразылық білдіруіне болады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОТ ІСІ

27-т а р а у. ШЕТЕЛДІК ТҰЛҒАЛАР ҚАТЫСАТЫН ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІ

§ 1. Азаматтық сот ісіндегі шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық жағдайы

Азаматтық сот ісінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар, шетелдік ұйымдар, халықаралық ұйымдар (одан әрі — шетелдік тұлғалар) өздерінің бұзылған немесе жоққа шығарылған заңды мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасы соттарына арыздануға құқылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге құқықтық актілердің, халықаралық келісімшарттары мен Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік

қаулыларының нормалары жатады. Егер де халықаралық келісімшартта Қазақстан Республикасының қарастырылған заңдарға қарағанда өзге тәртіптер болатын болса, онда халықаралық келісімнің артықшылығы басым болады.

Халықаралық құқықтың келісімшарттық нормаларының мүмкіндіктері туралы мәселені шеше отырып, соттар осы келісімшарттың өзінде қарастырылған күнде және тәртіпте немесе осы мәселені мемлекеттердің келісімі арқылы халықаралық келісімшарт күшіне енетіндігіне қарауы тиіс.

Шетелдік тұлғалар Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарына тең іс жүргізу құқықтарына ие және іс жүргізу міндеттерін орындайды. (ҚР АІЖК 413-бап).

Сондай-ақ заңда шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасы азаматтарына тең құқық қабілеттіктерін заң актілерінде немесе халықаралық келісімшарттарда бекітілген жағдайлардан басқа жағдайларда пайдаланатыны қарастырылған (ҚР АҚ 1095-бап. 1-бөлік).

Шетелдік азамат — бұл Қазақстан Республикасының азаматтығына емес, шет мемлекеттің азаматтығына ие тұлға. *Азаматтығы жоқ тұлғалар деп* Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматы екендігін көрсететін дәлелдемелері (төлқұжат, жеке куәлік) жеке заң деп есептейді.

Тұлғаның екі немесе одан да көп азаматтығы, соның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығы бар болса, онда ол шетелдік азамат болып саналмайды, тұлға барынша тығыз байланысты, мысалы жұмысы, тұрақты мекенжайы бойынша ол үшін жеке заң Қазақстан Республикасының заңы болып табылады. (ҚР АІЖК 414-баптың 2-бөлігі және ҚР АҚ 1094-бабы). Мұндай тұлғаларды Қазақстан Республикасының соттары шетелдік азамат деп танымайды. Шетелдік ұйымның іс жүргізу құқығына қабілеттігі шет мемлекеттің заңы (жеке заң) бойынша анықталады. Жеке заңына сәйкес *іс жүргізу құқығы қабілетіне* ие емес шетелдік ұйым Қазақстан Республикасы аумағында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес іс жүргізу құқығына қабілетті деп танылуы мүмкін. (ҚР АІЖК 415-баптың 1-бөлігі).

Шетелдік халықаралық ұйымның іс жүргізу құқығына қабілеттігі құрылғанына сәйкес негізде, оның жарғылық құжаттары немесе Қазақстан Республикасының құзырлы органымен келісім негізінде анықталады. (ҚР АІЖК 415-бап, 2-бөлік).

Өзінің жеке заңы бойынша *іс жүргізуге қабілетті* емес тұлға, егер де ол Қазақстан Республикасының заңына сәйкес іс жүргізу әрекетіне қабілетті болса, Қазақстан Республикасы аумағында іс жүргізуге қабілетті деп танылуы мүмкін. (ҚР АІЖК 414-бап 5-бөл).

Шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар азаматтық сот ісіне жеке немесе өкіл арқылы қатысуға құқылы.

Қазақстан Республикасының азаматы ҚР АІЖК-де қарастырылған жалпы өкілеттіктерге бейім болған жағдайларда шетелдік азаматқа сотта өкіл бола алады. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар істі қарауға басқа мемлекеттің қорғаушысын шақыра алады. Мұндай қорғаушыны қатыстыру туралы мәселені сот әрбір жағдайда жеке қарайды.

§ 2. Шетелдік азаматтар қатысатын істердің соттылығы

Азаматтық сот ісіндегі істердің соттылығы азаматтық істерді заңда бекітілген тәртіппен соттылығы бойынша бірінші және екінші сатыдағы соттарға бөлуді білдіреді.

Шетелдік ұйымдар немесе шетел азаматтары қатысатын істердің соттылығы Қазақстан Республикасының заңымен Қазақстан Республикасы соттарының құзыретіне жатқызылған және ҚР АІЖК 3-бабында бекітілген соттылық ережелері бойынша анықталады.

Халықаралық соттылық *келісімді түрде* қаралуы мүмкін. Шетелдік соттың құзыреті ҚР АІЖК 33-бабында қарастырылған жағдайлардан өзге жағдайларда тараптардың жазбаша келісімдерімен қаралуы мүмкін. Мұндай келісім бар болатын болса, егер де істі мәні бойынша қарағанға дейін арыз берілген болса, сот жауап берушінің өтінімі бойынша арызды қараусыз қалдырады. (ҚР АІЖК 419-бап).

ҚР АІЖК 420-бабында шетелдік азаматтық талап қою арызы бойынша істі қарау кезіндегі соттылықтың өзгермейтіндігі қарастырылған. Қазақстан Республикасының соты Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңында қарастырылған тәртіппен сот ісіне қабылдаған істің соттылығы келешекте тараптардың азаматтықтарын, мекенжайларын өзгерткен және соттылыққа ықпал еткен мән-жайларға не іс басқа мемлекеттің сотына сотты болғанына қарамастан олардың мәні бойынша шешілуі тиіс. Қазақстан Республикасының соттары егер де,

жауап беруші ұйым Қазақстан Республикасы аумағында болатын болса немесе жауап беруші азамат Қазақстан Республикасы аумағында тұратын болса, сот шетелдік тұлғалар қатысатын істерді шешеді.

Қазақстан Республикасының соттары шетелдік тұлғалар қатысатын істерді мынадай жағдайларда қарайды:

– шетелдік тұлғаның басшылық органы, филиалы немесе өкілдігі Қазақстан Республикасының аумағында болатын болса;

– жауап берушінің Қазақстан Республикасының аумағында мүлкі бар болса;

– алиментті өндіру және әкесі екендігін анықтау туралы іс бойынша талап қоюшы Қазақстан Республикасының аумағында тұратын болса;

– зақымданудан, денсаулықтың өзге жарақаттануынан болған, асыраушысынан айрылғаннан болған зиянды өндіру туралы іс бойынша зиян Қазақстан Республикасының аумағында келтірілсе немесе Қазақстан Республикасында тұратын болса;

– мүлікке келтірілген зиянды өндіру туралы іс бойынша зиянды өтеу талабын ұсынуға негіз болатын іс-әрекет немесе мәнжай Қазақстан Республикасының аумағында болған;

– толықтай не жартылай орындау Қазақстан Республикасының аумағында болған келісімнен талап қою арызы туындаған;

– талап қою Қазақстан Республикасының аумағында болған негізсіз молаюдан шыққан;

– некені бұзу туралы іс бойынша талап етуші Қазақстан Республикасының аумағында тұрса немесе жұбайлардың біреуі Қазақстан Республикасының аумағында тұратын болса;

– ар-намысын, қадір-қасиетін қорғау ісі бойынша талап етуші Қазақстан Республикасының аумағында тұратын болса.

Егер де Қазақстан Республикасының заңдары бойынша іс Қазақстан Республикасының соттарының құзыретіне жататын болса, Қазақстан Республикасының соттары өзге істерді қарауға құқылы (ҚР АІЖК 416-бап).

Қазақстан Республикасы соттарының ерекше құзыретіне (соттылықтың) мынадай істер жатады:

– Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікке құқығы туралы істер;

– егер де, тасымалдаушы Қазақстан Республикасының аумағында болса, тасымалдау келісімшарттарынан туындаған даулар бойынша істер;

– егер де жұбайлардың екеуі де Қазақстан Республикасының аумағында тұрса, қазақстандық азаматтар мен шетелдік азаматтардың некелерін бұзу туралы істер;

– ҚР АІЖК-нің 25–29-тарауларында карастырылған бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер.

Қазақстан Республикасының соттары **ерекше сот істерін** төмендегідей жағдайларда қарайды, егер де:

– деректі анықтау туралы іс бойынша арызданушы Қазақстан Республикасының аумағында тұрса немесе анықталуы тиіс дерек Қазақстан Республикасының аумағында болса;

– іс-әрекетке қабілеті шектеулі немесе іс-әрекетке қабілетсіз деп тану немесе психикалық ауруханаға мәжбүрлеп жатқызу туралы мәселеге қатысты азамат Қазақстан Республикасының азаматы болып табылса не Қазақстан Республикасының аумағында тұратын болса;

– із-түссіз жоғалған деп тану немесе оны қайтыс болған деп хабарлауға, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының азаматы екендігіне не болмаса Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын не тұратын жері бар азаматтар мен ұымдардың құқықтары мен міндеттерін анықтауға байланысты соңғы мекенжайын анықтап, шешуге қатысты азамат;

– иесіз деп тануға қатысты берілген арыздағы зат Қазақстан Республикасының аумағында тұратын болса;

– жоғалған деп тануға және оған тиісті құқықтарын қайта қалпына келтіруге (шақырумен болатын сот ісі) қатысты арыздағы құнды қағазды Қазақстан Республикасы аумағында тұратын азамат немесе ұйым берген болса;

– Қазақстан Республикасының азаматтық хал актілерін жазуды жүзеге асыратын органдардың азаматтық хал актілерін жазуда жіберген қателіктерін анықтау туралы берілген арыз;

– нотариустың немесе Қазақстан Республикасының өзге органының шағымдалған нотариаттық іс-әрекеттері (ҚР АІЖК 417-бап).

§ 3. Шет мемлекеттерге талап қою арыздары.

Сот иммунитеті

Халықаралық құқық теориясында және халықаралық тәжірибеде мемлекет өзге мемлекеттің сотына сотты еместігінен тұратын мемлекеттің сот иммунитетін бөліп қарайды. Мемле-

кет өзге мемлекеттің сотына жауап беруші ретінде қатысуы мүмкін емес, яғни шет мемлекеттердің соттық иммунитеті болады, яғни бір мемлекетті екінші бір мемлекет билемейді дегенді білдіреді.

Бірқатар елдердің заңдарында егер де, мемлекет тәуелсіз болатын болса, онда оның үнемі иммунитеті болады дегенге сәйкес мемлекеттердің қызметтік иммунитеті теориясы қолданылады. Егер де жеке тұлға ретінде ішкі сауда операцияларын жүзеге асырумен немесе қандай да бір өзге коммерциялық қызметпен айналысатын болса, мемлекеттің иммунитеті болмайды.

Мемлекеттің соттық иммунитетінің халықаралық-құқықтық принципі ҚР АІЖК, 422-бабында атап көрсетілген, оған сәйкес шетелдік мемлекетке талап қою, оны іске үшінші тұлға ретінде қатысуға тарту, оның мүлкіне тыйым салу, талап қоюда қамтамасыз ету тәртібімен оның мүлкін ұстау және осы мүліктен қарызды өндіруге егер де, Қазақстан Республикасының заңында немесе халықаралық келісімде өзгедей жағдай қарастырылмаса тек тиісті мемлекеттің құзыретті органдарының келісімімен ғана жол беріледі.

Халықаралық ұйымның сот иммунитеті Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық келісімшарттармен, сондай-ақ осы ұйымдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік құзыретті органдарымен келісуімен анықталады. ҚР АІЖК-де шетелдік мемлекетке талап қою тәртіптері бекітілген. Қазақстан Республикасында аккредитацияланған шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдері және Қазақстан Республикасының заңында немесе халықаралық келісімшартта аталған өзге тұлғалар Қазақстан Республикасындағы азаматтық істер бойынша соттардың өкілдігіне Қазақстан Республикасының заңымен, халықаралық құқық нормаларымен немесе халықаралық келісімшартпен анықталған шектерде жатады (ҚР АІЖК 422-баптың 3-бөлігі).

Дипломатиялық және консулдық иммунитет (жеке басына, қызмет орындарына, тұрғын-үйлеріне және дипломаттардың жеке меншігіне қол сұқпаушылық). Мемлекеттің иммунитетімен өкімет егемендері және ішкі заңдармен және халықаралық келісімдермен реттелетін оның дипломатиялық өкілдерінің иммунитеті бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

Дипломатиялық құқық бойынша шетелдік тұлғаларды иммунитеттерінің азаматтық құқыққа қарағанда таралу деңгейіне байланысты мынадай топқа бөлуге болады:

– елшіліктің және консулдық бөлімінің, консулдық мекемелердің және олардың өкілдерінің лауазымды тұлғалары;

– жоғарыда аталған лауазымды тұлғалардың отбасы мүшелері, елшіліктің және консулдықтың өкімшілік-техникалық жұмысшылары;

– шетелдік азаматтар: бизнесмендер, студенттер, туристер, барлық форумдардың, отырыстардың делегаттары, транзиттік жолаушылар мен қонақтар.

Қазақстан Республикасында аккредитацияланған дипломатиялық өкілдерге өздерінің лауазымды қызметтерінің шегінен тыс ғимарат құрылысы немесе мұрагерлікпен байланысты келісімшарттарға отырған жағдайлардан өзге жағдайларда Қазақстан Республикасының соттарында талап қоюға болмайды. Дипломаттар мен консулдар сотқа өкілдер ретінде, ал іс бойынша куәгер болуға тілек білдірген болса, қатысуға құқылы. Дегенмен де, олар өз қызметкерлеріне, отбасы мүшелеріне қарсы куә ретінде жауап беруден бас тартуға құқылы.

Өкімшілік-техникалық қызметкерлеріне қатысты иммунитет қызметтік міндеттерін орындау кезінде жасаған іс-әрекеттеріне ғана болады. Оларға жол-көлік оқиғалары кезінде болған зиянды өндіру туралы, тұрмыс заттарын сату-сатып алу келісімшарттары бойынша талап қою арыздарына иммунитеті жоқ.

Сонғы топта аталған шетел азаматтарына азаматтық құқықтан иммунитет тиісті емес. Иммунитетті таратудың балама шарттары мен тәртібі мемлекеттер арасындағы және Қазақстан Республикасының азаматтары үшін келісімдер бойынша әрекет етуі тиіс (ҚР АІЖК 422-бап).

1961 жылғы дипломатиялық қатынастар туралы Вена келісіміне сәйкес дипломатиялық агент келген елдегі қылмыстық, сондай-ақ азаматтық және өкімшілік құқықтардың иммунитеттерін пайдаланады. Оған мынадай жағдайлар кірмейді:

а) егер де ол мүлікті өкілдіктің аккредитацияланған мақсты үшін ие болатын болса, келген елдің аумағындағы жеке жылжымайтын мүлікке қатысты заттай талап қоюлар;

б) дипломатиялық агент мұрагерлікті орындаушы, мұрагердің мұраға берілген мүлкін қамқорлыққа алушы ретінде немесе аккредитациялаған мемлекеттің атынан емес, заңды алушыдан жеке тұлға ретінде қатысатын талап қою арыздарына қатысты;

в) дипломатиялық агенттің келген елінде, өзінің ресми қызметі шегінен тыс, жүзеге асыратын кез келген кәсіби қызметіне қатысты талап қою арыздары.

Сондықтан да, дипломатиялық лауазымды тұлғалардың, әкімшілік-техникалық қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің соттық иммунитеттері оларды келген мемлекеттерде консулдық қатынастар туралы Вена келісімінде қарастырылған жағдайларындағы азаматтық істерден басқа соттық, әкімшілік және салық органдарының талап қою арыздары бойынша мәжбүрлі шараларынан қорғайды.

§ 4. Халықаралық азаматтық заңдардағы сот тапсырмалары

Шетелдік азаматтар немесе ұйымдар қатысатын істер бойынша сот органдары Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде іс жүргізу әрекеттерін жүргізулеріне тура келеді. Қазақстан Республикасының сот өкіметі Қазақстан Республикасы аумағымен шектелгендіктен, шетел соттарына сот тапсырмаларын жіберу арқылы шет мемлекеттен құқықтық көмек сұраудың қажеттігі жиі туындайды. Мемлекеттер арасындағы сот тапсырмалары халықаралық келісімдер негізінде немесе Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттермен жасаған келісімдері негізінде орындалады.

Азаматтық және отбасылық істер бойынша құқықтық көмек туралы негізгі халықаралық құжат — азаматтық істер бойынша 1954 жылы 1 наурыздағы Гаага келісімі, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердің арасындағы 1993 жылы 31 наурызда Қазақстан Республикасының бекіткен азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қарым-қатынастар туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы Минск келісімі болып табылады.

ТМД аясында Минск келісіміне Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түркмения және Өзбекстан өкіметтері қол қойды.

1993 жылдан 1998 жылға дейін Қазақстан өкіметімен қылмыстық, азаматтық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Монголиямен, Қырғыз Республикасымен, Түркиямен, Литвамен, Корей Халықтық-Демократиялық Республикасымен, Түркменстанмен, Өзбекстанмен, Пәкістанмен екі жақты келісімдер жасалды.

Қазақстан 1992 жылғы 2 шілдеде ТМД елдерінің 1992 жылы 20 наурызда қол қойған «Шаруашылық қызметті жүзеге асырумен байланысты дауларды шешу тәртібі туралы» Келісімді, 1992 жылы 22 желтоқсанда «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық сотының мәртебесі туралы» (1992 жылғы 6 шілдеде ТМД елдері Мәскеуде қол қойған) Келісiмiн,

1993 жылы 24 желтоқсанда Ашхабадта ТМД елдері (Украинадан басқа) қол қойған «түрлі мемлекеттердің шаруашылық субъектілерінің арасындағы шаруашылық дауларды қарау кезіндегі мемлекеттік баж салығының мөлшері мен тәртібі туралы» Келісiмiн бекітті.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен 1995 жылғы 4 қазанда Қазақстан «Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындауға келтіру туралы» 1958 жылы Нью-Йоркте қабылданған Келісімге қосылды.

1996 жылы 4 қазанда «Ішкі сауда төрелігі туралы» (Еуропалық экономикалық комиссия 1958 жылы 10 маусым) Еуропалық Келісімге қосылды.

1996 жылы 23 қаңтарда «Халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға, соның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы жазалар мен қылмыстарды болдырмау туралы» (БҰҰ, Нью-Йорк. 1973 жылы 14-желтоқсан) Келісімге қосылды.

ҚР АІЖК 423-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының соттары шетелдік соттарға жеке іс жүргізу әрекеттерін орындау бойынша және берген тапсырмаларын Қазақстан Республикасының заңында, халықаралық келісімдерінде бекітілген тәртіпке сай өзара түсінушілікпен қарау негізінде орындау жөнінде тапсырма бере алады. Шетелдік соттарға берілетін тапсырмаларға жеке іс жүргізу әрекеттерін жасау туралы өтініштерді (хабарламалар мен өзге құжаттар, тараптардың, куәгерлердің түсініктемелерін алу, сараптама ісі және оқиға орнын қарау және т.б.) жатқызуға болады.

Шет мемлекеттердің органдары берген құжаттарды тану. Шет мемлекеттердің құзырлы органдарының шетелдің заңы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарына немесе шетелдік тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының аумағынан тыс бекітілген түрде берген, құрған немесе расталған құжаттарын Қазақстан Республикасының соттары егер де Қазақстан Республикасының заңында немесе халықаралық келісімде өзгедей жағдай қарастырылмаған болса, консулдық

зандастырудың (легализацияның) болуымен кабылдайды (ҚР АІЖК 424-бап).

Консулдық заңдастыру – бұл әдетте өзге мемлекетте берілген немесе *консулдың растайтын қалтаңбасы* түріндегі шетелде әрекет етуге арналған құжаттың түпнұсқа екендігін және оның заңды күшін растау.

1967 жылы 19 наурызда күшіне енген Венадағы консулдық келісімге сәйкес консулдың келген елдегі ең өкілеттіктер тізіміне мыналар жатады:

- консулды сотта арнайы сенімхатсыз жіберген елдің азаматтарының мүдделерін ұсыну;
- келкен мемлекеттегі жергілікті және орталық құзырлы органдарына жүгіну;
- соттық және соттық емес құжаттарды беру немесе сот тапсырмаларын орындау;
- ұсынған елдің соттары үшін жауап алу бойынша тапсырмаларын қолданыстағы халықаралық келісімшартқа сай орындау;
- нотариустың, азаматтық хал актілерін тіркеушінің міндеттерін және өзге әрекеттерді орындау.

Мемлекеттік мөр басылған және тиісті лауазымды тұлғалар қол қойған құжаттар келісімге қатысушы-елдің аумағында оларды растау немесе заңдастыру бойынша қосымша талаптарсыз қабылдануы тиіс. Сондықтан да, Қазақстанның құқықтық көмек туралы келісім жасаған елдерінен шыққан, заңдастырудан босатуды қарайтын құжаттарға 1995 жылы 5 қазанда Гаага келісінде бекітілген апостил туралы (құжаттың өзінде немесе оған қоса тіркелген жеке қағазда ерекше мөртанба болуын) талап қойылмауы тиіс «Шаруашылық қызметпен байланысты дауларды шешудің тәртібі туралы» ТМД елдерінің Киев келісінде сот тапсырмалары аталған елдерге пошта байланысы арқылы, сұраған елдің тілінде немесе орын тілінде баяндалып, осы мемлекеттер аумағында экономикалық дауларды шешуге құзыретті сотқа жіберілетіндігі жөніндегі сот тапсырмаларын орындаудың ерекше тәртібі қарастырылғанын атап өткен жөн.

Бірқатар жағдайларда, келісімшарттарда егер де сотта тараптардың біріне өзге келіскен елдің (1999 ж. Қазақстан – Қырғызстан келісімі, 39-бап) аумағында тұратын тұлғадан алимент өндіру туралы талап қою арызы берілген болса, жауап берушінің жұмыс орнын және табыс көлемін анықтауға көмек көрсету

туралы сауал бойынша ұсыныс қарастырылған. Келіскен мемлекеттер дипломатикалық каналдар бойынша алынған өтініштер бойынша бір-біріне азаматтық хал актілерін тіркелгені туралы, білімі туралы куәліктерді, еңбек өтілі туралы мәліметтерді және өзге келіскен елдегі азаматтардың жеке құқықтары мен мүліктік мүдделеріне қатысты өзге де құжаттарды тегін жөнелтеді.

Құқықтық көмек көрсету тапсырмаларды орындау тәртібі туралы арнайы бекітілген заңда қарастырылған. Құқықтық көмек көрсету үшін шет мемлекеттердің сот органдары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне немесе Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне (егер де, Қазақстан олармен құқықтық көмек көрсету туралы келісімшартқа отырған болса) хабарласуы керек.

Мұндай келісімшарт болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өтінішті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберуі тиіс. Министрлік тапсырманы облыстық, қалалық әділет басқармаларына, сонғысы тиісті сотқа тапсырылады.

Кей жағдайларда егер де, көмек көрсету туралы сауал жіберілген іс осы сотқа сотты болса, тапсырманы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты орындайтын жағдайлар да болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының консульдық мекемелері шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының азаматтарына құқықтық көмек көрсетеді.

Қазақстан Республикасының соттары шетелдік соттардың жеке іс жүргізу әрекеттерінің сот ісі туралы берген тапсырмаларын төмендегідей жағдайларда орындамайды:

1) тапсырманы орындау Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне қарама-қайшы келсе немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қауіп төндірсе;

2) тапсырманы заң немесе халықаралық келісім бойынша орындау соттың құзыретіне жатпаса (ҚР АІЖК 423-бап).

Шетелдік соттардың жеке іс жүргізу әрекеттерінің сот ісі туралы тапсырмаларын орындау егер де, Қазақстан Республикасының заңдарында өзгедей жағдайлар қарастырылмаған болса, заңда бекітілген тәртіппен жүргізіледі.

Сот тапсырмасында мыналар көрсетілуі тиіс:

- а) сұраушы орган және мүмкін болса сұраушы орган;
- б) сот талқылауындағы тараптардың және қажет болған жағдайда олардың өкілдерінің аты-жөндері мен мекенжайлары;

в) сот талқылауындағы сипаты мен тақырыбы және істің нақты жақтарының қысқаша мазмұны;

г) алуға тиісті дәлелдемелер және орындауға тиісті өзге іс-әрекеттер;

Қажет болған жағдайда сот тапсырмасында;

а) жауапқа алуға тиіс тұлғалардың аты-жөндері мен мекен-жайларын;

б) жауапқа алынатын тұлғаларға қоятын тиісті сұрақтар немесе олардан сұрауға тиіс деректер көрсетіледі.

§ 5. Шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін тану мен орындау

Егер де, бұл Қазақстан Республикасының заңдарында немесе халықаралық келісімшарттарда өзара түсінушілікпен қарастырылған болса ҚР АІЖК 425-бап 1-бөлігіне сәйкес шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдері Қазақстан Республикасында танылып, орындалады.

Шетелдік соттардың шешімдері деп азаматтық істер бойынша шешімдерді айтады, яғни ол дауды қарау нәтижелері бойынша қабылданған сот актілері. Егер де халықаралық келісімшартпен Қазақстан Республикасында өзгедей анықталмаған болса, шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін тану мен орындаудың шарттары мен тәртібін заң анықтайды. Шетелдік соттын немесе төреліктің шешімі заңды күшіне енген сәттен бастап, *үш жыл ішінде* мәжбүрлі орындалуы мүмкін. Дәлелді себептермен өтіп кеткен мерзімді Қазақстан Республикасының соты ҚР АІЖК-тің 128-бабында қарастырылған тәртіппен қайта қалпына келтіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі (426-бап) тек шетелдік соттардың шешімдерін тану ғана және одан әрі сот ісі қажет болмайтын істердің санаттарын толық анықтайды. Оларға мынадай істер жатады:

– сот шешім шығарған мемлекет азаматының мәртебесіне қатысты;

– егер де, некені бұзу сәтінде жұбайлардың біреуі болса Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұрған болса, қазақстандық және шетелдік азаматтардың арасындағы некені бұзу немесе жарамсыз деп тану туралы;

– егер де жұбайлардың екеуі де некені бұзу кезінде Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде тұрған болса, қазақ-

стандық және шетелдік азаматтардың арасындағы некені бұзу немесе жарамсыз деп тану туралы;

— заңмен қарастырылған өзге жағдайлар.

Мүдделі тұлғаның шетелік соттың немесе төреліктің шешіміне қарсылығы ашық сот отырысында қаралады. Сот отырысының болатын уақыты мен орны осы тұлғаға хабарланады. Шетелдік соттың мәжбүрлі орындауға жатпайтын шешімін танданудан бас тартуға ҚР АІЖК 425-бабында қарастырылған негіз болғанда жол беріледі.

Егер де халықаралық келісімшартта некеге отыруға кедергі жасайтын мән-жайларға қатысты Заң талаптарын сақтаумен өзгедей жағдай қарастырылмаса, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 200-бабының 2-бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы азаматы мен *шетелдік азаматтың немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың* Қазақстан Республикасы аумағында некеге отыру шарттарын некеге отырушы әрбір тұлға үшін тиісті мемлекеттің заңын сақтай отырып анықтайды.

«Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 200-бабының 4-бөлігіне сәйкес тиісті мемлекеттің некені бұзу туралы шешім қабылдаған органның құзыреті туралы заңдарын және некені бұзу кезінде қолдануға тиісті Қазақстан Республикасының заңдарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың арасындағы неке Қазақстан Республикасында бұзылды деп танылады.

Құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасының екіжақты келісімшарты әдетте мүліктік және мүліктік емес сипаттағы азаматтық және отбасылық істер бойынша шешімдерді тану мен орындауды (түрліше) қарастырады.

Қолданыстағы заңға сәйкес (ҚР АІЖК 425-1) шетелдік соттың шешімін мәжбүрлі орындауды шешу туралы өтінімі ашық сот отырысында қаралады. Борышкерге сот отырысының болатын уақыты мен орны хабарланады. Борышкердің түсініктемесін тындап және ұсынылған құжаттарды (дәлелдемелерді) қарай отырып, сот шетелдік соттың төрелік шешімін мәжбүрлі орындауға рұқсат беру туралы ұйғарым шығарады. Сот отырысының хаттамасы соттың мөрі басылып, өзге құжаттармен бірге тиісті Әділет басқармасы арқылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберіледі. Шетелдік соттың шешімін мәжбүрлі орындау немесе бас тарту туралы ұйғарымның көшірмесін жалпы соттар тараптарға ұйғарым шыққан күннен бастап, *үш күн*

ішінде жібереді. Шетелдік соттың немесе шетелдік төрелік соттың шешімдерін тану және орындау жөніндегі істер бойынша төрелік соттың ұйғарымына апелляциялық сатыдағы төрелік сотқа шешім шыққан күннен бастап *бір ай ішінде* шағымдануға болады

Төрелік шешімді мәжбүрлі түрде орындау. Шетелдік соттың және осы шешімді мәжбүрлі түрде орындауды шешу туралы күшіне енген ұйғарымның негізінде 1998 жылы 30 маусымда шыққан Қазақстан Республикасының «Орындау ісі және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңына сәйкес орындау қағазы беріледі. Егер де төрелік шешім ерікті түрде бекітілген мерзімде орындалмаған жағдайда, пайдасына төрелік шешім шығарылған тарап (өндіруші) дауды қараған төреліктің тұрғылықты жеріндегі сотқа төреліктің шешімін мәжбүрлі орындау туралы арызбен бірге ҚР АІЖК 425-бап 1-бөлігіндегі талаптарға сәйкес беріледі.

Орындау қағазын беру туралы арызға тиісті түрде куәландырылған төрелік шешімнің түпнұскасы немесе мұның тиісті түрде куәландырылған көшірмесі, сондай-ақ төрелік келісімнің түпнұскасы немесе мұның тиісті түрде куәландырылған көшірмесі қоса тіркеледі. Егер де төрелік шешім немесе келісім шетел тілінде жазылған болса, тарап осы құжаттың тиісті түрде куәландырылған қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасын беруі тиіс.

Орындау қағазын беру туралы арыз төреліктің шешімін ерікті түрде орындау мерзімі біткен күннен бастап, *үш жылдан кешіктірілмей* берілуі тиіс.

Дегенмен де, бекітілген мерзім өтіп кеткеннен кейін немесе тиісті құжаттар тіркелмей берілген орындау қағазын беру туралы арызды сот қараусыз қайтарады. Ол туралы сот ұйғарым шығарады. Ұйғарымға ҚР АІЖК-де бекітілген тәртіппен шағымдануға болады.

Егерде, мерзімді өткізіп алу себебі дәлелді болатын болса, орындау қағазын беру туралы арызды тапсыру мерзімін қайта қалпына келтіруге құқылы.

Орындау қағазын беру туралы арызды сот өзі жеке арыз түскен күннен бастап, он бес күн ішінде қарайды.

Төреліктің шешімін мәжбүрлі орындау туралы өндірушінің түскен арызы туралы, сондай-ақ оны сот отырысында қарау уақыты мен орны қарызгерге хабарланады. Сондай-ақ қарыз-

герге оның арызын караудың уақыты мен орны хабарланады. Егер де қарызгерден сот отырысына келе алмайтындығының дәлелді себептерін көрсете отырып, арызды қарауды кейінге қалдыру туралы арыз түспесе, қарызгердің немесе өндірушінің келмеуі арызды қарауға кедергі болмайды.

Сот төреліктің шешімін мәжбүрлі орындауға орындау қағазын беру туралы арызды қарау кезінде төреліктің шешімін мәні бойынша қарауға құқысы жоқ.

Арызды қарау нәтижелері бойынша сот орындау қағазын беру не оны беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Орындау қағазын беру туралы соттың ұйғарымы тез арада орындалуы тиіс.

Орындау қағазын беруден бас тарту. ҚР АІЖК 425–3-бөлігінде төреліктің шешімін мәжбүрлі орындауға орындау қағазын беруден бас тартудың негізі атап көрсетілген. Егер де істі талқылауға қатысушы тарап мұнадай дәлелдемелер ұсынса; сот орындау қағазын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады:

– төрелік келісімнің бір тарабын сот іс-әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп таныса не төрелік сот заң бойынша жарамсыз деп танылса;

– төрелікті тағайындау немесе төрелік талқылауы тиісті түрде хабарланбаса немесе өзге себептермен сот өз түсініктемелерін дәлелді себептермен ұсына алмаған деп таныса;

– төреліктің шешімі төрелік келісімге тиісті емес немесе оның шартына кірмейтін дау бойынша шығарылған не қаулыда төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер бар, сондай-ақ даудың төрелікке ведомстволық бағынышты емес;

– төрелік келісіммен қамтылатын мәселелер бойынша шешімде мұндай келісіммен қамтылмайтын мәселелер бойынша шешімнен бөлек болуы мүмкін, немесе төреліктің төрелік келісіммен қамтылмаған мәселелер бойынша шешімі бар бөлімі ғана жоққа шығарылуы мүмкін.;

– төреліктің құрамы немесе талқылаудың төрелік рәсімдері тараптардың келісіміне және төреліктің регламентіне сәйкес емес;

– сот төрелік шешімінің Қазақстан Республикасының жаппай тәртібіне қарама-қайшы немесе төрелік шешім шығарылған дау Қазақстан Республикасының заңы бойынша төрелік талқылаудың тақырыбы бола алмайтындығын анықтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Нормативті құқықтық актілер:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995.
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім. 1994.
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Ерекше бөлім. 1999.
- Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. 1999.
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. 1997.
- Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі. 2001.
- Қазақстан Республикасының Салық Кодексі. 2001.
- «Сот жүйесі мен сот төрешілерінің мәртебесі туралы» ҚР Заңы. 2000.
- «Аралық соттар туралы» ҚР Заңы. 2004.
- «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» ҚР Заңы. 2004.
- «Сот жасауылдары туралы» ҚР Заңы. 1997.
- «Орындау ісі және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңы. 1998.
- Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы Заңы. 1995.
- Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы ҚР Заңы. 1995.
- «Нормативті құқықтық актілер туралы» ҚР Заңы. 1998.
- «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңы. 1999.
- «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Заңы. 1995.
- «Республикалық референдум туралы» ҚР-ның Конституциялық заңы. 1995.
- «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚР Заңы. 1991.
- «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңы. 2001.
- «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР Заңы. 1997.
- «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР Заңы. 1996.
- «Нотариат туралы» ҚР Заңы. 1997.
- «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы. 1998.
- «Сот сараптамасы туралы» ҚР Заңы. 1997.

Оқулықтар мен оқу кұралдары:

Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК.Том.1 Жалпы бөлім. Алматы, 2001.

Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК.Том 2. Ерекше бөлім. Алматы, 2001.

Власов А.А. Гражданский процесс. М., 2006.

Гражданский процесс/Под ред. *Осипова Ю.К.* М., 1995.

Гражданский процесс. Учебник для юридических вузов/Под. ред. *Треушниковой М.К.* М., 1999.

Гражданский процесс. Учебник/Под ред. *Яркова В.В.* М., 1991

Научно-практический комментарий к ГПК Казахской ССР. Алматы. 1976.

Гражданское процессуальное законодательство. Комментарий/Под ред. *Юркова М.К.* М., 1999.

Гражданский и арбитражный процесс, нотариат, обязательственные правоотношения. Образцы документов/Под ред. *В.В. Яркова.* М., 1998.

Гражданское право/Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстой. СПб., 1996.

Мельников А.А. Курс гражданского процессуального права. Т. IМ., 1981.

Гражданский кодекс РК. Общая часть. Комментарий. В двух книгах. Кн. 1. Отв. ред. *Сулейменов М.К., Басин Ю.Г.* Алматы 1997.

Гражданский кодекс РК. Общая часть. Комментарий. В двух книгах. Кн. 2. Отв. ред. *Сулейменов М.К., Басин Ю.Г.* Алматы 1998.

Международное частное право. Учебник/Под ред. *Г.К. Дмитриевой.* М., 2006.

Исполнительное производство/Под ред. *Фархтдинова Я.Ф.* СПб. 2003.

Монографиялар:

Чечот Д.М. Участники гражданского процесса. М., 1960.

Шакарян М.С. Субъекты советского гражданского процессуального права. М., 1970.

Российский прокурорский надзор/Под ред. *Сухарева А.Я.* М., 2001.

Сборник материалов по вопросам организации прокурорского надзора за законностью постановлений судов по гражданским делам/Под ред. *Ефремова А.Ф.* Самара, 2000.

Власов А.А. Адвокат как субъект доказывания в гражданском и арбитражном процессе. М., 2000.

Козлов А.Д. Судебное представительство и его правовая регламентация в гражданском процессе. Вопросы эффективности судебной защиты гражданских прав. Сведловск, 1978.

Шерстюк В.М. Судебное представительство по гражданским делам. М., 1984.

Жилин Г.А. Вопросы разграничения компетенции между судами общей юрисдикции и арбитражными судами. Комментарий к судебной практике. Вып. 3. М., 1997.

Жилин Г.А. Комментарий к гражданскому процессуальному кодексу РФ. М., 2003.

Осипов Ю.К. Подведомственность юридических дел. Свердловск, 1973.

Комментарий к ГПК РФ (постатейный)/Под ред. *Жилина Г.А.* М., 2003.

Баймолдина З.Х. Доказывание и доказательства в гражданском судопроизводстве. Алматы, 2001.

Власов А.А., Лукьянов И.Н., Некрасов С.В. Особенности судебного доказывания в судопроизводстве: Научно-практическое пособие. М., 2004.

Звягинцева Л.М., Плюхина М.А., Решетникова И.В. Доказывание в судебной практике по гражданским делам. М., 1999.

Иванов О.В. Судебные доказательства в гражданском процессе. Иркутск, 1974.

Коваленко А.Г. Институт доказывания в гражданском и арбитражном судопроизводстве. Вопросы теории и практики судебного разбирательства гражданских дел. Саратов, 2002.

Треушников М.К. Доказательства и доказывание в советском гражданском процессе. М., 1982.

Боннер А.Т. Установление обстоятельств гражданских дел. М., 2000.

Треушников М.К. Судебные доказательства. М., 1999.

Решетняк В.И., Черных И.И. Заочное производство и судебный приказ в гражданском процессе. М., 1997.

Черемин М.А. Приказное производство в российском гражданском процессе. М., 2001.

Чечот Д.М. Неисковые производства. М., 1973.

Мельников А.А. Особое производство в советском гражданском процессе. М., 1964.

Добровольский А.А., Иванов С.А. Основные проблемы исковой формы защиты. М., 1979.

Исаенкова О.В. Иск в гражданском судопроизводстве. Саратов, 1997.

Осокина Г.Л. Иск (теория и практика). М., 2000.

Гурвич М.А. Учение об иске. М., 1981.

Чурилов А.В. Защита прав и свобод человека и гражданина средствами прокурорского надзора. М., 1999.

Особенности рассмотрения отдельных категорий гражданских дел/ Под ред. *Треушников М.К.* М., 1995.

Туманова Л.В. Рассмотрение судами дел, возникающих из публично-правовых отношений: учебное практическое пособие. Тверь, 1998.

Попова Ю.А. Судопроизводство по делам, возникающим из публично-правовых отношений (теоретические проблемы). Краснодар, 2002.

Пучинский В.К. Подготовка гражданских дел к судебному разбирательству. М., 1962.

Подготовка гражданских дел к судебному разбирательству М., 1977.

Трубников П.Я. Судебное разбирательство гражданских дел отдельных категорий. М., 1996.

Баймалдина З.Х. Разбирательство гражданских дел в суде первой инстанции. Алматы, 2001.

Гурвич М.А. Судебное решение. Теоретические проблемы. М., 1976.

Усталова А.В. Гражданское судопроизводство на защите прав и интересов граждан с психическим расстройством. Актуальные проблемы гражданского права, гражданского и арбитражного процесса. Часть 2/Под ред. *Носыревой Е.И.* Воронеж, 2003.

Юдин А.Ю. Исполнение решений по делам об установлении фактов, имеющих юридическое значение в арбитражном процессе.

Викут М.А., Исаенкова О.В. Исполнительное производство. Учебник. М., 2001.

Исаенкова О.В. Проблемы исполнительного права в гражданской юрисдикции/Под ред. *Викут М.А.* Саратов. 2002.

Андреева Т.К., Шерстюк В.М. Исполнительное производство в Российской Федерации. М., 2000.

Гражданское исполнительное право. Учебник/Под ред. *Власова А.А.* М., 2004.

Сахнова Т.В. Экспертиза в суде по гражданским делам. М., 1997.

Борисова Е.А. Апелляция в гражданском (арбитражном процессе). М., 2000.

Лонь С. Л. Ошибка судьи (проблема, понятие, регулирование). Состояние и проблемы развития Российского законодательства/Под ред. *Воловича В.Ф.* Томск, 1998.

Калмацкий В.С. Полномочия кассационной инстанции в гражданском судопроизводстве. Уфа. 1984.

Борисова Е.А. Апелляция в гражданском (арбитражном процессе). М., 2000.

Нагорная Э.Н. Производство в кассационной инстанции арбитражного суда М., 2000.

Комиссаров К.И. Полномочия суда второй инстанции в советском гражданском процессе. М., 1961.

Комиссаров К.И. Задачи судебного надзора в сфере гражданского судопроизводства. Свердловск, 1971.

Кац С.Ю. Возбуждение производства в порядке надзора по гражданским делам. М., 1965.

Трубников П.Я. Надзорное производство по гражданским делам. М., 1967.

Нешатаева Т.Н. Международный гражданский процесс. М., 2001.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Шартты қысқартулар және терминологиялық семантика	5

ТАЛАП ҚОЮ ІСІ

1-т а р а у. Азаматтық іс жүргізу құқығының тақыры мен жүйесі	7
§ 1. Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының ұғымы, тақырыбы мен әдісі ...	7
§ 2. Азаматтық іс жүргізу құқығының жүйесі	13
§ 3. Азаматтық істердің міндеттері мен түрлері	16
§ 4. Азаматтық құқықты сотта қорғаудың әдістері мен түрлері	21
§ 5. Азаматтық сот ісінің сатылары	23
2-т а р а у. Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері	25
§ 1. Азаматтық іс жүргізу құқығы принциптерінің ұғымы	25
§ 2. Ұйымдастырушылық-функционалдық принциптер	28
§ 3. Функционалдық принциптер	32
3-т а р а у. Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастар	40
§ 1. Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастар ұғымы және олардың белгілері	40
§ 2. Азаматтық істі жүргізудегі құқықтық қарым-қатынастардың туындауының алғы шарттары	41
§ 3. Азаматтық істі жүргізудегі құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері	45
4-т а р а у. Іске қатысушы тұлғалар	47
§ 1. Іске қатысушы тұлғалардың құрамы	47
§ 2. Іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері	49
5-т а р а у. Азаматтық сот ісіндегі тараптар	54
§ 1. Тараптар ұғымы	54
§ 2. Бірлесе іс жүргізу	56
§ 3. Іс жүргізуге құқық мирасқорлығы	58
§ 4. Азаматтық сот ісіндегі үшінші тұлғалар	59
§ 5. Азаматтық сот ісіне прокурордың қатысуы	60
§ 5. Өзге тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелер мен азаматтардың азаматтық сот ісіне қатысуы	64

6-т а р а у. Соттағы өкілдік	68
§ 1. Сот өкілдігі ұғымы	68
§ 2. Сот өкілділігінің түрлері	71
§ 3. Өкілдің соттағы өкілдігі және оларды рәсімдеу тәртібі	73
7-т а р а у. Азаматтық істердің ведомстволық бағыныштылығы	76
§ 1. Ведомстволық бағыныштылық ұғымы мен түрлері	76
§ 2. Азаматтық сот істерінің соттарға ведомстволық бағыныштылығы	79
8-т а р а у. Азаматтық істердің соттылығы	83
§ 1. Соттылық ұғымы мен оның түрлері	83
9-т а р а у. Сот шығындары	91
§ 1. Сот шығындары ұғымы және оның түрлері	91
§ 2. Мемлекеттік баж салығы	92
§ 3. Мемлекеттік баж салығын төлеуден босату	95
§ 4. Сот шығындарын бөлу	99
10-т а р а у. Іс жүргізу мерзімдері	102
§ 1. Іс жүргізу мерзімінің ұғымы мен оны белгілеу	102
11-т а р а у. Іс жүргізуге мәжбүрлеу және жауапкершілік шаралары	111
§ 1. Іс жүргізуге мәжбүрлеу және жауапкершілік шаралары ұғымы	111
§ 2. Мәжбүрлеу шаралары ұғымы мен оның түрлері	115
12-т а р а у. Талап қою ісі	117
§ 1. Талап қою ісі ұғымы және оның мәні	117
§ 2. Талап қою ұғымы	118
§ 3. Талап қоюдың тақырыбы мен элементтері	119
§ 4. Талап қоюдың түрлері	122
§ 5. Талап қою құқығы	128
§ 6. Талап қоюды қамтамасыз ету	131
§ 7. Жауап берушінің талап қоюға қарсы мүдделерін қорғау	134
§ 8. Жауап берушінің талап қоюға қарсы мүдделерін қорғаудың іс жүргізу құралдары	139
13-т а р а у. Азаматтық істі сотта қозғау	145
§ 1. Азаматтық істі сотта қозғау ұғымы мен тәртібі	145
§ 2. Талап қою арызын қабылдаудан бас тарту	147
14-т а р а у. Дәлелдемелер және дәлелдеу	149
§ 1. Дәлелдеу ұғымы	149
§ 2. Соттық дәлелдемелер	151
§ 3. Дәлелдеу құралы	158
§ 4. Тараптар арасында дәлелдеу міндеттерін бөлу	164
§ 5. Дәлелдемелерді жіктеу (классификация)	167
§ 6. Дәлелдеу түрлері	170
§ 7. Заттай дәлелдемелер	180
§ 8. Сараптама тағайындау және сарапшының қорытындысы	182
15-т а р а у. Дәлелдеу процесі	192
§ 1. Дәлелдеу процесі ұғымы	192

16-т а р а у. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау	198
§ 1. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындаудың максаты мен міндеттері	198
§ 2. Істі сот талқылауына дайындаудағы сот төрешілерінің іс-әрекеттері	200
§ 3. Істі карауға прокурордың қатысуы	201
§ 4. Сот хабарламалары мен шақыртулары	206
16-т а р а у . Сот талқылауы	210
§ 1. Сот талқылауы ұғымы мен оның мәні	210
§ 2. Сот төрешілерінің және сот ісіне қатысушылардың қарсылықтары	213
§ 3. Істі талқылауды кейінге қалдыру	217
§ 4. Істі мәні бойынша карау	219
§ 5. Істі мәні бойынша карауды аяқтау	224
§ 6. Сот шешімін шығару және жариялау	226
§ 7. Істі карауды кейінге қалдыру	227
§ 8. Іс бойынша сот ісін тоқтата түру	228
§ 9. Азаматтық істі сот шешімін қабылдамай аяқтау	231
§ 10. Арызды караусыз қалдыру	232
§ 11. Сот отырысы хаттамалары	234
18-т а р а у. Бірінші сатыдағы сот қаулылары	237
§ 1. Сот қаулылары ұғымы, мәні және оның түрлері	237
§ 2. Сот шешімінің мазмұны	239
§ 3. Сот шешіміне қойылатын талаптар	242
§ 4. Сот қабылдаған шешімдегі кемшіліктерді жою	244
§ 5. Сот шешімінің заңды күшіне енуі	248
§ 6. Бірінші сатыдағы сот ұйғарымы және оны шығару тәртібі	249
19-т а р а у. Сырттай сот ісі	250
§ 1. Сырттай сот ісі ұғымы және оның мәні	250
§ 2. Сырттай шешімнің мазмұны мен заңды күші	253
§ 3. Сырттай сот ісіндегі жауап берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау	255
20-т а р а у. Бұйрықты сот ісі	256
§ 1. Бұйрықты сот ісі ұғымы, оның мағынасы мен мәні	256
ЕРЕКШЕ ТАЛАП ҚОЮ ІСІ	
21-т а р а у. Бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған істер бойынша сот ісі	262
§ 1. Бұқаралық құқықтық қарым-қатынастардағы азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын қорғау туралы жалпы ережелер	262
§ 2. Сайлауларға, референдумдарға қатысушы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздары бойынша сот ісі	268
§ 3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді карауға өкілетті органдар мен лауазымды тұлғалардың қаулыларын жокка шығару туралы сот ісі	272

§ 4. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және мемлекет қызметкерлерінің шешімдері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздіктерін) жоққа шығару туралы сот ісі	275
§ 5. Нормативті құқықтық актілердің заңдылығын жоққа шығару туралы істер бойынша сот ісі	279
22-т а р а у. Ерекше сот ісі	285
§ 1. Ерекше сот ісі ұғымы және оның сипаттамасы	285
§ 2. Занды мағынасы бар деректерді анықтау	287
§ 3. Азаматты іс-түссіз жоғалған деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау	291
§ 4. Азаматтық іс-әрекетке қабілеттігі шектеулі немесе іс-әрекетке қабілетсіз деп тану	294
§ 5. Азаматты психиатриялық ауруханаға мәжбүрлеп жатқызу туралы істер бойынша сот ісі	300
§ 6. Жылжымалы мүлікті иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану	301
§ 7. Ұл (қыз) асырап алу туралы өтініштер бойынша сот ісі	304
§ 8. Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе лаңкестік қызметті жүзеге асырушы шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік немесе лаңкестік ұйым деп тану туралы арыз бойынша сот ісі	308
§ 9. Азаматтық хал актілерін жазудағы қателіктерді анықтау	311
§ 10. Нотариалдық іс-әрекеттерге немесе олардан бас тартқаны туралы арыздарды (шағымдарды) қарау	313
§ 11. Жоғалған құнды қағаздарға немесе ордерлі құнды қағаздарға құқықты қайта қалпына келтіру (шақырту ісі)	319
§ 12. Аралық соттардың шешімдеріне шағымдану туралы істер бойынша сот ісі	322
§ 13. Жойылған сот және атқару ісін қайта қалпына келтіру	324

СОТ АКТИЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ БОЙЫНША СОТ ІСІ

23-т а р а у. Апелляциялық сатыдағы сот ісі	326
§ 1. Апелляциялық соттың мәні және мағынасы	326
§ 2. Апелляциялық шағымды, наразылықты қарау тәртібі	329
§ 3. Істі апелляциялық сатыда қарау	333
§ 4. Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі	336
§ 5. Апелляциялық сатыдағы сот қаулысы	340
24-т а р а у. Қадағалау сатысындағы сот ісі. Занды күшіне енген сот қаулыларын қайта қарау	342
§ 1. Қадағалау сатысындағы сот ісі ұғымы және оның міндеттері	342
§ 2. Қадағалау сатысындағы сот ісін қарау тәртібі	347
§ 3. Қадағалау сатысындағы соттың өкілеттігі	350
25-т а р а у. Қайта ашылған мән-жайлар бойынша заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды қайта қарау ісі	352
§ 1. Қайта ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарау ұғымы, мәні және негіздері	352

26-т а р а у. Сот шешімдерін орындаумен байланысты сот ісі	356
§ 1. Орындау ісінің мәні	356
§ 2. Орындау әрекеттерін жасаудың жалпы шарттары	362
§ 3. Аткару құжаттарын орындау кезіндегі орындау әрекеттері	363
§ 4. Мәжбүрлі аткаруды қамтамасыз етудің шаралары мен тәртібі	369

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОТ ІСІ

27-т а р а у. Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша сот ісі	376
§ 1. Азаматтық сот ісіндегі шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық жағдайы	376
§ 2. Шетелдік азаматтар қатысатын істердің соттылығы	378
§ 3. Шет мемлекеттерге талап қою арыздары. Сот иммунитеті	380
§ 4. Халықаралық азаматтық заңдардағы сот тапсырмалары	383
§ 5. Шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін тану мен орындау	387
Әдебиеттер	391

Оқулық басылым

**Нұрмашев Үсен Өтеғалиұлы
Нұрмашева Феруза Үсенқызы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ**

Қысқаша курс

Редакторы *М. Қаймолдинова*
Көркемдеуші-техникалық редакторы *И. Тарапунец*
Беттеуші *Ж.М. Құрманғалиева*

ИБ № 805

Басуға 01.09.09 қол қойылды. Пішімі 84x108¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс». Офсеттік басылыс. Есептік баспа табағы 23,0. Шартты баспа табағы 21,0. Шартты бояулы беттаңбасы 21,4. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 168

«Жеті жарғы» ЖШС. 050013, Алматы қаласы, Абай данғылы, 10-үй.
Тел.: 272-22-21 факс 272-22-82; e-mail: marketing@zhetizhargy.kz;
www.zhetizhargy.kz

Тапсырыс берушінің дайын диапозитивінен басылды.

«Курсив» ЖШС. 050023, Алматы қаласы, Бағанашыл ықшамауданы,
Восточная көшесі, 2.